


ЖАРЫЛҚАП  
БЕЙСЕНБАЙҰЛЫ

ШЫҒАРМАЛАРЫ

IV ТОМ



# ЖАРЫЛҚАП БЕЙСЕНБАЙҰЛЫ


ШЫҒАРМАЛАРЫ

ТӨРТІНШІ  
ТОМ

Монография

Астана: «Өрнек» – 2022

# ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ АРҒЫТҮРК СИПАТТЫ МӘДЕНИЕТТЕР: ЭТНОТЕКТИК АСПЕКТІЛЕР



ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 Қаз-44

Б 38

## **БЕЙСЕНБАЙҰЛЫ Ж.**

Б 38 Шығармалары: / Жарыққап Бейсенбайұлы. – Астана: «Өрнек», 2022. – 544 бет

ISBN 978-601-7379-54-4

4 том. Орталық Азиядағы арғытүрк сипатты мәдениеттер: этнотектік аспектілер. Монография. – 2022. – .544 б.

Монографияда кейінгі жылдарда жүргізілген этномәдени, археологиялық, генеалогиялық, этимологиялық және т. б. зерттеу нәтижелері салғастыра сарапталып, Орталық Азия аумағында өркен жайған байырғы мәдениеттердің иелері, негізінен, осы ұлан-ғайыр кеңістікті талай мыңжылдықтар бойы мекен еткен тұрғылықты жұрттар екендігі дәйектеледі. Олардың тас дәуірлеріндегі климаттық жағдаяттарға байланысты әр тарапқа таралу бағыттары мен сол қауымдардың кейінгі ұрпақтарының неолит, энеолит замандарында *сероглазов*, *мақанжар*, *атбасар*, *көнешұңқыр*, *ботай* секілді бірқатар түздік мәдениеттер аясында тіршілік кешкеніне, көптеген этномәдени нышандардың өзара сабақтас екендігіне назар аударылады. Бұл ортақ сипаттардың қола ғасырларда жалпы ұлыдалалық *бегазы-дәндібай* мәдениетіне, Алтай, Ордос, Шығыс және Батыс Түркістан аумақтарындағы соған ұқсас құнарлы дәстүрлерге ұласқаны пайымдалады. Кейінгі *сақ*, *хун* замандары тайпалары көбінің Орталық Азия кеңістігінде талай ғасыр бойы қатар өмір сүріп келе жатқан арғытүрк сипатты жұрттар екендігі кейінгі жылдарда жүргізілген әртүрлі жаңашыл ғылыми қорытындылар арқылы пысықталады.

Жазушы, филология ғылымының кандидаты Ж. Бейсенбайұлының бұл монографиясы Халықаралық Түркі академиясының жобасы бойынша, «Қазіргі түркология» сериясымен 2015 жылы елордадағы «Ғылым» баспасынан осы атпен жарық көрген еңбектің өңделіп, толықтырылған кейінгі нұсқасы.

ISBN 978-601-7379-54-4 (Т. 4)

© Бейсенбайұлы Ж, 2022

## КІРІСПЕ

Әдетте түрк тілдері өзінің пайда болуы мен бүгінгі күнге дейінгі дамуы барысында алты түрлі дәуірді бастан өткерген деп есептеледі. Көрнекті орыс түрктанушысы Н. А. Баскаков негіздеген жіктеу жүйесіне сүйенсек, олар: 1) алтай дәуірі (шамасы жыл санауға дейінгі II-Ү ғасырға дейінгі кезең), 2) хұн дәуірі (ж. с. д. III ғасырдан ж. с. V ғасырға дейін), 3) көне түрк дәуірі (V-IX ғасырлар), 4) орта түрк дәуірі немесе негізгі түрк тайпаларының дамуы мен қалыптасу кезеңі (IX-XV ғасырлар), 5) жаңа түрк дәуірі немесе түрк халықтарының қалыптасуы мен даму кезеңі (XVI-XIX ғасырлар), 6) ең жаңа дәуір (XX ғасыр) түрінде мерзімделеді [1, 405-406].

Біз тілге тиек еткелі отырған *арғытүрк* тақырыбы да осы дәуірлердің алғашқысы – *Алтай* мен *хұн кезеңдеріне* сәйкес келеді. Мұндағы *Алтай* сөзінің әу баста ежелгі *түрк* жұрттарының алғаш пайда болған мекенін тұспалдау барысында туған *шартты* атау екені, сол себепті де ғылымда байырғы *түрк тілінің* оған туыс ретінде қарастырылар – *моңғол, тұңғыс-мәнжу, корей, жапон* тілдерімен бірге *Алтай тілдері* деп топтастырылғаны мәлім. Соған орай бұл бірлестікке қамтылатын көне жұрттарды да *алтайлық тайпалар* деп атау қалыптасқан. Олардың этнотектік сипатын зерделеген еңбектерде көбіне-көп «әуелі бұл қауымдар Алтай тауларынан едәуір шығыс жақта, Енисей мен Тынық мұхит аралығындағы Оңтүстік Сібір, Моңғолия мен Мәнжурия, сондай-ақ Солтүстік Қытайды қамтитын зор аумақта қалыптасты. Жыл санауға дейінгі II-I мыңжылдықтарда осы “алтай” тайпалары арасында біртіндеп арғы түрк-моңғол, арғы тұңғыс-мәнжу тілдерінде сөйлейтін тайпалар жіктеле бастады. Арғытүрк жұрттары – Орталық Азия (қазіргі Шығыс Орталық Азия мағынасында. – *автор*) мен Ішкі Моңғолияда, Байкалдан Ордосқа дейінгі аумақта мекендесе, арғы моңғолдар – Мәнжурия мен Солтүстік-Шығыс Моңғолияда ұйысты. Олар кей аумақтарда бір-бірімен араласа қоныстанды» [2, 53-54], деп бағамдалады.

Кейінгі онжылдықтарда байырғы түрк этносының түп-төркіні мен глоттегенезіне (тілдің пайда болуына) қатысты жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде Баскаков жіктемесіндегі алтай және хун дәуірлерінің кезеңделуі бойынша жаңаша көзқарастар пайымдалу үстінде. Қазір ол дәуірлер аясына қамтылатын ауқымның біраз бөлігі *арғытүрк* (орыс тілді ғылымда *прототюрк* немесе *пратюрк*) кезеңі түрінде қарастырыла бастады. Салыстырмалы-тарихи сараптаулар қорытындысы бойынша *арғытүрк* тілінің соңғы кезеңі ж. с. д. I ғасыр мен жыл санаудың басына (ең кейінгі шама III ғасыр) сәйкес келеді деген бағамдаулар жасалды. Осы кезеңде оның екі тармаққа – *арғыбұлғар* мен *көнетүрк* (жалпытүрк) тілдеріне жіктелу үдерістерінің жүргені дәйектеледі. Арғытүрк тілінің бұлайша екіге тармақталуы хун (ғұн, сиунну) жұрттарының ж. с. д. 56 жылы солтүстік және оңтүстік аймақтарға бөлінуінен басталып, одан кейін теріскей хұндардың Батыс Моңғолиядан Тарбағатай арқылы Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанға, Сырдария алабы мен Ферғанаға дейін жеткен жорық бағыттарымен сабақтастырылады [3, 766-769; 4, 71]. Хұндардың батысқа қарай біртіндеп жылжуы сол мерзімдерден басталып, екі-үш ғасыр шамасында олардың аттарының тұяғы Еділ мен Днепр атырабын дүбірлеткені мәлім. Жөңкілісті көші-қон жылжулары барысында сол шығысеуропалық аймақтарға болашақта *бұлғар тобы* деп аталатын, өз түзілімінде бағзы түрк тілінің бірқатар ежелгі фонетикалық, морфологиялық ерекшеліктері сақталған арғыбұлғар тілінің нышандары да жеткен еді. Ол тілден кейіннен *дунайлық бұлғар* және *еділдік бұлғар* тілдері түрінде топтастырылатын екі тармақ бөлініп, соңғысынан бүгінгі чуваш тілі өсіп-өрбіді. Ал атамекеннен көп ұзамаған ежелгі түрктер, ғылыми сараптаулар бойынша *жалпытүрктік* (көнетүрктік) деп аталған тіл ауқымы аясына қамтылып, фонетикалық, лексикалық сипаттары жағынан бір-бірінен онша қашық емес – оғыз, қарлұқ, қыпшақ, қырғыз-хакас, алтай, саян, саха-долған сияқты тілдік тармақтарға тән даму сатыларын әрі қарай жалғастырды [5, 64-66].

*Түпкітүрк, арғыалтай, алтай* тілдері өмір сүрген мыңжылдықтардың шамаларын анықтау барысында, әсіресе,

ностра тілдері болжамын қуаттаған зерттеушілер тарапынан қыруар істердің атқарылғанын атап өткен мақұл. Жиырмамыншы ғасырдың басында даниялық зерттеуші Хольгер Педерсонның Еуразия мен Солтүстік Африканы мекендейтін халықтар сөйлейтін *үндіеуропалық, афразиялық және алтай-орал* тілдері топтарының алыс замандарда бір-бірімен туыс болғандығын, яки олардың бір ортақ тілден өрбігендігін дәйектеп (“*ностра тілдері*” латынша – *noster, nostra* – біздікі, яки «өз тіліміз» деген мағынаны білдіреді), ғылыми айналысқа енгізген бұл болжамның әуелде басқа тілшілер тарапынан бірден қуатталып кете қоймағаны белгілі. Оған, әрине, сол кезеңнің лингвистика ғылымындағы үндіеуропа тілдерін зерттеушілер басымдығының да әсері тиген еді. Олар соған дейін үндіеуропалық тілдер тобының өз іштерінде тармақталуы бұдан 6-8 мың жыл бұрын өтті, ал оның өзіне туыс делінетін басқа тілдік топтардан бөлінуі тым әріде жатқан дәуірлерде (бәлкім, 1-2 миллион жыл бұрын) жүзеге асқан шығар деген ұйғарымдарға ден қоятын. Мұндай ұзақ мерзімнің фонетика, грамматика, лексикаға орасан зор өзгерістер әкелетіні сонша, басқа тілдермен арадағы туыстық белгілерді анықтау мүмкін емес деген көзқарасқа үстемдік берілетін.

Ностра тілдерінің ғылыми негізділігін өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында ең алғашқылардың бірі боп, көрнекті орыс зерттеушісі В. М. Иллич-Свитыч (1934-1966) дәлелдеп берді. Бар болғаны 32 жыл ғана ғұмыр кешіп, қыршын кеткен ғалымның үш томдық “Ностра тілдерін салыстыру тәжірибесі” [6] атты іргелі еңбегі осы болжамды ғылыми түрде дәйектеген нағыз нар беліне лайық жүк ретінде танылды. Әрі Иллич-Свитыч өзінің тыңғылықты зерттеулерінің нәтижесінде ностра тілдері макротармағының аясын, оған *картвел, дравид* тілдерін және алтай тобына *корей* тілін қосу арқылы одан әрі кеңейтті. Кейіннен оның үзеңгілесі, ерекше полиглот ғалым С.А.Старостин *жапон* тілінің де алтай тобына қамтылатынын нақтылады [7].

Иллич-Свитыч *түп ностра тілі* мен одан өрбіді делінетін алты тілдік топқа тән лексемалардың сәйкестіктеріне қарап (мәселен, бір ғана мысал: ностралық *bura* – «қар /құм/ бораны» деген сөз



афразиялық топтағы семит-хамит тілінде *bwr* – «құм бораны», арабша *barin* – «ыстық құм бораны»; үндіеуропалық топқа енетін орыс тілінде *буря*; орал тобында *pura* – «қар ұйтқуы» және *purka* – «боран» /фин тілінде *purku*/; алтай тобында *bura/bora* – «боран, бора» түрінде ұшырасады), ол ностралық тілдердің қай мынжылдықтарда қатар ғұмыр кешкені, бір-бірінен қай ғасырларда бөлінгеніне қатысты қисынды болжамдар жасады. Иллич-Свитычтың серіктері мен ізбасарлары В. А. Дыбо, А. Б. Долгопольский, С. А. Старостин, С. Е. Яхонтов сияқты бірқатар зерттеушілердің салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы тілдердің туыстығын, олардың көнелігін нақтылау бағытында тиянақты жүргізген жұмыстарының нәтижесінде, ностра тілдерінің жасы ж. с. д. 10 000-15 000 жылдан 30 000 жылға дейінгі аралыққа сәйкес келуі мүмкін деген тұжырымдарға қол жеткізді [8, 411; 9; 10, 14; 11, 13-17; 12; 13, 308-309].

Глоттогенез проблемаларын зерттеушілер қазіргі тұрпаттағы адамдардың (*Homo sapiens sapiens*) бұдан 150 мың жыл бұрындары Африка құрлығында қалыптасқаны туралы археологиялық, генетикалық дәйектерге сүйене отырып, ол алғашқы қауымдар бастапқы кезде ортақ бір түп тілде ұғыныса алды деген ұйғарымға ден қояды. Сол бастапқы тіл бұдан 100 мыңдай жыл бұрын диалектілерге жіктеле бастапты. Ал адамдардың біраз бөлігінің Африкадан Еуразияға қарай өту кезеңдерінде олар қолданған баба тілдердің жеке-жеке ностралық макротармақтарға ұйысуының ілкі үдерістері жүріпті [14, 108-110].

Ғылымда осы түп *ностра* тілдерінің әуелгі өркен жайған атамекенін – Оңтүстік-Батыс Азия (Алдыңғы Азия) аумағы<sup>1</sup> деп танытын тұжырымдар бар. Ал Еуразия құрылығына жайыла жайғасқан ностра тілдерінің макротармақтарға жіктеле бастауы – глоттогенездік зерттеулер бойынша бұдан 30 000-20 000 жылдар бұрынғы дәуірлер аралығына деп келеді. Оларды сол

---

<sup>1</sup> Алдыңғы Азия – Босфор бұғазынан Шығыс Иран тауларына, Қызыл теңізден Кавказ таулары мен Қара теңізге дейінгі өңірді қамтитын географиялық ұғым.

замандардағы орналасу аймақтары бойынша, әдетте *батысностралық* (афразия, картвел, үндіеуропа) және *шығысностралық* (элам-дравид, алтай-орал) деп екі топқа бөледі. Археология мен лингвистика салаларының ғылымдары ілкі *батысностра* тілдерінде ұғынысатын *афразиялықтар* бұл тармақталудың бастапқы кезеңдерінде Левант аймағында (қазіргі Мысыр, Израиль, Иордания, Ливан, Оңтүстік Түркия, Сирия жерлері), ал *картвел* мен *үндіеуропалық* қауымдардың бір бөлігі одан теріскей бетке қарай жатқан өңірлерде ірге тепті, деп болжайды. Шығысностралықтардың Батыс Иран аймағын қоныс еткені тұспалданады [15, 67-70].

Сол шығысностралық қауымдардың кейіннен *алтай-орал* және *элам-дравид* топтарына ажырайтыны нақтыланады. *Алтай-орал* тілді жұрттар одан әрі *алтай* және *орал-юкагир* топтарына бөлінеді. Орал-юкагир тілдерінде сөйлейтін қауымдар соңыра *фин-угор*, *самоди* тармақтарына жіктелген. Орыстың белгілі антропогенез маманы, өркениеттанушы философ Н. В. Клягин ж. с. д. XII-XIII мыңжылдықтарда «арғы алтай жұрттары Каспий теңізінің оңтүстік-шығыс өңірі мен күнгеі түрікмен шұраттарын мекендеді» [15, 70-71], деп есептейді. Кембридж (Ұлыбритания) университетінің археология профессоры К. Ренфрю де «Тұран ойпаты мен Көпетдағ (Көптау) жоталары аралығындағы жазираларда ж. с. д. XII мыңжылдықта алтайлықтар мекен етті» [16, 112-121] деген байламды алға тартады.

Беделді ғалымдардың бұл тұжырымдары алтайлық жұрттардың әуелгі атамекеніне қатысты құнды деректер екендігін құптай отырып, соңғы жылдардағы археологиялық, генетикалық зерттеулер нәтижесінде *түпкіалтай* қауымдарының бұдан 40-35 мың жыл бұрынғы дәуірлерде де Орталық Азияны қоныстанғанына, сонау Байкал (Байкөл) төңірегіне дейінгі аймақтарды қамти жайлағанына қатысты тапжылтпайтын айғақтардың ортаға тартылып жатқандығын қаперге сала кеткіміз келеді. Бұл ретте әсіресе американ антропологы С. Оппенгеймердің «Әдемнен қуылу» [17] және ДНҚ-генеалогия саласының ірі маманы, АҚШ-тың Гарвард университетінің

биохимия професоры А. А. Клесовтің орыс археологы А. А. Тюняевпен бірігіп жазған «Адамның пайда болуы археология, антропология және ДНҚ-генеалогиялық деректер бойынша» [18] атты көлемді монографияларын ерекше атап өтуге болады. Ол іргелі еңбектерде Каспийден сонау Қиыр Шығысқа дейінгі байтақ Орталық Азия өңірін әр дәуірлерде мекен еткен алтайлық, арғытүрктік жұрттардың көне генетикалық іздеріне қатысты көптеген айғақтар мен дәйекті мәліметтерді ұшырастырамыз. Сол себепті Клягин мен Ренфрю сынды ғалымдардың жоғарыдағы тұжырымдарын да ақиқаттан алыс емес деп есептер едік. Демек, олар қарастырған дәуірлерде ілкі алтайлықтардың бір қапталы басқа да жақын шығысностралық топтармен қатар (мәселен, элам, дравид, орал) Орталық Азияның сол оңтүстік-батыс аймағында мекен еткен болып шығады.

Осы ретте арғытүрк сипатты мәдениеттердің этнотектік мәселелері, алтай жұрттарының тарихы туралы сөз қозғау үстінде үнемі тілге тиек боп отыратын Орталық Азия терминіне қатысты ұстанған бағытымыз жөнінде де айта кетсек дейміз. Біз өз зерттеуімізде бұл атауды ағылшын-саксон ғылыми дәстүрінде бұрыннан қалыптасқан географиялық аумақ ұғымына сәйкес қолданғанды мақұл көреміз. Бүгіндері ЮНЕСКО тарапынан да құпталып отырған ол пайым бойынша, Орталық Азия (“*Central Asia*”) кеңістігіне: шығысы – Хинган мен Иңшан (Шұғайкүз) таулар жүйесі, солтүстігі – тайғаның күнгеі етегі, батысы – Каспий теңізі, оңтүстігі – Гималай, Һиндукуш пен Көпетдағ таулары арасын қамтыған байтақ аймақ енеді [19, 71-72].

Біз қозғағалы отырған тақырып аясы да осы алып аумақта мекен еткен арғытүрктік жұрттардың ежелгі этникалық тарихын өзара тығыз сабақтастықта қарастыруды қажетсінеді. Себебі, қазір Қазақ, Өзбек, Түрікмен, Қырғыз, Тәжік мемлекеттері орналасқан батыс орталықазиялық аймақ пен ежелден түрк халықтары жайлаған Алтай-Саян тауларында, Шығыс Түркістанда, Ордос жоны мен Моңғол үстіртіңде ілгергі замандарда өткен этнотектік үдерістердің бір-бірімен үндес тұстары көп. Орталық Азия ұғымын кең ауқымда қолдану осы тұрғыдан алғанда да тиімді.

Кеңес дәуірінде дүниеге келген ғылыми еңбектерде Орталық Азия ұғымының – Қазақстан мен Орта Азия республикаларынан шығысқа қарай жатқан аймақтарға қарата айтылғаны мәлім. Біз бұл атауды кеңейтілген ағылшын-саксон нұсқасында алып отырғандықтан, шатасу болмас үшін, бұрынғы көптеген еңбектерде кездесетін ол ұғымды – *Шығыс Орталық Азия*, ал одан батысқа қарай, Каспийге дейінгі кеңістікті алып жатқан, бүгіндері тәуелсіз түрк мемлекеттері орналасқан аумақты – *Батыс Орталық Азия* терминдері аясында жұптағанды мақұл көрдік. Ал бұрынғы Орта Азия республикалары мен Қазақ елінің күнгей облыстарын (Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Маңғыстау) қамтыған Орта Азия ұғымын – (бір-біріне ұқсас Орталық, Орта сөздерін қайталамау үшін) оның байырғы синоним атауы *Батыс Түркістан* түрінде қолданамыз. Бұл Орталық Азия аумағы ретінде біз пайымдап отырған алып кеңістіктің ХІХ ғасыр және одан бұрынғы кезеңдердің тарихи-географиялық ұғымында біртұтас *Түркістан* (түркітер елі) атауымен (Иран мен Ауғанстанның солтүстік аймақтарын қоса) танылғанына, оның Ресей империясына қараған жағы – *Батыс Түркістан* (орыс Түркістаны), Қытайға қараған жағы – *Шығыс Түркістан* (қытай Түркістаны) деп аталғанымен де сабақтасады [19а]. Сол себепті де бүгіндері Қытайдың Шыңжаң өлкесі аумағына кірген өңірлерді әлі ғылыми дәстүрде үзілмей жазылып жүрген атау – *Шығыс Түркістан* түрінде пайдаланамыз.

Ғылыми еңбектерде аса ауқымды Орталық Азия территориясының – ежелден-ақ арғыалтай, түпкітүрк тілдерінде сөйлеген қауымдардың өсіп-өнген, қордаланған байырғы отаны екендігіне мән беріледі. Иллич-Свитыч өз кезінде осы аумақта ностра тілінің басқа топтарына қарағанда, алтай тілдерінің жекелей тармақтарға ажырауы ертерек басталуы мүмкін деп топшылағаны бар еді [6, 1-т. 69]. Осы болжамға сүйене отырып, оның үзеңгілес серіктерінің бірі О. П. Суник бұл мерзімді ж. с. д. 10 мың жыл шамасына сәйкестендірді [12]. Ресей ғылым академиясы Тіл білімі институты орал-алтай тілдері бөлімінің меңгерушісі, РФА корреспондент мүшесі А. В. Дыбо ханым

арғыалтайлық «мәдени лексика» мысалдарын семантикалық сараптау арқылы ол тілдік топтың *арғытүрк, арғымоңғол, арғытұңғыс-мәнжу, арғыкорей және арғыжапон* тілдеріне бөлінуінің ілкі үдерістері ж. с. д. ҮІ мыңжылдықта басталғанын пысықтайды [20]. Этнология саласының зерттеушісі, Ресей Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, тарих ғылымының докторы П. И. Пучков та “Әлем халықтары мен діндері” атты энциклопедиялық анықтамалыққа енген “Тілдердің таралуы және тіл мен нәсіл арасындағы корреляция мәселелері” атты еңбегінде осы соңғы мерзімге ден қояды [21].

Демек, арғытүрк мәдениетінің этногенездік қайнарларын да сол ж. с. д. ҮІ мыңжылдық шамасынан бастап, жыл санауымыздың III ғасырына дейінгі кезеңдер аралығына қатысты археологиялық түзілімдерден, глоттегенездік, салыстырмалы-тарихи сараптаулардан, семантикалық, этимологиялық, лексемалық, генетикалық дәйектерден іздестірілгені мақұл, деген тұжырым алға тартылады. Әлбетте бұл орайда ежелгі арғыалтай дәуірлерінің нышандары мен мысалдарына да назар аударылатыны, ностра тілдері замандарына ұзайтын әрі қарайғы *палеолиттік, мезолиттік* мыңжылдықтарда кейіннен арғытүрктерге тән болған этнотектік сипаттардың шым-шымдап ұшырасып жататындығы да анық.

\* \* \*

Соңғы кездерде халықтардың арғы тегін тануға *молекулалық генетика* ғылымы жетістіктерінің кеңінен қолданылуы – біздің тақырыбымызға қатысты талай уақыттар бойы көмескі боп келген біраз ақиқаттың бетін ашып жатқаны белгілі. Осы саланың ДНҚ-геналогиялық тәсілі арқылы, көзі қарақты бірқатар зерттеушілер бұрындары болжап жүрсе де академиялық ғылым тарапынан мойындала бермейтін көп қатпарлы бірқатар этногенездік құпияларға қол жеткізе бастады.

Кейінгі жылдарда айғағы нақтыланған сондай тақырыптардың қатарына – қазір Американың қос құрлығын мекендеп отырған

үндіс халықтарының тегі мен түп тіліне қатысты мәселелерді қосуға болады.

Американың байырғы тұрғындары болып саналатын үндіс халықтары тілдерінің түрк тілдеріне ұқсайтыны туралы әңгімелер бірталайдан айтылып жүрсе де, бұл пікірлер көбіне-көп қуаттала бермейтін. Ғылыми ортада оларды әшейін бір кездейсоқ сәйкестіктер ретінде тану үрдісі үстем болатын.

Неге? Бұл жерде мәселенің мәнісі – еуропакіндікшіл ғылымда бұрыннан үстем боп келген «арғы түрк тілдерінің бұдан 2 мың жылдай бұрын ғана пайда болғаны белгілі, сол себепті де бұл тілдің сол заманға дейін бар екендігін сөз ету, оны ежелгі шумер, сондай-ақ майя үндістерінің тілдерімен туыс деп табу сенімді емес» [22, 83; 23, 7-8], ол ғылымға қайшы шығады дейтін ресми қағидадан аса алмау мәжбүрлігіне келіп тіреле беретін. Яки, бұдан 40 мың жылдай бұрынғы шамадан бастап сол дәуірлерде беті құрғап жатқан Беринг бұғазы арқылы Америкаға қарай өткен үндістердің тілі мен тегінің түп негізін *түрктен* іздеу жөн бола қоймас, бәлкім, оны басқа жақтан: *қытай, ари, тибет* қанды жұрттардан іздеген ептеп орайға келетін шығар, деген ойлар тұспалданатын.

Генетика ғылымының соңғы жетістіктері осы түйткілдің де түйінін шешіп отыр. Америкалық зерттеушілер біраздан қозғап жүрген бұл тақырыпқа кейінгі онжылдықтарда Ресей ғылым академиясының генетиктері де белсене кірісті. Н. И. Вавилов атындағы Жалпы генетика институтының зертхана меңгерушісі, РФА корреспондент мүшесі И. А. Захаровтың “Орталық Азия – Америка аборигендерінің түп мекені ме?” [24], «Алғашқы американдықтардың орталықазиялық тегі» [25], оның шәкірттері М. А. Деренко мен Б. А. Малярчуктің “Америка аборигендерінің түп атамекенін іздеу” [26], “Солтүстік Азияның тұрғылықты халқының генетикалық тарихы” [27] атты еңбектері бұл саладағы алғашқы сеңбұзар зерттеулер ретінде танылып, үндіс пен түпкіалтай, түпкітүрк қауымдарының бір-бірімен зәуаттық тектестігі, қандық туыстығы генетикалық тұрғыдан тапжылтпай дәлелдене бастады.

Көп жұрт үшін тым тосын деп табылар, түпкіалтай мен түпкітүрк тілдерінің этнотектік тарихын 40 мың жылдай уақытқа созу мүмкіндіктеріне жол ашатын бұл генетикалық жойқын жаңалыққа әркімнің де қызығушылық танытпауы мүмкін емес-ті. Өйткені ол соншама алыс мыңжылдықтарда Америка асқан алтай текті жұрттардың сол жаңа құрлықта бір-бірімен түрк тілдеріне жуықтайтын диалектілерде ұғынысқаны жөнінде бұрыннан айтылып жүрген жорамалдардың иланымдылығын ерекше нығайтқан қуатты қолдау еді. Енді түрк пен үндіс тілдерінің арасындағы ұқсастықтар туралы әңгіме қозғалғанда, оны «жәй әшейін кездейсоқтық» деп айта салудың өзіне де абайлап-абайлап бару қажет болады. Түрк тілінің сөздік қорына тән ол мысалдарды үндістер лексикасына кейіннен қосылуы мүмкін деудің де реті келмейді. Себебі, археология ғылымы ж. с. д. 10 мың жыл шамасында Беринг «көпірінің» су астына қайта шөгіп, екі құрлық арасының жабылып қалғанын тиянақтаған.

Яки, Аляска бетке 30-40 мың жылдай бұрын алғаш қадам басқан адамдардың тікелей ұрпақтары ретінде саналып [28], бүгіндері Орталық және Оңтүстік Американы жайлайтын *майя, астик, кечуа* халықтарының сөздік қорларында түрк тіліне жақын мысалдардың кездесетініне қоса, енді генетикалық туыстықтың табылуы – олардың түп-тек төркінінің тарихы тым әріге, азиялық атамекендерде ғұмыр кешкен замандарға ұласатындығын көрсеткен еді.

Бұл ретте молекулалық генетика ғылымының кейінгі жылдардағы тағы бір ірі жетістігі ретінде, алғашқы есті адамдардың (*homo сапиенстердің*) пайда болған жалғыз кіндік мекені – күн нұрына малынған Африка екендігінің дәлелдегендігін атар едік. Осы аядағы ДНҚ-генеалогиялық сараптаулардың нәтижесінде алғашқы адам қауымдарының алдыңғы лектерінің бұдан 100 мыңдай жыл бұрынғы шамада сол ыстық құрлықтан Азияға қарай беттегені [17, 11], әуелде Оңтүстік-Батыс Азия мен оған іргелес аймақтардың тіршілікке жайлы құйқалы мекендеріне орныққаны, жаңа қоныстарында ғұмыр кешкен әлденеше мыңжылдықтардан кейін шығыс ностра тілдерінде сөйлейтін түп

орал-алтай қауымдарының бірқатар топтарының Орталық Азияға қарай қоныс аудару үдерістеріне араласқаны пысықтала бастады.


Осы орайда көп түйіннің шырмауын шешуге өлшеусіз үлес қосып жатқан ДНҚ (дезоксирибонуклеин қышқылы) зерттеулерінің ерекшелігіне қатысты да аз-кем түсінік бере кетейік. ДНҚ-генеалогиялық зерттеу – тірі клетка ядросында болатын дезоксирибонуклеин қышқылы молекуласы құрамындағы тұқым-тектік ақпарат қорын сараптайтын генетикалық дәйек тәсілі. Бұл нуклеин қышқылы қандай да болса, тірі организм ұрпағының түзілімі, дамуы және жеке белгілері туралы биологиялық ақпаратты сақтап, оларды жаңадан пайда болған клеткаларға (келесі зәузатқа) бұлжытпай көшіріп отырады. Соның арқасында тұқым қуу қасиеттері ұрпақтан-ұрпаққа өтеді. Тұқымдық ақпарат негізінен ДНҚ сақталатын ядролық құрылым хромосомаларында жинақталады. Оның *Y-хромосома* түрі тек ер жыныстыларда ғана болып, ол әкесінен – ұлына тікелей ауысады. Яки, әкеден тура тарайтын тұқымның бәрінде *Y-хромосоманың* бірдей элементері сақталады. Ал клеткалар цитоплазмасында болатын молекуланы “*митохондриялды ДНҚ*” (мт ДНҚ) деп атайды. Олар тек анадан балаларына қарай, келесі буында қыздардан – жиендерге қарай көшіріліп жатады.

Нақтылы бір адамның хромосомасындағы оның өзіне тән тектік ДНҚ түзілімдерінің жиынтығын – *гаплотип* (гаплоидты генотип) деп атау қалыптасқан. Гаплотип әрқайсысы қайталанып, көшіріліп тұратын сипаттарға ие белгілі бір *маркерлерден* құралады. Сол қайталанба зәузаттық ерекшеліктер жиынтығы әр адамның жекелей нышан-белгісі, оның «ДНҚ-төлқұжаты» боп саналады. Типтік гаплотиптер 6, 12, 17, 25, 37, 67 маркерлі боп келеді. Гаплотипте маркер көп болған сайын сол адамның өз тегіне (туыс ДНҚ зәузаттық бұтаққа) қатыстылығы туралы мәліметтерді дәл, нақтылы табу мүмкіндігі арта түседі.

Ұқсас гаплотиптер тобын – *гаплогруппа* (гаплогруппа) деп атайды. Ер адамдардың *Y-хромосома* гаплотобын әдетте әліпбилік тәртіп бойынша *A* әрпінен *T* әрпіне дейін белгілеп жіктеу жүйеленген. Генетиктер Африкадағы алғашқы есті адам жұрағаттарына *A*



гаплотобы тән болса, оған кіндіктес өрбіген аталық *BT* гаплотобы Африканың солтүстік-шығыс жағында құралды деп есептейді.




*Аталық Y-ДНҚ гаплогрупптары бұтақтарының сызбасы*

Азия құрлығына қарай өткен адамдар соның алғашқы сыңары *B* гаплотобынан тараған *C*, *F* зәуаттарымен таңбаланады. Оның *F* гаплотобынан кейіннен *G*, *IJK*, *H* гаплогрупптары бұтақтанды. 55-45 мың жылдай бұрын Алдыңғы Азияда түзілген *IJK* құрама тобынан алдымен *I* және *J* гаплогрупптары бөлініп, кейіннен олар Еуропаға өтеді, *J* гаплотобының біраз бөлігі өздері дүниеге келген аймақтың оңтүстік бетін мекендеп қалады. *K* зәуатты жұрттар Батыс Орталық Азияның күнгейіне іргелес өңірлерді қоныстанады. *IJK* құрама гаплотобынан тарамдалып шыққан осы үш ағайындас қауымды ДНҚ-генеалогия мамандары ең әуелгі түп ностра тілдерінде түсініскен жұрттар қатарында есептейді [29, 15-18].

Аталық *K* гаплотобы соңыра кәдімгідей өнімді ұрпақтың басына айналады. Бұдан 40-35 мың жылдай уақыт бұрын одан тараған *NOP* құрама гаплотобына жататын қауымдар Арал теңізінен шығысқа қарай жатқан аймақтарды қоныс етеді. Осы құрама зәуаттың әрі қарайғы бөлінуі барысында *N* гаплотобы (түпкі оралдықтар) дараланып, біртіндеп шығысқа қарай жылжи бастайды. *O* гаплотобы қайтадан күнгейге қарай беттеп, Үндістан арқылы оңтүстік-шығыс Азияға ойысады. Сол жақта кейіннен моңғолоид пішінді қытай, филиппин, малай текті халықтардың


әуелгі әуізатын құрайды. *P* гаплотобының біраз бөлігі шығысқа, теріскей-шығысқа, Алтай бетке қарай қоныстанып, осы аймақтарда ағайындас *Q* және *R* топтарына тармақталады. *Q* гаплотобы әсіресе американдық үндістер арасында мол. Оның туыс серігі *R* гаплотобы бұдан 20 мыңдай жылдай шамасы бұрын *R1a*, *R1b* бұтақтарына ажырайды. АҚШ-тың биохимия профессоры А. А. Клесов осы *R1a* гаплотобын кейіннен *түңкіари* тілінде, *R1b* гаплотобын *түңкітүрк* тілінде сөйлеген қауымдардың ілкі бабалары еді, деп есептейді [18, 202-225, 516-785].



*Орталық Азия мен Шығыс Азия аймақтарына тән аталық гаплотоптардың бастапқы таралу бағыттары*

Ал бұдан 50-60 мың жыл бұрынғы шамада жоғарыда аталған ежелгі *F* зәуатының сыңары, әуелгі түп-тегі Араб түбегінің күнгейінде түзілген *C* гаплотобы қауымдарына тән кейінгі көшікөн сілемдерінің бір бағыты Кәшмір арқылы Қашқар жазығына шығып, Тәңіртауды айналып Ұлы Дала кеңістігіне беттейді. Екінші бағыт – Қытайдың ұлы өзендерінің алабына бұрылады. Үшінші бағыт – оңтүстік теңіздерді жағалай барып, Австралия құрлығына өтеді [17, 319-337]. **Осындағы бірінші бағытпен жылжыған *C* гаплотобынан бөлінген *C3* тармағы** (бұл гаплотоп кейінгі жылдардағы жаңаша жіктеу бойынша *C2* бұтағы түрінде аталып жүр) **кейіннен моңғол пішінді түрк, моңғол, тұңғыс-мәнжу, жапон, корей сияқты халықтарға тән негізгі зәуаттық белгілердің біріне айналады.**

Әйел жыныстылардың тектік жүйесін құрайтын «митохондриялды ДНҚ» (мтДНҚ) гаплотоптары да осындай күрделі түзілімдерден тұрады. Ол бойынша адамзаттың ілкі африкалық дәуірлерінде *L* таңбасымен белгіленген әлденеше бас гаплотоптар болыпты. Соның *L3* гаплотобы ғана Африкадан Азияға өтіп, 80-70 жылдай уақыт бұрын, одан *M* және *N* макропоттары таралыпты. Африка құрлығынан тыс гаплотоптардың бәрі осы екі тармақтың ұрпақтары [17, 69]. Генетиктер арасында аналық мтДНҚ-ның *M* зәуат тобынан – *C, Z, D, E, G, Q*; *N* тобынан – *B, F, H, V, J, T, U, K, A, S, X, Y, W* гаплотоптарының тарайтындығы жүйеленген. Осылардың ішінде Азияның моңғол тұрпаттыларында – *A, B, C, D, E, F, G, Y, Z* тектері кездесетіні нақтыланды. Осы орайда назар аударуға тұрарлық бір жайт, американдық үндістердің аналық зәуаттық қоры да дәл осы кейінгі тізбектегі *A, B, C, D* және *X* түрлерінен түзілетіні анықталды [24, 22].



*Аналық МтДНҚ гаплотоптары бұтақтарының сызбасы*

Үндістердің ер жыныстыларының басты гаплотобы (90 пайыздайы) *Q* екені, оның жоғарыда тілге тиек болған түпкітүркіткік *R1b* гаплотобымен ағайындастығын, төркіні бір көшіқондарды бастан кешкенін қаперге алсақ, үндістердің аналық гаплотоптарының да оған ұқсас ілкі түрк зәузаттылармен тектестігіне көз жеткіземіз. Үндістерге тән сол *A*, *B*, *C*, *D* гаплотоптарының Орталық Азиядағы ең ежелгі қоныс-мекендері *R*-дің әке зәузаты *P* гаплотобы жайлаған Арал теңізінің шығысында боп шықты. Аналық *C* гаплотобы да дәл аталық *P*-тің ұрпақтары боп келетін *R*, *Q* зәузаттары және олардан әлдеқайда көне *C* бұтағы секілді Сырдария алабы мен Тәңіртаудың шығысынан теріскейге, Алтай жаққа қарай беттеген көшіқондарға қатысады. Аналық *A*, *B*, *D* гаплотоптарының да Үнді (Инд) өзенін жоғары өрлей келіп, Хайбер асуы арқылы Әмудария мен Сырдария бойына, сондай-ақ Кәшмір арқылы Қашқар айналып, Тәңіртаудың шығыс-теріскей жағына шығатын бағыттары нақтыланып, олардың да кейіннен аталық *R* мен ең байырғы *C* гаплотоптары сияқты Ұлы Дала кеңістігіне, Алтай, Саян тауларына қарай жылжып, сол аймақтарға қоныстанғаны анықталды [17, 305-311, 331; 30, 36-40]. Сондай-ақ үндістерде бар көне еурпеоидтік нәсілдерге тән *X* гаплотобы Алтайда мекен ететін түрк халықтарының зәузаттық түзілімінде ғана сақталғандығын атап өтсек болады [27, 69-76].

Ғалымдар әу баста үндістердің Азиядағы атамекені – Америкаға ең жақын орналасқан аймақ – Солтүстік Шығыс Сібір шығар деп ойлаған. Осы себептен де әуелі сол өңірдегі эскимос, чукча, эвенк сияқты сібір халықтарының өкілдеріне генетикалық зерттеулер жүргізілген. Алайда бұл этникалық топтарда аналық *mtDNA*-ның төрт гаплотобының 3 немесе 2 түрі ғана кездесетін боп шықты. 1990 жылдардың ортасында американдық зерттеушілер Қиыр Шығыстың бірқатар халықтары генефондын тексеру нәтижелерін жария етті. Ол зерттеулер кәрістер мен вьетнамдықтарға қарағанда, тибет, қытай, моңғолдар арасында *mtDNA*-ның 4 “америкалық” түрі бірдей кездесетінін анықтады. Дегенмен олардың жиілік жиынтығы 50 пайыздан төмен қалыпта

байқалған еді. Осы дәйектердің өзі де үндістердің Азиядағы бір атамекені – Моңғолия мен Шығыс Азия аймағы болуы мүмкін деген тұспалдаулар жасатқан.

Әйтсе де 1997 жылы белгілі орыс генетигі И. А. Захаровтың басшылығымен Алтайдың теріскей-шығыс бетіне жапсарлас жатқан Тыба (Тува) жеріне ұйымдастырылған экспедиция ғылыми ортаға күтпеген жаңалық сыйлады. ДНҚ зерттеулерінің қазіргі заманғы ерекше сезімтал әдістері арқылы жүргізілген сараптау қорытындысы – Алтай-Саян өңірінен үндістердің ең жақын жұрағатын айнытпай тауып берді. Шаш буылтықтары клеткасының түзілісін тексеру нәтижесі – барлық “америкалық” мтДНҚ *A, B, C, D* гаплотоптары жиілік жиынтығының *тыба* ұлтында шырқап 72 пайыздан бір-ақ шығатынын дәлелдеді. Ғылымда әуелден қалыптасқан таптаурын қағидаға құлай жығылып, түрк халықтарының этногенезіне самарқаулау қарап келген зерттеушілер назары осыдан кейін-ақ түрк тектес жұрттар мекендеген Алтай аймағына ауды [24; 25; 26; 27; 31].

Іле-шала жүргізілген зерттеулер *тыбамен* қатар түрк тілдес *алтай, хакас, шор, тоғалар, сойот* халықтарының аналық мтДНҚ түзілісінде де үндістерге тән сипат – *A, B, C, D* түрлері толық құрамда бар екенін анықтады. Тіпті *алтай* халқының генефондында үндістерде кездесетін, әдетте еуропатекті деп жүрген аналық *X* гаплотобы да бар боп шықты. Компьютерлік талдау арқылы алтайлардың мтДНҚ түзілісінің ізін қуалағанда, бұл аналық зәузаттың кейінгі қоспа емес, қазіргі еуропалықтар мен америкалық үндістерде ұшырасатын *X* гаплотобының түп-тек нұсқасынан да ерте мерзімде пайда болған ең ежелгі түріне жататыны нақтыланды [25; 27]. Әрі Шығыс Азия аумағының басқа тұстарынан кездесе қоймаған бұл аналық *X* зәузатының алтай жұрты арасынан табылуы – алыс дәуірлерде түпкітүрктердің антропологиялық тұрпатының *еурпеоид* кескінді болғандығының дәлелі ретінде де қабылданған. Бірсыпыра зерттеушілердің «түпкі

түркілердің бағзы замандардағы *еурпеоидтік* пішіні<sup>2</sup> Орталық Азияның шығысына қарай жылжу үдерістері барысында, өздері тұрақтаған аймақтардың климаттық ерекшеліктеріне сай біртін-біртін моңғол тұрпаттылыққа ауысты» [21] деп палеоантропологиялық ишаралар бойынша бағамдаған тұжырымдары осылайша генетикалық сараптаулар тұрғысынан да қуатталып еді.

Түпкітүркілер пен америкалық үндістердің алыс дәуірлердегі ілік-шатыстығына қатысты тиянақтарға осы халықтарда сақталып қалған көне мифологиялық сарындардың ұқсастығы да салмақты дәйек боп қосылады. Соңғы кездерде жүргізілген зерттеулер нәтижесінде Алтай төңірегі мен америкалық үндістер мекендеген аймақтарда тараған көптеген ежелгі ертекерлер мен аңыздар кешенінің де бір-бірімен сәйкес келетіндігі дәлелденіп отыр [32].

\* \* \*

Американы алғаш қоныстанушылардың – бүгіндері Алтай-Саян тауларын мекендеп отырған түркі тектес халықтардың бұдан 40000-10000 жылдай бұрынғы ең түпкі бабаларынан тараған тұқымдар болғандығының ДНҚ-генеалогиялық зерттеулер арқылы тайға таңба басқандай дәлелденуі – Орталық Азиядағы арғытүркілер тақырыбының аясын ерекше кеңейтуге мүмкіндік беретін айтулы жаңалыққа саяды. Бұрындары ежелгі замандардағы түркілер, олардың бағзы тарихы мен тілі туралы сөз қозғалса, көбіне-көп секемдене қарау жағы басымдау шығып жататын. Байырғы дәуірлердегі археологиялық нышандар кешенінің түпкітүркілерге қатыстылығы да тым көмескіленіп, ол

---

<sup>2</sup> Түркі халықтарының орталықазиялық аумақта туындаған әуелгі антропологиялық бітімінің «еурпеоид пішінді» екендігінің дәлелденуіне орай, алдағы уақытта біз де олардың бұл сипатына қайта-қайта «құрлықтық» ұғым тұрғысынан көңіл аудару ыңғайсыздығына ұрынбас үшін, тарихқа дейінгі ежелгі түркілерге қатысты айтылатын «еурпеоид» терминін алдағы беттерде «еуразиялық нәсіл», «еуразиялық пішін», «еуразиялық тұрпат» сөздерімен алмастырып қолданатынымызды қаперге саламыз.

халықтар тарихта еш ізі қалмаған жұрттар секілді шеттетіле беретін. Ендігі жағдай басқаша. Кейінгі жылдардағы молекулалық генетика саласының жойқын жетістіктері Орталық Азияның ежелгі палеолиттік, мезолиттік қауымдарының арасында да түпкі түрктік этникалық түзілімдерге ие жұрттардың ғұмыр кешкені туралы ақиқаттарды ортаға тартып, осы тақырыптар төңірегіндегі ізденістерге қаймықпай баруға жол ашып отыр.

Осы орайда соңғы кездердің өзінде бірқатар ғалымдар тарапынан бұрыннан бұзылмастай боп бекіп қалған ұстанымдарды теріске шығаратын жаңаша пайымдаулардың да өмірге келе бастағанын атап өтуге тиіспіз. Мәселен, АҚШ-тың биохимия профессоры А. А. Клесовтың ДНҚ-генеалогиялық бағытты қаузаған еңбектерінде арғытүркілердің ежелгі замандардағы этнотектік, археологиялық нышандарына байланысты көптеген соны мәліметтер ортаға тартылады [18; 29; 33; 34]. Клесовтың Алтай-Саян аймағында пайда болған аталық *R1b* гаплотобын түрк қауымдарына тән негізгі зәуазат екендігін дәйектеуі, ол жұрттардың неолит, энеолит замандары шамасында батысқа қарай жылжуы, қазақ жеріндегі Ботай, одан әрі Днестрге дейін ұласып жатқан Көнешұңқыр мәдениеттерін құруға атсалысқанын, осы көші-қон үдерістерін жалғастыру барысында арғытүрк тілінің күллі Еуропаны да қамтып, өріс ұзартқанын айқын генетикалық айғақтармен тиянақтауы, бұрынғы тек археологиялық, лингвистикалық деректерге арқа сүйеген тәсілдер ауқымында, сірә, мүмкін бе еді? ДНҚ зерттеулерінің тапжылтпайтын дәлелдері арқасында ғана осындай таңғаларлық нәтижелерге қол жету мүмкіндігі туып отыр. Атап өтерлік бір жайт, бұл пайымдаулардан Ю. Н. Дроздовтың «Еуропа тарихының түркілдік дәуірі» [35] атты кітабындағы мәліметтер де алшақ кетпейді. Бұл көлемді еңбекте ежелгі замандардан бастап – ж. с. X ғасыр шамасына дейін Еуропада түрк тілді халықтардың да мекен еткені ілкі ортағасырлық жазба мұра деректері, этнонимдер мен топонимдер іздері арқылы бағамдалады. Ресей Ғылым академиясының Северцев атындағы Экология проблемалары мен эволюция институтының ғылыми қызметкері, биология ғылымдарының

докторы А. Ф. Назарованың зерттеулерінде арғытүркілердің палеолиттік дәуірдегі түпкі зәуаттарының генетикалық іздері биологиялық, археологиялық деректермен сабақтастықта қарастырылады [30; 36; 37].

Халықтардың этнотектік сипаттарын айқындауға өлшеусіз үлес қосқан ДНҚ-генеалогиялық сараптауларға дейін де түркі жұрттарының арғы тектері мен тілдеріне қатысты археологиялық, глоттегенездік зерттеулер жүргізілгені белгілі. Бұл ретте әлгінде атап өткеніміздей, әсіресе ностра тілдері теориясы аясында қыруар жұмыстар атқарылды. Оны бір жағынан, молекулалық генетика ғылымының ДНҚ зерттемелері саласының жаңаша өрлеуі қарсаңындағы «арнайы жоспарланбаған» дайындық кезеңі іспетті болды, деп бағаласақ та ләзім. Ностра болжамы пысықтаған қаншама лингвистикалық талдамалар кешені мен дербес тілдерге жіктелген қауымдардың әр дәуірлердегі көші-қон бағыттарының көбіне-көп ДНҚ түзілімдерінің таралу үдерістерімен сәйкес шығып жатқаны, олардың бірін-бірі толықтыратын құрамдас ілімдерге айналғанының да дәлелі ретінде танылады.

Ғылымның осы үндесе өрілген қос бағытының жетістіктерін бұрыннан қалыптасқан дәстүрі мен машығы бар археология, антропология, лингвистика салаларының деректерімен салғастыра қарау – бірталай этнотектік ақиқаттардың ашылуына да кәдімгідей септігін тигізері анық. Әдетте ежелгі жұрттардың мәдениеттері сол қауымдардың бағзы замандарда ғұмыр кешкен мекендерінде қалдырған археологиялық мұралары бойынша анықталады. Сол себепті де біз Орталық Азия аумағында бағзы дәуірлерде өмір сүрген тұрғылықты автохтондарды – ДНҚ тілімен айтқанда, аталық – *N, O, P (Q, R), C*; аналық – *A, B, C, L, X* гаплогрупптарының өкілдерін, жай әшейін, алғашқы адам қауымдары деп қана емес, *түпкітүркітік, алтай-оралдық* тіл салмағы басымдау байқалатын (ішінара болашақта *үндіеуропа* тілдері деп топтастырылатын тармаққа ауатын зәуат топтары да бар) жұрттар деп тану бағытына ден қоямыз. Яки археологиялық мәдениеттер аясы мен шығыс ностра тілдерінде ұғынысқан қауымдардың таралу аймақтарын гаплогрупптар түзілімдерінің



көші-қон үдерістерімен салғастыра қарау барысында, олардың этнотектік төркіндерін пайымдау бағытын ұстанамыз.

Яки Орталық Азияда орта палеолит дәуірі ауқымының (ж. с. д. 100 000 – 40 000 жыл) соңғы кезеңдерінен басталып, кейінгі палеолит (ж. с. д. 40 000 – 11 000 жыл), мезолит (*орта тас – ж. с. д. 11 000- 6000 жыл*), неолит (*жаңа тас – ж. с. д. 8000 - 4000 жыл*), энеолит (*мыстас – ж. с. д. 4000 - 3000 жыл*), қола (ж. с. д. 3000 жылдың соңы – 1000 жылдың басы) дәуірлерінде адам жұрағаттары бастан өткерген тіршілік жөңкілістеріне қатысты осыған дейін жүргізілген көптеген археологиялық зерттеулер нәтижесіне енді басқаша көзбен қарағанымыз мақұл. Ал оларда тұжырымдалған қорытындыларға бажайлап назар аударар болсақ, аталмыш өңірдегі палеолит, мезолит замандарына қатысты археологиялық қазба мұраларының кей сипаттарының айтарлықтай көп өзгерістерге ұшырамастан неолит, энеолит дәуірлеріне де сабақтаса ұласып жатқанын байқар едік. Осы тұрғыдан келгенде де Орталық Азия мен оған іргелес өңірлерде қалыптасқан мезолиттік *шығыс каспий, балқантау, бельт, ферғана, қаратау, сероглазов*, неолиттік *намазғы, келтеминар, орта еділ, хвалын, атбасар*, энеолиттік *көнешұңқыр, афанасьев, терсек, ботай* мәдениеттерін осы аймақтарға тән ежелгі үрдістерден нәр алған төлтума дәстүрлер ретінде қабылдаудың қисындылығы алға тартылады.

Ол археологиялық дәйектерді кейінгі жаңаша ғылыми көзқарасқа бейімдеген зерттеулерге қабыстыра қарар болсақ, *арғы түркітер* мен *алтайлықтардың* Орталық Азия мен оған жапсарлас өңірлердің төл автохтондары екенін аңдататын бірқатар нышандарға жолығар едік. Сол сілемдерді қаузау барысында Еуразияның ежелгі малшылары – *көнешұңқыр*, әлемдегі алғашқы жылқышылар – *ботай* энеолиттік мәдениеттерінің өздерінен бұрынғы орталықазиялық мезолит, неолит дәуірлерінен жеткен байырғы *арғытүркітік, алтайлық* қауымдардың үрдістері негізінде өрістегенін біршама пайымдау мүмкіндігі туындайды.

Ал ресми археология ғылымы ол мәдениеттердің төл түзілімдерін кейіннен ірі *андрон, сақ-скиф* қауымдастықтары әрі

қарай ішінара жалғастырып, дамытып әкетті, деп топшылайды. Осы орайда Еуразия аумағының Алтайдан батысқа қарайғы кеңістігінде негізінен еуразиялық пішінді ежелгі этностар ғұмыр кешкендіктен, олардан қалған қазба артефактілердің денін үндіеуропалық мәдениеттер аясында қарастыру бағытына басымдық беретін академиялық көзқарас бойынша, сол *көнешұңқыр* және ол тектес бірқатар археологиялық мәдениеттердің арғытүркілерге қатысы шамалы деп есептелетінін де еске сала кеткіміз келеді. Кезінде М. Г. Гимбутас [38], Т. В. Гамкрелидзе, В. В. Иванов [39], одан бері В. А. Сафронов [40] секілді беделді ғалымдар тарапынан қуатталған «көнешұңқыр мәдениеті үндіеуропалықтарға тиесілі» деген тұжырым сол күйі әрқилы ғылыми әдебиеттер мен энциклопедияларда бекіп қалған. Кейінгі кездерде ғана бұл мәдениетті біржақты үндіеуропалық деп қалыптауға болмайтыны жөнінде пікірлер туындай бастады. Бұл ретте шетелдік Ф. Кортландт, К. Крелль секілді бірқатар ғалымдар тарапынан айтылып жүрген көнешұңқыр жұрттарын алтайлықтардан тарату қажеттігі, олардың далалық малшылар екендігіне қатысты байламдары [41], соңғы ДНК-генеалогиялық сараптаулар нәтижесінде де дәлелденіп жатыр. Зәуаттық зерттемелер бойынша (А. А. Клесов) энеолит заманында Ертіс пен Тобыл арасында түзілген *ботай* жылқышылар мәдениетімен қоса, оның батыс тұсынан сонау Карпатқа дейінгі байтақ даланы ен жайлаған *көнешұңқыр* мәдени-тарихи қауымдастығын құрушылар да арғытүркілік *Rb1* гаплотобына ие жұрттар болып шықты [18; 29; 33; 34]. Демек, бұл жаңаша көзқарастарға сәйкес, осы уақыттарға дейін көнешұңқыр мәдениетінің негізінде өрбігендігі басымырақ айтылып жүрген *катакомба*, *полтавка*, *андрон* мәдениеттеріне қатысты қалыпталып қалған ұстанымдарға да алдағы уақыттарда ішінара өзекті өзгерістер енуінің орайы әбден туындауы мүмкін.

Бір жағынан, осы тақырып төңірегінде бұрыннан да ізденістерге барып жүрген зерттеушілер үшін ол мәселелер ауқымы соншама тосын жайтқа да жатпайтын. Түрк дүниесінің арғы қатпарларын қаузауға құлшыныс танытқан неше түрлі еңбектерде бұл тақырыптың әр қырынан қарастырылғаны да бар.


Әсіресе түрк тілдес елдер ғалымдары тарапынан ортақ тарихымыздың түп негіздерін түгендеуге қатысты іргелі-іргелі талпыныстар жасалғанын атап өткен мақұл. Бұл ретте әзербайжан, татар, қарашай, балқар, ғалымдарының біршама істер тындырғанына назар аударсақ та болады. Г. Гейбуллаевтың [42], З. Гасановтың [43; 44], М. Зәкиевтің [45], А. Каримуллиннің [46], И. Мизиев пен К. Лайпановтың [47; 48; 49] еңбектері арғытүрктерге тән археологиялық, лингвистикалық сипаттар мен нышандарды, арғы-бергі тарихты қаузаы отырып, жан-жақты таразылай алуымен құнды.

Бұл тарапта қазақ зерттеушілері де құр алақан отырмады. О. Сүлейменовтың «Аз и Я» [22], «Жазу тілі» [50], «Тарихқа дейінгі түркітер» [51] атты кітаптарында адамзат тілі мен жазуының ғана емес, көнетүрктік жазба бітіктердің пайда болуына қатысты өзінше пайымдауларға басымдық беретін талдаулар жасалды Ғалым-жазушылар Қ. Салғараұлының “Түрік әлемі” [52], Т. Жұртбаевтың екі томдық «Дулыға» [53] атты жалпы көпшілікке арналған кітаптарында арғы тарихымыздың сақ-хұн дәуірлерін жаңаша пайымдау, сол заман тұлғаларын сомдау орайында көптеген батыл тұжырымдар мен байыпты дәлелдеулер ұсынылды. Көнетүркі жазуының белгілі маманы Қ. Сартқожаұлының «Байырғы түркі жазуының генезисі» [54; 54а] ғылыми еңбегінде ежелгі түркі этносы мен жазуының пайда болуы, жазу мәдениетінің бастаулары жан-жақты қаузалды. Осы жолдар авторының «Арғы түркітер ақиқатының ізімен» [55] атты зерттеу кітабы да арғытүркітер тарихын – палеолит дәуірлерінен, үндістердің Америка құрлығына өте бастаған замандарынан бастап, ДНҚ-генеалогиялық деректерге қабыстыра тарқатқан алғашқы талпыныстардың бірі болды.

Арғытүркітер мәдениетінің этнотектік аспектілерін әр қырынан бағамдау – қазіргідей ДНҚ-генеалогиялық зерттеулерге басымдылық беріліп отырған шақта өте-мөте қажет те бағдарлы тақырыптардың біріне саяды. Генетикалық сараптамалар – соңғы кездерге дейін негізінен тек археологиялық, антропологиялық артефактілерге, лингвистикалық, глоттегенездік талдауларға ғана арқа сүйеп келген, сол себепті кей реттерде біржақты немесе тұспалды тұжырымдардың жасалып кетуіне кәдімгідей әсері тиетін жетімсіздеу ақпарат тапшылығын, бұра тартқызбайтын сенімді зәуазаттық деректермен молайтқан ең жаңашыл тәсіл. Біз де назарларыңызға ұсынылып отырған жаңа еңбегімізде қарастырылмақ тақырып ауқымын, осы әр сипатты ғылым салаларының басын бір арнада тоғыстыру, яки *археологиялық, антропогенездік, глоттегенездік, лингвистикалық, ДНҚ-генеалогиялық* мәліметтерді қатар сабақтастыра отырып тарқатуды көздемекіз.

# I ТАРАУ

## АНТРОПОГОНЕЗ БЕН ДНҚ-ГЕНЕАЛОГИЯ АҚИҚАТЫ: ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЕЖЕЛГІ ЭТНОТЕКТІК ҮДЕРІСТЕР



## 1.АФРИКАДАН АЗИЯҒА ДЕЙІНГІ ҰЗАҚ ЖОЛ:

### САПИЕНСТІК САРАЛАНУ

Адамның пайда болуы мен оның эволюциялық-тарихи қалыптасу үдерістерін қарастыратын антропогенез ілімі мен глоттогенез (тілдің пайда болуы туралы ғылым) мәселелерін зерттеушілер ежелгі адамдар сорабын жалғаған қазіргі тұрпаттағы адам (*homo sapiens sapiens*) бұдан 150 мың жыл бұрын шамасында қалыптасты деген тұжырымға сүйене отырып, олар сол әуелгі дәуірлерде ортақ бір түп тілде ұғынысқан болуы керек деп тұспалдайды. Бұдан 80 мыңдай жыл бұрын *homo сапиенстердің* Африкадан Азияға қарай таралу үдерісінің басталуына байланысты, сол түп тілден қазіргі макротармақтарға топтасқан тілдердің ең арғы диалектілері пайда болғаны бағамдалады [14, 108].

Қазіргі ғылым адамзаттың әуелгі атамекені – Африка құрлығы дегенге күмәнсіз ден қойды. Бұл орайда зерттеушілерге генетика ғылымының соңғы жетістігі – ДНҚ-генеалогиялық тәсілдің көмегі молынан тиді. Ғалымдар ұрпақтан ұрпаққа үздіксіз беріліп отыратын клеткалық материалды анықтау үшін әртүрлі елдердің әйелдері мен ерлерінің зәуаттық мәліметтерін тестік сараптаулардан өткізген кезде, барлығының да тұқымдық мәліметтерінің африкалық түп-текпен ұштасып жатқанына көз жеткізді [31, 10-17; 15, 14-15; 17, 77-81; 18, 113-117].

Адамзаттың әуелі Африкадан тарағандығы Ч. Дарвин (1809-1882) заманынан бері айтылып келе жатыр. Палеоантропология ғылымы зерттеулерінің қорытындыларына қарағанда, арғы адам тектерінің бірі ретінде жорамалданатын – *аустралопитектер* бұдан 4,5-1 миллион жылдай бұрын Оңтүстік және Шығыс Африкада өмір сүрген көрінеді. Олар өздеріне қажет еңбек құралдарын жасауға қабілетті, маңдайы кең, саусақтары икемді болғандықтан *homo habilis* (епті адам) деңгейіне жақындаған екі аяқты приматтар ретінде танылады. Сол Африкадан алғашқы адам тектерінің келесі даму сатысы *архантроптарға* (ежелгі адам) жататын – *питекантроп* (1,5 миллион – 500 мың жыл бұрын),

Африкадағы Атлас тауынан табылуына орай, *атлантроп* атанған ертедегі адам (350 мың ж. б.) қаңқалары да көптеп ұшырасты. Бұл ежелгі адамдардың бел омыртқалары мен тізелері тік жүруге бейімделген, маңдай сүйектері тайқы, қабақтары көтеріңкі, қалың, иектері төмен, тіс құрылыстары мен бедерлері осы күнгі адамға өте ұқсас. Олар қол шапқылар мен тас құралдарды өңдеу әдістерін (Ашель мәдениеті) меңгерген. Адам эволюциясында *Homo erectus* (тік жүретін адам) түріне жатқызылатын бұл буын ежелгі адам тектері дамуын – ертедегі адамдар *палеоантроптар* кезеңіне (250 мың – 35 мың ж. б.) және қазіргі адамдардың әуелгі түрі *неантроптар* (150-50 мың ж. б.) кезеңіне дейін ұластырады. Неоантроптардың (жаңа адам) ежелгі адамдардан негізгі айырмашылықтары – көлемді бас сүйегінің ми сауыты сопақ, маңдайы тік, иегі жақсы жетілген, шығыңқы, қабақ сүйектері болмайды. Антропологтар қазбалардан табылған неоантроптардың сүйектерінің қазіргі адамдар сүйектерінен ірілеу екенін айтады [56, 65,382, 583; 57, 10; 58, 16-22; 59].

Осы дәйектерді салғастыра келе, антропогенез ғылымы адамның ең-ең түпкі питекантроп тектес жұрағаты әуелі Африкада тұсау кесіп, өсіп-өнді, содан кейін ғана, бұдан 2 миллион жылдай бұрын ақырындап Азия мен Еуропаға ауыса бастады деген топшылауларға ден қояр еді. Яки, Азияның оңтүстік шығысындағы Ява аралынан питекантроп тектес *явантроп* (1,9-1,5 миллион ж. б.), Қытай жеріндегі Чжоукоудян үңгірінің төменгі плейстоцен (700-300 мың ж. б.) шөгінділерінен *синантроп* (қытай адамы), Германиядан *Гейдельберг адамы* (400 мың ж. б.), әлемнің әр шалғайынан *палеоантроп* қаңқаларының табылуы, Алтайда (Улалинка) ізі қалуы сол ежелгі адам тектестердің көші-қон үдерістерінің нәтижесі ретінде танылады [15, 15-20].

Қазақ археологтары қазақ жерінен ең ежелгі адам тектес тіршілік иелері мекендеген тұрақтардың, пайдаланған құралдардың қалдықтары кездесетінін дәлелдеп отыр. Олар Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі Кіші Қаратау жотасы маңындағы Бөріқазған, Тәңірқазған мекендерінен, Жетісу, Сарыарқа, Балқаш,

Маңғыстау, Мұғалжар өңірлерінен ұшырасқан [60, 58-79; 61, 68-84; 56, 65, 450].

Осы ретте адам тегінің алғашқы пайда болған атамекені тек Африкамен ғана шектелмейді дейтін әуелден келе жатқан көзқарастың да бар екенін еске алған жөн. Адамзат тұқымының бір ілкі атамекені – Оңтүстік Шығыс Азия болуы керек дейтін дәйек – явантроп қаңқасы табылған 100 жылдан астам уақыттан бері айтылып келеді. Кейіннен, 1927 жылы Қытайдан синантроп, Явадан аустралопитек сүйегінің табылуы бұл әңгіменің тамызығын одан әрі үрлегендей болған. Алайда 1960 жылдардан бастап, Африка жерінен адам эволюциясының барлық буындарының ең көне қаңқаларының табылуы, бәріміз бір африкандық “Хауа ананың ұрпағы екенбізге” қайта ден қойғызғанды.

Ал *homo sapiens* қашан пайда болды? Кейінгі жылдарда жүргізілген генетикалық зерттеулер ежелгі адамдардың қазіргі *есті тұрпатқа* ауысуы, яғни *sapienстенуі* де осы Африка жерінде басталды дегенді нақты дәлелдейді. Ал бұған дейін әлем ғалымдары арасында бұл мәселе турасында екі көзқарас бар болатын. Олардың біріншісі – *homo sapiens* Африка не оған жапсарлас ортақ бір аумақта қалыптасты, содан кейін басқа аймақтарға тарады дегенге сүйенетін “*моноцентристік*” (бір орталық) теориясы болса, екіншісі – *есті адам* әлемнің әр тұсында, Африка, Оңтүстік Шығыс пен Батыс Азияда және оңтүстік Еуропада бірдей қалыптасу сатыларын бастан кешірді дегенді қаузытайтын “*полицентристік*” (көп орталық) концепциясы еді. Полицентристік көзқарасты қолдайтын зерттеушілер, өздерінің теорияларына әлемнің әр қапталынан бұдан 300-30 мың жылдар шамасы бұрын өмір сүрген, неандерталдықтар қаңқаларының табылуын алға тартатын. Өйткені палеоантропология ілімінде күні кешеге дейін қазіргі адамдар неандерталдықтардан тарады делінетін теорияның меселі үстем болғаны белгілі. Әр аймақтың өз неандерталы бар, демек, әр өңірдің *homo sapienстерінің* де сол төл түп тегінен өрбіген ұрпақ еместігіне кімнің дауы бар, дер еді полицентризм бағытын ұстанушылар.

ДНҚ-геналогиялық зерттеулер бұл мәселенің де анық-қанығын айқындап беруге септесті. Сөйтсе, қазіргі адамдар тіптен де неандерталдықтардың тұқымы емес екен. Генетиктер неандерталдықтардың сүйек қаңқаларынан алынған митохондриялды ДНҚ үлгілерін адамның аналық мтДНҚ түзіліміндегі молекуламен салыстырғанда, екеуінің бір-бірімен еш жуыспайтындығы анықталды. Соңғы жылдардағы генетиктер жүргізген сараптаулар неандерталдықтар мен адамдар әуелі ұқсас бір тұқымнан (адам текті екі аяқтылардан) тараса да, олардың бұл жақындықтары 500-400 мыңдай жыл бұрын жойылып, бір-бірінен алшақ екі бұтаққа айырылған еді дегенді айтады [62; 63; 31, 10-17].

Ол тұқымның бір бұтағынан – болашақта *homo sapiens*ке айналатын адамдардың арғы жұрағаты өркен жайса, екінші бұтақтан – бұдан 350 мың жылдай бұрын, келешекте *неандерталдықтар* атына ие болатын (қазба сүйегі Германиядағы Неандерталь жазығынан табылуына орай) екі аяқтылар дамуы басталды. Алғашқы бұтақ 150-140 мың жылдай бұрын қазіргі тұрпатты адамдар эволюциясына ұласады да, олар 100 мың жылдай неандерталдықтармен қатар өмір сүреді. Дегенмен 30 мыңдай жыл бұрын неандерталдықтар жер бетінен түгел жойылып кетіпті.

Оған не себеп? Бір қарағанда, тәп-тәуір даму сатысына жеткен, от жағуды үйренген, ұжымдаса жүріп аң аулауды меңгерген, өлгендерін жерлеп, балаларын өсіруді білетін, тас өңдеу техникасында Мустье мәдениетінің сипаттары: қырлы, дөңгелек өзектастар (нуклеус), әртүрлі қырғыш, тескіш, тілгіш үшкір тас құралдар, найзалар жасауға қол жеткізген, қызыл жосамен сызықтар да жүргізе алған неандерталдықтардың [64, 38-49] құрып кетуі таңданарлық құбылыс.

Кембридж университетінің (Ұлыбритания) геоархеологы Тьерд Ван Андел бастаған ғалымдардың 2004 жылы жарық көрген “Неандерталдықтар мен қазіргі адамдар соңғы мұз дәуірінің аясында” атты кітабына қатысты ғаламтор беттеріне шыққан мақалаларда осыған біршама жауап беріледі [65]. Ғалымдар тобы Еуропа құрлығындағы соңғы 65-20 мың жылғы климаттық,



экологиялық, археологиялық ақпараттарды сараптай отырып, неандерталдықтарды жойып жіберген басты себеп – Солтүстік жарты шардағы Британ аралдарынан Байкалдың теріскейіне дейінгі аралықты қамтыған *Вюрм, Валдай, Зырян* мұз басу дәуірінің (70-11 мың ж. б.) зардабы еді, деген тұжырымға келеді. Алайда неандертальдықтар суықтан ұшып өлген жоқ-тын, дейді ғалымдар. Неандерталдықтар өзімен қатар өмір сүрген *homo сапиенстермен* бірге мұз үскірігінен қаймығып, оңтүстікке қарай ығысқанымен, аң аулаудың осы жағдаятқа байланысты туындаған жаңа тәсіліне бейімделе алмапты. Мамонт, бизон, қойбұқа, солтүстік бұғысы сияқты қимылы шабан аңдарды ұстауға үйренген неандерталдықтар, ол хайуанаттар мұз дәуірінің суық кезеңдерінде жойылып таусылғандықтан, далалық өңірге тән жүйрік түз тағыларын ұстаудың әдісін таба алмаған көрінеді. Азықсыз қалған олар ақырында аштан қырылуға мәжбүр болыпты. Ал олардан көрі саналы тірлік жасауға әлдеқайда икемі бар, сөйлей алуға, бірлесе қимылдауға қабілетті, балық аулауды да, жылы киінуді де үйренген *сапиенстер* адамзат дамуын әрі қарай ұластырып әкетіпті [65; 66; 62; 31, 10-17; 18, 92-112]. Неандерталдықтар ақиқатына қатысты бұл жаңалықтар полицентристік көзқарасқа сүйенген тиянақтың мығым еместігін де көрсеткен еді.

\* \* \*

Генеалогиялық зерттеулер нәтижесі қия бастырмайды. ДНК түзілімдерін ежелгі түп-төркіндеріне қарай қаузау барысында *homo сапиенс* бір атамекеннен ғана тарады деген моноцентристік теорияның меселі одан әрі еселенді.

...Калифорния университетінің ғалымдары әртүрлі нәсілдерден құралған 147 әйелдің *mtДНК* генетикалық ақпарат түзілімін арнайы сараптаған кезде, молекула құрылымы түрлерінің ортақ бір түп-анаға қарай өрлей сабақтасып жатқанын анықтады. Ол ортақ кіндік іздері Шығыс Африкадағы бұдан 150 мың жыл бұрынғы уақыттың ар жақ, бер жағында өмір сүрген арғы адамдар

заманынан табылды. Ғалымдар оны шартты түрде *L* гаплотобы ретінде таңбалап, ертеден келе жатқан әйгілі аңыздан өрбіте оған “*Хауа Ана*” деп ат қойды. Генетиктердің бұл зерттеуін ер жыныстыларға тән *Y-хромосомасы* зәузатының тұқым қуу тізбегі одан әрі нақтылады. Ер кісі хромосомалары филогенетикалық бұтағының түп-төркіні де дәл сол Африкаға, Хауа Ана ғұмыр кешкен дәуірлерге барып тірелген еді. Генетиктер ол африкалық түп аталар гаплотобын *A* түрінде таңбалап, тиісінше *Адам* деп ат қойды [31, 10-17; 15, 14-15; 67, II.1; 18, 216-217].

Сөйтіп, бар адамзат – Адам Ата мен Хауа Анадан тараған дейтін, бір жағынан, моноцентризмді қуаттар байырғы әлемдік эпсананың жалғасы осындай генетикалық айғақтарға сабақтасты. Әрине, бұл адам жұрағаты бір ғана еркек пен әйелден тарайды дегенді көрсетпейді. Шамасы сол замандарда *homo sapienстің* қалыптасуына қолайлы жағдай туындаған Африкада “*есті адам*” бұтағын бастаған алғашқы бір қауымдар мекендеген болуы керек, дейді ғылыми зерттеулер. Олардың барлық тұқымдары бүгінге дейін жетпеген. Үзілген. Жойылған. Некен-саяқ аман қалғандары ғана мыңжылдықтан-мыңжылдыққа іргелес қауымдармен қан араластыра жүріп, ғұмыр жалғастырған.

Орыстың әйгілі генетигі И. А. Захаровтың топшылауынша, әлемдегі барлық адамзат 10 еркек, 18 әйелдің ұрпағы. 150 мың жылдай бұрын Африкада қазіргі тұрпаттағы адамдар тарихының елең-алаңын бастаған да – солар [62; 24, 23]. Талай аумалы-төкпелі таукіметтерді бастан кеше, кейде азайып, кейде тоқырап, кейде көбейе жүріп, олардың да саны біртіндеп өсе берген. Жан басы көбейгесін, тамақ асырау қамы оларды жаңа қоныстарға көшуге мәжбүр етті. Қатары артты. Молайды. Сол демографиялық өсімдер оларды ақырын-ақырын құрлықтың шығысы мен теріскейіндегі бос кеңістіктерге қарай жылжитты. Мұндай ұзақ мыңжылдықтарға ұласқан көші-қон үдерістері барысында, әрқилы ассимиляциялық сінісулер, алыс-беріс ауысулардың да болмауы мүмкін емес.

Генетиктердің аналық *mtДНК* салыстырмалы зерттеулерінің нәтижелеріне қарағанда, бұдан 80000 жылдай бұрынғы шамадағы

Африкадан Азияға қарай өтер алдында, *homo сапиенстердің* бойында әрқилы нәсілдік тұрғыдағы сараланулар да нышан байқата бастаған. Яки сол кездің өзінде-ақ африкалық, еуропалық нәсілдердің жіктелуі қылаң берген. Ал бүгінгі нәсілдердің рең басына, түсіне, бет пішініне, дене бітіміне қарай қалыптасқан ерекшеліктері – олардың кейіннен қоныстанған аймақтарының табиғи жағдайына бейімделуіне байланысты одан әрі тұрақтанған еді, деп түйеді генетикалық дәйектер [31; 64].

Мәселен, антропологтар моңғол тұрпатты нәсілдерге тән: терісі сарғыш түсті, жалпақ бет, қалың қабақты боп келген белгілерді Африканың шығысы мен оңтүстігін ежелден мекендеген *бушмен* және *готтентот* жұрттарының пішіндерімен ұқсатады. Бұл жайт, моңғол пішінді нәсілдің әуелгі нышандарының түп-төркіні сол қара құрылықтан бастау алуы мүмкін дегенді де жорамалдатады. Ал соңғы генетикалық зерттеулер нәтижесі сол бушмендер мен готтентоттарды – ілкі дәуірлерден Адам Ата мен Хауа Ана ұрпақтары тіршілігін бастаған алғашқы ұйық жұртты қоныс еткен, әлемдегі ең көне халықтар деп тапты. Олар сөйлейтін *койсан* тобы тілдерінде адамзат тілінің ең алғаш пайда бола бастаған кездерінен қалған архаикалық белгілер ұшырасады екен. Агглютинативті (жалғамалы) тілдерге жататын оларда демді сыртқа шығарғанда емес, ішке тартқанда естілетін, сондай-ақ таңдайды қаққаннан туындайтын ең көне дыбыстар бар көрінеді [67; 31; 62; 14, 612].

Ғылым әуелгі *архантроптарда* (ежелгі адам тектілерде) тілдің бірден пайда болмағанын айтады. Олардың түсінісуі – ыммен, ишарамен ғана жүзеге асқан. Антропологтардың дәлелдеуінше, бұдан 1,5 миллион жыл бұрын өмір сүрген аустралопитектердің оң қолмен әрекет етуі, сол қолына қарағанда басым болыпты. Ал адамның оң қолының басқарылуы мен ымдауы, үн шығаруы мидың сол жақ жарты шарындағы Брока нүктесі арқылы атқарылады екен. Демек, ежелгі адам тектілерде де ымдау, дыбыстау тәсілі болған. Осы Брока нүктесінен басқарылатын ым, ишара, дыбыс тілі біртін-біртін ұжымдаса атқаруды қажет ететін қауымдық тіршіліктің дамуына байланысты белгілі бір ұғымдарды білдіретін қалыптарға ауысқан [15; 41-60; 67, II.2].

Қазіргі тұрпаттағы есті адамдар *homo сапиенстерге* дейін ғұмыр кешкен *homo хабилистер* мен *homo эректустер* (епті адамдар мен тік жүретін адамдар) ым, ишарамен күн кеше жүріп, санын молайтты; қарқынды демографиялық өсімге жетуінің арқасында ыстық құрлықтан асып, дүниенің әр бұрышына тарады. Малта тастан құрал дайындауға, яки *олдувай* мәдениетін (1,5 млн – 800 000 ж. б.) жасауға қол жеткізді. Тас құралдарының жаңа түрлері – басы үшкір, екі жүзді сопақ қол шапқылармен ерекшеленетін *ашель мәдениетінің* (800 000 – 150 000 ж. б.) үлгілерін дүниеге әкелді. Бұл дәуірлерде өте сапалы өңделген қырғыш, тескіш, кескіш тас құралдар көбейді. Аңшылықпен, терімшілікпен айналысты. Отты пайдалануды үйренді. Әрине, ежелгі адам тектілердің жүздеген мыңжылдықтарға созылған осындай даму үрдісінде ым, ишара тілінің біртіндеп болса да, аздап сөз құрау, өзара түсінісу дәрежесіне дейін жетуі әбден кәміл [63, 17-49; 15, 111-118; 67, II.5; 59, IV; 56, 583].

Глоттогенездік зерттеулер нәтижесі ұғынықты сөйлеу тілінің әуелгі пайда болуы, қазіргі тұрпатты адамдар тарихының елең-алаңы – “Адам Ата, Хауа Ана заманына” деңгейлес дәуірлерде басталғанын алға тартады. Жер бетіндегі ең жоғары даму сатысына жеткен тіршілік иесі – *homo сапиенс* жұрағатының өздеріне дейінгі буындардан ерекшелігі де осы еді. Алғашқы пайда болғаннан – бастапқы қоныс аудару толқындары Азия құрлығы бетіне өткенге дейінгі 100 000-80 000 жыл бұрынғы шамада есті адамдар қазіргі тілге жуықтайтын дыбыстық тілді қалыптастырып үлгерді. Ғылым адамның әуелгі атамекені – Африка жерінде әртүрлі қауымдардың бір-бірінің сіңісіп, араласуынан, ең түпкі тілдің негізі қаланды, кейінгі дәуірлерде тарам-тарамға бөлінетін макротуыстық топтардың ілкі диалектілері жіктеле бастады дегенге ден қояды [14, 108-109].

Генетикалық зерттеулердің – адамның пайда болуы бір атамекеннен (Африкадан) басталды дейтін моноцентристік көзқарасты дәйектеуі – тіл ғылымында бар *моногездік* (бір тек) теорияның да қаймағын қоюлатқан жаңалық болды. Тілдің бір түп тамырдан таралғанын қаузайттын бұл ілім – егер *homo сапиенс*

моногенезі рас болса, *тіл* моногенезі де ақиқат дегенді көлденең тартады. Бұл теория бойынша әуелі бір түп тіл дүниеге келеді. Сол ілкі тіл адамдардың басқа да алғашқы қауымдарымен араласуы арқасында өзгелерге де ауысады. Енді ғана тәй-тәй баса бастаған сол тілдердегі ерекшеліктерді өз бойына қабылдайды.

Біртін-біртін сөз құрамы да қоюлана береді. Адамның *сапиенстік* саралану эволюциясымен бірге әр ұрпақтың өзінің алдындағы ұрпаққа қарағанда тілдік қоры байып, күрделі синтаксистік құрылымдар игеріле бастайды. Өзге өңірлерге қоныс аудару барысында түп тіл сол аймақтарда енді бүршік жарған тілдермен де ауыс-түйіске түседі. Ол тілдерде ұғынысатын қауымдар, түп тілдің ұшқындарын өздері араласқан басқа *сапиенстерге* ұластырады. Талай мыңжылдықтар бойы бір-бірімен сабақтасып, салаласып жалғасқан бұл құбылысты, адамзаттың бастапқы нәсілдік саралануына қатысты тұжырыммен де байланыстыруға болады.

Әлгінде айтылғандай, генетиктер адамдардың *еурпеоидтік*, *моңголоидтық*, *негроидтық* нәсілдерге жіктеле бастауы – сол байтақ майлы жұрт – Африка құрлығында-ақ қылаң бергендігін дәйектеді. Яғни, ең түпкі тілдің алғашқы диалектілерінің қалыптасуы да осы нәсілдердің саралануына қатысты құбылыспен шамалас өтті деуге келеді. Әр нәсілге тән болған сол диалектілер кейіннен әр бөлек макротармақтарға топтасатын тілдердің әуелгі ұйтқысына да айналған еді.

Салыстырмалы тарихи әдіс арқылы тілдердің туыстығын нақтылап, олардың ірі-ірі топтарға біріктіру қағидалары жүзеге асырыла бастағалы бері ең түпкі тілдің қай шамада ғұмыр кешкенін байқау мүмкіндігі де артып отыр. Глоттегенездік зерттеулер бойынша, *ностра* тілдері және болжамды түрде оларға түпкі туыстығы бар делініп, келесі бір макротармақтарға топтастырылатын *теріскей кавказ – енисей – қытай-тибет – надене* (қысқаша сино-кавказ) тілдері қалыптаса бастауының арғы жасы бұдан 30 000 мен 15 000 жылдай бұрынғы аралықта деп есептеледі. Ғалымдар бұл тақырыпты әрі қарай қаузаған зерттеулер – осы екі ірі топқа жататын тілдердің одан бұрынғы

мыңжылдықтардағы табиғи байланыстарын анықтауға, ең ежелгі түп тілдің түзілімдерін табуға мүмкіндік әперетінін айтады. Сонда адамзаттың Африкадан басталған тарихының бір белгісіндей боп қалған тілдер ретінде тұспалданатын *койсан* тобымен де іліктестік іздері табылуы кәміл деген ойлар ортаға тартылады [14, 308-309; 68, 5. 01].

Яки, бұл екі ірі макротармақтың: ең түпкі *ностра* мен *сино-кавказ* тілдерінің бір-біріне ілгеріректе жақынырақ болған дәуірлері – ертедегі адам қауымдарының Африканың шығысы мен оған іргелес Оңтүстік Батыс Азия аймақтарына шоғырланған, бұдан 80000-60000 жыл бұрынғы мерзімдерге шамаласар еді.

\* \* \*

Осы ретте қазіргі тұрпатты адамдардың алғашқы легі Африка жерінен – іргелес құрлық Азияға қай тұстан өтуі мүмкін деген сауалдар да өз-өзінен туындайды. Бұл тұрғыда әдетте Африканың солтүстік-шығыс жағындағы Суэц мойнағы мен Синай түбегінің теріскейі арқылы өтетін қуаң аймақ алдымен аталып жатады. Оның реті де жоқ емес. Ол өңір расында да *есті адам* жұрағаттарының Азияға алғаш қадам басқан бағыты қатарында саналады. Бірақ ол ең ілкі толқын бүгін Африкадан өзге әлемге түгел тараған адамзат зәуатының арғы тегі болуға тағдыр жазбаған еді. Олар Жер шарын бағзы замандарда әлденеше рет құрсаулаған мұз басу дәуірлерінің кезекті жойқын ызғарлы мыңжылдықтарының құрбанына айналған-ды.

Жердің геологиялық тарихында қазіргі полярлық аймақтарды ғана емес, қоңыржай өңірлерді де мұз астына көмкерген әлденеше дәуірлер өткені белгілі. Солардың ең соңғылары *рисс/вюрм* атты мұз дәуірлері аясына қамтылады. *Рисстің* әуелгі суық кезеңі бұдан 250 мың жылдай бұрын басталса, *вюрмнің* соңы ж. с. д. 9 мың жылмен тұйықталады. Осыншама ұзаққа созылған мұз дәуірі, тұтасымен, тек ауа райы қытымыр мыңжылдықтардан ғана тұрмағаны мәлім. Ол ара-арасында табиғаттың кәдімгідей мейірленіп, жанға жайлы климаттық ахуал орнайтын жылымық

кезеңдермен де алмасып жататын. Мәселен, сол *рисс/вюрм* дәуірінің бұдан 175-115 мың жылдар бұрынғы шамасында жер бетінде ерекше жылы кезеңдер орнап, Орталық Еуропада субтропикалық ормандар пайда болып, қазіргі Сахара шөлінің орны самсаған көлдер мен жасыл желекті нулы өңірлерге айналыпты. Осы қолайлы жағдайдың күллі Африкаға тән болуы – сол кезеңдерде енді ғана *саниестену* сатыларын бастаған жаңа тұрпатты адамдардың да өсіп-өнуіне игі әсер еткені анық. Жыртылып-айырылған аң-құсы мен қайысқан жеміс-жидегі мол құрлықта адам саны көбеюінің жылдам қарқынмен жүруі арқасында, алғашқы қауымдардың жаңа қоныс іздеген алғы лектері сол дәуірлерде өмір сүруге қолайлы болған Сахара мен Синай өңірлері арқылы бұдан 120 мың жылдай шамасы бұрын Алдыңғы Азияның батыс жағына өтіп, Жерорта теңізінің шығыс бөлігін қамтитын Левант<sup>3</sup> өңіріне жайыла орналасыпты [69; 17, 81-86]. Алғашқы адамдардың сол мыңжылдықтарда осы аймақтарда ғұмыр кешкеніне қатысты археологиялық сілемдер аз-кем ұшырасқанымен [18, 45-49; 15, 64-65], олардың ізі 90 мың жылдан бастап 50 мың жыл шамасына дейін мүлдем жоқ боп кеткені байқалады, дейді зерттеушілер. Ол аралықта негізінен тек неандертальдықтардан қалған нышандар ғана ұшырасыпты.

Ғалымдар оның басты себебін – бұдан 115 мың жыл бұрын басталған кезекті Вюрм мұз дәуірінің<sup>4</sup> 100-90 мың жылдары шамасындағы аса күшейген жойқын суығымен байланыстырады. Әдетте мұз дәуірі ерекше қысқан кезде ағын судың азаятыны, теңіздер мен көлдердің деңгейі төмендейтіні белгілі. Соның салдарынан булану күрт кеміп, жауын-шашынның түсуі тоқтайды. Осындай қытымыр климаттық жағдайға байланысты, сол дәуірде Сахара мен Синай, Араб түбегі қайтадан адам өтпес қу шөлге айналыпты. Олар ғана емес, біраз мыңжылдық бойы бұрынғы

---

<sup>3</sup> Левант – французша «шығыс» деген мағынаны білдіреді. Қазіргі Оңтүстік Түркия, Сирия, Ливан, Иордания, Израиль, Мысыр жерлері.

<sup>4</sup> Бұл оның Батыс Еуропа үшін қабылданған атауы, оны Шығыс Еуропада – Валдай, Теріскей Азияда – Зырян, Солтүстік Америкада – Висконсин деп атайды.

африкалықтар мекен тепкен Левант өңірі де қуаңшылыққа қатты ұрыныпты. Теріскей беттен буып келе жатқан жан шыдатпас суықтан күнгеиге қарай амалсыз ыққан жұрт, күні ызғарлы емес африкалық атамекендеріне де оралуға шарасыз қалады. Ежелгі жұрттарына қайтар жолды көлденең кескестеген безбүйрек шөлден өте алмай, барсакелместік күй кешеді. Осылайша, Азияға алғаш аяқ басқан ілкі *хомо сапиенстер* талай мың жыл өздеріне қоныс болған аймақ басына түскен ауыр ахуалдан құтылуға жол таппай, сұрапыл суық құрсауында өмірден күдер үзуге мәжбүр болады. Содан бері Суэц мойнағы арқылы алғашқы адамдар легі өткен бұл *солтүстік бағытты* африкалық *хомо сапиенс* жұрағаттары көлденең сұлап жатқан ұшы-қиырсыз шөл дала қатерінен қаймығып, қайтадан пайдалана алмаған сыңайлы, деп жорамалдайды ғалымдар.

Осы орайда бірқатар ғалымдардың Африкадан басқа әлемге тараған адам зәуаттарының ең алғашқы толқындарының Азия құрлығына өтуі – *оңтүстік бағыт*, яки Араб түбегінің оңтүстік-батыс мүйісіндегі қысаң Баб әл-Мандаб (Қасірет қақпасы) бұғазы арқылы жүзеге асты, деген тұжырымдары көкейге қонады. Американдық әйгілі антропогенез маманы С. Оппенгеймердің дәйектеуінше, бұдан 80 мың жыл бұрын Йеменнің тұсындағы осы бұғаз суы деңгейінің төмендеуіне байланысты, Азияға қарай өту мүмкіндігі пайда болады. Мұз дәуірі кезінде қоректік заттардың жұтаңдауына орай, Қызыл теңіздің батыс жағалауын бойлай жүріп, моллюскалар теріп жеуді біраздан дағды еткен алғашқы адам қауымдары, жіңішке шығанақ суының мөлшерден артық тұздануы салдарынан (мұхит деңгейі төмендегенде, оған түсетін су көлемі кемиді), бұл азық қоры да түгесіле бастағасын, бұғаздың арғы бетіне өтіп, Араб түбегінің оңтүстігін шайып жатқан Эритрей теңізінің ішіп-жемі шүйгін соны жағалауларына жетуге ұмтылған еді [17, 81-133, 242], деп түйеді ғалым.



## 2. ДНҚ-ГЕНЕАЛОГИЯ ДӘЙЕКТЕГЕН АЗИЯЛЫҚ

### АЛҒАШҚЫ АТАМЕКЕН

Алғашқы адам жұрағаттарының Азияға Йемен тұсынан өткенін алға тартатын бұл *оңтүстік бағыт* болжамы кейінгі ДНҚ зерттеулері тарапынан да қуатталу үстінде екенін айта кеткен жөн. Араб түбегінің оңтүстігін жағалай шығысқа қарай жылжып, Парсы шығанағына жеткен, әрі қарай Месопотамияның қос өзенінің құйғанына ілігіп, одан кейін шығанақтың Иран жақ бетін бойлай, Араб (Эритрей) теңізінің солтүстік кемерін жиектей, Үндістан түбегіне дейін ұласқан, әрі қарай Аустралия құрлығына бет алған бұл бағыт адам зәуаттарының таралу үдерістерімен де тура шығып отыр. Дәл осы Оңтүстік Азия аймағында түбі африкалық *L3* аналық бұтағынан 73 мың жылдай бұрын *N* және *M* гаплотоптарының жапырақ жайғаны дәлелденді. *N* бұтағы Парсы шығанағының қос жағалауындағы өңірлерде өмірге келсе, *M* тармағы Үндістан түбегіне іргелес атыраптарда ілкі түзілу сатыларынан өтіпті. Аталық *C*, *F*, *E* зәуат топтарының әуелгі пайда болған мекендері мен ғұмыр кешкен уақыттары да *homo sapienстердің* оңтүстік теңіздерді жағалай жылжыған сол терімшілік замандарына барып маңдай тірейді [17, 220-272].

Ежелгі аталмыш гаплотоп түрлерінің ең көп ұйысқан тұсы Оңтүстік Азия екендігінің осылайша күмәнсіз дәйектелуі – көп уақыттар бойы адамзаттың Африкадан кейін қоныс тепкен алғашқы атамекені Жерорта теңізінің Левант аймағы болатын деп тас-түйін қалыптастырған үстем көзқарасқа да өзгеріс енгізуде. Кейінгі зерттеулер, *есті адамдар* Алдыңғы Азияның батыс беткейіндегі ол өңірлерге кейіннен, 56 мың жылдай бұрын басталған мұзаралық жылы кезең ауқымында ғана жеткен сыңайлы деген уәжге құлай бастады. Ол бойынша сол уақыттарда орнаған жылы да ылғалды ауа райы Араб түбегі мен Сирия шөлін қайтадан жасыл көкорайға малындырып, Левант өңіріне тікелей қиналмастан жетуге мүмкіндік жасағандығы алға тартылады.

Аналық гаплотоптар арасында Жерорта теңізінің жағалауларына сол дәуірлерде ең әуелі Парсы шығанағы

төңірегінде тамырланған *N* бұтағының өнімді өскіндерінің бірі – *R* зәуатынан 57-56 мың жылдай бұрын *U*, *JT*, *I*, *HV* тармақтарына бөлінген нәзік жыныстылар аяқ іліктіріпті. Дәл осы гаплогруппалардан кейіннен күллі Батыс Еуропаны қамтыған өскіндердің таралуына байланысты, оларды әдетте «батысеуропалық апалы-сіңлілер» деп атау да қалыптасқан. Бұл аналық зәуаттармен бірге әуелде Левантқа жетіп, соңыра Еуропаға қарай өткен Адам Атаның ер жынысты тұқымдары арасында *F* тармағының төл ұрпақтары *IJ* гаплогруппының үлесі кәдімгідей мол екені байқалады. Батыс ғалымдары аналық *U5*, аталық *J* зәуатты қауымдардың әрі қарайғы жолы Анадолы түбегі арқылы Еуропаға ұласып, ауриньяк мәдениетінің (47 мың жыл) негізін қалады. Арада 15 мың жылдай уақыт өткенде Кавказ тауы арқылы екінші бағыт ашылып (Орта Валдай мұзаралық жылы кезең), аналық *HV* және аталық *I* гаплогруппалары Шығыс Еуропаға өтіп, қазіргі Воронеж облысындағы палеолиттік костенек мәдениетін (33 мың жыл) түзуге араласты деп тұжырады [17, 187-219; 70]. Ал орыс ғалымдары костенек мәдениетінің негізін *Y*-хромосомалық *I* және мтДНК-лық *U* гаплогруппаларының өскіндері 50-45 мың жыл бұрын Қап тауынан асу арқылы қалады, одан әрі қарай Карпат тауларынан өтіп, Еуропаға аяқ басқан алғашқы *estí адамдар* қатарында болды [18, 51-52, 118-133, 321-326], деген болжамға ден қояды.

Этнологиялық заңдылықтар бойынша, алғашқы аңшы-терімші қауымдардың жаңа қоныстарға қарай жылжуы – сол өздері мекендеген өңірлерде адам санының лайық бір мөлшерден артуымен сабақтаса өрбитін табиғи үдеріс. Жан басының көбеюі тамақ табудың жаңа мүмкіндіктерін қарастыруға жетелейді. Сол себепті де адамдардың кейбір бөліктері ішім-жем қамымен ілгері қарай мекен ауыстырады. Арада біраз уақыт өткен кезде ол тұяқ тепкен қоныстардың да аң-құс (немесе моллюска) қоры сыр бере бастайды. Тамақ асырау мәжбүрлігі адам қауымдарының мөлшерден тыс келесі бір бөліктерінің тағы да жаңа аймақтарға қарай аттануын қажет етеді...

Ұдайы тізбектеле жалғасып жататын осы үдеріс – ежелгі адамдардың жаңа қауымдарға жіктелуіне, жаңа топтарға бөлінуіне әсері тиіп жататын басты себептердің біріне саяды. Алғашқы атажұрттарынан өз нәпақаларын іздеп, жыраққа кеткен қауымдардың ұрпақтары, осылайша, арада жүздеген, мыңдаған жылдар өте келе, әуелгі тектерінен кәдімгідей алшақтанған, бір-біріне бөгде жұрттарға айналады. Олардың өздері қоныстанған жаңа өңірлерге сай қалыптасқан тіршілік салттары, бітім-болмыстарымен бірге, бастапқы тілдері де көп өзгерістерге ұшырайды. Ұзақ мыңжылдықтарға созылатын осындай көші-қондар барысында Африкада бастау алған ең ілкі түп тіл әлденеше тармақтарға бөлшектеніп, әуелгі туыстығы ешкімді сендірмейтіндей алшақ топтар мен диалектілерге ыдыраудың үздіксіз үдерістерін бастан кешеді [63, 75; 14, 108-109; 71, 51-81].

Тіршілік үшін тынымсыз тырбанған сол қиын дәуірлерде ілкі адам зәуаттарының талай апаттарға ұрынып, сыпыра қырылып, кей тектердің түбірімен жойылып, аздаған аман қалған қауымдардың арқасында ғана қайтадан ұрпақ жалғаған шақтары да ұшырасады. Сондай ең сұрапыл табиғат зұлматтарының бірі – адамдардың Оңтүстік Азиядағы алғашқы атамекені аясына жақын аумақта өткен еді. Геологиялық, археологиялық зерттеулер бұдан 74 мың жыл бұрынғы шамада Индонезияның Суматра аралындағы Тоба жанартауының алапат жарылысы күллі әлемге зор зардабы тиген аса жойқын апат болғанын айтады. Оның күштілігі сонша, екі апта бойы жер қойнынан көкке қайнап атқылаған магмадан тараған газ бен күл стратосфералық 30-40 километр биіктікке дейін көтеріліп, күннің көзін алты ай бойы тұтас жауып тұрыпты. Тоба жанартауының айналасындағы 300 шақырымдық радиуста бірнеше апта бойы аспаннан себелеген күлдің жерге шөккен қалыңдығы үш метрге жетіпті. Көкті тұмшалаған ауыр күл бұлты желдің ығымен солтүстік-батысқа қарай жылжып, Үндістан түбегін де түгел басып қалыпты. Күн бетінің тас бүркенуі салдарынан климат күрт суып, «жанартаулық қыс» орнапты. Соңғы 2 миллион жыл көлемінде өткен осы ең ірі табиғат апатының салдарынан көптеген өсімдіктер мен жан-

жануарлардың түрлері со бойы жойылып кетіпті. Әшейінде қоңыржай, ылғалды боп келетін Оңтүстік-Шығыс Азия аумағында мың жылдай құрғақшылық орнапты [72; 17, 234-243].

Әрине Тоба алапаты зардабының осы аумақтарға ірге тепкеніне көп мыңжылдықтар өте қоймаған алғашқы азиялық адам қауымдарына оңай тимегені анық. Олардың қатары сол апаттан кейін қатты ойсырап қалады. Әрі бұл шама Теріскей Азиядағы кезекті Зырян мұз дәуірінің алғашқы кезеңінің де қарсаңы (бұдан 70-50 мың жыл бұрынғы аралық) болатын [73, 30-31]. Тоба зұлматының салдарынан туындаған қытымыр климатқа мұз дәуірінің солтүстіктен жеткен ызғарының қосылуы, саны селдіреген *homo sapiens*тердің басына қосымша қиындықтар әкеледі. Дегенмен бұндай табиғи, экологиялық зардаптардың бәрі ежелгі қауымдардың мың өліп, мың тіріле жүріп ілгері ғұмыр ұзартуға ұмтылған жанкешті жанталастарын тоқтата алмайды.

Тоба қырғынымен қабаттаса келген осы мұз дәуірі кезінде Оңтүстік Азия аумағында ежелгі адамдардың арасында болашақта *орталықазиялық, алтайлық* автохтондарға айналатын жұрттардың да ең байырғы тектері аман қалу арпалысымен тіршілік кешіп жатты. Оларды генетиктер әдетте аталық *CF* және аналық *M, N* макротоптарынан тарайтын зәуазаттар ретінде таниды. Ағайынды *CF* діңгегінен 60 мың жылдай бұрын *C*, 55-50 мың жылдай бұрын *F* гаплотобы бөлініп шығыпты. *C* бұтағы әдепкіде Араб түбегінің күнгейі, Парсы шығанағы мен Үндістан түбегінің арасын мекен етіп, кейіннен бүкіл Орталық, Шығыс Азияға тараған таза азиялық өскіннің басы боп есептеледі. Оның оңтүстіказиялық алғашқы атамекенде қалған бөлігі *C5* гаплотобы ретінде таңбаланса, әуелгі көші-қон үдерістері барысында-ақ теңіз жағалай Полинезия мен Австралияға дейін жеткен тармақтары *C2, C4* гаплотоптарын құрайды. Ал біздің тақырыбымызға қатысты *C3* (кейінгі жіктеу бойынша *C2*) бұтағы өзінің кіші туысы *D* екеуі Үндістан түбегін шығыс жағынан айнала келе, Каргин мұзаралық жылы дәуірінің (ж. с. д. 50000-22000 жыл аралығы) бастапқы кезеңдерінде Тәңіртаудың (Тянь-Шань) күнгейіне шығып Шығыс Орталық Азия аймағына табан іліктіріпті [17, 319-337; 29, 15]. Осы

*С3 (С2) гаплотобы азиялық аумақтағы монғолоид тұрпатты көптеген жұрттардың түп бастауына айналды. Олардың бірер бөлігі палеолиттік мыңжылдықтарда Америкаға дейін өтті. Орталық Азияда қалған негізгі сойлары кейіннен хұндардың арғы этнотегін құрады, алтайлық топқа жататын қауымдардың елеулі зәузат түзілімдеріне айналды.*

Аталық *С* гаплотопының туысы, Парсы шығанағы мен оның теріскейіндегі Загрос тауларын баурайлай орныққан *F* діңгегінен әуелі *IJK* біріккен бұтақтары тарап, олардың *I, J* тармағы беттерін батысқа, Жерорта теңізіне қарай түзейді. *K* заузатына қатысы бар қауымдар мұзаралық жылы кезеңде Үндістан түбегінің батысына, одан әрі теріскейіне қарай өріс кеңейтеді. Сол алғашқы адамдардың Үнді (Инд) өзенін жоғары өрлей келіп, Хайбер асуы арқылы Әмудария алабына, одан әрі Памир мен Тәңіртаудың батысына беттеп, Сырдария бойына жеткен бөліктерінен Тұран аймағында 50-45 мың жылдай бұрын құрама *N, O, P* гаплотобы түзіледі.

Бұл үш тармақты бұтақтың әрі қарай бөлінуі барысында шығысқа беттеген *N* гаплотобынан кейіннен түпкі оралдықтарға айналған жұрттар жіктелсе, оңтүстік-шығысқа бағыт алған *O* гаплотобынан сібірлік алтай жұрттары, қытай, филиппин, малай текті халықтардың әуелгі тегін құраған зәузаттар тарайды. Ал олардың ағайыны – *P* гаплотобының болашақта *europeoid* деп таңбаланар тұрпатқа ие «еуразиялық» қауымдар 45-40 мың жылдай бұрын Арал теңізінің шығыс бетін (яки, Памир мен Тәңіртаудан бастап, Алтай, Саян тауларына дейінгі аумақты) жайлайды. Осы аймақтарда 40-35 мың жылдай бұрын *P* гаплотобынан бір-біріне кіндіктес *Q* және *R* бұтақтары тармақталады. *Q* гаплотобының біраз бөлігі кейіннен болашақ американдық үндістермен бірге Аляска асады. Бүгінгі үндістердің 90 пайыздан астамы осы аталық *Q* зәузатына жатады. Оның сыңары, *ақ нәсілді R* гаплотобы бұдан 25 мың жылдай шамасы бұрын *M123* снип-мутациясын қабылдап *R1* бұтағының негізін қалайды. Сол *R1*-ден генеологтар тілімен айтқанда, кезекті *SRY10831.2* және *M123* снип-мутацияларын қабылдау

нәтижесінде 20 мың жылдай бұрын *R1a*, 16 мың жылдай бұрын *R1b* зәуаттары түзіледі. АҚШ-тың биохимия профессоры А.А. Клесов алғашқы *R1a* гаплотобын кейіннен «ари, түпкіүндіеуропа» деген атаумен топтастырылған тілде, *R1b* гаплотобын *түпкітүрк* тілінде сөйлеген жұрттардың ілкі бабалары ретінде пайымдайды [18, 123-125, 202-225, 516-785; 29, 16-18]. (***R1b* қауымдарын түпкітүрк ретінде пайымдауға – ол зәуаттың әуелгі түзілген мекенінде бүгінгі күндері де ғұмыр кешіп жатқан халықтар арасында түрк тілдерінде сөйлейтін жұрттардың ДНҚ молекуласында осы гаплотоптың көне *R1b1* бұтағының еш өзгерместен таңбаланып қалғаны бұлтартпас дәлел ретінде көлденең тартылады. Бұл гаплотип қазіргі түрк текті *башқұрт, түрікмен, ұйғыр, өзбек, қазақ, татар, тыба, шұбаи* халықтарына тән төл генеалогиялық түзілімдер болып шықты [29, 34-35,41-42; 74, 1759]).**

Аналық гаплотоптардың Орталық Азияға іліккен алғашқы зәуаттарының да көші-қон үдерістері дәл осы сипатта өтті. Апалы-сіңділі *M, N* макротоптары алғашқысының шығысқа, соңғысының батысқа қарай орналасқанын әлгінде атап өткенбіз. *M* бұтағынан 60 мың жылдай бұрын түзілген *C, D* гаплотоптарының ғұмыр кешкен мерзімдері жоғарыда сөз болған аталық *C3 (C2), F* тармақтарымен бір заманға дөп келеді. Олардың әрі қарайғы жылжу бағыттары да ұқсас. Аналық *C* мен *Z* дәл аталық *F* сияқты Үнді (Инд) өзенін өрлей келіп, Хейбер асуы арқылы Әму мен Сырға, Памир мен Тәңіртаудың батысына қарай өтсе, аналық *D* өзінің туысы *G* және аталық *C3 (C2), D* гаплотоптарымен бірге Гималай, Тибет айналып, Шығыс Түркістанда тоқайласады. Әрі қарай бұл аталған топтардың біраз бөліктері Орталық Азияның теріскейіне, мамонтты даланың шүйгін жайылымдарына қарай беттейді (*Кіріспе тараудағы сызбаларды қараңыз*).

Орталық Азияға қарай беттеген бұл бағыттардан *N* аналық макротобының зәуаттары арасынан 55 мың жыл бұрын түзілген аналық *R*, 50 мың жылдай бұрын бөлінген аналық ***A***, сондай-ақ *R*-дан тараған *B, F* гаплотоптарының жылжу үдерістері де көп ауытқымайды. Олардың да бірер бөлігі аналық *D, G* сияқты

Үндістан түбегі мен Гималайды айналып – Қашқарға, Тарым өзенін бойлай келіп – Шығыс Тәңіртауға жетті, теріскейге беттеп – Қара Ертіс алабы пен Моңғол үстіртіне маңдай түзеді. Генетиктер бұл аналық бұтақтардың Орталық Азияға бойлап енген, яғни 40 ендіктен солтүстікке қарай өткен кездеріндегі жас шамаларын да анықтап отыр. Мәселен, аналық гаплоготтарға жататын *D*-ның жасы – 44 мың, *F* – 42 мың, *B* – 40 мың, *A* – 35 мың деп тұспалданады. *M* макротобынан тарайтын *C* мен *Z* топтарының да Алтай қойнауларына жеткен уақыты осы шамада болса керек. Әрі бұл, бір жағынан, сол зәуаттардың жылжыған бағыттары бойынан табылған археологиялық ескерткіштердің жасымен де сәйкес шығар еді. Мәселен, осы аналық *C*, *Z* мен аталық *F* гаплоготтары көші-қон үдерістерінің Таулы Алтай өңіріне бойлаған тұсындағы әйгілі Қарабом ортапалеолиттік тұрағындағы (қазақ шекарасынан 90 шақырым жерде) *қазіргі тұрпатты адамдар* қолынан шыққан икемді тас құралдардың жасы 43 мың жылға тең екені анықталды. Демек аталмыш зәуаттық топтардың жасы да сол деңгейлес деуге келеді [17, 319-328].

Бұл мысал генетика мен археология ғылымдарының өзара үндесуінің айқын нышанына да сайса керек. Осы тұрғыдан алғанда ДНҚ-генеалогиялық сараптау тәсілдері кеңінен қолданыла басталғанға дейін көне замандар ақиқатын байыптауда бірден-бір дәйек көзі ретінде танылған археологиялық зерттеулер тарапынан тақырыбымызға қатысты жинақталған деректер төңірегінде сөз қозғаудың да реті өз-өзінен туындар еді. Сол себепті де әңгіме бағытын енді солай қарай бұралық.

### 3. ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ПАЛЕОЛИТТІК АРХЕОЛОГИЯСЫ МЕН ЭТНОГЕНЕТИКАСЫНДАҒЫ ТҮПКІ ТҮРКТІК ИШАРАЛАР

Таулы Алтай қойнауындағы Қарабом орта және кейінгі палеолиттік тұрағы сол өңірдегі өзі тектес жалғыз ескерткіш емес. Археологтар оны осы аймақтағы Усть-Кан, Қаракөл, Денисов, Окладников үңгірлерінің қазба дәйектерімен сабақтастыра қарап, мустье мәдениетінің (150-30 мың жыл бұрын) ақырғы кезеңінде туындаған – тас құралдарды дайындаудың леваллуалық тәсілін<sup>5</sup> өздеріне тән төл ерекшеліктермен жетілдіре білген алғашқы адам қауымдары мекен еткен тұрақтар деп есептейді. Жасалу әдістері біркелкі бұл құралдарды басқа аумақтарда ұшырасатын соған ұқсас өзге артефактілермен салыстырғанда, олардың Загрос тауларының күнгей баурайындағы «Загрос мустьесі» аясына енетін Бехистун, Шанидар; Орталық Азияның күнгейіндегі Памир мен Тәңіртаудың батыс беткейлерінде ірге тепкен Обирахмат, Құлбұлақ, Қожакент, Худжи үңгір-тұрақтарындағы леваллуалық нұсқалармен үйлесетіндігі байқалды. Археологтар осы дәйекке сүйене отырып, олар түп-тегі бір қауымдардың қолынан шыққан заттар болуы мүмкін екендігін алға тартты [75, 76; 77]. Әлбетте, олардың нақтылы бір уақыт ауқымында ғана дүниеге келмегені белгілі. *Гомо сапиенстердің* әр кезеңдерде бастан кешкен көші-қон үдерістері, өзара қауымдасулары мен ықпалдасулары барысында олар тұтынған тас құралдар да үнемі жетілу сатыларынан өтіп тұрады. Икемді әдіс-тәсілдермен құнарланады. Сол үздіксіз араластық-құраластықтардың, жаңғырулардың нәтижесінде ол құралдардың көбі бастапқы ортақ нұсқаға ұқсай бермейтін, соны сипаттарға иеленеді. Кей реттерде олардың өздері

---

<sup>5</sup> Леваллуа құралдары – жұмыр өзектастан (нуклеустен) ірі жаңқаларды жарып алу арқылы жасалады. Қолға ұстайтын тұстары кетілген оларды қырғыш, жонғыш, шапқыш, кескіш еңбек құралдары ретінде тері, ағаш, сүйек өңдеу үшін пайдаланады. Үшкіртас түрінде бөлінген жаңқаларды таяқ ұшына бекітіп найза орнына қолданады.



пайда болған өңірлердің төлтума артефактісі санатында бағамдалып жататыны да сондықтан [78].

Қалай дегенмен де *қазіргі тұрпатты адамдардың* оңтүстіказиялық алғашқы атамекеннен Орталық Азияға талай мыңжылдықтар бойында жылжи жеткен бағыттарының сілемін анықтауда аталған тұрақтардан табылған тас құралдардың ұқсастығы – бүгінгі археология ілімі тарапынан құнды дәйек көзі ретінде танылып отырғаны анық. Соңғы кездерге дейін бұл үңгірлерден қазіргі тұрпатты адамдарға тән сүйек түзілімдерінің ұшыраса қоймауына байланысты, ол құралдардың неандертальдардан қалуы мүмкін ғой деген күмәнді пікірлер де айтылып жүретін. Алайда антропологтар Денисов және Окладников үңгірлерінен табылған тіс қалдықтарын тыңғылықты сараптаулардан қайтадан өткізген кезде, олардың *хомо сапиенстерге* тән екені айқындалды [79]. Бұл тұжырымды 2003 жылы өзбек археологтарының Сырдария алабындағы көне тұрақтарда жүргізілген қазба жұмыстарының айтулы олжасы ретінде танылған адам сүйектерінің қалдығы одан әрі қуаттай түсті. Орталық Азия аймағының археологиясы үшін әлемдік деңгейдегі зор ғылыми жаңалыққа бағаланған ол артефактілер Сырға құятын Шыршықтың бас сағаларының бірі Шатқал өзеніне оң жақтан келіп қосылатын Палтау суының төменгі ағысына іргелес әктасты жартас қойнауындағы Обирахмат үңгірінен табылды<sup>6</sup>.

Обирахмат үңгірінен табылған ежелгі адамның төбе сүйегінің көптеген сынықтары мен үстіңгі алты тіс қалдығын зерттеген беделді антропологтар оларды *қазіргі тұрпатты адамдарға* тән сүйек ретінде сенімді түрде дәлелдеді. Бұл шын мәнінде талай ізденістерге қуатты қолдау беретін аса елеулі жаңалық еді. Осы ашылымдардың арқасында Орталық Азия өңірінің де бастапқы *хомо сапиенстердің* қалыптасу аумағына енетіндігі, жергілікті

---

<sup>6</sup> Ежелгі адамдардың талай ұрпағы мекен еткен бұл көне тұрақ Ташкент қаласынан солтүстік-батысқа қарай 100 шақырым тұста орналасқан.

мустьелік мәдениеттер аясында жетіле бастаған тас құралдар өндірісінің одан кейінгі жоғары палеолиттік кезеңдерге эволюциялы түрде ұласатыны даусыз дәлелденді. Ол сонымен бірге Тәңіртау мен Памирдің батыс өңірлерінің сонау Алтай мен Саян таулары, Байкөлге дейін созылған ежелгі палеолиттік көші-қон бағытының өтінде жатқан өте-мөте маңызды ұйық жұрт болғанын да жаһанға жария етті [80]. Обирахмат ғана емес, оған жақын тұстағы Қожакент, Құлбұлақ; Байсын тауларындағы Тесіктас, Жарқұтан; Тәжікстандағы Худжи сияқты ортапалеолиттік тұрақтарда да тас құралдар жасау тәсілінің, бір жағы таулыалтайлық нұсқалармен үндесіп жатар, ортақ мәдени үрдістерін бекем ұстанған қауымдардың ғұмыр кешкені анықталды. Археологтардың нақтылауынша осы кіндіказиялық аймақтарда ол біртұтас дәстүрлердің уақыт ауқымы ж. с. д. дейінгі 80-70 мың жылдан 40-35 мың жылға дейінгі аралықты қамтиды. Ал Обирахматтағы адам сүйектерінің қалдығы бұдан 45-40 мың жылдай бұрынғы дәуірлерге деп келетіні дәйектелді [78]. Олар Таулы Алтайдағы Қарабом, Денисов тектес үңгірлерден табылған тас құралдар және тістермен, осыдан біраз уақыт бұрын ғана Тобыл қаласы маңындағы қазба жұмыстары кезінде археологтардың қолына түсіп, 2008 жылы жарияланған зерттеу нәтижесі бойынша жасы 43 мың жыл деп дәлелденген табан сүйекпен [30, 38] бір мерзімдес болып шықты.

Орталық Азияның ежелгі этникалық тарихының арғытүрктік қатпарларын түптен қаузау барысында, сол жоғары палеолиттік дәуірлерде оның автохтондары қатарына енген алғашқы адам қауымдарының әлденеше тобының толқын-толқын боп Берингия<sup>7</sup>

---

<sup>7</sup> Археология мен палеографияда Азияның солтүстік-шығыс бөлігі, Чукотка мен Аляска аймақтары – Берингия өңірі деген шартты атаумен де аталады. Мұз дәуірлері кезінде мұхит деңгейінің төмендеуіне байланысты, ол аймақтар бір-бірімен ұштасып, 1,3 миллион шаршы километрге дейінгі аумақты алып жататын ауқымды «күрлыққа» айналады. Ойпатты кеңістік болғандықтан да, оның климаты

өңірі арқылы Америка құрлығына аса бастаған замандарына да кәдімгідей көңіл аударуға тура келеді. Ол жұрттардың Орталық пен Ішкі Азияны өрлей толқын-толқын боп Берингияға қарай жылжыған кезеңдерін бағамдар болсақ, ол мерзімдердің негізінен Батыс пен Шығыс Еуропада – *Вюрм, Валдай*, Теріскей Азияда – *Зырян* (кейінгі кезеңі – *Сартан*), Солтүстік Америкада – *Висконсин* деп аталатын, бұдан 70000-11000 жыл бұрын шамасында өткен мұз басу дәуірінің орта тұсындағы климаттық жағдай аясына сәйкес келетінін байқаймыз. Мұз дәуірі делінгенімен, 60 мың жылға созылған ол кезеңнің тұтасымен тек ауа райы қытымыр мыңжылдықтардан тұрмағаны белгілі. Археологтар Еуразия мен Американың теріскейін қалың мұз құрсаған аса қатты ұзақ суық мерзімдердің, негізінен бұдан бұрынғы 70 000-50 000 және 24 000-11 000 жылдар шамасында екі мәрте қайталанғанын айтады. Геологиялық зерттеулерге қарағанда, сол дәуірлерде мұздықтардан тепкен ызғардың әсерінен пайда болған қалың тоң белдеулері Карпат, Мұғалжар, Ұлытау, Алтай, Байкал ендігіндегі аймақтарға дейін жетіп жатады екен.

Ал екі суық дәуірдің ортасындағы 50 000-24 000 жылдар ауқымында Батыс Сібірге тән болған *Каргин* (Шығыс Еуропада – Орта Валдай) деп аталатын мұзаралық кезеңде күн кәдімгідей жылынып, ежелгі адамдардың өсіп-өнуіне қолайлы жағдай туған климаттық ахуал орнаған еді. Жиырма мың жылдай тұтасып жатқан мұздықтардың еруі салдарынан, өзендер арнасынан асып, ойпаттар суға толып, аумақты көлдер пайда болады. Ылғалдылықтың артуы – ұзаққа созылған суық кезеңдерде әбден жүдеу тартқан даланың қалың шалғынды, орманды өңірлерге айналуына, алдындағы мұздық кезеңде оңтүстікке қарай ығысқан суыққа төзімді жануарлар санының молаюына ықпал жасады. Қазба дәйектеріне қарағанда, сол дәуірлерде Орталық Азияда зіл

---

төңіректегі үстірттерге қарағанда жұмсақтау болып келеді, тундралық шөптесінді аймақ қалпын сақтайды [17, 429-432].

(мамонт), бизон, бұғы, бұлан, қодас, жүндес мүйізтұмсық, жолбарыс, киік, құлан, тарпаң сияқты ірілі-уақты түз тағылары жосып жүріпті.

Күн жылынғаннан кейін мұз бен тоң белдеуінің де ери-ери солтүстікке қарай ығысуынан – аң мен жанға қолайлы соны қоныстар, жаңа кеңістіктер ашылған. Бұрын мал тұяғы тимеген оты мол өрістерге сұғына жайылған суыққа төзімді сүтқоректілермен бірге аңшы-терімші қауымдардың да әр тарапқа қарай ілгерілеп жылжуы, жаңа мекендерді игеруі басталады.

Антропогенездік зерттеулер орта палеолиттің (ж. с. д. 100 000-40 000 ж.) соңғы он жылы мен кейінгі палеолиттің (ж. с. д. 40 000-11 000 ж.) алғашқы жартысына сәйкес келетін осы Каргин мұзаралық кезеңінде Орталық Азия мен оған қапталдас өңірлерде тіршілік кешіп жатқан адам жұрағаттарын – аталған аймақтардың ілкі *homo sapienстері* ретінде таниды. Өйткені оларға тән археологиялық айғақтар – осы Адам Ата мен Хауа Ана ұрпақтарының сол заманға орайлас палеолиттік мәдениет үрдістерін меңгеріп:

- тас құралдар жасаудың жаңа тәсілдерін игергенін;
- аңшылар магиясына табынып, от пен ошақ киесі әйелдердің мәртебесін пір тұтқанын;
- аң терілерінен жылы киімдер тігіп, алыс-алыс қашықтықтарға қаймықпай шыға алғанын;
- сүйектен шағын мүсіншелер, әшекейлер ойып, үңгірлердің қабырғаларына, жартастарға бояулы суреттер сала білгенін;
- бір-бірімен сөз арқылы түсінісетін деңгейге жеткен саналы тіршілік иелері болғанын алға тартады [81, 302-346; 60, 79-88; 82, 68-83; 83; 84; 85, 94; 86; 87, 18-42; 24; 25; 88, 24-25].

Ал палеолиттік жұрттардың өзара болжамды *ілкі ностра* тілдерінде ұғынысқаны, олардың арасында түпкітүрктік үлесі басымдау байқалатын қауымдардың болғандығы – кейінгі жаңа көзқарастағы ДНҚ-генеалогиялық зерттеулер нәтижесінде ғана белгілі болып отыр.

Каргин мұзаралық кезеңінде орнаған жұмсақ климат аясында саны өсіп, өрістерін теріскейге қарай ұзартқан аңдардың ізін қуалай ілгері жылжыған жұрттармен бірге сол *түпкітүрк* сипатты қауымдарының бір бөлігі бұдан 40-35 мың жылдай бұрынғы шамада Берингия аумағына да жетеді. Палеолит заманы адамдарының күллі тіршілігі – қоректік жануарлармен табиғи тығыз жымдастыққа құрылған. *Гомо сапиенстер* жейтін аңнан ажыраса, аштан қырылатынын жақсы білетін. Сол себепті, олар ылғи да көздерінен таса қылмай, сырттай иемденіп, тамақтарын айырып жүретін суыққа төзімді бизон, зіл, бұғы, бұлан, қойбұқа секілді жануарлардың соны өріс іздеген бағыттарынан тысқары қала алмаған еді. Белді бекем буынып, жаңа жерлерге өздеріне көптен таныс қоректік аң үйірлерін өкшелей бірге аттануға мәжбүр болады.

Осы ретте екі құрлықты уақытша жалғастыратын Беринг мойнағының мұхит деңгейі түсіп тұрған оған дейінгі әр дәуірде де сүтқоректілер үшін табиғи миграциялық жол сорабы болғандығын қаперге алған жөн. Палеонтологтардың зерттеулері бойынша, Американың ежелгі фаунасы құрамына енетін 54 жануар түрінің 48-інің түп-тегі Азиядан шыққаны дәлелденген [28, 45]. Мұның өзі осы уақытша мойнақтың ең ежелгі замандар кезінде де жануарлар үшін алыс өрістерге шығандап барар бағыттағы әуелден дағдылы бір өткел болғанын да көрсетеді [84].

Зырян-Висконсин мұз басу дәуіріне қатысты дәйектерге сүйенген археологтар Шығыс Сібір аймағында *Каргин* мұзаралық кезеңінің өзгешелеу байқалғанын айтады. Ол жылымық Орта Валдайға жуықтау Батыс Сібір жақта 50-25 мың жыл бұрынғы шамаларда өткенімен, Солтүстік Шығыс Азия бетінде, сол Каргин жылы кезеңінің өзінде екі мәрте ызғарлы мұз дәуірі өтіпті. Олардың біріншісі – ж. с. д. 43 000-39 000, екіншісі ж. с. д. 33 000-26 000 жылдарға сәйкес келеді. Одан кейін ж. с. д. 22 000-10 000 жылдар аралығында Сібірде аса суық *Сартан* мұз дәуірі орнайды [73, 30-31].

Демек, Берингия маңында мұз басу кезеңдеріне тән мұхит деңгейінің төмен түсуі мен түбектердің қосылу құбылысы да осы

мерзімдерге жуықтап жатары анық. Ғалымдар Америка құрлығындағы *Висконсин* мұз дәуірінің де ерекшеліктері мен кей археологиялық дәйектерді (АҚШ-тың Даллас қаласынан теріскей-батыс жақта жатқан Льюисвилл тұрағының жасы 38 мың жылдан артық) сараптай келе, Аляскаға қарай өтетін құрғақ кеңістік 70-50, 45-40, 33-10 мың жыл бұрынғы аралық дәуірлерде ашылды, демек, адамның Америка құрлығына жетуі де осы кезеңдерде жүзеге асты дегенге ден қояды [89, 23; 28, 45-46; 90, 10-11].

Осы ретте зерттеушілер арасында, адам жұрағаттары Америкаға 40 мың жылдай бұрын емес, Зырян-Висконсиннің кейінгі кезеңі – Сартан мұз басу дәуірі шамасында ғана өтуі мүмкін дейтін пікірлердің де талай уақыт бойы басым боп келгенін айта кеткен ләзім. Ғалымдар мұндай тұжырымдарды Азия мен Америка құрлықтарының қапталдас өңірлерінен табылған археологиялық артефактілердің, негізінен, тек кейінгі Сартан кезеңіне ғана көбірек қатысы барлығымен де түсіндірер еді. Сонымен қатар, бәлкім, оған дейінгі ең ежелгі жәдігерліктер теңіз деңгейі көтерілген кезде су астына қалып қоюы мүмкін дейтін уәждер де айтылып қалатын [86].

Кейінгі жылдардағы генетикалық зерттеулер бұл қилы пікірлі, түйткілді мәселе орайында да орнықты жауаптар ұсына бастады. Бірқатар американдық һәм латынамерикандық ғалымдардың үндіс жұрттарына тән ДНК-генеалогиялық түзілімдерді (аталық – *Q*, навахо үндістерінде басым байқалатын *C3 (C2)* және аналық – *A*, *B*, *C*, *D* және *X* гаплогруппарын) сараптауы нәтижесінде, олардың арғы тектерінің Аляскаға алғаш қоныстануы – 40-30 мың жылдай бұрынғы шамаға сәйкес келетіні дәйектелді [24; 25; 26; 91, 28-31; 36, 39; 17, 386-481]. Яки, генетикалық айғақтар да теңіз деңгейінің төмендеуіне қатысты археологтар пайымдаған шамаға дөп үйлесіп, 40 мың жылдай бұрын-ақ ілкі ностра тілдерінде ұғынысқан қауымдардың алғашқы толқындарының Берингия арқылы Америкаға өте бастағаны даусыз нақтыланған еді.

\* \* \*

*Гомо сарпиенстердің* Азияның оңтүстігінен басталып, Америкаға дейінгі аралықты қамтыған 30-40 мың жылдай ұзақ

уақытқа созылған үздіксіз лықсып жылжуы, жаңа қоныстарды игеруі барысында *түп тілдің* көп өзгеріске ұшырап, әлденеше тармақтарға бөлініп, бір-бірінен алыстай беретін диалектілерге айналатыны да заңды құбылыс. Дегенмен әуелгі жақындықтың сілемдері со бойы жоғалып кете қоймайды. Содан бері әрісі 45-40 мың, берісі 28-10 мың жыл өтсе де үндіс жұрттарында түпкітүрк сипатты дәуірлерден қалған ұқсас сөздердің әлі де өмір сүріп отырғанына қарағанда [46], сол замандардағы ілкі ностра тілді қауымдардың бір-бірімен ұғынысулары аса қиынға түспеген сыңайлы. Әрі мұны, бір жағынан, сол бастапқы ортақ тіл ауқымында түпкітүрк сөздері басымдау ұшырасатынын байқатар салмақты айғаққа балағанымыз мақұл.

Қайткен күнде де Оңтүстік Батыс Азия мен Берингияға дейінгі аралықты бұдан 50-30 мың жылдай бұрынғы шамаларда іркестіркес жайлаған *есті адамдар* бір-біріне соншама бөтен де емес-тін. Олар әуелден ілік-шатыстығы бар туыс тектерден тараған, тамыры ортақ түпностра тілдерінің әлі де бір-бірінен көп жырақтай қоймаған диалектілерінде түсініскен жұрттар еді деуге келеді.

Бұл дәуірлердің дені орта палеолиттің соңы мен кейінгі палеолиттің алғашқы жартысын қамтитын *Каргин* (Орта Валдай) мұзаралық кезеңіне (50-24 мың жыл бұрын) сәйкесетінін, оның Орталық және ішкіазиялық кеңістіктерде мал мен жанның өмір сүруіне қолайлы жағдайлар орнаған мыңжылдықтар болғанын әлгінде айттық. Соған дейін жиырма мың жылдай Зырян мұз дәуірінің құрсауында жатқан Орталық Азияның теріскей өңірлері Каргин жылы кезеңі туғаннан кейін мұзы мен тоңынан айырылған құнарлы топырақты кеңістіктерде жаңа аң өрістері ашылды. Талай мың жылғы мұз ызғарынан жүдеу тартып тұрған аймақтар жасыл тоғайлы, көгорай шалғынды өлкелерге айналды. Бұрын тұяқ тимеген мекендерге қоректік жануарлармен бірге Адам Ата – Хауа Ана ұрпақтары да жаппай аяқ басты.

Ол аңшы-терімші қауымдардың үзік-үзік толқындарының бір шеті Аляскаға дейін өріс ұзартқанымен, бірсыпыра бөліктері жолшыбай тіршілікке оңтайлы аймақтарда топ-топ болып қоныс

теуіп қалған еді. Археологтар әлгінде тілге тиек болған Памир мен Тәңіртаудың батыс беттеріндегі – Обирахмат, Құлбұлақ, Қожакент, Худжи, Самарқанд; Таулы Алтайдағы – Қарабом, Усть-Кан, Денисов, Окладников, сондай-ақ Оңтүстік Қазақстандағы – Ащысай; Орталық Қазақстандағы – Хантау, Тораңғы, Батпак; Үстірттегі – Есен; Ертіс бойындағы – Қанай, Шұлбі; Ангара алабындағы – әйгілі Мальта, Бурет; Ленаның бас жағындағы – Макарово; Байкалдың шығысындағы – Варвара тауы сияқты тұрақтардағы тас құрал үлгілерін, фауналық қалдықтарды, тұрмыс-салт сілемдерін, қолөнер туындыларын сараптай келе, олардың Каргин мұзаралық кезеңінде ғұмыр кешкен есті адам қауымдарының қоныстары деп таниды [76; 77; 78; 81, 136, 147, 302-334; 92; 93, 12-21; 61, 79-81].

Осы орайда әйгілі археолог А. П. Окладниковтың өз кезінде Заравшан алабындағы Самарқанд тұрағынан табылған тас құралдар кешені түзілімдерін Мальта-Буреттегі сол тектес жәдігерліктермен тым ұқсас деп тапқан ұйғарымының – кейінгі археологиялық, генетикалық жетістіктер нәтижесімен де үйлесіп жатқаны назар аудартады. Окладников өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында бұл жақындықты «Шығыс және Батыс Сібірдің палеолиттік тұрғындарының Орта Азия, сондай-ақ одан да әрі жатқан азиялық өңірлер тұрғындарымен тығыз мәдени, яғни этникалық байланыстарын көрсететін» айқын ишаралары ретінде тұжырымдаған болатын [94, 144-157; 95, 308, 333]). Кезінде ғалымдар арасында сәл күдік білдіріле қабылданған бұл пікірдің бүгінгі күні түпкітүрктік тіл салмағы басымдау палеолиттік қауымдардың Орталық Азияның теріскей-шығысына қарай толқын-толқын боп жылжыған бағыттарымен дөп шығып жатқанын байқау қиын емес.





Мальта тұрағынан табылған  
әйел мүсіншелері.

Ұшып бара жатқан  
күс бейнелері.



Ал геологиялық жасы – иондық тәсіл бойынша 24 мың ж. б. мерзімге (радикөміртектік әдіс бойынша 15 мың ж. б.) шамаланатын *Мальта мен Бурет тұрақтары* – соңғы палеолиттің әлемдік деңгейдегі ең айшықты мәдениеттері қатарына жатады. Ангара бойында қатар орналасқан (арасы 7-8 шақырым ғана) бұл қоныстар тұрғындары қабырғасы зіл (мамонт), мүйізтұмсық сүйектерінен немесе жалпақ әктастардан қаланып, төбесі терілермен жабылған, дәл ортасында тас ошақ орналасқан дөңгелек жеркепелерде мекендепті. Зілдің азу тістерінен тамаша мүсіншелер жоныпты. Екі тұрақ орнынан табылған 40-қа жуық шағын мүсіншелердің көбі киімді әйел кейіптерін бейнелейді. Араларында бет пішіндері анық ойылғандары да бар. Сүйек мүсіншелер арасынан Еуразияның палеолиттік өнерінде сирек кездесетін құс бейнелерін де көруге болады. Олардың дені ұшып бара жатқан су құстарын сипаттайды. Мүсіншелерді әдетте аяқ жағынан тесіп, мойынға тағуға немесе киімге тігуге пайдаланған. Сүйектерден инелер, түйрегіштер, біздер, түймелер, алқалар, моншақтар мен түрлі-түсті әшекейлер жасалған.

Мальта тұрағының тағы бір айтулы ерекшелігі – онда сол замандарға тән жерлеу жораларын айқын аңғартатын, Сібірдегі соңғы палеолиттік дәуірдегі жалғыз қабірдің табылуы еді. Қабірдің беті әбден тегістеліп, жер боп кеткен. Оның сопақтап қазған шұңқырының шығысы мен батыс жағына екі тақта тас тігінен, бір-біріне қарай сәл иіле орнатылыпты. Тағы бір тақта тас олардан 73 см. төмендікте көлденеңінен жатыр. Үстінде зілдің (мамонтың) үлкен тісі. Сол тастың астындағы қуысқа төрт жасар баланың мүрдесі шалқасынан, басы солтүстік-батысқа қаратыла, екі қолы жанына жіберіліп, тізесі сәл бүге жайғастырылған. *Сүйегіне қызыл жоса құйылған.*

Ғылымда «Мальта бөбегі» деген атауға ие болған сәби мүрдесінің бас жағында зілдің азу тісінен ойылған дөңгелек диадема-тәж, мойын тұсында сүйектен жасалған 120 моншағы және әдемі өрнектері бар алқа жатыпты. Кеудесінде ұшып бара жатқан құсты бейнелеген жұқа мүсінше. Бел тұсында бетіне ирек сызық (*от тәңірісі – жылан бейнесі*) бедерленген ортасы тесік

дөңгелек алқа. Оң қолының қарына зіл сүйегінен ойылған білезік кигізіліпті. Жанында шақпақтастан жасалған пышақ тектес бұйым, аяқ жағында шағын тас құралдар жайғасыпты [95, 315, 328-333; 96, 38-53].

Мальта қабірінен табылған ғұрыптық ишаралар сол дәуірлердің өзінде өлгендерді қадірлеу культі, олардың жаны басқа дүниеге ұшып кетеді (мүрденің жанындағы құс бейнелері), ол жақта да адам жердегідей өмір сүреді, аң аулайды, баспана салады, сүйек пен тастан қару-жарақ жасайды, дейтін сенімдердің болғандығын паш етеді. Сондықтан о дүниеде денеден тіршілік нәрі, қан ағыны үзілмесін деген ниетпен – мүрделерге қан түстес *қызыл жоса* себіледі. Сонымен бірге ежелгі адамдардың санасында қызыл түс отты да білдірді және күнмен қатар оттың құдіретті күші, зұлым рухтардан қорғайтын қасиеті бар деп есептелді.

Жерлеу жорасына қатысты бұл жайттардың бәрін тәптіштеп жатуымыздың да өз жөні бар. Өйткені алдағы тараулардағы арғытүрк сипатты археологиялық мәдениеттерге орай әңгіме қозғалғанда, олардың кей үрдістері мен наным-сенімдерінде сол 25-16 мың жылдай бұрынғы Мальта-Бурет дәстүріне ұқсаңқырап жататын жерлеу ғұрпы мысалдарына да ұшырастыратын боламыз.

«Мальта бөбегінің» бас сүйегі қатты бүлінгендіктен, ғалымдар оның антропологиялық тұрпатын анықтай алмады. Алайда сүйектен жасалған әйел мүсіншелеріндегі бет-пішіндердің сипатталуына қарап, Мальта мен Буретте моңғол тұрпаттылық нышандары бар қауымдар мекендеген сыңайлы деген болжамдар да орныққан [95, 329]. Түпкітүркітерге туыстығы анық ежелгі үндістердің рең-бастарында да моңғол тұрпаттылық сілемдер ұшырасатынын қаперге алсақ, бұл пікірлердің де ақиқаттан алыс кете қоймайтыны бағамдалады.

Осы ретте кейінгі ДНҚ-генеалогиялық зерттеулер тарапынан Мальта-Бурет мәдениетінің негізін салушылардың түпкітүркітерге тән зәуазат топтарына қатыстылығы негізделіп отырғанын еске түсірсек те болады. Ол мәдениеттер жоғарыда тілге тиек етілген аталық *P* гаплотобынан – түпкіүндістік, түпкітүрктік *Q*-мен бірге «ағалы-інілі» боп бөлінген «еуразиялық нәсілді» *R* бұтағынан

өрген қауымдарға да телінеді. Осы гаплогрупптан 20 мың жылдай бұрын арғыеуразиялық *R1a*, *R1b* зәуаттары тармақталады. *R1a* түзілімді қауымдар кейіннен түпкіүндіеуропалық тілде, *R1b* топтары *түпкітүркітік* тілде сөйлеген жұрттардың ізашарларына айналды [74, 1759]. Мальта-Бурет тұрақтары да осы арғыеуразиялық *R*, сондай-ақ *Q* гаплогруппынан тараған ұрпақтарға етене [18, 135], түркітік-алтайлық нышандары (еуразиялық және моңғол тұрпаттылығы) қылаң берген [95, 329] төл мәдениет түзілімдері қатарына енеді.


#### **4. СОҢҒЫ МҰЗ ДӘУІРІНДЕГІ ЭТНОТЕКТІК ЖӨҢКІЛІСТЕР: ТҮПКІТҮРК СИПАТТЫ ГАПЛОТОПТАРДЫҢ ҰЙЫСУЫ**

Каргин мұзаралық кезеңінде ежелгі адамдардың жан-жаққа таралуына қолайлы жағдай орнаған жұмсақ климат ж. с. д. 22 мың жыл бұрынғы шамаларға дейін созылды. Одан кейін Сібірде Зырян мұз дәуірінің соңғы ызғарлы мыңжылдықтары ретінде танылатын *Сартан* дәуірі (ж. с. д. 22000-10000) басталды. Әдетте, суық қысқан замандарға тән ерекшелік – қиыр теріскейде мұздықтардың ерімеуі салдарынан булану азайып, ылғалдылық кеміп, далалық өңірлерде өзендер мен көлдердің суы төмендейді, өріс қуанданады, құрғақшылық туындайды.

Алайда Орталық Азия аймағы үшін *Сартан* дәуірі қосымша алапат қиындықтарды да ала келген. Сірескен суықтың салдарынан Сібірдің ірі өзендерінің Солтүстік мұхитқа құяр салалары биіктігі 30-40 метрлік мұз жоталарымен бітеліп қалады. Соған байланысты, жойқын судың ілгері өте алмай, кейін қарай лықсуы салдарынан Енисей мен Оралтау аралығын түгел көмкерген зор Батыс Сібір теңізі пайда болады. Оған да сыймаған су Торғай иіні арқылы Тұран ойпатына ақтарылып, Каспий мен Арал теңіздері ұшы-қиырсыз Тұран мұхитының астында қалады [97, 1496-1497; 98]. Сол замандарда Каспий суының бұлай ерекше көтерілуі ертехвалын трансгрессиясы (тасуы) деген атпен таңбаланады. Ж. с. д. 21-15 мың жыл аралығын қамтыған бұл

трансгрессия кезінде оның жағалауы бүгінгі Волгоград пен Орал қалаларынан едәуір теріскей тұстарға дейін жайылды. Тұран мұхитының шығыс жағы – Ұлытау, Қаратауға дейін тірелсе, оңтүстік-шығысы – бүгінгі Бұхара, Мары шәһарлары маңына дейін жетіп жатты [99; 100, 221; 101].

Сол суық бұған замандарға дейін Орталық Азияны жайлаған палеолиттік жұрттарды генеалогиялық зерттеулердің *арғыеуразиялық, түпкітүрктік, түпкіалтайлық* тілдердің бастауында тұрған аталық *R1a, R1b, N, C3 (C2), Q* гаплогруппты жұрттар ретінде танытынын бұған дейін де қаперге салдық. Осы аумақтың солтүстік бетіндегі қазіргі қазақ жерінің батысынан Алтай-Саянға дейін мекен етіп жатқан осы қауымдарға Сартан заманындағы сұрапыл аяз бен төтеннен басқан мұзды топан судан күнгей аймақтарға қашып құтылғаннан басқа амал да қалмаған еді. Олардың Жайық, Мұғалжар атыраптарынан дер кезінде қозғалып үлгергендері – Үстірт арқылы Қарақұмның оңтүстігіне, Көпетдағ (Көптау) баурайларына; солтүстік пен шығыс жақтан ыққандары – Сарыарқа төсі, Тарбағатай белдері арқылы климаты жұмсақтау Іле алабына, Жетісуға, Шығыс Түркістан мен Ордосқа; күнгейге беттегендері Сырдария, Зеравшан мен Әмудария өзендерінің бас сағаларындағы жазықтарға, Тәңіртау, Памир тауларының етегіне жақын тұстардағы ықтасынды қойнауларға ілігеді.



Батыс Сібір теңізі мен Тұран мұхиты

Сол аймақтарды көп мыңжылдықтар бойы тұрақ еткен, өздерімен ежелгі тектері ортақ жұрттардың арасына жетіп жан сақтайды. Әлбетте мұндайда жер үшін, қоныс үшін талай таластар мен шайқастардың жүргені де анық. Әрі ол ызғарлы дәуірлерде бұл таулардың күнгей бетіндегі Иран жәзираларына қарай өтетін жол да жабылып қалған болатын. Зәрлі суық Түрікмен-Қорасан, Хиндукуш тау жүйелерін де баурайына дейін мұз құрсантып, алынбас асуларға айналдырып тастаған-ды. Зерттеу қорытындылары сол замандарда Тұран өңірінің өзінде ауа райы қазіргіге қарағанда, 10-14 градус салқын болғанын айтады [102; 103]. Яғни, азиялық Сартан мұз дәуірі кезінде оңтүстікке ойысқан адамдардың өмір сүру жағдайы да аса қолайлығымен байқала қоймаған. Шарасыздан жан-жағы бітеулі тұйық аумаққа қамалуға мәжбүр болғанымен де негізінен *R1b*, сондай-ақ бірсыпыра *Q*, *R1a*, *C3 (C2)*, *N*, *O* зәузаттылар осы күнгей өңірлерде әлденеше мыңжылдықтар бойы ұрпақтан-ұрпаққа ұласқан тырбанысты тіршіліктерін әрі қарай жалғауға мүмкіндік алды [99].

Гарвардтың (Массачусетс, АҚШ) биохимия профессоры А. Клесовтың дәлелдеуінше, мұз дәуірінде Орталық Азияның теріскейінен, Сібірдің оңтүстігінен күнгейге қарай ойысқан қауымдар арасындағы *R1a* гаплотопты жұрттардың басым бөлігінің көші-қон үдерістері Шығыс Түркістан жері арқылы да өткен. Сол өңірлерде біраз мың жылдай аялдаған олардың қомақты тобы, суықтың зәрі сынған соң, одан әрі Тибет, Гималайды айнала жылжып Үндістан түбегіне дейін жетеді. Осы аумақта олардан бөлінген тағы бірер тармақ біртін-біртін сырғи отырып 13-12 мың жылдай бұрын Иран үстіртіне аяқ іліктіреді. Сол өңірден де ол қауымдардың жаңа қоныстарды игеруге ұмтылған алғы лектері 12-11 мың жылдай бұрын Анадолы түбегіне қарай қадам басады. Ақырында олардың әрі қарай тармақталған бірер толқыны Босфор мойнағы арқылы Еуропаға (Балқан түбегіне) қарай өздерімен бірге *түпкіүндіеуропалық* тіл сипаттарын алып өтеді [18, 529-536, 649-650; 104; 105].

Кейінгі генеалогиялық ғылыми зерттеулер сол *R1a* гаплотопты жұрттардың ежелгі тектерінің әуелгі орталықазиялық

атажұрттарында да тікелей ұрпақтары қалғанына, ол автохтон қауымдардың осы күнге дейін Алтай, Саянда, оның оңтүстігі, Жетісу мен Шығыс Түркістан, Ордос жәзираларында өмір сүріп отырғанына қатысты айқын дәйектерді тапты. Сонау палеолиттік замандарда бұл зәузаттылардың Үндістан түбегі, Иран, Анадолы арқылы Еуропа асқан үздік-создық көші-қон үдерісіне ілеспеген біраз бөлігі, Алтай мен Саян тауларының қойнауларында, Қара Ертіс алабы, Тарым<sup>8</sup> ойпаты мен Сарыөзен (Хуанхы) аралығын қоныс етіп, Алтынтау мен Күнгейтаудың (Наньшань) жанға пана ықтасынды баурайларын, түз оты мол Ордос үстіртін тұрақты мекен етіп мызғымай қалып қойған еді.

Бұл соны мәлімет қытай ғалымдарының 2010 жылдың сәуірінде жариялаған зерттеулері нәтижесінде мәлім болды. Қытайдың аталмыш солтүстік-батыс аймақтарын (ежелгі түрк жұрттарының бір атамекені) қоныс еткен 14 этникалық топ өкілдерінен тұратын 503 адамның гаплотиптерін сараптаған кезде, олардың 117-сі, яки 23 пайызының ДНҚ-генеологтар арасында «үндіеуропалық» тектің басы ретінде аталып жүрген *R1a1* зәузаттылар екені нақтыланды. Және олардың дені 12 этностан тұратын алтайлық жұрттарға: түрк тілді – *сарыұйғыр, ұйғыр, салыр, қырғыз, қазақ, өзбек, татар*; моңғол тілді – *ту, баоан, моңғол, дунсян*; мәнжу тілді – *сібе* этностарына тән болып шықты. Әрі қарайғы сараптау барысында сол гаплотиптердің бірсыпырасының Иран, Анадолы арқылы 12-11 мың жылдай бұрын Еуропаға бет алып, сол құрлыққа болашақта «үндіеуропалық» деп таңбаланар тілді алып өткен *R1a1* қауымдарында ұшырыспайтын тектік түзілімге ие екені анықталды. Шығыс Түркістан мен оған қапталдас аймақтарды мекендейтін осы этностардың кей өкілдерінің бойынан *R1a1* зәузатының ең ежелгі базалық гаплотипі - *13 19 15 11 X X X 12 X 15 14 31* түрі табылды. Ал генеологиялық зерттеулерде «үндіеуропалық» деп аталатын, Балқан түбегінде алты-жеті мың жылдай тұрақтағаннан кейін жан-жаққа тарап, ж.

---

<sup>8</sup> Көп тармақты Тарым дариясының атауы түркше – *тармақ, тарам* мағынасын білдіреді.

с. д. 2500 жылдар шамасында Шығыс Еуропа жазығына *арилер* атымен іліккен, одан Орталық Азияның батыс шегіне ж. с. д. 2000 жылдардың басында жеткен, сол аймақты 500 жылдай қоныс етіп, ж. с. д. 1500-1300 жылдары Үндістан, Иран жеріне өткен батыстық *R1a1* жұрттарының базалық гаплотипі – *13 25 16 11 11 14 12 12 10 13 11 30* түріне жатады екен [104; 203]. Яки, екі гаплотиптің түзілімі екі бөлек.

Осы ақиқаттың өзі де әйтеуір *R1a* гаплотобынан тараса, ол зәуаттының бәрін үндіеуропалық, арилік қауым деп атауға келмейтінін алға тартады. Сол себепті де кейінгі кезде ДНҚ-генеологияда Еуропаны айналып Қазақ жері арқылы үндіиран аймағын оралған *R1a1* ұрпақтарын: **батыстық** – «үндіеуропалық» немесе «*арилік*» гаплотиптер; ал Орталық Азия, Алтай-Саян мен Шығыс Түркістан өңірлерінде ең ежелгі сілемдері қалған *R1a1* зәуаттарын: **шығыстық** – «үндіеуропалық емес», «*алтайлық автохтон*» гаплотиптер деп жіктеу жүйеленген [18, 529-538; 104; 203]. Бұл орайда шығыстық гаплотиптердің негізінен қазіргі алтайлық (көпшілігі түрк тілді) жұрттардың бойынан табылғанын да назарға алмасқа болмайды.

Мұны ең соңғы зерттеулер одан әрі қуаттайды. 2012 жылы жарық көрген маңызды еңбектердің бірі – Пенсильвания университеті (АҚШ), Ресей ғылым академиясы Сібір бөлімшесінің Цитология мен генетика институты және Қазақстанның Жалпы генетика мен цитология институтының ғалымдары ағылшын тілінде бірлесе дайындаған «МтДНҚ мен Y хромосома нұсқалары амерүндістер мен автохтон алтайлықтардың ата-тектері бір екенін дәлелдейді» атты ғылыми жарияланымы [207]. Онда Алтайда тұратын түркітілді ұсақ жұрттар: *алтай, шор, күкіші, қуманды, тыба, телес, телеуттерді* аталық және аналық гаплотиптер бойынша сараптаудан өткізгенде, тестілеуден өткен ер адамдардың 40 пайызына аталық *R1a*, 18 пайызына *Q*, 13 пайызына *C*, *C3 (C2)*, 12 пайызына *N*, үш пайызына *R1b* гаплотиптері тән болып шыққаны айтылады. Әрі олардың басым бөлігі «арилік» емес, «алтайлық автохтондарға» жатады екен. Ал аналық мтДНҚ зәуаттары бойынша зерттегенде, барлықтарына да



«шығысеуразиялық» *A, C, D, G* гаплотоптары тән екендігі, әсіресе аналық *C* тармағының мол ұшырасатыны анықталған. Әуелде «еуразиялық нәсілді» болған *R, Q* гаплотоптары ұрпақтарының моңғолоидтық кейіпке айналуының басты себебі де, дәл осы «шығыстық» мтДНК (аналық) зәузаттарынан ауысатын тектік түзіліммен тікелей байланысты екені дәйектеледі [207, 1517-1524].

Осы орайдан алғанда, ежелгі «алтайлық автохтон» гаплотипті *R1a* жұрттарының бүгінгі күні де негізінен түрк тілді болып отырғанына қарап, орталықазиялық төл гаплотоптардың қатарына жататын еуразиялық тұрпатты *R* зәузатынан тараған *R1b* ғана емес, оның туысы *R1a* гаплотипті жұрттардың біразын да әу баста түпкіүндіеуропалық тілмен қатар түпкітүрк тілінде ұғынысқан қауымдар ретінде санаудың жөні туындайды. Әрине бұл ретте АҚШ профессоры А. Клесовтың: «*R1a1 жұрттары Еуропаға жеткеннен кейін ғана үндіеуропалық, арилік тілдердің бастапқы негізін қалады (немесе өзгелерден қабылдап алды), ал олардың Оңтүстік Сібір өңіріндегі түпкі тілдері алтайлық негізде еді*» [104, 935], деген пайымдауын да жоққа шығаруға болмайды. Яки, *R1a1* қауымдарының Гималай, Үндістанды айналып 13-12 мың жылдай бұрын Иранға іліккен, одан әрі қарай Еуропаға беттеген бөліктері, әуелден ілкі үндіеуропа тілінде бейімдеу қауымдар болуы мүмкін. Олар сол тілдерін, өздері жолшыбай басып өткен өңірлерді бұрыннан мекен етіп отырған ең байырғы этнотектік туыстары, *I* және *J* гаплотопты еуроид жұрттардың диалектілерімен байыту арқылы, Балқанға ари тілінің түпкі нұсқаларын алып өтуі ықтимал.

*R1a* қауымдарының түпкітүркілік сипаттары болғанын да дәйектейтін жоғарыдағы алтайлық, шығыстүркістандық мысалдарға қайта оралсақ, бұдан 20-7 мың жылдай бұрынғы ең ежелгі гаплотиптерді бойында сақтап қалған сол ежелгі автохтон сілемдердің қатарынан, біз басқа да байырғы орталықазиялық, арғыалтайлық зәузаттардың ұшырасқанына назар аударар едік. Мәселен, қытай ғалымдары тарапынан гаплотиптері тестіленген 503 адамның 73-іне (14 пайыз) арғыалтайлық *C* гаплотобы тән болса, 45 адам, жоғарыда айтылғандай, әуелгі белгілері 55-40 мың

жыл бұрын Тұран аймағында түзілген *NOP* құрама гаплотобынан тарап, Азияның оңтүстік-шығысына ауысқан *O3* зәуаттылар болып шыққан [104, 939]. Ал Алтайда тексеруден өткен түркітіді 189 адамның 24-і – *C*, 22-сі – *N*, алтауы ғана – *D* гаплотобына жатады [207, 1519-1520].

Зерттеулер нәтижесі біздің тақырыбымызға орайласатын түпкітүркіткік *R1b* гаплотобының Шығыс Түркістан бетінде сирек ұшырасқанын да алға тартады. 503 тексерілушінің арасында – 10 адам ғана. Әрі оның бесеуі түрк текті *салыр* жұртына тиесілі екен. Гәнсу уәлаятын мекендейтін *салырларда R1a1* да бірталай мөлшерде (тестіленген 35 адамның 14-і) кездесті, әрі оның бесеуі осы зәуаттың ең ежелгі гаплотипі ретінде танылды. Осы мысалдардың өзі де *R* гаплотобынан тараған қауымдардың әуелден түпкітүркіткік текке жақын жұрағат екендігін пайымдатады дәйекке сайса керек. Сондай-ақ бұл айғақтардың *R1b* мен «шығыстық автохтон» *R1a*, алтай-оралдық *N*, *O* гаплотопты қауымдардың бастапқыда таралған аймағы – Батыс Орталық Азия, «шығыстық» *R1a*-ның бір бөлігі мен жалпыалтайлық *C*, *Q* жұрттарының мекені – Шығыс Орталық Азия болған еді, деп бағамдалатын байыптауларға да үйлесетіндігін қаперге сала кеткіміз келеді. Осы қисынды аталған гаплотоптардың басым бөлігінің Сартан мұз дәуірінде Орталық Азияның күнгей жартысында аналық *C*, *B*, *D*, *Z*, *F* гаплотоптармен бірге тырбанысты ғұмыр кешкен этнотектік-археологиялық ишаралары да жоққа шығармайды.

\* \* \*

Енді аталған мұз дәуірінде жойқын Тұран теңізінің шығысы мен оңтүстік беттерін алып жатқан тұйық аумақта әлденеше мың жыл қоныстанған түпкітүркіткік сипатты *R1b* (араларында шамалы «шығыстық» *R1a*, *Q*, *C*, *N*, *O* қауымдары да ұшырасады) жұрттары тіршілігінің қалай өткенін пайымдап көрелік. Археологиялық деректер бұл жұрттармен бірге сол күнгей аймақтарға топан су мен теріскейдің жойқын ызғарынан қаймығып, түз тіршілігіне бейім киік, жылқы, құлан, дала қойы секілді жануарлар да ауып

келгенін айтады. Соған дейін солтүстікте олармен аралас-құралас жайылып жүрген суыққа төзімді зіл, жүндес мүйізтұмсық, бизон, бұғы, қойбұқа, бұлан секілді аңдардың да бірқатары оңтүстікке қарай ыққанымен, басым бөлігінің Орталық Азияның мұз белдеуіне жақын Алтай, Саян аймақтарына тән тундралық шөптесінді өрістерден табан аудармай қалып қойғаны да белгілі [97, 1490-1496]. Климат қанша ызғарлы болса да, біраз адам қауымдары жіпке байланғандай, сол қоректік жануарлардан айырылса, аштыққа ұшырайтынын біліп, олардың маңынан айналсоқтап шыға алмас еді. Яки, бұған дейін от жағу, баспана тұрғызу, қымтанып жылы киіну дағдыларын меңгеріп алған есті адам жұрағаттарының кейбір топтары суық күнмен арпалыса жүріп, жанбағыс тіршіліктерін сол теріскей өңірлердің өзінде ақырындап ұластыра бергенді жөн көреді. Олар аң үйірлерінің соңынан ілесе, мұз қалың көмкермеген Лена, Ангара үстірттері, Становой жотасы, суы төмендеп кеткен Тынық мұхит жағалаулары арқылы Америка асып жататын үздік-создық сапарларын Сартан мұз дәуірінде де үзбестен, оқта-текте жалғастырып тұрады [17, 353-358].

Алайда 10 мың жылдай уақытқа созылған осы зәрлі суықтың ақыры, шөптесін өсімдіктермен, бұталармен қоректенетін зілдердің түбіне де жеткен көрінеді. Бұл ірі жануарлардың ақырғы палеолиттің соңына қарай құрып кетуіне қатысты бірнеше себептер айтылады. Олардың бірінде: **зілдер аса қатты суықтан ұшып өлді делінсе, келесілерінде: қимыл-қозғалысы икемсіз аңдар адамдардың аңшылық әрекеттерінің тым күшейіп кетуінен зардап шекті; ұзақ мұз дәуірінің ызғарынан туындаған жайылым тапшылығына ұрынды; жердің магнит өрісі өзгеруінің әсерінен жойылды**, деген болжамдар ортаға тартылады. Қайткен күнде де олардың тіршіліктерінің жалғаспауына, климат пен айнала ортаға қатысы бар әйтеуір бір дүмпулі өзгерістің себепкер болғаны анық [84, 133-135; 106, *Мамонтовая фауна*]. Қимылы икемсіз ірі аңдардың азайып кетуі оларды қорек ететін адам қауымдарының басына да аш қалу апатын көлденең тартқан. Бұл жайттың өзі, бір жағынан, содан

былай қозғалысы жылдам жануарларды аулаудың жаңа тәсілдерін игермесе, екі аяқтылардың күрмеуі шешілмес дағдарысты ахуалдан құтылудың қиын екендігін пайымдатқан елеулі тіршілік сынағы да болған еді.


Ал Орталық Азияның оңтүстігі мен күнгеі аймақтарына ұйысқан жұрттар сол замандардың өзінде жүйрік түз тағыларын ұстауға арналған ондай әдіс-амалдарды жетілдіру сатыларын бастан өткеріп, ұштарына үшкір тастар мен өткір сүйектерді бекіткен қолға оңтайлы келте найзалар жасауды меңгеріп те қойған-ды. Қаумалап аулау, аң-құс өрістеріне тұзақ қою, суат басында анду секілді әдістер, балықшылық дағдылар игеріліп, садақ тектес алыстан ататын қарулар да дүниеге келе бастаған еді.

Бұл осындай ұмтылыстардың арқасында Тұран аумағындағы біртін-біртін өндіруші шаруашылықтың алғашқы белгілерінің нышан беруі де болатын. Адам қауымдары тіршілік үшін аса қиындық туғызатын қыс маусымына қамдану, қажетті тамақ қорын жасау амалдарын ойлап табудың қажет екендігін түсінді. Түз жануарларын қаумалай қуып, аузы қысаң тұйық шатқалдар мен жыраларға қамауды, оларды біртіндеп сол қоршаулардан қажеттерінше ғана пайдаланып тұру машықтарын үйрене бастады. Ғалымдар арасында Каспий-Арал ортасындағы Үстірт жонынан табылған айналасы таспен қоршалған өте ежелгі қаумалау орындары да сол замандардан жеткен сілемдердің ізі болуы мүмкін дейтін жорамалдар бар [99].

Жануарларды осы тектес жан-жағы тұйық мекендерде қамап ұстау тәсілі сол қоршаулардың маңайында бір-біріне жақын, ағайындас қауымдардың қоныстану үдерісін қалыптастыруға алып келді. Мұндайда жануарлар аш қалмас үшін оларға шөп беріп тұру қажеттігі де алға тартылары анық. Жұлып әкелген шөптермен қоректендіру барысында жабайы қой-ешкілердің үркектігі азая түсетіні байқалған. Осылай-осылай жануарларды қолға үйретуге болатынына көз жеткізілген. Аңдарды қаумалап қоршауларға қамау секілді, көп адам күшін керек ететін әдістер, кейінгі палеолиттің соңына қарай біртін-біртін жануарларды қолға бағып көбейту тәсілдеріне алмасты. Сөйтіп, Орталық Азияның кіндігі Тұран ойпатының (теңізінің) алып шара секілді аумағын айнала жайлаған автохтон жұрттар мұз дәуірі кезіндегі тіршілік үшін

арпалыс барысында, әлемде алғашқылардың бірі болып, өндіруші мал шаруашылығының ілкі талпыныстарын жасады.

Сартан мұз дәуірі суығының зәрі 13 мың жыл бұрынғы шамада ғана сына бастайды. Соған байланысты Орталық Азия мен оған іргелес өңірлердегі палеоклиматтық жағдайлар да аумалы-төкпелі өзгерістерге ұшырайды. Мұз басу кезеңіндегі *Хвалын трансгрессиясы* ауқымында маңайының бәрін көмкеріп, Тұран теңізіне ұласқан Каспийдің көлемі 11 300 жыл бұрынғы мерзімнен бастап күрт азаю құбылысын (*Бекдаш регрессиясы*) бастан кешеді. Ғалымдар мұны мол сулы Еділ дариясының бас жағындағы алаптардың талай мыңжылдықтар бойы зілбатпан мұз таулары астында жаншылуына байланысты ойыс түсуіне, сол себепті де өзен сағасы мен Еділге сол аумақтарда құятын салалардың өз бағыттарын негізінен солтүстік теңіздерге қарай бұрып кеткендігіне қатысты ахуалмен түсіндіреді [99]. Бұл кезеңдерде Сібір жақтағы Обь пен Енисейдің төменгі салаларындағы мұз таулары еріп, ол өзендердің бұрынғысынша Мұзды мұхитқа құя бастауы қайта жалғасқасын, Тұран ойпатына су түсуі де тоқтаған еді. Ақыры Каспий сол азаю барысында 10 500-9 700 ж. б. аралықта тағы бір рет көтерілгенімен (*Сартас трансгрессиясы*), одан кейінгі мың жарым жыл шамасында күрт құлдылап, мұхит деңгейінен 75 метрге дейін төмендеп кетіпті (*Маңғыстау регрессиясы*).



**Каспий теңізінің әр дәуірлердегі трансгрессия (тасу) мен регрессия (қайту) кезеңдерінің сызбасы:**

I – ерте махачқалалық; II – шихов; III – кейінгі махачқалалық; IV – бекдаш;

V – сартас; VI – құлалы (маңғыстаулық); VII – дағыстан; VIII – жыланды;

IX – гоусан; X – избербаш (махачқала); XI – тұралы; XII – александрбай;

XIII – улушай; XIV – абескун; XV – кейінгі; XVI – қазіргі.

(Схеманың төменгі жағындағы сандар мыңжылдықтарды көрсетеді).

Тұран теңізі тартылып, суықтың беті қайтуы оның төңірегіндегі талай мың жыл бойы жүдеу тартқан өңірлерге жаңа тіршілік лебін әкелді. Табиғаттың сол оянуымен бірге бұған дейін негізінен Орталық Азияның өмір сүруге қолайлы жұмсақ климатты қойнауларында ғана бұйығы күн кешіп жатқан есті адам қауымдарының әр тарапқа қарай қайтадан серпілу үдерістері басталды.

Бұл замандарда – орта палеолиттің соңғы жағынан бермен қарай, Батыс Орталық Азияның оңтүстік бетіндегі өңірлерден бастап, Байкөл мен Ордосқа дейінгі алып аумаққа қанатын жайған *түпкітүрк* сипатты және *арғы алтай-орал* тілдерінде ұғынысқан *R1b*, «шығыстық» *R1a*, *C3 (C2)*, *N*, *O*, *Q* аталық гаплотопты жұрттар, енді сол макротілдердің әрі қарай жеке-жеке тармақтарға саралану сатысын бастан өткеруде болатын [15, 62-73; 67, ч. III].

Осы үдерістердің ақиқаттығына Кембридж (Ұлыбритания) университетінің археология профессоры К. Ренфрюдің Тұран ойпаты мен Көпетдағ жоталары аралығындағы, келешекте Жейтун мәдениеті аясына енетін өңірлерде ж. с. д. XII мыңжылдық шамасында алтайлықтар мекен етті, деп тұжырым жасағаны да дөп үйлеседі Яки мұның өзі де дәл осы аймақта ж. с. д. YII мыңжылдықтан бастап өркен жайған неолиттік Жейтун өркениетінің арғы тегі түпкітүрк сипатты жұрттар үшін де бөтен еместігін көрсетеді. Ал Жейтун мәдениетінің арғы төркіні – одан батысқа қарай қапталдаса жайғасқан Оңтүстік-Шығыс Каспий маңындағы әйгілі Бельт, Хоту, Гари-Камарбанд; Үлкен және Кіші Балқантау жоталары мен Қызылсу (Красноводск) үстіртіндегі Дам-Дам-Чешме, Қайлу, Жебел тұрақтарындағы ж. с. д. XI-YII мыңжылдықтарға тән мезолит (орта тас) дәуірінің тас құралдар үрдістерімен сабақтаса өрбігені бұрыннан аңғарылған болатын [107, 116-117; 108, 43].

Түп-төркіні осы өңірдегі кейінгі палеолиттік төл дәстүрлерден бастау алатын бұл тұрақтарды қазір *Балқантау мен Шығыс Каспий маңы археологиялық кешені* деп тану қалыптасқан. Мезолиттің басында сол шығыскаспий-балқантаулық қауымдардың аңшылық, еңбек құралдарында «геометриялық

*микролит*» деп аталатын тәсіл кеңінен тарайды. Ол сабы ағаштан, сүйектен жасалған қару-жарақтардың ұшына қыстырма техникасы арқылы, шақпақтастан шағылған сегмент (кесік), трапеция (костабан), үшбұрыш пішінді өткір, істік тас қалақшаларды қарамаймен (асфальтпен), шайырмен қатырып тастайтын әдіс еді. Тас тілікшелерінің тым шағын болуына байланысты оны археологияда – «*микролиттер*» деп атау қалыптасқан.

## **5. МЕЗОЛИТТІК, НЕОЛИТТІК МӘДЕНИЕТТЕРДІҢ АРҒЫТҮРКТІК МЕНЗЕМЕЛЕРІ**

Микролиттік техниканың таралуы – ежелгі қауымдардың аңшылық, еңбек жарақтарын жетілдіру жолындағы елеулі ілгерілеушілігін, яғни мезолитке өтуін байқататын белгіге жатады. Әдетте бұл тәсілдің дүниеге келуі кейінгі палеолиттің соңы мен мезолит дәуірінің (ж. с. д. XI-ҮІІ мыңжылдықтар) басында садақтың пайда болуымен байланыстырылады. Сол кезеңдерде жебе ұшына жеңіл істік тас бекіту арқылы оның өткірлігінің, қадалу қуатының күрт артуы айтулы жаңалыққа баланған еді. Бұл микролиттер, сондай-ақ келте найзалардың ұштары мен пышақ жүздері ретінде де кеңінен қолданылады [106, *Микролиты*].

Ғылымда әуелден-ақ оңтүстік-шығыс Каспий маңы өңірлерін өзіндік төл «геометриялық микролиттер» тәсілі өрістеген ең көне әрі қордалы ошақтардың бірі ретінде тану қалыптасқан. Оның үстіне ол жарақтардың жасалу тәсілдерінің ұқсастығына қарап, осы аумақта бір-бірімен жапсарлас жатқан ежелгі адам тұрақтарын мезолит замандарында этникалық жағынан туыс қауымдар мекендеген болуы керек деген орнықты пікірлер бұрыннан да айтылып қалатын [109, 352]. Енді сол туыс, бір-біріне жақын жұрттардың кейінгі ДНҚ-генеалогиялық зерттеулер нәтижесінде ортақ гаплоготпан тараған қауымдар екені нақтыланып жатқан кезде, Жейтун аймағынан шығысқа қарай созылған тау тізбектерін бөктерлей: Әмудария сағасы мен Зеравшан алаптарындағы жазықтарда, Сыр бойы, Қаратау баурайы, Жетісу, Орталық Қазақстан, сондай-ақ Үстірт, Жайық, Есіл, Ертіс, Алтай

өңірлерінде жайыла қоныстанған адам жұрағаттары арасында негізінен түпкітүркілік сипаттары басымдау *R1b* зәуаттылар өмір сүрді деп сенімді түрде дәйектеудің қисыны да өз-өзінен ақиқатқа айналады.

Мұз дәуірінен соң қазіргі геологиялық кезең – *голоценнің* басталуы, соған орай күннің жылынуы қоректік аңдар саны мөлшерінің қайтадан артуына жағдай жасады. Түз жануарларының мұз бен тоңнан босаған жаңа кеңістіктерді қуалай теріскейге қарай өріс ұзартуымен бірге Орталық Азияның оңтүстігін мекендеген адам қауымдарының да оларды өкшелей ілгері жылжуы қайта жанданды. Сол арқылы саны басқалардан басым *R1b* гаплотопты жұрттардың да жан-жаққа таралу ауқымы кеңейді. Олардың солтүстікке қарай бет алған біраз топтары Еділ мен Жем өзендері аралығына қайта оралды, Орталық Қазақстандағы шүйгін шалғындарға табан іліктірді, Есіл, Ертіс алаптарының далалы-орманды құйқалы қоныстарына жетті, Жетісуды жайлай, Алтай, Саян асып, мұз дәуірі кезінде осы аймақтарда мызғымай қалып қойған арғы алтайлықтар қатарын толықтырды.

Мезолит дәуірінде Каспий теңізінің төңірегінде туындаған табиғи-климаттық ахуал, оның ж. с. д. 9 500 жыл шамасынан бермен қарай күрт тартылуының (*Бекдаш регрессиясы*) этногенетикалық үдерістер барысына да өз әсерін тигізбеуі мүмкін емес еді. Осы замандарда теңіздің судан босаған ойпаттарына адамдар қайтадан жаппай қоныстана бастайды. Бұрын да әлденеше өткен регрессиялар кезінде теңізге жақын маңдардағы оты мол өңірлерді қоныс етіп, жануарларды қолға үйретудің алғашқы талпыныстарын жасаған баба қауымдар секілді, олардың талай мың жылдан кейінгі ізбасарлары да судан құрғаған қайраңдарда қаулап өскен шалғынды өрістерді қайтадан игеруге кіріседі.

Соңғы мұз дәуірінде Тұран теңізінің табаны болған бұл ойпаттардың қарашірікті, құнарлы топырағы әсіресе астық тұқымдас жабайы өсімдіктердің бітік шығуына қолайлы еді [99]. Адамдар біртін-біртін жануарлар аса сүйсініп жайылатын сол



дәнді шөптерді өздерінің тамағына пайдалануға болатынына көз жеткізді. Оны дақылға айналдырудың ілкі ұмтылыстары жасала бастайды. Ғылыми деректерде дәл осы кезеңдерде Алдыңғы Азия мен Жерорта теңізінен шығысқа қарайғы Кавказ бен Каспийдің оңтүстігіне дейінгі өңірлерде де жабайы арпа мен бидайды қорек ету дағдылары қолға алынғаны айтылады [110, 24-27]. Яки, бұл үдерістен Каспий маңы ойпаттарындағы соны өрістерге қоныс аударған мезолиттік қауымдар да тыс қала алмағаны белгілі. Судан құрғаған Кура, Аракс, Теріскей Каспий, Батыс Түрікмен ойпаттарында да бір-бірімен шамалас мерзімдерде дәнді өсімдіктерді тамаққа пайдаланудың алғашқы машықтары қалыптасып жатты. Талай мыңжылдық трансгрессиялар кезінде тасыған теңіз бетінің деңгейі, батыс жағында – Кавказ, күнгей-шығысында – Елбурс, Түрікмен-Қорасан тауларының еңселі тұстарына дейін жетіп шіреп тұрғаны белгілі. Соңғы мұз дәуірінде сол таулар да сіреу қармен құрсанып, асу бермес асқарларға айналған болатын. Соған байланысты адам қауымдарының меридиандық бағыттардағы арылы-берілі қатынастар тым сиреді деуге де келетін. Енді күн жылынғасын, биік тау асуларының ашылуымен бірге, суы күрт кері шегініп, жалаңаштанып қалған теңіз маңы ойпаттары арқылы да жаға бойлай жылжитын жаңа көші-қон үдерістері басталды. Соны кеңістіктерді игеру барысындағы сол ілгері қарай ұмсынулар кезінде Каспийге құятын өзендерді өрлей, әр тарапқа бет алатын бағыттардың ізашар сүрлеулері салынды.

Археологиялық дәйектерді зерделеу барысында, мың жылға жуық уақытқа созылған *Бекдаш регрессиясы* кезінде, адамдардың Ирак, Иран беттегі оңтүстік өңірлерге де теңіздің күнгей бетін жағалай отырып, Қызылөзен бойымен жеткенін байқауға болады. Түстікке беттеген бұл сапарларында олардың қатарына Кавказ жақтағы судан дегдіген Кура, Аракс ойпатына енді келіп қоныстана бастаған жұрттар да қосылғаны анық.

Кейінгі археологиялық, ДНК-генеалогиялық зерттеулер нәтижесінде *R1b* гаплотопты түпкітүркітер ретінде тұспалданып отырған балқантаулықтардың, теріскей Месопотамияға қарай

асқан сол жылжуының айғақты іздері, оларға тән *геометриялық микролиттер* – бүгінгі Ирак жерінің теріскейінде жатқан әйгілі *Шанидар, Палеграва, Зарзи* үңгір-тұрақтарының мезолиттік қабаттарында (*Шанидар В2*) қадау-қадау боп қатпарланып жатыр. Ол қабаттардың жасы ж. с. д. X-IX мыңжылдықтарды құрайды [111, 154]. Ғалымдар оған дейінгі қатпарларда мұндай артефактілердің кездеспегенін, олардың бірден дайын құрал-жарақ күйінде ұшырасқанына назар аударады. Әйгілі ағылшын ғалымы Дж. Мелларт өз еңбегінде бұл микролиттерді бұдан 12 мың жылдай бұрын солтүстік жақтан жеткен, сол кезден садақты қолдана бастаған адамдар алып келді, деп шындыққа жақындау болжам айтқанымен, кезінде ол қауымдардың түп-тегіне қатысты әңгімеге тереңдеп бара қоймаған-ды [112, 19]

Сол үңгірлердегі *шақпақтас микролиттерінің* қалай пайда болғаны, қандай этникалық қауымдардың әкелгені туралы әртүрлі пікірлер бар. Алайда кейінгі онжылдықтарға дейін олардың Балқантау аясындағы тұрақтардан бастау алатын тәсілдерге сай дайындалғаны, түп-тегі сол жақ екені елеусіздеу қалып жататын. Әрине, олардың Шығыс Каспий мен Балқантау тұрақтарындағы микролиттік қару-жарақтармен ұқсастығы сөз етілетін. Бірақ көбіне-көп ол ежелден белгілі Шанидар мен Зарзи тұрақтарынан басталып, басқа өңірлерге тараған әсер-ықпалдар санатына баланатын. Сол себепті осы тектес геометриялық тәсіл *зарзи мәдениеті* [106] деген атауға да ие болған-ды.

Орыстың белгілі археологы Г. Коробкованың күнгей-шығыс Каспий жәдігерліктерін зерттей келе, Балқантау жотасындағы 2-ші Дам-Дам-Чешме тұрағының ең төменгі 9 қатпарының – бұдан 13500 жыл бұрынғы палеолиттік кезеңге сәйкес келетінін, *геометриялық микролиттердің* алғашқы үлгілерінің 2-ші Дам-Дам-Чешме үңгірінің 7-ші қатпарынан, 1-ші Дам-Дам-Чешме үңгір-тұрағының 4-ші қатпарынан бастап, яғни 13-12 мың ж. б. мерзім шамасында кездесетінін, сондықтан бұл үрдістің осы өңірдің өзінде өрбіген төл әдіс ретінде тану қажет екенін дәлелдеуі – бұл біржақтылыққа да түзету енгізді. Ғалым Түрікмен-Хорасан тауларының батыс баурайынан Каспийдің оңтүстік жағалауына

қарай күрт бұрылған тұсында қатар орналасқан *Гари-Камарбанд*, *Бельт*, *Хоту* үңгір-тұрақтарының төменгі қатпарларындағы геометриялық микролиттердің дәл осы аталған мыңжылдықтарға тән екеніне назар аударды. Олардың Балқантау жәдігерліктеріне ұқсас болуына орай, ортақ мәдениет аясына біріктіріп, *Балқантау және Шығыс Каспий маңы археологиялық кешені* деп атауды ұсынды [111, 149-155].

Демек, осы түйінді ақиқаттың өзі де Зарзи үрдісінің Орталық Азияға емес, керісінше, күнгей-шығыс Каспийдің микролиттік тәсілдерінің Загросдың батыс баурайындағы ежелгі мәдениеттер бастауына тигізген әсері туралы айту әлдеқайда иланымдылау көрінер еді. Мұны осы аймақтардан мезолитте табылған бас сүйектерге жасалған краниометриялық талдауларды ДНҚ-геналогиялық мәліметтермен сабақтастыра қарастырған орыс ғалымы В. А. Рыжковтың зерттеулері де қуаттайды. Ол Загрос тауларына іргелесе жатқан Месопотамия аймағында *Rb1* гаплотопты қауымдардың мекен еткенін дәйектейді [97, 1511-1516].

Бұл орайда ж. с. д. 7000-5000 жылдары осы Месопотамия аймағындағы қазіргі Киркук қаласы маңынан табылған *Жармо қонысы* аясында өркен жайған әйгілі егіншілік-малшылық мәдениетке де *Rb1* зәуазаттылардың, яки арғытүркітердің әсері тиюі мүмкін деп жорамалдауға болады. Өйткені Жармо тұрғындары да әлгі балқантаулық үлгідегі шақпақтастан шағылған *геометриялық микролиттерді*, әсіресе *симметриялық трапецияларды* көп уақыт кеңінен пайдаланыпты. Осы жерден археологтардың Жармо мен Жейтун мәдениеттері түзілімдерін бір-біріне ұқсата беретінінің де [108, 38-45; 113, 147] сыры суыртпақталар еді. Өдетте, бұл ұқсастықтардың себебі, қалыптасқан дағды бойынша, көбіне-көп Загрос жақтан Орталық Азияға қарай жеткен ықпалдарға баланып жататын.

Ал шын мәнінде солай ма? Бәлкім, бұл ауыс-түйіс іздерін енді Балқантау-Жейтун аясындағы түпкітүркі сипатты жұрттар үшін ортақ бір майлы жұрттан Месопотамия жаққа шақпақтас микролиттер дәстүрін апарған қауымдармен бірге жеткен сілемдер

деп байыптаудың да жөні келетін шығар. Демек, Жармондың түп-төркіні де балқантаулықтарға аса бөтен емес. Осы ретте Жармо қонысына жақын аймақта онымен мерзімдес *Хассуна* мәдениеті (Ирактың Мосуд шаһарының маңы) өркен жайғанына назар аудару ләзім. Оның тұрғындары да егін ору үшін ағаш сапқа бекітілген шақпақтастан жасалған *геометриялық микролиттерді* кеңінен пайдаланыпты. Демек, бұл олардың да осы өңірлерге әсер-ықпалы жеткен балқантаулық үрдістен тыс қала алмағанын көрсетеді...

\* \* \*

Археологиялық дәйектер Балқантау тұрғындарына тән геометриялық микролиттерді тұтынған қауымдардың бірер толқыны құрғаған теңіздің шығыс жағалауы, Үстірт жонымен жылжи отырып, Оңтүстік Оралтаудың шығыс беткейлеріне дейін жеткенін де алға тартады. Осылайша олар күнгей беті – Каспий маңы ойпатына шектесіп, шығысы – Тобыл, теріскейі – Есет өзендері аралығына тараған *Жангел* мезолиттік мәдениетін түзуге араласқан. Тобыл өзені бойындағы Шикаевка (Қорған облысы) және Жайықтың жоғарғы алабындағы Жангел тұрақтарынан (ж. с. д. 9300-8000) табылған микролиттік жарақтардың жасалу тәсілі күнгей-шығыс Каспий үрдістеріне тым жақындығымен ерекшеленеді екен [113, 146-148; 114, 21-27].

Голоценнің басындағы теңіз айналған сол мыңжылдықтарда балқантау-жейтун үрдістерін ұстанған *R1b* зәуатты жұрттардың бірер толқыны Теріскей Каспий ойпаты мен батысқа қарай бұрылып, Жайық пен Еділ алаптарын да игеруді жүзеге асырады. Археологтар бұл өңірдегі геометриялық микролиттер іздерін *Сероглазов* мәдениетіне (ж. с. д. 11000-8000) топтастырады [109, 104-105; 115]. Кейінгі ДНҚ-генеалогиялық зерттеулерде де осы Сероглазов мәдениеті арғытүрк сипатты *Rb1* гаплотопты қауымдар құрған мәдениет ретінде дәлелденеді [116, 1656].

Каспий маңы ойпатын батысқа қарай жағалап, Кавказға қарай ойысқан балқантаулықтар Терек пен Сулақ өзендерінің алабына жеткесін, сол өзендерді бойлай, құйқалы тау қойнауларына дейін

өрлейді. Олар тұтынған микролиттік құрал-жарақтар Дағыстан жеріндегі *Чох* тұрағының мезолиттік қатпарында (ж. с. д. 8000-7000) сақталып қалыпты. Зерттеушілер ол артефактілерден де Шығыс Каспийдегі *Дам-Дам-Чеиме*, *Жебел*, Оңтүстік Оралдағы *Жангел* мәдениеттеріне тән микролиттік үрдістерге ұқсас тәсілдерді тап басып таниды [109, 102-104; 117, 4-6].

Демек, бұл дәйектерден байыпталар түйін: мезолит дәуірлерінде түп-төркінінің арғытүркітерге қатыстылығы археологиялық та, ДНҚ-генеалогиялық та тұрғыдан тұспалданатын *геометриялық микролиттер* аймағының дәстүрлері Каспий маңы ойпаттарынан жан-жаққа көші-қон үдерістерін жасау арқылы таралу ауқымын кеңейтті, күнгейі – Теріскей Загросқа, батысы – Кума-Маныш ойысы арқылы Азау маңы мен Қырым түбегіне дейін, теріскейі – Самара өзені, шығысы – Есіл алабына дейін қанатын жайды [118, 135-137; 119; 106]

Осы мезолиттік мыңжылдықтар кезінде Батыс Орталық Азияның қонысқа қолайлы күнгей қойнауларында тұрақтап қалған *арғытүрк* сипатты қауымдардың сол өңірлерге тән тіршілік салттары да әрі қарай табиғи түрде өрбіп жатты. Археологтар Орталық Ферғана аймағындағы *Обишир* (ж. с. д. 10000-7000), *Таскөмір* (ж. с. д. 9000-7000) тұрақтары мәдениеттерінің жәдігерліктерінен – әлгінде *мальта-буретпен* жақындығы сөз етілген кейінгі палеолиттік *Самарқанд* тұрағы үрдістеріне ұласқан жақындықты байқайды. Әмударияның жоғары ағысындағы Вахш, Кафирниган, Пяндж жазықтарында орналасқан *тұтқауыл* мәдениетіне жататын *Обикиік*, *Сай-Сайед*, *Ақтаңге*, *Шогноу* (ж. с. д. 11000-7000) тұрақтарының бірінің түзілімінде сол Самарқанға тән сипат аңғарылса, екіншілерінде балқантау ықпалы сезілетініне назар аударылады [109, 158-169]. Ғалымдар неолит дәуірінде *тұтқауыл* мәдениетін алмастырған *гиссар* мәдениетінің малтатас құрал-жарақтары бітімінен Алтай-Сібір және Қытайдың Яншао дәстүрлерінің үрдістері байқалатынын бағамдайды [120, 36-37].

Қазақстанның мезолиттік ескерткіштеріне келер болсақ, Қаратаудың күнгейіне орналасқан Отырар шұратындағы

*Жаңашілік, Маятас* тұрақтарынан да халцедон мен шақпақтастан дайындалған геометриялық кесік, қостабан, үшбұрыш микролиттер, кескіштер, тас жаңқалар, тілікшелер табылыпты. Археологтар бұл жәдігерліктерді Орталық Ферғанадағы *обишир* мәдениетінің соңғы кезеңіндегі (ж. с. д. 7000) үрдістермен ұқсастырады. Яғни, оны *ферғана (обишир)-қаратау* мәдениеті ретінде топтастыруға болады. Көкшетау өңіріндегі *Куропаткино, Виноградовка*, Атбасар төңірегіндегі *Тельман*, Есілдің Қызылжар бөлігіндегі *Явленка, Бескөл, Тобыл* алабындағы *Обаган* тұрақтарындағы тас құралдарға *жұқа микролиттік* тәсілдердің тән екендігі анықталды. Қазақстандық археолог В. Ф. Зайберт Тобыл мен Ертіс аралығындағы өңірлердегі тас құралдар жасау әдісі Орталық Ферғанамен ұқсас үрдістер аясында өрбігеніне назар аударады. Және оның хронологиялық мерзімінің Ферғана жәдігерліктерімен деңгейлес (ж. с. д. 10000-7000) шамаға сәйкес келетінін дәйектейді. Бұл тұрғыдан алғанда, оларды бір жағынан, осы аймақтардағы шұрайлы өрістерге тұяқ іліктірген аң үйірлерін өкшелей, найзалары мен садақ ұштарының шағылуында *балқантау, ферғана-қаратау* үрдістері бар арғытүрк сипатты *R1b* текті аңшы қауымдарының да жеткенін көрсететін артефактілер деп пайымдауға болады. Ол дәстүрлер Ертіс пен Жайық арасындағы Ұлыдалалық өңірлерде, содан кейінгі неолит дәуіріне тән аңшылар мен балықшылардың *атбасар* мәдениетінің ұйысуына тікелей әсер етті [109, 169-173; 121].

Мезолиттің соңына таман Тұран аумағында күллі Орталық Азия мен оған жапсарлас өңірлердің генетикалық үдерістеріне зор әсер-ықпалы тиген кезекті табиғи-климаттық ахуал туындайды. Күннің жылынуынан тауларды құрсаған қалың мұз еріп, Әмудария мен Сырдария суының молаюынан Арал теңізінің ауқымы күрт тола бастайды. Ж. с. д. 7000 жылдар шамасында ол өз тарихындағы ең биік деңгейлердің бірі – 72 метрге дейін

көтеріледі<sup>9</sup>. Кемерінен асқан су Сарықамыс ойпатына қарай ақтарылып, ол әрі қарай, ж. с. д. 6000 жыл шамасында Үзбой дариясы арқылы Каспийге құяды.

Бұдан 9000-8000 жылдай бұрын Аралдың тасуына байланысты, Үзбойдың Каспийге қайтадан құюы осы қос теңіз алабындағы табиғи-климаттық ахуалдың жаңаша өрбуінің де басы болды. Аралдан жеткен мол су осыған дейінгі регрессия кезінде тым таяздап кеткен Каспийдің төмендеуін тоқтатып, деңгейінің

---

<sup>9</sup> Археологиялық, палеографиялық зерттеулер бойынша, Каргин мұзаралық кезеңінде Әмудария бүгінде құрғап қалған Үзбой өзені арқылы Каспийге тікелей құйып тұрған. Сартан мұз дәуірінде Тұран теңізі пайда болғасын, Әму Аралға қосылып кетеді. Арадағы біреу мың жылғы регрессиядан соң, ж. с. д. VІІ мыңжылдықта Арал теңізі деңгейінің ерекше көтеріліп, Сарықамыс ойысына қотарылуына орай, Үзбой арқылы Каспийге тағы да мол су жетеді. Кейіннен Арал деңгейі қалыпқа түсіп, Сарықамыс екеуінің арасы қайта ажырағанымен, Әмударияның сол жақ салаларының Сарықамысқа құюы, одан Үзбойдың ағып шығуы ж. с. д. III мыңжылдыққа дейін үзілген жоқ. III-II мыңжылдықтар тоғысындағы жойқын тасқындар кезінде Әмудария түгелімен оң жақтағы Ақшадария саласы арқылы Сырдарияның Жаңадария тармағына қосылып, Арал теңізіне басқа тұстан құя бастайды. Сол себепті Үзбой суы біртіндеп азайып, ол үзік-үзік жылғаға айналады. Дәл осы экологиялық ахуал Сарықамыс алабында ж. с. д. VІІ мыңжылдықтан бері өркен жайған келтеминар (келте мұнара) мәдениетінің құлдылауына әкеп соқтырады. Соған орай келтеминардың негізгі орталығы Әмудің оң жақ саласы Ақшадария бойына ауысады. Кейіннен, ж. с. д. II мыңжылдықтың екінші жартысынан сол жаңа арнаға да су кем түсе бастаған ахуал туындайды. Ақшадарияның Жаңадарияға құйып жатуы үздік-создық боп, біраз уақытқа созылғанымен, ж. с. д. V ғасыр шамасында ол да мүлдем тоқтаған еді. Ал бұл кезде соның алдындағы жүзжылдықтарда Сарықамыс ойысына Әмудария суының мольнан түсе бастауына байланысты, Үзбой қайтадан толқынды дарияға айналып, Каспийге құйып жатқан болатын. Ол бұдан кейін ж. с. IV-X ғасырлары аралығында тағы құрғапты. Үзбой X-XVІІ ғасырларда қайтадан Каспийге құйғанымен, одан кейін со бойы қалпына келмепті [102; 103; 122, 5-11, 98-106; 123, 56].

көтерілуіне ықпал етті. Сол кезеңдерде Еділдің жоғарғы ағысында да жойқын тектоникалық өзгерістер өтіп жатты. Мұз дәуірінің соңына таман Еділ бастау алатын Валдай қыраты ендігіндегі ауыр мұз тауларының салмағымен жаншылып ойыс тартқан өңірлер жер асты қысымының серпу әсерімен бұрынғы қалпына келе бастайды. Соның нәтижесінде Еділдің екі-үш мың жыл бойы мұзды мұхитқа бұрылып кеткен теріскейдегі салаларының күнгейге қарай кері аударылу үдерісі жүреді. Бұдан 8000 жылдай бұрынғы шамада олар қайтадан Каспийге қарай құлай бастайды.

Каспийдің мезолит (орта тас) пен неолит (жаңа тас) дәуірлері тоғысында өткен бұл трансгрессиясы адамзат тарихындағы *топансу* эпсанасымен де байланыстырылады. Су деңгейінің күрт көтерілуі, регрессия кезінде теңізді жағалай айнала аршылып қалған құнарлы ойпаттарда орнығып үлгерген мезолиттік жұрттардың да қоныстарын тастап кейін қарай серпіле суыт көшуіне мәжбүр етті. Топансудан қашқан үркінші жұрт шығысы – Көпетдағ баурайына, Үстіртке, Арал теңізіне, Мұғалжар тауларына қарай ығысса, теріскейі – Еділ мен Жайықтың орта ағысына, Дон өзеніне қарай шегіншектеді. Оңтүстігі мен батысы – Кура, Аракс бойын өрлей, Оңтүстік Гүржістанға, Армян қыраттарына, Үрмиә көлінің айналасына, Месопотамия алаптарына дейін жетті. Олармен бірге осы өңірлерде топансу туралы аңыз желілері де бірге ілесіп барды [99]. Бұл лықсуға қатысы бар жұрттардан қалған этногенетикалық белгілер, әлгінде сөз етілген *жармо*, *халаф* неолиттік мәдениеттерінің археологиялық түзіліміне соны леп қосып, тілдік тұрғыда құнарландырғаны да анық.


Топансудан ыққан *геометриялық микролит* отанынан шыққан жұрттар (негізінен *R1b* қауымдары) неолит дәуірінің (ж. с. д. VІІ-ІV мыңжылдықтар) алғашқы кезеңдерінде Балқантауды баурайлай, ұзын аққан Үзбойды бойлай, Арал теңізінің күнгейіне жетіп, Әмудария алабындағы әйгілі *келтеминар* мәдениетінің ірге түзуіне септесті. Олармен бірге осы өңірге Каспий айналасына тән микролиттік құралдармен қатар, басқа да бірқатар мәдени үрдістер қоса жетті.





*\*Мақанжар мәдениетінің  
қыш ыдыстары*

**\*Дөңгелек тас пышақ.  
Атбасар мәдениеті.**



*\* Антропоморфты мүсін.  
Зырян өңірі. Неолит.*

Археологтар еңбек құралдары мен қару-жарақтарда байқалатын, келтеминар арқылы құнарланған ол нышандардың Маңғыстаудағы ойықты, қосқұдық, шебір (ж. с. д. YI-Y мыңжылдықтар), Есіл алабындағы атбасар (YII-YI м.), Торғай иініндегі мақанжар (YII-IV м.), Оңтүстік Қазақстандағы қарауңгір (Y м.), Ертістегі нарым неолиттік мәдениеттердің түзілуіне ықпалы тигеніне ден қояды. Одан кейінгі Торғай мен Есіл алаптарындағы терсек, ботай; Жетісу, Алтай аймақтарындағы энеолиттік мәдениеттер түзілімдерінде де Көптау қойнаулары мен Арал төңірегі, Әму мен Сыр арасында ізі қалған ежелгі сабақтас байланыстар сілемдерінің, түбі бір ұқсастықтардың ізі бар екені байыпталады [60, 88-103; 82, 85-100; 121; 124; 125; 126, 212-216; 127, 217-232].

Әдетте, ғылымда, мұндай ұқсастықтар – әртүрлі қауымдардың әуелден өзара етене тірлік кешкендігі, аралас-құраластығы күшті болғандығы немесе олардың этникалық тұтастығы тұрғысынан ұғындырылатыны белгілі. Зерттеушілер арасында кең ауқымды *келтеминар* мәдениетінің нышандарын оралдық (фин-угор) қауымдарға телу болжамы бұрыннан бар. Яки, сол дәуірлерде фин-угорлардың негізгі бөлігі Батыс Сібір мен Оралтау өңірлерін мекендеуі мүмкін, олардың бір сынығы Арал төңірегінде де ғұмыр кешіп жатқан еді, деген байламдар айтылатын [128; 129; 130]. Осыған орай, қазақ даласындағы ежелгі мәдениеттерде еуропеоид тұрпатты фин-угор жұрттарының өзіндік үлесі баршылық деген ойлар меңзелетін.

Ежелгі қауымдардың байырғы тарихын қайта пайымдауға өлшеусіз септесіп жатқан ДНК-генеалогиялық деректерге сай, енді ол үлестің оралдықтарға ғана емес, «еуразиялық пішінді» *арғытүрк* сипатты жұрттарға қатыстылығы басымдау екенін айту жөн болмақ керек. Оралдықтарға тән аталық *N* гаплотобының генеалогиялық түпкі тарихын қаузасақ, оның өзімен туыс *O* және *P* зәуазаттылармен бірге 45-50 мың жылдай бұрын Батыс Орталық Азия аймағында *N*, *O*, *P* құрама тобының бір бөлігі түрінде түзілгенін білеміз. Дегенмен *N*-нің бұл өңірлерге етенелігі сол дәуірлер аясымен ғана шектелетін сыңайлы. Аталық *P* гаплотобы

қауымдарының біраз бөлігі кейіннен теріскей-шығысқа қарай өріс ұзартып,  $Q$  мен  $R$  бұтақтарына тарамдалғанда,  $N$  және  $O$  қауымдары негізінен күнгей-шығысқа қарай беттепті. ДНҚ түзілімдерінің түпкі іздерін қауымдар сараптауларға сүйене отырып, А. А. Клесов пен В. В. Напольских секілді ғалымдар  $N$  гаплотобы жұрттары легінің сол үдеріс барысында бүгінгі Қытайдың оңтүстігіне дейін жеткенін нақтылайды. Сартан мұз дәуірінің суығы кезінде олар сол аймақтарды пана етеді. Содан мезолит замандары кезінде ғана  $N$  қауымдары Байкөл арқылы Сібірдің оңтүстігіне шығып, неолиттен бері біртін-біртін Оралтауға дейінгі кеңістікте қанатын жайып қоныстана бастайды [18, 486-513; 131; 132]. Яки бұл тұрғыдан алғанда, Орталық Азияның күнгей жартысындағы неолит, энеолит дәуірлерінде дүниеге келген *келтеминар* секілді бірқатар мәдениеттердің оралдық жұрттарға тиесілі үлесі де өз-өзінен аса мол емес болып шығады. Керісінше, **еуразиялық тұрпаттылығына бола, фин-угорлықтардың арғы тектері ретінде тұспалданып жүрген ол жұрттарды бұдан былай негізінен  $R1b$  гаплотобына жататын еуразиялық нәсілді арғытүрк сипатты қауымдарға төңіректете сөз еткен мақұл.** Дегенмен генеалогиялық зерттеулер осы түпкітүрк нышанды зәуазаттылардың біразының кейінгі энеолит, қола, темір замандарындағы талай мың жыл іргелес аралас-құраластықтар барысында оралдықтар қатарына қосылу үдерістері жүргенін де жоққа шығармайды. Мәселен, оның ең көне түріне жататын  $R1b1$  гаплотипі бүгінгі күндері ханты, коми, удмурт, мари жұрттарында да ұшырасады [29, 41-43].

Яки, ДНҚ-генеалогиялық дәйектер еуразиялық нәсілді  $R1b$  және «шығыстық, алтайлық»  $R1a$ , бірсыпыра  $Q$ ,  $N$ ,  $O$ ,  $C3$  ( $C2$ ) зәуазатты қауымдардың әуелден Орталық Азияның автохтондары екенін ортаға тартады. Олардың дені сонау палеолиттік мыңжылдықтарда алғы легі Америка асқан  $Q$  текті түпкітүркі туыстарының ғасырларды ғасырларға жалғай жүріп өткен көші-қон бағыттары бойындағы, күнкөріске жайлы қоныстарда іркіліп, ірге теуіп қалған және соңғы мұз дәуірінде теріскейден күнгейге ығысып жеткен ежелгі жұрағаттарымен қайта қосылып, мезолитте

жаңадан өріс ұзартқан жұрттардың үрім-бұтақтары еді [133]. Бұл ретте олармен бірге аналық *A, C, B, D, Z, F* гаплотоптарының да аралас-құралас күн кешті [134; 25; 135]. Аталған гаплотопты қауымдар Орталық Азияның ықтасын қойнауларында палеолиттің соңғы мыңжылдықтарында көктеген төл инновациялық үрдістерін сол аймақтарда өркен жайған іргелі мәдениеттерінде танбалап, мезолиттік, неолиттік дәуірлерде одан әрі нығайтты, жаңа көшкен қоныстарына ала барып, қамту аумағын ұлғайтты.

Міне осы ретте алғанда да Орталық Азияның оңтүстігіндегі неолит (жаңа тас), энеолит (мыстас) дәуірлерінің перзенттері – әйгілі *жейтун* (ж. с. д. YII-Y мыңжылдық), *анау* (Y-III мыңжылдық) мәдениеттерінің арғытүрк сипатты қауымдарға да біршама қатыстылығы кәдімгідей нақтылана түседі. Яки *жейтун* мәдениетінің аясына енетін – Көпетдағ тауының теріскейіндегі құйқалы шұраттарда түзілген Шопандепе (депе – төбе), Тоғолоқдепе, Моншақтыдепе; *анау* мәдениетінің – Намазғыдепе, Геоксюр, Алтындепе қоныстарындағы қазба жұмыстары нәтижесінде айқындалған өркениет үрдістерінде *арғытүрк* нышанды қауымдардың да өздеріне тиесілі үлесі барлығы дәйектеледі.

Сонымен бірге, неолит дәуірінің (ж. с. д. YIII-IV мыңжылдықтар) жаңашыл үрдістерін Алдыңғы Азия аймағымен қатар бастап, диқаншылықты игеруге, бидай мен арпа егуге, мығым кесек үйлерде тұрып, қызыл бояумен өрнектелген қыш ыдыстар ұстауға, аңшылық дәстүрі дамыған, қой-ешкі, сиыр өсіруге ден қойған – *Жейтун мәдениеті*; “қалалық үлгідегі” мекендерді қалыптастырған, ұсталық, зергерлік өнерлері өрістеген, мыс балқытуды игерген, кейіннен қола құралдарды кеңінен пайдаланған, көсемдері мен абыздарын ардақтап, олардың қабірханаларын қастерлеген, Ай құдайына табынған – *анау мәдениеті* сынды ежелгі өркениеттер түзілімдерінен де жергілікті төл сипаттармен қатар оларға жапсарлас өңірлердегі мәдени белгілермен өзектес ортақ үрдістер сілемін де аңғаруға болады.

Ғалымдар тарапынан *жейтунның* қыш өрнектеу үрдістерінде Иран жерінің оңтүстік батысы мен шығысындағы неолиттік Тепе-

Гуран, Тепе-Сиалк (ж. с. д. VІІ-VІ мыңжылдықтар) қоныстарындағы қыш ыдыстар әшекейлерімен үндестік бары, үй салу дәстүрінің сонау Иорданиядағы Иерихон (VІІІ м.), Тигр сағасындағы *жармо* (VІІ м.) мәдениеттеріндегі үлгілерге жақын нышандар жатқаны орыстың әйгілі археологы В.М.Массонның зерттеулерінде бұрыннан байыпталған [136, 8-10; 137, 194-195; 108, 42-50]. Сондай-ақ *анау* мәдениетінде Месопотамия, Элам өркениеттерімен үндестік табы сезіледі екен. Теріскей Месопотамиядағы Хассуна (ж. с. д. 6500-5500 ж.) мәдениетінің сілемдері – Анау аясындағы Намазғы I (ж. с. д. 4000-3500), *халаф* мәдениетінің дәстүрі – Намазғы II (ж. с. д. 3500-3000), *убейд* мәдениетінің сорабы – Намазғы III (ж. с. д. 3000-2000) кезеңдерінде нышан беріпті. Алтынтөбенің биік қабырғалы ғибадатханалары Шумер храмдарының сәулет үлгілерін де еске түсіретіні байқалыпты [138, 15-20].

Зерттеушілер бұл ауыс-түйіс үндестіктерді Месопотамия мен Иран жерінің тікелей көшіріліп келген үрдістер деп емес, мұз дәуірінен кейін жан-жаққа шығатын бағыттардың ашылуына орай өрістеген мәдени байланыстардың бір-біріне алма-кезек тигізген әсер-ықпалдары ретінде де байыптайды. Жейтун аясындағы мәдениеттердің түп-тегі осы орталықазиялық мезолиттік, неолиттік төл сипаттар негізінде қалыптасқанына назар аударылады [139, 17-25]. Бұл ретте, әрине, Каспий регрессиялары кезінде *жейтун* нышандарының Иран жеріне қарай ауысқан сәттері ұшырасқанын да, екі арада ықпалдасулар мен алмасулардың толассыз үзілмей жалғасып отырғанын да естен шығаруға болмайды.

Түрк халықтарының арғы ақиқат тарихына қатысты антропогенездік, ДНҚ-генеалогиялық жаңаша қисындарды Көптау баурайындағы шұраттар мен Әму, Сыр, Заравшан дариялары атыраптарындағы егіншілікті ежелден кәсіп етіп, озық суармалы диқаншылық дәстүрлерге қол жеткізген, металл қорытқан, қолөнер мен сауданы өркендеткен, қалалар мен ғибадатханалар тұрғызған отырықшы жұрттардың сөздік

қорындағы сол ежелгі дәуірлерден жетуі мүмкін деп есептелетін атаулар жүлгесі де теріске шығармайды.

Бұл ретте өзбек ғалымдарының түрк тілдері ұғымынан туындайтын осы атаулардың күнгеі аймақтарға теріскейден *ари* (ілкiүндiиран) қауымдары келгенге дейiн де қолданыста болғаны туралы пікірлерінің жаны бар екендігіне көз жеткізу қиын емес. Әдетте, түрк халықтарының диқаншылық терминдеріне қатысты әңгіме қозғала қалса, әуелден басым түрде қалыптасқан көзқарас бойынша, ол атаулар басқа тілдерден енуі мүмкін, өйткені түрк жұрттары бұл отырықшылық-егіншілік аймақтарға кейіннен Алтай жақтан көшіп келді емес пе, дейтін таптаурын сылтаудың алдан орағытатыны бар. Өзбек этногенезінің төркінін қаузаған зерттеушілер мұның қате тұжырым екенін айта отырып, ол пікірге қарсы, тілдік қолданыстағы көп сөздердің түрктiк негiзде жасалғанын орнықты дәлел ретінде ұсынар еді. Мәселен, *мақта, қоза, шит, бидай, арпа, тары, астық, бұршақ, қабак, қауын, алма, өрік, алмұрт* сияқты терминдер осы дақылдар мен жемістер жаппай өсетін күнгеі өңірлердің тұрғылықты автохтондары – *арғытүркттердің өздері қойған төл атауларға* саяды, дейді олар. Бұл дақылдар мен жемістердің көбінің Алтай-Саян жақта емес, тек жылы аймақтарда ғана өсетіні белгілі. Егер түркттер теріскей беттен кейіннен келген болса, олар бұл атауларды парсы тіліндегі дайын нұсқасымен алар еді ғой, деген орынды уәж айтылады. Сол сияқты диқаншылыққа тән: *орақ, кетпен, күрек, шығыр, арық, тоған, дамба, диірмен*; металға қатысты: *жез, мыс, қола, алтын, күміс, қалайы, қорғасын, темір, болат, шойын* атауларының да сөз жасалу түзілімінен төл түрктiк нышандардың анық байқалатынына назар аударылады [140; 141].

Кіндіказиялық ежелгі мәдениеттер өркендеген бұл өңірлерде металл өндірісінің энеолит заманында-ақ жолға қойылғанын 1980 жылдардың соңында ғана Самарқанд қаласынан күнгеі-шығысқа қарай 45 шақырым жерден аршылған ж. с. д. ІҮ-ІІ мыңжылдықтарға жататын *Саразм* қонысы да дәлелдейді. Заравшан дариясының жоғарғы ағысындағы атыраптарда алтын, күміс, сондай-ақ қола қорытпасының қажетті элементтері – мыс,

күшәла, қалайы, қорғасын кеніштерінің болуы осы қонысты металл өндірісі мен оны өңдеудің үлкен ошағына айналдырған еді [142, 104-117].

Бұл өңірлерге *ару* (үндіран) қауымдары келуінен екі мың жылдай бұрын дәуірлеген осы орталықта металл атаулары әу бастан арғытүркке жуық тілдерде аталғаны ықтимал. Жалпы Орталық Азия, оның ішінде қазақ жерінің де ежелден металл өңдеу үрдісінен шет қалмағаны белгілі. Мыстың, қалайының және алтынның бай кендерінің бар болуы арқасында, Қазақстан аумағында да энеолит пен алдыңғы қола дәуірлеріне жататын ж. с. д. IV-II мыңжылдықтардан-ақ металл өндірумен айналысуға мүмкіндік туды. Бұған Қазақстанның Қалба, Нарым жоталарында, Алтайда, Есіл, Жайық бойларында, Балқаш маңында, Сарыарқа, Жетісу, Қаратау секілді жерлерінде кездесетін ежелгі кен қазбаларының орындары дәлел бола алады. Ж. с. д. III мыңжылдықтың соңынан жыл санауымыздың басына дейін қазақ жері мыс пен қола өндірісі жөнінен Еуразияның ең ірі орталықтарының біріне айналды. Археологиялық деректер сол дәуірлерде бір ғана Жезқазған өңірінде балқытылған мыстың көлемі шамамен 100 мың тоннадай болғанын алға тартады. Қазақтың әйгілі археологы Ә. Марғұлан және басқа да ғалымдар ол металлургиялық мәдениетті жасаушылар – осы далалық өңірдің төл неолиттік аңшылары мен бақташыларының ұрпақтары еді деп атап көрсетеді [143, 18-22; 144, 107-109; 145, 351]. Әлбетте, кен өндіруді ертеден қолға алған *арғытүрктердің*, қола қарулар мен құралдар жасау үшін кәдеге жаратқан металдарға со замандардан-ақ өз тілдеріне тән ат қойғаны еш шүбәландырмаса керек...

## II ТАРАУ

# ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЭНЕОЛИТТИК МАЛШЫЛАРЫ МЕН ОЛАРДЫҢ ЭТНОТЕКТИК ІЗБАСАРЛАРЫ





## 1 КӨНЕШҰҢҚЫР МӘДЕНИ-ТАРИХИ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ

Орталық Азияның арғытүрктік мәдениеттері тілге тиек болғанда, әуелгі түзілімдері неолит заманында қылаң беріп, кейінгі дәуірлерде Карпат пен Алтай таулары арасындағы Ұлыдалалық кеңістікке қанатын керген *көнешұңқыр мәдени-тарихи қауымдастығы* туралы сөз етудің орны ерекше бөлек. Өйткені энеолит пен қола дәуірлерді қамтып жатқан бұл мәдени-тарихи түзілім – арғытүрк сипатты жұрттардың түз өңірлеріне бейім тіршілік салттары қалыптасуының басында тұрған, осы алып аумақта өзінен кейінгі замандарда өркен жайған орталықазиялық мәдениеттердің қордалануына тікелей әсер-ықпалы тиген маңызды мәйек болып табылады.

Қазақстан тарихшылары арғытүрктік қатпарлары мол Көнешұңқыр мәдениеті туралы әлі мүдделі түрде сөз қозғай қойған жоқ. Ол туралы «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясында ғана шағын түсінік берілген [56, 5 т. 30]. Әйгілі орыс археологы Н. Мерперт өзінің «Еділ-Жайық аралығындағы ежелгі малшылар» атты монографиясында [118] Ұлыдалалық кеңістікте ж. с. д. IV мыңжылдық пен III мыңжылдықта қанатын кере жайғасқан осы көнешұңқыр мәдениетін жасаушыларды – алдыңғы тарауда сөз етілген *Шығыс Каспий, Балқантау* микролиттік үлгілерін мезолит дәуірінен бастап Қазақ жерінің батыс пен шығыс бөліктеріне таратқан қауымдар мен сол өңірдің автохтон жұрттарының кейінгі ұрпақтары ретінде есептейді.

Әдетте көнешұңқыр мәдениетінің бой түзеген шақтарына тән археологиялық белгілер ретінде: *қабір шұңқырының бұрыштарын доғалдап, кең етіп қазу, қабырғасын ағашпен, бөренелермен шегендеу, табанына қамыс, ағаш қабығын немесе ши, киіз төсеу; мүрдені шалқасынан не бүйірінен тізелерін бүгін, қолдарын созып жатқызу, басын шығысқа немесе шығыс-солтүстікке қарату, қабірлерден түбі сүйір, жұмыр қыш ыдыстардың кездесуі, мәйіттің сүйегі мен көрдің табанына тіршіліктің, қанның, оттың белгісі іспетті, жанның адамға*


*қайта оралуын тілеуден туындаған қызыл жоса төгу, шұңқырдың бетін ағашпен, бөренелермен жабу, үстіне биік оба үю сияқты нышандар нақтыланады [118, 77; 49, 39; 146].*

Ал осы сипаттардың біразының кейіннен жалпақ еуразиялық аймаққа өркен жайған жартылай көшпелі қауымдар дәстүрінде үзілмес жалғастығын тауып, сол дала тайпалары ғұрпының басты ерекшеліктеріне айналғаны белгілі.

Орыстың тарих ғылымы бұл мәдениетке тән қабір қазу тәсіліне орайластырып, «көнешұңқыр» («древнеямная» немесе «ямная культура») деген атау берген. Кейде оны биік оба үю дәстүріне сай американдық археолог Мария Гимбутас ханым ғылыми айналымға енгізген «биік оба үю мәдениеті» («курганная культура») түрінде де атайды [41]. Біз бұл атауды бірізді болу үшін, Ұлттық энциклопедиямызда көрсетілгендей, «көнешұңқыр» түрінде алғанды жөн деп таптық.

*Неге биік оба үйіледі?*

Отырықшы жұрттардың зираттары мен қабірханалары, әдетте, өздері мекендейтін кенттердің ішінде немесе жақын төңіректе орналасатыны мәлім. Ал көші-қонға бейім түздіктер болса, марқұмдарының басына биік зәулім обалар тұрғызып әспеттегенді мақұл көреді. Бір жағынан, ол маң дала төсінде алыстан көзге ілігетін көрнекті белгі, адастырмас бағдар қызметін де атқарар еді. Сондай-ақ оны Алдыңғы Азия мен Месопотамия, Орта Шығыстағы әміршілерге арналып тұрғызылған пирамидалар мен ірі қабірханалардың далалық өңірдегі балама көрінісі десе де болады. Көнешұңқыр мәдениетінің дәстүрінде де көсемдер мен абыздарға арнап көтерілетін обалар, қатардағы адамдардың қабірін жапқан үймелерге қарағанда зәулімдігімен, үлкендігімен ерекшеленеді.



**Көнешұңқыр мәдениеті.**

- 1 – жерлеу; 2 – тас аса (скипетр);  
3 – қыш ыдыс. 4 – қабір үстіне биік оба үю.

Батыс жағы – Карпат тауларына, шығысы – Алтай-Саян өңіріне дейін ұласып, сол беттегі Мыңус (Минусин) ойпатында *афанасьев* мәдениетін түзген малшы тайпалардың дәстүрлері осы алып еуразиялық аймақтағы сансыз көп зәулім обаларда, жерлеу ғұрпындағы ортақ сипаттар жорасында таңбаланып қалған. Археологтар бұл жалпақ далалық кеңістікке көнешұңқыр мәдениетінің үрдістері тараған шамаға дейін мүрделерді шалқасынан тізесін бүгіп жерлеу рәсімінің болмағанына назар аударады. Н. Мерперт ол белгілер ж. с. д. VІІ мыңжылдықтан бастап қана Каспийдің оңтүстік беті мен шығысындағы отырықшылық-егіншілік орталықтарында тарай бастады, дегенге ден қояды<sup>10</sup> [118, 144-145].

<sup>10</sup> Жалпы бұл ерекшеліктердің палеолит замандарында мәлім болғанын да айта кету керек. Мәйітті шалқасынан жатқызып тізесін бүгіп жерлеу, үстіне жоса құю – Сібірдегі әйгілі түпкітүрктік сипатқа ие «Мальта

*Яғни, Балқантау, Шығыс Каспий мәдениеттерінің түпкітүрк сипатты жұрттарға тән екендігін дәйектейтін археологиялық, ДНҚ-генеалогиялық жаңаша тұжырымдарды тағы да қаперге алар болсақ, жалтақ Еуразия кеңістігіне қанатын керген көнешұңқыр мәдениетінің кей сипаттарын сол қауымдардың арғы үрдістерінен тарқатуға ден қоятын пікірлердің жаны бар екендігі одан әрі нақтылана түседі.*

Бұл ретте сол арғытүркілерге шамаланып телінер археологиялық нышандардың бір ізі әлгінде сөз болған «геометриялық микролиттер» заманына барып тірелері анық. Зерттеушілер Балқантау, Шығыс Каспий микролиттік үлгілерінің мезолит, неолит дәуірлерінде теріскейге, Ырғыз бен Еділ өзендері аралығындағы далалық аумаққа кеңінен таралғанына назар аударады. Ол жәдігерліктер әсіресе Солтүстік Каспий маңы өңірінің ежелгі аңшы-балықшы қауымдары қоныстанған «құмды жота тұрақтары» қазбаларынан көптеп табылыпты. Сонымен бірге *Бельт, Дам-Дам-Чешме, Жебел* үңгірлеріндегі мезолиттік қабаттарда кездескен түбі жұмыр, сүйір қыш ыдыс үлгілерінің<sup>11</sup>

---

бөбегінің» кабірінде кездескені белгілі. Осының өзі Орталық Азия және Оңтүстік Сібірде бұл үрдістің ежелден ұласқан тарихы барлығын да байқатса керек.

<sup>11</sup> Әдетте, зерттеушілердің тұжырымдауынша, сазбалшық ыдыстардың шығу төркіні – негізінен екі дәстүрге бейімделеді. Табаны тегіс, жайпақ қыш ыдыстар отырықшы мәдениеттерге тән болса, түбі жұмыр немесе сүйір келген ыдыстарды аңшы-балықшы қауымдар көбірек пайдаланатын көрінеді. Бұл олардың үнемі аң үйірлерінің ізін қуалай түзде жүретін немесе балық аулап су жағасын сүзетін тынымсыз қозғалыстағы тіршілік салттарына тікелей байланысты. Өйткені тұрақты мекені, жайлы ошағы жоқ тұз жағдайында тамақ дайындаған кездерде табаны жайпақ ыдыстарды отқа қоюдың тиімсіз тұстары бар. Ал түбі жұмыр, сүйір ыдыстарды екі-үш тастың арасына сұғындырып немесе от жанып жатқан жерді сәл шұңқырлап-ақ орнықты етіп қоя беруге болады [147, 47]. Сондай-ақ түбі жұмыр құмыралар сүт өнімдерін сақтауға да тиімді. Оны көшпелі баспана (немесе киіз үй) ішіндегі өзеннің дымқыл құмымен толтырылған арнайы шұңқырға көміп қойса, ағарған көпке

оңтүстік Еділ мен Жайық маңының неолиттік ыдыстарымен ұқсастығы да байқалған.

Осы орайда оншақты жыл бұрын ғана Орталық Азияның күнгей өңірлеріндегі негізінен *R1b* гаплотопты арғытүрк сипатты жұрттар өмір сүрген ортаға тән болған *түбі сүйір ыдыстар мен микролиттік тілікшелерге* ұқсас үлгілердің бір парасының Көлденең Жайықтың теріскей жағымен қапталдаса ағып барып Еділге құятын Самара өзені бойындағы Ескі Елшан қонысынан табылғанына назар аударуға тура келеді. Елшанның ең төменгі қабатынан қазылып алынған ол артефактілердің жасын зерттеушілер ж. с. д. YI-Y мыңжылдыққа апарып тіреді. Археологтар бұл жайтты неолит дәуірінде Еділ-Жайықтың орта атырабын, Оңтүстік Оралтау аймағын мекен еткен мезолиттік автохтон қауымдарға күнгей аймақтардан елеулі ықпал-әсерлер жеткенінің немесе өзара тығыз ауыс-түйістер өткенінің дәлелі ретінде есептейді [119; 114, 30-38]. Оларды бірінші тарауда сөз етілген, Каспийдің кезекті Дағыстан трансгрессиясы (ж. с. д. 5900-5000 ж.) кезіндегі топансу заманында кейін серпілген жұртпен бірге жеткен дәстүрлер ретінде де бағамдауға болады.

*Яғни, арғытүрк сипатты жұрттар неолит замандарында да Каспийдің күнгей-шығыс бетіндегі Балқантау-Жейтун аясындағы атамекендерінен, теңіз айналасындағы ойпаттардан Еуразияның далалық өңірлеріне бет түзеу импульстеріне қатысып отырған.* Балқантау жақтан шыққан қауымдар жолшыбай келтеминар аясындағы туыс мәдениет нышандарын бойларына сіңіре жүріп, тарам-тарам бағыттармен үздік-создық қоныс аударған, әр жұрттармен ықпалдастық қарым-қатынастарға түскен [147, 50].

Ол байланыстар іздерінің қазақ жеріндегі ж. с. д. YII-Y мыңжылдықтарға жататын Маңғыстаудағы ойықты, төлес, Есіл бойындағы атбасар, Торғай иініндегі мақанжар мәдениеттері мен

---

дейін бұзылмай салқын күйде сақталады. Бұл әдісті жайлауға шыққан малшылар осы күнге дейін қолданады [143, 262].

Ертіс атырабындағы неолиттік қоныстар жәдігерліктерінің түзілімдерімен үйлесім табатынын, Арал, Оңтүстік Оралтау, Алтай аралығында ауқымды мәдени-тарихи аумақ түзілгенін археологиялық зерттеулер де теріске шығармайды [60, 88-102; 82, 85-89; 120, 33-36; 127, 217-232]. Осы ретте Торғай ойпатындағы арғы түзілімдері бұдан 11-9 мың жылдарға кететін *мақанжар* мәдениетіне қатысты соңғы ДНҚ-генеалогиялық деректер, мақанжарлықтардың *R1b* гаплотопты қауымдарға жататыны туралы тапжылтпас айғақтар ұсынғанын да айта кеткенді мақұл көреміз [151] .

Бұл *мақанжардың* алғашқы нышандары мезолиттік Каспий регрессиясы дәуірлерінде теңіздің теріскей өңірлеріне Балқантау, Шығыс Каспийдің «геометриялық микролит» үрдістерін жеткізе, Еділдің сол алабында ж. с. д. 11000-9000 жылдар аралығында өркен жайған *R1b* гаплотопты *сероглазов* мәдениетіне [148, 1693-1694] іле-шала жалғасқан дәуірлерде, оның қазақ жеріндегі бір ізбасары ретінде дүниеге келген болуы керек, деген дәйекке жетелейді. Сол сероглазовтықтардың Еділ алабындағы тікелей үрім-бұтақтары Дағыстан трансгрессиясы (ж. с. д. 5900-5000) заманында Еділдің орта ағысына дейін ығысып, Елшан сияқты көне қоныстар қалдырады. Археологтар Елшанның қыш ыдыстарының Келтеминар мен Теріскей Каспий маңы керамикасымен тым ұқсас екендігін анықтады. Батысқа қарай Дон өзені алабына лықсыған ол жұрттардың, кейіннен жергілікті тұрғындармен бірлесе *төменгі дон, азау-днепр* мәдениеттерінің түзілуіне араласқаны да анық. Себебі бұл өңірлерге Каспий маңына тән ұлутас ұнтағы қосылған балшықтан жасалған түбі сүйір, жұмыр қыш ыдыс үлгілерінің жетуі [149] топансу мерзімінің соңғы жағына сәйкес келеді.

Әр тарапқа серпілген осы көші-қон үдерістері кезінде Жайық пен Дон арасындағы далалық кеңістікке тұңғыш рет *қой түлігі* де жете бастайды. Төрт түлік арасында қолға алғаш үйретілген үй жануарлары – қой-ешкі болғаны мәлім. Ғалымдар күнгей-шығыс Каспий маңы аймағының шұрайлы жайылымдарында ежелден қой

мен ешкінің жабайы тектерінің кең тарағанына назар аударады<sup>12</sup>. Дәл осы жайттың өзі бұл жануарларды үй түлігіне айналдыру үдерісінде Орталық Азияның күнгейі мен оған іргелес өңірлердің де кәдімгідей үлес қосуына мол мүмкіндіктер ұсынған артықшылықтардың біріне саяды [118, 138-146; 150, 327].

Арғытүрк сипатты қауымдарға тән археологиялық жәдігерліктер сақталып қалған оңтүстік-шығыс Каспий өңірінде қой-ешкі сүйектері ж. с. д. YII-YI мыңжылдықтарға тән қазбалар арасының өзінен кезігеді. Осы шамада одан шығысқа қарай жатқан Жейтун қонысында да уақ мал ұстау қолға алына бастаған еді.

Өндіруші шаруашылықтың негіздері қаланған «неолиттік төңкеріс» заманында қоректік дақылдар өсіру, жануарларды қолға үйрету арқылы сенімді тамақ көзін жасау тәсілі жүзеге асқаны мәлім. Күнгей-шығыс Каспий маңы балқантаулық қауымдарының да сол үдерістен тыс қалмағаны анық. Олар күнкөрістің аңшылық дәстүрін еш үзбестен осы аймаққа тиімді қой-ешкі өсіруді де қатар жүргізді. Өз кезінде археологтар мұны осы өңірдегі Гар-и-Камарбанд, Бельт, Дам-Дам-Чешме, Жебел үңгір-тұрақтарынан табылған уақ мал сүйектері мен қалың қиына қарап та дәлелдеген еді [107, 200-215; 118, 326-327].

Өндіруші шаруашылық қанат жайған неолит заманының өзіндік ерекшелігі – азық-түліктің молайып, адамдардың тамақтану деңгейінің бір қалыпқа түсуіне байланысты, халық санының өсу үдерісі де қатар жүреді. Сонымен бірге жердің тозуы, экологиялық дағдарыстардың кері әсерлері сияқты құбылыстардан да қашып құтылу қиын. Мұндай жағдайларда басы артық жұрт өз-өзінен жаңа қоныстарды игеруге ұмтылады, егістік жерлері азып, іске жарағысыз болған кездерде күнкөріске жарайтын басқа мекендерге көтеріле көшеді. Сол үдерістер барысында қауымдар арасында бірін-бірі ығыстырулар, қақтығыстар, атамекендерінде отырған тұрғылықты жұрттарды

---

<sup>12</sup> Мәселен, Үстіртте қойдың арғы тегінің бірі – Үстірт қойы (муфлон) өседі.

жылы орнынан қозғайтын дүмпулі қимыл-әрекеттер де атқарылып жатады.

Бір жағы дәл осындай жағдаяттардан туындаған адам санының күрт өсуі – ж. с. д. V мыңжылдық шамасында, арғытүркітер мекендеген төл аймақ ретінде белгілі Балқантау-Жейтун өңірлерінде де байқалыпты. Оны ғалымдар отырықшылық мәдениеті өркендеген Орталық Иран жақтан біраз елдің Көптау теріскейіне қоныс аударғанымен түсіндіреді [136, 11]. Бұл Каспий топансуы қайтып, Жыланды регрессиясы (ж. с. д. 5100-4300 ж.) өткен дәуірлерге де сәйкес келеді. Теңіз деңгейінің төмендеуі – Қап тауы мен Каспийдің күнгейіндегі өңірлерде ылғалдылықтың кемуіне, қуаңшылыққа әкеп соқтырған еді. Сондықтан күнкөріс қамын күйттеген жұрттардың кей бөліктерінің теріскейге қарай ауғанын иланымды жөңкіліс ретінде қабылдаған мақұл. Олардың денін – *адамзаттың алғашқы азиялық атамекенінің бір пұшпағында тұрып жатқан автохтондар, сондай-ақ алдыңғы замандарда Балқантау-Жейтуннан геометриялық микролиттерді алып барған R1b қауымдарының да ұрпақтары, ауыс-түйістері бұрыннан жалғасқан, этнотектік тұрғыда жақындығы бар жұрттар десек те болады.*

Әрине, Көптау шұраттары мен Үлкен және Кіші Балқантаудың құйқалы баурайларында, суы мол Үзбой дариясы атырабындағы шұрайлы өрістерде аң-құсын аулап, уақ малын өсіріп, егінін баптап отырған тұрғылықты қауымдар үшін адам санының мөлшерден тыс көбеюі басы артық салмақ. Сондықтан да жылдар өте келе тіршілігін күйттеген жұрттардың Жейтун маңындағы бір бөлігі шығысқа – Теджен өзенінің төменгі саласына қарай лықсып, сол шұратта *геоксюр* мәдениетін түзуге атсалысады. Кейіннен, ж. с. д. IV мыңжылдықтан бастап, олардың бір бөлігі Әмудария асып, Заравшан жазығына өндіруші шаруашылық үрдістерін жеткізеді, Самарқан төңірегінде ірі металл өңдеу орталығы – *саразм* мәдениетінің туындауына үлес қосады [136, 12-13; 128; 2, 32-35]. (Кейінгі жылдарда зерттеушілердің осы *саразм* мәдениетінің нышандарынан ұлыдалалық *көнешұңқыр*, Торғай өңіріндегі *терсек*, алтайлық *афанасьев* мәдениеттерімен ұқсас сипаттарды



тауып, олардың бір-бірімен этникалық жағынан туыс болуы мүмкін деген тұжырымдары [152, 13-31; 142, 165] да, біз тілге тиек етіп отырған ДНҚ-генеалогиялық қисындардан алыс кетпейді. Бұл олардың бәрінің түбінің негізінен *R1b* қауымдары түзген сол ортақ балқантаулық, шығыскаспийлік дәстүрлерге барып тоқайласатынын да аңғартқандай болады).

Басы артық жұрттардың жаңа қоныс іздеген осы көші-қондық лықсулары заманында *Көптаудың батыс беткейіндегі мал шаруашылығымен айналысқан қауымдар*, палеолит дәуірлерінен бері мәлім – құлан, киік үйірлерінің меридиан бойымен, көктемде Үстірт аса, Жем мен Жайыққа дейін өріс аударып, қыста қайта оралып жататын дағдылы бағыттары ізімен, теріскейдегі шүйгін жайылымдарға қарай біртін-біртін бет түзеген еді. Олар азынаулақ уақ малын өргізе жылжып, сол замандарда Әмудария суын Каспийге молынан құйып жатқан ағыны қатты Үзбой өзенін бойлай, Үстіртті өрлей, Аралды төңіректтей, оның теріскейін айнала, жол-жөнекей Келтеминар мәдениетінің үрдістерін қамти, кей топтары көңілдеріне жаққан мекендерде тұрақтап қала жүріп, ұзақ жылдарға созылған лықсу, қоныс аудару үдерісіне қатысады. Сөйте-сөйте Жем мен Еділ өзендері аралығындағы қой-ешкі түлігі сүйсініп жейтін далалық кермек шөпті жайылымдарды тіршілікке қолайлы атыраптарына айналдырады.

Өрістің кенеюі – қой санының жедел өсуіне ықпал еткені анық. Ал мал басының көбеюі адам санының өсуімен қатар жүретін құбылыс. Саны молайған малшы жұрттың теріскейдегі уақ жандықтарға қолайсыз орманды белдеулерге көп сұғына бермейтіні анық. Оларға түздің оты керек. Сондықтан да қоныс ұзарту бағдары, өз-өзінен екі қапталға – байтақ жайылымдары мол батыс пен шығыс бағыттарға қарай қанатын жайған еді. **Сөйтіп, олар кейіннен Ұлы Дала кеңістігіне тән болған түздік өмір салтының әуелгі құнарлы өрістерін сол өңірлерді бұрыннан мекендеп, «геометриялық микролиттер» үрдісін ұстанған арғытүрк сипатты жұрттармен бірлесе кеңейткен алғашқы малшы қауымдарға айналады. Кейінгі балқантаулық және жергілікті автохтондардың тіршілік дәстүрлерінің сабақтасып**

**тоғысуынан – осы алып аймақта энеолиттік көнешұңқыр мәдениетінің ілкі нышандары орныға бастады.**

\* \* \*

Әйгілі археолог Н. Я. Мерперттің зерттеулерінде көнешұңқыр мәдениетінің алғашқы ошағы Жем мен Еділ өзендері аралығында мыстас (энеолит) заманында ұйысқаны алға тартылады [118; 150]. Десек те, кейінгі онжылдықтардағы қазба жұмыстарының нәтижесінде – бұл өңірлерге малшылыққа бейім қауымдардың келуі, одан ілгерірек замандарда басталғаны дәлелденіп отырғанын да айтуға тиіспіз. Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының соңында Еділ бойынан аршылған ерте энеолиттік *хвалын мәдениетінің* (ж. с. д. 5000-4000 ж.) артефактілері бұл мерзімді мың жылдай әрі қарай сырғытқан еді. Хвалын аясындағы қабірлерде де мүрделерді ағаш қабығы төселген шұңқырларға шалқасынан тізесін бүктіре жатқызып, сүйекке қызыл жоса құйып жерлейді екен. Ыдыстарының түбі де көнешұңқырға тән, жұмыр. Мүрделердің бастарын сәл бұрып, солтүстік-шығысқа қаратқаны, қабірлердің үстіне оба үйілмегені болмаса, айырмашылығы шамалы ғана.

Сондай-ақ археологтардың назарын ерекше аударған бір жайт, қабірлерден *қой-ешкі* сүйектерінің де табылғаны болатын. Бұл сол кездің өзінде қой етін адамның о дүниелік азығы ретінде қабірге қою дәстүрі қалыптасқанын көрсетеді. Демек, осы ретте мал ұстаудың бұл өңірде одан ілгергі замандарда басталғаны туралы жорамалдың да қисыны келіп шығар еді.

Ғалымдардың әрі қарайғы зерттеулері бұл сауалға да жауап тапқан. Самара өзені бойындағы Съезжая қонысы маңындағы ж. с. д. V мыңжылдық қарсаңына жататын, үстіне оба үйілмеген қабірлерге қазба жұмыстары жүргізілген кезде, хвалындық (ілкі көнешұңқырлық) жерлеу жораларына ұқсас сипаттар кезікті. Үстіне жоса құйылып, басы солтүстік-шығысқа қаратыла шалқасынан жайғастырылған мүрделердің жанына мал сүйектері, жылқының екі басы қойылыпты [119].

Съезжая және басқа да ерте энеолиттік тұрақтардан табылған дәйектерге орай, археологтар бұл аумақта сол кезеңдерде *самара* мәдениетінің қауымдары мекендеді деп бағамдады. Одан күнгеіге қарай *каспий маңы ойпаты* мәдениетінің, батысқа қарай *төменгі дон, азау-днепр* мәдениеттерінің жұрттары жайлағаны пысықталды. Олардың әрқайсысының өзіне тән төл ерекшеліктері болғанымен, негізінен тіршілік-салттары жақын, мал шаруашылығымен, мыс балқытумен айналысатын түздік қауымдар еді. Бәрі де Каспий маңына тән ұлутас ұнтағы қосылған балшықтан жасалған түбі жұмыр, сүйір қыш ыдыстарды, жасалуы ұқсас шақпақтас құралдарды, үшбұрышты садақ жебелері мен найза ұштарын тұтыныпты. Мүрделер шалқасынан жатқызыла, тізелері бүгіле жерленіпті. Үстеріне жоса құйылыпты. Осы ұқсастықтарына орай, ғалымдар тарапынан түп-төркіні түздік, әрі қарай тереңдетілсе, балқантаулық сілемдері тарқатылатын бұл төрт мәдениет біріктіріліп, Азау теңізі жағасындағы терең зерттелген Мариуполь қабірі атымен – *мариуполь мәдени-тарихи қауымдастығы* деп топтастыра атау жүйеленді [149]. Яки Жем мен Днепр аралығындағы кеңістік сипаты бірыңғай далалық мәдениет аясына енгізілді.

Ерте энеолитте сол мариуполь қауымдастығы *хвалын, ортастог* мәдениеттерімен (ж. с. д. 5500-4000) алмасты. Біз тілге тиек етіп отырған *көнешұңқыр мәдени-тарихи қауымдастығы* (ж. с. д. 4500-2300) да осы археологиялық құрылымдардың негізінде қалыптасқан еді [116]. Ол біртін-біртін ерте энеолиттік хвалын дәстүрлерін әрі қарай қола дәуіріне ұластырып, Карпат пен Алтай арасын жалғап жатқан аясы тым ауқымды ұлыдалалық мәдениетке айналды [153; 154; 155; 156].

Яки, бұл дәйектер күнгеі-шығыс Каспий жақтан арғытүрк сипатты *R1b* қауымдардың бір бөлігінің көші-қон лықсуларымен бірге жеткен, мал шаруашылығына бейіл таныта бастаған импульстердің ықпал-әсері алдымен Жем мен Еділ аралығындағы далалық өңірлерге тигенінен хабардар етеді. Оның біреп толқыны көлденең Жайықтың теріскей қапталындағы Жалпы Сырт үстіртін аса, ж. с. д. V-VI мыңжылдықтардың тоғысында Самара өзенінің

құйқалы атыраптарына дейін ілігеді. Осы орайда әлгінде сөз етілген, археологиялық жәдігерліктерінің өн бойынан күнгей өңірлерге тән сипаттар (*микролиттер, түбі сүйір ыдыстар*) кәдімгідей ұшырасатын неолиттік Елшан қонысының да дәл сол Самара мәдениеті өркен жайған аймақта орналасқанын қаперге алсақ жеткілікті [157].

Бұл көші-қон үдерістері бір жағынан, арғытүрк сипатты жұрттардың мезолит дәуірлерінен белгілі, ежелден Каспийдің күнгейі мен теріскейін, Арал мен Жайық арасын қосып жатқан, аңшы қауымдардың құлан мен ақбөкен үйірлерінің маусымдық миграцияларына ілесе, үздіксіз із кесетін дағдылы бағыттарын жаңғыртқан өріс ұзартулары да болатын.

Демек, манадан бері ғылыми дәйектермен тәптіштей тізбектеп отырған қаузауымыздан шығар қорытынды: Орталық Азияның күнгей-батыс аймағындағы балқантаулық қауымдардың қой-ешкі түлігін өсіруге ыңғай берген бірер толқыны, өздерінен ілгергі замандардан белгілі киік, құлан өрісін қуалаған көне сораптар іздерімен теріскейге қарай жылжу барысында, ж. с. д. YI-Y мыңжылдықтарда Еділ-Жайықтың орта ағыстарындағы атыраптарға дейін жеткен. Бірер тобы батысқа беттеп, Дон өзенінен де асқан. Ал шығысқа, теріскей-шығысқа беттеген қой-ешкілі қауымдар Аралдың теріскейіндегі неолиттік, энеолиттік Сексеуіл тұрақтарына, Оңтүстік Оралтаудағы *сортанды (шортанды), ақеділ* мәдениеттері деп аталған археологиялық аумаққа түліктерін іліктірген [114, 29-38]. Бұл айтылғандарды Маңғыстаудың Бозашы түбегіндегі ерте энеолиттік Шебір, Ақтау қаласына жақын жердегі Қосқұдық тұрақтарынан табылған жәдігерліктер үлгілерінің *самара, хвалын* мәдениеттерінде ұшырасатыны да теріске шығармайды [82, 90-92, 97-99].

Археологтардың кейінгі жылдарда Еділ-Жайық аралығындағы аумақтан Хвалын мәдениетімен үндес Алтыата, Қараөзен, Сарыөзен, Торғын өзендері алаптарында тұрақтары қалған *алтыата мәдениетінің* (ж. с. д. Y-IV мыңжылдық) іздерін табуы да, Шығыс Каспийден Орта Еділге дейін ұласқан ежелгі тұтастықтың аражібін жалғап, сабақтастығын дәйектеген жаңалық

болған еді. Ол зерттеулерде *алтыата мәдениетінің* бірсыпыра бастау-қайнарлары соның алдындағы мыңжылдықтарда *төменгі еділ мәдени қауымдастығы* аясына енген *сероглазов, жангар, орлов* мезолиттік-неолиттік мәдениеттерінен тарқатылғаны нақтыланды [158; 159; 160].

ДНҚ-генеалогия мәліметтері бойынша да Сартан мұз дәуірінің соңында арғытүрк сипаты *R1b* жұрттарының біраз бөлігінің Батыс Орталық Азияның оңтүстігінен теріскей өңірлерге қарай жылжуы барысында, 13 мың жылдай бұрын Солтүстік Каспий ойпатына жеткені профессор А.Клесовтың зерттеулерінен белгілі. Ғалымның «*R1b гаплотоп қауымдары... 13-11 мың жыл бұрын сероглазов мәдениетінің, одан кейін 8-7 мың жыл бұрын ортаеділ мәдениетінің, 7 мың жыл бұрын самара, 7500-5500 жыл бұрын ортастог, 7-6 мың жыл бұрын хвалын, 7-5 мың жыл бұрын кама мәдениетінің негіздерін қалады. Соңыра олар көнешұңқыр мәдениетін (6500-4300 жыл бұрын) түзді*» [116, 1656-1657] дегені де осы археологиялық тұжырымдармен дәп үйлеседі.

Осы орайда көнешұңқыр мәдениетін жасаушы жұрттарды талай уақыт бойы тек үндіеуропалықтар ретінде танып келген тұжырымдардың қате екендігіне де ДНҚ-генеалогия деректері бұлтартпас дәлел ұсынғанын атап өткеніміз орынды болмақ. Алайда, ол дәлел туралы сөз етпес бұрын, көнешұңқыр мәдениеті осыған дейін неге үндіеуропалықтарға ғана телінді, деген мәселенің мәнісіне де барып алған жөн сияқты.

Ол бір жағынан, кейінгі кездерге дейін меселі үстем боп келген үндіеуропалықтардың атамекені туралы болжамды қуаттаудан туындаған жайтқа да саяды. Біраз ғалымдар тарапынан түп үндіеуропалықтардың ілкі атамекені – *Армян қыраты мен Теріскей Месопотамия* аймағы деп айтылатын тұжырымдар бұрыннан бар. Және ол талай уақыт басты тұспалдардың бірі болып келгені мәлім. Ол көзқарасты қолдаушылардың бағамдауынша, арғыүндіеуропалық жұрттар сол өңірлерден ж. с. д. V-II мыңжылдықтарда батыс пен шығысқа қарай жылжыды деп саналады. Шығысқа беттегендердің бір бөлігі Үндістанға, бір бөлігі Алтай бетке, Шығыс Түркістанға, бір бөлігі Каспийдің

шығыс бетін бойлай Еділ-Жайық алабына жетіп, содан батысқа қарай бұрылды, деп жорамалданатын. Осы көші-қон үдерістерінің нәтижесінде олар аяқ басқан Орталық Азия аймағын әуелден үндірандық өңір ретінде санау мәселесі жұпталады [39; 161; 162].

Содан үндіеуропалықтар Еділ алабы мен Қара теңіздің теріскейі арасында біршама тұрақтады делінер еді әрі қарай. Осы өңірде арғыүндіеуропалық тілдің диалектілерге бөлінуі жүрді, сондықтан да бұл аймақты үндіеуропалықтардың “*екінші атамекені*” деп атаудың жөн болмағы алға тартылатын. Сол ортақ атамекеннен батысқа қарай жылжыған қауымдардың Балқан-Карпат аймағындағы ежелгі үндіеуропалықтармен қауышуы – біртіндеп жаңа тілдердің туындауына ықпал етті деп байыпталатын. Соның арқасында Орталық пен Батыс Еуропада италий, кельт, иллирии, герман, балтық, славян тілдері түзіле бастады деп түйінделетін.

Бұл көзқарастың өрістеуіне өткен ғасырдың елуінші жылдарының соңында Американың литван текті археологы Мария Гимбутас ханымның «Қорған теориясы» (Биік оба үю теориясы) деп аталған болжамының [41] да әсер-ықпалы зор болды. Ғалым қабірлердің үстіне оба көтеру ерекшелігімен байқалған көнешұңқыр мәдениетін құрушыларды ілкіүндіеуропалықтардың нақ өзі деп таныған еді. «Каспийдің шығысынан Еділдің орта алабына дейін жайлаған бұл жартылай көшпелі малшылардың батысқа қарай әуелгі жылжуы ж. с. д. 4400 жыл шамасында басталды. Ұзын семсер, найза, балта, садақпен қаруланған олар Қара теңіздің теріскейіндегі аңшы-егінші қауымдарды оп-оңай бағындырды» [38, 387-393], деп жазады теория авторы. Ол бұл орайда көнешұңқыр мәдениетінің *самара, ортастог, хвалын* мәдениеттерінің жалғасы екендігін де дәлелдейтіндей айтады. Сондай-ақ ғалымның көнешұңқырлықтардың батысқа қарай қанатын керуі барысында қалдырған археологиялық ишаралар ізін нақтылауы, олардың бұрынғы мәдениеттермен ықпалдастығы, шаруашылық бағыттарына, ыдыс-аяқ, құрал-жабдықтарға өзіндік өзгерістер әкелгенін дәйектеуіне де мін тағу қиын. Бәрі орнықты, тиянақты.

*Бірақ келіспей тұрған жалғыз нәрсе – осы көнешұңқырлықтарды Гимбутастың және оны қостайтын басқа да ғалымдардың үндіеуропалықтар деп бағамдауында ғана.* Егер сол үндіеуропалық деген сөздің орнына *арғытүркітер* деп жазылса, бәрі жүйе-жүйесімен үйлесе кетер еді. Өйткені, ДНҚ-генеалогиялық ақиқаттар бойынша, көнешұңқыр заманында *Ілкіүндіеуропалықтар (арилер)* Еділ-Жайық жаққа әлі аяқ басқан жоқ болатын. Олардың алғы легі, бұл дәуірлерде, жоғарыда сөз еткеніміздей, Қара теңіздің батыс бетінде, Балқан, Карпат аймағында күн кешіп жатты. Ілкіүндіеуропалық тілде сөйлеуші арилердің сол мекендерінен шығысқа беттеп, Орталық Азияның батыс қапталына жетуі арада *екі мың жыл* шамасы өткеннен кейін ғана жүзеге асты. Ал Гимбутас негіздеген жартылай көшпелі көнешұңқырлықтардың батысқа қарай жылжуы – түптеп келгенде негізінен арғытүрк сипатты *R1b* жұрттарына тән өріс ұзарту үдерістері болатын [29, 43-47].

ДНҚ-генеалогиялық деректер арғытүрктік *көнешұңқыр* мәдени-тарихи қауымдастығының өз қайнар-бастауын алдындағы *хвалын* мәдениетінен сабақтастырғанын, ал *хвалын* – *самарадан, самара* өз кезегінде 8 мың жыл бұрынғы *ортаеділ* мәдениетінен өркен жайғанын дәлелдейді. 7-6 мың жыл бұрынғы *хвалын* мәдениетінің сонымен бірге Көкшетау өңіріндегі *ботай* мәдениетіне де әсер-ықпалы зор болды. Яки, *көнешұңқыр* дәуірінде де, одан бұрынғы, сонау *сероглазов* (ж. с. д. 11000-9000), *мақанжар* (ж. с. д. 9000-7000) мәдениеттерінен бергі – төрт мың жыл бұрынғы замандарға дейін де Батыс Орталық Азия мен оның шығыс қапталдарында да ешқандай үндіеуропалықтар, ДНҚ тілімен айтқанда кейінгі «арилік» *R1a* қауымдары мекендеген емес. Аталған мәдениеттер негізінен арғытүрк сипатты жұрттар, яғни *R1b* зәуатты ұрпақтар түзген *мәдени-тарихи қауымдастықтар* болатын [151; 163, 2440-2441]. Орталық Азияда ежелден ғұмыр кешкен, әлгінде тілге тиек етілген «үндіеуропалық емес», «автохтон» арғытүрк *R1a* жұрттарының да ол мәдениеттер мен батысқа беттеген көші-қон үдерістеріне еш қатысы жоқ [34].

\* \* \*

Көнешұңқыр мәдениетінің әуелгі нышандары энеолиттің (ж. с. д. 5000-3000 мың жыл аралығы) басында қылаң бергенін нақтылау барысында, осы мыстас дәуірінің өзіндік ерекшеліктеріне тоқтала кеткен де жөн сияқты. Энеолит – адамдар өміріне мыс құралдар енген дәуірдің атауы. Мыстың пайда болуы егіншілер сияқты малшыларға да өндіруші шаруашылықты дамытуда елеулі табыстарға қол жеткізуге мүмкіндік әперді. Тұрмысқа қажетті инелер, түйреуіштер, қармақтар, әртүрлі әшекейлер жасау жеңілдеді.


Ғалымдар далалық энеолиттің төл ерекшелігі ретінде, онда мыспен қатар тас индустриясының да жойылмағанын айтады. Бұрынғы *геометриялық микролиттердің* орнын енді мыс құралдар алмастыра бастағанымен, тасты өндеудің жаңа түрлерін жасау да одан әрі үзілмей жалғасып тұрды. Өздігінен қайралатын балғалар, найзалардың өткір ұштарын дайындау, оймалау, тесу, т. с. с. тәсілдер өрбіді. Энеолитке тән ерекшеліктерге, сондай-ақ аналарды пір тұту, олардың шағын мүсіншелерін жасау, қыш ыдыстарды бояумен әшекейлеу, отырықшы мекендерде кесектен соғылған үйлер тұрғызу, кетпенмен жер өндеудің кең тарауы да жатады [139, 5-8]. Геологтардың тұжырымдауынша, қазақ жеріндегі Кенді Алтайдың, Қордайдың, Жезқазған төңірегіннің ірі мыс кен орындары адамдарға сол энеолит замандарынан белгілі болған [164, 46]. Түрікмен жерінің оңтүстігіндегі жейтун мәдениеті аясындағы аймақтарға Самарқанд шаһары маңындағы *Саразм* мыс қорыту орталығының өнімдері жетіп тұрса [2, 34], көнешұңқыр мәдениетінің кеншілері қазіргі Орынбор өңіріндегі Көлденең Жайықтың теріскейін бойлай ұйысқан Қарғалы кен алабының мысын игеруге араласты [165; 166].

Археологиялық зерттеулер дәлелдегендей, Орталық Азияның батыс, солтүстік аймақтарында, Орталық Қазақстанда мыстас дәуірінің алғашқы із ашушылары ретінде танылған көнешұңқыр мәдениетінің аясы уақыт өткен сайын қуаттанып, жаңа сипаттарға ауыса бастайды. Ерте энеолиттік *хвалын*, *алтыата* кезеңдерінде қабірлердің үстіне оба үйілмейтін еді. Енді биік обалар көтерілетін



болды. Мұның өзі осы өңірлерде мал шаруашылығымен айналысатын жұрт санының өскенін, ірі қауымдардың құралып үлгергенін көрсететін нышанға балаады. Өйткені зор обаларды көтерудің көп адам күшін қажет ететіні белгілі. Демек ол көнешұңқырлықтар арасында әр деңгейлі әлеуметтік ахуалдың орныққанынан да хабардар етеді.

Археологтар ірі көлемді обалар астындағы қабірлерде көсемдер мен абыздар қойылғанын дәлелдеп шықты. Мәселен, жоғары дәрежелі көсемдерге бағышталған, диаметрі 110 метр, биіктігі 3,5 метрдей обаны тұрғызу үшін 500 адамның 80 күндей жұмыс істеуі қажет екен. Қоғамдағы мәртебесі көсемдерден кейін тұратын тұлғаларға диаметрі 50 метрден асатын, одан кейінгі қарапайым адамдарға диаметрі 50 мен 20 метр аралығындағы обалар тұрғызылыпты [167, 96-97]. Кейбір зор қабірлерден жануарлар бейнелеріне ұқсастыра, тастан қашалып, күрзі, асатаяқ секілді, әміршілердің қолға ұстап отыруына лайықталып жасалған арнайы үстемдік нышандарының (аса, скипетрлердің) табылуы – әдетте сол ортада билеуші тұлғалардың пәрмені жүріп тұрғанын байқататын нышанға жатады [118, 129-134; 149; 168, 308-351].



*Көнешұңқыр мәдениетінің ыдыстары мен құрал-саймандары*

Каспийдің шығыс беті, Мұғалжар тауы мен Еділ өзені аралығындағы далалық кеңістікті қамтыған ұйытқы жұртта төл дәстүрлерінің сараланып қалыптасуы өткен көнешұңқырлық өндіруші шаруашылық жүйесі, осы өңірде мал өсірудің тиімділігіне қол жеткізді. Көдесі мен қауы, бозы мен бетегесі желкілдеген шүйгін жайылымдар мыңғыртып қой өсіруге нағыз қолайлы өріс болып шықты. Біртін-біртін мал басының артуы, адам санының өсуі арқасында жаңа қоныстарды әрі қарай игеру басталды. Мал тұяғына ілесе өріс қуалай, қанатын кере жайған түздік жұрт көп ұзамай, Ұлы Даланың шығысында – Алтай-Саянға, батысында – Дунай алабына дейін жетті. Олардың бұл көші-қон бағыттарының іздері дала төсіндегі маң төбе-обаларда, ондағы дәстүрлі төл жерлеу ғұрыптарында сақталып қалған [118, 123-132; 169; 69-81; 147, 100-113; 167, 86-87]. Әуелі мезолит, неолит, энеолит замандарында Орталық Азияның оңтүстігінен, Балқантау аймағынан басталған көші-қон үдерістерінің сілемдерін, олар тұяқ іліктерген жерлердегі атаулардан да байқауға болатындай. Орталық Қазақстандағы Балқантау (Қу таулары), Оңтүстік Оралтау атыраптарында ұшырасатын бірнеше Балқантау атаулары сол дәуірлерден жеткен нышандарға жатуы да ықтимал.

Әрине, көнешұңқырлықтар өздері басып өткен жолдарында төл үрдістерін таратып қана қоймай, көші-қон барысында ұшырасқан автохтон қауымдар тарапынан да ықпал-әсерлерге ұшырап отырды. Әртүрлі мәдениеттермен ауыс-түйістер, ықпалдасулар өтті. Кей жоралар соны сипаттармен толықты, жаңа түзілімдер пайда болды.

Көнешұңқыр мәдениетінің алғашқы нышандары қалыптаса бастаған ерте энеолиттік дәуірде (ж. с. д. 5000-4000) Жайық пен Самара, Тобыл мен Есіл алаптарында түздік жұрттардың тікелей араласуымен адамзаттың ұлы жаңалығы – жылқыны қолға үйрету жүзеге асты. Кейіннен дөңгелекті арба дүниеге келді. Соның арқасында мал шаруашылығымен айналысушылардың жаңа жайылым іздеп, алыс қоныстарға көшу мүмкіндігі артты. Далалық климатқа сай келетін асыл түлік – жылқыларды көптеп өсіру, олардың етін, сүтін пайдалану – түздіктерге тән тіршілік

дағдысына айналды. Көшпелі өмір салтының дамуы адам санының өсуіне, әр түрлі қауымдар арасындағы қарым-қатынастардың өрістеуіне, жаңа мәдениеттердің туындауына әсер етті. Ол ықпалдар осы аймақта бұрыннан мекендеп келе жатқан жұрттарға этникалық жағынан да елеулі өзгерістер әкелді. Олардың бір-бірімен араласуы, сіңісу үдерістері қарқынды жүрді.

## 2. ЕУРОПАНЫ ҚАУСЫРҒАН ҰЛЫДАЛАЛЫҚ *R1b* ҰРПАҚТАРЫ

Археологиялық дәйектер ілкі дәстүрлері *мариуполь*, одан кейінгі *хвалын* мәдени-тарихи қауымдастықтары кезеңдерінде-ақ байқалып, Жем мен Дон өзендері арасын жайлаған *көнешұңқырлықтардың* одан әрі батысқа қарай алғаш жылжуы ж. с. д. 4500 жылдар шамасында басталғанын алға тартады [38, 397-399]. Осы көші-қон лықсуларымен бірге *көнешұңқыр* мәдениетінің әуелгі майлы жұрты – Орталық Азияның батыс аймақтарында қалыптасқан төлтума сипаттар, мәйітті шалқасынан тізесін бүгіп жатқызу, қабір үстіне оба үю дәстүрі де Еуропаның орталық өңірлеріне қарай ауысты.

Сол дәуірлерде Днепр-Дунай аралығында неолиттік-энеолиттік *триполье-кукутень* отырықшы мәдениеттерінің (ж. с. д. 5000-3000) орнығып, марқаюы жүріп жатқан болатын. Оларды түзушілерді ДНҚ-генеалогтар ежелгі еуропалық *I2/I1* немесе түбі Орталық Азиядан шығып, Үндістан, Иран, Анадолы арқылы Балқан түбегіне ж. с. д. 10000 жыл шамасында жетіп, 5 мың жылдан кейін теріскей-шығысқа қарай өріс ұзартқан *R1a1* гаплотипті қауымдар ретінде таниды [18, 835].

Атамекен демекші, талай жылдардан бері әрқилы пікірталастар тақырыбына айналып, түйткілі шешілмей жүрген үндіеуропалық тілдің ұйытқы жұрты да дәл осы ДНҚ-генеалогиялық зерттеулер арқылы анықталғандай болды. Ол атамекен талай уақыт тілге тиек етілгендей, Анадолы түбегінің шығыс жағы емес, *R1a* жұрттарының ұзақ аялдап, тілдік тұрғыда құнарлануы өткен Қара теңіздің батысындағы *Балқан түбегі* екен. Бүгіндері Сербия,

Косово, Босния, Македония елдері орналасқан бұл өңір *R1a1*-ның көне еуропалық зәуазаттарының майлы жұрты болып шықты. Ол ұйық аймақтың осыған дейінгі үндіеуропалық атамекендерге тән болуға тиіс деп саналған барлық палеозоологиялық, палеоботаникалық талаптарға жауап беретінін былай қойғанның өзінде, сол Балқаннан жан-жаққа өрбіген үндіеуропалық *R1a1* гаплотиптерінің көші-қондық үдерістерінің де бір-бірімен сабақтас, тектес екендігі дәлелденді<sup>13</sup> [18, 649-657; 29, 45-46]. Олардың бірер тобы Карпаттың теріскейіне өтіп, Балтық теңізіне дейін өрлесе, бірер тобы шығысқа бағыт ұстап, Днепр-Дунай аралығын қоныстаныпты. Ж. с. д. 2500 жылдар шамасында Шығыс Еуропа жазығын мекен етіп, *арилер* деген атқа ие болған бұл *R1a1* жұрттары, кейіннен зерттеушілер жіктегендей, үш бұтаққа: *митаннилік арилерге*, *авесталық арилерге*, *үнді арилерге* сараланыпты. Арилер әуелгіде *көнешұңқырлық*, одан кейін *катакомбалық* қауымдастықтармен мидай араласып, далалық әсер-ықпалдарға мольнан ұшырай жүріп, *жіп таңбалы көзе*, *көп білікті керамика* мәдениеттерін түзуге қатысады. Ол жұрттардың алдыңғы лектері ж. с. д. II мыңжылдық басында ғана Оңтүстік Оралтау баурайындағы металлургиялық ошақтарға қарай еңсеріліп, қазақ жерінің батыс жағына аяқ іліктіреді. Кейіннен жергілікті автохтондармен бірлесе күллі Орталық Азияға тән болған *ілі андрон* мәдениетін түзуге араласқандар да осы арилер болатын. Қазақстанның теріскей-батысындағы *сынғасты-арқайым* мәдениетін құруға да белсене атсалысқан олар, ж. с. д. 1600 жылдары Арқайымды тастап, Үндістанға, одан кейін Иранға асады. Шығыс Еуропа жазығынан Иранға дейінгі аралықты қамтыған осы мыңжылдық көші-қонға қатысушылардың әуелгі зәуазаттарының ортақтығын – олардан қалған *ари* текті *R1a1* базалық гаплотипінің біртектілігі де дәлелдейді [18, 656-660; 163, 2444, 2457].

---

<sup>13</sup> Бұл гаплотиптің ең ежелгі түпкітүрктік түрінің Шығыс Түркістан өңірінде сақталып қалғанын бірінші тарауда сөз еттік.

Сол замандар сілемін бүгінге жеткізіп, мазмұны ж. с. д. 3-1 мыңжылдықтар арасын қамтитын көне «Авеста» жырларында Орталық Азияны басып өткен бұл жұрттардың өздерін *ари* деп атауына байланысты, ғылымда да *арғы үндіран* тілдерінде сөйлейтін бұл қауымдарды *арилер* деп жұптау қалыптасқан [56, 55, 431-432]. Әдетте көне үндіше \**arya*, авесташа *airya*, көне парсыша *ariya* түрінде таңбаланатын осы сөзден Ариана (арилер елі), Эран, Иран атаулары пайда болған деп түсіндіріліп жатады [205, 432]. Дегенмен, Иран ғалымдарының *ари* сөзінің түбірі *ер*, *еркін* (тәуелсіз) деген мағынадан туындайтынын да айтатыны бар. Бұл көнетүрктік *-ap/er* сөзінің мағынасынан да алшақ емес. Себебі, “адам (адамдар)” мағынасын білдіретін бұл морфологиялық – *ap/er* нұсқасы көптеген түрк жұрттары мен тайпалары атауының құрамында кездеседі. Ол *суб-ар*, *хаз-ар*, *бұлғ-ар*, *аб-ар*, *маж-ар*, *қанғ-ар*, *тат-ар*, *қаж-ар* ж. т. б. этнонимдерде “*адамдар*, *жұрттар*” деген мағынаға саятын жұрнақ ретінде қолданылады. Түрк тілдеріндегі *ер* (ер кісі) ұғымы да осыған сабақтас [206, 133-141]. “*Ер*”, “*ерен*” сөзі көне түрк заманында да, шумер тілінде де дәл қазіргідей *ер* (ер кісі), *ер* (ержүрек), *ерен* (жауынгер) мағынасында қолданылған [187, 175-176; 55, 212]. Демек, бұл тұрғыдан алғанда да еуразиялық Ұлы Даланың батысынан бастап, Орталық Азия арқылы Үндістан мен Иран жеріне қарай үздік-создық қоныс аударған *арилердің* (ерлердің, адамдардың, жұрттардың) энеолиттен бері арғытүрктік ортамен тығыз араласқан қауымдар екенін, ол атаудың сол көнешұңқырлық басымдық замандарында үстем тіл мәртебесін иеленген арғытүрк сипатты тілден ауысқан, тіпті сол *R1a1* гаплотипінің ең ежелгі сілемі Алтай мен Шығыс Түркістанда қалған «*үндіеуропалық емес, алтайлық автохтон*» замандарынан келе жатқан [29; 203; 207], ностра төркінді сөз болуы мүмкін екенін де қаперде ұстаған мақұл.

Ұйысқан атамекені Балқаннан жан-жаққа өрбіген *батыстық R1a1* гаплотипті жұрттардың Еуропа мен Үндістан аралығын қамтыған көші-қон үдерістері арқылы, негізінен осы зәуазаттылардың етене тіліне айналуына байланысты, зерттеушілердің кейіннен бұл тілдік топқа *үндіеуропалық* деген

ортақ атауды ойдан шығарып бергені мәлім. Оның құрамына бүгіндері – хет-лувий, үнді, иран, грек, итальян, роман, кельт, герман, балтық, славян топтары сияқты лексика-грамматикалық, фонетикалық негізі бір, туыстас тілдер енеді [14, 186-190]. Жоғарыда айтылғандай, бұл тілдің ілкі диалектілерінде сөйлеушілер Балқаннан шығысқа қарай өріс ұзарта, Днепрден бергі Ұлыдалалық кеңістікке аяқ іліктіріп, көнешұңқырлықтармен араласа бастаған кездерінен өздерін «Авеста» дастандарында таңбаланып қалғандай, *ари* деп атай бастаған сыңайлы [208, 225-228]. Біз де өз зерттеуімізде осы иланымды ұстана отырып, Орталық Азияда бұдан 4 мың жылдан бері іздері қалған бұл *R1a1* гаплотипті тайпаларды, этнонимнің түп негізінде түпкітүрктік сипат болу мүмкіндігін ескере келе, алдағы беттерде *арилер* деп атағанды мақұл көреміз.

Арилер туралы аужайды осылай бір жұптап алған соң, көнешұңқырлықтардың батысқа беттеуіне байланысты сөз қозғай бастаған, жаңағы әңгімемізге қайта оралайық.

Сонымен, мал өрісін қуалаған көнешұңқыр тарихи-мәдени қауымдастығы жұрттарының батысқа беттеген алғашқы толқындары ж. с. д. 4400-4300 жылдары Днестр-Дунай атырабына тұяқ іліктіреді. Сол үдерістер барысында олармен бірге осы алаптарға Каспий маңы ойпаттарын мекендеген арғытүркілердің дәстүрлеріне тән жерлеу жоралары, құрамына ұлутас ұнтағы қосылған түбі жұмыр қыш ыдыстар, шақпақтас құралдар, үшбұрышты садақ жебелері, ат ауыздықтары, билік символдары – тас асатаяқтар, күрзілер де ілесе жетеді [149; 38, 397-399]. Көнешұңқырлық малшылар жол-жөнекей Днепр, Дон өзендері аралығында Хвалын кезеңімен үндесе қатар бой көтерген *ортастог* мәдениетіне де едәуір әсер-ықпалын тигізеді. *Ортастогтықтар* өзіндік кей төл ерекшеліктерін сақтай отырып, бірте-бірте құлашы кеңге жайылып келе жатқан ауқымды *көнешұңқыр* мәдениетінің аясына жұтылады [150, 325-326]. Көнешұңқырлықтардың бұдан кейін де Батыс Еуропаға қарай жылжуының екі мәрте толқыны өтіпті. Екінші толқын – ж. с. д. 3500 жыл шамасында Днестрдің төменгі ағысы мен Кавказ


таулары арасындағы өңірлерден бастау алса, үшінші толқын – ж. с. д. 3000 жылдай бұрын қайтадан ежелгі қоныстары Еділ-Жайық далаларынан серпіліпті [38, 387-388].

Олар осы батысқа беттеген үдерістер барысында Кавказдың теріскей баурайында ірге көтерген *майкоп* мәдениеті (ж. с. д. 3500-3000) ауқымындағы өңірлерді де қамтиды. Бұны майкоп мәдениетінің қабірлерінен көнешұңқырлық қыш ыдыстардың, әшекейлердің, оларға тән жерлеу жораларының ұшырасқаны айғақтайды. Әдетте, археологтар арасында, екі мәдениеттің дәстүрлеріне ортақ сипаттардың кездесуін, олардың сол дәуірлердегі тығыз аралас-құраласуының нәтижесі ретінде қарайтын пікірлер де бар. ДНҚ-генеалогтардың майкоп мәдениетінің негізін *R1b* мен кавказдық *G2a* гаплотоптары бірлесе түзуі мүмкін деп тұспалдауы да осы жайлардан туындайтын сыңайлы [70]. Майкоптықтар қорым обаларының айналдыра қаланған ірі тақта тастардан (кромлех) көтерілгені, мәйіттердің бір қырынан тізелерін бүге жатқызылғаны болмаса, басқа айырмашылығы шамалы. Қыш құмыраларының да түбі сүйір, жұмыр болып келіпті [150, 328; 38, 407-409]. Әрине бұл ретте көнешұңқырлықтарда *оба үю, мәйіттің тізесін бұзу, жоса себу* ғұрыптарының, *жұмыр* керамика үрдістерінің одан ілгерірек замандарда қалыптасқанын еске алсақ, олардың көбінің майкоптықтарға түз жұрттарымен бірге жеткен әсерлер екенін пайымдау қиын емес.

Майкоп мәдениеті қуаттана бастаған шамаларда олардың теріскейге, далалық өңірлерге қарай лықсуы жүріп, біраз көші-қон толқындары Дон, Азау атыраптарына дейін жетеді. Ол осы аймақтарда *майкоп* пен *көнешұңқырлық* этникалық топтардың бір-бірімен өзара араласу, сіңісу үдерістерінің күшеюіне алып келеді. Тіпті алғашқы кездерде Майкоп дәстүрлері молырақ байқалған шақтар да болыпты. Дегенмен, кейіннен олардың да көнешұңқырлықтар ықпалына бой ұрғаны аңғарылыпты. Далалық малшылардың археологиялық үрдістерінің басымдығы әрі қарай да айқын бола түсіп, енді ол солтүстіккавказдық сипаттарды да өз бойына қамти бастапты [169, 71].

Археологиялық деректерге қарағанда, көнешұңқырлық жылқышылар мен шопандардың Шығыс Карпат жәзираларында *жіңішке мойын көзелер* (культура воронковидных кубков) мәдениетімен (шамасы үндіеуропалық *I* немесе арилік *R1a* зәуаттылар [18, 661]) өзара ықпалдасулары өтеді. Ұлы даладан тепсінген бұла күшпен келген арғытүрктік өмір салтының қуатты рухы бұл ретте де әдеттегідей басымдығын танытады. Осы ауыс-түйістер барысында көнешұңқырлық жерлеу жораларына да жаңа сипаттар қосылады. Мәртебесі үлкен тұлғалардың қабірлеріне мүрделермен бірге арба бөлшектері, дөңгелектер қойыла бастайды [40, 154-178]. Бұл Еділ-Жайық жақтан шыққан арба жегу дәстүрлерінің батысқа жеткенін көрсетеді. Демек, олар бұл көші-қон кезінде жылқы жеккен арбаны да кеңінен пайдаланған.

Ұлы Даланың батыс шегі – Карпаттан ары қарай уақ мал өрісіне қолайлы жерлер мол емес. Орманды, жынысты алаптар. Сондықтан да осы жерден көнешұңқырлықтардың бірқатар бөлігінің іркіліп тұрақтауы өткен сыңайлы. Олардың біраз толқыны ілгері жылжуын жалғастыра бергенімен, ірге теуіп қалған топтары сол ғасырларда Дунай-Днестр арасында ұйыса бастаған *ілкiарилік* жұрттарымен аралас-құралас ғұмыр кеше отырып, өздеріне әуелден етене далалық кеңістікте тамырларын терең жіберіп орныға бастайды. Сол жәзираларда жайлау мен қыстау арасын жалғаған көшпелі өмір салтының жүйелі ырғағына бейімделген тіршіліктерін ұрпақтан-ұрпаққа үздіксіз ұластыруға кіріседі.



Көнешұңқыр заманы арбасының жаңғыртпасы



Ғалымдар Қара теңіздің теріскей-батысындағы *көнешұңқыр* мәдениеті аясына енген жұрттардың мәйіттерді жерлеу жорасында негізгі төл белгіден басқа, тізелері бүгілген мәйіттерді сол қолын иіп, оң қырынан және оң қолын иіп, сол қырынан жатқызу әдістері де қатар орын алғанын айтады. Оларды салыстыра қарағанда, әуелден бар ерекшелік – шалқасынан тізесін бүгіп жайғастырылған мүрделердің жанына көбіне-көп *арбалардың* қойылғаны аңғарылыпты. Сол қырынан жайғастырылған мәйіттердің қасынан *тас күрзілер* мен *тас балталар* табылыпты. Осы ғұрыптық белгілердің өзі – көнешұңқырлық көсемдер мен абыздардың, әлеуметтік құрылым жүйесінде мәртебесі жоғары тұлғалардың жанына, о дүниелік болғанда, арба, ал одан мансабы төмендеу адамдарға басқа да билік нышандары қойылғанын көрсетеді. Бұл сипаттар – олардың әртүрлі этникалық топтарға жататынын, әртекті қауымдардан құралған бірлестік екенін де байқатады [170]. Мәселеге бұл тұрғыдан келсек, *Еділ мен Жем арасында әуелден қалыптасқан, мәйіттерді шалқасынан жайғастыратын жерлеу жораларын бұзбай ұстаушылар – арғытүрк сипатты жұрттардың тап өздері екенін, олардың батыс өңірлерде ел билеп отырғандарын пайымдауға болады. Әрі қабірлеріне арбаның қойылуы да бұл көлік құралының оларға әуелгі атамекенінен тән болғанын да аңғартады.*

Еуразия даласының батыс шекарасына дейін құлаш ұзарту барысында көнешұңқырлықтар өзгелерге төл ықпалын тигізіп қана қоймай, олардан да өз бойына әртүрлі сипаттарды қабылдады. Әр этникалық үрдістердің бір-бірімен араласу, сіңісу амалдарын бастан кешті. Ұқсас нышандар пайда болды. Олардың тілдік тұрғыдағы жұтылу ахуалдарына да ұшырағаны кәдік. Кей реттерде *ілкіарилер* көнешұңқырлықтар арасына кіріп, олардан басымдау түсіп те жатты.

Қола дәуірге мол қуатымен жетсе де, көнешұңқыр мәдениеті осылайша, ж. с. д. III мыңжылдықтың екінші жартысынан шығысқа қарай батыс пен оңтүстік-батыстан лықсыған *арилік* қауымдардың ықпалына да ұшырай бастайды. Орта Днепр аймағында оларға бір кіндігі батыста жатқан *жіп таңбалы көзе*

мәдениеті мен *кейінгі триполье* топтары едәуір әсер етеді<sup>14</sup>. Көнешұңқырлықтар біртіндеп осы өңірде ұйысқан *днепр* мәдениетінің аясына қамтылады. Соның нәтижесінде жергілікті дәстүрлер басымдау байқалып, қабір үстіне обалардың көтерілуі сирейді. Мәйіттің басын батысқа қарату үрдісі көбірек тарайды.

Ж. с. д. III мыңжылдықтың соңында Қара теңіздің теріскейі мен Еділдің төменгі ағысындағы далалық аймақтарда әрқилы көші-қон лектерінің ықпалдасу әсерінен туындаған, мәйіттерді тізесін сәл бүге сол қырынан жатқыза, үстіне жоса құйып ақымдап жерлеу (*катакомба* – қабір шұңқырын ұңғылап қазу) тәсілдерін ұстанған жұрттар пайда болды. Ғалымдар бұл *катакомба* мәдениетін құруға *көнешұңқырлықтар* да, батыстық *жіп таңбалы көзе* мәдениетінің өкілдері де, Кавказдың теріскейінен Алдыңғы Азия әсерін жеткізген *майкон* мәдениетінің тайпалары да қатысуы мүмкін деп жорамалдайды. Қабір шұңқырының бүйірін ақым тәріздес оятын жерлеу тәсілі жергілікті әдіс емес, ол сырттан ауысуы мүмкін деген тұспалдаулар да бар. *Катакомбалықтар* қабірлерін көбіне бұрынғы көнешұңқыр обаларына жапсарластырып та қазыпты. Өздері де биік обалар тұрғызыпты. Қыш көзелерінің табаны тегіс, бүйірі шығыңқы, мойны жіңішке бола бастапты. Өмір салттары көнешұңқырлықтармен шамалас. Оңтүстікте қой малын, солтүстікте Триполье әсерімен сиырды көбірек өсіріпті. Отырықшылық пен балықшылықты, аңшылықты да қатар ұстаныпты. Мыс пен қола өндіріпті [171; 167, 119-120]. Дегенмен олар да археологиялық тұрғыда, көнешұңқырлықтар сияқты түздік сипаты басым тайпалар еді. *Катакомбалықтарды* кейінгі кездерде ДНҚ-генеалогтардың *көнешұңқыр* мәдениетімен туыс, солар сияқты батысқа қарай қанат жайған *R1b* гаплотобы басым мәдени-тарихи қауымдастық өкілдері деп пысықтауы да соның дәлелі [29, 49].

*Катакомбалықтардың* Карпат-Днепр аралығына жасаған қуатты көші-қон үдерістері осы өңірлердегі батыс пен шығыс

---

<sup>14</sup> Екеуі де *R1a* зәуатты және аздаған *I* гаплотобы қосылған жұрттар [18, 834-835].

әсерлері тоқайласып, қаржасып тұрған қауымдастықтарды одан әрі мидай араластырды [149]. Дунай жақтан лықсыған *арилік* жұрттармен және *жіп таңбалы көзе* мәдениеті тайпаларымен ықпалдасуы тым күшейіп кеткен айқыш-ұйқыш қатынастар, ақыр соңында көнешұңқырлық дәстүрлердің көмескіленуіне мәжбүр етті. Осы аймақтарға далалық өмір салтын, биік обалар үю үрдісін жеткізген, түп-төркіні *R1b* тайпалары мен оларға қосылған автохтон жұрттардың ұрпақтары, ақырындап тілі, дәстүрі басқа қауымдардың ықпалына ұшырайды. Әсіресе, *ортаднепр* мәдениетінің әсеріне бейімделген көнешұңқырлықтар мен катакомбалықтар оның тегеурінді дүмпуіне қарсы тұра алмай, мәдени-тілдік тұрғыдағы өзгерістерге ұрынады [118, 150-151; 169, 77-78].

Дегенмен Еділ-Жем алаптарындағы атажұрттарында мызғымай отырған түздіктер мұндай әсер-ықпалдарға ұшырай қойған жоқ еді. Өздерінің жерлеу дәстүрлерін, түбі жұмыр қыш көзе үлгілерін сол күйі бұзбай сақтаған олар, төл орталарынан соңғы көнешұңқырлық *полтавка* мәдениетін түлетіп шығарады. Оның туындауына сол кездерде Оңтүстік Оралтаудағы ірі Қарғалы кен ошағы, сондай-ақ Тобыл мен Жайық арасындағы Сынтасты-Арқайым аймағынан ашылған мыс кеніштерінің де әсері тиеді. Полтавкалықтар ж. с. д. III мыңжылдық соңында Сынтасты аясындағы қоныстардың іргесін алғашқы көтерушілер болып табылады. Ғалымдар Арқайым тектес бекіністердің төменгі қабатынан негізінен *көнешұңқырлық-полтавкалық* қыш-ыдыстардың табылғанын дәйектеді [172, 8; 173, Y]. Дегенмен олардың бұл дербестелген тірліктері мен дамуы көпке созылған жоқ. Полтавкалықтар соңыра бұл істі өздерінен шығысқа қарай жатқан *ботай* мәдениетінің кейінгі өкілдерінің қатысуымен де бірлесе атқарып, қола мен мыс өндіруді қатар игеруге кірісті.

Археологтардың пысықтауынша, осы шамаларда соған дейін еуразиялық далалық кеңістікті кенмен қамтамасыз етіп отырған Карпат металлургиялық ошағының дағдарысқа ұшырауы салдарынан, бұрынғы Днепр мен Жайық аралығындағы көнешұңқырлық алып ареалға тоқайласқан әртекті тайпалардың

жаңа мыс өңдеу орталығына айналып үлгерген Оралтау кеніштеріне қарай екпіндей ұмтылуы да басталыпты.

Сонда олардың алдыңғы легінде Еділ-Дон алабынан шыққан, мүрделерін *көнешұңқырлықтарша тізесін бүгін шалқасынан жатқызып*, қабір үстіне дөңгелек обалар үйетін *абаиш* тарихи-мәдени қауымдастығына және *кейінгі катакомбаға* жататын *көп білемді көзе* мәдениетін ұстанушы жұрттар да жүрген көрінеді. *R1b* және арилік *R1a* ұрпақтарынан құралған олардың біраз тобы Арқайым төңірегіне дейін тұяқ іліктіріп, енді қанатын кере бастаған *сынтасты-арқайым* мәдениеті немесе ілкі андрондық *жаңақұмақ* кезеңін қалыптастыруға араласады [172].

Сонымен бірге бойларында көнешұңқырлық эсер-ықпалдары мол *полтавка*, *абаиш*, *көп білемді көзе* қауымдастықтарының Еділ-Дон алаптарында жайлаған бөліктері ірі *қима мәдениетінің* негізін қалауға да атсалысады. Қабір шұңқырларының төрт жағы қиылған бөрене ағашпен қаланатындықтан, осындай атау алған қималықтар *мүрделерді басын солтүстікке беріп, тізесін бүгілдіріп, қолдарын бетіне жақындатып, сол қырынан жатқызу* дәстүрін ұстаныпты. Биік обалар үйіпті. Қыш ыдыстарының түбі жалпақ, бүйірі шығыңқы келіпті. Олардың басқа малдарға қарағанда сиырды көбірек ұстағаны байқалады. Қой, жылқы, шошқа өсірген, егіншілікпен, қола қорыту ісімен айналысқан. Бұл мәдениет өкілдері де өздеріне ағайын *көнешұңқырлықтар* мен *катакомбалықтар* тәрізді батысқа қарай қанатын жайып, Днестр алабына дейінгі өңірлерге далалық дәстүрлерді таратушылар ретінде мәлім [147, 100-113; 174, 112; 114, 63-65].

*Сөйтіп, сонау мезолит замандарынан бері арғытүрк сипатты мәдениеттердің бір ұйық жұрты боп келе жатқан Батыс Орталық Азияның теріскей аймақтары – қола дәуірінде де Оралтаудың күнгеі баурайларында ірі металлургиялық ошақтардың ашылуына байланысты, Ұлы Даланы түгелдей қамтыған мәдени-тарихи қауымдастықтардың ірге көтеріп, қалыптасуына зор септігі тиген құтты мекендерге айналды.*

Осылайша, батысында – Жайықтан Днестрге дейін созылған алып далалы-орманды аймақта *қима мәдениетінің*, шығысында –

Еділден Енисейге, күнгейі – Әмударияға дейінгі Орталық Азия өңірінде құлашын керген *андрон тарихи-мәдени қауымдастығының* өркен жаюына қуатты серпін берілді [175]. Бұл тұрғыдан алғанда, белгілі ғалым С. С. Черниковтың кезінде: «*Андрон* мәдениеті қазақ жерінің теріскей далалық аймақтарында ғұмыр кешкен, мәдени дәстүрлері (керамика, шақпақтас, қоныстарының сипаттары), сондай-ақ, шамасы этникалық тегі бойынша да көптеген ортақ түзілімге ие энеолиттік тайпалардың табиғи дамуы негізінде пайда болды» [209, 110], деп пысықтауының кейінгі археологиялық, ДНҚ-генеалогиялық зерттеулер нәтижелерімен үндесіп жатқанын атап өткіміз келеді.

Кола дәуірінің аса ауқымды *қима және андрон* мәдениеттері кезінде де көнешұңқырлықтар бастап берген қабірлер үстіне биік обалар үюдің ұлыдалалық дәстүрі одан әрі жалғасып, кейіннен түздік сақ-скиф, ғұн жұрттарының мәдениеттеріне сабақтасып ұласты.

\* \* \*

Көнешұңқырлық арғытүрк сипатты қауымдардың Карпат аймағына дейін ұласқан археологиялық бағыттары кейінгі жылдарда ДНҚ-генеалогиялық деректермен де шынайы нақтыланып отыр. Әрі ғылымның осы жаңа саласының аталық *R1b* гаплотобы түзілімдерінің әрі қарайғы үрім-бұтақтануын қуалаған зерттеулері күтпеген тосын нәтижелерге қол жеткізді. Сөйтсе, бұл гаплотоп Карпатқа дейінгі аумақты ғана емес, сол замандарда күллі Батыс Еуропаны да түгел қаусырған зәуаттық түзілім екен. Мәселен, оның 4500 жылдай бұрын археологиялық сілемдері айқын қалған бір толқыны Қара теңіз төңірегі арқылы Балқан аймағына, бүгінгі Германия мен Польша жеріне аяқ іліктірсе, тағы бір тармағы, 6000 жыл бұрын, шамасы көнешұңқырлықтардың бірінші үдеріс толқынының соңын ала, Кавказ арқылы Анадолыға қадам басыпты. Олар (араларында бүгінгі шотландықтар мен ирландықтардың түп бабалары болған *R1b1b2* гаплотипті кельт тайпалары да бар) 5500 жыл бұрын Месопотамияда шумер жұрттары тегінің түзілуіне атсалысып (шумер ұрпақтарының 40 пайызы *R1b1b2* гаплотипі), 5000 жыл бұрын Африкаға (әйгілі

мысыр перғауыны Тутанхамонның гаплотипі *R1b1a2*) асыпты. Сол жақтан 4800 жыл бұрын Гибралтар арқылы Пиренейге өтіп, Франция жерімен Ла-Манш бұғазына дейін жетіп, Еуропаны батыс жақтан шығысқа қарай қаусыра бастапты. Осы жылжыған бағыттарында олар өздерімен бірге алтайлық тілдерге тән агглютинативті (жалғамалы) тілдерді де алып жүрген еді. Мыңжылдықтарды жалғаған сол ұзақ көші-қон үдерістерінен қалған нышандар қатарында агглютинативті шумер, баск тілдері аталады. Еуропаның қазіргі халықтары арасында тілдері үндіеуропалық боп өзгергенімен, осы *R1b* гаплотобынан тараған ұрпақтар да тым мол. Мәселен, *R1b1b2* зәузаты: ДНҚ-генеалогиялық сараптан өткен баскілердің – 88, испандардың – 70, бельгиялықтардың – 63, итальяндардың – 62, британдардың – 68 (валлилердің – 89), ирландардың – 81, немістердің – 50, француздардың – 52, португалдықтардың – 62 пайызына тән. *R1b* ұрпақтары ұғынысқан сол түпкітүрктік агглютинативті тіл Еуропаның кей жерлерінде жыл санаудың 10-шы ғасырларына дейін қолданыста болған. Алайда арилердің Карпаттан ары қарай батысқа беттеген *R1a1* гаплотипті қауымдастықтары тілінің біртіндеп бел алуына байланысты, ақыр соңында үстемдікке сол *R1a1* жұрттары сөйлеген тіл жетіпті. [18, 670-785, 863-903; 116; 29, 50; 203; 207; 208, 227].

Сараптамалық зерттеулер анықтаған бұл генеалогиялық деректерді орыс зерттеушісі Ю. Н. Дроздовтың «*Еуропа тарихының түрк тілдік кезеңі*» атты 2011 жылы шыққан көлемді ғылыми-танымдық кітабы да жан-жақты қуаттайды [35]. Ол еңбекте автор тақырыпқа көне жазба дереккөздер мен байырғы терминдердің, топонимдік, этнонимдік мәліметтердің семантикасын анықтау тұрғысынан келіп, Еуропа жұрттарының этникалық тегіне, көші-қон үдерістеріне қайта пайымдаулар жасайды, олардың түпкі бастауларындағы арғытүрктік сипатты дәйектейді. Латыш зерттеушісі Г. Шукке өзінің «Латыштардың түбі түрк пе?» атты кітабында [176] да латыш мен түрк тілдері арасындағы ұқсастықтарға назар аударып, топонимдер мен гидронимдерден, лексикалық, фонетикалық, морфологиялық,

синтаксистік мысалдардан арғытүрктік этимологияны қаузаы, олардың латыш тіліне түрктік негізден ауысқанын дәлелдеуге ұмтылысы да осы бағытта атқарылған жаңашыл еңбектер қатарына жатады.

### 3. ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛҚЫШЫЛАР: БОТАЙ МӘДЕНИЕТІ

Орталық Азияның құйқалы далалық бөлігінде қалыптасқан ежелгі арғытүрк сипатты төл мәдениеттер туралы сөз қозғалғанда, көнешұңқырлықтармен қатар кезендерде өмір сүрген энеолиттік *ботай* мәдениетінің сүбелі орнына кеңінен тоқталып өтпеу еш мүмкін емес. Бұл мәдениеттің түрктік тегі белгілі ДНҚ-генеалог А.Клесовтың еңбектерінде де нақты көрсетілген. Оның дәйектеуі бойынша, бұдан 6500-5500 жыл бұрын Қазақстанның теріскейінде *R1b* гаплотопты жұрттар құрған, жылқыны алғаш бас білдірген *ботай* мәдениеті – *хвалын* мәдениетінің (ж. с. д. 5000-4000) әсері тиген далалық археологиялық дәстүрлердің біріне жатады. *Хвалын* тікелей *көнешұңқырға* ұласа отырып, одан шығысқа қарай жатқан *ботайдың* да түзілуіне ықпал жасаған [163, 2441; 29, 41; 148, 1693]. Кейінгі жылдардағы энциклопедиялық мәліметтер де бұл тұжырымды қуаттайды. Мәселен, «Википедия» энциклопедиясындағы «Хвалын мәдениеті» атты мақалада оның *ботаймен* сабақтастығы осы тұрғыда түсіндіріледі.

Археологиялық әдебиеттерде де *көнешұңқыр* мен *ботай* мәдениеттерінің қалыптасуына Орталық Азияның өзара қапталдаса жатқан неолиттік, ерте энеолиттік *хвалын*, *алтыата* (Еділ-Жайық), *ойықты*, *төлес* (Маңғыстау), *келтеминар* (Арал маңы), *мақанжар* (Торғай ойпаты) мәдениеттерінің ықпал-әсері тигені бұрыннан жоққа шығарылмайтын [82, 85-99; 124, 145-159]. Алғашқы нышандары неолиттік *атбасар* (Есіл алабы) мен *шортанды* (Жайық-Тобыл аралығы), ж. с. д. V мыңжылдықтағы *терсек* (Торғай иіні) геометриялық керамика мәдениеттерінде қылаң берген *ботай* үрдістерін Көкшетау өңіріндегі Ботай, Роцинское, Васильков, Қызылжар, Сілеті және Қостанай

атырабындағы Обаған қоныстарының жәдігерліктері айқын паш етеді.

Тобыл мен Ертіс өзендері аралығын қамтыған бұл мәдениеттің ең қордалы сипаттары жинақталған мекен – Көкшетау қыратының теріскей-батысын қапталдай аққан Иманбұрлық өзені бойындағы Ботай қонысы (Айыртау ауданы). Ол қазақ жері – жылқыны қолға үйретудің әлемдегі басты орталықтарының бірі болғандығын дәлелдейтін ең айшықты ескерткіш. Аумағы 15 гектар жерді алып, 200-300-дей үйдің орны, мыңға жуық адамның мекендегені анықталған ірі отырықшылық қоныс орнында жүргізілген қазба жұмыстары ботайлықтардың негізінен жылқы өсіруші тайпалар екенін айғақтайды. *Қоныстан табылған остеологиялық материалдың 99,9 пайызын жылқы сүйегі құрап, барлығы 70 мыңдай жылқының қаңқасы қазылып алынды. Табылған құрал-саймандар арасынан жүген бөлшектерінің, ауыздықтардың, кісен ілгектерінің ұшырасуы, бұл мәдениет өкілдерінің жылқыларды қолға үйретумен кеңінен айналысқаны туралы мағлұмат ұсынды.*



*Тас дискілер.  
Ботай қонысы*



Осылайша қазақстандық археолог В. Ф. Зайберт бастаған экспедиция 1981-1983 жылдары Ботай қонысын ашқалы бері, әлемдегі ең алғашқы жылқышыларға қатысты деректерге де айтулы өзгеріс енді. Өйткені соған дейін Днепр бойындағы көнешұңқырлық үрдіс аясындағы Ортастог мәдениетінің соңғы кезеңіне жататын Деревка қонысынан (ж. с. д. 3000 жылдың басы) 52 жылқы сүйегі (барлық остеологиялық материалдың 75 пайызы) табылғанына орай, ол әлемдегі ең байырғы жылқышылар отаны ретінде танылып [177, 17-24] келсе, бір өзінен 70 мың жылқының сүйегі табылған энеолиттік Ботай қонысының дәйектері – жылқыны ең алғашқы бас білдірушілер қатарында қазіргі қазақ жерін мекендеген қауымдардың да аса зор үлесі бар екендігі күллі әлемге паш етілді.

Әрі кейінгі онжылдықтардағы зерттеу қорытындылары Деревка жылқылары туралы мәліметтердің қателігін де анықтап берген. Ол қазба тұрақтан табылған сүйектен жасалған ауыздық ретінде пайымдалған заттың ауыздық емес екені нақтыланып, осыған дейін басты дәлел ретінде энеолит дәуіріне жатады деп айтылып жүрген, дереивкалық жылқының бас сүйегі ол заманға емес, берідегі скиф заманына қатысты болып шықты [172, 4-5]. ***Сол себепті де қазіргі ғылымда Ботай – әзірше, өз-өзінен, еш дау-дамайсыз, әлемде жылқыны ең алғаш қолға үйреткен ұйық мекен ретінде даралана танылып тұр.***

Сонымен бірге Ботай – кейінгі ДНҚ-генеалогиялық дәйектерге сай, *жылқыны тұңғыш бас білдірушілер* арилер болған еді, дейтін таптаурын пікірлерді жоққа шығаратын сенімді айғақкөздің бірі. Ботай түзілген кезде, әлгінде аталып өткендей, бұл өңірлерге батыстық *R1a1* гаплотипті арилердің аяқ басуына әлі де екі мың жылдан астам уақыт бар еді. ***Ботай мәдениеті – қазіргі қазақ даласында, түбі осы өңірдің палеолиттік, мезолиттік, неолиттік дәуірлерінен бастау алатын арғытүрк сипатты R1b жұрттарына тікелей қатысы бар төл дәстүр.*** Яки, бұл ретте ғылымның кейінгі жетістіктері айқындап жатқан Орталық Азияның арғытүрктік тарихына қатысты ақиқаттардың салмағы одан әрі арта түседі. Сондай-ақ Ботай мәдениетінің кейбір

нышандарында фин-угорлық *N* гаплотобы қауымдарына тән сипаттар да аңғарылады.

Жайық пен Ертіс аралығын жайлаған жұрттардың Ұлы Дала тарихындағы алар орны ерекше. Осы аумақта мезолиттік-неолиттік дәуірлерде – бір жағы Шығыс Каспий, Балқантау, Келтеминар, Сырдария, Жетісу дәстүрлерімен сабақтасып жатқан *жангел* (Жайық-Тобыл арасы), *атбасар* (Есіл алабы), *мақанжар* (Торғай ойпаты), *усть-нарым* (Шығыс Қазақстан) мәдениеттері өркен жайса, энеолитте – *жангел* үрдістері сол өңірде қалыптасқан *шортанды* (башқұртша – сортанды); *атбасарлық* нышандар Тобыл мен Есіл алаптарына тараған *ботай* мәдениетінің бітімдерінде көбірек аңғарылыпты. Сол заманда *сортанды* (*шортанды*) мәдениетінің кей сілемдері Зайсан көлі мен Құлынды жазығы аралығындағы *нарым* артефактілеріне дейін жеткені, екі ортаны жалғап жатқан ұйытқы құрылым *ботай* әсерінің одан да әрі, Минусин ойпатындағы *афанасьев* мәдениетінде қылаң бергені байқалыпты [124, 134-159; 125, 227-255].

Зерттеушілер энеолит пен қола дәуірлерінде Тобыл мен Ертіс аралығындағы аумақты қамтыған *ботай* мәдениетін – осы өңірлерде алғашқы нышандары мезолиттен байқалып, неолит заманында археологиялық түзілімі нақтыланған *мақанжар*, *атбасар* мәдениеттерінің тікелей ізбасары ретінде таниды. Ал бұл түзілімдердің арғы тегі мезолиттік Балқантау, Еділ алабы, Сыр бойы (Ферғана, Обишир) үрдістерімен сабақтасып жатқанын, Мақанжарға *R1b* гаплотобының тән екендігін [151] біз жоғарыда атап та өттік. Археологтар сол дәуірлерден бастау алған тас құралдар жасаудың төл тәсілдерінің неолиттің өн бойында дамып, жетіліп, энеолитке дейін ұласқанын анықтады. Ерте неолиттен бермен қарай қазақ жерінің теріскейінде жатқан бұл аймаққа түбі жұмыр қыш көзелер де тарай бастайды [121, 108-131]. Ботай мәдениетінің жылқышылары да түз жұрттарына тән сондай ыдыстарды кеңінен пайдаланды.

Ботайлықтардың кең тұрғыда жылқыны ең алғашқы бас білдірушілер ретінде танылуына, осы өңірлерде неолиттің соңы

мен энеолитте туындаған климаттық ахуалдардың да әсері тиген еді. Қазақ жерінің теріскейіндегі басқа өзендер секілді Есіл алабында да көлдер мен көлшіктер, қарасулар мол кездеседі. Олар көктемгі тасқын кездерінде суға толып, балық өсіп-өнетін табиғи тоғандарға айналады. Атбасар мәдениеті өкілдерінің осындай өзен-көл жағалауларына орнығып, балықшылықты кәсіп етіп, сүйектен жасалған шанышқылармен түйреп, тоспалардан сүзіп алған балықтары жылдың бар мезгілінде қоректеніп отыруға мүмкіндік жасады. Алайда құрғақшылық буып, көлшіктер мен қарасулар тартылып қалған жылдарда бұл күнкөріс түрі де аса сенімді бола бермейтін. Ондай кездерде адамдар шарасыздықтан аштыққа ұрынып, қиыншылыққа ұшырайтын.

Атбасар мәдениетінің соңғы жағында жергілікті балықшы, аңшы қауымдар осындай аумалы-төкпелі жағдайға ұрынбау жолдарын іздестіру барысында, дала төсінде үйір-үйір боп өріп жүрген жабайы жылқыларды, тарпандар мен керкұландарды (Пржевальский жылқысы) тұрақты тамақ көзіне айналдырудың тәсілдерін қарастыра бастайды. Әрі соның ең оңтайлы әдістерінің бірі – осы Ботай қонысы төңірегіндегі табиғаттың өзі жасап қойған ерекшелікке сай туындағандай көрінеді. Қоныс маңындағы қалың қарағай жынысына сұғына кіріп жатқан 10-12 гектардай ашық далалық алқап, жылқы қаумалауға таптырмайтын табиғи қоршау міндетін де атқарғандай. Саусақ жігіндей боп жиі тұтасқан қарағайлардың арасын құлаған ағаштармен көлденеңдетіп бекіте салса, үш жағы жабық дайын қора шыға келеді. Сөйтіп, далаға қарай бір жағынан ғана кіріп-шығуға болатын осы қойнауға жылқылар жайылып жүріп-ақ, байқамай еніп кететін жағдайды табиғаттың өзі орайластырып қойғандай көрінер еді. Немесе оларды қаумалай үркіте отырып, амалсыз кіруге де мәжбүрлеу қиын емес. Сол кезде шығар жолды бөгесе болғаны, жылқы үйірі табиғи қораға қамалады да қалады.

*Атбасар, ботай* замандарында шет-шетінде суы шымырлап жататын қайнарлары бар болған, шөбі шүйгін бұл қойнау жылқылардың ұзақ уақыт жүдемей бағылуына мүмкіндік берді. Сол жерден ілкі ботайлықтар оларды қажетіне қарай тамақтарына

жаратып отырды. *Осы табиғи қорада жылқыны бас білдірудің алғашқы талпыныстары жасалды. Әлемдегі ең алғашқы сүйек ауыздықтар дүниеге келді. Атты жүгендеп міну жүзеге асқаннан кейін далада жайылып жүрген жылқыларды қайырмалау жеңілдеді, қылқұйрықтарды өрістерде ілесе бағатын жылқышы кәсібі пайда болды. Ол қажет кезінде жылқыларды қуып әкеліп, қоршау ішіне кіргізіп те қояр еді. Біртін-біртін бие сүтін пайдалану дағдылары қалыптаса бастады.*

Сол дәуірлерде жылқыларды іріктеу мен сұрыптаудың ілкі тәжірибелері де жүзеге асқаны анық. Палеозоологтар Ботай қонысынан қазып алынған жылқылардың сүйектеріне қарап, олардың байырғы қазақ жылқысының бір түрі, *жабы* тұқымына жақын екенін дәлелдеді. Әдетте, далалық өңірлердің қолайсыз ауа райына ең төзімтал түлік – осы қазақы жылқылар болып табылады. Олар үнемі түзде, жайылымда, сақылдаған сары аяз, боранды қыста да бауырын сызған қалың қарды тебіндеп, шөбін тауып жеп, аса қиналмай жүре береді. Әдетте бұл тұқымдастардың денесі ірі, басы үлкен, мойны қысқа, омыраулы, жоны жалпақ, сауырлы, тұрқы ұзын, құйрық-жалы қою, терісі қалың боп келеді.

Ботай жылқылары басым көбінің шоқтығына дейінгі биіктігі – 136-144 сантиметр болса, ширегіне жуығының бойы – 144-152 сантиметр аралығында екені дәлелденді. Бұл олардың еңселі болғандығын көрсетеді. Мәселен, әйгілі Берел қорымына көмілген жылқылардың биіктігі де дәл осындай, 136-дан 152 сантиметрге дейін, Пазырық сәйгүліктері – 148-150 сантиметр, қазіргі жабы айғыры шоқтығының биіктігі – 144-145 сантиметр екенін еске алсақ, Ботай үйірлерінің де негізінен бойшаң тұқымдардан құралғанын аңғарамыз. Мұны бір жағынан ботайлықтардың жылқыларды ірілендірумен, сұрыптаумен айналысқанының, қолға үйрету жұмыстарын жоғары дәрежеде жүргізе білгенінің дәлелі деп те ұғыну ләзім [124, 196-210; 178]. Ботай қонысында жылқыларды қолда өсірудің жетілген сатысына сай келетін сүйектердің табылуы – бас білдіру машығының одан да ілгерірек замандарда, бәлкім, *хвалын* мәдениеті кезінде басталуы мүмкін екенін де алға тартады. Осы орайда, оны көнешұңқырлықтардың

Еділ-Жайық аралығын ілкі қамтыған мерзімімен, ж. с. д. V-IV мыңжылдықтар тоғысындағы қабірлерге жылқының бас сүйектері көмілген шамалармен де сәйкестендіруге келер еді. Яки, кезінде *ботай* мәдениеті аясын әлемдегі алғашқы жылқышылар өмір сүрген неолиттік, энеолиттік өңірлер ретінде жорамалдаған пікірлердің [124, 130-131], кейінгі жылдарда осындай дәйектермен нақтыланып жатқанын қаперге алсақ ләзім.

Ұлы Даладағы арғы тегі тарпандар мен керқұландардан тарайтын осы жылқылардан кейіннен бүгінгі күні көпке әйгілі басты қылықұйрық тұқымдары: қазанаттар, ақалтекелер, мініс, жегіс аттары, ірі жүк жылқылары іріктеліп, сұрыпталып шықты [177, 9-11; 174, 114].


Зерттеушілер ботайлық қыш көзе сынықтарының бірінде арба дөңгелегі мен жегілген ат сұлбасы бейнеленгеніне қарағанда, олар арбаны да пайдаланған болуы керек деп есептейді. *Қоныс орнында жүргізілген қазбалар кезінде ағаш өңдеуге қажетті тас балта, шот, қашау, сүргі, жоңғы, қырғы секілді құралдар табылды. Бұл ботайлық ағаш шеберлерінің үй салумен бірге, арба жасай алуды да игергенін көрсетеді.*

Әлемдегі алғашқы жылқышылар мен малшылар – *ботай* мен *көнешұңқыр* мәдениеттерінің өкілдері бір далалық кеңістікте ұқсас ғұмыр кешті, мал өсірді, түбі – сопақ, жұмыр, бүйірі – шығынқы, мойны – кең, ою-өрнектері – бір-біріне жақын (ирек, тарақ, толқын) қыш ыдыстар ұстады. Алайда, бірінің – негізінен қой өрісін қуалап, уақ малға қолайлы далалық өңірлерді, құмдауыт қойнауларды төңіректегені; екіншісінің – әуелі балықшылықты, одан кейін таза жылқышылықты кәсіп еткені, отырықшылыққа бейімдеу болғаны, олардың тұрмыс салттарына сәл өзгешеліктері бар сипаттар теліді.

*Көнешұңқырлықтардың* Еділ мен Жем арасындағы бастапқы ұйық жұрттарынан шығысқа қарай лықсыған бірер легі қазақ жерінің теріскей аймақтарына жеткен кезде, энеолиттік *ботай* қауымдарының енді қолға алып жатқан жылқышылық машықтарына тән әсер-ықпалдарға ұшырады. Біразы сол өңірлерде тұрақтап қалып, отырықшылыққа бейіл берген, түбі арғытүрктік төл жұрттарға судай сіңіп кетті.

Археологиялық деректер *көнешұңқыр* қауымының қой түлігінен ажырағысы келмеген шамалы бөлігінің шығысқа қарайғы жолын әрі қарай жалғастыра бергенін алға тартады. Жол-жөнекей *ботай* тектес мәдениеттердің әртүрлі ықпалдасуларын, араласуларын, тоғысуларын бастан кеше жүріп, олар Ертіс пен Енесай алаптарына тұяқ тіреп, көнешұңқыр үрдістерінің шығыстағы айна-қатесіз түрі – энеолиттік *афанасьев* мәдениетінің уығын көтеруге атсалысты.

Атап өтер бір жайт, екі арада қаншама алыс қашықтық жатса да, әуелгі мәдениеттің ғұрып-жораларының көп өзгеріске ұшырамағаны таңғалдырады. Көнешұңқырлықтар мен афанасьевтіктердің жерлеу әдісі де (*бұрыштары доғал қабір қазу, мүрдені шалқасынан тізесін бүгіп жайғастыру, үстінен оба үю*); адамдардың антропологиялық түрлері де (*протоеуразиялық нәсіл*); тұтынған бұйымдары да (*түбі жұмыр қыш ыдыстар, мыстан жасалған сәндік әшекейлер*); өсірген малдары да (*қой, жылқы*) тым ұқсас [179; 150, 329-331; 180, 49-59].



*Афанасьев мәдениетіне тән түбі сүйір қыш ыдыстар.*

Кейінгі жылдардағы радиокарбон және басқа да тәсілдер арқылы жүргізілген зерттеулер нәтижесінде *афанасьев* мәдениетінің төменгі шегі ж. с. д. IV мыңжылдықтың соңына сәйкес келетіні анықталып отыр [181, 141-151]. Мұның өзі де *көнешұңқыр* мәдениетінің Жем мен Еділ аралығындағы әуелгі атамекенінен орта энеолит шамасында жан-жаққа қанатын кере бастағанын айқындайтын дәйек болып табылады. Мұны соңғы кездерде қолға алынған одонтологиялық сараптамалар да нақтылай түсті. Бұл белгілер бойынша афанасьевтіктердің тіс түзілім жүйесі көнешұңқырлықтарға ғана емес, оның алдындағы шығысеуропалық (яки *R1b*-лық) мәдениеттерді құрған қауымдарға жақын екендігі анықталды [182]. Сондай-ақ мұны краниологиялық (бас сүйек пішімі) зерттеулер де жоққа шығармайды. Афанасьевтіктердің көнешұңқырға дейінгі *хвалын*, *ортастог* тайпаларымен тарихи тамырластығы ғана емес, кейінгі – *катакомбалықтар* мен *полтавкалықтарға* тым етене екендігі де айқындалды [183, 126-134].

Археологтар афанасьевтік үрдістердің *ботай*, Ертіс бойындағы *усть-нарым* мәдениеттеріне тән жәдігерліктерге де жуықтайтын сипаттармен ұштасып жатқанына назар аударады. Ортаңғы қола дәуірінде Ертіс жағалауында (Көкпекті аумағы) орналасқан ежелгі *Қанай* қонысында да төркіні көнешұңқырлық афанасьев нышандары қылаң береді [82, 97; 124, 152; 125, 253-254].

Көнешұңқыр өкілдерінің Ботай аясындағы өмір салттарына тез бейімделген бөлігі өздеріне тән болған жерлеу жораларын сақтай алмады. Жергілікті автохтон жұрттар Атбасар мәдениеті заманында қалыптасқан балықшылық тірліктен жылқышылыққа ауысқанымен, байырғы өзен-көл бойларына ұйысқан қоныстарында тұруды қолайлы көрді. Жылқышылардың аз тобы қытымыр қыс аяқталысымен, қылқұйрық үйірлерін Есілдің жоғарғы алабы мен Тобыл атырабының қардан ерте аршылатын құмдауытты, саржазықты, самалды өрістеріне көктеуге, жайлауға айдап әкетіп, содан суық түсер алдында ғана ығы мол қойнаулы қыстауларына оралар еді [125, 294-302]. Қалған жұрт жаз уақытында негізінен қоныстарда қалып, балықшылықпен, ағаш

кесумен, үй салумен, арба жасаумен, терілерді өңдеумен айналысатын.

Яғни, *ботайлықтардың* көші-қонға бейім *көнешұңқырлықтар* секілді маң дала төсінде оба тұрғызу үрдісіне ауа салуы оңай емес. Одан гөрі өздері жартылай ұстанған отырықшылық дәстүрлерге сай, ежелден ауыс-түйіс байланыстары үзілмеген, оңтүстіктегі *жейтун* мәдениеті аясындағы қоныстарға тән жерлеу жораларына бейіл беріңкірегенді мақұл көреді. Мәселен, олар мүрделерді сол қоныс аумағында, үйге жапсарластыра тұрғызылған арнайы орынға, не ескі тұрғын жайларға жерлей береді. Оның ілкі көнешұңқырлықтарға сәл болса да ұқсайтын тұстары – жерленгендердің айналасына қабырғаны жағалата жылқының бас сүйектерінің қатарланып қойылғаны, содан кейін *мүрденің басын оңтүстік-шығысқа қаратып арқасынан* жатқызғаны ғана. Қабірдің үстіне сырғауыл қаланып, беті шым топырақпен жабылады. Қабірге бір адам ғана жерленбейді. Келесі бір адам көз жұмғанда, оны қайта ашып, жанына жайғастырып отырады. Тұрғын жайлардың бірінен қабырғадағы сөреге қойылған ер адамның саз балшықтан сембеленген бас сүйегі де табылған. Мәйіттерді тұрғын үйлердің іргесіне, кейде еден астын қазып жерлеу – қола дәуірге дейінгі алғашқы отырықшы қауымдардың көбіне тән ерекшелік. Таяу Шығыс және Жейтун, Анау аясындағы мәдениеттерде де осындай ғұрыптардың орын алғаны белгілі [108, 37, 41; 124, 38, 141].

Бұл ботай үрдістерінде күнгей өңірлермен үндескен импульстер сілемі жатқанын байыптатады. Әрі ол әсер-ықпалдар Ботай қонысындағы қатарластыра, арасына жол қалдырылып салынған күмбез төбелі тұрғын жайлар түзілімдерінен де аңғарылады.

Кейінгі жылдардағы археологиялық, ДНҚ-генеалогиялық зерттеулер нәтижесінде ботайдағы тұрғын жайлардың, ежелгі арғытүрк сипатты жұрттар мекендеген бір өңір ретінде танылып отырған *келтеминар*, Оңтүстік Түрікменстандағы *геоксюр* мәдениеттеріне тән нышандарға ұқсайтын тұстары бар екені пайымдала бастады [125, 255].





### Ботай үйлерінің жаңғыртпасы

Ботайда үйлердің қабырғасы жеркепе салу әдісі бойынша тұрғызылған. Яки әуелі көлемі 20-дан 70 шаршыметрге дейінгі жер *шеңбер* немесе *сегіз бұрыш* (кейде төртбұрыш) түрінде белгіленеді. Оның топырағы босатылғасын, үстіне су құйып иленеді де, дайындалған сазбалшық үйдің жиегіне бірінің үстіне бірі жұмбаздала ұрылып, іргесі көтеріледі. Дуал мықты болсын деп, арасына мал сүйектерін, қабырғаларды салып жымдастырып отырады. Шұңқырдың тереңдігі 1 метрге жеткенде, дуалдың жер бетінен биіктігі де сол шамаға жуықтайды. Іші-сырты сыланады. Үй қабырғасының үстіне айналдыра ұзындығы 3-4 метрлік бөрелелер мен сырғауылдарды көлденеңінен бастарын айқастыра

бекітіп, бірінің үстіне бірін қалайды. Биіктеген сайын жоғарғы ернеуін ортаға қарай қаусыра түседі. Ақыр соңында төбесінде түгін шығатын дөңгелек немесе төртбұрыш тесікті қалдыра отырып, сырғауылдарды бір-біріне тірей тұйықтайды. Үстін бұтақтармен, қамыспен, жылқы терілерімен жауып, шыммен қаптайды. Бетін қалың қылып сылайды. Сонда ортасының биіктігі 3-4 метрдей, айнала қабырғасының биіктігі 1,5 метрдей, шатыры күмбезденген, киіз үй тектес, дөңгелек тұрақжай пайда болады. Шаңырақтың дәл астына дөңгелек ошақ салынады. Ботай үйлерінің өзара жалғастырылып, бірінен-біріне өте беретін ыңғайда тұрғызылғандары да бар [124, 20-39; 184].

Келтеминар үйлерінің қабырғасы да ботай үрдісі сияқты сегіз бұрышты немесе шеңбер түрінде көтеріледі екен. Шатыры – тіреу ағашқа сырғауылдары қатарластыра қою арқылы күмбездеп жабылыпты. Сондай-ақ балшықтан дуал қалау тәсілі энеолиттік геоксюр мәдениетінің үйлерінде де қолданылғаны белгілі [184].

Тұрғын жайлардың қабырғаларын *шеңбер, сегізбұрыш* түрінде көтеру далалық жағдайларда палеолит, неолит замандарынан бері ұшырасатын тиімді тәсіл. Қысы суық, бораны қатты теріскей өңірлерде сұрапыл жел екпініне шыдас беріп, жылуды жақсы ұстайтын осындай күмбез үйлерді салу жөн болатынын ежелгі адамдар жақсы аңғарған. Археологтар осыған ұқсас баспаналарды неолиттік атбасар мәдениеті аясынан да тапты. Сондықтан да ботайлық тұрғын жайлардың түзіліп, қалыптасуы – жергілікті төл үлгілер мен сырттан жеткен әсерлердің тоғысуынан туындаған үрдіс ретінде пайымдалады.

Ботай қонысында тағы бір ізі қалған сілем – онда ет сақтайтын ұралардың кеңінен пайдаланылғандығы. Археологтардың дәлелдеуінше, тұрғындар тереңдігі бір құлаштай ұраларда алты ай қысқа арнап сойып алған соғымдарын қоятын болған. Ботайлықтар үсті терімен жабылып, балшықпен сыланған салқын ұраларда жаз кезінің өзінде етті бұзбай сақтаудың тәсілдерін білген [124, 34, 72]. Яки, бұл орайда қазақтың соғымға жылқы жығу дәстүрінің әуелгі нышандары сонау ботай мәдениеті заманынан бастау алады дегеннің де жөні келеді.

\* \* \*

Ботай қонысында тұрғын жайлардың шеңбер (сопақ) немесе сегізбұрыш түрінде салынуының бір жағы, ежелгі адамдардың Ғалам туралы наным-түсінігімен де сабақтас. *Әдетте, домалақ, күмбез төбелі үй – Көк аспанға, от – Күнге баланады.* Қоныстағы олармен қатар салынған төртбұрыш тұрғын жайлар – *Жердің бейнесі. Төрт қабырға - дүниенің төрт жағы. Яғни, Көк аспан мен Қара Жердің сабақтасуынан тұтас Ғалам бейнесі сомдалады.* Осы тұтастықты қазақ жерінің ежелгі төл мәдениеттері түзілімдерінен аңғару еш қиын емес. Ботайда анық байқалған бұл сипат, *көнешұңқырлық, афанасьевтік* обалардың бітімінде де бар. Төрт бұрыштап қазылған қабір үстіне обаны күмбездеп үю, *мүрденің басын күн шығар жаққа, Тәңірі мекеніне* қаратудың мәнісі де, сол ғаламдық кеңістікке қатысты киелі ұғымдармен астасып жатыр. Археологтар Ботай үйлеріне тән шатырды күмбездеп көтеру, яғни ағаштарды бірінің үстіне бірін сатылата, ішке қарай қаусыра салу әдісінің кейінгі қола дәуірдегі беғазы-дәндібай мәдениетінің үйлерінде де көрініс бергенін айтады [82, 110].

Ботайдың үй салу дәстүрлерінің ізі бір жағынан қазақ қыстауларының *киіз үй* тектес көне үлгілеріне де жақындайды. Мәселен, этнографиялық әдебиеттерде *шошала* деп аталатын үйлердің қабырғасы шымнан, кесектен қаланғаны, ал орманды жерлерде бөренелермен сегіз бұрышты етіп, қиылып салынғаны жазылады. Оның күмбез тектес шатыры сырғауылдардан тұрғызылып, төбесінен түтін шығатын дөңгелек, немесе төртбұрыш тесік қалдырылады. Үстін қамыспен, бұтамен, шыммен жауып сылайды. Қазақ ауылдарында осындай әдіспен салынған құрылыстарды үй жанындағы қосалқы жайлар ретінде пайдаланудың кейінгі кездерге дейін үзілмей отырғаны мәлім [185, 17-58]. Бұл ретте зерттеушілердің осы шошаланы «қола дәуірі тайпалары пайдаланған киіз үй тектес тұрғын жайларының баламасы» ретінде бірауыздан қолдағанын айтсақ та жеткілікті [186, 103].

*Қима, андрон* замандарындағы осы үй құрылысы дәстүрі *сақ, сарматтарда* одан әрі жалғасын тауып, үйлердің қаңқаларын көші-қонға қолайлы етіп жеңілдету жүзеге аса бастайды. Киіз басу да сол кезде ойлап табылады. Оған Пазырық және Бесшатыр қорымдарынан күймелер мен арба үстіне тігілген шатырларды жабатын киіздердің ұшырасқаны дәлел [сонда]. Осы жерде киіз үйдің қазіргі парсы тілінде *alachik* немесе *шатр* деп аталатынына да назар аударсақ та болады. Қазақ тілінде *лашық* түрінде айтылатын бірінші сөздің мағынасы арғытүрктік екені күмән тудырмайды. «Көнетүрк сөздігінде» және Э.В. Севортянның «Түрк тілдерінің этимологиялық сөздігінде» ол *alacıu* және *alachық* деп белгіленіп, оның түрк тілінен парсыға сіңгені нақты көрсетілген [187, 33; 188; 131]. Әрине бұл ретте *шатыр* сөзінің де түп негізі түрктік бастаудан алыс еместігі, оның да парсыға ауысуы мүмкін екенін жоққа шығаруға болмайды. Дегенмен, Е.Е. Кузьмина ханымның *лашық* та, *шатыр* да парсыдан шыққан сөз, «дәл осының өзі киіз үй тектес жайлардың әуелгі нұсқасын жасаушылар үндірандар болғанын нақты көрсетеді» деп біржақты түйетіні де бар [186, 104-105].

Ал біз өз тарапымыздан әуелгі төркіні көшпелілердің күрке-шалашына, киіз үйлер пішініне ұласқан дәстүрлердің де өздерінің ортақ түп арқауын – сол *көнешұңқыр, ботай* заманындағы Ғалам туралы эпсаналармен тығыз сабақтастықта бой түзеген қоныстардан; арғытүрк сипатты жұрттар мекендеген еуразиялық далалық кеңістікте дүниеге келген төл үрдістерден бастау алғаны анық деп пайымдаймыз.

Осы ретте құмықтың белгілі қаламгер-тарихшысы Мұрат Әжінің жазғандары өз-өзінен қаперге оралар еді. Түрк әлемінің арғы қатпарларын қажымай-талмай зерделеп жүрген оның: «Сегіз бұрышты үйлер – түрк архитектурасының негізгі геометриялық элементі. Ол шағын периметрді құрай отырып, үлкен ауданды қамтиды. Яғни, қабырғасы ең қысқа бола тұра, ең кең пішілген үй дегеніңіз осы. Әрі оған далалық архитектураға тән «сегіз бұрышты» төл дәстүрдің құрылыс материалдары мен жылууды да кәдімгідей үнемдейтінін қосыңыз» деп ерекше атап өтетіні бар

[189, 25]. Ал дәл осы сипаттардың бәрі бұдан 5 мың жылдай бұрынғы ботай мәдениеті үйлерінде айна-қатесіз көрініс тауып жатты.



*Ботай қонысы – Киелі табиғатқа, Ғаламға, Күнге, Көк аспанға, Тәңіріге табынуға қатысты ұғымдармен астасар шеңбер, сегізбұрыш, төртбұрыш түзілімдері айқын нышандарымен танылған айшықты ескерткіш. Әдетте, шеңбер – ежелгі дүние адамдарының наным-сенімінде Ғаламды, Күнді, алғы күндерге деген үмітті, мұратты бейнелейді. Ол мәңгілік қозғалыстың, түздіктердің үнемі өріс қуалап, қыстау мен жайлау аралығын арылы-берілі жалғаумен жүретін тынымсыз тіршілігінің де символы. Кейде бұл ұғымдарды арба дөңгелегі секілді белгілер де алмастырып жатады [190, 42].*

Шеңбердің туындауының өзі *шармық* (крест) бейнесімен тығыз сабақтастықта қаралады. Шармық та Ғалам, Көк аспанмен кіндіктес рәміз. Оның тік сызығы – Аспан мен Жерді жалғап жатқан, Көктен құйылған Күн нұры мен жоғарыға шаншылған Отты – *аталық таңбаны* бейнелесе, көлденең сызық – көкжиектерге созылған Кеңістіктің, Жердің, Судың – *аналық нышанның* белгісі. Осы екі – тік және көлденең сызықтың қиылысуынан күллі *ғалам бітімі, әлемнің төрт бұрышы, мәңгіліктің символы* – шармық шығады. Ежелгі адамдар күнді, аспанды, отты, жұлдызды, самғаған құсты бейнелегісі келсе де *шармықты* салған. Айналып тұрған күнді, дөңгелекті, қозғалысты, жыл маусымдарының алмасуын көрсетуді мақсат тұтса, шармық сызықтарының ұштарын перпендикуляр түрде бір бағытқа қарай майыстырып, *қас* (свастика) кескінін туындатар еді. Көне жұрттар *қасты* молшылықтың, мәңгіліктің символына да балаған [190, 23-29, 38-39].

Археологтар Қазақ жерінің теріскей-батыс жағын қамтыған, арилер жеткенге дейінгі энеолиттік Шортанды мәдениетіне тән доғал қыш ыдыстардың түбіне *қастың* әуелгі нышандары бейнелене бастап, ол қола дәуірінде айқын сипатқа иеленгенін айтады [106, *Суртанды*]. *Қас* таңбалары Сарыарқадағы андрондық федоров мәдениетіне жататын Нұра ескерткіштерінің қыш

көзелерінде де көптеп кездеседі [191, 84-85, 89]. Квадрат – шармықтың төрт сызығы нұсқап тұрған әлемнің төрт құбыласын қамтитын символ. Екі квадратты бірінің үстіне бірін айкастырып салғаннан кейін шыққан сегіз бұрыштың араларын сызықпен қосса, *шеңбер* – ғалам сұлбасы пайда болады.

Зерттеушілер ботай мәдениетінің қыш ыдыстарында, дөңгелек, сопақ тас құралдарда, жылқының бақай сүйектерінен жасалған заттар бетінде өрнек, идеограмма түрінде түсірілген *үшбұрыш*, *ромб*, *ирек* сызықтардың Ертіс бойындағы онымен кезеңдес Ақбауыр үңгір-қонысының қабырғаларына қызыл жосамен салынған суреттер түзілімінде қайталанғанын қаперге алады. Сол үңгірдегі ең көп бейне – *шармық* тектес белгілер екеніне назар аударады. Олар әртүрлі қалыпта кескінделген. Екеуі квадрат ішіне де орналастырылған [181, 15-19, 184-190; 125, 314-324]. Яки, бұдан біз шармық белгісінің Орталық Азия мәдениеттерінде арилерге дейінгі сол ботай заманында-ақ ғаламдық кеңістікке, жаратылыс құдіретіне тәу ету амалдарының бір нышаны ретінде танылғанын көреміз.



*Ботайдың қыш ыдыстары және олардың сыртына түтікшемен, матамен, қабыршақпен және тарақпен басылған ою-өрнек түрлері*


Көне наным-сенімдерде *квадрат ішіндегі шармық* – әлемнің төрт құбыласына ашылған қақпа, сондай-ақ ортадағы ошақтың, киелі оттың қорғаушысы ретінде байыпталады. Әдетте, шармық пен квадрат – *аталық нышанның*; ошақ пен от – *аналық мәйектің* бейнесі ретінде сипатталады. Яғни, екеуінің қосылуынан кіші әлемді айнала қоршаған көк күмбезді кеңістік – *сыртқы шеңбер* (үй қабырғаларының сегізбұрыш, дөңгелек түрінде салынуы, күмбезді шатыр, киіз үй) арқылы ұғындырылады. Осы Көк аспан күдіретіне табыну, кейіннен Ұлы Далада уық көтерген *Тәңірілік* сенімнің негізін құрады. Ол сарын бағзы замандарда қазақ жерінен күнгеі өңірлерге қарай үздік-создық көші-қон үдерістеріне қатысқан жұрттармен бірге Үндістанға жетті. Сол аймақта бүршік жарған будда мифологиясы мен космологиясының ғалам, кеңістік, дөңгеленген дүние, адамдар қауымы секілді сан қилы ұғымдарды бір бойына тоқайластырған киелі символы – *Мандала* (квадратты қаусырған шеңбер) пішінінің дүниеге келуіне түрткі болды [192, 338-340].

Ал Тәңірінің күдіреті арқасында күмбезді Ғалам аясында ұйысқан ортақ тіршілікті тәу ететін **ол мифологиялық ұғымдардың шыққан жұрты – әуелден Ұлы Дала, ботай мен оған жақын *көнешұңқыр, афанасьев* мәдениеттері аясындағы арғытүрк сипатты жұрттар мекендеген аймақтар болатын.** Ботай үйлері архитектурасында, оның тұрғындарының наным-сенімдерінде айқын байқалған бұл сипаттар, қазақ жері мен оған жапсарлас аймақтарда одан кейін өркен жайған мәдениеттерге табиғи түрде сабақтасып ұласты.

Ол ортаңғы қола дәуірінде (ж. с. д. 20-17 ғасырлар) қазақ жерінің батысында бой түзеген *сынтасты* мәдениетіне тән Мандала пішінді төрт қақпалы сопақ қоныс-бекіністер бітімінде анық көрініс тапты. *Көнешұңқыр* дәстүрінен бастау алған, қабірлерге биік оба үйіп көк күмбезіне ұқсату үрдісі – Қазақ жерінің батысы, теріскейі мен орталығындағы *сынтасты-петров*, Алтайдағы *окунев*, оларға жалғасқан орталықазиялық *андрон*, кейінгі *сақ-скиф* мәдениеттеріне ауысты.

Ботай мәдениетінде алғашқы нышандары байқалып, Күн мен Отқа тәу етудің белгісіне айналған *шармық* таңбасы қола дәуірде Сарыарқада өркен жайған *нұра-атасу* (ж. с. д. 16-12 ғ.), одан кейінгі *беғазы-дәндібай* мәдениеттері кезінде колөнер бұйымдарында кеңінен қолданыла бастады. Осы өңірдегі Мыржық, Саңғыру, Былқылдақ, кезінде Сынтасты аясына енген Тобыл бойындағы Алексеев қоныс-қорымдарында жүргізілген археологиялық қазбалардан табылған қола тұмар алқаларда *шармық* шеңбер ішінде де, жеке түрінде де бейнеленеді. Қазақтың атақты археологы Ә. Марғұлан мұндай шармық өрнекті бұйымдардың сол дәуірде Еуразия кеңістігінің басқа өңірлерінде кездеспегеніне назар аударады [143, 123, 312-318; 82, 118].

Гүлдің төрт жапырақшасы кейпінде қақталған сәндік, бойтұмарлық заттар Тәңірілік шармық сұлбаларына [189, 225, 392] тым ұқсас. Беғазы-Дәндібай заманынан колөнер бұйымдарын сәндеуге жаппай пайдаланыла бастаған бұл таңба Алтайдағы әйгілі пазырық мәдениетінің (ж. с. д. VI-III ғ.) жәдігерліктері арқылы да белгілі. Олардағы ер-тоқымға, құйысқанға, былғарыдан әдіптеліп, кілем беттеріне тоқылып түсірілген төрт жапырақша (төртқұлақ) оюлар С. И. Руденконың Алтай мәдениетіне арналған әйгілі еңбегінде көрсетілгендей [193, 181, 212-213, 352-383], қазақ даласындағы қола дәуір тайпаларының шармық тектес өрнектерінен еш аумады.



*Шармық таңбалар. Былқылдақ қорымы.  
Пазырық кілеміндегі төртқұлақ ою*



Бұл төрт жапырақшалы өрнектер кейіннен хұн, қыпшақ замандарында әртүрлі нұсқаларда өрістей келіп, қазақ қолөнеріндегі негізгі ою түрлерінің біріне айналды. Төртқұлақ, қосмүйіз деп аталған ол оюлар кілемдер мен тұскиіздерге, сырмақтар мен текеметтерге, қоржындарға осы күнге дейін көбіне кіндік өрнек ретінде салынады [194; 195; 196]. Сондай-ақ ортасында қиғаш квадрат бейнесі бар шармықты қаусырған сегізбұрыш (Ботай үйлерінің пішіні) қазақтың кілем оюларында да сақталып қалды [194, 152-153; 185, 68-69].

#### **4. БОТАЙҒА САБАҚТАС ІЗБАСАР МӘДЕНИЕТТЕР**

Орталық Азияның далалық өңірлеріне тән малшылық өмір салтының ізашарлары қатарында болған Ботай мәдениеті жылқышыларының қыс аяқталысымен Есілдің жоғары алабы мен Тобыл атырабының қардан ерте аршылатын құмдауытты, саржазықты өрістеріне көктеуге, жайлауға шығып кетіп, суық түсер алдында ығы мол қойнауларындағы қыстауларына оралып отыруды дағды еткенін әлгінде сөз еттік.

Алайда талай ғасырларға созылған осы тіршілік салтына Еуразия даласында ж. с. д. III мыңжылдықтың соңында туындаған қуаңдану үдерісінің күшеюі кері әсерін тигізді. Каспийдің кезекті тартылуына (*Избербаш регрессиясы*) соқтырған осы экологиялық дағдарыс кезінде, барлық далалық өңірлердегі сияқты көлдер суының қашуы салдарынан балық аулау мөлшері төмендеді. Өрістердің жұтаң тартуынан тұз андары кеміді. Қоректік мақұлықаттардың азаюы – өз-өзінен қолдағы жылқыларды тамаққа пайдалану мөлшерін арттырды. Соған дейінгі кезеңдерде өндіруші шаруашылық жүйесі нәтижелі жүргеннің арқасында саны өскен жұрт үшін бұл үйлеспеушіліктің әсері көп ұзамай-ақ біліне бастаған. Қылықүйрықтар қатарының күрт кемуі, адам саны мен тамақ мөлшері арасындағы табиғи тепе-теңдіктің бұзылуына әкеп соқты. Жылқышы жұрттардың экологиялық кеңістігінде қалыптасқан бұл ахуал олардың басы артық топтарын өздері қоныстанған аймаққа ұқсас басқа өңірлерге көшуге мәжбүр етті.

Дәстүрлі өмір салттарын сақтау мақсатын көздеген ботайлықтардың біразы Есілді бойлай теріскейге, батыстағы Тобыл мен Жайық арасына бет алса, бірер бөлігі күнгей беттегі Сарыарқаға, шығыстағы Ертіс алабына, Алтайға, одан әрі Ішкі Азия жәзираларына қарай көші-қон бағыттарын жасады. Ол үдеріс іздерін осы аумақтардағы қоныстар мен тұрақтардан табылған ботайлық жәдігерліктерге жақын артефактілер де растайды [125, 294-302].

Осы лықсулар барысында олар өздерінен батыс жақта жатқан көнешұңқырлықтар секілді арбаларды да пайдаланды. Қалба жоталарының Ертіске еңкейген баурайында орналасқан Ақбауыр үңгір-қонысындағы қабырғаға салынған суреттер арасында Ботайдың қыш ыдыстарының геометриялық өрнектеріне ұқсас белгілермен бірге арба сұлбасының салынуы осындай тұжырымға жетелейді. Ақбауыр арбасының тасқа салынған мерзімі ж. с. д. III-II тоғысы деп дәлелденген [181, 15-23, 145-151]. Бұл Ботай мәдениетінің дағдарыс кешіп жан-жаққа тарала бастаған кезеңдеріне тұспа-тұс уақыт. Ертістен шығысқа қарай асқан ботайлық *R1b* қауымдарының көнешұңқыр мәдениетімен үндес афанасьев, сондай-ақ Алтай-Саян өңірі, Моңғол үстіртіндегі Орталық Азияның шығыс қапталына енетін, арғытүркітік, арғыалтайлық нышандары мол жергілікті жұрттармен (*C, C3 (C2), Q, O, N*, «шығыстық» *R1a*) аралас-құраластыққа түскені де анық. Сол сапырылыстар барысында олар әртүрлі ықпал-әсерлерге ұшырай жүріп, өмір салттары бұрынғы түзілімдерінен қашықтаңқыраған жаңа қауымдарға айналды. Жаңа археологиялық мәдениеттерді құрауға қатысты.

Ботайлық жылқышылардың Ертіс-Тобыл арасындағы аумақта қалған бөліктері де бұрынғы төл тіршілік сипаттарын әрі қарай қалпын бұзбастан жалғастырып әкете алған жоқ. Олар көнешұңқырлықтардан ұласқан әсерді қабылдап, іргелес аймақтардағы тұз табиғатына ең төзімтал түлік – қой өсіруге бейімделе бастады. Жылқыдан да со бойы қол үзбеді, қатар ұстады. Қой өрісін қуалаған маусымдық көші-қон дағдысы, яғни көшпелі өмір салтының алғашқы нышандарының да орнығуы жүріп жатты.

Ботай дәстүрлерімен сабақтас отырықшылық үрдіс жетіле түсіп, күнгей өңірлерден жеткен егіншілік машығы пайда болды. Ол тәсіл тұрақты тамақ қорын жасаудың маңызды көзіне айналды. Малшылық-егіншіліктің дамуы – қола дәуірінің енуімен бірге басталған металлургияның ілкі өркендеу сатыларымен қатарлас жүрді. Қола бұйымдар мен қару-жарақтар соғылды. Қоныс пен өріске талас күшейген сол замандарда қару-жарағы мол жұрттардың меселі басқалардан үстем болатыны байқалды. Сондықтан да тұздік тайпалар кен көздеріне жақынырақ орналасуға, оған иелік етуге ұмтылды.

Ботай аймағынан Оңтүстік Оралтау бағытына беттеген жылқышылардың бір толқынының ж. с. д. III мыңжылдықтың соңында Тобыл мен Жайық арасындағы мыс, мырыш, қалайы кендері шоғырланған Сынтасты өзені бойы, Арқайым (Арақайың) төңірегіне тұяқ ілкітіруінің де бір себебі осында еді. Олар бір дәуірлерде мезолиттік *жангел*, неолиттік, энеолиттік *сортанды* (*шортанды*) мәдениеттерінің аясына енген осы өңірлерге *терсек*, *ботай* керамикасына тән айқын геометриялық өрнек үлгілерін жеткізе [114, 36; 197, 345; 173, Y], яғни, жергілікті автохтон жұрттармен, кейінгі көнешұңқырлық *полтавка* тайпаларымен (негізінен *R1b1* гаплотопты) бірлесе отырып, болашақ *сынтасты-арқайым* мәдениетінің (арғытүрктік *R1b1* және арилік *R1a1* аралас) іргесін қалауға атсалысты. Сондай-ақ Батыс, Солтүстік, Орталық Қазақстан аймағын қамтыған *петров* мәдениетінің түзілуіне әсерықпалын тигізді [198, 173-177].

Ботайдың аясында жетілген тұрғын жай салу тәсілдері жаңа мекендерде әрі қарай жаңғыртылып дамытылды. Үйлердің қабырғаларын дөңгелектеп, көк аспан кеңістігіне ұқсата тұрғызу әдісі, енді бүкіл қонысты сопақ, шенбер түрінде, квадратты қаусырған Мандала пішініне бейімдеп салу үрдісіне ауысты.

Мәселен, бүгіндері Ресейдің Челябин облысына қарайтын Үлкенқараған, Өтеген өзендерінің қиылысында жатқан, Қостанай облысындағы Жітіқара қаласынан 120 шақырым жердегі, жергілікті түрк жұрттары Арақайың деп атаған, қазір әлемге әйгілі Арқайым археологиялық ескерткішіне айналған ежелгі қоныс-

бекініс орнын зерттеген ғалымдар, онда төртбұрыш үйлер бір-біріне тізбектете салған екі қатар шеңберден құралғанын анықтады. Сыртқы бекініс дуалын құраған шеңбердің диаметрі – 145, ішкі шеңбердікі – 85 метрдей. Дәл ортада көпбұрышты алаң. Қоныстан төрт жаққа қарай төрт қақпа шығады. Бар үйлердің есігі ішке, орталық алаң мен екі шеңбер арасындағы сақина тәрізді көшеге қаратылған [173; 199].



*Арқайым  
бекінісі орны*

Арқайымды ашып қана қоймай, сол төңіректегі ежелгі қалалардың орнын, жоспарланып жатқан су қоймасы астына қалып кетуден сақтау үшін көп еңбек сіңірген адам, бұрын Қазақ елінде еңбек еткен челябiлік археолог Г.Б. Зданович едi. Оның қажымас әрекетi арқасында Арқайым қонысы ашылған 1987 жылдан берi қыруар жұмыс тындырылды. 1991 жылдан бастап, осы жерде iрге көтерген ашық аспан астындағы Арқайым тарихи-археологиялық қорығы дүниеге келуiнiң де басты ұйымдастырушысы осы ғалым болды. Қазiр мұнда қонақүйлер, келушiлерге қызмет ететiн басқа да нысандар тұрғызылған. Байырғы өркениет ошағына тәу етушiлер «Арқайым» археологиялық мекенiн, ежелгi өндiрiстер мұражайын, энеолит, қола дәуiрiнiң тұрғын үйлерiн тамашалайды.

Бүгiнде әлемге әйгiлi болып кеткен сынтасты–арқайым мәдениетi қоныстарының негiзiнен бекiнiс мiндетiн атқару үшiн салынғаны аңғарылады. Бұл жерде олардың қола өндiрумен кеңiнен айналысқанының да өз әсерi болуға керек. Арқайымда әр үйде дерлiк металл балқытатын пеш кездесiптi. Дала металлургтерi жасаған мол мыс, қола қаруларға сырттан көз сұғын

қадаушылардың көп болатыны өз-өзінен түсінікті. *Сондай-ақ ол қоныс-бекіністер жобасының автохтон түз жұрттары арасында неолит, энеолиттен бері қалыптасып, Ботайда айқын көрініс тапқан мифологиялық-космологиялық наным-сенімдерге сәйкестендіріле бой көтергені де дау тудырмаса керек.* Ғалымдар *сынтасты-петров* мәдениеті деп топтастырған археологиялық дәстүрге тән қоныстар арасында төрт бұрышты бекіністердің де кездесетінін қаперге ала отырып, бұл өңірлерде бірі – *төртбұрыш*, екіншісі – *шеңбер* құрылыстарға ден қоятын әртүрлі мәдени дәстүрлер мен этникалық нышандарға ие әртекті қауымдар өмір сүрген еді деген пайымдаулар да жасап отыр.

Осы ретте Ботай қонысындағы *төртбұрышты* үйлердің ұшырасатыны еске түседі. Осы мәдениетті тұңғыш ашушы, белгілі археолог В. Зайберттің қыш ыдыстар сыпатына негізінен екі: *тарақ* және *жіп* тектес өрнектердің түсірілгеніне назар аударып, олар ботайлықтардың екі текті қауымнан тұратынын көрсетеді, дейтіні бар. Ол *тарақ* өрнек – *жылқышыларға*, *жіп* өрнек – *балықшы-аңшыларға* тән болды деген пікір білдіреді. Яки, күмбезді дөңгелек үйлерде – *тарақ* өрнекті жылқышылар, төртбұрыш үйлерде – *жіп* өрнекті балықшы-аңшылар тұрғанын дәйектейді. Өйткені *шеңбер*, *сопақ* қоныстарға бейім *сынтастылықтардың* қыш ыдыстарында *тарақ* өрнек көбірек байқалса, *дуалдары* қам кесектен көтерілген *төртбұрыш* бекіністерімен мәлім *петровтықтарға* жіп өрнегі ауысыпты [124, 145-147, 174, 216-218; 125, 308-311].

Бұл орайда Ботайдың *тарақ* өрнекті жылқышыларының этноетінін *арғытүрк* сипатты тайпалар, яки *R1b1* жұрттары деп пайымдаудың да реті өз-өзінен келіп тұр. Себебі, олар ұстанған Тәңіріге тәу ететін, Ғалам кеңістігімен үндесетін дөңгелек қоныстар, төрт құбылалы шармық түзілімі, күмбезді архитектура дәстүрі *сынтасты* мәдениетіне ғана әсер еткен жоқ, одан кейінгі түз жұрттарының тіршілік салттарында үзілмей келіп, көшпелі тайпалардың ғажайып киелі ұясы – киіз үйге ұласты.

Ал *жіп* өрнекті балықшы-аңшы жұрттарды әуелден алтайлықтармен кіндіктес, ұшқан орталары ортақ *оралдық*

қауымдар деуге келетіндей. Сонау палеолиттік замандағы *N, O, P* құрама гаплотобының *N* бұтағынан тарайтын ол қауымдардың алғы лектері бұл дәуірлерде Байкөл жақты айналып, Батыс Сібірдің күнгейіне орныға бастағанын бірінші тарауда айтып өткенбіз. Олардың біраз бөлігі осы өңірлерде Ботайдан кейін бой түзеген *петров* мәдениетінің аясына енгенімен, бірте-бірте теріскейдегі Батыс Сібір мен Орта Оралтаудың екі қапталындағы өздері тектес балықшы-аңшыларға тиімді орманды-сулы өңірлерге ығысқан еді. Ж. с. д. III-II мыңжылдықтарда сол аймақтарда оралдықтардың *фин-угор*<sup>15</sup> және *самоди* тармақтарына бөлінгені белгілі [14, 537-538]. Ботай мәдениеті өкілдерінің батыс бетке қарай лықсыған топтары кейінгі көнешұңқырлық *полтавка* мәдениетінің *R1b1*, ішінара арилік *R1a1* гаплогипті жұрттарымен бірге қола өндіруге, қоныс-бекіністер салуға кірісті. Оны *сынтасты* аясына енетін дөңгелек Құйсақ қонысының төменгі археологиялық қабатын көнешұңқырлық *полтавка* және *терсек-ботайлық* қыш көзелер құрайтынынан да байқауға болады [172, 8; 197, 345]. Сол шамаларда осы аймаққа Еділ-Жайық алабынан бойларына арғытүрктік *көнешұңқыр* үрдістерінің көп әсер-ықпалы сіңген кейінгі катакомбалық *абаши* мәдениетін ұстанған қауымдар легі де тұяқ іліктіре бастаған еді.

Сынтасты-петров қауымдастықтары ұстанған жерлеу жораларында *көнешұңқырлық* дәстүрлерге жақын, *қабір үстіне оба үю, мәйітті аяғын бүктіріп шалқасынан немесе сол қырынан (кейде оң қырынан) жайғастыру* әдістерінің ұшырасуында, әуелі *полтавкалық*, одан кейін осы *абаши* тайпаларынан ауысқан ғұрыптардың ізі жатыр. Мүрделер Ботайдағыдай қоныс ішіне емес, 1,5 шақырымдай жердегі арнайы қорымдарға жерленеді. Алайда солтүстікқазақстандық *петров* мәдениеті (*R1b1, R1a1* және *N*

---

<sup>15</sup> Бұл орайда академик М.Зэкиевтің *угор* этнонимінің түзілімінде түрктік сипат, «*p/ap/ep*» қосымшасының ізі бар екенін атап өтіп, оның ежелгі алтайлық қауымға жататынын болжағанын да қаперге алуға болады. Ол угор тобына енетін *мажар/мадиар* этнонимдері төркінінің де арғытүрктермен сабақтастығын дәйектейді [45, 70-71].

гаплотобы аралас) аясындағы ескерткіштерде әлі де балаларды еден астына көму үрдісі үзілмегені байқалды. Оларда қабір шұңқырының төрт қабырғасын Ботайдың үйлері сияқты қам кесектен қалап, табанын қалың етіп сылайтыны, оның үстіне сабан, киіз төсейтіні анықталды. Бірлік, Ұлыбай молаларын қазған кезде кесектің ішкі жағына бөренелердің қаланғаны нақтыланды. Мәйіттің басы негізінен батыс пен теріскей-батысқа қаратылып, сол қырымен тізесін бүге, қолдары бетіне қойылып жайғастырылады.

Қабірлердің беті тас тақталармен, бөренелермен немесе кесектерді ортаға қарай күмбездеп иіп қалау әдісімен жабылған. *Сынтасты-петровтық* жерлеу жораларында ер кісілердің моласына, әдетте екі дөңгелекті арба бөлшектері, қабірдің бет жағына аяқтары шауып бара жатқан қалыпқа бейімделіп бүктетілген екі жылқының сүйегі қойылар еді [173, III].

Археологтар Сарыарқа аумағындағы Қарқаралы маңынан аршылған *Нұртай* қорымында (ж. с. д. 17-15 ғ.) да дәл осыған ұқсас жерлеу жоралары жасалғанын, ал қыш ыдыстарының өрнектері петровтық көзелермен бірдей екенін анықтады [191, 94; 200]. Сондай-ақ одан кейінгі ғасырларда Сарырқаның Атасу алабында бой көтерген *Атасу* қоныс-ескерткіштерінің құрылымында да *Ботай мен Арқайымдағыдай дөңгелек және төртбұрыш пішіндегі үйлер салынып, олардың ортада бос алаң қалдырыла айнала орналасқаны нақтыланды*. Оны қазақтың атақты археологы Ә. Марғұлан бір жағынан түз жұрттарының киіз үйлерді айналдыра тігіп ортаға малды иіретін қотанына ұқсатады [143, 163-184]. Атасу тұрғындары дәл сынтастылықтар сияқты үйлерімен жапсарластыра салынған шеберханаларда мыс балқытып, қоладан бұйым құйып, көзе ыдыстарды күйдіретін пештер тұрғызған, үйлердің арасынан құдықтар қазған. Мал бағып, егін еккен. Бұл қоныста қола дәуірінің соңына қарай өмір сүрген тұрғындар үйлерін шошала сияқты дөңгелектеп сала бастауға көшіпті [56, 507-508]. Сондай-ақ Атасу кешеніне жақын жерде орналасқан, мерзімі онымен шамалас *Мыржық* қонысында да үйлердің негізінен шымнан, кесектен дөңгелектеп, сопақ етіп

салынып, тұрғындарының үй ішінен және оған іргелестіре мыс балқытатын пештер тұрғызғаны дәлелденіп отыр. Мыржықтықтар құрал-сайман, қару-жарақ соққан, жартылай көшпелі мал шаруашылығымен де айналысқан [201, 657-658].


Бұл сөз етілген дәйектердің бәрі – түбі автохтондық *ботай, көнешұңқыр* ықпалдарының сынтасты, петров мәдениеттеріне сабақтасуы Сарыарқаны да қоса қамтығанын байыптатады.

Көне наным-сенімдерде мәйіт басының – батысқа, бетінің – солтүстікке қаратылуы, о дүниеге кірер есік күн бататын (қараңғылық туатын) жақта, ал өлілер әлемі – салқын лепті теріскей бетте дегенді білдіреді. Дегенмен, артында қалған тірілер, өздері үшін қасиетті адамдар ортаға қайта оралса деген ниетпен, көнешұңқырлықтар мен ботайлықтар секілді мүрденің басын өмір қайта басталатын Күн шығар жаққа қаратып қоятын да болған. Ал арбаға жегілген жылқы – өлілердің жанын жоғарғы әлемге тез жеткізетін жүрдек көлік міндетін атқарады деп ұғынылған.

Көнешұңқыр мен ботай мәдениеттерінің Киелі табиғатқа, Күнге, Көк аспанға, Тәңіріге табыну наным-сенімін ұстанған жұрттарына тән өнер туындысына саятын жәдігерге – 1977 жылы Қостанай қаласының іргесіндегі, Тобыл өзенінің жағасынан кездейсоқ табылған шағын тас мүсін де жатады. Тастан қашалған тұрқы 30 сантиметр, салмағы 4 килә мүсінді ежелгі шеберлер Көк аспанға қарап, жалбарынып отырған адам түрінде бейнелеген. «Тобыл ойшылы» деп аталған бұл өнер туындысын *арқайымды* ашушы археолог Г. Зданович энеолит-қола дәуіріне жататын жәдігер деп тапты. Қазақ жерін бұдан 5 мың жылдай бұрын мекен еткен ежелгі жұрттардың төл қазынасы болып табылатын осы шағын мүсіннің аса құндылығын аңғарған Г. Зданович оны Арқайым тарихи-археологиялық қорығының басты рәмізіне айналдыруға да күш салған еді. Соның нәтижесінде бүгіндері түпнұсқасы Қостанай мұражайында тұрғанымен, оның әртүрлі көлемдегі шағын көшірмелері Арқайымда сурет, мүсінше түрінде кеңінен тарап, олар сол қорыққа келушілердің жаппай сатып алатын ең қалаулы кәдесыйларына айналып отыр. Алайда ол Арқайымда «Тобыл ойшылы» деп емес, «Аспанға қарап отырған адам», немесе



«Домалақ мүсін» деп аталады. Яғни, қазақ жерінің жәдігері екендігі айтылмайды. Келген жұрттың бәрі оны Арқайымда табылған, яки «Ресей жерінің төл мүлкі» деген күдіксіз пікірмен алып қайтып жатыр (*«Жас қазақ». 2006 жылғы мамырдың 26-сы. №20*). Әрине оны энеолит-қола дәуірлерінде осы өңірлерде мекен еткен, арғытүрктік салмағы басым, арилерге дейінгі *көнешұңқыр, ботай* мәдениеттері кезеңінен жеткен өнер туындысы деп ешкімнің түсіндіре қоймайтыны да белгілі жайт...



*«Тобыл  
ойшылы»  
мүсіні*

Ресей зерттеушілері ғылыми айналысқа соңғы онжылдықта енгізген *сынтасты-петров* мәдениеттерінен кейін ғана *андрон* мәдени-тарихи қауымдастығының кезеңі басталады. Қазіргі уақытта оның аясына жеке кезеңдер ретінде енген *алакөл, федоров* тармақтарын дербес мәдениеттер ретінде санау қалыптасып отыр. *Алакөл* мәдениеті қазақ жерінің батысы мен солтүстігін қамтыса, *федоров* мәдениетінің ескерткіштері оның орталығы мен шығыс аумағына тарап, Батыс Сібірдің орманды-далалық тайпаларына тән болды. Екеуі де *көнешұңқыр-ботай-сынтасты-петров* мәдениеттерінің бір-біріне салаласа сабақтасқан ізбасарлары ретінде қабылданады. Қос мәдениеттің кей аймақтарда бір-біріне сұғына араласып, қатар қоныстанып жатуының да бір сыры содан.

Федоров мәдениетінің тұсында оған қатысты өңірлерде өлікті өртеу ғұрпы кең тарала бастапты. Археологтар бұл жора *федоровтықтарға* – Өб өзені алабындағы абыздары мен көсемдерінің денелерін жандары о дүниеге тезірек барсын деп өртейтін арғыуорлық *самусь* мәдениетінен ауысты дегенге ден қояды [114, 77-80, 87-88]. Бұл ретте де мәйітті өртеу жорасының үнемі айтылып жүргендей, тек ариліктерге ғана қатысты емес, осы Орталық Азия аумағында туындаған төл дәстүр, жергілікті арғытүртік-оралдық жұрттардың Күнге, Отқа табынуынан өрбіген автохтон құбылыстардың бірі екені аңғарылады.

Осы ретте андрон мәдениетінің негізінен орталықазиялық, қазақстандық жергілікті тайпалар құрған түзілім екендігі туралы өз кезінде С. С. Черников айтқан орнықты пікірдің [209, 105-117], кейінгі жылдары жүргізілген краниологиялық зерттеулер тарапынан қуатталып отырғанын айтсақ та болады. Мәселен, андронның федоровтық тармағы, ДНК-генеалогиялық деректер бойынша, *R1b* гаплотопты жұрттар ретінде танылып отырған афанасьевтіктерге, еділ-жайықтық көнешұңқыр мен катакомбалықтарға, полтавкалықтарға жақын болып шықты. Алакөлдік тайпалардың бас сүйектері де кейінгі көнешұңқырлықтарға, катакомбалықтарға, қималықтарға жуық нышандарымен байқалды [183, 132-134].

Федоров мәдениетінің белгілері қазақ жерінің орталығындағы *нұра* кезеңінің (ж. с. д. 16-13 ғ.) ескерткіштерінде молынан көрініс береді. Нұралықтардың қыш ыдыс өрнектері арасында біз әлгінде сөз еткен төрт жапырақшадан түзілген белгілер, қас (свастика) таңбаларының көптеп кездесуі, бір жағынан, *ботай* заманында байқалған От пен Күн тәңірілерінің ең көне рәмізін қаперге салады. Олай болса, біраз зерттеушілердің андрондық *федоров* мәдениетін де, оның *нұра* нұсқасын да, қазақ жерінде дүниеге келген төлтума мәдениет деп санауының ақиқаттығы тағы құнттала түседі [191, 84-85]. Оған қоса тізелері бүгілген *көнешұңқырлық*, *афанасьевтік* жерлеу жораларының іздері *нұра* кезеңінің соңғы жағына жататын Айшырақ, кейінгі қола дәуірдегі *бегазы-дәндібай* мәдениетіне тән Саңғыру қорымдарынан (ж. с. д. 11 ғ.) кездескені де назар

аудартады [143, 26, 135]. Осы Саңғыру керамикасы мен әшекей заттарының өрнегі қазақ халқының кілем, тұскиіздеріне салынатын геометриялық оюларына ұқсас екенін де атап өту ләзім [191, 549-550].

Осы түйдек-түйдек дәлелдердің өзі түп-төркіні арғытүрк сипатты, негізінен *R1b* гаплотопты жұрттар құрған мәдениеттерден өрбіген дәстүрлердің қилы-қилы замандарды бастан өткере, әртүрлі қауымдардың әсер-ықпалына ұшырай жүрсе де, сол ілкі төл нышандардың Ұлы Даланың бар тұсына жайылғанын, шиырлы сілемдерінің үзілмей келіп, түздік тіршілік үрдісін мығым ұстанған киіз туырлықты жұрттарға дейін ұласқанын көрсетеді. *Көнешұңқыр* мен *ботай* мәдениеттерінің дала төсінде қалыптастырған тіршілік салттарының бірсыпырасын – олардан кейінгі *сынтасты-петров*, *андрон* үрдістері арқылы, *сақ*, *хұн*, *түрк*, *кейінгі дешти-қыпшақ* тайпалары әрі қарай жалғастырып әкеткен еді...

### III ТАРАУ

## ҚОЛА ДӘУІРІНІҢ АРҒЫТҮРК СИПАТТЫ КЕҢІСТІКТЕРІ



## 1.АРҚАЙЫМ МЕН АНДРОН МӘДЕНИЕТТЕРІ ТҮЗІЛІМДЕРІНІҢ ЖЕРГІЛІКТІ АВТОХТОНДЫҚ СИПАТТАРЫ

Қара теңіздің теріскейіндегі далалық өңірлердің ж. с. д. III мыңжылдықтың соңына қарай қуаңдануы мен Карпат металлургиялық ошағының дағдарысқа ұшырауы [172, 9], осы аймақтарды мекендеген көнешұңқырлықтардың ұрпақтары мен арилдердің біразының шығысқа қарай лықсуына әсерін тигізді. Әрі олардың бұл бет түзеуіне ықпал еткен басты себептердің қатарына Жайық алабында енді-енді кеңінен игеріле бастаған ірі *Қарғалы* мыс кені аймағына жақындай түсу ниеті көзделгенін де қосуға болады. Бұл кезеңдерде мыс кені қазіргі Орынбор облысы жеріндегі сол Қарғалы өңірінен бөлек, одан шығыс беттегі Оралтау Сыртының Жайыққа құятын *Сарымсақты* өзені алабындағы және Тобылға құятын *Сынтасты*, *Берсуат* өзендерінен оңтүстікке қарай жатқан атыраптардағы шағын қазбаларда да өндірілетін [173, IV].

Яғни, бұл өңірлер батыс жақтан араларында *арилік* қауымдар да бар түздік жұрттар сұғынып ене бастаған кезеңдерде құлазып жатқан бос аймақтар емес-тін. Байтақ далада олар келгенге дейін де малшылық-егіншілік шаруашылығы дамыған, үйірлетіп жылқы, отарлатып қой өсірген, кен қорытқан, қару-жарақтарды құя, соға білген, «этникалық тегі ұқсас» [209, 110], қуатты мифологиялық сарындардың алғашқы нұсқаларын түзе бастаған қабырғалы автохтон жұрттар мекендеп жатты. Солардың елеулілері, Жайық пен Обаған өзендері арасындағы өңірде, археологтарға таяу онжылдықтарда ғана сырын ашқан Сынтасты-Арқайым аясындағы қоныс-бекіністерді бірлесе тұрғызуға енді кіріскен, байырғы – арғытүрк сипатты *R1b*, түпкіорталықазиялық *N* гаплотопты қауымдар еді.

Олардың басым бөлігін біз осы аймақтардың түпкілікті тұрғындары, түп-төркіні арғытүрктік сипаттағы *көнешұңқыр* мен *ботай*, *шортанды* мәдениеттерін қалыптастырған түздік тайпалардың ұрпақтары, қола дәуірінде алыс қашықтықтарды

**жақындатып, аралас-құраластықты жеделдетуге септігі тиген басым үрдіс – *ат* пен *арбаны* кеңінен пайдаланудың арқасында, Батыс пен Шығыстан, Күнгей өңірлерден ауысқан инновациялық импульстерді әрі қарай өрістете отырып, жаңа бітімді қоныстардың іргесін көтеруге атсалысқан жұрттар ретінде танимыз [198, 173-177; 55, 173-174].**

Алайда талайдан бері еуропакіндікшіл үстем қағидаға сай дамып келген ғылым, ол байырғы тұрғындардың денін батыстан жылжып жеткен түпкіүндіран тілінде сөйлейтін қауымдар ретінде ғана танып, андрондықтарға дейінгі дала жұрттары да тап сол *ари* тұқымдастарға жатады, деп есептеуге бейіл беріп тұрады. Сөйтсе де мұның тиянақсыздау екенін аңғарған кей зерттеушілердің Орталық Азия даласының ежелгі автохтондарын батыстан келді делінетін *арилерден* бөлектендіре жіктеп, түп-тегін қаузап жатпай, сәл бұлыңғырлата *қола дәуірінің далалық тайпалары, аборигендер* деп те атайтындары бар. Орыстың белгілі археологы К. В. Сальниковтың да өз кезінде *андрон* мәдениетін жасаушыларды өздерінен бұрынғы жергілікті неолиттік және энеолиттік қауымдармен генетикалық сабақтастығы бар жұрттар ретінде тану арқылы, олардың бәрін *үндіиран* тілді деп табу дұрыс еместігін аңғарып, андрондықтар *угор* тілді болуы да мүмкін дегенді алға тартқаны белгілі [202, 347]. Одан кейінгі жылдарда андрондықтарды жаппай *ари* тайпалары қатарына қоса салу дағдысының жөн еместігі Мәскеуде шыққан сегіз томдық академиялық «Еуропа тарихы» еңбегінде де айтылды. Онда Орталық Азияның далалық өңірлерінде *андрон* мәдениетін түзген ежелгі жұрттардың тек *арилер* еместігі тағы қаперге салынды [167, 97-110].

Мәселенің бұл жағы кейінгі онжылдықтарда *арилердің* Орталық Азияның күнгейіне қалай жеткенін зерттеп жүрген белгілі археолог Е. Е. Кузьминаның еңбектерінде де сөз арасында назарға алынып жүр. Ол қазақ жерінің батысы мен теріскей жағын, Оңтүстік Оралтау өңірлерін қамтитын, ұзындығы – 350, ені – 200 шақырым зор аумақта *андрон* заманына дейін өркен жайған *сынтасты-арқайым, петров* мәдениеттері аясындағы *жаңақұмақ*

кезеңін тілге тиек ете отырып, оған қатысты қоныстардан табылған ең көне көзе сынықтарының осы аймақтардағы *көнешұңқырлық-полтавалық* тайпалардың мүлкі екендігін куаттайды [172, 8]. Әрине, зерттеушінің бұл орайда Еділ-Жайық алаптарындағы майлы жұртта негізгі ерекшеліктері қалыптасып, әуелгі жерлеу жораларын соңына дейін бұзбай сақтаған көнешұңқырлықтарды арғытүрк емес, *арилерге* туыс арғыүндірандар ретінде санап отырғаны белгілі. Дегенмен, ол осы пікірін жалғастыра келе, *Жаңақұмақ тарихи-хронологиялық қабаты* кешенінің қалыптасуы – осы өңірде этникалық тегі мен әртүрлі далалық тайпалардың өзара ықпалдасуы нәтижесінде жүзеге асты, сондықтан да *сынтастылықтарды* тек таза ариліктер ретінде қабылдау жөн емес деп те атап көрсететіні бар (*сонда*). Бұған сынтастылық ілкі қыш ыдыстары өрнектерінен энеолиттік *шортанды, терсек, ботай* мәдениеттерінің сабақтастығын тап басып аңғарған А.В.Матвеевтің де пікірі қайшы келе қоймайды [197, 345]. Ілкі андрондық *сынтасты-арқайым* мәдениетін алғаш ашушы археолог Г.Б. Зданович те қоныс-бекіністердің төменгі қатпарларын қазу кезінде табылған ежелгі қыш көзе сынықтарының сол өңірлердегі және Каспий маңының энеолит, ерте қола дәуірлеріндегі ыдыстармен ұқсастығына назар аударған болатын [173, У]. Мәселенің бұл сипатын кейінгі жылдары археолог С. Қалиева жүргізген зерттеулер де нақтылады. Ол сынтасты-петров ескерткіштерінің таралған аумағы соған дейінгі энеолиттік *терсек, ботай, шортанды* мәдениеттерінің керамикалық үрдістері аймағына дөп сәйкесетінін байыптай келе, сынтастылық қауымдастықтың қалыптасуына келгіншілер емес, жергілікті жұрттардың әсер-ықпалы молынан тигенін дәйектеді [198, 173-177]. Ал ол энеолиттік автохтондар, яки көнешұңқырлықтар, ботайлықтар, шортандылықтардың негізінен арғытүрк сипатты *R1b*, түпкіорталықазиялық *N* қауымдары екенін біз екінші тарауда жан-жақты сөз еткен болатынбыз.

Дегенмен де мәселенің бұл жағы біраздан бері көтеріліп жүрсе де бұрыннан бекіп қалған қағиданы бұзу қиынның қиыны. Андрондықтарды тек қана арилер ретінде танудан талмай келе

жатқандар әлі де жеткілікті. Андрон қауымдастығының иелері – еуропеоид кескінді, демек, оларды түрк тектілерге қосуға болмайды дейтін біржақты пікірлерден қайта алмай жүрген зертеушілер әлі баршылық [2, 5-182]. Ғылымның кейінгі жетістіктерін елең қылмай, әуелден қалыптасып қалған таптаурын тұжырымдардан кеткісі келмейтіндердің бұл тіресулерінің мәнісі әріде. Өйткені *андрондықтарды тек арилер ретінде ғана қабылдау*, Ұлы Далада *олардан кейінгі дәуірлерде зұмыр кешкен сақ-скиф тайпаларын да түгелдей үндірандық деп табу* мәселесіне көп жәрдем береді [175, 88-103; 204, 154-165]. Ол күллі еуразиялық өңірлердегі өркениеттерді жасауға үндіеуропалық жұрттар араласқан еді, деген еуропакіндікшіл тұжырымдардың мызғымауына септесетін басты уәждердің бірі қатарында. Сол пікірдегілердің *көнешұңқыр* мәдениетінде қаншама арғытүрктік нышандар ұшырасып, ДНҚ-генеалогиялық зерттеулер арқылы *R1b* ұрпақтары екені дәйектеліп жатса да, оны елең қылмай, арилік негіздерге бейімдеуден таймай отырғандықтарының басты кілтпаны да осыған саяды. Көнешұңқырлықтардың түп арғытүрктік түзілімі мойындалса, одан кейінгі сынтасты, андрон (кей реттерде катакомба мен кима) мәдениеттерінің де арғытүрктік сипаттары мол екендігін тану қажет болады. Сондықтан да ол көзқарастағы ғалымдар еуразиялық далалық кеңістікте қалыптасқан *түздік тіршілік салттары, жылқыны тұңғыш қолға үйрету, арбаның шығуы, алтай-оралдықтарға тән космологиялық түсініктер, жергілікті жұрттардың ежелгі наным-сенімдерінен туындаған мифологиялық сарындар*, бәрі-бәрін ари жұрттарына ғана тиесілі деп айтыла берілгенін мақұл көреді. Бұл ұстанымды әсіресе осы тақырыпқа қатысты ғылыми еңбектерді оқыған кезде айқын сезінесіз. *Оларда нақ бір батыстан сол арилік көші-қон толқындары жеткенше, бұл өңірлерде тіршілік мүлдем тоқтап тұрғандай боп та сипатталар еді.*

Ал мәселенің ақиқатына жүгінсек, *ілкiандрондық сынтасты-арқайым, петров*, одан соң *алакөл, федоров* мәдениеттерінің іргесін қалауға белсене атсалысқандардың арасында, түбі



*орталықазиялық, арғытүрктік, арғыоралдық* автохтон жұрттар басымдау болатын. Осы орайда, бірінші тарауда сөз етілген, *R1a* гаплотобының әуелде түпкітүрк сипатты тектен шыққаны, одан тараған *R1a1* гаплотипінің ең ежелгі түрі Алтай мен Шығыс Түркістандағы түрк халықтары молекуласында сақталып қалғаны, бұдан 12-13 мың жылдай бұрын олардың ілкі толқындары Алдыңғы Азия немесе Балқан аймағына жеткесін ғана, кейіннен «үндіеуропалық» деп таңбаланған тілге ауысқаны жөніндегі ақиқатты қаперге алар едік. Еуропадан Азияға қарай қайта беттегенде «арилер» деген атқа иеленген осы батыстық *R1a1* гаплотипті жұрттар орталықазиялық *R1b1* автохтон *түпкітүрктермен* байырғы тегі жағынан туыс ретінде саналса да, батыс аймақтарда көп мыңжылдықтарға созылған бөлек күн кешуден кейін тілдері үндіеуропаланып кеткен қауымдарға айналып үлгерген болатын [104; 203; 207; 208].

Арилер мен арғытүрктердің Ұлы Дала төсінде бір-біріне ұқсас тіршілік салттарын кешуі де олардың ең ежелгі замандардағы біртектілігінен туындауы әбден кәміл. Арилер де көнешұңқырлықтардың әсерімен дала салтына бейім, жылқы бағып, арба жегетін, қой түлігін өсіретін жұрттарға тез айналды. Атап өтерлік бір ерекшелік, *сынтасты, арқайым, андрон* қауымдастықтары өздерінің алдындағы арғытүрктік мәдениеттерінің дағдысын ұстанып, *шошқа өсіруге* жолай қоймаған [186, 222-223]. Ал сол кезеңдерде ұлыдалалық кеңістіктің батыс бетіндегі *R1a1* және *I* гаплотопты қауымдар Карпат, Триполье-Кукутень аймақтарындағы отырықшылыққа бейім тіршілік ықпалына сай көбіне сиыр, доңыз өсіруге бейіл беретін. Осы ретте андрондықтар мен қималықтар арасына ойдым-ойдым сұғына кіріп, араласа ғұмыр кешкен арғы фин-угорлық *шерқаскөл* мәдениеті қауымдарының да шошқа өсіруге мән бергені назар аудартар еді [175, 98; 174, 106; 173, *IY*]. Бұл угор жұрттарының да шошқаға кет әрі еместігін көрсетеді. Сондықтан, осы орайда да *сынтасты, петров, андрондық* қауымдар арасында негізінен, *басқа емес, көнешұңқыр, ботай* сынды арғытүрктік, алтайлық сипаттары басымдау жұрттардың ұрпақтары көбірек

болды дегеніміз, ақиқатқа кәдімгідей жақындар еді. Бұл арғы-бергі түрк қауымдарының шошқа өсірмейтіндігінің әуелгі жөн-жобасы (ұдайы көші-қоңмен жүретін түздік тірлікке доңыз тұқымын өсіру қолайсыз), сонау *көнешұңқыр, ботай* заманынан сабақтасып келе жатқан үрдіс екенін де аңғартады.

Осы орайда ілкіандрондық *сынтасты-арқайым* аясындағы қоныстардың іргесін қалап, кен өндіруге кіріскен *полтавка* мәдениеті және *ботай* жұрттарының үйлерді бекініс түрінде сала бастағанының себебі мен төркініне де назар аударған жөн секілді. Бұл мәселеге кезінде орыс архелогы А. В. Матвеев те көңіл бөліп, Арқайым тектес қоныстардың осылай тұрғызылуы – олардың жаудан қорғану мақсатын көздеуге байланысты өрбіген қажеттілік деген пікір білдірген болатын. Әрі осыған орай, ғалым оларды жаңа жерлерге жылжу барысында арилердің өздері бекініс ретінде соғуы мүмкін деген жорамалын да алға тартқан-ды [197, 365-358].

Ал біздіңше, осы пікірді басқа қырынан қаузау, яғни ол қоныстарды жергілікті жұрттар сыртқы жауларынан қорғану үшін салды деу, одан гөрі иланымдылау көрінер еді. Мұны қазба жұмыстары кезінде алғашқы археологиялық қатпарлардан осы өңірлердегі бұрынғы энеолиттік *шортанды, терсек, ботай* мәдениеттеріне тән геометриялық керамика үлгілері мен жерлеу жоралары үрдістерінің кездесетініне қатысты дәйектер ғана емес [198, 174-177], Жайық пен Ертіс арасындағы кеңістікте энеолит замандарынан бері үй салу үрдісін дамытумен келе жатқан *ботай, шортанды* қауымдарының дәстүрлі құрылысшылық машығы да жоққа шығармайды [199]. Сынтасты-Арқайым аясындағы, ғылымда «*Қалалар елі*» деп аталған, 20-дан астам қоныс орны айқындалған бекіністердегі орталық алаңды айнала қоршай орналасу ерекшелігінің алғашқы белгілері – Ботай мәдениетінде пайда болғанын, үйлердің киіз үй, кейде төртбұрыш пішіндес салынғанын екінші тарауда сөз еткенбіз. Сол талай ғасырлық үй тұрғызу тәжірибесін олардың енді домалақ немесе төртбұрыш бекіністер салу үшін де қолданғаны кәміл.

Мәселен, «Қалалар елінің» әйгілі қонысы Арқайым бекінісінде төртбұрышты үйлердің бір-бірімен қабырғалары жапсарластыра

қаланып, тізбектелген күйі ортадағы көпбұрышты аланды сақина тәрізді айнала орап жатқаны анықталды. Оны сыртынан диаметрі 145 метрлік тағы бір, өзара бүйірлестіріп, қаусыра салынған төрт бұрышты үйлер тізбегі айнала қоршайды. Үйлердің сыртқа қараған бүйірлеріндегі, қалыңдығы 3-5, биіктігі 3-3,5 метрлік жалпақ қабырғалары бекіністің дуалы болып та есептеледі. Сыртқы шеңберде – 40 үй, ішкі шеңберде – 27 үй болыпты. Ішкі шеңбер бөлігін орталық қамал деуге де келеді. Оның биіктігі сыртқыға қарағанда еңселілеу. Екеуінің ортасын бөліп жатқан сақина тәрізді жалғыз көшенің бетіне ағаш төселіп, астынан су ағып тұруы үшін арық қазылған. Ішкі қамал үйлерінің есігі орталық алаңға, сыртқы шеңбер үйлерінің есігі көшеге қаратылған. Яғни, дуалдардың сыртқы беті бітеу.



*Арқайым  
бекінісі.*

*Жаңғыртпа  
жоба*

Бекіністе бағыттары төрт жаққа қарайтын төрт қақпа бар. Бас қақпа батыс жақта. Қалаға енудің жолы барынша күрделілендірілген. Тек бас қақпаның сол жақ есігінен басталған ені 4-5 метрлік жол ғана ортадағы сақина тәрізді көшеге қосыла алады. Қалған қақпалардан кірген жол әдейі шытырман (лабиринт) етіп жасалынған. Олар тарыла келіп, бірі сыртқы дуалдың үстіне шығып кетеді, қалғандары дуалдардың арасынан салынған тар дәліздер арқылы біраз бұлың-бұлыңнан кейін ғана орталық сақина көшеге жете алады. Яғни, сырттан келген жаудың қоныс ішіне өтуінің өзі оңай емес. Оның үстіне бекіністің сыртынан тереңдігі 1,5 – 2 метрлік ор қазылған [199; 173, II ].

Арқайымдықтар дуалды Ботайдағы сияқты қам кесектен және балшықты жан-жағы шыммен, бөренелермен көмкерген қалыптарға құю әдісімен көтерген. Үйлердің аумағы 110-180 шаршыметрді құрап, оның үштен бірін құдық, металлургиялық пеш, жертөле, ошақ алып тұр. Әр үйде дерлік металл өндіріліпті. Археологтар металл балқыту үшін керек ауаны құдық тереңінен ескен өкпек самалды қолдану және көрікпен үрлеу арқылы алынғанын анықтады. «Қалалар елінің» кабірлерінде арбалардың көптен қойылуына қарағанда, балташылық та дамыған. Тұрғындар қыш күйдіруді, тоқымашылықты, қару-жарақ жасауды меңгерген. Қой, жылқы, сиыр өсірген. Сиырдың саны *сынтасты-арқайым* аясында уақ мал мөлшерімен шамаласса, қазақ жерінің солтүстігіндегі *петров* қоныстарында кейде төмендеп, кейде бірдей болғаны аңғарылыпты. Жылқы оларға қарағанда аздау. Бұл қалалар тұрғызып, қола өндірген отырықшылыққа бейімдеу өмір салтына тән ерекшелік. Осы өңірлерде сиыр малы энеолиттік *шортанды* заманынан белгілі. Ол *көнешұңқыр* мәдениетінің ауқымы Днестрге дейін созылып жатқан сол кезеңдерде Триполье аймағымен өзара алыс-беріс байланыстар арқылы жетуі де мүмкін [150, 325]. Сынтасты мәдениеті кезінде тоқал сиырлардың саны басымдау байқалыпты. Олар, шамасы, басқа тұқымдарға қарағанда сүттілеу болса керек. Археологтар сынтастылықтардың егіншілікпен айналысып, тары, арпа, бидай еккенін де дәлелдеді.

Ілкі сынтастылықтардың өз қоныстарын мұндай бекем қылып салуға түрткі болған ең басты себептердің бірі – қола, мыс қорыту өндірістерін қорғау мақсатынан туындағаны анық. Осы тұрғыдан алғанда қазіргі кезде Арқайым тектес шенбер түріндегі алғашқы бекіністердің шығу төркініне түздік тайпалардың ит-құстан сақтану үшін үйлерін айналдыра тігіп, ара-араларына арбаларды қатарлай тізіп немесе арқан керіп, ортаға малды иіріп қоятын қотан әдісінің әсері тиген болуы керек деген пікірлердің ғылымилығы мойындалып отырғанын айтуға тиіспіз [143, 163-184; 172, 9-10; 186, 71]. Мұның өзі де сынтасты аясындағы қоныстардың ілкі автохтондық сипаты басымдығын аша түседі. Яки, сынтасты-петровтық қоғамға тән тіршілік салтын

келгіншілер емес, негізінен ж. с. д. III-II мыңжылдықтар тоғысында Еуразияның далалық аймағында туындаған табиғи ахуалдарға сәйкес, бұрыннан мыңғыртып қой өсірген, қотанын иірген, кесектен, ағаштан дөңгелек, төртбұрыш үйлер салуды меңгерген жергілікті жұрттардың өзі қалыптастырды десек құп ләзім [198].

Қола мен мыстан соғылған қару-жарақ өндірісін әркімнің-ақ өз қолында ұстағысы, сол арқылы маңайдағы елдерден үстем болғысы келетіні мәлім. Оны сырттан келген *ари* қауымдары да жақсы түсініп, кен орындарына билігін жүргізуге ұмтылды. Әрине, мұндайда сыртқы басқыншылыққа жергілікті жұрттардың қарсы тұрары, жан беріп, жан алысқан талай шайқастардың өтері анық. Сол жаугершілік замандарда металл өндіретін қоныстарды жойқын шабуылдарға төтеп беретін мығым бекіністер түрінде салу үрдісі де өрістеп, дамыған еді. Археологиялық қазбалар нәтижесі Жайық пен Есіл арасындағы өңірлерде самсап бой көтерген ол қоныстардың бәрінің де бекініс міндетін қоса атқарғанын көрсетті.

Осы аумақтың шығыс бөлігіндегі *сынтасты* аясындағы бекіністердің негізінен *домалақ*, *сопақ* болып келгендігі және олардың кейбір құландыларының үстінен кейіннен батыс бөліктегі *петровтықтарға* тән *төртбұрышты* қоныстар салынғаны байқалыпты.

Зерттеушілер осындай белгілерге орай, бір-бірімен үндес *сынтасты-петров* мәдениеттерінің екі кезеңнен тұрғанын, әуелі Арқайым тектес *сопақ* бекіністер салынғанын, одан кейін *петров* мәдениетіне тән төртбұрыш қоныстар бой көтергенін айтады. Ғалымдар Е. Е. Кузьмина мен К. Ф. Смирнов осы қос мәдениетті біріктіре қарап, оларды әуелгілердің қатарында ашылған Жанақұмақ қорымы атауынан шығарып – *жаңақұмақ* мәдени-хронологиялық қабатының екі кезеңі ретінде таниды. Ал Г.Б. Зданович оларды Оңтүстік Оралтау мен Қазақ далаларындағы орта қола дәуірінің *алғашқы*, *дамыған (сынтасты)* және *кейінгі кезеңі* деп үшке бөледі.

Қазақ жеріндегі *петров* мәдениетіне тән төртбұрышты үйлердің әуелгі үлгілері онымен қанаттас жатқан *ботай* аясындағы қоныстардан бастау алғанын екінші тарауда сөз еткенбіз. Көлденең Жайықтан шығысқа қарай жатқан өңірлерге баса-көктеп еніп, *ілкі сынтастылықтармен* қиян-кескі шайқастар өткізген сырт жау, сол төңіректердегі мыс кендерінің маңайларынан ұзап кете алмай аялдағанымен, кейіннен мал мен адам саны өскеннен кейін, Тобыл-Есіл аралығындағы *петровтықтар* жеріне де көз тіге бастайды. Жойқын қатердің төнуіне байланысты сол өңірдегі автохтон тұрғындар да қоныстарын қорғанысқа бейімдеп салуға көшеді. Және олардың бекіністері сынтастылықтардан өзгешелеу, төртбұрыштап тұрғызылғаны аңғарылыпты. Археологтар мұны ұзаққа созылған жаугершілік замандар барысында жинақталған тәжірибе нәтижесінде, төртбұрышты бекіністердің қорғаныс мүмкіндігі дөңгелек қоныстарға қарағанда, басымдау байқалуына байланысты, кейіннен қосылған өзгеріс ретінде таниды. Мұндай қорғандарда күш айнала шашырамай, төрт жаққа түйіле бөлінеді екен [173, Y]. Сондықтан да «Қалалар елінің» екінші кезеңінде сынтастылық шеңбер тектес қоныс дәстүрлерінің өзі дамытылып, олардың орнына төртбұрыш қорғандар салына бастапты.

Осының өзі де бекіністер салу үрдісінің әуелі осы жергілікті аймақтарда туындап, төл даму сатыларынан өткенін көрсетеді. Яғни, олардың дәстүрін сырттан келген қауымдар өздерімен бірге дайын күйінде жеткізіп, осы өңірлердің тұрғылықты тайпаларының қарсылығынан қорғану үшін жедел тұрғызды деген түсініктің шикілігі байқалады. Мәселенің ақиқатына үнілсек, оны бұрын бекіністер салумен кеңінен айналыса қоймаған автохтондар өздеріне тән үй тұрғызудың төл дәстүрлерін күнгей өңірлерден ілгерілі-кейінді жеткен сыртқы әсерлермен қабыстыра отырып, әрі қарай дамытқан еді.

\* \* \*

Археологиялық ескерткіштерді хронологиялық мерзімдеуде кейінгі жылдарда қолданыла бастаған жаңа радиокөміртегілік әдіс

қола дәуірінің кезеңделуін әрі қарай екі ғасырдай көнелететін біршама өзгерістер алып келді. Ол бойынша, Еділ мен Есіл аралығындағы далалық өңірлерде, ерте қола дәуірі ірі Қарғалы мыс аймағында қола қорыту ісінің дамуына байланысты ж. с. д. 24-23 ғасырлардан басталғаны шамаланады, яки алдыңғы қола сол мерзімдерден тарқатылады [149]. Сол жана дәйектеулерге орай, *сынтасты-петров* мәдениеттері немесе жаңақұмақ кезеңінің ескерткіштері ж. с. д. 21-18 ғасырларға сәйкестендіріліп, *орта қола дәуірінің* (20-15 ғ.) ауқымына жатқызылды [172, 18-19; 173, Ү]. Яғни, бұл реттен алғанда *кейінгі қола дәуірі* ж. с. д. 14-10 ғасырларға маңайласар еді.

А. В. Матвеев те жаңаша мерзімдеудің нәтижелеріне байланысты, *жаңақұмақ* кезеңі ж. с. д. III мыңжылдықтың соңынан басталды дей отырып, оның осы өңірлерде ірге көтерген *андрон* тарихи-мәдени қауымдастығының *алакөл* мәдениетіне ұласқанын дәйектейді. Содан соң алакөл кезеңі бұл аймақта (ж. с. д. XX ғасырдың соңынан ХҮІІІ ғасырдың ортасына дейін) *федоров* мәдениетіне ауысады [197, 370-370, 378]. Бұл орайда башқұртстандық археолог И. В. Денисовтың *алакөлі* – энеолиттік *ботай* мәдениетінің батыс, орталық бетінде, *федоровты* – шығыс бетінде орналасқан жұрттардың ұрпақтары дейтін маңызды тұжырымын да назарға алу абзал. Және ол алакөлдіктер мен федоровтықтарды әдеттегідей, бірінің орнын бірі алмастырған мәдениет өкілдері емес, бір кезеңдерде өмір сүрген, дамудың бірдей сатысында тұрған жұрттар деп есептейді [114, 56-65, 102-104; 209, 77-78]. Бұл *сынтасты-петров*, *алакөл-федоров* мәдениеттеріне, яки андронға *ботайлық* ықпалдың тигенін тағы да айғақтай түскен дәйекке жатады. Е. Е. Кузьмина «Сібірдегі *федоровтық* ескерткіштер *афанасьев*, *окунев*, *кратов* және *самусь* мәдениеттерін алмастырып, *қарасуқ-ермен* кешендеріне ұласады» [186, 43-44], – деп атап өтеді. (Әрине, бұл белгілі ғалым да *афанасьевтің көнешұңқыр*, *ботай* секілді арғытүрктік түзілім, *R1b* екенін ол кезде біле қоймаған еді).

Осы ретте әуелгі жәдігерліктері Енисай алабындағы Андронов ауылы маңындағы қорымнан табылуына орай, *андрон* аталып

кеткен мәдениеттің соңғы археологиялық жаңа деректерге сай, қайта байыпталғанын да назарға алған жөн. Ол бүгіндері *ірі тарихи-мәдени қауымдастық* ретінде танылып, бұрын оның жеке кезеңдері ретінде саналып келген *алакөл, федоров* сатылары дербес мәдениеттер ретінде жүйеленді<sup>16</sup>.

*Алакөлдiк* тайпалар шамамен *сынтасты-петров* мәдениеттерінің аумағын, яки Жайық алабын, Қазақ жерінің батыс және теріскей аймақтарын мекендеп, кейіннен оңтүстігіне, Әму-Сыр алаптарына дейін тараса; *федоровтықтар* қазақ даласының шығысын, ішінара Сарыарқаны қоныстанып, шығыс жағы Енисейге, батыс жағы кей тұстарда Жайыққа дейінгі өңірлерді қамтып, қайсыбір жерлерде алакөлдiктер арасына сұғына еніп те тұрған. Алакөлдiктер мен федоровтықтардың *көнешұңқыр, ботай, афанасьев, катакомбалық* жұрттармен жақын байланыстары бар екендігінің кейінгі краниологиялық, одонтологиялық ерекшеліктер бойынша дәлелденгенін әлгінде сөз еттік [182; 183].

Зерттеушілер *алакөл* мәдениетінің қалыптасуына *сынтасты-петров* қауымдастығының әсер-ықпалы тигенін де бағамдайды. Сынтастылықтардың мүрделерді *қабірлерге тізелерін бүктіре, оң немесе сол жақ қырынан жатқызып, басын батысқа, теріскей-батысқа қарату* тәсілі, алакөлдiктерде де жалғасын тауыпты. Екеуінде де кейде *көнешұңқырлықтарға тән шалқасынан тізесін бүгіп жатқызу жорасы кездесінті*. Екеуінде де мәйіттерді жекелей, қосарлап, топтап көмген қорымдар бар. Кейде молаларға мүрделер емес, еттерінен ажыратылған сүйектер ғана қойылатын болған. Үстеріне оба үйілген. Қабірлерді төрткүлдеп қазу, ішіне бөренелерден құрастырылған лақыттар орнату, сыртқы қабырғамен екі араға лай құю тәсілі де *алакөлге* сынтастылықтардан ауысқан. Құрбандыққа қой, сиыр, жылқы

---

<sup>16</sup> Олардың атаулары - алғашқы жәдігерліктері Оңтүстік Оралтаудың шығысындағы ежелгі түрк жұрттарының мекені: қазір Челябині облысына қарайтын *Алакөл* көлі жағасындағы және Челябині қаласының түбіндегі *Федоров* елді мекені жанындағы қорымдардан табылуына байланысты қойылған.



шалыныпты. Алакөлдiктерге тән табаны тегiс, бүйiрi шығыңқы, мойны тiк, белiне ирек, қисық үшбұрыш, тарақ, меандр (тiк сынған сызық) өрнектер салынған қыш ыдыстар пiшiнiне петровтық нышандардың әсерi тигенi аңғарылыпты [197, 325-332, 346-358].

Алакөл тайпаларының қоныстарында тұрғын жайлардың қатар-қатар тiзiлiп салынғаны анықталды. Олар көбiне 100-200 шаршыметрлiк көлемдi қамтыған ұзынша жартылай жеркепелер түрiнде тұрғызылып, үйлер екi бөлiкке бөлiнiп, 1-ден 8-ге дейiн ошақтар құрылыпты. Орманды жерлерде қабырғалар ағаштан қаланып, сырты балшықпен сыланып, шым қабаттармен қапталса, ағашы жоқ далалық өңiрлерде оларды тастан қалайтын болған. Үйлердiң iшiнде бiр жағы тоңазытқыш та қызметiн атқарған құдықтар қазылыпты [82, 128-134; 114, 57-61].



*Қола дәуірі әйелінің  
киім үлгісі.*

*К. Ақышев  
жаңғыртпасы.  
ҚР Ұлттық музейі*

Алакөл кезеңінде қоныстардың *сынтасты-петров* заманындағыдай мықты бекіністер түрінде салу бағытының азая түскені байқалған. Бұл бір жағынан, осы өңірлерде жаугершілік заман саябырсығанының да көрсеткіші. Батыстан лықсыған бірсыпыра *арилік* қауымдар жергілікті *арғытүрк, оралдық* жұрттардың қорғандарына түгелдей тісі бата қоймағанмен, кей жерлерде басымдық танытуы да мүмкін. Немесе олар сол аймақтардағы әлі бос жатқан аймақтарға өздерінің бекіністерін салып орныға бастады, өз беттерімен қола өндіруге, малшылықпен, егіншілікпен айналысуға көшті деп жорамалдауға да болады. Жылдар өте келе бұл қанаттаса өмір сүру салты жүйеленіп, ол екі жақты өзара бейбіт қатынастар мен аралас-құраластық байланыстарға жетелеген сыңайлы. Бұл сол өңір жұрттарының мүддесіне де сай келетін. Өйткені әр қоныста дерлік молынан қорытылатын, қоладан жасалған қару-жарақ, еңбек құралдарының басы артықтарын металлургиялық ошақтары жоқ басқа аймақтарға жеткізу, сату, айырбас жасау ділгірлігінің туындары айқын жайт. Ал ол үшін аймақтағы ахуалдың тыныш болғаны абзал.

Мәселен, археологиялық дәйектер андрон заманында қазақ даласының шығыс бетіндегі Өб өзені бойындағы *самус мәдениетінің* мыс пен қалайы кен орындарын басып алып иелік еткен федоровтықтардың алакөлдіктер аясындағы Арқайым, Сарыарқадағы Атасу металл өңдеу ошақтарына арба керуендермен қалайы кенін тасып тұрғанын анықтады. Федоровтықтардың мыс пен қалайы қорытпасынан өндірген қола бұйымдарын, шығыста – Енисейге, теріскейде – Батыс Сібірге, Орта және Солтүстік Оралтау өңірлеріне, батыста – Днепр алабына, күнгейде – Сыр бойына дейін жеткізетін сол керуен жолдары ж. с. д. XIII ғасырларға дейін өмір сүріпті [210, 83-84]. Ол қола керуен жолының әуелде *сынтасты-петров* кезеңдерінде-ақ ашылғаны, *жергілікті арғытүрктер мен келінші арилдердің өзара, біртін-біртін бой үйренісе, ақырын-ақырын ұғыныса, ықпалдаса бастауының нәтижесіне орай туындағанында дау жоқ. Ал алакөл, федоров мәдениеттері дәуірлерінде бұл байланыстар одан әрі нығая келе, жүйелі қалыпқа түскен еді.*

## 2. «АВЕСТА» – АРИЛЕР МЕН ТҮРЛАРДЫҢ ОРТАҚ ТУЫНДЫСЫ

Ұлы Дала төсінде арғытүрктер мен арилер арасында орнаған өзара тығыз қарым-қатынастар, тұрғындардың ірі қоныстар төңірегіне ұйыса шоғырлануы – мифологиялық ой-сананың ерекше шарықтауына әсер етті. Энеолиттік *ботай* мәдениеті заманының өзінде *Көк аспан, Тәңірі, Күн мен Отқа, Суға* табынуға қатысты наным-сенімдер желісі жүйеленіп үлгерген жергілікті автохтон жұрт сынтасты-арқайымдық бекіністерді салу кезінде де санаға сіңген сол сарындарды кеңінен пайдаланды. Олар Арқайымдағы сияқты кіші және үлкен шеңберден құралған қоныстарды ғаламның жердегі көрінісіне ұқсатып тұрғызды. «*Дәл солай салуға Тәңірінің өзі аян етті*», деген әпсаналық желілерді дүниеге әкелді. Ол Жаратушының тікелей нұсқауымен жердегі адал үмбеттері мекендеу үшін әдейі айналдыра оралып тұрғызылған құтты қоныс, киелі орда ретінде сипатталды. Әдетте көсемдер мен абыздардың тұрағы ретінде байыпталатын «орда» сөзінің «Көнетүрк сөздігі» мен «Түрк тілдерінің этимологиялық сөздігінде» көрсетілген түп-төркіні де осы дөңгелектеп, *оран* салу (орау, орам, қорған оры) мағынасына жақындайтын «ор» (түрікмен, түрік, башқұрт, ноғай, қарақалпақша «ур») сөзіне «да» аффиксінің қосылуынан шыққаны дәйектелген [187, 370; 188, 466-469]. *Ор, орда* түсінігінен шумердің орталық қаласының *Ур* (ор, қорған, орда) аталғаны да алыс кете қоймайды. Шумер патшасы Гилгамеш (Білгеміш) туралы жырда *Ур* мағынасы *Қоршау* (қорған) синонимімен де беріледі [211, 101].

Ал көнетүрктік нышандар көп сақталған чуваш тілінде *ор* сөзі сол тілдің ерекшелігіне сай «вар» деп айтылар еді [188, 466-467]. Дәл осы «вар» атауы сол ұғымымен Орталық Азия жерінде түзілген қасиетті уағыздар жинағы «Авестада» жүр. Онда «вар» – адал жандардың мекен-тұрағы деген мағынаға саяды [192, 115]. Авестаның «Видәудат» (Бидәудат – диюға қарсы билік, диюға қарсы дат) атты бөлігінде адамзаттың түп атасы, тұңғыш әмірші, адам тіршілігін алғаш жүйелеуші ретінде бейнеленетін *Йима*

патшаның Тәңірінің аян беруімен осы оратыла салынған қоршау-қорғанды қалай тұрғызғаны айтылады. «Йима балшықты аяғымен езіп, қолымен илеп... төрт жағы да ат шаптырымдай аумаққа созылған, адамдар мен малдарды солтүстіктің сұрапыл желдері мен қарлы борандарынан қорғайтын *вар* тұрғызды, ... оған құстар мен алаулаған оттарды жеткізді. Су жүргізді, үйлер мен жайлар, бастырмалар, қоралар мен қоршаулар салды... Адамдар Йима салған осы *варда* бақытты ғұмыр кешті...», делінген онда [212, 176-180; 213, 177-180].

Археологтардың Арқайымдағы кіші шеңбердің сыртқымен салыстырғанда еңселілеу көтерілгенін байқап, онда ғибадат орындары, көсемдер мен абыздар ордасы тұрғызылған болуы керек деп жорамалдауының аржағында осындай ежелгі этникалық ұғымдармен астасқан ақиқаттар жатыр. Арғытүрктік «ор, орын, орда, вар» ұғымының адамзат тарихындағы тұңғыш пайғамбарлардың бірі Заратуштра (Зәрдүш) ілімінің киелі кітабы «Авестада» көрініс беруі де бұл қасиетті уағыздар туындауының ілкі төркіні Арқайым замандарында жатқанын байырқалатады. Яки, табиғатпен үндесе өмір сүріп, бір ғана Тәңірі – Ахура Маздаға (Үрмізге) сыйынудың алғашқы мінажаттары да осы алтайлық арғытүрктік ортада дүниеге келді, деп жорамалдауға болады.

Өмірден ерте озған зерделі зерттеуші Серікбол Қондыбай өз еңбектерінде иран мифологиясында *варды* салушы әрі адамзаттың түп атасы ретінде танылатын Йима (ежелгі үндіирандық веда сарындарында Яма) есімінің түрк жұрттарының кәрі сөздерінде бар *Ұмайға, Майқыға* ұқсатқан пайымдаулар жасады. Автор бұл есімдер әу баста ж. с. д. ІҮ-ІІІ мыңжылдықтардағы арғытүрктік ортада Ұлы ана – Ұмай және Ұлы баба – Майқы айтылымында дүниеге келгеніне қатысты қисынды этимологиялық дәйектеулерді алға тартып, олар кейіннен Үндістан, Иран жаққа қарай лықсыған жұрттармен бірге Йима (Яма), Ума-Махадеви (Деві) түріндегі дыбысталумен ауысқанын пысықтайды [214, 3-к.14-51; 4-к.412].

*Майқы* – кейінгі түрк жұрттарының аңыз-эпсаналарында түрк қауымдарының негізін құрушы, ел билеушісі, ұлыс басы, үш жүзге

таңба үлестіруші абыз-би тұлғасында бейнеленген. Оның халықтық әдет-ғұрып, салт-сана, жөн-жоралғыны заңи қағидаға айналдыруға көп еңбек сіңіргені, түгел сөздің түп атасы ретінде танылғаны әрдайым баса айтылады. Майқыны қазақ, өзбек, татар, башқұрт, қарақалпақ халықтары да өз биі деп есептейді. Яки, осы жалпытүрктік ауқымның өзі де Майқының ежелгі заман тұлғасы екендігін аңдатып, оған қатысты эпсаналардың түп-төркіні «Авестаның» алғашқы сарындары туа бастаған дәуірлерде, Арқайым тектес оратыла салынған қорғандар (ор, вар) көтерген арғытүрктік замандарда жатуы мүмкін деген жорамалдарға жетелейді.

Ұмай ана да байырғы түркердің наным-сенімдерінде адамзаттың Ұлы Анасы, береке-молшылық құдайы болып саналады. Ол Тәңірінің қосағы, ұрпақ жалғастырушы, аналар мен нәрестелердің жебеушісі, пірі. Көк түрк заманының бітіг ескерткіші Тұй-Ұқық мәтінінде «*Тәңірі, Ұмай, киелі Жер-су ықыласын берген екен. Неге қашамыз? Шаптық, Жеңдік!*» деген жолдар бар [215, 318; 215а, 320]. Ұмай-анаға табыну көбіне-көп қазақ, оғыз, хақас, алтай, тыба, шор мен қырғыз халықтары арасында сақталып қалған. Ұлы Абай «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» атты еңбегінде «келін түскенде үлкен үйдің отына май құйып: «От-ана, май-ана, жарылқа!» дегізіп, бас ұрғызғанын» жазады [216, 404]. Қазақтың көне жырларынан «*Бөрі, бөрі, бөрі ием, кел жебеуші, бөрі ием! Ұмай ене, Шапты Әзіз, емін өскен бөрі ием!*» дейтін жалбарыну мәтіндері белгілі. *Оғыздарда* Ұмай – құрсақта жатқан нәрестелердің, *қазақ-қырғызда* мал-жанның сақтаушысы, босанатын әйелдердің, сәбилердің жебеушісі, от пен ошақтың пірі, *шорларда* нәрестенің қорғаушысы және өлгендердің жанын қабылдайтын рух. Түрк халықтарында Ұмай мағынасы *құт* ұғымымен де тығыз байланыста қарастырылады. Ұмаймен бірге құт пен бақ келеді, береке, байлық орнайды, адамның қадір-қасиеті мен мәртебесінің өсуі де сол құттың жебеуі арқасында ғана жүзеге аспақ. Бұл пайым біртіндеп, ел билеушісінің басына құт пен даңқ киесі қонбаса, әмірші

қарауындағы жұртын дұрыстап басқара алмайды деген сенімге де ұласқан [216а, 283-285].

Ұмайдың мифологияда құдай-ана ретінде сипатталуы, оны бір жағынан шумерлік «Көк пен Жерді жаратушы», барлық құдайларға өмір беруші» түп-ана Намму тәңіріе-ана бейнесіне де ұқсатады [192, 385]. Аналарды түп құдай ретінде тану – неолит, энеолит замандарындағы қауымдық тіршілікте, от пен ошақ тәңіріесі қызметін атқарушы әйелдердің шешуші ролі басым байқалған *анабилік* (матриархаттық) құрылымдар кезінен белгілі. Кейіннен ол мал мен егін шаруашылығы, кен өндіру істері өрістеп, ер адам күшін қажет ететін салалардың маңызы арта түсуіне орай *атабилікке* (патриархатқа) ауысты. Содан бері қарайғы наным-сенімдерге түп-аналардың басым орны біртіндеп түп-баба мәртебесіне ойыса бастады. Ұмай сөзінің түп-төркіні алтай-оралдық тілдерде жатыр. Оны көне түркітердегі – *ұма* (ана), *ұмай* (құрсақ) [187, 611]; алтай, тыба – *эмеген* (арғы әже), моңғол тіліндегі – *эм, эмгтай* (әйел), *эмген* (кемпір) [217, 42, 148]; фин-угорша – *ими, эмо, юмо* (ана, әйел, кемпір); кет, юкагирше – *эм, эмей* (Тәңірі ана) түрлерінен де байқау қиын емес. Олар осы шығысностралық жұрттардың Орталық және Ішкі Азия далаларында қатар қоныстанып, әлі ара жігі көп ажырай қоймаған, лексикасында бір-біріне жақын сөздер мол кездескен замандардан қалған нышандар.



*Ұмай және  
көне түркітер.*

*Күдірге  
шатқалы.  
Таулы Алтай*

Бұл сөздің әуелгі ортақ праформасы *ем, ими, юмо* болса керек. Осы сөздерден туындаған анабилік дәуіріндегі *Ұмай* (Тәңірі ана) ұғымы патриархат кезеңдерінде ақырындап атабилік тәңірілер

атауы *Майқыға* (Йимаға) ауысты. Атабиліктің маңызы кәдімгідей өскен қола дәуірінде күнгейге қарай жылжыған жұрттар қатарындағы арилер, оны адамзаттың түп атасы, тұңғыш патша, *орды* (варды, қорғанды) тұрғызған *Йима* (Яма, Йамшид, Жәмшид) есімі түрінде сөздік қорларына енгізіп, кейінгі арилік мекендеріне жеткізді.

Ұмай – Майқы – Йиманың бұл сабақтастығын *сынтасты-арқайым* мәдениеті аясында ашылған археологиялық дәйектер мен Ұлы Дала аумағында дүниеге келген Заратуштра ілімінің қасиетті кітабы – «Авеста» мәліметтерінің үйлесуі одан әрі нығайта түседі. Яғни, Арқайым тектес қоныс-бекіністерді сыртқа шапқыншылықтан қорғану үшін тұрғызған арғытүрк сипатты жұрттардың өз орталарында «Авестаның» әуелгі сарындарын да дүниеге алып келуге араласқандығының ақиқаты көлденең тартылады.

Табиғаттың тылсым күштерінде құдіреттілік бар деп, аспандағы күн мен алаулаған отқа, ағынды суға табынатын, Ұмай ананы шумерліктердегі Намму тәрізді Көк пен Жерді жаратушы ретінде пір тұтатын түз жұрттарының наным-сенімдері «Авестаның» бастапқы уағыздарының да желісін түзген еді.

Бұл айтылғандар ең беделді авестатанушылардың бірі, ағылшын ғалымы Мэри Бойстың Заратуштра ілімінің отаны туралы тұжырымынан да алшақ емес. Ол: «бұл ілімнің негізін қалаған Заратуштра – көшпелі Азия даласын, ұлы Еділдің шығыс жағын мекендеген тайпалардан шықты» деген тоқтамға келген болатын [218, 3, 8].

Авеста тілінде – *Заратуштра*, орта парсыша – *Зәрдуш*, көне грекше – *Зороастр* деп аталған дала пайғамбары өзіне дейінгі наным-сенімдерді дамыта, өрістете келе, адамзат бір ғана *Тәңіріге* – *Ахура-Маздаға* табыну қажет деген жаңа көзқарастағы ілімді дүниеге алып келді. Авеста түзілімі де осы монотеистік құдай идеясын әспеттей отырып, барлық жан иелері микрокосм болып табылады, бүкіл әлем біртұтас және бір заңдылықпен өмір сүреді, тірі болмыстың бәрінің жаны бар, жан ретінде олардың барлығы бірдей деген ұстанымды мәртебе тұтатын, табиғатқа, дүниеге

жаратылысына байланысты әуендерден, дұғалардан, мадақтардан тұрады.

Зәрдүш пайғамбардың рухани ілімі мен жалғыз құдайға сыйыну дұғалары жинақталған қасиетті кітапта, дүниеде ізгілік пен қараулық, жақсылық пен жамандық қатар өмір сүреді, осы «екі бастаудың күресінде» ақыл мен парасат, ізгі ниет женеді. Ол үшін адамзат Ақиқат жолына түсіп, жауыздықпен күресу керек, ізгілікті ойға беріліп, ізгілікті сөз айтып, ізгілікті іс тындырып жүру қажет, деген уағыздар айтылады. «Авестаға» енген эпикалық ән-уағыздарда ғарыштың, жердің, адамның пайда болуы туралы мифтер баяндалады. Оларда көне дәуір қауымдарының космологиялық көзқарастары жинақталған. Сол аңыздарда архаикалық образдардың кездесуі, ол мифтердің Заратуштраға дейін қалыптасқанын да көрсетеді [213, 266-321].

«Авеста» мәтіндері әу баста дала жұрттарының эпикалық дәстүріне сай, атадан балаға ауызша мұра боп тараған. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан сол сабақтастық барысында олар өзгерістерге түсіп, үздіксіз толығып та отырды. Кей аласапыран замандарда көп бөліктері ұмытылып, жоғалып та кетті. Дала төсінде талай қақтығысты жағдаяттардың, текетірес соғыстардың өткенін «Авеста» мәтіндерінен де кездестіруге болады. Оларда *арилер* мен *тұрлар* арасында қайта-қайта тұтанып тұратын шайқастар туралы көп айтылады. Әдетте авестатанушылар арасында бұл екі жұртты да үндіран тілінде сөйлейтін тайпалар ретінде тану жағы басым. Алайда тақырыпты жан-жақты тұрғыда қаузаған, уағыздардың әу баста туындаған географиялық аумағына, байтақ далада арилерден басқа да халықтардың тіршілік кешкендігі туралы ақиқатқа, «Авестаның» бірқатар сюжет желілерінің кейіннен парсының ұлы дастаны – «Шаһнамаға» ауысқан кезде, тұрлардың түрк жұрттары ретінде бейнеленгеніне мән бере қараған зерттеулерде: *арилер* – *үндіран*, ал «жүйрік атты», «ари емес», «арилерге түсініксіз тілде сөйлейтін» [212, 148, 149, 165, 167, 195] *тұрлар* – *дала көшпелілері, аргытүрк жұрттарына қатысы бар тайпалар* ретінде де пайымдалады [192, 554; 52, 45-182; 219].



*Шамасы «Авестада» жырланатын Иран мен Тұран арасында жиі өршітін соғыстардың ілкі қақтығыстары – әуелде Арқайым тектес бекіністерді тұрғызып жатқан тұрлар мен батыстан сырғыған арилердің жер үшін, қола өндірісіне иелік ету үшін өткен шайқастарынан басталған сыңайлы. Бірде олай, бірде бұлай дөңгеленген дүниеде екі жақ алма-кезек жеңістерге де жетіп жатар еді. Оңайлықпен тынши қоймайтын осындай аласапыран кезеңдерде. әртүрлі қауымдардың бір-біріне сіңісуі, тілінен айырылуы, жойылып кетуі де ұшырасып тұратын құбылыс. Әлбетте, әлденеше ғасыр қатар қоныстанған әртекті тайпалардың өзара ықпалдаспай тұруы да мүмкін емес. Негізінен R1b зауаттылардың ұрпақтары боп келетін жергілікті арғытүрк сипатты жұрттардың өмір салты, наным-сенімдері, мифологиялық ұғымдары сырттан келген жатжұрттық қаумға ауысты, арилердің («батыстық» R1a) Карпат жақтан жылжу үдерісі барысында Дунай мен Дон аралығындағы R1b көнешұңқырлықтармен талай ғасыр ықпалдасуы арқасында қалыптасқан тіршілік дәстүрлерінің біраз нышандары байырғы орталықазиялық автохтондармен де дөп үйлесіп жатты. Әуелден үндестігі бар далалық мәдени үрдістердің кей тұстарда өзара тым ұқсас боп кетуі де осыдан. Көнешұңқыр, ботай мәдениеттері кезінде жүйеленген түз тіршілігіне лайықталған малшылық үрдіс, жылқы өсіру, арбаға ат жезу, дөңгелек, төрткүл қоныстар тұрғызу сынды жергілікті арғытүрк сипатты өмір салттарының ғылыми зерттеулерде көбіне-көп ариліктерге теліне беретінінің де бір сыры да осындай ұқсастықтардан туындайды.*

Арилердің Ұлы Даланы мекендеген арғытүрк сипатты жұрттармен аралас-құралас күн кешкен замандарда бірге түзген қуатты мифологиялық сарындарды, ортақ рухани жырлардың бастапқы уағыздарын бойларына сіңіре жүріп, оларды кейінгі қоныстары Үнді мен Иран жерлеріне жеткізуі, үнділік «Веда» (Ригведа, Самаведа, Яджурведа, Атарведа) мен ирандық «Авеста» жырларының сюжеттік желілеріне ұластыруы, соңыра хатқа

түсірілуі арқасында, олар дүниеге негізінен арилік мұралар ретінде танылып кетті.

\* \* \*

Қазақ даласының теріскейінен – Иран жеріне дейінгі түпкітүрк сипатты жұрттардың байырғы атамекені ретінде танылатын зор кеңістікте «Авестада» жырланған *Арилер қонысына* (Арианам Вайджа) қатысты жер аттарының баламасына саятын көптеген топонимдер іздерін табуға болады. Олар туралы топшыланар жорамалдар да әртүрлі. Зерттеушілер тарапынан «Авестадағы» *Ранха* (Раха) өзені – бірде Еділ дариясы, бірде – Сырдария деп танылса, *Ардви* өзені – бірде Ертіс, бірде – Әмудария; *Ворукаша* көлі – не Зайсан, не Балқаш, не Арал; биік *Хукария* тауы – кейде Алтай, кейде – Тәңіртау, кейде – Памир шындары ретінде пайымдалып жатады [212; 220; 221; 222; 2, 22-32].

Жер-су атауларының осылайша әр өңірге тән өзгермелі сипатта байқалуының өзі, бір-бірімен араласа-құраласа, ара-тұра қақтығыса, қаржаса жүріп, ұлыдалалық кеңістіктің теріскейінен күнгейге, оңтүстік-шығысқа қарай әр-әр ғасырда лек-лек боп лықсыған түздік жұрттардың көші-қон бағыттарын да көрсететін айғақ. Бұл әдетте бір аймақтан екінші аймаққа сырғу барысында қоныс ауыстырған елдермен бірге жаңа мекендерге жер-су аттары да ілесе жетіп тұратын дағдылы құбылысқа, яки *«топонимдер миграциясының»* мысалына саяды.

Осы орайда *сынтасты-петров* мәдениетін түзген жұрттардың күнгейге, күнгей-шығысқа қарай бағытталған көші-қондарының шұғыл болу себебіне де назар аударған жөн сияқты. **Әдетте ол үдеріс те Еуразияның күллі далалық өңірлерінде ж. с. д. II мыңжылдықтың алғашқы ширегінен басталған қуаңшылықпен байланыстырылады.** Мұндай экодағдарыстық жағдайда оңтүстік Оралтау мен Тобыл алабы аралығындағы кен ошақтарының төңірегіне адамдардың шамадан тыс шоғырлануы – табиғатқа тым ауыр салмақ болғаны да өз-өзінен түсінікті. Сол себепті қалың жұрттың біраз бөлігіне мал өрісін қуалап, жан-жаққа таралудан басқа амал да қалмаған. Олардың бір тобы

батысқа қарай, *қималықтар* орналасқан Еділ, Дон, Днепр дарияларының алаптарына серпілсе, бірер бөлігі шығысқа Алтай аясына, біраз жұрт ежелден төрт түлік малға қолайлы, жұғымды оты мол Сарыарқаға, Жетісуға қарай қоныс аударуға мәжбүр болған еді. Әрине, мекен ауыстырушы жұрттар тарапынан сол бағыттарда жатқан Ертіс бойындағы Қалба, Нарын жоталарынан өндірілетін қалайы кендері, Жезді, Кеңгір, Атасу, Нұра, Тоқырау алаптарындағы, Балқаштың теріскейіндегі мыс, мырыш, қалайы кен қазбалары, жез, қола қорытатын ошақтарға қарай жақындай түсу ниеті көзделгенін де бағамдау қиын емес.

Шығыстағы Қалба, Нарын жоталарында, Сарыарқа аймағында кен өндіру энеолит заманынан бастап қолға алынғаны мәлім. *Ботай* мәдениетінің шығыс және оңтүстік қапталдарында жатқан бұл өңірлердегі ежелгі кен қазбаларының орындары, олардың энеолит, қола дәуірлерінен ірі металлургиялық ошақтарға айналғанын паш етеді. Академик Ә. Марғұлан Жезқазған, Шақпақтас, Мейізек, Саяқ кеніштері мен Жезқазған (Милықұдық, Сорқұдық, Айнакөл), Атасу, Қарқаралы, Суықбұлақ, Соран қоныстарындағы мыс, қола қорыту өндірісінің сілемдерін сараптай келе, Сарыарқа аумағының ж. с. д. ІҮ-ІІ мыңжылдықтарда энеолит пен қола мәдениеттері өркендеген маңызды бір ұйық мекен болғанын сенімді археологиялық айғақтармен дәлелдеді [143, 18-22].

Ә. Марғұланның өз зерттеулерінде алдыңғы қола дәуіріне жататын мұра ретінде орнықтырып кеткен археологиялық мәдениет – *Нұра кезеңі* деп аталады. Алғашқы жәдігерліктері Нұра өзені алаптарында табылуына орай, осылай атау алған ол ескерткіштердің ең көп шоғырланған жері – Сарыарқа аймағы. Сондай-ақ қазақ жерінің шығысында да кездеседі. Қазақ елі археологтарының кейінгі жылдардағы зерттеулері нәтижесінде ол – андрондық *федоров* мәдениетінің бір баламасы ретінде танылады [191, 84-85]. Еуразия даласына бейімделген соңғы радиокөміртегілік әдіспен мерзімделетін жаңа археологиялық кезеңдеуге сайсақ, ол ж. с. д. ХҮІІІ-ХҮ ғасырларға сәйкес келер еді. Нұра ескерткіштерінде *мәйітті өртеп күлін көму*, отқа табыну

үрдісі, тас тақталардан құралған қоршауы бар обалар тұрғызу, қыш ыдыс өрнектерінде От пен Күн тәңірінің рәмізі – қас (свастика) таңбасын салу байқалыпты. Металлургия кеңінен өрістеп, тері, ағаш, сүйек өңдеу, қыш ыдыс жасау жақсы дамыпты. Отандық археологтар арасында бұл мәдениет нұсқасын Қазақ жері аумағында туындап өрбіген **төлтума** дәстүр ретінде тану жағы басым (*сонда*).

Яки, бұл дәйектердің өзі ж. с. д. II мыңжылдықтың алғашқы ширегінде өршіген қуаңшылыққа байланысты *сынтасты-петров* мәдениеттері аясынан жан-жаққа тарамдалған басы артық жұрттың қазақ даласының орталық және шығыс өңірлеріне кен өндіру тәжірибесін бірінші жеткізушілер болмағанын көрсетеді. Өйткені ол қоныстардағы тайпалардың металл құю машықтары да сынтастылықтармен қатарлас деңгейде еді. Бұл ретте қазақ жерінің теріскейі мен орта тұсын жайлаған сол тайпалардың денінің бір-бірінен онша қашық емес, бір кездегі энеолиттік *ботай* мәдениетін жасаушылардың ұрпақтары да аралас – *алакөлдіктер* мен *федоровтықтар* [210, 77-78], ілгеріден ортақ түздік дәстүрлерді қатар ұстанған [209], содан бері өзара үнемі ықпалдасумен келе жатқан жұрттар екенін еске алу да артықтық етпейді.

Нұра ескерткіштерінің біраз үрдістері содан кейінгі ғасырларда Сарыарқадағы *алакөлдік* сипаттары аралас *атасу* кезеңі мен соңғы қола дәуіріне жататын әйгілі *бегазы-дәндібай* мәдениетіне (ж. с. д. ХІҮ-ІХ ғасырлар) ұласты [143; 82, 124-128]. Кейінгі мәдениеттің құпиясын ашуда зор еңбек сіңірген академик Ә. Марғұлан жоғары лауазымды билеушілерге арнап салынған қақпақ тастардан тұрғызылған Бегазы, Бұғылы, Ақсу-Аюлы, Саңғыру, Айбас дарасы, Дәндібай сияқты зәулім зират-кесенелерді жан-жақты зерттеді. Күрделі сәулет ескерткіштеріне жататын ол кесенелерді қазақ халқы әдетте *«алыптың орны»* немесе *«мықтың үйі»* деп атайды. Оларда мәйіттерді жерлеудің әлденеше жорасы ұшырасыпты. Мәселен, бір кесенелерде мәйітті сол немесе оң қырынан жатқызып, басын батысқа, оңтүстік-батысқа беріп, аяқ-қолын бауырына жинап қою ғұрпы кездессе, келесілерінде

мүрделерді аяқтарын созып, басын терістікке, немесе батыс, оңтүстік-батысқа беріп, шалқалата жатқызып жерлеу, сондай-ақ мәйітті өртеп күлін көму жорасы орындалыпты. Жандарына қару-жарак, әшекей бұйымдар қойылыпты. Осы ретте назар аударарлық бір сипат, Егізек, Саңғыру мен Айшырақ зираттарында *мәйіттің басы теріскейге қаратылып, көнешұңқырлықтар мен афанасьевтіктер секілді тізесін бүге шалқасынан жатқызыла да жерленіпті* [143, 27-29, 40-41, 46, 51, 55, 78, 135]. Қазақтың әйгілі археологы *беғазы-дәндібайдың* өзіне тән осындай археологиялық бітімдерін сараптай келе, кен үгіп, мыс балқытқан, қоладан бұйым құйған, егін егіп, мал баққан, қыш ыдыстар сомдаған, табиғат күштеріне (күн, от, су, т. б.) табынған бұл мәдениетті жасаушы жұрттар дәстүрлерінің негізгі түп-төркіндері далалық аймақтарда өркен жайған әртүрлі төл үрдістердің қабысуынан туындағанын атап өтеді [143, 373]. Бұл орайда Беғазы-Дәндібай мәдениетінде кездесетін мәйіттерді *аяқтарын созып шалқасынан жатқызып жерлеу* ғұрпының өзінен кейінгі темір дәуірінде (ж. с. д. VІІІ-ІІІ ғ.) Қазақ жерін мекен еткен көшпелі тайпаларда, *тасмола* мәдениетінің өкілдері мен сақтарда кеңінен тарағанына да назар аудару маңызды [223].

Осы ретте Ә. Марғұлан тұжырымдаған *беғазы-дәндібай* мәдениетінің орталықазиялық автохтондық сипаты – оның 1979 жылы жарық көрген «Орталық Қазақстандағы беғазы-дәндібай мәдениеті» атты сүбелі еңбегінен кейін дүниеге келіп жатқан басқа да археологиялық зерттеулерде одан әрі нақтылану үстінде екендігін қаперге алсақ болады. Мәселен, Е.Е. Кузьмина беғазы-дәндібайлық қыш ыдыстар жасау тәсілін зерделей отырып, бұл мәдениетті түзушілердің этнотегі, бұрыннан біраз зерттеушілер сөз етіп жүргендей, алдындағы *андроннан* бөлектеу екендігіне кәнігі археологтың көзімен назар аударады. *Беғазы-дәндібайлық* жұрттарда қыш ыдыстарды сүтке иленген саз балшықты бір шетінен үңгіп, ойып шығару арқылы жасау тәсілі болғаны белгілі [143, 150-153, 326-329]. Ал дәл осы әдісті соңғы кездерге дейін Сібірдің *шор, сақа (якут)* сияқты түрк халықтары кеңінен қолданып келген екен. Яғни, әуелі бабына келген саз балшықты

шар сияқты жұмбаздап домалақтайды да, ағаш қасықша сияқты құралмен оны ішіне қарай үңгіп, қалауынша ойып алады. Бұл тәсіл Сібірдегі түрк жұрттарынан басқа ешкімде кездеспейді.



*Бегазы қорымы*

Демек осының өзі де «дәндібайлықтардың этникалық тегінің *түркілді* топқа қатыстылығын көрсетеді» [186, 130], деп түйеді Кузьмина. Орыстың белгілі археологы сол замандарда «Орталық Қазақстандағы андрондық жұрттар арасында біраз уақыт *түркілді* топтар үстемдік құрды, сол лауазымды билеушілер өмірден өткенде, оларға арнап қақпақ тастардан зор некропольдар тұрғызылды, қабірлеріне өздері тіршілікте пайдаланған осындай ыдыстар қойылды. Кейіннен бұл түрк қауымдары жергілікті жұртқа сіңіп кетті. Сол соңғыандрондық негізде сақ мәдениеті қалыптасты» [186, 131], деп тұжырымдайды. Бегазы-дәндібайлықтардың бір қанаты ж. с. д. II мыңжылдықтың екінші жартысы мен I мыңжылдықтың бас кезінде Сырдарияның төменгі алаптарын да қамтып жатты. Ғалымдар Іңкәрдария бойында зерттелген Түгіскен кесенелерінің бітім-сипаты ғана емес, сол қазбадан табылған керамика ыдыстарының жасалуы мен ою-өрнектерінің түзілімі де бегазылық ескерткіштерге тым ұқсас екендігін дәлелдеді [143, 68; 82, 144-148].



*Солтүстік Түгіскен кесенелерінің М. П. Грязновтың жобасы бойынша жаңғыртпа үлгісі.*

\* \* \*

Археологиялық зерттеулер *сынтасты* мәдениеті аясына тән кей жәдігерліктердің (жылқы бейнесі пішінделген әшекей заттар, сүйек ауыздықтар, петровтық қыш ыдыстар, т. б.) ж. с. д. ХҮІІІ ғасырдың өзінде Әмударияның оң саласы Зеравшан бойындағы Зардхалиф қорымынан, Саразм, Тоғай қоныстарынан табылғанын алға тартады [130]. Бұл дәйектер далалық өңірлерде өркен жайған кенші, жылқышы, арбалы қауымдардың кей әсер-ықпалының қазіргі қазақ жерін сол алғашқы кезеңдердің өзінде қамти, күнгеі бетке жетіп, Бактрия-Маргиана археологиялық кешенін құруға атсалысқанын да алға тартады [172, 19-20].

Бұл бір жағынан ДНҚ-генеалогиялық мәліметтерге де қайшы емес. Гарвард университетінің профессоры А. А. Клесовтың пайымдауы бойынша да батыстық *R1a1* гаплотипті арилер, бұдан 4500-4000 жылдай бұрын Украина мен Ресейдің оңтүстік далаларын мекен ету барысында *көнешұңқыр* мәдениетінің әсер-ықпалына молынан ұшырай жүріп, 4000-3800 жыл бұрын Оңтүстік Оралтауға жетеді, одан соң 3600 жыл бұрын Үндістанға аяқ іліктіреді, сол жақтан 3300-3100 жыл бұрын Иранға өтеді делінеді [208, 234].

Қазақ жерінің солтүстігіндегі өңірлерден оңтүстіктегі кейінгі үндіран қоныстарына дейін бірнеше ғасырларға созылып, толқын-толқын боп жалғасқан құлашы кең көші-қон үдерістері барысында [224], арғытүркітер мен арилердің ортақ түздік өмір салттары ғана емес, тілдерінің де көп әсер-ықпалдарға ұшырағаны анық. Бұл ретте үнемі ауызша айтылып келген «Авестаның»

әуелде *арғытүрк тілінде дүниеге келуі мүмкін нұсқасын* да арилік қауымдардың түсіне алғандығын жоққа шығаруға болмайды. Себебі, *сынтасты-арқайым, андрон* мәдениеттері аясындағы жұрттардың негізінен қос тіл білгендігі, *билингвизмі* зерттеушілер тарапынан мойындалған ақиқаттар қатарына жатады [130, ч. 2; 172, 8-9].

Әрине, талайдан бері «түрк жұрттарын тек моңғол тұрпаттылар» ретінде ғана тануға әбден бейімделген біржақты қағидаларға бой ұсынатын археологтар, ол қос тілді – еуропеоид кескінді үндіеуропалық *ари* және оралдық *фин-угор* тілдері ретінде ғана байыптайды. Сол дағдыға сәйкес күнгей жақ беттерде фин-угордың орнын *дравид* тілі алмастырады.

Ал ғылымның кейінгі жаңа жетістіктеріне, әсіресе ДНҚ-генеалогиялық мәліметтерге сүйенер болсақ, оның *бірін* – Орталық Азия аумағында әуелден кең қолданысқа ие болған *арғытүрк сипатты тіл* деп тану әлдеқайда нанымдылау көрінер еді. Бұл ретте теріскей өңірлерде кей тұстарда арғытүрк – фин-угор, арғытүрк – ари, фин-угор – ари; күнгейде арғытүрк – дравид, арғытүрк – ари, дравид – ари *билингвизмі* де қатар жүруі мүмкін. Дегенмен, осы орайда «билингвизм кезеңінен кейін екі этникалық топтың ұйысуы мен жаңа мәдениеттің қалыптасуы барысында бір тіл басым түсіп, ортақ тұрмыс-салт пен дәстүрлер аясында топтасқан сол жұрттар арасында кейіннен олардың бір түп-тектен шыққандығы туралы мифологиялық пайымдардың дүниеге келуі заңды» [186, 58], делінетін этнографиялық қағиданы да қаперге алған жөн. Аталмыш замандарда Орталық Азияның күнгей бөлігінде ақырындап *ари* тілі үстем шығып, «Авеста» мен «Ведалар» тілдері де біртіндеп, сол тілдің ілкі, көне үлгілеріне ауа бастаған сыңайлы.

«Авестаны» зерттеушілердің айтуынша, оның уағыздары мен мінәжаттарының әуелі қай тілде дүниеге келгені мәлім емес. Т. В. Гамкрелидзе мен В. В. Ивановтың әйгілі «Үндіеуропа тілі және үндіеуропалықтар» атты екі томдық еңбегінде «Авеста уағыздары ж. с. д. II-I мыңжылдықтарда шығысирандық диалектілік нышандарға ие авеста тілінде пайда болып, бізге ж. с. I



мыңжылдығында кейінгі алфавиттік жазба нұсқа бойынша келіп жетті» [39, I т. XLVIII], деп көрсетіледі. Ұрпақтан ұрпаққа ауызша жалғасып жеткен ол мәтіндер тек Иран жерін Ахемен әулеті билеген замандарда (ж. с. д. YI-IV ғ.) ғана тұңғыш рет елдің ресми тілі көне парсы сына жазуымен, көптеген қателіктерге жол беріліп, 12 мың бұзау терісінен иленген жарғаққа алтын сиялармен түсіріліпті. Ел астанасы Парсаның (Персеполь) сәулетті сарайларында сақталған ол алғашқы жазба нұсқа Александр Македонскийдің жойқын шапқыншылығы кезінде (ж. с. д. 330 ж.) отқа жағылады. Оны жатқа білетін уағызшылар қырғынға ұшырайды [212, 7; 218, 97; 219, 72-77; 220, 14-22; 225, 137-138].

Дала көкжалы, көшпелі *парн* (апарн, апар - дах/дайлардың бір тармағы) тайпасының көсемі Арсақ (Аршак) ханнан тарамдалатын түздік текті әулет Иранды да қоса билеген әйгілі Парфия мемлекеті заманында (ж. с. д. 250 - ж. с. 224 ж.) Зәрдүш ілімі ресми дін дәрежесіне көтеріледі. Арсақтың тұқымы I Вологез (Балқаш) патша (ж. с. 51-78 ж.) тұсында «Авестаның» мәтіндерін жинау қолға алынып, ол дауысты дыбыстары белгіленбейтін арамей жазуымен хатқа түсіріледі. Сасани әулеті империясының (ж. с. 3-7 ғ.) кезінде ресми дін мәртебесі ретіндегі маңызы одан әрі күшейген Зәрдүш ілімінің қасиетті жазбаларын көшіру жұмысы қайта қолға алынады. Оған дейін халыққа мүлдем түсініксіз тілге айналған уағыздар мәтінін түпнұсқаға жақындатып жазу үшін арнайы *авеста әліппесі* дейтін ойлап табылады. Сасани мемлекетінің ресми тілі болған *пәхлауи* қарпіне (орта парсы) негізделген жаңа авеста жазуында дауысты дыбыстарды көрсету жүйеленеді. Сол жұмыс барысында, шамасы екі мың жылдай уақыт бойы ауызша айтылып келе жатқан, уағызшылардың өздеріне де түсініксіз, өлі тілге айналған Авестаның сөздерін әдеби пәхлауи (орта парсы) тіліне *аудару* да қатар жүреді. Осы тілде оның түсініктері (зенд) де жасалды. Әрине бұл ретте талай сөздің бастапқы мағыналарының ұмытылғаны, әуелгі мәтіннен көп алшақтататын қателіктерге де ұшырағаны сөзсіз. Дегенмен сол Сасани әулеті

дәуірінде үлкен іс еңсеріліп, Авестаның<sup>17</sup> 21 кітаптан құралған қасиетті жазбалар жинағы өмірге келген еді [218, 163-165].

Алайда 7-ші ғасырдан бастап құлашын кеңінен жайған ислам діні – Зәрдүш ілімінің тоқырауына әкеліп соқтырды. Авестаның мәтіндері бірте-бірте жойылып, ұмыт бола бастады. Ақыр соңында біздің заманымызға Сасани дәуірінің әдеби тілі, кейіннен ол да өлі тіл санатына енген пәхлауи (орта парсы) жазбасындағы нұсқалардың төрттен бірі – Яшт, Виспарт, Видеуат, Ясна (оған Зәрдүштің өзі түзген, ең қасиетті деп саналатын Гат уағыздары енеді) сияқты үзік-үзік бөліктер ғана жетті. «Авестаның» көп өзгерістерге түскен мінәжаттары бүгіндері Иран жерінде оқшаулана ғұмыр кешетін заратуштралық қауымдар және Үндістан мен Пәкістандағы осы дінді ұстанатын парсылар арасында ғана сақталып отыр [218, 269-271; 219, 83; 220, 19-22; 14, 12, 491; 226, 49-66].

Ал оған дейінгі ең ілкі, екі мың жылдай уақыт ауыздан-ауызға тараған мәтіндерден анық із қалған жоқ. Зерттеушілер пәхлауи тілінде жеткен «Авестаның» жоғалып кеткен көне бөліктерге қаншалықты жақындығы да белгісіз дегенді айтады. Шамасы, оның арғытүрктік қатпарлары пәхлауи нұсқасынан бұрынғы көне

---

<sup>17</sup> Авеста атауы туралы зерттеушілер арасында, оның пәхлауише «бас ілім, бас білге, негізгі қағида, бас ұстаным, яки түп бастау» секілді мағыналарға саятын *унаста*, *анастанак*, *абаста(г)* сөзінен туындағандығына қатысты пікір орныққан [221, 277]. Қазақстандық авестатанушы С. Оспанов оның осы мағыналарын сараптай келе бұл сөз – «*о баста*», яғни, дүниенің *о бастағы* жаратылысын түсіндірер ілімнің атын білдіретін, түбі арғытүрктік сөз болуы керек деген топшылау жасайды [225, 208-211]. Ал «Афрасиаб» (Алып Ер Тоңға) туралы тыңғылықты кітаптың авторы С. Әбушәріп бұл атауды «*а*» артикулы мен «*виста*» есімдігінен құралған сөз деп танытын пікірге құлайды. «Висто» сөзінің өзегі «вид», «ванд» болып, оның мағынасы «танымақ», «білмек» дегенді білдіреді. Ол үнділердің ең көне «Видо» (Веда) кітабының атымен тамырлас. Бұл ретте «Авестаны» - «Білімнама, Өсиетнама» мағынасында түсінуге болады» дегенге ден қояды [219, 84].

парсы жазуына түсірілген кездерден-ақ шеттетіле, жойыла басталуы мүмкін деп жорамалдауға болады.

Дегенмен арада қаншама уақыт өтсе де, Авеста түзіліміндегі арғытүрктік замандардан қалған нышандарды ұшырастыру мүмкіндігі таусыла қоймағандығын байқар едік. Солардың бірі Заратуштра есіміне қатысты. Оның мағынасын түсіндірушілер, бұл атауды парсыша «Зарат – кәрі, уштра – түйелі», яки «*Kəri tūye uesi*» деген ұғымнан шығарады [212, 3, 200; 220, 6, 331]. Авестатанушылар И. Стеблин-Каменский мен А. Шапошников есімнің бұлай қойылуын Орталық Азия халықтарында әлі де кездесетін «көз тимесін», «бөтеннің сұғы өтпесін» деген ырымнан туындаған атау деп түсіндіреді. Бір қарағанда жалпытүрктік ұғымға жақын, «жә» деп илана салуға да болатын топшылау.

Сөйтсе де Шығыстың ең көне кітаптарының бірі «Аин-е-Аин» (Заңдар жинағы) деп аталатын кітапты зерделеген Дж.Уотерхауз сынды ғалымның «Заратуштра» есімінің мәнін «Бірінші Жаратқан» немесе «Бірінші Данышпан» деп түсіндірген дәйегі, басқаша болжамға да жетелер еді. Ол «Заратуштра пайғамбардың өз аты емес, Христос, Будда сияқты киелілік салмағы басым «Тұңғыш уағыздаушы» деген мағынаны білдіретін есім» депті [225, 160-175]. Соған орай, «Жаратушы әлде Заратустра қалай деді?» зерттеуінің авторы С. Оспанов Дж.Уотерхауз пікіріне орайластыра Будданың «Білімдар Данышпан», Христостың «Құдай көмекке жіберген Құтқарушы» мағынасын білдіретініне назар аударып, әрбір үлкен діндердің негізін салушылардың есімдері сол діннің мәніне сәйкес аталады дей келе, Заратуштра есімі – *жаратушы* сөзімен (дінді, ілімді *Жаратушы*, *Жасаушы*, *Жасаған* деген түрктік ұғыммен) үндес әрі мағыналас шығып тұр деген салмақты тоқтамға келеді. М. Бойс еңбегінде «Зороастр Гат ғибраттарында өз басын *заотар*, яғни толық құқықты уағызшы ретінде атап өтеді. Ол сол дінді жалғыз жасаушы ғана емес, әрі уағызшысы, әрі пайғамбары да болған еді» [218, 27] деген жолдар бар. С. Оспановтың осы *заотар* ұғымының «*жаратар*» дегенді білдіретінін, оның әлгі Уотерхауз айтқан «*бірінші ақылман*, *бірінші жаратушы*» мағынасымен сәйкес келіп тұрғанын

тұспалдауы да, «түйелі адамнан» гөрі иланымдылау арғытүрктік бағдарларға бастайды [225, 160-175].

Осы ретте бурят ғалымы С. Чагдуровтың Заратуштра есімінің әуелгі түбірі көнетүрктік «*жору, жорушы*» сөзінен туындауы мүмкін деген пікірін де назардан қағыс қалдыруға болмайды, Моңғол, қалмақ, бурят тілдерінде бұл атау «көріпкел, жұлдызшы» мағынасын білдіретін «*зурхайч*» (жорушы) түрінде айтылады екен [227, 253-256]. Өмірді, алдағыны болжаушы, көріпкел ұғымын беретін «*жорушы*» нұсқасы бір жағынан, Уотерхауз айтқан «*данышпан, ақылман*» мәніне де жуықтайды.

Бұл семантикалық салмағы арғытүрктік мағынаға бастайтын пайымдаулар Заратуштра туралы мифологиядағы пайғамбардың туған ортасы туралы эпсаналардан да алшақ кетпейді. Оларда Зәрдүштің *тұрандықтар* арасында дүниеге келгені, маңайында ол жаратқан ілімге қарсы пиғылдағы *кави* мен *қарапан* аталатын қауымдардың ғұмыр кешкені айтылады [213, 194]. Расында да табиғат күштері мен құбылыстарына, күн мен айға, от пен суға тәу етуді әуелден дәстүр еткен түз жұрттарының, өз орталарынан шыққан Зәрдүш тарапынан ұсынылған жалғыз құдайға – рухани мәндегі Ахура-Маздаға табыну туралы іліміне бірден құлай кетуі қиын еді. Жатсына қарағаны анық. Сондықтан да өз отандастары тарапынан қатты қарсылыққа ұшырап, басына төнген қатерден қашқан Зәрдүш, «Авестада» айтылғандай, «Арилер елі» патшаларының бірі Виштаспа сарайына келіп пана табады. Содан қолдау көреді. Өз дінін сол елде уағыздауға мүмкіндік алады.

Бұл жерде, әрине, Орталық Азиядағы тұрлар мекені – Тұран жерінде қанатын жая алмаған Зәрдүш ілімінің Иран жерінде ресми дін мәртебесіне ие болғандығын меңзейтін тұспал жатқанын да байқау қиын емес. Зәрдүш пайғамбардың өмір сүрген уақыты туралы авестатанушылар арасында әртүрлі пікірлер бар. М. Бойс оны ж. с. д. 1500-1200 жылдар аралығында өмір сүрді [218, 8, 27], десе, Э. А. Грантовский сасанидтік дәстүр бойынша Зәрдүш А. Македонскийдің Иранға шабуылынан (ж. с. д. 331 ж.) үш жүз жылдай бұрын ғұмыр кешті, деген болжамға сүйене отырып,

ахеменидтер дәуірінің (ж. с. д. 558-330 ж.) алдындағы ж. с. д. ҮІІ ғасырды тұспалдайды [221, 279]. Д. А. Мачинский Зәрдүш ж. с. д. ҮІІІ ғасырда Алтай мен Сырдария арасындағы далалық өңірде дүниеге келіп, сол өңірде алғашқы пайғамбарлық ғұмырын бастады [222, 101-108], деп бағамдайды.

Авеста эпсаналарында әлем топансудан кейін жеті: шығыс, батыс, екі солтүстік, екі оңтүстік және орталық каршварға (*аймақ, өңір, ел*) бөлінгені туралы айтылады. Орталық каршвар әуелі *Хванирата* (арбалылар елі) деп аталып, ол теріскейі – Раха (Еділ) мен Рипей (Алтай), оңтүстігі – Вахви-Датъя (Әмудария) аралығын қамтыған өңірді алып жатыпты. Бұл кіндік каршвардың аясы кейіннен «*Арианам Вайджа*» (Арилер кеңістігі) атауына ауысып, Орталық Азияның күнгеі мен Иранның отырықшылық аймағына қарай ойысады. Ал сол соңғы кезеңде оның теріскей және теріскей-шығыс каршварларын «*Тұран кеңістігіне*» енетін елдер жайлайды [220, 28-29]. Бұл айтылғандарды жағырапиялық орналасу жағынан жорамалдар болсақ: *тұран* жұрттарының негізінен қазіргі қазақ жерінің аумағы мен оған жапсарлас өңірлерді, *ари* тайпаларының Иран, Бактрия аумағын мекендегені байқалар еді. Бұл қоныстану «Авеста» қағазға түсе бастаған Ахемен, Парфия, Сасани мемлекеттері дәуірлеріндегі *иран, тұран* елдерінің қалай орналасқаны жөніндегі дәйектерге де келінкірейді. Ал әуелгі Хванирата *арғытүрктер* мен *арилердің* сынтасты-петров заманын меңзейді.

«Видеудаттың» бірінші тарауында «Арилер кеңістігіне» енетін 16 елдің де тек ари жұрттарынан тұрмағаны айтылады. Мәселен, Ахура-Мазда жаратқан 14-ші ел – төртбұрышты Варна (бәлкім, *вар*) деп аталыпты. Ал осы елде *ари емес* әміршілер билік жүргізіп, Зәрдүш іліміне қарсы адамдар мекендепті. Варна, сірә, елеусіз қабылдай салатын ел атауы емес. Өйткені, «Авеста» эпсаналары бойынша, онда аждаһаны жеңуші *Трайтаона* (пәһлауише – Фретон, «Шаһнамада» – Фаридун) дүниеге келген. Ал көне мифологияда Трайтаона *Тұр, Арья* (Ирож), *Сайрим* (Сәлім) сынды үш ұлдың әкесі ретінде белгілі. Ол кейіннен өзіне (Фаридунге) қарасты әлемді осы үш ұлына бөліп береді. Сәлімге – Рум мен

батыстағы жерлер, *Тұрға – Шын* (Шығыс Түркістан) мен *Тұран*, *Ирожға – Иран* мен *Арабстан* тиеді [186, 247; 213, 186-187; 219, 108-112].

«Авестада» 14-ші елдің төртбұрышты Варна аталып, онда Трайтаона әулетінің мекендегені туралы эпсана, бұған дейін біз арғытүрк сипатты деп қаузап отырған дөңгелек, төртбұрышты қоныс-бекіністерге (*вар*) қатысты әңгіменің тағы бір тамызығы деуге келетіндей. Оны да арғытүрк пен ари тайпаларының қазақ даласында араласа қоныстанғанын байқататын нышанға балауға болады. Ежелгі аңыздарда бұл сипат сол жұрттарды бір адамның – Трайтаонаның балалары ретінде бейнелеу тәсілі арқылы беріліп отыр. Эпсана бойынша, бір кіндіктен шықты делінетін ұлдардың өсе келе өзара араздасып, бітіспес жауларға айналуы – Сайрим мен Тұрдың бірлесіп Ирожды өлтіруінен басталады. Сол жөнсіз қаза – Иран мен Тұран арасындағы қантөгісті соғыстардың туындауына себепкер болыпты. Бұл сарын осы жұрттардың жер үшін, қоныс үшін өткен әуелгі қақтығыстарынан, кейінгі замандардағы бөлек-бөлек елдерге бөлініп кеткен тарихтарынан сыр аңғартатын сілемдерге саяды.

Осы ретте бастапқы мифологиялық эпсаналарда авесталық Тұрдың (парсыша – *tūr*) «адамзаттың түп атасы», «варды тұрғызушы» Йиманың (Яма) баласы ретінде бейнеленгенін қаперге алсақ та болады [192, 554]. Соған қарағанда, ең әуелі Йима мен Тұр туралы аңыз дүниеге келіп, оған кейініректегі парсы билігі заманында Йимадан тарайтын тұқым ретінде сипатталатын Трайтаона (Фаридун), Арья (Ирож), Сайримге (Сәлім) қатысты арилік миф желісі қосылған болуы керек. *Бұл да Ұлы Дала төсінде ілкіден арғытүрк жұрттары ғұмыр кешкенін, ари тайпалары соңыра көшіп келгенін байқататын сарыңға меңзейді.* Ал Сайрим атауы арилер кейінгі қоныстары орныққан соң кіріктірілген желі. Сасанилер дәуірінде олар билік жүргізген Алдыңғы Азия мен Сирия аймақтары – Сайрим (Салм, Сәлім) деп аталған.

Яғни, ежелгі эпсаналардың өзінен де Орталық Азияның арғытүрктерге о бастан атамекен болғандығы, олардың автохтондық алғашқылығы аңғарылып жатады. Ол ақиқатты біз

жоғарыда сөз еткен археологиялық, ДНҚ-генеалогиялық қана емес, осындай мифологиялық айғақтар да жоққа шығармайды. Бұл ретте авестатанушы қазақ ғалымы Т. Еңсегенұлының «Авеста» шығармасы Орталық Азия халықтарының жүздеген жылдар бойы қалыптасқан дәстүр-салт, өмір сүру ережелері, мифтік аңыздар, әсіресе, ежелгі түркілердің рухани мұралары өзек болып жасалынған қасиетті кітап. «Авеста» байырғы түркілер ежелден мекендеген Хорезм өңірінде дүниеге келген. Ол ж. с. д. YIII-YII ғасырларда жасалынып, шығыстың біраз елдеріне тараған» [228, 71], деп тұжырымдағаны да шындықтан алыс кете қоймайды.



*(1430 жылы Әмір Темірдің немересі Байсұңқар (1399-1433) шахзадаға арнайы жазылған «Байсұңқар Шаһнамасы» кітабынан алынған миниатюра)*

*Иранның Кей Хосрау мен Тұранның Афрасиаб бастаған әскерлерінің тайталасы.*

Бұл орайда түрк халықтарының аңыз-эпсаналарында күллі түрктің көсемі, қолбасшы батыры ретінде бейнеленетін Алып Ер Тоңаның да арғы төркіні «Авестада» жатқаны – біз қаузап отырған тақырыпқа қуатты қолдау болып табылатынына назар аударуға тиіспіз. Зерттеушілер тарапынан оның «Авестадағы» – Франграсиан, пәхлауише – Фрасиак тур, «Шаһнамада» – Афрасиаб екені даусыз дәлелденген. Көне мифология бойынша ол

Трайтаона (Фаридун) мен Тұрдан тарайтын ұрпақ, Тұранның әйгілі патшасы. «Авестада» Франгриасан атымен белгілі ол, Тұрды өлтірген арилік Манушаһрды жеңіп, тұрандықтардың кегін қайтарған жаужүрек, Арианам Вайджада билік құрған адуын қолбасшы ретінде сипатталады. Фирдаусидің «Авеста» және басқа да иран-тұран аңыздары негізінде жазылған «Шаһнама» дастанында Афрасиаб есімімен танылған осы баһадүр, парсылар тағына Манушаһрдан кейін отырған Нәдір шаһтан («Авестада» – Наотар) басым түсіп, Иран батырларын тұтқын ететін, Иран-Тұран арасындағы ұзаққа созылған соғыстарда, тұрандықтар қолын бастаған текті ер ретінде бейнеленеді. Сондай-ақ ол сол дәуірлерде түрк жұрттары арасында Алып Ер Тоңа (Тоңға) атымен белгілі даңқты қаһарман да болатын.

Фирдаусимен (910 – 1020/1030 жылдар) қапталдас заманда ғұмыр кешкен түрк ғұламалары – Махмұт Қашқаридың (туған жылы шамамен 1029/1039) да өзінің «Түрк сөздігінде» көнеден жалғасқан Алып Ер Тоңа туралы жырдың үзінділерін келтіргені, Жүсіп Баласағұнның (туған жылы шамамен 1020) «Құтадғу білік» дастанына оны мадақтаған бәйіттерін енгізгені мәлім. Баласағұнда ол:

*«Қарап тұрсаң: көп қой түрк бектері.  
Соларда бар ерекше бір текті ері:  
Оны халық атышулы көреді,  
Құты арылмас Алып Тоңа Ер еді.  
Терең білім, сан өнері бар еді,  
Ақылы да ел ішінде дара еді.  
Тәжік оны «Афрасиаб би» депті,  
Талай елді қолында ұстап билепті.  
Керек білім, барынша бір шеберлік:  
Ел басқарып, қол арту да – бек ерлік,*

– деп бейнеленеді [229, 38].



«Алып Ер Тоңа» дастаны да авесталық Франграсиан, парсылық Афрасиаб сынды, ежелден түрк жұрттары ортасында ұдайы айтылып, ауыздан ауызға жалғасып келген ерлік жырына саяды.

Бар нұсқасында да Тұранның әйгілі патшасы ретінде сипатталатын осы – Франграсиан-Афрасиаб-Алып Ер Тоңа тұлғасына қатысты тақырыпты әрі қарай қаузар болсақ, «Авестада» ол билеген көшпелі *тұр* тайпаларының өздерімен бітіспес жау *арилерге* қарағанда, этникалық тегі бөлектеу екенін байқар едік. Мәселен, билік пен даңқ киесі – қасиетті Хварноны<sup>18</sup> Ворукаша теңізінің түбінен алып шығу үшін суға қайта-қайта сүңгіген Франграсианның, жолы болмаған сайын арилерге түсініксіз тілде өршелене балағаттайтын айтылады және ол шыққан *tūr* жұрты *ари еместер* еді, деп үсті-үстіне нақтыланады [212, 165-170; 219, 116]. Дегенмен, Орталық Азияны қола, темір дәуірлерінде мекендеген тайпалардың көбін негізінен арилік қауымдар ретінде танитын зерттеушілердің тұжырымдауынша, *тұран* жұрттары – *көшпелі арилер*, олар *отырықшы ирандықтардан* өзгешелеу *шығыс иран* тілінде сөйлейтін, сол себепті де олардың тілі *арилерге* түсініксіздеу болды, деген уәжге ден қойылады [226, 67; 230, 20-21].

Әйтсе де кейінгі археологиялық дәйектер, көне жазбалардағы дереккөздік мәліметтерді жаңаша байыптау – бұл бағытта да соны көзқарастардың туындауына жол ашып отырғанын айтуға тиіспіз. Енді сөз желісін солай қарай бұрайық.

---

<sup>18</sup> Хварно – көнеиранша «даңқ киесі», «патшалық бақыт», «патшалық ұлылық» нышаны. Бұл билік ұғымының мағынасы бір жағынан жалпытүрктік «құт» сөзімен де сәйкеседі [226, 68; 216а, 283-285]; Хварно – абстрактілі құдайылық мән, харизма, тылсым күш, жоғарғы құпия бастаудың және Ахура-Мазданың жарқыраған киелі оты – Атардың көрінісі [213, 167].

### 3. ЖАЗБА ДЕРЕКТЕРДЕГІ ЖЫЛҚЫЛЫ ЖҰРТТАР МЕН САЛТ АТТЫЛАР КІМДЕР? ОЛАР ҚАЙ ТІЛДЕ СӨЙЛЕДІ?

Орталық Азия аумағының этнотектік аспектілерін айқындаудағы соңғы жылдарда ортаға тартылған елеулі жаңалықтардың бірі – «Авеста» мәтіндеріндегі теріскей және теріскей-шығыс каршварлар аясына қамтылатын «*Тұран кеңістігін*» жайлаған *тұр* (туирйа) қауымдарының [220, 28-29] Қытай тарихындағы Батыс Жыу (Чжоу) дәуірінде (ж. с. д. XI-ҮІІ ғ.) сол елдің солтүстік беті мен батысын мекен еткен көшпелі *жұң* тайпаларымен сабақтас атау болып шыққандығының нақтылануы еді. Бұл дәйекті бізге соңғы жылдары Орталық Азиядағы ежелгі арғытүрктік этнотектік сипаттарға қатысты құнды пайымдаулар жасап жүрген әйгілі орыс шығыстанушысы, Новгород университетінің профессоры И. В. Пьянковтың жаңа зерттеулері де алға тартып отыр [231, 215-238; 232, 96-100; 233, 602-605]. Ғалымның бұрын да авесталық *тұр* тайпалары көсемдерінің аты-жөндерін иран тілдері арқылы түсіндіру қиынға соғатынына назар аударып, оларды ж. с. д. II мыңжылдықтың соңына таман андрондықтарды оңтүстікке қарай ығыстырған, тегі бөлектеу, ирандық емес, түбі Орталық Азияның шығыс бетін жайлаған түздік жұрттар ретінде байыптағаны, сол қауымдардың андрондықтармен араласуы нәтижесінде Қазақ даласы мен оның күнгейіндегі жапсарлас аймақтарда *бегазы-дәндібай* сынды жаңа мәдениеттің өркен жайғанын сөз еткені мәлім [128].

Көне дәуір этностарының танымал зерттеушісі И. В. Пьянков өзінің соңғы еңбектерінде «*біздің ғылымда кеңес дәуірі кезінен ежелгі далалық тарихнамадан түрктік сипатты толығымен тәрк ету бағыты ұсталғанын*» [233, 603] мойындай отырып, жоғарыда тілге тиек етілген, әйгілі археолог Е. Е. Кузьминаның «дәндібайлықтардың этникалық тегінің *түрктілді* топқа қатыстылығы» [186, 130] жөнінде нақтылап өткен тұжырымын әрі қарай үйлесімді сабақтастыра алуымен назар аудартты. Кузьминаның «дәндібайлықтардың түрктілділігі туралы пікірінің»

кей дәстүрлі археологтар тарапынан «оғаш мәлімдеме» ретінде қабылдануын да сол ескіден келе жатқан біржақты көзқарас салқынына балаған И. В. Пьянков, өз зерттеулерінде қола дәуірде ұлыдалалық кеңістікте көшпелі өмір салтын ұстанған жұрттардың көбінің бір-бірінен түп-тегі онша қашық еместігіне, араларында арғытүрктік сипаттары басым қауымдардың да кәдімгідей кездесетініне мән береді. Солардың ең елеулілері – қытайдың ежелгі деректеріндегі *жұң*, «авесталық» мәтіндердегі *тұр* тайпалары еді, олардың екеуін де *бегазы-дәндібай* мәдениетін түзуші жұрттармен тығыз байланыста қарастыруға болады, деген тұжырымға ден қояды.

Расында да Қытай жерінен табылған көне археологиялық жәдігерлер – тасбақа қабыршақтары мен мал жауырындарына, шағын қола қалақтарға түсірілген үзік-үзік жазбаларда айтылатын ж. с. д. ХҮІІ ғасырлардан бастап, Хуанхы (түркше Сарыөзен) алабының батысы мен теріскей жағын мекен еткен *жылқылы қияңдар*, кейіннен *жұңдар* деп аталған түздік жұрттар мен «Авеста» мәтіндеріндегі *Тұран кеңістігін* жайлаған *тұр* тайпаларының өзара сабақтастығы туралы бұл жаңаша байып, біздің күллі Орталық Азия ауқымында қарастырып отырған тақырыпты толымды түрде қуаттайтын дәйекке саяды. Біз бұған дейін негізінен осы байтақ аумақтың батыс бөлігіне, яки Каспий мен Алтай бойлықтары аралығында туындаған ежелгі мәдениеттер туралы ғана сөз еттік. Ал оның шығысқа, Хинган тауларына, оратыла аққан Хуанхының қойнауындағы Ордос<sup>19</sup> өрін

---

<sup>19</sup> Ордос – Сарыөзеннің солтүстікке қарай беттеп барып, шығысқа қарай көлденең бұрылатын, 300 шақырымдай шамадан кейін, қайтадан оңтүстікке қарай 600 шақырымдай тура ағуынан пайда болған, жағрапиялық картада тік доға түрінде байқалатын үстірт түбек. Оның құмдауыт топырағының шүйгін жайылымдары, еңісті тұстарындағы тұщы сулы көлшіктері, жұмсақ ауа райы – ежелден-ақ мыңғыртып мал өсіруге бейім далалық жұрттарға қолайлы қоныс ретінде танылған [240, 127]. Зерттеушілер арасында Ордостың – *гуйфаң*, *ди*, *жұң*, *хүн* секілді көшпелі тайпалар тарихында сүбелі үлесі бар кіндік аймақ, арғытүрк тілі мен этносы өркен жайған бір майлы жұрт ретінде пайымдалуына күмән келтірілмейді.

қамти ұланғайыр созылып жатқан далалық кеңістігіндегі арғы этникалық үдерістерді көп тілге тиек ете қоймаған едік. Енді *жуңдар* мен *тұрлар* тақырыбын біртұтас қарастыру мәселесіне орай, сол *шығыс орталықазиялық аймақтың* байырғы мәдениеттік нышандарына да бұрылудың реті келген секілді көрінеді.

Әрине ол аймақтың палеолиттік, мезолиттік тарихына қатысты мәселелер бірінші тараудағы алғашқы адам жұрағаттарының далалық «мамонтты өрістерге» жете бастаған мыңжылдықтары мен осы өңірлерге тән гаплотопты қауымдардың мұз дәуірлері кезіндегі ілгерілі-кейінді қоныс аударулары туралы сөз етілген тұстарда біршама айтылды. Сонда бұл аумақтың негізінен арғытүрктік *R1b*, автохтон «шығыстық» *R1a*, оңтүстіксібірлік *Q*, арғытүрк-арғыуорлық *N*, жалпыалтайлық *C3 (C2)*, орталық хәм оңтүстік-шығысазиялық *O* зәузатты жұрттар араласа қоныстанған мекендер болғандығына тоқталғанбыз.

Неолит, энеолит замандарынан жеткен археологиялық мәліметтер де Орталық Азияның шығыс бөлігін құрайтын осы далалық аймақтың теріскей, батыс өңірлерінде Ертіс алабы мен Алтай-Саянға тән мәдениеттерге ұқсас үрдістер жалғасқанын дәйектейді. Мыңус<sup>20</sup> ойпатында өркен жайған арғытүрк сипатты *афанасьев* мәдениетінің кей нышандары Хангай жоталарының баурайларынан да көрініс беріпті. Ал Гобидің күнгейі мен Ордостағы, Хыши дәлізіндегі (Гәнсу дәлізі) жартылай көшпелі жұрттарға арғы қытай-тибет-бирма тайпаларының Хуанхы доғасының төменгі жазығында түзген неолиттік Яншао мәдениетінен өрген дәстүрлердің әсер-ықпалы тигені байқалыпты [234, 80-96; 235, 13-15, 75-81]. Одан кейінгі қола мен темір дәуірлерінде бұл шығыс орталықазиялық аумақта мәдени-этнотектік ахуалға көп өзгерістер әкелген неше қилы қоныс аудару сапырылыстары өтеді. Ж. с. д. II-I мыңжылдықтарға қатысты

---

<sup>20</sup> Түрк-моңғол сөздерінің қосылуынан туындаған «мыңсу» (*көпсу*) деген мағынаны білдіретін өзен атауы. *Мың+ус* – яки «Мың+су». Содан Мыңус өзені, Мыңус жазығы (Минусинская долина) деп аталады. [<http://www.onlinedics.ru/slovar/geo/c/minusinsk.html>.].

антропологиялық-этнолингвистикалық зерттеулер Саян-Алтай аймағы мен Шығыс Түркістан (Шыңжаң) өңірінде реңдеріне шамалы моңғолоидтық сілем сіңген «еуразиялық нәсілді» жұрттар мекендегенін, ал олардан шығысқа қарайғы, Үлкен Хинганға дейінгі далалық кеңістікті негізінен моңғолоид пішінді алтайлық тайпалар жайлағанын бағамдайды. Бұдан үш мың жылдай бұрын Алтай-Саяннан бастап, Тарбағатай, Жетісуға қапталдас жатқан Шығыс Түркістанды мекен еткен сол «еуразия тұрпатты» жұрттар [236, 118-119] мен Байкөлден Ордосқа дейінгі аралықта көшіп жүрген ежелгі тайпалар арасында *арғытүрк тілінің қалыптаса бастағаны* [237, 129-130] жұпталады. Яғни Орталық Азияның шығыс бөлігіне қатысты деректерде түрк тілінің түпкі тарихына күмән келтірілмейді. Ол өзіне жапсарлас аймақтарда қатар өмір сүрген басқа да арғымоңғол, арғытибет, арғымәнжу тілдері сияқты дербестеле аталады.

Ал осы алып аумақтың Каспийге дейінгі бөлігін қамтитын, қола дәуірінде андрондық тайпалар аясында қарастырылатын *батыс орталықазиялық* ареалға қатысты көптеген ғылыми еңбектерде арғытүрк тілі туралы сөз қозғала бермейтіні, оның орнына бұл өңірде негізінен арғыиран тілінде сөйлеген ари тектес қауымдар өмір сүрді дегенге саятын пікірдің үстем болып келгені баршаға мәлім. Ол біржақты көзқарастың сені ғылымдағы жаңа сенімді дереккөздердің бірі – ДНҚ-генеалогиялық зерттеулердің қия бастырмас нәтижелерінен кейін ғана сөгіле бастады. Бұл аймақтың да ежелден «еуразиялық нәсілді» (яки ілкіеуропеоидтік) арғытүрк қауымдарының бір отаны екендігі, арилер Карпат жақтан жеткен ж. с. д. 2000 жылдар шамасына дейін де қазіргі қазақ жері мен батыстүркістандық аймақта жергілікті қабырғалы тайпалардың тіршілік кешкенін, олардың арасында негізінен түпкітүрктік текке (*R1b* мен «шығыстық» *R1a*, оңтүстік сібірлік *Q*, түпкіорталықазиялық *C3 (C2)*, *O*, *N*) жақын жұрттар молырақ болғанын кейінгі кездерде ғана айтудың мүмкіндігі туғаны белгілі.

«Авестадағы» *тұрлардың* батыс зерттеушілері тарапынан талай уақыт бойы тек арилік қауым ретінде саналып келуінің бір кілтпаны да сол әуелден таптаурын боп қалған көзқарастың

салқынына баланады. Бұл ретте зәрдүш уағыздарында *тұрлардың* «жүйрік атты» [212, 148-149] көшпелі далалық тайпалар ретінде аталғанына мән бере отырып, оны Қытайдың ж. с. д. XIII ғасырдағы көне жазбаларында *жұңдардың* «салт аттылар» түрінде сипатталғанымен [238, 175] сабақтастырса да біраз жайтты аңғаруға болар еді. «Жүйрік атты» *тұрлар* туралы жоғарыда аздап сөз еттік. Ал «*жұңдар*» (*салт аттылар*) дегеніміз кімдер?

Олар туралы мәліметіміз тыңғылықтылау шығуы үшін аз-кем Қытайдың ежелгі тарихына қатысты деректерге үңілген мақұл болады. Қытайдың ұлы жылнамашысы Сы ма Чианның (Сыма Цян) «Тарихи жазбалары» (Шы-зи) негізінде қалыптасқан дәстүрлі тарихнама бойынша, бұл ел өз мемлекеттілігінің алғаш көрініс беруін — ж. с. д. XXI-XVIII ғасырларда Кіндік Жазықта<sup>21</sup> ірге көтергені түспалданатын Ши (Ся) әулеті дәуірінен бастайды. Ол ж. с. д. XVIII-XII ғасырларда Шаң (Иң), ж. с. д. XII-III ғ. Жыу (Чжоу) дәуірлеріне ұласады. Соңғы дәуір өз ішінде Батыс Жыу (ж. с. д. 1120-771 ж.) және Шығыс Жыу (ж. с. д. 770-256 ж.) әулеттері замандарына бөлінеді. Шығыс Жыу өз аясында «Көктем мен күз» (ж. с. д. 770-476 немесе 722-481) және «Соғысушы патшалықтар» (ж. с. д. 475-221) кезеңдеріне жіктеледі.

Қытайдың байырғы тарихын оның теріскей бетін ежелден қоңсыласа мекен еткен далалық жұрттар мәдениетінен бөле-жара қарауға келмейді. Шығысы – Кіші Хинган жоталарынан басталып, батысы – Шығыс Түркістанға дейін созылып, ортасында Ордосы бар, орманды алқаптары мен шөлейтті түздері өзара араласып жатқан, Гарвард университеті ғалымдарының «Ежелгі Қытайдың кембридждік тарихы» атты құнды еңбегінде *«императорлық Қытайға дейінгі Солтүстік шең»* деп аталған бұл байтақ аймақ тұрғындары, әуелден-ақ Хуанхының күнгеінде қылаң берген ілкіқытай өркениетінен өзгешелеу тәуелсіз мәдени дәстүрлерімен

---

<sup>21</sup> Кіндік Жазық – Хуанхы доғасы күнгеі етегінің шығысқа қарай бұрылғаннан кейінгі алабында жатқан құйқалы жазық. Қазіргі Хэнань уәлаяты мен оған жапсарлас өңірлер. Ежелгі Қытай өркениетінің алтын бесігі.


ерекшеленеді. Сол «Солтүстік шептің» мәдениеттер кешеніне қатысты бірсыпыра үрдістер (қанжар, айбалта секілді қола қарулар, пышақ, айна бұйымдары, тұз жұрттарына ежелден тән жауырынмен жору салты) кейіннен Кіндік Жазыққа қарай ауып, Шаң (Shang) заманына тиесілі археологиялық дәйектерде көрініс беріпті [239, 885-903].

Біз тілге тиек еткелі отырған *жұң* (*jung*) тайпалары да осы Шаң және одан кейінгі Жыу дәуірлерінде Кіндік Жазықтың солтүстік-батыс жағын мекен еткен «солтүстікшептік» тұз жұрттарының ортақ атауына саяды. Шаң дәуірінде *қияң* (*qiang*) деп аталған олардың Ордостың оңтүстігіне қапталдас өңірлерден батысқа қарай, Гэнсу аймағын қамти, Тибет үстіртіне дейін жайлағаны айтылады. Батыс Жыу дәуіріндегі жазбаларда *қияң* атауы жоғалып, оның орнына сол беттегі жұрттардың көбі «батыстағы жабайылар» мағынасындағы, этностық нышаны нақты емес *роң* (*жұң*, орысша әдебиеттерде *жун*) түрінде атала бастапты [238, 175-176; 240, 6-7].

Қола дәуірдің өзінде-ақ мал жауырындарына, тасбақа қабыршақтарына түскен жорулар мен қола көзелердің бетіне жазылған ақиқаттық салмағы мығым мәтіндерде осы *қияң-жұңдардың* және теріскей-батыс беттегі «*жын-сайтандар жағы*» деп аталған өңірді жайлаған *ғуйфаңдардың* (*guifang*) басты байлығы жылқы өсіру екендігі, олардың шайқас кездерінде екі доңғалақты жеңіл арбаларды кеңінен пайдалатындығы туралы мәліметтер бар. Осы көшпелі жұрттарға қарсы өткен соғыс нәтижелерін хабардар етер, ыдыс бетіне шекілген бәдіздерде алғашқы қытай патшалықтары әскерлерінің қарсыластарынан басым түсіп, мыңдаған жылқыны, жүздеген әскери арбаны қолға түсіргені айтылады. Одан бөлек талай мың адамды тұтқын еткені, қырғаны, табын-табын өгіз бен отар-отар қойды, қыруар қару-жарақты олжалағандары да мұқият түрде тізбектеледі [241, 216-219; 242, 163].

«Авеста» мәтіндеріндегі далалық жұрттардың жылқылы елдер болғаны, құрбандыққа жүздеп қылқұйрық шалынатыны, жүрдек жеңіл арбалармен шайқасатыны археологиялық артефактілерден

де мәлім. Екі аяқты арбаның сонау көнешұңқыр замандардағы қабірлерден бастап кездесетіндігі [172, 10-14] туралы дәйекті ботай дәуірінен шарықтап өскен жылқы культі дәстүрімен [124, 227] сабақтастыра қарар болсақ, арбаны көліктік ғана емес, әскери бағытта қолдануға бейімдеу үдерісіне бүгінгі қазақ даласын мекен еткен автохтон жұрттардың да белсене қатысқанын бағамдау қиын емес. Археологтардың дәлелдеуінше, қазақ жерінің теріскейіндегі Ұлыбай, Бірлік, Сарыарқадағы Сатан қорымдарынан табылған жеңіл арбалар қалдықтары еуразиялық кеңістіктегі ең көнелердің қатарына жатады.




*Шимайлы шатқалы петроглифтеріндегі арба бейнелері (Тарбағатай)*



Андрондық дәуірде арбаның аса маңызды қызмет атқарғанын, олардың Сарыарқа, Мойынқұм, Қаратау, Ертіс алабы, Алтай, Жетісу өңірлерінің петроглифтерінде (жартастағы суреттерде) молынан бейнеленгенінен де байқауға болады. Сондай-ақ Орталық Азияның әр қиырынан ұшырасып жататын тас бетіне шекіліп түсірілген арбалардың бәрінің де пішіні бір-біріне ұқсас боп келеді екен. Қытайдың Сарыөзен жазығындағы Аньян қаласы төңірегінен табылған Шаң заманына қатысты, патшалар қабірлеріне қосарлы жегін аттармен бірге көмілген екі аяқты арбалар түзілімдерінен де сол орталықазиялық аумаққа тән сипаттар байқалады [186, 167-170; 238, 264-266; 239, 902-907; 243, 150].

Осы орайда, ғалымдар арасында Шаң дәуірінде өркен жайған Аньян мәдениетіне (ж. с. д. XIII-XI ғ.) тән – *орасан зор патша қабірлері, әскери арбалар, қоладан жасалған тамаша ыдыстар мен бұйымдар, қола қару-жарақтардағы хайуанаттар үрдісі* секілді түзілімдердің соған дейінгі кезеңдерге еш ұқсамайтын бөлекше сипатта дамығандығына мән бере қарайтын тұжырымдарға айрықша назар аудару ләзім. Мәселен, Аньян өркениеті алдындағы *эрлигтоу-эрлиган* мәдениеті кезеңінде (ж. с. д. ХҮІ-ХІҮ ғ.) мұндай сән-салтанатты патша обаларын тұрғызу, дөңгелегі жеңіл әрі сапалы әскери арбаларды жылқылармен бірге көму дәстүрі болмапты. Шаң дәуіріне қатысты зерттеулер барысында жүйеленген дәйектер бойынша, ж. с. д. XIII ғасыр шамасында сол Сарыөзен алабына батыс жақтағы далалық кеңістіктен салт атты, «жүрдек арбалы» еуразиялық нәсіл нышандары басымдау жұрттар басып кірген көрінеді. Арбалармен соғысу тәсілін жетік меңгерген олар, тез арада-ақ жер емген тұрғылықты халықты тізе бүктіріп, күллі билік тізгінін өз қолдарына жинап алыпты.



### Шаң дәуірі арбасы

Ғылыми зерттеулерде Шаң (Иң) патшаларының ж. с. д. XIII ғасырдан бергі шыққан тегі сол «Солтүстік шептен» келген әулеттерден таралуы мүмкін деген болжамға ден қойылады. Өйткені, ол «жүрдек арбалылар» қалың қытайға көп ұзамай-ақ сіңісіп, солардың тіліне жаппай ауып кетсе де, өздерінің бағзыдан ұстанған, патшалары көз жұмғанда, о дүниеге ерекше салтанатпен аттандыратын дәстүрлерін ұмыта қоймапты. Бұл өңірде бұрын ұшыраспаған жерлеу жораларын енгізіп, жойқын патша обаларын тұрғызу, көсемдері өлгенде, олармен бірге жүздеген адамды, әйелдері мен қызметшілерін жерлеу, жылқылар мен арбаларды қоса көму секілді ғұрыптарды орнықтырыпты. Аз уақыт аралығында жүрдек арбалы жасақтарымен Сарыөзен аймағындағы отырықшы тайпаларды бірінен соң бірін бағындырып, қуатты елге айналып үлгерген Шаң билеушілері, басып алған жерлерінде қала-бекіністер салдырып, сол қорғандардан маңайдағы жұрттарға жылма-жыл жорық жасап, мал-мүліктерін сыпыра тонап, мыңдаған тұтқынды айдап әкеліп, құлдыққа салатын, айдарынан жел ескен әлеуетті мемлекет ретінде танылыпты. Жеңімпаз шаңдықтар көсемдерін – «уаң», өздерінен шыққан ақсүйек

әулеттерден тарағандарды – «байсын» (жүз ру, яки бай ру), ал бағынышты жұртты – «шумың» (малмен тең қара бұқара) деп атайды екен. Көсемнің зәулім қабіріне қолдары артына байланған жүздеген, мыңдаған құлдар қоса көмілсе, байсындардың моласына бірнеше құл ғана қойылыпты. Қытайдағы қола құю, ұңғылы айбалталар жасау дәстүрі де *аньян* мәдениетінің бастапқы кезеңі – ж. с. д. XIII ғасырдан басталады делінеді. Осындай дәйектерге орай, бүгінгі ғылымда: «қытайлық өркениеттің шарықтап дамуы, Шаң дәуірінде батыстан жеткен үш маңызды инновациялық жаңалық – *жүрдек арбалы көлік, жылқы және металлургияның* арқасында жүзеге асты» деген тұжырымға көбірек мән беріледі [243, 145-148, 165-175, 192-202; 244, 84-85; 245, 147-148].

Ал, «ол қай батыс» деген сауалға келер болсақ, соңғы жылдардағы ғылыми зерттеулер нәтижесі, бұл жаңашыл үдерістің шыққан төркіні ретінде *көнешұңқыр, ботай, афанасьев, андрон* (оның соңғы қола дәуіріндегі нұсқасы *бегазы-дәндібай*) мәдениеттері өркен жайған ұлыдалалық кеңістік бағыты меңзелер еді. Сол байтақ аумақта арба мен атты бірге көмудің – әуелден бар ғұрыптар қатарында саналғаны мәлім. О дүниеге озған көсемдердің жаны көктегі құдайлар әлеміне жүрдек көлікпен тезірек жетсін деген түсініктен туындаған бұл салт көнешұңқыр заманының зәулім обаларынан да ұшырасады. Арғы дүниеде қасында жүріп қызмет көрсетсін деген ұғыммен, адамдарды да құрбан етіп, патшаның қасына қатарластыра қою ғұрпы да сол көнешұңқырлық жерлеу жораларының біріне саяды. Ежелгі заман өркениеттерінің көбінде ұшырасатын, құрбандыққа адам шалудың осы салты – Шаң билігіне сырттан келген түздік жұрттардың өз көсемдерін салтанаттап көмуі кезінде ерекше күшейіп, оған әртүрлі құдайлардың әруағына да бағышталатын үстеме сипаттар қосылыпты. Бұл ретте құрбандықтар санының тым көп болуының бір себебі қатарына – жиі қайталанып тұратын соғыстар нәтижесінде қолға түскен мол тұтқынды асырау үшін азық-түлікті шығын етпеуді ойлап, оларды тезірек о дүниеге аттандырып жіберу мақсаты көзделетіндігі де қосылады [246, 25-32, 130-143].

Орталық Азияда бұл ғұрыптың сақ, хун замандарында да сақталып қалғанын, археологиялық қазбалардан ғана емес, грек тарихшысы Геродоттың «Тарихынан» да ұшырастырамыз. Онда сақ көсемі көз жұмғанда, жақсы көретін бір кәнізәгі, аспазы, шарапшысы, атшысы, кежеуілі, шабарманы буындырылып өлтіріліп бірге көмілетіні және бір жылдан кейін оба басында ол ғұрыптың тағы да қайталанатыны, енді оған қоса 50 жас жігіттің де буындыру арқылы құрбан етілетіні, мүрделердің ішек-қарнын алып тастап, олардың орны кебекпен, ағаш ұнтақтарымен толтырылатыны, содан соң барлығын арнайы тігінен тұрғызылған жылқы тұлыптары үстіне қазыққа шаншып отырғызып қоятыны айтылады [247, IV, 71,72]. Г.Е.Грум-Гржимайлоның да көне қытайлықтардағы патша тұқымдарын жерлегенде басқа адамдарды қоса құрбан ету ғұрыпының хундарда, цяндрда, скифтерде, кельттерде, түрк қағандығы заманында, кидандарда, Шыңғыс хан қазасы кезінде, байырғы үнді тайпаларында ұшырасқаны туралы деректерді ортаға тартатыны бар [248, 81-85].

Шаң заманының көне жазбаларында Ордостың оңтүстігінен батысқа қарай, Гәнсу аймағын қамти, Тибет үстіртіне дейін жайлаған жылқылы, салт атты, жүрдек арбалы қауымдардың – жалпылама *қияңдар* (кейіннен *роң, жұңдар*) деп аталғанын айттық. Тарихи деректерді байыптап қаузар болсақ, оларды да сол теріскей-батыс жақтан жетті деп тұспалданатын «еуразиялық» нәсілдік нышандары басымдау шаңдық билеуші әулетпен этникалық сипаттарының бірсыпыра ұқсастығы, алыстан қосылатын туыстық байланыстары бар жұрттар екендігі бағамдалады. Бұл ретте Шаң (Иң) дәуірінен кейін «қылыштың жүзі, найзаның ұшымен» қытай билігіне келген Батыс Жыу әулетінің арғы далалық тегі туралы деректерде, жыулықтардың шаңдықтармен түпкі жағынан алыс емес екендігіне қатысты мәліметтердің ұшырасатындығы да [205, 202-203; 243, 212-214] осы мәселедегі біраз жайтты тұспалдауға мүмкіндік әпереді.

Өйткені дәл осы *жыулықтардың* этникалық тұрғыда батыс пен теріскейді жайлаған көшпелі *жұңдармен* (*роңдармен*) жақындығына да кәдімгідей мән беріле қаралатын тұстар бар.

Ғылыми деректердің алға тартуынша, бұл қос жұрттың шыққан түздік тегі бойынша өзара туыстық нышандары анық байқалады екен. Уақыт өте келе жіктеліп, дербестелу үдерістерін бастан кешкен олардың бір тармағынан – жыулықтар, екінші бұтағынан – жұндар (яки көне қытай ұғымындағы батыс жабайылары) тараған. Арада әлденеше ғасыр алмасқаннан кейін, неше қилы замана тезі оларды бір-біріне бөгде жұрттарға айналдырыпты. Жылқылы, салт аттылы жұндар – байырғы тіршілік салттарын үзбей, түздік тіршіліктерін әрі қарай жалғастыра берсе, жыулықтар – «жұң мен дилердің дәстүрлерін тәрк етіп», отырықшылыққа мүлдем ауып, қытайлануға бет бұрыпты. Бір кездерде тегі ортақ болған осы екі халықтың арасында кейіннен талай қиян-кескі соғыстар мен шайқастар өткеніне қатысты мәліметтер де жеткілікті [238, 178-179; 243, 214].

Көне тарихта *роңдар* (*жұндар*) әдетте Кіндік Жазықтағы отырықшы жұрттармен жиі қақтығыса беретін мазасыз көшпелі тайпалар ретінде сипатталады. Негізінен жорушылық мәтіндерден тұратын бұл бәдіздерде Шаң мен Жыу патшалықтарының сол көшпелілермен қалай соғысқанына қатысты қыруар дерек бар. Мәселен, әмірші көбіне-көп жауырыншыдан жауларымен соғысты бастаудың жөні қалай болатынын, жеңіске кімнің жететіндігін біліп беруді сұрайды екен. Түпкі шешім сәуегейлердің қалай жоруына байланысты қабылданады. Әуелгіде тасбақа қабыршақтарына, жауырындарға, жұқа ағаш, қола тақташаларға ол жору иероглифтері, кейіннен сондай жорықтар туралы қола көзелер бетіне түскен ақпараттар жиынтығына ұласыпты. Әрине, ол оқиғалар өздері тарапынан баяндалып отырғандықтан, көбіне-көп қытай әулеттері жеңіске жеткен соғыстарға көбірек назар аударылар еді. Сонда да қарсыластарының еш осал еместігі байқалатын тұстар да жетерлік. Түздіктердің де олармен терезесі тең елдер екендігі, мықты қаруланғандығы, атты әскерлер ғана емес, жеңіл арбалы жауынгерлерінің де қиян-кесті шайқастар өткізгенін аңғару қиын емес. Шаңдықтар ғұрпында, далалық сақтар секілді, өздері өлтірген жауларының құлақтарын кесіп, тізіп алып жүру, жеңістен кейін өздерімен бірге ел астанасына айдап

әкелген тұтқындарды ата-бабалар рухына бағышталған салтанаттарда тірідей құрбандыққа шалу салты болғаны да сол көне жазбаларда танбаланып қалған [205, 195-207; 241, 216-219].

Дегенмен, батыстағы жылқылы көшпелілердің кей кезеңдерде Шаң әулеті патшаларымен мәмілелі қарым-қатынастарға да барып, ортақ жауларына одақтаса қарсы тұрған, соның арқасында екі елдің біршама уақыт бойы тыныш ахуалда күн кешкен шақтары да болған екен. Алайда бұл жағдай да көпке созыла қоймайтын. Әсіресе шандықтардан патшалық тақты қиян-кескі соғыстар арқылы тартып алып Қытай билігіне келген Батыс Жыу (Чжоу) дәуірі кезінде жағдай ерекше ушығынқы қалыпқа ауыпты. Жыу билігі мен олардың бір замандардағы туысы – *жұңдардың* жұлдыздары аса жараса қоймай, екі арада тынымсыз шайқастар қайта-қайта тұтана беріпті. Соның ақыры қытай императорларының *жұңдарды* жою үшін әлденеше рет қисапсыз әскер күшімен тосыннан шабуылдар жасауына, жойқын қырғындарға ұшырататын жорықтарды бастауына әкеп соқтырыпты.

Батыс Жыу мемлекетінің *жұңдарды* түгел қырып жібермек болған бұл мақсатының со бойы жүзеге аса қоймағаны да белгілі. Атамекендерінен ығысып, босқынға ұшыраса да бірте-бірте қайтадан күш жинап, қуаты артқан көшпелі тайпалар тағы да тынымсыз шабуылдарын тоқтатпай, ақыры ж. с. д. 701 жылы, батыс пен теріскейден ғана емес, шығыстан да, оңтүстіктен де ентелеген көрші жұрттармен өткен шайқастардан әбден әлсіреген Жыу патшалығынан басымдығын байқатып, оларды Хуанхының оң саласы Вэйхе өзені алабындағы байырғы қоныстарынан шығыс бетке қарай түре қуып тастап, император Ю-ванның өзін тұтқынға түсіреді. Оның баласы Пин-ван ел астанасы Хаоны шығыстағы қауіпсіздеу Лой (Чженчжоу) шәһарына ауыстырып, мемлекеттерін жойылып кетуден әзер аман алып қалады. Содан былай Қытай тарихының кезеңделуінде – жер аумағы бұрынғыдан кәдімгідей қусырылған Шығыс Жыу патшалығының дәуірі (ж. с. д. 770-256 ж.) басталады [205, 207-209; 240, 13-14].

#### 4. ҚЫТАЙДЫҢ КӨНЕ ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ АРҒЫТҮРК ЖҰРТТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРҒА ТӘН ТЕКТІК, ТІЛДІК НЫШАНДАР

Жыу заманына қатысты көне жазбаларда Қытайды айнала мекен ететін көрші елдердің де аты-жөндерінің бірсыпыра жүйеленгені байқалыпты. Әлгінде айтылғандай, батыс жақтағы бұрын *қияң* деп аталған жұрттардың орнын басқан тайпалар енді ортақ *роң* (*жұң*) атауымен танылса, батыс-теріскей беттегі «ең саны мол» [240, 7] *гуйфаң*<sup>22</sup> көшпелілерінің ұрпақтары – *ди*, елдің шығыс бетіндегілер – *и*, оңтүстіктегілер – *мән* деп таңбаланыпты. Бірақ бұл олардың этностық төл ныспысы емес, сол халықтардың төрт құбылаға қарай орналасуына байланысты байырғы қытайлықтар тарапынан қойылған жалпылама атауларға да саятын. Өздерін әлемнің кіндік мемлекеті ретінде танитын ежелден қалыптасқан түсінік бойынша, көне қытайлардың ұғымында, олардан бөгде халықтардың бәрі жабайылар болып есептеліп, *роң* (*жұң*) – жоғарыда түсініктеме берілгендей, батыс жабайылары, *ди* – солтүстік жабайылары, *и* – шығыс жабайылары, *мән* – оңтүстік жабайылары деген мағынаны да білдіретін [240, 7: 248, 13-21; 249, 36; 251, 4-5]. Кейіннен *дилердің* күші артып, олардың қытайларға шабуылдары үдеген кезде, дилерге *жұң* атауын қосарландыра *жұң-ди* деп атау қалыптасады. Осы *жұң-ди* аясында топтасқан тайпалардың ж. с. д. 934-910 жылдары ұсақ қытай патшалықтарына шабуыл жасап, кіндік өлкені ат тұяғына таптатқаны да көне жазбаларға түсіпті. Ауыр зардаптарға ұшырап, тоз-тоз болған елдің басындағы қайғылы жағдай сол шұбырынды замандағы қытай ақындардың қаламына ілігіп: «Мемлекеттен айырған, отбасынан айырған шиэниүннің әлегі...» деген зарлы

---

<sup>22</sup> Гуйфаң атауындағы «*гуй*» – жын-сайтан, «*фаң*» – жау тайпа, яки «жын-сайтан секілді жаулар» деген мағынаны білдіреді [249, 101-102; 238, 175].

өлең жолдары дүниеге келіпті. Мұндағы «*шиэниун*<sup>23</sup>» дегені, көне қытайлықтардың теріскейдегі *жұң-дилерге* қойған тағы бір кемсітпе атауы мағынасына (шамамен – «адал берілген ит») саятын еді, дейді деректер [52, 187-206, 418-425; 250, 32-35; 251, 13].

Қытайдың көне деректерін сараптаған бірталай еңбектерде тілге тиек боп отырған *жұң* атауын – «салт аттылар», «батыс жабайылары» деген жалпылама түсінікті білдіретін этностық салмағы жоқ ұғым болса да, Шаң дәуірінде олардың *қияң* (*qiang*) деп белгіленуіне байланысты, тибет тілді жұрт қатарына қосатын тұспалдар көбірек ұшырасады. Бұл шамасы, қяң атауын сақтап қалған бірсыпыра қауымның, кейіннен тибет, таңғұт халқының құрамына сіңіп кетуіне байланысты, ежелгі *қияңдар* да тибетше сөйлеуі мүмкін деген жорамалдар негізінде туындаса керек [251, 16]. Қияңдар деп аталған ол жұрттардың этникалық тұрғыда тибет халықтарының арғы тегіне еш қатысы жоқтығын соңғы жылдарда тибет тарихшысы Д. Аньвэнь [252, 18-21] мен американдық ғалым Х. Бэквит те баса сөз етіп жүр. Соңғы зерттеуші бұл халықтардың тектік қана емес, мәдени дәстүрлер жағынан да тибеттерге соншама ұқсай қоймайтындығына айрықша мән бере қарайды. Сондай-ақ бір кездері қияңдар мекен еткен теріскей-шығыс Тибетте орталықазиялық халықтар қалың ортасында туған хайуанаттар үрдісінің үлгілеріне жататын артефактілердің кәдімгідей ұшырасатыны да [253, 48-49], ол қауымдардың арғы тегінің тибеттік емес, «солтүстікшептік» жұрттарға жататындығын байқатады.

Осы ретте «*қияң* тибеттік жұртқа жатса, кейіннен олар мекендеген аймақты қоныс еткен ізбасарлары *роң-жұңдарды* да,

---

<sup>23</sup> Бұл атау Сыма-цянь «Тарихи жазбаларының» орысша аудармасында «сяньюн», [240], Б. Өгелдің түрікшеден қазақшаға тәржімеленген «Ұлы Хун империясының тарихы» екі томдығында «хиенйұн» [250], Н.Я.Бичурин, Г.Е.Грумм-Гржимайло және Л. Н. Гумилев еңбектерінде «хьяньюнь» түрінде таңбаланған [248, 80]. Біз қытайша дыбысталуына жақындата алынған «шиэниун» [251, 13] нұсқасын қолданғанды мақұл көрдік.



*дилерді* де тибеттік деп тану ләзім» деген топшылауларға сүйенген кей зерттеулерде, *жұң* мен *ди* атауы аясына қамтылған халықтарды негізінен тибет тайпалары ретінде қарап, оны арғытибет-енисей тілдік тобы аясына енгізіліп жүрген *кет* этносымен байланыстыратын пікірлердің де бар екенін атап өтсек болады [254, 118-120]. *Жұң* жұртының бір қапталын арғытүрк бегазы-дәндібайлықтармен сабақтастыратын қадірменді ғалым И. В. Пьянковтың өзі де, оны *тұр* тайпасымен баламалығы бар орталықазиялық біртұтастыққа ие қауым ретінде қарастырып отырғанымен, түп-тегін арғытибеттік-арғыенисейлік түзілім ретінде бағамдап, олардың біраз бөлігі Ордос жақтан көшіп келіп, Енисей алабындағы Мыңус ойпатында ж. с. д. XIII-X ғасырлар аралығында өркен жайған *қарасуқ*<sup>24</sup> мәдениетінің іргесін қалауға араласты, делінетін бұрынғы зерттеулерде басым болған көзқарасты қолдайтынын байқатып қояды [233, 603].

Ал қарасуқ мәдениетінің шыққан төркінін Ордостан іздеген ол әуелгі тұжырымның бүгінде қайта пайымдалғаны ғылыми ортаға белгілі. Ол тұспал – әу баста өткен ғасырдың 50-ші жылдарында әйгілі орыс археологы С. В. Киселевтің *қарасуқ* мәдениетінің шыққан тегін, біз әлгінде сөз еткен Хуанхы алабындағы *аньян* өркениетінен тарайды, деп тапқан беделді пікіріне [255, 106-183] байланысты туындаған еді. Оңтүстік Сібірдің ежелгі тарихы туралы аса құнды кітап жазған бұл ғалым, сол жылдарға тән ғылыми хронологияда *аньян* мәдениетінің өмір сүрген уақыты ж. с. д. ХҮІ-ХҮ ғасырлар арасы деп белгіленіп жүргеніне сәйкес, *қарасуқ* дәстүрін Сарыөзен аймағынан жеткен қауымдар қалады деп жорамалдаған болатын. Дегенмен ол мерзімделудің кейіннен жүргізілген зерттеулердің қорытындысында қате боп шыққаны, содан бергі көптеген ғылыми еңбектерде *аньян* өркениетінің кезеңделуі қайта қаралып, оның шындығында ж. с. д. XIII-XI

---

<sup>24</sup> Қарасуқ – хақасша *бұлақтың басы, судың көзі, қайнар*. Яки түрк тілдеріне ортақ – *қарасу* мағынасы. Қарасуқ мәдениетінің атауы осы аттас өзен алабынан табылған археологиялық қазбаларға байланысты қабылданған [257].

ғасырлар аралығына тән мәдениет ретінде түзетіліп жазылып келе жатқаны мәлім [256, 184; 243, 147; 205, 196-198].

Мәселен, қарасуқ пен беғазы-дәндібай мәдениеттері бойынша толымды еңбектерімен белгілі ғалым М. П. Грязновтың басшылығымен жазылған «Қарасуқ мәдениеті» атты зерттеуде [256, 182-185] *аньян* мен *қарасуқ* мәдениеттеріне ортақ үлгілер салыстырылып, ол үрдістің Сарыөзен жақтан – батысқа қарай емес, Енисейден – Ордосқа қарай ауысқаны көптеген артефактілік мысалдармен тыңғылықты түрде дәлелденді. Зерттеушілер қос мәдениеттің бір ғана қола пышақтарға қатысты мысалдарын салғастыра қарағанның өзінде, ордостық пышақтардың екі топқа бөлінетіндігін, олардың біріншісіне жататын түрінің сібірлік үлгіден мүлдем бөлек, жергілікті шаңдық дәуірдің ілкі кезеңдеріне тән –жүзі жалпақ, салмағы ауыр, безендірілуі де өзгешелеу екендігін анықтады. Ал екінші топқа жататын пышақтардың қарасуқтық бұйымдардан еш айырмашылығы болмапты. Әрі олар *аньян* мәдениетінің алғашқы кезеңіне тән қабірлерден (ж. с. д. XIII ғасыр) табылыпты және оның алдындағы мерзімдерде мүлдем ұшыраспапты. Бұл *қарасуқ* мәдениетінің *Аньян* аймағына жеткен мерзімін де көрсететін айғаққа саяды. Яки, қарасуқ мәдениетінің түзілімдері кей зерттеушілер пайымдап жүргендей, Мыңус ойпатына шығыстан жеткен жоқ, керісінше Ордосқа қарай бағытталғаны анық, деп түйткіл тақырыптың күрмеуін шешкен болатын. Әрі ол *беғазы*, *қарасуқ* аумағын мекендеген бірсыпыра жұрттардың Ордосқа ат тұяғын іліктіргенінің бір дәйегі ретінде де алға тартылар еді.



*Сол жақтан: алдыңғы екі пышақ (4, 5) Бегазы-Дәндібай мәдениетіне (Кент қонысы), одан кейінгі екі пышақ Қарасуқ мәдениетіне жатады; соңғы екі пышақ (13, 14) Теріскей-батыс Қытайдағы Хэбэй провинциясының Цинлун уезінен табылған.*

Осы орайдан алғанда да *жұңдарды* «тибет текті» деп санау мен олар Ордос пен Гәнсу аймағынан Енисей жаққа көші-қон үдерістері арқылы жетіп, *қарасуқ* мәдениетінің іргесін қалауға араласты [233, 603-604; 258, 37-53, 320-334], кейіннен олардың біраз бөлігі *кет* этносына айналды [254, 126-128], деген болжамдардың шикілеу екені өз-өзінен аңғарылары анық. Сондай-ақ мұны соңғы жылдардағы күмәнсіз ақиқат көздерінің бірі – ДНҚ-генеалогиялық зерттеулер де жоққа шығармайды. Тибет, таңғұт текті жұрттарға негізінен аталық *D* гаплотобы тән. Ал ең соңғы деректер бойынша *кеттер* арасынан ДНҚ мәліметі алынған адамдардың 84 пайызының арғыүндістік, оңтүстіксібірлік *Q1a3* гаплотобына ие екендігі анықталды. 25 пайызы *N* гаплотобы болып шықты. *D* гаплотобы ешкімнен табылмапты [259].

*D* гаплотобы Тибет аймағынан батысқа қарай жатқан өңірлерде өте кем ұшырасады. Демек, бұл тұрғыдан алғанда И. В. Пьянков ұсынған *жұң-тұр* баламалығы [233] өз-өзінен қайшылыққа

ұрынар еді. Өйткені, *тұр* тайпалары – Әму мен Сыр алаптарынан Алтайға дейін созылып жатқан байтақ аймақтың, «Авестадағы» Тұран кеңістігінің тұрғындары. Олардың ұрпақтары кейіннен осы өңірлердегі сақ тайпаларының, массагеттердің, қаңлылардың, қыпшақтардың және басқа да орталықазиялық жұрттардың этникалық тектерін құруға араласты. Ал бұлардың арасында тибет текті *D* гаплотобына ие қауымдар кездесе қоймайды. Көбі – түпкітүрктік *R1b*, «шығыс автохтондық» және «батыстық» *R1a*, түпкіорталықазиялық *C3 (C2)*, *N*, *O* және шамалы *Q* зәуазатты халықтар болып келеді.

Міне осы тұрғыдан алғанда да *тұрлардың* көне қытай деректеріндегі баламасы ретінде танылып отырған, «Солтүстік шеп» аясындағы өңірлерді мекен еткен *жұң* атауымен аталатын тайпаларды тибеттік зәуазатқа жақындатудың реті келіңкіремейтіні өз-өзінен айқындала түседі. Бұл *жұңдардың* тегін одан да Шаң заманында *қияң (qiang)* жұрттары қоныстанған батыс аймақтарға іргелесе күн кешкен, Батыс Жыу дәуірінде саны молайып, күшеюі нәтижесінде сол батыс пен теріскей беттен қауіп төндіретін елдердің елеулісіне айналған далалық көшпелілер, кейіннен өзімен қосарлана айтылатын *дилермен* (гуйфаң ұрпақтарымен) туыстығы басымдау, батыс қапталы Тұран кеңістігімен де шектесіп жатқан түздік жұрттардың бір бөлшегі ретінде пайымдағанымыз иланымдылау көрінері анық. Сонда олардың *тұрлармен*, яки *бегазы*, *түгіскен*, *қарасуқ* мәдениеттерін түзген, Ә. Марғұлан мен Е. Е. Кузьминалар арғытүркітер ретінде тұспалдаған этностармен [143, 21-22; 186, 130-131] сабақтас сипаттары да жүйе-жүйесімен орайласар еді. Яғни, Тұран кеңістігі мен Ордосқа дейінгі аралықты жалғап жатқан *тұрлар* мен *жұңдар* феноменін – түпкітүрктік нышаны басым *R1b*, Алтай, Шығыс Түркістан, Сарыөзен аралығының түпкітүрктік автохтондары боп келетін «шығыстық» *R1a* [104; 203; 207], жалпы орталықазиялық *C3 (C2)*, *O*, *N*, *Q* гаплотопты қауымдардың үндес көшпелі тіршілік салтына бейім «жылқылы жұрттардың» біртұтас аумағы ретінде қарастыру ләзім.

Расында да жұндардың «солтүстікшептік» арғы бітімінің түп-төркінін Қытайдың Шаң заманында *гуйфаң* деп таңбаланып, Батыс Жыу дәуірінде *ди* түрінде аталған тайпалардың көп уақыт бойы *жұңмен* бірге аталып, *жұң-ди* деп қосарлана жазылғанынан да біршама аңғаруға болады. Оны жоғарыда аталған «Ежелгі Қытайдың кембридждік тарихы» атты еңбектегі *жұң* (*jung*) мен *гуйфаң* (*guifang*) атауларының «этникалық тегі ортақ бір халықты білдіруі мүмкін екендігіне» қатысты айтылған пікір де қуаттар еді. Батыс Жыу патшалығының соңына таманғы дереккөздерде, оған көршілес жұрттардың бәрін шетінен *жұң* деп тану үрдісі қалыптасып, *лижұң*, *шижұң*, *шәнжұң*, *куанжұң*, *бейжұң* секілді неше түрлі тармақтардың пайда болғаны, ақыр соңында оның теріскей мен батыстағы қытай емес тайпалардың бәріне қарата айтылатын ортақ атауға айналғаны пайымдалады. Яки, ежелгі *гуйфаң* және оның ізбасары ретінде бағамдалатын *ди* де әуелгіде жалпылама *жұң* атауымен топтастырылған «солтүстікшептік» халықтардың әлеуетті бір бөлігі ретінде аңғарылады. Оны Шығыс Жыу заманында *жұң* сөзінің тек *ди* атауымен қосарлана *жұң-ди* деп айтылғаны да аңғартады. Батыс пен теріскейдегі «солтүстікшептік» жұрттардың бәрін қоса қамтыған бұл қосарлы атау, бірте-бірте дербес этнос түрінде бағамдалатын *ди* халқының атауына ұласты [239, 919-925].

Гарвард ғалымдары «жұндармен этникалық тегі бір халық» ретінде пайымдаған *гуйфаң* сірә де, елеусіздеу атала салатын ел емес. Гуйфаңның ж. с. д. II мыңжылдықтың соңында адам саны көп қабырғалы жұрттың бірі болғаны — Жыу дәуірінің бастапқы кезінде әйгілі қолбасшы Юйдің гуйфаңдарды жаулап келгеннен кейін Кан-уаң патшаға соғыс нәтижесін хабарлауы мен жеңіс салтанатының қалай өткеніне қатысты қола ыдыс бетіне түсірілген мәтіннен де анық байқалады. Онда: «Уаң сегізінші айдың екінші онкүндігінде, цзя-шэнь күні таң атқан кезде ғибадатханаға келді. (...) Юй уаңға: «Мәртебелі әміршім маған *гуйфаңды* шабуылдауға бұйрық берді. Мен жаумен айқасып, 4800 кесілген құлақ олжаладым, 13080 адамды тұтқын еттім, (...) жылқы, 32 арба, 315 өгіз, 38 қой және (...) жау көсемін қолға түсірдім», – деп мәлім етті.

Уаң: «Бұл жақсы!» деп ризалығын жеткізді. Юй әміршіге басын иіп құрмет білдіргеннен кейін, кең ғибадатхана ішіне тұтқын көсемді алып кірді. Көсемнен оның неге бағынғысы келмегенін сұрап болған соң, кідіртпестен басын шапты. Одан кейін Юй басқа тұтқындарды да кіргізіп, кесілген құлақтарды ғибадатхананың батыс баспалдағындағы қақпа арқылы уаңға тапсырды... Уаң жеңімпаз қолбасшы Юйге өзінің шын құрметінің белгісі ретінде әскери садақ, 100 жебе, әдемі безендірілген сауыт, дулыға, қола қалқан және айбалтамен марапаттайтыны туралы бұйрығын жария етті» [241, 217-218], делінеді.

Осы ретте *гуйфаңдардың* Жыу заманында *ди* деп аталған кейінгі ұрпақтарының қытай ғалымдарының соңғы жылдары шығарған сөздіктерінде *түрк тілінде* сөйлегені туралы нақты көрсетіліп жүргеніне назар аударсақ та, Ордос аймағының арғытүрктік тіл қатпары сонау бір текті *жұң-гуйфаң* тайпалары замандарында жатқанын, ол этнолингвистикалық үдерістерге *бегазы-қарасуқ* аумағынан жеткен жұрттардың да біршама үлес қосқанын жорамалдауға әбден болады деп білеміз. Осы ретте Қытайда кейінгі онжылдықтарда ханзу тілінде жарық көрген «Ежелгі қытай тілінің үлкен сөздігі» (1995 ж.), «Шинжиан ұлттарының сөздігі» (1995 ж.), «Ежелгі қытай тілінің үнемі қолданылатын иероглиф сөздігі» (1996 ж.), «Шинжиандағы түрлі халықтардың тарихы мен мәдениетінің сөздігі» (1996 ж.), сондай-ақ қытайдың әулеттік шежірелірі тарихының (12 томдық) және Сүң патшалығы тұсында өмір сүрген қытайдың атақты ғалымы Сыма Гуаңның (1019-1086 ж.ж.) «Дзы-дзы туң-жиән» (5 томдық) жалпы тарихының деректері кеңінен пайдаланылып, 2000 жылы көне дәуір этностарының белгілі зерттеушісі, қаламгер Қойшығара Салғараұлының құрастырумен қазақ тілінде жарық көрген «Қытай деректері: атаулар мен терминдер (Анықтамалық)» [251] атты басылымда орталықазиялық түрк тектес халықтарға қатысты деректік салмағы өте сенімді қыруар мәліметтердің жинақталғанын атап өтер едік.

Мәселен, онда *гуйфаңға*: «Ежелгі Қытайдың батыс өңірін мекендеген ұлттың атауы... Кейінгі *ди* ұлты осы *гуйфаң* ұлтының

бір бұтағы», деген айқындама беріледі. Сондай-ақ біздің тақырыбымызға қатысты басқа халықтар туралы да деректер жетерлік. «*Шиэниун* – ежелгі тайпаның аты. Ол «Көктем-күз» кезеңінде «*жұң-ди*» деп аталды...». «*Жұң* - Ежелгі Қытайдың батысындағы ұлттың атауы. Олар әртүрлі өңірлерді мекендеген. Соған орай олардың аталуы да бірдей емес... Шижұң, шәнжұң,.. деген аттар кездеседі...». «*Ди* – ежелгі Қытайдың батыс терістігіндегі ұлттың атауы. Шаң және Жыу патшалықтары дәуірінде олар қазіргі Шәнши өлкесінің терістігінде, батысында және Гәнсу өлкесінің шығыс жағында көшіп-қонып жүрді. Олар *аққұба нәсілділер*, *түрк тілінде* сөйлейді. Оларды әдетте «*терістік ди*» деп те атайды. Терісінің түсі мен шашының реңіне қарай *чы-ди*, *бэй-ди*, немесе денесінің ірілігіне қарай *жанди* деп те атайды...» [251, 13-14, 32-33], делінген.

Шығыстағы дилерді – *чы-ди* (кызыл дилер), батыстағы дилерді – *бэй-ди* (құба дилер)<sup>25</sup> деп екі топқа бөліп қарау ж. с. д. VІІ ғасыр деректерінен бастап кездесіпті [238, 180]. Ол мәліметтерде «кызыл дилер» мен «құба дилердің» бірталай уақыт маңайдағы ұсақ

---

<sup>25</sup> Бұл жіктеу бір жағынан – ежелгі заман халықтарында бар, дүниенің төрт жағын әртүрлі түспен ажырататын космогониялық дәстүрлерге онша келіңкірей бермейді. Түздіктер арасында: оңтүстікті – кызыл, солтүстікті – қара, шығысты – көк, батысты – ақ (құба), орталықты – сары түрінде атау кеңінен тарағаны; қытайлар мен ирандарда: кызыл – оңтүстікті, қара – солтүстікті, ақ – шығысты, көк, жасыл – батысты, сары – орталықты (императорлық түсті) білдіргені мәлім [260, 159-160].

Көне қытайлардың ұғымында аспан аңдар мен құстар символына сәйкестендірілген төрт бөлікке бөлініп, шығыс тұс – көк айдаһарға, батыс – ақ барысқа, солтүстік – қаратасбақаға, оңтүстік – кызыл құсқа шендестіріледі [261, 233]. Алайда ежелгі қытай деректерінде дилердің «кызыл» атануы, осы үрдіске үйлесіңкіремей тұр. Шамасы, бұл ретте «Анықтамалықта» көрсетілгендей, олардың түсі мен реңіне қатысты жайттар жатуы мүмкін. «Қызыл» және «құба» атауы Грумм-Гржимайло бағамдағандай: «дилердің аққұба өңді, кызыл шырайлы, көк көзді, жирен шашты нәсілге» жататындығына [248, 34-35, 258, 319-320] байланысты да айтылған сыңайлы.

патшалықтардың тізесін дірілдеткен айбарлы жұрттар ретінде танылғаны қадау-қадау түрде паш етіледі. Алайда олар Көктем-Күз дәуірінде қуатты мемлекетке айналған Цзиң билігімен жиі өткен қақтығыстар мен соғыстар, қарсыластарының неше түрлі іріткі әрекеттері нәтижесінде біртін-біртін бақтары тайып, әлсіреуге ұшырапты. Ақырында, үстемдіктерінен айырылып, кейіннен қалың қытайдың ортасында қалған бөліктері, саны көп халықтың құрамына сіңу үдерісіне тап болады [*сонда, 181-184*].

Бұл кезеңдерде бірнеше ғасыр бұрын Батыс Жыу патшалығын ыдыратқан жұндар атымен топтасқан әртүрлі жұрттардың басына да осындай кеп түсіп тұрған еді. Шығыс Жыу дәуірі аясына енетін «Көктем-күз», «Соғысушы патшалықтар» замандарында өзі де дербес Юцюй мемлекетін құрған, Орталық жазықтағы қытай патшалықтардың дегбірін алған бұл *жұндар* да біртін-біртін күшейе бастаған қытай мемлекеттілігінің үстем үдерістеріне жеңіле бастаған болатын. Көне деректерде ол жұндардың сол дәуірде әлденеше бөліктерге тармақталғаны, мекендеген аймақтарына қарай әртүрлі атаулармен таңбаланғаны айтылады. Мәселен, И және Ло өзендері алабында қоныстанғандары – И және Ло жұндары, Лишаң тауы аймағындағылары – лижүн, батыстағылары – шижүн, таулықтары – шәнжүн, батыстағылары – бэйжүн, т. с. с. нешеме аттарға ие болып, шілдің қиындай шашыраңқы қалға ұшырапты.

Дегенмен *дилер мен жұндардың* батыс пен теріскей жақты мекен еткен «солтүстікшептік» біртекті қабырғалы қауымдары мұндай жұтылуға көп ұрына қоймаған еді. Ж. с. д. YIII ғасырдан бастап қуаты арта түскен Қытайдың екпінінен ығыса, теріскейде ұйысқан олардың қалың бөлігі, біртін-біртін Ордос аймағынан Шығыс Түркістан арқылы Қазақ даласына, Алтайға; Құбы шөлейті арқылы Байкөлге қарай жылжуы барысында, жол-жөнекей өздері тектес жұрттармен араласа отырып, сақ мәдениетінің жарқын үрдістерін түзуге атсалысты, арғытүркітерді білдіретін – *динлиң (теле)* халқына айналды. Археологиялық тұрғыда, олардың Орталық және Шығыс Моңғол даласын мекендеген тайпаларына – *тақта тас қабірлері* (плиточные могилы) мәдениеті, қазақ



жерінде ірге тепкен қауымдарына – *тасмола* мәдениеті сәйкес келеді деп есептелінеді [232, 98; 262, 411-418].

Батыстық және кембридждік дереккөздерде *жұң (jung), гуйфаң (guifang), ди (di)* айтылымында қалыптасқан [239] жұрттардың арғытүркілер ретінде бағамдалатын этнотектік аспектілерін соңғы синологиялық зерттеулер де жоққа шығармайды. Бұл тұрғыда, әсіресе өзбекстандық ғалым Аблат Хожаевтың Өзбекстан Ғылым академиясының Шығыстану институты тарапынан шығарған «Көне түркілер тарихынан (көнеқытайлық түпнұсқалық деректер)» [263] атты монографиясынан қыруар мәліметке жолығуға болады. Қытайдағы елшілікте көп жыл жұмыс істеп, көне иероглифтерінің білікті маманы ретінде танылған А. Хожаев, осы елдің ежелгі тарихына қатысты дереккөздерді қайта сараптаудан өткізген жаңа анықтамалық энциклопедиялар мен зерттеулерді молынан пайдалана отырып, арғытүркілік этнонимдерді *соны қырынан* тыңғылықты түрде талдайды. Автор Қытайдың билеуші әулеттерінің ежелден бергі тарихы жинақталған 24 томнан тұратын «Эршисы ши» (24 тарих) басылымынан басқа да кейінгі отыз жыл шамасында ҚХР мен Тайванда жарық көрген іргелі зерттеулерді, 1986-1991 жылдары басылған 8 томдық «Ханьюй дацзыдаянь» (Үлкен иероглифтік сөздікті), 1986 жылғы «Ханьцзы гуинь шоуцэ» (Қытай иероглифтерінің көне айтылым анықтамалығы) секілді құнды дереккөздерді, Сы ма Чианның (Сыма Цян) әйгілі «Тарихи жазбаларына» (Ши-зи) еңбеген мәліметтерді кеңінен пайдаланып, оларды көне түпнұсқалардан оқи алуының арқасында оқырманды көп жайға қанықтырады. 1994 жылы жарық көрген «Чжунго миңцзу ши» (ҚХР халықтарының тарихы) атты 1054 беттен тұратын зор еңбекте де «Шы-зиден» көп ғасыр бұрын хатқа түскен жазбалардан алынған деректер аса мол ұшырасады екен. Мәселен, оған ж. с. д. YIII-Y ғасырларда құрастырылған «Шаншу» (Тарихи жазбалар кітабы), Y-III ғасырларда хатқа түскен «Чжучу» (Бамбук кітаптар) атты көне жылнамалардағы ең ежелгі Ся (Ши), одан кейінгі Шаң, Жыу, Соғысушы патшалықтар замандарына қатысты кейінге дейін

көпшілікке мәлімсіз болған мәліметтер еніпті. Олардың арасында арғытүркілерге қатысты деректер де жетерлік.

Ол көне жазбалардағы біз жоғарыда тілге тиек еткен *жұндар* мен *дилер* туралы мәліметтер аса құнды. Орысша транскрипция бойынша *жун* (*жұң*) түрінде жазылып жүрген бұл этноним ежелгі дәуірлерде *riwet* (*ривем*, қазіргі оқылуында *rong* (роң 璽) – «салт аттылар» деген мағынаны білдіріп, ол Шиа (Ся) патшалығының батысында және шығысында жатқан жұрттарға қатысты қолданылыпты. Сол және одан кейінгі замандарда оларды *tiek* (тиек, ди) атауымен жеке қалпында, сондай-ақ *riwet-tiek* (*жұң-ди*), яки «салт атты дилер» түрінде қосарлап атау да орнығыпты. Соңыра жылнамашылар «салт аттылар» мағынасын білдіретін *riwet*, *rong* (ривем, роң) сөзін тек батыстағы жұрттардың атауы ретінде ғана белгілеуге ауысып, оларды *ривем* (*жұң*), теріскейдегі жұрттарды *tiek* (тиек, ди), деп жіктеуге көшіпті. Сол үдерістер барысында түбі туыс екі этнонимді *riwet-tiek* (*tiek-riwet*, *di-rong*, *жұң-ди*) түрлерінде қосарлап бірге айту дәстүрі орнығыпты. Бұл ретте еуропалық ресми тарихтың өзінде арғытүркілер ретінде тұспалданатын *ди* (тиек) терминінің, көне қытай деректемелерінде *түрк* сөзінің баламасы ретінде мойындалатынына да назар аудару ләзім. Сонда жоғарыдағы *riwet-tiek* сөзі – «салт атты түркілер» дегенді білдіреді, дейді автор [263, 47-48, 241-242].

Өзінің жазылу пішімі бойынша «*тиек*» (狄) иероглифі екі бөліктен құралып, біріншісі – жануар, екіншісі – от деген мағынаны білдіреді екен. Ежелгі ұғымда бұл екеуі де күш пен қайратты көрсетеді. Сол себепті де көп халықтардың ата-бабалары от пен қуатты жануарларға тәу еткен. Ж. с. д. XI-II ғасырлар аралығындағы көне иероглифтерге түсініктеме берілген «Эрья» жинағында да *тиек* сөзінің ұғымы әу баста, күш-қуаттың символы бұқа кейпінде белгіленгені айтылады. Көне жазба ескерткіштерінің білікті маманы Ван Говей (Гуан Тан, 1877-1927 ж.) де кезінде «*ди*» иероглифінің әу баста «күш», «қуат» деген мағынаны бергенін жазып кетіпті [263, 27-31]. Орталық Азия малшыларының мифологиясында неолит заманының өзінде жануарлар арасындағы ең айбарлы да қуатты жануар ретінде

бұқаға ерекше мән беріліп, бұл ай мүйізділердің петроглифтерде әртүрлі пішінде кескінделгендігіне [263а, 99], сондай-ақ «Көне түрк сөздігіндегі» *türük, türk* сөзінің «күшті, қуатты» деген мағынаны білдіретініне [187, 599] қатысты дәйектерге назар аударар болсақ, олардың расында өзара сабақтасып жатқан ұғымдар екендігіне көз жеткізер едік.

Шаң дәуірінің (ж. с. д. 1324-1122 ж.) жауырыншылық жазбаларына *tiek* сөзінің сурет тектес (𠂇) иероглифпен түскенін, сондай-ақ ж. с. д. YIII-Y ғасырларда жазылған «Шаңшу» жинағында *bei-tiek* (бэй-тиек), яки *теріскей түрктер* мағынасында кездесетінін талдау арқылы, А. Хожаев арғытүрктердің (тиектердің) сонау Шиа әулеті заманынан (ж. с. д. XXI-XVIII ғ.) бастап, көне қытайлармен аралас-құралас болғанына және олардың солтүстігін жағын мекендегеніне тапжылтпас дәйектер келтіреді. Қытайдың белгілі зерттеушілері көне жазбаларда *тиек* (ди) этнонимдерінен бұрын да, *kwei* (куэй), *gui* (гуй) секілді ежелгі жұрт атауларының ұшырасатынын айтады. Бұл сөздердің соңына көне қытай ұғымындағы «ел, қоныс, иелік, үлкен жер, мемлекет» мағынасын білдіретін *fang* (фан) қосымшасының жалғануынан, олар біз жоғарыда атап өткен *kwei-fang, gui-fang* (гуйфан – гуй елі, куэй елі) этнонимі ретінде де белгілі. Дегенмен, ғалымдар осы *куэй, гуй* этностары *тиекке* (диге) тіптен бөтен емес, сол *тиек* иероглифі хатқа түскенге дейінгі арғытүрк жұрттарын білдіретін атауға жатады, деп есептейді. Осы ретте *куэй* этнонимінің иероглифтегі кескіні (𠂇) күн мен жердің бейнесін шырамыттыратынына қарап, одан Тәңірі мен Күнді (*куэй – күн*) рәміз тұтатын арғытүрктердің тағы бір белгісін пайымдауға болады, дейді өзбектің синолог ғалымы [263, 35-46, 169].

Сонымен, көне қытай түпнұсқаларын сараптаған кейінгі жылдардағы зерттеулер қола дәуірлік *куэй, гуй, тиек* (ди) атауларын *түрк* сөзінің арғы баламасы ретінде тауып отыр. Оған қоса *жұң* (*jung*), яки, қытай деректеріндегі «салт аттылар» – *riwem, rong* (ривем, роң) жұрттарының *тиек* (ди) этнонимімен сабақтастығы, бұдан үш мың жылдай бұрынғы қытай

жазбаларында олардың *tiek-riwem, riwem-tiek, di-rong* (тиек-ривем, ривем-тиек, ди-роң) түрінде қосарлана аталғанының өзі де, бұл салт аттылардың (*ривем-жұңдардың*) арғытүркітер екендігінің даусыз дәйегі ретінде алға тартылады. Бұл ретте *rong* (роң, жұң) иероглифінің сондай-ақ «қару-жарақ, қарулы салт аттылар, әскери арбалылар, батыс адамдары» мағыналарын беретіндігіне де назар аудара отырып, қытайша *тиек-ривем, ривем-тиек, ди-роң* этнонимдерін «түрк салт аттылары, салт атты түркітер, батыс түркітері» деп ұғынудың да, сірә, қате еместігіне көз жеткізуге болатыны бағамдалады [263, 47-56, 137-138].

Осы ретте, қытай дереккөздерінде ұшырасатын *hu* (hu) этнониміне қатысты мәліметтер де құнды дер едік. Оның бір нұсқасы әдетте ж. с. д. III ғасырға дейінгі дәуірлерде Қытайдың теріскейі мен батысындағы жұрттарды жалпылама атау үшін де қолданылған. Олар туралы жоғарыда көрсетілген «Анықтамалықта» да: «Ху – ежелгі Қытайдың батыс терістігіндегі халықтардың жалпы атауы. Чиң және Хань патшалықтары кезінде бұл атаумен көбінесе сиуннуларды атаған. Жалпылық мағынада «шетелдікі» деген түсінікте қолданылады» [251, 13], деген анық дәйектеме берілген. Көрнекті түрік тарихшысы Б. Өгел де *ху* мен *хұнды* (сиуннуды) бір халық деп есептейді. Ол *ху* сөзі әу баста *хұн* немесе *хиунну* тайпа аттарының басқаша бір жазылуы еді, тек, уақыт өте келе, қытайлықтар бұл сөзді өзге де жат тайпалар үшін де қолдана бастады. Қытайдың батысы мен терістігін жайлаған бұл тайпалар әуелде *жұң* және *ди* сияқты жалпылама атпен аталатын. Солардың бір тобы кейіннен *хұн* деп аталатын болды, деген тұжырымға ден қояды [250, 24, 58]. *Ху, хұн (сиунну)* атауының тарихи деректерден белсенді түрде көрінуі ж. с. д. V-VI ғасырларға сәйкеседі [265]. Мұны бір жағынан, соның алдындағы ғасырларда қытай патшалықтарының солтүстікшептік түздіктерге қарсы шабуылдарының күшеюі нәтижесінде, *жұң* мен *ди* жұрттарының жеңілістерге ұшырап, тарихи аренадан ығысуына байланысты, бір кездерде өздеріне тізе батырған халықтардың аттарын жадыдан жою үшін, оларды ендігі дереккөздерде басқаша атай бастағанының белгісі ретінде пайымдауға да болады.

Өйткені «ху» сөзінің бір мағынасы – кемсіту түрінде айтылатын «жабайылар» дегенді білдіретіні белгілі [264, 10].

А. Хожаевтің монографиясындағы назар аударарлық бір дәйек те осы ху терминінің *hu* нұсқасына қатысты тарқатылады. Ол ежелгі жазбаларға *ju*, *ja* естілімінде түсіпті. Соған орай, соңғы кездерде осы *hu*- 胡 иероглифі қытай зерттеушілері тарапынан өзге тілден енген «ғұз» сөзінің транскрипциясы ретінде танылып отыр. Олар мекендеген аймақ көне қытайлықтардың айтылымында *ngeuzie* (нгузие, нгузие) деп жазылыпты. Қытай тілінде «р» сияқты «ғ» (ǰ) дыбысы да жоқ. Соған орай, осы *nгузие* сөзін, «ғұз жері» тіркесінің қытайлық транскрипциясы деуге әбден келеді. Оның алғашқы бөлігі – «ғұз» этнонимі қытай деректеріне түскен арғытүрк сөзіне саяды. Қытай жазбаларында ол замандардан кейінірек кездерде «ру», «тайпа» ұғымдарының «зие», «цие» иероглифтері түрінде берілуі де (қазіргі оқылымында «чжи») кездейсоқтық емес [263, 126-131]. Ол көне түрк тілінде *ру*, *тайпа* ұғымдарын білдіретін *ғұз*, *оғұз* сөздерінің [187, 365] қытай тіліне бұдан үш мыңдай жыл бұрын ауысқан баламаларына саяды. Мұны скиф этнонимінің төркінін ассириялық *аш-ғұз*, *ши-ғұз* нұсқаларында бар «ғұз» сөзінен тарқатып, сол тұрғыда іргелі зертеулер жасап жүрген ғалымдардың, мәселен, эзербайжандық З. Гасановтың тыңғылықты еңбектеріне [43, 117-130, 284-288] қуатты қолдау жасайтын дереккөз ретінде де бағамдасақ ләзім. Яки, *ғұз* этнонимінің көне қытай деректеріндегі «*hu*», «*nгузие*», «*зие*» терминдері түзілімінен табылған бұл тапжылтпас дәйек, зерттеушілерді көптен семантикасы ашылмай келе «скиф» («іш-ғұз») этнонимінің де түпкі құпиясын қаймықпай барлауға, оның арғытүрктерге қатыстылығына қатысты біршама ілкімді ізденістерге бастары анық.

\* \* \*

Көне қытай деректерінде қытайдың батыс пен теріскей жағын, яки «Солтүстік шепті» Шаң дәуірінің арғы-бергі кезеңдерінен мекен еткен осы *ривем-тиек* (жұң-ди), *ху* (ғұз) тектес халықтардың тіршілік салтының қытай тарихы атасы Сы-ма Чиэннің «Тарихи

жазбаларында» сипатталғанына қарап-ақ, олардың жалпыеуразиялық дала жұрттарына тән ортақ үрдісте өмір сүргенін байқау қиын емес. Атақты қытай тарихшысы Шаң дәуіріне дейінгі Таң және Юй әулеттері замандарының өздерінде бұл түздіктердің арғы тегі: «...Терістік шепте өздерінің малын бағып, жайылымнан жайылымға көшіп жүретін. Үй жануарлары ішінде, әсіресе, жылқы, сиыр және қой түлігі көп, шамалы түрде түйе, есек, қашыр, бәкене жылқы және тарпаң ұшырасады. Олар үнемі суының тұнығына, жайылымның сонысына қарай бір жерден екінші жерге қоныс аударып отырады. Отырықшылыққа көшіп қала салмайды, егіншілікпен айналыспайды. Жазу-сызуы жоқ, ел билеушілерінің жарлықтары ауызша таратылады. Ойынға жараған баласы садақпен аң, құс атып жаттықса, одан үлкендері түлкі мен қоян аулап, оның жеуге жарайтындарын азық қылады. Ал садақ тартуды жетік меңгергендердің бәрі сауыт құрған атты әскер қатарына кіреді. ...Қажет болғанда әрқайсысы әскери жаттығулар жасап, алдағы болатын жаңа шабуылдарға дайындалады. Бұл олардың қанға сіңген үйреншікті дағдысы. Олардың алысқа пайдаланатын қаруы – жебелі садақ та, жақынға жұмсар қаруы – қылыш пен найза. ...Киім-кешектері жүннен тоқылады, түкті теріден тігіледі...» [240, 34-35; 264, 24-25; 52, 289-290], – деген сипаттама береді.

Осы айтылғандарды арада талай уақыт ғасыр өткеннен кейінгі, ж. с. д. 2 ғасырда Хүн билеушісі Лиджу Лаушанның қасында жүріп, оның адал кеңесшісіне айналған қытайлық оқымысты Жүншин Иөнің Орталық мемлекеттің патша сарайынан келген елшіге хұндар салтын ұғындырған сөзімен салыстырар болсақ, көп өзгешелік байқала да қоймайды. «Хұндар үнемі малдың егін жеп, сүтін ішеді, терісі мен жүнін киім қылады, – депті Иө. – Ал мал болса жайылым жағдайына қарай бір жерден екінші жерге көшіп жүреді. Хұндар қуаңшылық жылдары оған қоса аң аулап, ат үстінен садақ тартып жаттығады, ал шаруашылыққа жайлы жылдары ойын-тойға ерік беріп, ештемені де ойламайды. Олардың заңдары да орындауға жеңіл. Олардың патшалары әкімдерімен

терезесі тең адамдай сөйлеседі, мемлекетті бәрі бір адамдай басқарады...» [240, 45-46; 264, 44-45], – деп ұғындырыпты.

Сенімді көне қытай дереккөздерінің арқасында белгілі болып отырған бұл тіршілік салттарының Қытайдың «терістік шебінде жайылымнан жайылымға көшіп жүретін» қауымдарына ғана емес, Ұлы Дала аумағындағы күллі түз жұрттарына да ежелден тән болғандығы анық. Мал өсірудің әдіс-тәсілдерін жан-жақты меңгерудің арқасында, Орталық Азияның байтақ кеңістігіне нешеме мәдениеттер мен дәстүрлерді орнықтырған олардың, бір-біріне этникалық жағынан үндестігі, ғұрып-жораларының өзара тектестігі мен сабақтастығы археологиялық түзілімдер дәйегі арқылы да пайымдалады.

Мәселен, зерттеушілердің нақтылауынша, Сарыөзен алабын жайлаған түздік жұрттарға тән «мүрдені шалқалата ұзынынан жатқызып, бастарын теріскей-батыс пен теріскей-шығысқа беріп жерлеу ғұрпы, Солтүстік Қытай аймағындағы әртүрлі мәдениеттерде неолит заманынан бері кездеседі екен» [265; 266, 391-392]. Дәл осындай жерлеу жорасының Орталық Азияның батыс қапталындағы аймақтарда да неолит дәуірі қорымдарынан ұшырасқаны мәлім. Мәйіттерді шалқалатып, бастарын теріскей-шығысқа бағыттап жерлеу – Төменгі Еділ алабындағы неолиттік *самара*, далалық өңірлермен тығыз қарым-қатынаста болған қос өзен аумағындағы *келтеминар*, Торғай иініндегі энеолиттік (*ботаймен* біраз үндестігі бар) *терсек* мәдениеттерінің де негізгі археологиялық белгілерінің қатарында саналады [155; 267, 70, 104; 268, 151; 268а, 192]. Арал теңізінің күнгейіндегі Сарықамыс атырауы (Түмек-кішілік қабірі) мен Еділдегі Съезжая неолиттік қонысынан, сондай-ақ Терсек-Қарағай тұрағынан табылған (терсекте кейде басын теріскей-шығысқа қаратқан мәйіттер де бар [268а, 192]), үстеріне *жоса* себілген адам қаңқаларының жайғасуында кездескен бұл нышандардың сәл ғана өзгертілген, яки шалқасынан жатқызылған мәйітті тізесін бүгіп қою ғұрпы, энеолиттік *көнешұңқыр*, *афанасьев* мәдениеттерінде де көрініс берді [118, 77; 49, 39; 146; 150, 329-331; 179]. Осы ретте, біз алдыңғы тарауларда *көнешұңқыр*, *афанасьев* мәдениеттерімен

қатар арғытүрк жұрттарына қатысы бар археологиялық түзілім ретінде бағамдаған қазақстандық *ботай* мәдениетінде де мүрделердің шалқасынан жайғастырылып жерленгенін, тек басының оңтүстік-шығысқа қаратылғанын назар аударсақ та болады [124, 141]. Орыстың белгілі археологы Е. Е. Кузьминаның да қоныстарының төменгі қабаттарынан көнешұңқырлық, ботайлық, шортандылық нышандар бірсыпыра байқалатын *сынтасты* мәдениеті заманында «жерлеудің ежелгі түрі – шалқасынан жерлеу жорасының кәдімгідей ұшырасып тұрғанын» атап өтетіні бар [244, 52].

Орталық Азия аумағына қола дәуірінде андрондықтармен бірге мәйітті сол немесе оң қырынан жатқызып, басын батысқа, оңтүстік-батысқа беріп, аяқ-қолын бауырына жинап жерлеу жорасы ілесе келгенімен, бұрынғы жергілікті дәстүрлердің әрі қарай үзілмегенін *бегазы-дәндібай*, *қарасуқ* мәдениеттерінің бойынан да байқаймыз. Оларға қатысты қорымдарда осы екі үрдіс қатар көрініс беріпті. Беғазылық аумақта мүрделерді аяқ-қолын созып, шалқалата жатқызып жерлеу жалғасса да, бастарын андрондықтар сияқты *батыс*, *оңтүстік-батысқа* немесе *теріскейге* қаратып қойыпты. Осы ретте Егізек, Саңғыру мен Айшырақ кесенелерінде мәйіт басының теріскейге қаратылып, көнешұңқырлықтар мен афанасьевтіктер секілді тізесін бүге шалқалата жатқызған жерлеу жорасының ұшырасқаны да назар аудартады [143, 27-29, 40-41, 46, 51, 55, 78, 135]. Оны бір жағынан, түпкітүрктік *R1b* гаплоготпы көнешұңқырлық, афанасьевтік жұрттар ұрпақтарының немесе немесе олардан қалған жерлеу дәстүрлерінің, беделді археологтар (Марғұлан, Кузьмина) арғытүрк мәдениеті ретінде танып отырған [143, 19-21, 186, 130] *бегазы-дәндібай* кезеңінде көрініс беруі деп қабылдасақ та болады.

Беғазылықтарға этникалық тегі жақын деп есептелетін *қарасуқ* мәдениетінде мәйітті ұзынынан шалқалата жайғастыру (кейде қырынан жатқызу), көнешұңқырлықтар секілді бастарын теріскей-шығысқа қаратып (*терсек* мәдениеті мен хуанхылық түздіктерде де осылай) *жерлеу* жорасы басым байқалыпты [256, 180]. Яки, Еділ мен Хинган аралығындағы далалық кеңістікте мекен еткен



байырғы түз жұрттарының неолиттен темір дәуіріне дейін біртектес жерлеу жораларын ұстанғаны байқалады. Арилердің ж. с. д. II мыңжылдықтан бастап келуімен ол дәстүрге мәйітті сол немесе оң қырынан жатқызып, басын батысқа, оңтүстік-батысқа беріп, аяқ-қолын бауырына жинап жайғастыру, сондай-ақ мүрдені өртеп, күлін көму ғұрпы араласқанымен, орталықазиялық автохтон жұрттар (арғытүркітер) басым қоныстанған Сарыарқа, Қарасук, Шығыс Түркістан, Ордос сияқты бірсыпыра аймақтарда мәйіттерді *аяқтарын созып шалқасынан жатқызып жерлеудің* ежелгі үрдісі көп өзгеріске ұшырай қоймады. Ол темір дәуірінде (ж. с. д. YIII-III ғ.) қазақ жерін мекен еткен тасмолалық тайпаларға, сақтарға, хұндарға ауысты [223, 11-63; 266, 395-396].

Қытайдың «Солтүстік шеп» аумағындағы археологиялық ескерткіштерді саралаған еңбектерде қола дәуірінде де осы аймақтарда негізгі жерлеу жорасы ретінде танылған: қабірді бір адамға арнап қазу, мүрдені шалқасынан жайғастырып, басын теріскей немесе шығысқа беру<sup>26</sup>, моланың төр жағына ыдыстар мен жылқының бассүйегін, мал терісімен бірге көму дәстүрінің еш өзгеріссіз, ж. с. д. YI-Y ғасырларда да жалғасқанына мән беріледі. Кіндік Жазықтың батысында орналасқан Сияң қаласының оңтүстігіндегі, Батыс Жыу заманына (ж. с. д. XI-IX ғ.) тән Шаолинюаң қорымындағы жерлеу жоралары, одан 900 шақырымдай теріскей-батыста жатқан Бейжің маңындағы ж. с. д. YI ғасырдың алғашқы жартысына жататын Юйхуанмяо қабіріндегі дәстүрлермен ұқсас болып шығыпты. Аталған екі қорымдағы мүрдені арқасымен жайғастыру, малдың басы мен ыдыстарды қоса көму салты ғана емес, молаларға қойылған жебе ұштары, қанжар, пышақ, тоға, сырға, алқа сияқты заттарда да көп

---

<sup>26</sup> Бұл екі бағыт та солтүстікті, түздіктер қалың мекендеген жақты кие тұтудан туындаған. Басты теріскейге, аяқты күнгеіге беру, оңтүстік жақта түздіктер үшін тиімсіз тіршілік салты бар аймақ орналасқанын байқатады. Екіншісіндегі бастың жаңа күн туып, өмір басталатын шығыс бетке, аяқтың күннің жарығы сөніп, қараңғылық туатын «өлілер патшалығы» – батысқа қарай бағытталуы кезінде де, оң қол киелі теріскей бет жақта жатады.

өзгеріс жоқ. Ол үндестіктер Бейжіңнен 300 шақырымдай батыста (Ордостың теріскей-шығысында) орналасқан ж. с. д. V-VI ғасырларға жататын Маоцингоу қабіріне де тән екен. Бұл жерлеу жоралары Маоцингоудан оңтүстік-батысқа қарай 300 шақырымдай жердегі (Ордостың теріскейі) Таохунбала (ж. с. д. V-III ғ.) мен содан 350 шақырымдай күнгедей орналасқан (Ордостың оңтүстік-батысы) *янлан* мәдениеті (ж. с. д. VI-V) қабірлерінде де қайталаныпты. Тек Янланның өзіне тән өзгешеліктері: оның қабірлерінде жылқының, сиырдың, қойдың бассүйегі төрде емес, мүрденің аяқ жағына немесе мәйіт жатқан қабірге кіреберіс ретінде қазылған шұңқырға жайғастырылады. Дәл осы кіреберістік шұңқыр қазу, *янлан* мәдениетінің өзіне тән ерекшелігіне саяды. Сондай-ақ оларда молаға ыдыстарды қою ғұрпы болмапты. Қытай археологтары осы сипаттарды сараптай келе, *янланды* – жұң, *маоцингоуды* – ди тайпалары қалдырған мәдениеттер деп тауыпты [266; 269].

Бұл дәйектердің барлығы да ежелден императорлық дәуірге дейінгі Қытайдың «Солтүстік шебін» жайлап, Ордос пен оның төңірегін құтты қонысқа айналдырған, Шаң өркениетінің ірге көтеруіне өз үлестерін қосқан, түп-тегі жалпы орталықазиялық түздіктермен тығыз байланыста қаралатын жұрттардың [239], сонау замандардан ұласқан мәдениеттер мен дәстүрлер сабақтастығының айқын айғақтарына саяды. Ол сабақтастықты жоғарыда тілге тиек етілген қаншама археологиялық үндестіктер мен ДНҚ-генеалогиялық мәліметтер ғана емес, тілдік-лингвистикалық қаузауларға қатысты мысалдар да қуаттайды. Осы ретте әлгінде еңбектері аталып өткен кембридждік (АҚШ, Гарвард университеті) ғалымдардың «Шаң әулетінің негізін солтүстік пен батыстан келген көшпелі қауымдар қалады» деп тұжырымдай отырып, одан кейінгі Жыу (Zhou) дәуірі туралы «Жыу жұрты Орталық Азиядан келіп, Шаң әулетінің бағынышты болған **түрк тілді** халық еді. Олар ж. с. д. 12 ғасырдың соңында билікті тартып алып, ж. с. д. 3 ғасырға дейін патшалық құрды» [270], деп ашық жазып жүргенін еске алсақ орынды болады.

Ғылымда жазба дерекке ең алғаш түскен *қыңрақ* түріндегі түрк сөзі де дәстүрлі тарихнама бойынша осы Жыу әулетінің Шаң патшалығын тақтан тайдырған ж. с. д. 1122 жылға сәйкес келеді. Ол туралы мәлімет Фан Сюаньлиннің «Цзиң шу» (Цзиң әулеті тарихы) шығармасының 103-тарауында айтылады. Онда: «Чжоу-сиң патша бастаған Шаң әскерін тас-талқан етіп жеңгеннен кейін Жыу әулетінің негізін қалаушы У-ван астанаға кіріп, бұрынғы бодандарына берілгеннен гөрі өзін-өзі отқа лақтырып өлгенді жөн көрген Чжоу-сиңнің мүрдесі жатқан жерге келді. Ол жауының мәйітіне үш жебе атқан соң, арбасынан түсіп, өліктің денесіне *қыңрағын* сұқты, жасыл айбалтамен Чжоу-сиңнің басын кесіп алды», деген жолдар бар. Осындағы *қыңрақ* сөзі қытайлық шығармада «*цинлу*» деп жазылып, «жеңіл қылыш» мағынасында ұғындырылады. Оның түрк сөзінен сіңген атау екенін ең алғаш әйгілі неміс-американ синологы Фр. Хирт (1845-1927) анықтаған еді. Ғалым бұл сөздің тілдік тегін қаузау барысында, оның қытайшаға «қынғлу» естілімінде ауысқан, қытай тілінде жоқ «*p*» әрпі қосылып қалпына келтіргеннен кейін, түпнұсқалық «*қыңра(қ)*» атауы шығатын термин екенін тауып, оның түрк тілдерінде «қос жүзді қылыш, қанжар» мағынасында әлі де қолданылатынын нақтылады. Сөйтіп, оны ж.с.д. XII ғасырдың өзінде жазба ескерткіште таңбаланған ең ежелгі түрк сөзі ретінде дәлелдеді [271, 112, 211].

Махмұт Қашқаридың «Түрк сөздігінде» «Қыңрақ – ет, не қамыр кесетін өткір, үлкен пышақ» [272, 510], «Көнетүрк сөздігінде» «Qinraq – қос жүзді селебе пышақ» [187, 445], деген түсініктемелері берілген бұл термин белгілі зерттеуші А.В. Дыбо ханымның «Арғытүрктердің лингвистикалық байланыстары» атты тыңғылықты еңбегінде де түркшеден қытай тіліне енген ежелгі атаулар қатарында аталады. Ол «Түрк тілінің этимологиялық сөздігінде» «қыңрақ» сөзінің тыба мен алтайша «теріні қыратын пышақ», хақасша «қылыш», қырғызша «қос жүзді селебе», ұйғырша «үлкен пышақ» мағыналарын білдіретіндігі көрсетілгеніне [273, 221] сүйене отырып, бұл атаудың қытай транскрипциясында *kēnh-rāh* түрінде оқылатын ежелгі түрк сөзі

екенін пысықтады. Осы *қыңрақтан* «екі жүзді жеңіл қылыш, селебе<sup>27</sup>» мағынасындағы қазақтың *қанжар*, монғол-халқаның *хангар*, парсы, түріктің *хандзәр* атаулары туындағанын дәйектеді [5, 84-85, 114].

Бұл орайда сақ-сармат тайпалары заманында пайдаланылып, көне грек жазылымымен танымал болған *ἀκινάκης* (*ақинақ*) сөзінің дыбыстық, лексикалық түп-төркіні де осы – арғытүрктік *қыңрақтан* шыққанын байқамау мүмкін емес және ол ғалымдар тарапынан мойындалған ақиқаттардың бірі [274, 989]. *Ақинақтың* қазақтағы *қанжар* сөзіне сәйкестігі – белгілі қазақ суретшісі Қ. Ахметжанның дала батырларының қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері туралы ғылыми дерегі мығым «Жараған темір кигендер» атты құнды кітабы мен осы аядағы зерттеулерінде де «ақинақ қоладан құйылған, балдағы аң, жануар бейнесімен әшекейленген, ұзындығы 40-50 сантиметрлік екі жүзді тұзу қанжар немесе қысқа семсер» деген анықтаулар түрінде нақты дәлелденеді [276, 73; 56, 182; 276, 524]. Қоладан тұтас құйылып, сабының жетесі аңдар бейнесімен, әдетте жылқының, қойдың, бүркіттің немесе текенің басы кейпінде әшекейленген екі жүзді *қыңрақтардың-қанжарлардың* (қысқа қылыштар) Шаң дәуірінің ортаңғы мен соңғы кезеңдеріне (ж.с.д. 1400-1150 ж.) тән болғаны Гарвард университетінің ғалымдары жариялаған кембридждік тарихта да сол заманның басқа қаруларымен бірге суреттерімен қатар беріледі [239, 893-897]. Ерте сақ дәуірі (ж.с.д. IX-VIII ғ.) мәдениетіне жататын Алтайдағы Аржан-2 қорымынан табылған қанжар-ақинақтардың жасалу тәсілдері, бедерлеу үрдістерінің Батыс Жыу дәуіріндегі сол тектес қарулардағы өрнектермен үндесіп жатқанын петерборлық ғалым К. В. Чугуновтың пайымдауы да Ордос пен Алтайды мекендеген халықтардың ежелден ұласқан байланыстарынан айқын сыр аңғартады [277, 72-74].

---

<sup>27</sup> Селебе сөзіне – он бес томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінің» 13-томында «Ұшы қанжар сияқты, үлкен өткір қылыш (пышақ)» [275, 142] деген анықтама берілген.

Жоғарыда үзінді мәтіні назарға ұсынылған Сы-ма Чиэннің «Тарихи жазбаларындағы» хұндардың арғы бабаларының өмір салттары туралы сөз ететін баяндағы, олар өсірген үй жануарлары аталып өткен тұста «...әсіресе, жылқы, сиыр және қой түлігін өсіреді, шамалы түрде түйе, есек, *қашыр*, *аласа жылқы* және *тарпаң* ұшырасады», деген сөйлемдегі, соңғы үш мал атауы да арғытүркілерден қытай тіліне енген сөздер болып шықты. Қытай тілінде *kiwet-deii*, *dau-duo*, *tien-yiei* нұсқасында жазылған олар туралы Сы-ма Чиэн түсініктеме де бермейді. Тек саны көп емес малдар қатарына қосады. Швед синологы Б. Карлгрен (1889-1978) бұл иероглифтердің өзге тілдегі әуелгі түп-тегін қалпына келтіру барысында, олардың тиісінше *қуайти*, *таоту*, *тэхи* түрінде қытайшаға ауысқан байырғы түрк сөздері екенін анықтады. Бірінші сөз – «*қатыр*» (қашыр), екіншісі – шағатай өзбекшесінде, ұйғыршада бар «*тоти*» (пони), үшіншісі – «*тағы*» (керқұлан, тарпаң) дегенді білдіреді [240, 6, 117; 278, 29-30].



*Есік обасы.*  
«Алтын адамның» қыңрағы.

(Қазбадан табылғаны және  
жаңғыртпасы)

Бұл сөздердің түркілік төркіні күмәнсіз. М. Қашқари сөздігінде қашырдың «*қатыр*» деп айтылғаны [279, 420], өзбекшеде «*тоти*» атауының «пішіні кіші, пәс ат» мағынасын білдіретіндігі [280, 279], «*тағы*» сөзінің қазақ тілінде ежелден керқұлан, құлан, тарпаң сияқты қылқұйрық жануарлар (жабайы жылқылар) атауын біріктіргені мәлім. Қазақтың қария сөздеріндегі «Бұрқылдаған қак

көзі, суат болмас деменіз, жер тағысы керкұлан, жылқы болмас деменіз» [281] секілді шумақ пен Махамбеттің «Тар қамау» өлеңіндегі «тағыдай таңдап су ішкен, тарпаңдай тізесін бүгіп от жеген, тағы сынды ер едік...» [282, 50] деген буырқанысты жолдардағы «тағы» сөзі, кемінде үш мың жылдық тарихы бар сол терминнің нақ өзіне саяды.

Қытай деректеріндегі үй жануарларының арғытүрктік атаулары туралы Б. Карлгрен жасаған қайта қалпына келтірудің фонетикалық ізденістерін толығымен қуаттаған А. В. Дыбо *totu* (пони) сөзінің ежелгі қытай нұсқасында *Lhəw Lhā* (аласа ат) түрінде оқылуын қаузау арқылы, тағы бір арғытүрктік мағынасына мән береді. Оны екінші жағынан, арғытүрктік *\*ulala* сөзінен жалпытүрктік *alaša* (алаша) сөзіне ауысқан термин ретінде де бағамдайды [5, 89; 283, 473-482]. «Түрк тілдерінің этимологиялық сөздігінде» біраз тілдерде «аласа», «алаша» (бәкене) мағынасын білдіретін бұл сөздің, чуваш тілінде – «лаша» (ат, жылқы) ұғымын беретіндігіне, содан орысша «лошадь» атауының шыққандығына (Фасмер) қатысты тұжырымды [188, 36-37] әрі қарай дамыту арқылы, А. В. Дыбо «алашаның» фонетикалық түрленуінің қырсырына бойлап, «арғытүрктік *\*ulala id* (аласа ат) нұсқасындағы *\*i* әрпінің анлауттағы көмескіленуі әсерінен: чувашшада «ат» мағынасына сәйкесетін *laža* (лошадь) сөзі туындағанын» дәйектейді [3, 181; 5, 89]. Т. В. Гамкрелидзе мен В. В. Иванов та өз еңбектерінде орысша «лошадь» сөзінің түрктің (*a*)*laža* атауынан шыққанын атап көрсетеді [39, II т. 556].

Шаң, Жыу дәуірлеріне қатысты дереккөздерде ұшырасатын жоғарыда көрсетілген күмәнсіз арғытүрктік сөздерді саралау барысында, түрк тілдерінің қола, темір замандарында Орталық Азияда кеңінен қолданыста болған басты тілдердің бірі болғандығына көз жеткізу қиын емес. Ендеше бұл – «осы аумақты көбіне-көп аритілді халықтар мекендеді», деген тұрғыда қалыптасқан бұрынғы тым еурокіндікшілденген, ресмиленген көзқарастың шикілеу тұстарын да ашып көрсететін елеулі айғаққа жатады. Яки, осы монографияда әуелден ғылыми дәйектермен тілге тиек етіліп отырған, далалық аумақтағы мал өсіруге бейім

жұрттардың басым бөлігі – арғытүркілер еді, Қара теңіздің теріскейінен Хинган тауларына дейінгі байтақ аумақта ежелден ғұмыр кешкен көнешұңқырлық, ботайлық, афанасьевтік қауымдардың ұрпақтары боп келетін олар, тегі, тілі бөлек әртүрлі халықтармен де араласа-құраласа, кейде қақтығыса-қаржаса жүріп қатар өмір сүрді. Солардың бірі Орталық Азияға ж.с.д. 2000 жылдан бастап Еділ жақтан ене бастаған арилер еді, олардың көші-қон үдерісімен болашақта үндіеуропа тілі деп жіктелер топқа кіретін ілкіүндіран тілі де бұл аймақтарға жеткенімен, байырғы автохтан жұрттарға тән арғытүркі, арғыорал тілдері жойылып кеткен жоқ, бұрынғыдай қолданыста жүре берді, кей тұстарда, бәлкім билингвизм орын алды, деген ұстанымның салмағы арта түсері анық.

Арғытүркілік бірсыпыра сөздердің ежелгі қытай дереккөздерінде айқын көрініс беруі мен Шан, Жыу дәуірлеріндегі негізінен арғытүркілерге қатысты археологиялық сипаттардың өзара үндесіп жатуы – аса құнды әрі ерекше назар аударуға лайық дәйек. Жоғарыда біз олардың біразының *бегазы-дәндібай, қарасуқ* мәдениеттері нышандарымен үйлесім табатын тұстарына да ретіне қарай шамалылап көңіл бұрыңқырап отырдық. Қытайдың «Солтүстік шебі», Ордос пен Хуанхы алабын жайлаған бұл жұрттардың тек сол өңірлерде томаға-тұйық оқшау ғұмыр кешкен қауымдар емес, күллі орталықазиялық аумақпен тіршілік үрдістері ұқсас, бір-бірімен ықпалдасқан, батыс-теріскей қапталы қазақ даласымен, Сыр, Әму алаптарымен, Алтай, Саянмен жалғасып жатқан біртұтас этностық құрылымдар ретінде бағамдайтын зерттеулерге мән бере қарадық. Бұл ретте белгілі орыс ғалымы И. В. Пьянковтың *жұндар мен тұрлардың* бегазылық төркініне қатысты пайымдаулары біраз мәселені қаузауға түрткі болды дей аламыз. Ол шын мәнінде, академиялық археология ғылымы тарапынан қола дәуірдің бір-бірімен өзектес: орталықеуразиялық *бегазы-дәндібай*, Сырдария аяғындағы *түгіскен*, Енисейдегі *қарасуқ* мәдениеттерінің арғытүркілік тұрғыда дәйектелуін [186, 130] де мейлінше қуаттайтын ұстанымға саятын. Яки, сол мәдениеттерге тән түзілімдердің Хуанхы, Ордос аумағындағы

үндес нышандармен сабақтастығы қай тұрғыда ұласқанын зерделеу мәселесіне назар аударудың да жөні бөлек мұндайда.

Енді сөз желісін қола, темір дәуірлерінде Қазақ даласы мен Ордос арасын жалғап жатқан сол археологиялық, этнотектік сілемдерге қарай бұралық.

## **5. ОРТАЛЫҚЕУРАЗИЯЛЫҚ БЕҒАЗЫ-ДӘНДІБАЙ МӘДЕНИЕТІ ФЕНОМЕНІНІҢ АРҒЫТҮРКТІК СИПАТТАРЫ**

Бұл орайда да мәселенің мәнісіне бойлаудың әлқиссасы, жоғарыда ауық-ауық қаперге алынып, Орталық Азиядағы арғытүрктік мәдениеттің бір кіндігі ретінде ескерілумен отырған *беғазы-дәндібай* мәдениеті<sup>28</sup> төңірегінен басталып өрбір еді. Беғазы-дәндібай мәдениетінің аясына әуелі: батысы – Ұлытау, шығысы – Абыралы, Шыңғыс таулары, оңтүстігі – Балқаш көлі, Сарысу, Тоқырау алаптары, теріскейі – Нұра аралығын қамтыған Сарыарқаның күйқалы аймақтары кіреді, деп есептелетін. Осы өңірлерде қазақ халқы *«алыптың орны»* немесе *«мықтың үйі»* деп атайтын, қола дәуірде жоғары лауазымды билеушілерге арналып қақпақ тастардан тұрғызылған Беғазы, Бұғылы, Ақсу-Аюлы, Саңғыру, Айбас дарасы, Дәндібай секілді зәулім қорымдар мен қоныстардың шоғырлануына байланысты, ол бірталай уақыт тек қазақ жерінің орталығына қатысты мәдениет ретінде танылып келген болатын [143]. Әйтсе де кейінгі жылдардағы жаңа зерттеулер нәтижесінде, оның кең ауқымдылығы айқындалып, *беғазы-дәндібай мәдениеті* – Каспийдің шығысынан Алтай баурайларына (оған Моңғол Алтайы да қосылады. *Автор*) дейін созылған байтақ Орталық Еуразия даласында ж. с. д. ХІҮ-ІХ ғасырлар аралығында өркен жайған біртұтас этномәдени аумақ ретінде дәлелденді [284, 210-240].

---

<sup>28</sup> Орталық Қазақстанның Қаратал (Беғазы) өзені бойындағы және осы облыстың Абай ауданына қарасты Дәндібай ауылы маңындағы ескерткіш кешендерді зерттеу барысында қазақтың атақты академигі Ө. Марғұлан айналымға енгізген атау [143].



Қазақ зерттеушілері бұл мәдениетті әуелден-ақ соңғы андрон мәдениеті заманына (ж. с. д. XIII-XI ғ.) тән дәстүрлер ауқымында өркен жайса да, кей үлгілері оған ұқсаңқырай бермейтін, тұрпаты ерекше зират тамдары, андрондықтарға тән емес өзгеше жерлеу жоралары (тізелері бүгілген қаңқалармен қатар, мәйіттерді аяқтарын созып, шалқасынан жатқызу үрдісі), өзіндік шаруашылық түрлері, жатаған, домалақ ыдыстар жасау дәстүрімен ерекшеленетін бөлекшелеу түзілім ретінде бағамдады. Беғазылықтардың өздерін билеген жоғары әміршілеріне арнап шомбал қақпақ тастардан тұрғызған зор кесенелері – күрделі сәулет ескерткіштері іспетті еді. Ғалымдар олардың көбінің дөңгелек, төртбұрыш түрінде боп келетінін, ғимараттардың үсті қақпақ тастармен немесе жуан бөренелермен сатылы (пирамидалы) әдіспен жабылып, мәйіт ортадағы үлкен тас жәшіктерде жерленгенін анықтады. Мүрделердің жандарына қару-жарак, әшекей бұйымдар қойылған.

Беғазы-дәндібай мәдениетінің (ары қарай БДМ) алғашқы кезеңінің өзінде-ақ үлкен кесенелер салу үрдісі қалыптасқаны байқалады. Солардың қатарына Қарағанды облысы Шет ауданындағы Ақсу-Аюлы қорымдар кешені енеді. Қазғанға дейінгі диаметрі 30 м., биіктігі 1,8 м. болған, іргесін қақпақ тастармен қырынан көміп бекіткен зор үйікті аршу кезінде, оның ішінен тағы да екі қабатты қоршау мен үлкен қабір шығыпты. Көлемі 2,5х1.45 м., тереңдігі 1,6 метр, бетін екі үлкен қақпақ таспен жапқан қабірде басы батысқа қаратылып, шалқасынан жайғастырылған адам қаңқасы жатыпты. Қабір әуелі бұрыштары доғал, көлемі 4,45х3,4 метр болатын төртбұрышты бірінші қоршаумен және оның сыртынан ішкі көлемі 7,9х7,6 метр доғалдау келген екінші қоршаумен қоршалыпты. Ірі жалпақ тастардан қаланған қабырғалардың үстіңгі жағы ортасына қарай күмбезделе бүркемеленіпті. Археологтардың пайымдауынша, ол БДМ бастауында тұрған рудың немесе қауымның көсемі құрметіне салынған [143; 56, 207; 285, 231-233].

Бұл мәдениет аясындағы одан басқа да Беғазы, Дәндібай, Ортау, Саңғыру, т. б. қорымдар да көбіне осындай күрделі сәулет

ескерткіштерінен тұрады. Көлемдері әртүрлі болғанымен, құрылыстары ұқсас. Беғазы кешенінде сыртқы қоршауды құрайтын қақпақ тастардың биіктігі 2,5 метрге дейін жетеді екен. Жақын жерлердегі сұр түсті граниттердің өте үлкен кесектерінен іріктеліп алынған олардың, кейбір тік бұрышты тақталарының салмағы үш тоннаға жуықтайды. Дуалдар берік әрі орнықты болу үшін ол тақталардың үштен бірі жерге көмілген. Қабірлер екі бөліктен тұрады. Бір жағына мүрде жайғастырылса, екінші бөлігінде оған арналған түрлі заттар мен тамақтар қойылатын орын болған. Саңғыру қорымында қырынан қойылған жалпақ тастардан қоршау жасалынып, оның ішінен төрт бұрышты қабір қазылып, қабырғалары таспен қаланыпты. Мәйіттің жанына қыштан оюлап жасаған құмыралар, әшекей бұйымдар қойылған. Олардың өрнегінің қазіргі қазақ халқының кілем, тұскиіздеріне салатын геометриялық өрнектерге ұқсастығы аңғарылады. Сондай-ақ Саңғырудан табылған заттардың Қазақ жерінің шығыс, батыс, теріскей аймақтарындағы қола дәуір заттарымен де ұқсас екені байқалыпты. Әрі бұл ерекшеліктер беғазы-дәндібай мәдениеті аясындағы қорымдар мен Кент, Бұғылы, Шортандыбұлақ, Қарқаралы, Ақкөзек, Ұлытау сияқты сол заманның ірі қоныстарынан қазылып алынған артефактілердің көбіне тән болып келеді екен. Зерттеушілердің басым бөлігі, бүгіндері кіндігі Сарыарқада кесіліп, мыс балқыту, көзе жасау, егін егу, мал шаруашылығымен айналысқан тайпалар өркендеткен бұл *беғазы-дәндібай қауымдастығын* – беделді рубасы, көсемдер басқарған, қалыптасқан діни-наным сенімі, саяси әкімшілік орталығы, металлургиялық ошақтары бар, өзіндік өндірісі мен өндіргіш күштері дамыған, «Қазақ жерінде дүниеге келген бізге белгілі алғашқы көшпелілер бірлестігі» [286, 6], «қуатты көсемдік биліктерге ие әлденеше ірі тайпалар қауымдастығынан құралған, мемлекеттіліктің қалыптасуы сатысындағы әлеуетті одақ» [284, 228] ретінде таниды. Кент, Бұғылы II, Шортандыбұлақ, Мыржық секілді қалалар деңгейіндегі ірі қоныстарды орда еткен *беғазы-дәндібайлықтардың* Оралтаудың оңтүстігіндегі *замараев*, Батыс Сібірдегі *ирмен*, Алтай мен Енисейдегі *қарасук*, Сырдария

алабындағы *түгіскен* мәдениеттерін түзген өздеріне туыс тайпалармен саяси-экономикалық байланыста дамығандығына мән беріледі [143; 186, 130; 191, 549-550; 285, 231-233].

БДМ-нің археологтар тарапынан әу баста өзіндік төлтума мәдениет ретінде таныла қоймағаны мәлім. 1933 жылы бір топ кеңес археологтарының Шерубай-Нұра өзені алабынан ашқан Дәндібай қорымынан табылған заттар бұл аймаққа тән емес «андрондық түрлердің арасына кездейсоқ түскен қарасуқтық заттар» [Киселев, 255, 143] ретінде сипатталған болатын. 1946 жылдан бастап Орталыққазақстандық археологиялық экспедицияның тұрақты жұмыс істеуі арқасында Дәндібайға ұқсас көптеген қорым, кесенелер мен қоныстар аршылып, БДМ-нің осы өңірде өркен жайған дербес мәдениет екендігінің айғақтары көбейді. Алайда оған тән бірқатар қыш ыдыстардың Мыңус жазығындағы *қарасуқ* мәдениеті қабірлерінен табылған керамикамен ұқсайтындығы туралы пікірден өрбіген, «шамасы оның негізін қарасуқтан қоныс аударғандар қалаған болуы керек», деген әңгіме ауаны талай уақыт сезілумен жүрді. БДМ үрдістерінің соңғы андрон мәдениеті заманына тән жергілікті дәстүрлер ауқымында туындағанын, бірақ андрондық деп есептеуге болмайтынын дұрыс аңғарған белгілі археолог М. П. Грязновтың өзі де, оны қарасуқ сипатты мәдениеттің бір бөлігі ретінде бағамдап, оны «қарасуқ нышанды мәдениеттің таралу шекарасы Тобыл мен Торғайға дейін ұласып жатқанын көрсететін» [Грязнов, 287, 162], дәйек ретінде қабылдады.

БДМ-нің *қарасуқтан* таралмағаны Ә. Марғұланның әйгілі монографиясында жан-жақты дәлелденгені белгілі. Қазақ академигі бұл туралы: «Бегазы-дәндібай мәдениетінің қарасуқтан басты ерекшелігі, ол алдындағы кезеңдермен генетикалық тұрғыда байланысады, өз дамуының айқын хронологиялық сабақтастығын сақтайды, өтпелі андрон-бегазы кезеңінде қалыптасуы арқылы, бір жағынан, андрондық белгілерді сақтай отырып, екінші жағынан, алдыңғы кезеңнің халқына мәлім емес материалдық мәдениетімен айрықшаланады... Оның қақпақтас архитектурасы қарасуқпен салыстырғанда заңғарлығымен,

жетілген техникасымен... көзге түседі... Керамикалық бұйымдары қарасуққа қарағанда әртүрлілігімен, жан-жақтылығымен, биік сапасымен ерекшеленеді. Қарасуқ ыдыстары олардай әсем безендіріле бермейді... Бай ғылыми дәйектер бегазы-дәндібайдың бастауын Оңтүстік Сібірден емес, қазақ жерінен, металлургтердің ежелгі орталығынан іздеу керектігін, ең дұрысы қарасуқтың әсері Орталық Қазақстанға тиді деп емес, қайта ол әсер керісінше болған еді, деп айту жөн болатындығын алға тартады» [143, 64-67, 333], – деп түйген еді.



*«Сарыарқа пирамидасы». 2016 жылы Қарағанды облысы Шет ауданы Қаражартас қорымынан арышылған Бегазы-Дәндібай мәдениеті кесенесінің жаңғыртпасы.*

Атақты академиктің бұл салмақты тұжырымы соңғы кезеңдерде БДМ-нің білікті зерттеушісіне айналып отырған қазақ елінің ғалымы В. В. Варфоломеевтің еңбектерінде де жан-жақты қуатталып отыр. Ол мұны БДМ-нің қыш ыдыстарының басты ерекшелігі ретінде танылатын – *білемді* керамика<sup>29</sup> үлгісіндегі

---

<sup>29</sup> Білемді (валикті) керамика – қыш ыдыс пен құмыраны жасау барысында, ұстауға ыңғайлы болу үшін әрі сәндік мақсатпен, мойны не ернеуіне сазбалшықтан жұмыр белбеу секілді орап, кейде білемнің екі

артефактілерді тыңғылықты сараптау кезінде анықтады. Ғалым Сарыарқаның соңғы қола дәуірінің 28 ескерткішінен жинақталған 3418 қыш ыдысты жіктеу барысында, олардың 93,3 пайызына немесе 3209-ына *білемді* үлгі тән екенін аңғарады. Қалғандарынан батыссібірлік андронидтық *ирмен*, *сүзгін*, *луговская*, *бархатов* және *пахомов* мәдениеттерінің, сондай-ақ күнгей аймақтардан импортпен келген азғана намазғылық, ирандық үлгілер нышаны байқалыпты. Қарасуқ керамикасы ұшыраспапты. Және бір назар аударарлығы, *білемді* үлгідегі ыдыстар қабірлерден емес, қоныстар мен тұрақтардан көбірек табылыпты. Батыссібірлік немесе күнгей текті ыдыстар негізінен ірі кесенелерге қойылып, орташа, қарапайым қабірлерде кездесе бермепті. Бұл – сол замандарда БДМ жұртында екі түрлі ыдыстардың қолданыста болғанын көрсетеді. Өздері жасаған білемді үлгідегі ыдыстар халықтың күнделікті тұтынатын бұйымдары болса, сәнді деп есептелетін «импорттық» ыдыстарды сырт жұртпен байланыстары бар әйгілі, үстем әулеттер пайдаланды. Сол себепті де олардың қабірлеріне өздері өмірде тұтынған ыдыстар қойылды... БДМ қоныстары да, қорымдары да *қарасуқ* әсерінсіз дамыған дербес мәдениетке жатады.

---

ұшын мұрт сияқты төмен салбыратып шығаратын әдіс түрі. Ол Балканның шығыс-теріскейі мен Ханғай (Өтікен) тауы аралығындағы ұлыдалалық аумақта жаппай кездеседі. Ханғайдан Дон өзеніне дейінгі аймақ білемді керамиканың – шығыс; Қара теңіздің солтүстігі – аралық; Карпаттың шығысы мен Дунайдың аяққы алабы – батыс бөлігін кұрайды [289].



*Білемді керамика үлгілері*

Осы ретте Қазақ пен Алтай далаларының соңғы қола заманында біртекті археологиялық түзілім – *білемді* керамика мәдениеті қауымдастығының (БКМК) шығыс аймағы аясына енгендігін ескере отырып, бұл керамикалық үрдісті тұтынған жұрттарды бұрынғыдай бір-бірімен синонимдес *сарғара-алексеев*<sup>30</sup>, *бегазы-дәндібай* түрінде екіге жіктеудің қажеті жоқтығы байқалады, дейді қазақ зерттеушісі. Одан да бұл мәселеге ғылыми тұрғыдан келіп, екеуін бір мәдениет аясына топтастырып, оны жинақы түрде *дәндібай* деп атаса да әбден дұрыс болар еді. Өйткені оларға қатысты ескерткіштердің арасындағы ең тұңғыш ашылғаны 1933 жылы М. П. Грязнов зерттеген Дәндібай қорымы болатын. Дегенмен, *бегазы-дәндібай мәдениеті* нұсқасы ғылымда тұрақтанып қалды. Сондықтан осы терминмен Батыс Сібірдің оңтүстігі мен күллі Қазақ жерін (шығысы мен Жетісуға қапталдас өңірлерді қоса), яғни Еуразия құрлығының орталық аймақтарын қамтып жатқан біртұтас *білемді керамика* мәдениеті атауын

---


<sup>30</sup> Сарғара-алексеев — Тобыл, Есіл алаптары мен Алтай даласының БДМ-мен үндес білемді керамика мәдениеті.

пайымдау әділдікке саяды, деп есептейді Варфоломеев [284, 213-216; 288, 269-273].

БДМ түзіліміндегі білемді керамика үлгісі ерекшелігіне кезінде Ә. Марғұланның да назар аударғаны мәлім. Ол қыш ыдыстардың мұндай түрінің тек соңғы қола дәуіріне ғана тән екендігін, *дәндібайдың* алдындағы *нұра* кезеңі (ж. с. д. ХҮІІІ-ХҮ) мен оған сәйкесетін Оралтаудың оңтүстік өңірлеріндегі *федоровтық* ескерткіштерде оның еш кездеспегенін, *атасу* кезеңінде (ж. с. д. ХҮІ- ХІҮ) ғана ілкі сипаттарының байқала бастағанын, *қарасуқта* мұндай ыдыстардың ұшыраспайтынын атап өте отырып, *білемді* үлгіні БДМ керамикасы мен ескерткіштерін танудың ең сенімді нышаны ретінде нақтылаған еді [143, 62, 326, 332]. Қазақтың әйгілі ғалымының бұл тұжырымдары одан әрі дамытыла келе, кей зерттеулер бойынша, дербес өрістеуі мүмкін деп танылып жүрген, білемді ыдыс үлгілері молырақ байқалған *сарғара-алексеев* түзілімінің БДМ аясындағы мәдениеттің құрамдас бөлігі екені айқындалды. Екеуінің де андрондық заманнан кейінгі Ұлы дала төсінде өмірге келген – мал өсірудің жайлау-қыстау үрдісін бірдей ұстанатындығы, аралас-құралас ғұмыр кешетін аумақтарының ортақтығы, қола, сүйек, тас құралдарының ұқсастығы, оларды *білемді керамика* мәдениеті аясына біріктірген еді. Кезінде археолог С. М. Ситниковтың дәлелдегеніндей, олардың бір-бірінен ерекшелігі – беғазы-дәндібайлық үлгілердің негізінен қорым-кесенелерде, *сарғара-алексеев* үлгілерінің тұрақ, қоныстар аумағында ұшырасатындығы ғана [289, 59-64].

Мал өсіру демекші, беғазы-дәндібайлықтардың қоныстары маңынан қазылып алынған остеологиялық материалдарға қарағанда, олар негізінен жылқы, қой, сиыр түлігін өсіріпті. Жылқы мен қойдың үлесі басымдау болғанымен, қоныстар маңында сиыр да біршама ұсталыпты [284, 217-218]. Ә. Марғұлан да БДМ заманы мен одан кейінгі кезеңдерде қазақ жерінің Еуразиялық құрылықтағы ең ірі жылқы өсіруші аймақ болғанын, қымыз ішуге лайықталған ыдыстардың да сол кезде көптеп жасалына бастағанын атап өтеді [143, 262-263].

Демек, осы тараушаның басында тілге тиек болған – «жылқылы, салт аттылы жұндар» мен «жүйрік атты тұрларды» бегазы-дәндібайлықтармен байланысы бар жұрттар ретінде тұспалдаған И. В. Пьянковтың пікірін [231; 232; 233] қуаттайтын дәйектерге жақындай түсеміз. Оған жылқылы *дәндібайлықтарға* тән *білемді* керамика үлгісін тұтынатын қауымдар мекендеген аумаққа – күллі Орталық Еуразияның, сондай-ақ Жетісуға қапталдас аймақтардың (Шығыс Түркістанның) да қоса енетіндігі туралы жаңа айғақтар (Варфоломеев) сенімді үйлеседі [284]. **Яки, ғылымда қола дәуірінің басынан андрон қауымдастығына тән аумақ ретінде танылған байтақ кеңістікті – соңғы қола дәуірінде бегазы-дәндібайлық мәдениет алмастырғанына куә боламыз.** Ол бір жағынан қазақ андронтанушыларының «соңғы қола дәуірінде шаруашылық пен мәдениетте андрондық дәстүрлердің орнына экономика мен материалдық мәдениеттің прогресшіл түрі, онымен салыстырғанда анағұрлым жоғары, көрнекті *дәндібай-бегазы* мәдениеті келді» (К. Ақышев, М. Қадырбаев, Ж. Құрманқұлов) [82, 105, 117-128]; орыс зерттеушілері Н. А. Аванесова мен Г. Б. Здановичтердің андронның аяғы соңғы қола дәуірінде *замараев-бегазы* мәдениетімен ұласты [186, 28-29], деген кезеңдеріне де сәйкеседі.



**Кент қонысы. Мүйізден жасалған бұйымдар**  
(В. В. Варфоломеевтің суреті)





*Мүйіз ауыздықтар. Кент қонысы (В. В. Варфоломеевтің суреті)*

Сол себептен де археологиялық ескерткіштерді хронологиялық мерзімдеуде кейінгі жылдарда қолданыла бастаған жаңа радиокөміртегілік әдіс бойынша ж. с. д. 14-10 ғасырларға тураланған кейінгі қола дәуіріне қатысты еңбектердегі (Кузьмина, Зданович) қазақстандық андронға қатысты мәліметтерді [172, 18-19; 173, У], енді негізінен *бегазы-дәндібай* мәдениетінің деректері ретінде тану қажеттігі де өз-өзінен көлденең тартылады. Осы тұрғыдан алғанда, Варфоломеев атап өткен *«авесталық кеңістіктегі тайпалардың қалыптасуына зор әсер-ықпалы тиген бұл ірі этномәдени ареалдың»* [284, 229] И. В. Пьянков сабақтастыратын *жұң* мен *тұр* тайпаларына қатыстылығы да одан әрі тиянақтала түседі.

БДМ-нің оңтүстік өңірлерге ұласқанының ең көрнекті ескерткіштерінің бірі ретінде Сырдарияның аяққы алабындағы Солтүстік Түгіскен<sup>31</sup> кесенелер қорымы танылады. Оны алғашқы

---

<sup>31</sup> Қызылорда қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 200 шақырымдай шамадағы, Іңкәрдарияның Жаңадарияға жақындап келер тұсында орналасқан қорым.

зерттеушілер қатарында болған белгілі орыс археологы С. П. Толстов оның зор кесенелері ғана емес, керамикалық үрдістері де БДМ дәстүрлерімен ұқсас екендігіне мән берген еді. Түгіскеннің қысқа, тік немесе сәл иілген мойынды, бүйірі жарты шар тәрізді, кейде ерекше шығыңқы боп келетін, әбден тегістеліп жылтыратылған, ирек оюлы өрнектермен көмкерілген шағын ыдыстары Дәндібай, Беғазы, Бұғылы II қорымдарындағы сол тектес жәдігерліктерден айнымайды екен. Ғалым сондай-ақ қозыжауырын қола жебе ұштары баламаларының да далалық өңірде молдап ұшырасатына назар аударып, бұл мәдениеттің беғазы-дәндібай дәстүрлерімен үндестігіне назар аударған-ды [290, 80-86].

БДМ мен Солтүстік Түгіскен кесенелері арасындағы ұқсастықтарды әрі қарай тереңдете дәйектеген Ә. Марғұлан іңкәрдариялық кесенелерді Сарыарқадан барған тайпалар тұрғызған немесе сол дәуірде дала жұрттары арасында толық күшіне ене бастаған жаңа шаруашылық дәстүр – жайлау-қыстау, қыстау-жайлау көші-қон бағытының бір мысалы ретінде пайымдайды. Шамасы, сол кезеңдерде қысты Сырдың ықтасынды қойнауларында өткізіп, жазда Сарыарқаны жайлау үрдісі қалыптасып үлгерген болуы керек. Шынында да Түгіскен кесенелерін беғазылық қақпақ тасты зор қабірлерінің көшірмесі десе болады. Тек Іңкәрдария аймағында тас жоқ болуына байланысты, олардың орнына жалпақ шикі кірпіштер пайдаланылған. Тіпті сол үшін оңтүстік өңірлерге тән емес, 54x28x10 және 60x50x25 см. көлемді кірпіштер құйылған. БДМ-да қабірдің жерге енген қабырғалары биіктігі 1,2 метрлік тақта тастармен қапталса немесе жұмырлау тастармен жалпағынан қаланса, Түгіскенде ол тастардың орнына бума қамыстардан қалың дуал көтерілген. Сөйтіп, көлемді қабырғалары, айналма дәліздері, ортасында төрт бұрышты қабірі бар цилиндр тәрізді жерлеу құрылысы тұрғызылған [143, 67-68; 144, 144-148]. Сыртқы және ішкі қабырғалардан тұратын, дәл БДМ-дағыдай, шығыс жақтан есіктері шығарылған бұл құрылыстар белгілі бір кезеңдерде көршілес аймақтарға ықпал еткен, соның ішінде

Сырдария алабында да біршама уақыт билігін жүргізуі мүмкін дәндібайлық салт атты тайпалардың өріс ұзартуының бір белгісі ретінде бағамдалады. Жоғарыда айтылғандай, БДМ аясындағы зор кесенелердің көсемдерге, рубасыларға арналып салынғанын еске алсақ, арғытүрктік жұрттардың (Кузьмина) Іңкәрдария аймағында өркен жайған түгіскендік мысалы да өз көсемдерін мәртебелейтін сол дәстүрдің күнгей өңірлерде тұрақтануын айқын аңғартатын салмақты дәйекке саяды.

БДМ заманындағы мал саны өскен *білемді* керамика үрдісін ұстанған түздік тайпалардың жан-жаққа өріс ұзартуы барысында Түгіскеннен күнгейге қарай жатқан аймақтарға да тұяқ іліктіргені археолог Е. Е. Кузьминаның «Үндіарилер қай жақтан келді?» атты зерттеу кітабында да жан-жақты қарастырылады. Ғалым ж. с. д. XII-X ғасырларда сол білемді керамика тайпаларының Көпетдағ баурайы мен Әмудария алаптарындағы Намазғы, Теккемтепе, Тахирбай, Шортоғай (Бішкект) қоныстарына дейін жеткенін, олардың бірқатарының бұрынғы мәдени қатпарларын білемді керамика қабаты бүркеп қалғанын, байырғы отырықшылық Теккем қонысының өртеніп, оның орнына малшы жұрттың тұрақтары орнағанын нақтылап көрсетеді [186, 233-240]. Сол дәуірлерде қыш ыдыстардың мойнын орай шығарылған *білемнің* екі ұшы төмен салбыраған үлгілердің Солтүстік Иран жеріндегі Гиантепенің алты бірдей қорымынан табылғандығы да назар аудартады. Археолог Н. Л. Членова оларды кезінде соңғыандрон-қималық тайпаларға тән керамикалық үрдіс түріне жатқызған еді [175, 91-92].

Белгілі орыс-кеңес археологтары В. М. Массон, Б. А. Литвинский, М. А. Итина ж. с. д. II мыңжылдықтың орта тұсынан бастап Тұранның оңтүстік өңірлеріне қарай көші-қон үдерістерін жасаған далалық тайпалардың негізінен төрт аймақта: 1) Арал маңында (Үзбой мен Әмудария алабы); 2) Заравшанның төменгі ағысында; 3) Жетісу мен оған қапталдас өңірлерде; 4) Ферғана жазығында жаппай ірге тепкенін айтады. Алғашқы екі ареалда – *тазабагиаб* мәдениеті қалыптасса, үшінші аумақта – андрон дәстүрінің *жетісулық* үлгісіне тән дәстүрлер, төртіншісінде –

*чуст, қайраққұм* мәдениеттері өрістепті. Төрт аймақ түзілімі де жергілікті неолиттік және энеолиттік жұрттар мәдениеттеріне теріскейден келген түздік тайпалар үрдістерінің араласуы негізінде қалыптасқан қауымдастықтарға саяды, деп есептейді олар өз зерттеулерінде [130; 204; 291].

Мәселен, *тазабағиаб* – Арал маңына тән кейінгі келтеминарлық аймақты жайлап отырған *суярған* мәдениетіне еділ-жайықтық, жем-тобылдық қима және андрон тайпалары дәстүрлерінің қосылуы нәтижесінде, түздік нышандардың (соның қатарында білемді керамика да бар) басымдығы байқалатын мәдениет ретінде тұжырымдалады. Оның бір нұсқасы – Заравшанның аяққы алабындағы *заманбаба* мәдениетін алмастырады. Заманбабаның өзі де әуелден далалық дәстүрлерге жақындығы бар мәдениет болатын. Археолог Е. Е. Кузьмина оның этногегінде кейінгі көнешұңқырлық, катакомбалық жұрттарға тән бірсыпыра белгілердің ұшырасатынына, батыстан шығысқа, одан оңтүстікке қарай бағытталған үдерістердің бір бастауында сол көнешұңқырлықтардың ұрпақтары тұрғанына мән береді. Сондай-ақ далалық тайпалардың Ферғана аймағына қазақ жерінің күнгеі, Жетісу, Ыстықкөл арқылы жеткені – осы бағыттың өн бойындағы *жетісулық* үлгідегі қорымдардан табылған қазба деректерден де аңғарылады. Қаратаудың теріскейіндегі Таутары, Шу-Іле алабындағы Қарақұдық, Жетісудың солтүстік-шығыс бетіндегі Биғаш, Ақсай, Сағанды, Арасан, Бүйен қорымдарында ұшырасатын беғазылық қабірлер мен ыдыстардың кей сипаттары, керамиканы білемдеу, өрнектеудегі ұқсастықтар осы аймақтарға БДМ тайпаларының әсер-ықпалы кәдімгідей болғанын да айғақтайды. Оларда да беғазы қорымдарындағыдай мәйіттерді өртеу мен жерлеу жоралары қатар кездесіпті. Сондай-ақ жетісулық қорымдардан табылған артефактілердің бірсыпырасының Ферғанадағы *чуст, қайраққұм* мәдениеті ескерткіштеріне, қырғызстандық Тастөбе, Бестас, Диірменсай, Ұзынбұлақ қорымдары жәдігерліктерімен ұқсастықтары байқалған. Соңғы қола дәуіріне жататын ол мәдениеттердің *жетісулық* үлгілермен

үндес біраз нышандарының Шығыс Түркістанға да ұласқаны дәйектелді [186, 48-49, 229-235; 244, 75-106].

Жоғарыда көрсетілген ғылыми әдебиеттердің барлығында дерлік, ж. с. д. II мыңжылдықтың екінші жартысында оңтүстікке қарай бағытталған көші-қондар негізінен андрондық, арилік (көбіне *білемді* керамикалы) тайпалардың араласуымен өткен көші-қон үдерістері ретінде бағамдалады. Мәселен Хорезм аймағында ж. с. д. ХҮІ-ХІ ғасырлар арасында ғұмыр кешкен *тазабагиаб* мәдениетін ұластыра Ақшадария алабында өркендеген *әмірабад* мәдениетінің (ж. с. д. ХІ-ҮІІІ) ең негізгі белгілері осы білемді керамика болыпты. Археолог М. А. Итина әмірабадтық керамиканың түрлерін сараптау барысында оның беғазылық керамикалық кешенмен ұқсас екендігіне мән береді [292, 78-90; 293, 31-37]. Бұл дәйектерді, әлгінде тілге тиек етілгендей, соңғы қола дәуірінде Еділ мен Алтай бойлықтары аралығындағы байтақ кеңістіктің біртұтас БДМ аясына қамтылғанын, ол мәдениеттің басты нышандарының негізгісі – *білемді* керамика үлгісі екендігі туралы жаңа көзқарасқа сабақтастырар болсақ [284; 288], енді ол далалық тайпалардың денін *бегазы-дәндібайлық* аядағы жұрттар әрі бір-біріне әуелден жақындығы бар арғытүркітік тектері басым қауымдар екендігіне көз жеткізгендей боламыз.

Осы орайда кейінгі жылдарда арилерді түгелдей үндіран тектілер ретінде қабылдаудың дұрыс еместігін қадап айта бастаған өзбек академигі, кеңес дәуірінің кезінде-ақ батыстүркістандық қола дәуір археологиясының әйгілі зерттеушісі ретінде танылған А. Асқаровтың ұстанымы да назар аударуға лайық дер едік. Белгілі археолог «еуропакіндікшіл идеяға басымдық берген кеңес ғылымында «Ригведа» мен «Авеста» жырларының үндірандық тілге жақын нұсқамен қағазға түсуіне ғана байланысты, күллі даланы мекендеген байырғы халықтардың иран тілінде сөйлегендігі» туралы пікірдің үстемдік құрғанына тоқтала келе, ирантілді деп есептелініп жүрген сол андрон жұрттарының негізінен түркітілді болғандығын алға тартады. Олар қола дәуірінде мекен еткен ұлыдалалық аймақ одан ежелгі замандарда да, кейінгі

ортағасырларда да түрк этносы қалың қоныстанған өңірлер ретінде белгілі. Андрондықтар Алтай мен күллі қазақ жері аумағында, Ташкент шұратында, Жетісуға қапталдас жәзираларда, Сыр мен Әму алаптарында, Шығыс Түркістанда түрк тілінің әртүрлі диалектілерінде сөйлейтін жұрттар болатын. Олардың түрктілділігін айғақтайтын мысалдардың көне қытай деректерінде ұшырасатынын, өзбектің қытайтанушы профессоры, әлгінде біз тілге тиек еткен А. Хожаевтың еңбектеріне сүйене отырып дәйектейді.

Өзбек синологының соңғы жылдары қытай және жапон ғалымдарының бірлескен зерттеулерінде «түрк» терминінің ж. с. д. 2205 жылдан бастап ұшырасатынына назар аударғанына, Шиан, Шаң, Жыу әулеттері замандарынан белгілі болған «туфанг» (гуйфан), «ди» жұрттарының кейіннен «динлиң», «теле» атымен танылғанына, сол динлиңдер бірлестігінің құрамындағы бір тайпаның «түрк» деп аталғанына мән бере отырып, «туфанг» пен «ди» терминдері қытайдың көне дереккөздеріндегі ең алғашқы түрктік этнонимдерге саяды», деп пысықтауына орай, академик А. Асқаров «қола дәуірінде Еділден Монғолияға, Оралтау жоталарынан Орта Азияға дейінгі байтақ аймақтағы біртекті мәдениетті ұстанған андрондықтарды да түрктілді деп айтуға болады», деген тұжырымға құлайды. «Яки, арилердің де сол түрк текті дала жұрттары арасынан шыққандығы дәлелді. Ари терминінің өзі – әуелде *азат, еркін, мырза* деген мағыналарды аңғартқаны мәлім, ендеше мен оны қола дәуіріндегі көшпелілік жүйенің дамуы барысында ел ұйтқыларын, рубасылар мен көсемдерді, билеуші аксүйек әулеттерді білдіретін атау ретінде ұғынамын. Көне қытай дереккөздерінің мәтіндеріне салыстырмалы ғылыми талдау тұрғысынан қарар болсақ, арилердің ешқандай да иран тілді емес, түрктілді этносқа жататындығы айқындалады. Олардың диалектілері кейіннен Иран жеріне көшпелі жұрттарды бастап келіп, бірсыпыра уақыт өмір сүргеннен кейін ғана жергілікті көне парсы-дари тілдеріне жұтылды», деп түйіндейді өз ұстанымын өзбектің әйгілі археолог-академигі [294].

Соңғы зерттеулерінің бірінде: «арилерді тек «Авестаның» аңыздық мәліметтеріне байланыстыру арқылы ғана ирантілді деп тұжырымдаушы ғалымдардың, атақты ғұлама Әбу Райхан Бирунидің (973-1048) «Бұрынғы ұрпақтар ескерткіші» атты энциклопедиялық еңбегінде қола дәуірінде Хорезм аймағының «*түркітер патшалығы*» деп аталғанына назар аудармайтыны таңғалдырады», – дейді ол тағы да. «Ж. с. д. XIII-XI ғасырларда дала тайпалары құрған *тазабағиаб* мәдениетінің көптеген қорымдарда ізі қалған нышандары – Бируни жазбаларындағы «Ескендір Зұлқарнайынға дейінгі 980 жыл шамасында<sup>32</sup> осы аумақта құрылған «түркітер патшалығы» дәуіріне сәйкес келеді... Ол бір жағынан Хорезмде ари атымен белгілі түркітердің әскери-саяси билігі орнағанын пайымдататын дәйекке саяды» [142, 107], деп тұжырымдайды А. Асқаров.

\* \* \*

Орталық Азиядағы білемді керамика мәдениеті қауымдастығының (БКМҚ) баламасына айналған ауқымды беғазы-дәндібай мәдениетінің жалпы ерекшелігіне: керамика дәстүріндегі *білемді* үлгі ғана емес, металл заттарды жасаудағы, қоныстар тұрғызу мен жерлеу жораларындағы, мал өсірудегі ұқсастықтар да (даланың қуаңдануына байланысты көшпелі тіршілікке, тебіндеуге бейім жылқы мен қой санының артуы) енетіні мәлім. Ғылыми еңбектерде БДМ-ның жан-жаққа қанат жайып кеңеюіне Сарыарқа аумағындағы Бозшакөл, Көкшетау, Жезқазған, Қарқаралы, Балқаш өңірлері, Алтай бетіндегі Қалба мен Нарым жоталарындағы, сондай-ақ Жетісудағы мыс, қорғасын, мырыш, қалайы кен орындарында ірге көтерген металлургиялық ошақтардың үлесі мол болғанына назар аударылады. Негізінен бүгінгі қазақ жері аумағымен шендесетін БКМҚ-ның азиялық

---

<sup>32</sup> А. Македонскийдің Иранды жаулап алған ж. с. д. 331 жылға 980 жылды қосқанда ж. с.д. 1311-ші жыл шығады. Бұл білемді керамикалы далалық тайпалардың Хорезм өңірінде орныға бастаған алғашқы кезеңдеріне жуықтайтын мерзім.

аймағында дүниеге келген металл заттардың басым бөлігін пышақтар мен қанжарлар құрап, одан кейінгі орындарды шапашоттар, айбалталар, жебе ұштары, біз бен орақ бұйымдары алады екен. Сондай-ақ балға-айбалталар, қашау-шоттар, қайлалар, дөңгелек, төртбұрыш айналар, бедерлі ілгекті әшекейлер жасалыпты. Жетісу металлургиялық ошағында өзіне туыс сарыарқалық және алтайлық үлгілерден бөлектеу пішіндегі заттар құйылыпты. Шүйдесі шығыңқы ұңғылы балталар, сопақ балталар, әртүрлі орақтар, сабының басы қой, жылқы бейнелері түрінде бедерленген қанжарлар (жоғарыда айтылған «қынрақтар») сияқты өзгешелеу түрлер байқалыпты. Олардың түзілімінен сарыарқалық және алтайлық ошақтардан басқа да ортаазиялық *қайраққұм, чуст, бұргүлік, тазабағиаб* мәдениеттеріне тән үрдістер де аңғарылады екен. Осы тұрғыдан алғанда да, көші-қондық үдерістер, ықпалдастықтар барысында Шығыс Түркістанға, Қытайдың теріскей-батыс өңірлеріне Агапов, Дегтярева, Кузьминыхтар атап өткендей: «Жетісудың зергерлік дәстүрлеріне тән, шүйдесі шығыңқы балталар, ұңғылы шапашоттар, дөңгелек және төртбұрыш айналар, ілгекті әшекейлер, балақты сырғалардың түрлері де жетті», деп шамалауға болады [295].

Орталық Азиядағы металлургия ошақтарының дамуы – жартылай көшпелі мал шаруашылығының жайлау-қыстау жүйесіне көшуіне орай түлік санының күрт өсуімен тығыз байланыста өрбіген құбылысқа саяды. Бір қауымдар мен әулеттерде малдың көптігі, екіншілерінде аздығы, әлеуметтік жіктелулердің туындауына әкеліп соғатыны белгілі. Мұндайда әртүрлі рулар арасында өзгенің малын тартып алу үшін, жайылым үшін қақтығыстар өршіп, оның соңы соғыстарға да ұласады. Ол өз ретінде қару-жарақ жасау, яки қола өндірісін дамыту қажеттілігін алға тартады. Соңғы қола дәуірінде жергілікті шикізат арқылы жұмыс істейтін Жетісу металлургиялық ошағының өркендеуіне де осындай алғышарттар себепкер болған еді. Бұл ошақтың Еуразия далаларында елеулі орынға ие екендігін кезінде Жетісудан көптеп табылған: Алматы төңірегіндегі Түрксіб, Таулы қырат, Қырғызстанның Соқұлық, Ыстықкөл, Шәмші, Қарақол



көмбелеріндегі соңғы қола дәуір қарулары мен бұйымдары, құйма қалыптар да аңғартады. Шамасы ол көмбелер соғыс қаупі төнген шақтарда жер астына жасырылған сыңайлы [244, 97-98].

Жетісудың шығысқа қарай жатқан Шығыс Түркістан, Ордос өңірлермен байланысы ежелгі замандардан-ақ мәлім. Ол осы аймақтардың сонау орта палеолит дәуірлерінен бастап тегі әрқилы қауымдардың бір-бірімен араласу үдерістері өткендігімен, нешеме миграциялық толқындарды бастан кешкен ерекшелігімен тығыз байланысты. Осы ареалда батыс жақтағы – аталық *N*, *O*, *P* құрама гаплотобынан тараған еуразиялық нәсілді қауымдар (*P*-тен *R1b*, *R1a*, *Q*) мен шығыс жақтағы – *C*, *C3* (*C2*), *D* аталық моңғол тұрпатты зәуазаттылардың талай қармасылары мен қауышулары, қоңсылық қарым-қатынастары мен қайшылықты қақтығыстары жүрген. Мұз дәуірінен кейін бұл өңірлерде түпкітүрктік *R*-ден бұтақтанған *R1b*, «шығыстық» *R1a* жұрттары мекендегенін жоғарыда әлденеше рет қаперге алдық. Археологиялық, антропологиялық зерттеулердің нәтижесінде неолит, энеолит, қола дәуірлерінде бұл аймақтарда негізінен еуразиялық нәсілді жұрттардың басымдау байқалатынының [237, 394, 405] шамалануы да сол себептен.

Өзінен бұрынғы мыңжылдықтардағы түпкітүрктік көнешұңқыр, мақанжар, шортанды, терсек, ботай, афанасьевтік қауымдар (Клесов) секілді еуразиялық нәсілді беғазы-дәндібайлық аядағы жұрттардың [244, 228] да қола дәуірде Ертіс алабы, Тарбағатай арқылы – Алтай-Саян, Моңғол үстіртімен; Жетісу Алатауы, Іле алабы арқылы – Шығыс Түркістан, одан әрі Хуанхы жазығымен астасып жатқанын кейінгі кездердегі археологиялық деректер де айғақтайды. Қазақ даласын Қытаймен байланыстыратын негізгі мәдени трансляциялық күре бағыттардың бірі – Шығыс Түркістан мен Хыши дәлізі<sup>33</sup> (Гәнсу дәлізі) арқылы өтетіні белгілі. Қытай

---

<sup>33</sup> Хыши дәлізі – қытайша *Хэси Цзоулан*, яғни «өзеннен (Хуанхыдан) батысқа қарайғы дәліз» деген мағынаны білдіретін, кейде Гәнсу дәлізі деп аталатын, Сарыөзен алабынан теріскей-батысқа қарай созылып жатқан, ұзындығы 1000 шақырымдай шұратты жәзиралар тізбегі. Ені 20-

мемлекеті аумағына енетін бұл өңірлердегі археологиялық ескерткіштерінің бірталай уақыт зерттелмеуі немесе сырт жұртқа жабық қалуы себепті, ол мәдени байланыстардың қай тұрғыда сабақтасатыны беймәлімдеу болып келген еді. Көбіне олар жорамал түрінде қарастырылатын. Соңғы онжылдықтарда ғана бұл жағдай өзгеріп, ол аймақтарда қазба жұмыстары жүргізіліп, нәтижелері кәдімгідей жарияланып, өзге елдер археологтарының да зерттеулер жасауына мүмкіндіктер туды.

Қола дәуіріне қатысты нақтыланған материалдарды сараптау барысында, Қытайдың Кіндік жазығына батыс жақтан іргелесетін Гәнсу өңірлеріне тән *цицзя*, *хошаогоу*, *сыба*, *сяюэ*, *сиңдяң*, *сыва* секілді бірқатар археологиялық мәдениеттер жүйеленіп, оларда орталықазиялық далалық сипаттың көбірек ұшырасқаны аңғарылды. Мәселен, Гәнсу уәлаятындағы *сыба* қола мәдениеті аясынан табылған сағағы қуыс балталар мен жетісулық үлгідегі балақты сырғалар соның бір айғағы. Ілкібеғазылық Атасу қонысынан дәл сондай балтаны құятын қалыптың кездескені, мұндай балталардың қарасуқ дәстүріне де тән екендігі, Шығыс Қазақстандағы Қалба жотасы баурайындағы көмбеден жолыққаны, оның бір түрінің Шәуешек маңынан қазылып алынғаны да осы аумақтарда түп-тегі жақын жұрттардың мекен еткенін байқатса керек. Сондай-ақ қазақ жерінің шығысы мен Жетісуда, Ферғанада көбірек ұшырасатын сопақ балталар үлгісі Шығыс Түркістанның Гәнсумен шектесер тарабындағы Құмыл (Хами) қаласы маңынан, Үрімшіден, Алтайдың Қара Ертіс алабындағы Шеміршек қорымынан табылыпты [296]. Бұл ретте археологтардың гәнсулық *цицзя*, *сыба*, *сыва*, *сиңдяң* сынды мәдени түзілімдерін жоғарыда арнайы сөз етілген *жұң* тайпаларының әртүрлі тармақтарымен байланыстыратынын, әсіресе оларға тән *сыба* (ж.с.д. 1900-1400) мен *сыва* (ж.с.д. 1400-1000) мәдениеттерінің қола қару-

---

дан 100 шақырымға дейін. Қытайдың Кіндік жазығын Шығыс Түркістанмен байланыстырып жатқан негізгі күре бағыт. Гәнсу атауын өзбек қытайтанушысы А. Хожаяев түркше «Кенсу» сөзінен шыққан деп те түсіндіреді [263, 44].

жарактарында андрондық (беғазылық деп те ұғыңыз), қарасуқтық сипаттың айқын байқалатынын қаперге алсақ [238, 204; 297, 185-187; 298], сол замандарда *жұң-ди* (жаңа пайымдаулар бойынша «салт атты түркілер») [263, 242] деп аталған ол жұрттардың бірсыпыра бөлігінің қазақ даласымен сабақтасып жатқан халықтар екендігі [231; 232; 233] тағы да иландыра түседі.

Академик Ә. Марғұланның «Орталық Қазақстанда, Ертіс алабында, Қалба мен Нарым жоталарында, Алматы аймағындағы қазбалардан жиі ұшырасатын [299, 86], сондай-ақ Ферғанада, Қырғызстанның Шәмші, Соқұлық көмбелерінде, Батыс Сібірде кездескен шүйделі балталар Құмыл қаласы маңындағы қабірден, Іленің бас сағасындағы Ағаршын көмбесінен табылыпты [300, 5-25]. Ол жәдігерліктермен бірге беғазылық аймақтарда да баламалары бар қашау, ұңғылы екі қырлы жебелер, бір жүзді пышақтар, біз, тұтқалы айна, моншақ сияқты заттар Құмыл төңірегіндегі Қызылшоқы, Янбұлақ қорымдарынан шығыпты. Тұрпан маңындағы Қарақой қонысынан да ортақ текті үш қырлы жебе, біз, орақ, Ағаршын көмбесінен Еділден Батыс Сібірге дейін тараған үш орақтың бірдей жолыққаны да сол жан-жақты байланыстардың белгісіне саяды. Қызылшоқы қорымынан табылған етікке тағатын қола моншақтар андрон мәдениетінде кең тараған салт екен, ал тұтқалы айна Ферғанадағы *чуст* мәдениеті қоныстарынан, қырғызстанның көмбелерден белгілі. Археологиялық еңбектерде соңғы қола кезеңінде айналардың баулы, тұтқалы, дөңгелек, төртбұрыш түрлерінің күллі БДМ аумағына тарағаны айтылады. Қытайдың Кіндік жазығына айна бұйымы кейінгі Шаң заманында (ж.с.д. 1300 ж.) ғана жете бастапты. Ал оны ж.с.д. Орта Азияның малшы тайпалары III мыңжылдықтың соңынан-ақ (*заманбаба* мәдениеті) тұтынған еді. Ол шамасы, Қытайға Шығыс Түркістан арқылы жеткен болуы керек [186, 94-103].

## 6. ЕЖЕЛГІ ЕУАЗИЯЛЫҚ ЗӘУЗАТТАР ЖӘНЕ ТАРЫМ СЕМБЕЛЕРІ

Осы ретте Шығыс Түркістанның ежелгі мәдениеттерін зерттеу ісіндегі жаңа кезеңнің басталуына ерекше қозғау салған елеулі археологиялық жаңалық – Тарым сембелері (мумиялары) туралы да тоқтала кетуді жөн деп білеміз. Тарым ойпатына енетін алып Такламан шөлінің тұз аралас құрғақ құмының астында талай мыңжылдықтар бойы көміліп жатса да, жазда аптап ыстық, қыста қақаған суық боп тұратын жергілікті климаттың ерекшелігінің арқасында, киімдері де көп бүлінбей, еттері де ағып кетпей кеуіп қалған жүздеген еуразиялық нәсілді мүрделердің кейінгі онжылдықтарда үсті-үстіне табылуы ең елең еткізерлік оқиғалардың қатарында саналады. Алғашқы сембелерді өткен ғасырдың бас кездерінде Жібек жолының тарихын зерттеу жұмыстары барысында әйгілі мажар саяхатшысы һәм британ барлаушысы, дунхуан қолжазбаларын ашқан Аурель Стейн, швед ғалымдары Свен Хедин мен Фольке Бергман Лобнор көлі маңынан тапқан екен.

Рим энциклопедияшысы Плиний жазбаларындағы Қытайдың батысын мекендеген «биік бойлы, ақсары шашты, көк көзді» адамдар жайындағы деректің, аңыз емес, дүниеде шын болғандығын айғақтайтын бұл жаңалықты ғылыми орта әуелгіде қызыға қабылдағанымен, әртүрлі жағдайларға байланысты оны әрі қарай зерттеу тоқтап қалыпты. Ф. Бергманның 1939 жылы Стокгольмде жарық көрген «Шыңжаңның археологиялық зерттеулері» атты кітабы кейіннен қытай тіліне аударылған соң ғана қытай археологтарының назары Тарым аймағына ауыпты. 1978 жылы Ван Бинхуа Құмыл қаласы маңындағы Қызылшоқы қорымынан 113 сембені тапса, 1979 жылы Лобнор көліне құятын Көншедария алабындағы Кебіркөл (Гумугоу) қорымынан 42 қабірді қазып алыпты. 1980 жылы Лобнордың батыс жағында жатқан көне Лыулән шәһары төңірегінен 3800 мың жылдай бұрын жүннен тоқылған кебінге оранып көмілген сұңғақ бойлы (170 см.) ақсары шашты жас әйелдің сембесі табылады. Археологтар

арасында «Лыулэн аруы» атпен белгілі болған бұл сембе кейіннен Шыңжаң-Ұйғыр өлкесінің орталығы Үрімші қаласының мұражайына әкелініп, экспонат ретінде жұртшылық назарына ұсынылды.



*«Черчен адамының» сембесі. Үрімші қалалық музейі.*

Оның жанына сәл кейінірек Такламаканның күнгейіндегі Черчен шаһары маңынан үш әйел, бір нәрестенің мүрдесімен бірге қазып алынған бойы екі метрге жуық «Черчен адамы» атты 3000 жыл бұрын өмір сүрген 50 жастағы ер кісінің де кепкен сембесі қойылады. Оның ұзын өрілген сарғыш шашы, жіңішке сақалы болыпты және бетіне татуаж әдісімен көптеген әшекейлер салыныпты. Үстінде қанкүрең түстес кебін, жанында әртүрлі пішіндегі он бас киім жатыпты. Әйелдердің беттері де сондай татуажбен безендірілген, шаштары қос бұрым етіп өріліпті, үстеріне қызыл көйлек, аяқтарына бұғы терісінен тігілген ақ байпақ киіпті. Басына көк телпегі бар үш айлық сәбидің екі көзін көгілдір таспен жауыпты. Жанында сиырдың мүйізінен жонған кішкентай тостаған, қойдың желінінен жасалған емізік қойылыпты. Үрімші мұражайындағы Тарым сембелерін көргеннен кейін оны зерттеу ісіне сол жылдары АҚШ-тың Пенсильвания университетінің қытай және үндіран әдебиеті мен діні бойынша профессоры В. Мэйр де белсене кіріседі. 1993 жылы зерттеу жұмыстарына рұқсат алған ол, Қызылшоқы қорымының

сембелерінен ДНК жұқпаларын алып, олардың Тарым алабында қола заманда өмір сүрген еуразиялық нәсілділер екенін анықтады. [301; 302, 56-58, 162-165, 352-363].



*Үш айлық сәби сембесі. Үрімші қалалық музейі.*

XXI ғасырда да Қытай археологтарының Тарым сембелеріне қатысты қарқынды жалғастырған зерттеулері баршаны таңғалдыратын зор жаңалықтарға қол жеткізіп жатыр. Шыңжаң археологиялық институтының мамандары өткен ғасырдың отызыншы жылдары швед ғалымы Ф. Бергманның 200-дей сембені көргені туралы жазып кеткен Сяохэ (Кішіюзен) қорымын іздеуге бел байлап, ол қалдырған карталар арқылы Лыулэн шәһарынан батысқа қарай 175 шақырымдағы меңіреу құм ішінен сол қорымды табады. Ол жай қорым ғана емес, бірінің үстін бірі көмкерген бірнеше қатпардан тұратын, биіктігі 7,75 метр, алып жатқан аумағы 2500 шаршы метрді құрайтын зор зират болып шықты. 2003 жылдан басталған қазба жұмыстарының алғашқы жылының өзінде 33 қабір аршылып, мәйіттері онша бұзылмай сақталған 15 сембе және әркімді де таңғалдыратын сол такламандық жерлеу ғұрпына тән мыңға жуық заттар зерттеу нысанына айналды. Тұзы мол құрғақ құм астына көмілгеннің арқасында бар сипаты бүлінбей сақталған бұл жерлеу жорасы расында таңғаларлық. Ол туралы қытайлық интернет сайтта

Шыңжаң археологиялық институтының директоры, осы қазба жұмыстарына бас болған профессор Ыдырыс Әбдірәсілдің берген сұхбатынан да көп мәлімет алар едік.

Жерлеу ғұрпының әуелгі ерекшеліктерінің қатарына – мүрделердің бас жағына жуан тораңғы бағаналардың, аяқ жағына жыңғыл қадалардың қағылатыны жатады. Тораңғы бағаналардың биіктігі 2-4 метрді, диаметрі 20 сантиметрді құрайды. Сонда қорымның бейнесі сырттан қарағанда бәліштің үстіне көп сіріңке шаншып қойғандай боп байқалады. Бағаналардың әрқайсысына 6-дан 16-ға дейін қыр жонылып шығарылған. Бірақ басымы 7 қырлы боп келеді. Ер адамдардың қабірінің бас жағына қадалған тораңғының ескек сияқты жонылған жоғарғы басы қара түспен, одан төменгі негізгі бөлігі қызылмен боялса, әйел мәйіттеріне төбе жағы жуан, төмен қарай жіңішкере беретін, қырлары шығарылған жұмыр тораңғылар орнатылыпты. Жоғарғы ұшы қызыл түспен боялып, жүн жіппен оралыпты. Археологтар жұмыр бағаналарды аталық белгі, ескек сырықтарды аналық белгі ретінде тұспалдайды. Мәйіттер үшін жасалған табыттар да өзінше бір әлем. Теректен қиылған тақтайларды ортаға мүрде сиятындай қуыс қалдыра доғалап иеді де, екі басын қадалармен сыналап бекітеді. Доғаның арасын тақтайшалармен бітеген кезде, төңкеріліп жатқан қайық сияқты табыт шығады. Қабір басында қайтыс болған адамға арнап сойылған өгіздің терісі сыпырылып алынып, сол жұмсақ күйінде оны табыттың сыртына керіп қаптайды. Құмнан қазылған шұңқырға жүннен тоқылған кебінге оралған мүрдені жайғастырғаннан кейін, бетіне қайық-табытты төңкереді. Үстіне құм үйеді. Ыстық әрі тұзды құмға көмілген өгіз терісі тез кеуіп, табытты құрсаулап тартып тастайды да, ылғал өтпейтін, құрғақ саркофаг пайда болады.



*Сяохэ қорымы*

Археологтар теріні кескен кезде астындағы тақтай қаншама мың жыл өтсе де жап-жаңа күйінде сақталғанын көріпті. Мәйіттің басына қой жүнінен тоқылған шошақ төбелі киіз бөрік кигізіліпті, егер ол ақтүсті болса, қызыл жіппен әдіптеліпті. Бөрікке күзен терісін жапсырып, кейде алдыңғы жағына күзеннің басын және бүркіттің не ақсарының қауырсынын қадапты. Жандарында сілеусін мен өгіз терісінен тігілген аяқ киімдер жатыпты. Ерлер де, әйелдер де қой жүнінен тоқылған белдемше тектес киім киген сынайлы. Ерлерге орап киюге лайықталған, етегіне шашақ ұстаған ұзын белдемшелер тән болса, әйелдердің белдемшелері одан гөрі ықшамдау тігіліпті. Бәрінің қасынан дерлік әртүрлі шөптен



тоқылған қолға ықшам себеттер табылыпты. Мәйіттердің үстіне қылша (эфедра) өсімдігі себіліпті немесе сол қылшадан тоқылған жамылғылар бүркеліпті. Шыңжаңдық профессор Ы. Әбдірәсіл мұны ежелгі наным-сенімдерде кездесер қылшаның мәңгілік өмір нышанына баланатын қасиетімен байланыстыра түсіндіреді. Әйелдерде нефриттен жасалған білезіктер мен моншақтар болса, ерлердің жанынан жыңғыл садақтар, қамыс жебелер табылыпты. «Мыңдаған табыттар зираты» атауына ие болған бұл қорымның жасын археологтар ж. с. д. 1980 жылмен шамаласады деп тауып отыр [303; 304, 122-127].

Осы ретте ғалымдарға 1979 жылдан белгілі, біз сөз етіп отырған Сяхэ зиратынан онша қашық емес, сол Көншедария жағасынан табылған, осы мерзімге орайласатын Кебіркөл (Гумугоу) қорымы (ж. с. д. 1800) екеуінің ғұрыптарында көп айырмашылық жоқ екені аңғарылыпты. Онда да сол сембелер үстіне төңкерілген табыттар, самсаған бағаналар, шошақ төбелі бөріктер, тері етіктер, қылша бұтақтары, жүн маталар, нефрит моншақтар, қамыс жебелер. Екеуінде де мәйіттер бастарын шығысқа беріп аяқтарын соза, шалқалай қойылған [244, 88-90].

Тарым сембелері кеңінен мәлім болған соңғы онжылдықтарда олардың кімдер екендігіне қатысты неше саққа құбылған талай болжам айтылды. Ескек басты бағаналарға, қайық секілді табыттарға қарап, олар бір замандарда Тарым ойпатының орнында теңіз болған кезде жүзіп келген адамдар екен, белдемше кигендеріне, тоқыма жүн маталарына, сары шашты, көк көзді, сұңғақ бойлы тұрпаттарына орайластыра, олар Шотландия жақтан жеткен еуропалық жұрттардың нақ өзі сияқты, деген қаншама жорамалдар ортаға тартылды десеңізші.

Ғылыми ортада олардың түп-төркінін ж. с. д. I мыңжылдық пен жыл санаудың бастапқы ғасырларына дейін Шығыс Түркістанның Құшар (Куча), Қарашар, Тұрпан шұраттарын мекен еткен жұрттар арасында қолданыста болып, кейіннен өлі тілге айналған, зерттеушілер тарапынан «тохар» деген тұспал атаумен таңбаланған тілде сөйлеген жұрттармен байланыстыру болжамының мысы басым. V-VIII ғасырларда будда

ғибадатханаларында көпке түсініксіз уағыздық мәтін түрінде айтылып, брахми жазуымен қағазға түскендігінің арқасында ғана зерттеушілер назарына іліккен ол тілдің Тарым сембелеріне еш қатысы жоқ, деген пікірлер бар болса да, бүгінде оларды «тохарлар» түрінде атау ғылыми айналымға сіңіп кеткендей. Әйтеуір «Тарым сембелері Шығыс Түркістанға қайдан келді», деген төңіректегі әңгіме қозғала қалса, оларды тохарлар миграциясымен сабақтастыра қарастыру дағдыға енді.

Мәселен, белгілі орыс лингвисті В. В. Иванов үндіеуропалық атамекен ретінде Алдыңғы Азияның теріскей-батыс (Оңтүстік-Шығыс Түркия, Солтүстік Месопотамия, Солтүстік Сирия) аймағын болжайтын өз теориясына сәйкес: «сол аумақта ж. с. д. V-VI мыңжылдықтарда жалпы үндіеуропалық тілдің айрықша диалектісіне жататын *түпкітохар* тілі де өмір сүрді», – деп есептейді. «Оны тұтынған жұрттар III мыңжылдықта Кіндік Азия жеріне ауысып, сол өңірден кейінгі отаны Шығыс Түркістанға жетті. Ол бұл аймаққа Қара теңіздің теріскейі немесе Еділ-Жайық далалары арқылы да тұяқ іліктіруі мүмкін... Осы көші-қон үдерістерінің барысында арғытохар тілінің дравид, арғыфин-угор, арғытүрк тілдерімен қарым-қатынасқа түскені байқалады... Шамасы тохар-түрк өзара тілдік байланыстары Кіндік Азияның шығысы не теріскей-шығысы – немесе [Шығыс] Орталық Азияда ж.с.д. I мыңжылдықтағы арғытүрктік кезеңде басталған сыңайлы», деп тұжырымдайды. Тохарлар кейіннен Тәңіртау мен Ханғай тауларына дейінгі аралықты билеген айбынды *үйежы* (жужы, юечжи) патшалығының құрамына енеді. Ж. с. д. 176-165 жылдары хұндардан жеңілген шығысиран тілді үйежылар Мауераннахрға ығысқанда, тохарлардың біразы олармен бірге кетсе де, кіші үйежылар аталған бір бөлігі Гәнсу мен Шығыс Түркістанда қалып, біртін-біртін сол төңіректегі халықтарға сіңіп, олар сөйледі деп жорамалданатын тохар тілі будда ғибадатханаларындағы уағыздар мәтіндерінде ғана сақталып қалды. [305, 5-31], деп түйеді ол.

Ғылымда бұл өлі тілдің екі нұсқасы бар екендігі жүйеленген. Бірі – «тохарлық А» («шығыстохарлық»), екіншісі – «тохарлық Б» («батыстохарлық») тілдер. Тарым ойпатының теріскей-

шығысындағы Тұрпан мен Қарашар шұраттарынан табылған «тохарлық А» мәтіндері ең көне нұсқаларға жатса керек, өйткені оған «тохарлық Б» және көне түрк тілінде түзетулер түсіріліпті. «Б» тіліндегі мәтіндер Құшар шұратында сақталғандықтан, оны YI-YIII ғасырларда «құшарлық» деп, ал «А»-ны қарашарлық, кейде *ағни* («шекараны мекендеушілер») деп атағаны да қаперге алынады. Яғни, ежелгі тохарлар өздерін «құшар, құса» немесе *ағни*, сондай-ақ тұрған жерлерінің Арғи аталуына сәйкес *арғи*, *арси* деп атауы да ықтимал екендігіне назар аударылады [14, 516-517; 306; 307, 160-161].

Қытайдың ж. с. д. Y-YI ғасырлардағы «Гуанцзы» трактатындағы «юйши» түрінде кездесетін этнонимге қытай зерттеушілері «солтүстік-батыс жабайыларының бірі», «олардың тауларында нефрит өндіріледі» деген түсіндірме беріпті. Үйежының (жыужудың, юечжидің) тарихы сол ежелгі замандарда жатыр, деген болжамға ден қойған орыс ғалымы С. Г. Кляшторный, оны антикалық, үнділік дереккөздерде тохарлар ретінде аталған жұртпен сәйкестікте қарастыруға мән береді. Сондай-ақ Батыс Түркістанға лықсыған үйежылардың ұрпақтары ретінде танылатын қусандардың сақ диалектісін қолданғандығы туралы деректерге сүйене отырып, ол тіл сол өңірлерге шығысыран тілінде сөйлейтін үйежылармен бірге жетті, ал тохар тілі кіші жыужулармен бірге Шығыс Түркістанда қалған еді, деп В. В. Ивановтың болжамын қолдайтынын байқатады [308, 21-26].

Ал Қытайдың көне тарихына қатысты еңбектердегі деректерден жинақталған атаулар мен терминдердің анықтамалық сөздігіне назар аударсақ, үйежы Шаң және Жыу патшалықтары кезінде батыс-солтүстікті мекендеген халықтың ұрпағы. «Батыс жақта оны *Asil*, *Asiani* деп атайды. Орталық жазықтың тура солтүстігінде көшіп-қонып жүрген оларды хұнның Маудуң тәңірқұты талқандап, батысқа қоныс аударуға мәжбүр еткенде, олар сонда Қусан мемлекетін құрды. Жыужулардан қалған мекенді усұндар иеленді. Ғалымдардың айтуынша, *үйежылардың тілі Алтай тіл жүйесіне жатады*» [251, 23], деп жазылғанын көреміз.

Қытайдың көне деректеріндегі тілге қатысты мәліметтерде бұра тартушылықтың кемірек байқалатынын ескерер болсақ, жоғарыда В.В. Ивановтың еңбегінде келтірілген «ж. с. д. 1 мыңжылдықтағы арғытүркілік кезеңде Орта Азияның шығысы, шығыс-теріскейі мен Шығыс Орталық Азияда тохар-түрк тілдерінің өзара байланыстары басталды» [305, 15], деген пікірдің бекер еместігі көлденең тартылар еді. Осы мәселені әрі қарай өрбіте отырып, аталған аймақтарда өркен жайған беғазы-дәндібай, сақ, хұн дәуірлеріндегі арғытүрк тілдерінің мысалдарын салыстырмалы тұрғыда зерттеу – бұл мәселеде бірқатар нәтижелерге қол жеткізер еді деп ойлаймыз...

Тохарлардың археологиялық төркінін сараптаған еңбектерге назар аударсақ, белгілі орыс ғалымы Л. С. Клейн ақ нәсілді олардың *арилерге жатпайтынына* мән бере отырып, тарымдықтардың бастапқы түп-тұқиянын: «тек Оңтүстік Сібірдің еуропеоид тұрпатты жұрттардан тұратын *афанасьев, андрон, қарасуқ* секілді үш қола мәдениет арасынан табылуы мүмкін» деген мәселемен сабақтастыра тарқатады. Және андронның арилермен сәйкестігіне байланысты, андрон бұл тізімнен бірден шығарылады. Афанасьев те солай. Оның көнешұңқырмен ұқсастығын назарда ұстай отырып, қос мәдениетті де «батыстан шығысқа қарай бағытталған үндіеуропалық миграцияның» көрінісі ретінде бағалайтын және «арилер сол көнешұңқырлықтардың ұрпағы» делінетін байырғы көзқарасқа сүйене отырып, ғалым афанасьев те аридің туысы, демек ол да тохар миграциясының археологиялық төркіні бола алмайды, деп тұспалдайды. Әрі афанасьев мәдениетінің шығысқа қарайғы іздері сонша айқын да емес. Яки Оңтүстік Сібір мәдениеттерінің арасында тохарға тек *қарасуқ* қана орайласады. Қарасуқтықтардың көші-қондық белсенділігі ғылымда бұрыннан да мәлім. Оған тән мәдени кешендер шығыста Хинганға дейін созылып, дәстүрлері мен үрдістері Солтүстік Қытайда да ұшырасып жатады. Сол себепті Қытайдағы Шаң (Иң) дәуірінің қару-жарағында, жеңіл арба сұлбаларында қарасуқ мәдениеті нышандарының байқалуына және қарасуқтықтардың ақ

нәсілділігіне байланысты, тохарларды сол мәдениеттің жалғасы ретінде болжаған жөн, деп тұжырады ғалым. «Бұл ретте, қарасуқтықтардың Мыңус ойпатындағы оған дейінгі мәдениеттерден бөлектеу дәстүрлерге ие екендігін де назардан шығаруға болмайды. Ғылыми зерттеулерде оның бұл аймаққа сырттан келуі мүмкін екендігіне әрдайым мән берілетіні белгілі. Ендеше, қарасуқ ретінде жорамалданып отырған тохарлардың да арғы атамекені басқа жақта жатқаны анық», деп топшылаған Клейн, олардың түпкі тегін Еділдің бас алабында ж. с. д. III мыңжылдықтың екінші жартысынан II мыңжылдықтың ортасына дейін өркен жайған *фатьянов* мәдениетінен іздестіреді. Ол мәдениетке тән керамика, қанжар мен пышақ сабы бастарының кей үлгілерінің қарасуқта да ұқсаған тұстары бар екен. Бұған олардың өмір сүрген мерзімдері де қайшы емес. Фатьянов – ж. с. д. II мыңжылдықтың бірінші жартысы болса, қарасуқ – екінші жартысында Мыңус аймағында жалғасты, деп түйеді ол [307, 160-172].

Алайда, Клейннің бұл тұспалдауы ғылыми ортада жаппай қуаттала қойған жоқ. Ресей Ғылым академиясының Петербордағы материалдық мәдениет тарихы институтының маманы В. А. Семенов *фатьянов* мәдениетін тұтынушылардың Енисейге дейін ұласқан көші-қондық бағыты бойында оған ұқсас археологиялық ескерткіштер тізбегінің жоқтығы, екеуінің антропологиялық тұрпаттарының да онша үйлесе бермейтіндігі (*фатьяновтықтарда* – теріскей-еуропеидтік, долихрон; қарасуқта – андронның қоспасы бар памир-ферғаналық түр, брахриан); *фатьянов* мәдениеті (ФМ) қабірлерінің – жай топырақ мола, *қарасуқ* мәдениетінде (ҚМ) қақпақ тастардан қаланған төртбұрыш немесе домалақ қабір; ФМ-де ер жынысты мүрделердің тізесі бүгіліп оң жақ бүйірімен, басы батысқа беріліп, әйел жыныстылардың сол жақ бүйірімен, басы шығысқа беріліп жайғастырылатыны, өртеу ғұрпының кездесетіні, көрге бір адам, кейде екі адам жерленетіндігі; ҚМ-де жеке адамның, шалқасынан созылып немесе сол бүйірімен тізесі сәл бүгіліңкірей, басы теріскей-шығыс пен шығысқа беріп көмілетіндігі; ФМ-де мүрдемен бірге шошқа,

қой еті, ҚМ-де қой мен жылқы (кейде сиыр) еті қойылатыны сияқты, тағы да бірқатар өзгерістері барлығын дәйектеп, ол мәдениеттерді бір-біріне жақын емес деп тапты. Әрі оның пікірінше, ҚМ-нің өзін де арғытохар тілін тұтынушылармен байланыстыруға келмейді. Шығыс Түркістан тохарларын одан да афанасьев мәдениетімен сабақтастырған дұрыс болар еді, деп есептейді ол [309, 114-116].

Осы орайда өзбекстандық ғалым Л. Л. Сверчковтың тохар мәселесін ерте темір дәуірінің «безендірілген керамика» (расписная керамика) мәдениетімен салғастыра қарастырған зерттеуінде [310, 176-197] көптеген назар аударарлық тұстардың бар екендігін айтқан жөн. Ол француз археологы К. Дебэйн-Франкфордың қола мен ерте темір дәуірлерінде Шығыс Түркістанда үш тарихи-мәдени қауымдастық: Шыңжаңның солтүстік-батыс аумағында андрондық дәстүрдегі жұрттар, Такламакан шөлінің оңтүстік, батыс және теріскей-батыс өңірлерінде «сұр керамика» ескерткіштерін қалдырған қауымдар, Шығыс Түркістанның орталық бөлігі, яки Тәңіртаудың күнгейін оның шығыс сілемдерімен қоса, батысы – Құшардан, шығысы – Құмылға дейінгі аймақта «безендірілген керамиканы» тұтынушы тайпалар мекендегенін дәлелдеген зерттеуіне сүйене отырып, соңғы мәдениеттің арғытохарларға қатысы барлығына мән береді.



*Мацзяо мәдениетінің  
безендірілген  
қыш ыдысы.  
Гәнсу аймағы.  
Қытай.*

Солтүстік ирландық һәм американдық ғалым Дж. Мэллори мен әлгінде аталған Пенсильвания (АҚШ) университетінің профессоры В. Мэйр де кейінгі онжылдықтарда жүргізген зерттеулері бойынша, Лондонда 2000 жылы бірлесіп кітап етіп шығарған тарым сембелері туралы («The Tarim Mummies») еңбектерінде, «А» және «Б» тохар тілдері тараған аймақтың (Құшар, Қарашар, Тұрпан) түп-тура «безендірілген керамика» мәдениеті аумағымен дәл сәйкесіп жатқанын атап өтіпті. Сондай-ақ осы мәдениетке жататын қорымдардан еуразиялық нәсілділердің түгелге дерлік типтері кездесуімен қатар, моңғол нәсілділердің де (әсіресе шығыс өңірлерінде) молынан ұшырасқанына көңіл аударылыпты [310].

Тарым алабының «безендірілген керамика» <sup>34</sup> мәдениеті үрдістерінің ж.с.д. II мыңжылдықтың ортасында батысқа қарай жылжып, Ферғананың *чуст*, Ташкент, Шымкент шұраттарының *бурғүлік*, теріскей Көпетдағтағы *яздепе* мәдениеттері, Сұрхандария алабындағы *Майдамене* қонысы ескерткіштері бойынан көрініс беруі де ерте Жібек жолы бойындағы осы аталған аймақтарда біртекті қауымдастықтар тіршілік етуі мүмкін екенін аңғартқандай болады, дейді Сверчков. Мәселен, Тарымның теріскейіндегі Синтала қонысы (ж. с. д. 1700-1400 ж.) мен

---

<sup>34</sup> Қытай археологтары ашық фонға қызыл-қоңыр бояулармен әшекейлер салынатын тарымдық «безендірілген керамика» дәстүрінің шығу төркінін ж. с. д. 3300-2000 жылдар аралығында Гәнсу аймағында өркендеген, «безендірілген керамиканың алтын дәуірі» аталған *мацзяо* мәдениетінің ықпал-әсерін ұластырған үрдістермен сабақтастырады. Қола дәуірінде Гәнсу мен Тарым сынды екі аймақ арасында байқалған археологиялық сипаттардың ұқсастығы керамика ыдыстарында да (пішіні, өрнегі, безендіру әдісі) аңғарылады екен. Аталған аймақтардың өзара қапталдас өңірлерінде (Шыңжаңның шығысы – Гәнсудің батысы) өркен жайған *сыба* мәдениеті (ж. с. д. 1900-1400/1500) де әдетте осы екі ареалдың бір-біріне этномәдени тұрғыдағы ықпалдасуынан туындаған түзілім ретінде бағамдалады [310, 181]. Ал *сыба* мен оның жалғасы ретінде саналатын *сыва*, *сиңдян* мәдениеттерінің *жұң* (салт аттылар) тайпаларының кей тармақтарымен қатысы барлығы жоғарыда сөз етілді.

Майдатепедегі (ж. с. д. 1400-1000) шикі кірпіштер көлемінің бірдей болуы, бір жағынан Синталаның соңғы кезеңінде оны мекендеген жұрттардың кей бөліктерінің Байсын тауларына дейін қоныс аударғанын да көрсететіндей. Өйткені сол ғасырда Қытайдың теріскей далаларында орнаған қуаңшылықтың шөлейтті аймақтағы Тарымға да әсері кәдімгідей тиіп, синталалықтар өздері сияқты басқа да қауымдармен қосыла байырғы көші-қон бағыттарын қайталай, батысқа беттеуі, жолшыбай *чуст, бұргүлік* мәдениеттеріне «безендірілген керамика» үлгілерінің әсер-ықпалдарын дарыта, Майдатепе, Яздепе өңірлеріне де жетуі ықтимал. Дәл осы қоныс аудару жөңкілісінің кей сипаттарын «Авестадағы» Тұран патшасы Афрасиабтың арилер елін жаулап алған оқиғасымен де байланыстыруға болар еді, дейді автор. Ол мұны Байсынсай алабындағы Майдатепе қонысының төменгі қатпарларынан беғазы-дәндібайлық *білемді* керамика үлгілерімен бірге, «безендірілген керамика» ыдыстарының да табылуымен сабақтастырады.

Өйткені, дәл осындай керамика Зеравшан алабындағы, соңғы жылдары француз-өзбек археологтары бірігіп зерттеп жатқан Көктепе (Көктөбе) қалашығының (Самарқаннан теріскейге қарай 25 шақырым жерде) астыңғы қабаттарынан да кездесіпті. Ал жаңа қазба жұмыстарының нәтижесі бойынша ж. с. д. II мыңжылдықтың екінші жартысында ірге көтергені нақтыланған бұл Көктепе қалашығының Тұран тарихындағы орны аса елеулі, дейді зерттеушілер. Ол осыған дейін Афрасиаб патшаның ордасы ретінде аталып жүрген Самарқандтан (Афрасиаб) әлденеше ғасыр бұрын ірге көтерген, суландыру жүйелері де, қорған қабырғалары да одан әлдеқайда көне заманға тартатын қалашық болып шықты [311, 139-150; 312, 131-138]. Қазіргі атауының түп-тегі Бирунидің айтуынша, түркше Семізкент деген сөзден шыққан Самарқанд шәһары (грекше Маракана) – Соғдиана аймағының астанасы ретінде негізінен Ахемен дәуірінде танылған. Сондықтан да француз-өзбек археологтары грек тарихшысы Лүций Флáвий Арриán «Соғдиана астанасы» деп атаған шаһарды – дәл осы



Көктепе деп тұспалдап отыр. Яки, күллі Тұранның бас қаласы, тұрлардың патшасы Афрасиабтың ордасы да сол болмаққа керек [310, 190].

Зерттеушілер арасында «Авестадағы» *тұрлардың* Геродот пен Страбон деректеріндегі *массагеттерге* сәйкесетіні де жүйеленген. Массагеттердің археологиялық белгілерінің қатарына – Каспийдің оңтүстік-шығыс жағындағы төрт жағы қақпақ тастардан қаланып, беті де таспен жабылған қабірлердің жататынын, кезінде орыс археологы А. М. Мандельштамның дәйектеп кеткенін, кейіннен ондай қабірлердің Үстіртте, Ферғана жазығында кездескенін қаперге алсақ, ол жұрттардың Батыс Түркістанның біраз аймақтарына жайылғанын байқау қиын емес [313, 13, 29, 123-124]. Осы ретте археолог Е. Д. Салтовскаяның Ферғана өңіріндегі сол тектес Даштиашт тас қорымынан «безендірілген керамиканың» ең озық үрдістерімен әшекейленген ыдыстарды тапқанына қарап [314, 95-98], бұл қыш безендіру үрдісінің тохарларға ғана емес, тұр-массагет ретінде пайымдалатын ол қауымдарға да бөтен болмағаны аңғарылар еді. Ол бір жағынан, ферғанатанушылар арасындағы ж. с. д. II мыңжылдықтың екінші жартысында теріскейден оңтүстікке қарай жылжыған далалық тайпалар мәдениетінің отырықшылық мәдениетпен тоғысуы нәтижесінде «безендірілген керамиканың» жаңаша үрдіспен жаңғырғаны жөніндегі пікірлермен [315, 136-137] де қисынды орайласады.

Демек, жоғарыда И. В. Пьянков тарапынан тілге тиек етілген – беғазы-дәндібайлықтарды *жұң*, *тұр* жұрттарымен ортақ аяда қарастырылатын этнотектік байланыстарының бір бағыты, Ферғана жазығы арқылы Тұранның оңтүстік-батысына қарай өткен тарымдық миграциямен де қатар жүрді деп болжауға келетіндей. Мәселенің осы жағына мән берген Сверчков *тұрлардың* (массагеттердің) ғылыми ортада қалыптасып кеткендей «шығыс иран» диалектісінде емес, басқа тілде (Афрасиабтың арилерге түсініксіз тілін еске алыңыз) сөйлеуі әбден мүмкін екенін ортаға тартып, оны «*тұран тілі*» деп атау жөніндегі пікірін білдіреді. Бұл ретте салыстырмалы тіл мамандарының соңғы зерттеулерінде, мәселен, американдық

ғалым Г.Карлингтің «Proto-Tocharian, Common Tocharian, and Tocharian – on the value of linguistic connections in a reconstructed language» атты еңбегінде, арғытохар тілінің жалпыүндіари диалектілерімен ж. с. д. II мыңжылдыққа дейін еш байланысы болмағаны, оған да, үндіариге де, қытай тіліне де Орталық Азияда ежелден өмір сүрген мәлімсіз донор-тілдің әсері тигені дәлелденгенін қаперге алуға болады [310, 191].

Сол донордың – арғытүрк тілінің бір диалектісіне жатуы да әбден ықтимал. Өйткені арғытохар мен арғытүрк сөздерінің әуелден бір-біріне ауысып тұрғаны анық. Бұл алмасулардың ж.с.д. I мыңжылдығы ауқымындағы мысалдарын нақтылау барысында В. В. Ивановтың: «арғытүрк тіліне сіңген кей сөздердің болжамды мерзімі бізге белгісіз прототохарлық диалекті заманына кетуі мүмкін» [305, 14], деп сәл күмән білдіре жазған пікіріне енді басқаша көзбен қарауға да болатындай. Яғни, Г. Карлинг дәйектеген донор-тілдің бойында сонау *көнешұңқыр, ботай, афанасьев, бегазы-дәндібай* замандарында Орталық Азияда өмір сүріп, *арғыари, арғытохар, арғықытай, арғыалтай-орал* тілдерімен аралас-құраластыққа түскен *арғытүрктік* тілдің бағзы нышандары жатуы әбден мүмкін. Өйткені «тұран тілі» деп тұспалданып отырған ол диалектіге *ари* тілі келіңкірей қоймайды. Жоғарыда ауық-ауық айтылғандай, оның Орталық Азия аумағына ж. с. д. II мыңжылдықтан ғана Еділ жақтан бастап енгені мәлім. Оған дейін бұл кеңістікте, негізінен *арғыалтай-орал-түрк*, Батыс Түркістанның оңтүстігінде *дравид*, Шығыс Түркістан аймағында, бәлкім *арғытохар* тілдері қолданыста болған еді. Андрондық дәуірде *арғыүндиран* тілінің таралуы қарқынды жүргенін жүйелеген зерттеулерде, *арғытохар* тілінің Орталық Азияға арилерден сәл ілгерірек мерзімде жеткені жорамалданады. Соңыра Тарым алабында оқшаулана өмір сүруіне байланысты ғана ол өз бойына байырғы жалпыүндіеуропалық тіл кезеңіне тән архаикалық сипаттарды көбірек сақтап қалды [305, 8], деген болжамдарға басымдық беріледі. Демек бұл тұрғыдан алғанда, *арғытохарды* да «донор-тіл» деудің реті келмейді.

Сонымен, Батыс Түркістанның күнгей өңірлеріне тарымдық тохарлармен бірге «безендірілген керамика» үлгілерін жеткізуге қатысқан немесе ол дәстүрді қайтадан жаңғыртуға атсалысқан донорлық «*тұран тіліне*» қай тіл сәйкесуі ықтимал дегенге келсек, оларды өз-өзінен Е. Е. Кузьмина *арғытүрктер* ретінде дәлелдеген [186, 130-131] байтақ «орталықазиялық» ауқымдағы *бегазы-дәндібайлықтар* [284] қолданған тіл төңірегінен, яки, шығыс қапталы арғытохарлармен аралас-құралас жатқан *жұңдар/тұрлар* немесе *дилер* [232; 233; 263] диалектілерінің маңайынан іздестіру, басқа нұсқаларға қарағанда, қисындылау байқалар еді. Ол тілдердің автохтондық тарихының арғытүрктерге (арғыалтайлықтарға) барып тірелері – археологиялық та, ДНҚ-генеалогиялық та тұрғыдан соншама қайшылыққа ұрындыра қоймайды.

Осы ретте тохарлар ретінде тұспалданған тарым сембелерінің антропологиялық, генетикалық мәліметтеріне де назар аудару артықтық етпесі анық. Краниолог (бас сүйек құрылымын зерттеуші) А. Г. Козинцев олардың шыққан төркінін қаузаудың күрделілігін қаперге ала отырып, тарымдықтарға тән көк көзділік пен сарышаштылық белгілердің – қола мен темір дәуірінде Еуразия даласының шығыс бетінде кездесіп тұратын сипаттардың біріне жататынын атап өтеді. Мәселен, қазба сүйектері зерттелген батыссібірлік жеті андрондықтың төртеуінің рендерінің солай болғаны, алтауының аталық зәузатының еуразиялық аққұба нәсілділерге тән – *R1a1a (M17)* гаплотипіне, біреуінің арғыалтайлық *C* гаплотобына сәйкестігі анықталыпты. Тарымдықтардың Сяохэ қорымынан (ж. с. д. 1980 ж.) қазып алынған жеті сембенің жетеуінің бойынан да аталған *R1a1a* гаплотобы түзілімдерінің табылуымен қатар, аналық *mtДНҚ* зәузаты тексерілген 20 мүрденің арасынан бес еркек пен тоғыз әйелге шығысеуразиялық *C4* гаплотобының тән болуы – тохар ретінде тұспалданатын олардың бұл аймақтарда андроннан да бұрынғы замандарда өмір сүргенін көрсететін нышанға саяды. Олардың краниологиялық тұрпаттары басқалардан гөрі қазақ жерінің шығысы мен Кенді Алтайдағы федоровтық қорымдарда

жерленген қауымдардың бас сүйегіне жақындау сипатта байқалыпты. Ал ол шығысқазақстандық тұрпат, бір жағынан *көнешұңқырлық, полтавалық* краниологиямен үйлесіп жатыр [304], деп түйеді Козинцев. Көнешұңқырлықтардың негізінен *R1b* гаплотоптылар екені мәлім. Осының өзі де аталған екі зәуаттың әу бастан өзара туыстығын, әуелде бір тектен тарағанын, бір тұқымнан өргенін көрсететін нышанға саяды. Өйткені **«краниометрия бойынша *R1a* мен *R1b*-нің бір-бірінен еш айырмашылығы жоқ»** [316, 768]. ДНҚ-генеалогия мәліметтеріне мән бере қоймайтын, тек краниологиялық сараптауларға ғана сүйенетін зерттеушілердің де олқы тұстары осындай сәттерде байқалып қалады. Егер бассүйек құрылымында «еурпеоидтік» деп аталып кеткен сипат байқалса болды, оларды көп ойланбастан, Еуропа жерінен көшіп келгендер қатарына қоса салу, яки ол қауымдардың үндіеуропалық тілде сөйлегендігі де анық, дегенге құлай кетушілікке, әбден қалыптасқан дағдыдан аса алмаушылыққа ұрынып жатады олар көбіне. Антропологтардың көнешұңқырлық, ботайлық, беғазы-дәндібайлық, т. с. с. қауымдарға жататын бас сүйектерден де «еурпеоидтік» нышандарды байқауына байланысты, зерттеушілердің оларды үндіеуропа тілінде сөйлейтін жұрттарға жөнсіз тели беруінің әлі күнге дейін жалғасып келе жатқаны да содан...

Тарымдық сембелер бойындағы аналық *C* гаплотобы бізге ежелгі орталықазиялық зәуат ретінде жақсы мәлім. Ол сонау палеолит замандарында өзінің сыңары *Z* гаплотобымен бірге Үнді (Инд) өзенін өрлей келіп, Хейбер асуы арқылы Әму мен Сыр алабына қарай өткен, соңыра Сібірдің оңтүстігінде молынан ұйысқан түп-тұқиянға жатады. *C* тармағының Саяннан Тәңіртауға дейінгі аймақтарда таралғанына қатысты орыс генеалогтары Е. В. Балановская мен О. П. Балановскийдің көлемді еңбегінде де нақты мәліметтер карта бетіне түсіріліп көрсетілген [317, 258-260]. Осы себептен де тарымдықтарды (тохарларды) фатьянов мәдениетінен тарады дейтін Л. С. Клейннің де [307], Ирандағы Загрозстан жылжып жетті деп тұспалдайтын А. А. Ковалевтің де [318] болжамдарының мерзімдік, этнотектік тұрғыда үйлесе

қоймайтыны өз-өзінен аңғарылып қалады. Одан да ол қауымдарды осы аймақтың ежелгі *R1a1* автохтондары ретінде қарастырған оралымдылау.

Бұл ретте де бірсыпыра жаңашыл дәйектерді ДНҚ мәліметтері алға тартар еді. *R1a* гаплотопты жұрттардың ежелгі тектерінің әуелгі орталықазиялық атамекендерінде де тікелей ұрпақтары қалғаны, ол қауымдардың осы күнге дейін Алтай төңірегінде, оның оңтүстігі мен Шығыс Түркістан, Ордос өңірінде өмір сүріп отырғанына қатысты деректерді бірінші тарауда сөз еткеніміз оқырман есінде болар. Онда ДНҚ-генеалогтардың Еуропа айналып, сол жақтан ж. с. д. II мыңжылдық басында Орталық Азияға қайыра жеткен, қазақ даласы, Батыс Түркістан арқылы етектегі үндіран жерлеріне өткен *R1a1* зәуазаттыларды – **батыстық** («*арилік*» немесе «*үндіеуропалық*»); ал Алтай-Саян мен Тәңіртау аралығында, Қытайдың теріскей өңірлерінде ең ежелгі сілемдері қалған *R1a1* гаплотоптыларды – **шығыстық** («*үндіеуропалық емес*», «*алтайлық автохтон*») гаплотиптер деп жіктеуді жүйелегеніне назар аударғанбыз [18, 529-538; 104; 203; 207]. АҚШ профессоры А. А. Клесов тохарлар мәселесіне де осы тұрғыдан келгеннің жөн екендігі туралы өз дәйегін ұсынады. «Лингвистердің тохарларды «Еуропаның қақ ортасында» өмір сүріп, Шыңжаң аймағына кейіннен келген деп түсіндіруі мені иландырмайды. Олардың тіл түзілімдері еуропалық «үндіеуроопа» тілдерінен талай мың жылға алшақ жатыр ғой. Қайдағы «Еуропаның ортасы?». Меніңше, тохарлар еш жаққа кеткен жоқ. Оларды соңғы 10-15 мың жыл бойы осы байырғы отандарында, Шыңжаңда ғұмыр кешті деп санау ләзім. Бүгінгі күндері сол мекенді қоныс етіп отырған ұйғырлар арасындағы *R1a1* зәуазатқа ие қауымдардың базалық (*13 23 14 10 – 12 – 14 13 16*) гаплотипі мен Орталық Азияны оңтүстігінен айналып, батысқа қарай кеткен «үндіеуропалық» базалық (*13 25 16 11 – 12 – 13 11 17*) гаплотип арасында 9 мутация жатқаны анықталды. Бұл олардың ортақ ата тектерінің осыдан 25 мың жылдай бұрын ғана бір болғанын бағамдатады» [319, 43-44], дейді ол. Яғни, Тарым алабында YI-YIII ғасырларда қолданыста болып, ғылымда XIX ғасырдың

соңында ғана ашылып, «тохар тілі» деп тұспалданған тіл, бұдан 15-20 мың жылдай бұрынғы, кейіннен «үндіеуропалық» топқа жіктелген тілдің, бастапқы түпкі нышандарын бойына сақтап қалған ежелгі диалектісі болуы да әбден ықтимал. Сол көне сілемдер ж. с. д. 21 мыңжылдықта Тибет арқылы Пәкістан мен Үндістанға қоныстанған, Ауғанстаннан Иран үстіртіне жеткен, 11-9 мыңжылдықтарда Анадолы арқылы Балқан түбегіне асқан *R1a1* қауымдарымен бірге талай әсерлерге ұшырай жүріп, Еуропаға *ари* тілінің әуелгі нұсқалары ретінде жетті, деп санау ләзім [319, 41-43].

А. Клесовтың бұл пікірінің дұрыстығын канадалық медик Д. Фаукстың зерттеулері де дәлелдеп отырғанын айтуға тиіспіз. «Тарымдықтар Скандинавия жақтан келген викингтер болуы керек» деген тағы бір болжамның дүдәмалдығына осы ғалымның генетикалық деректерді сараптау негізінде «скандинавиялық викингтердің арғы тегінің хұндар екендігін дәйектеуі, яғни олардың Орталық Азиядан Скандинавияға дейін барғанының нақтылауы» да даусыз айғақ ұсынды. Әрі сембелердің киімдерінің бәрі Орталық Азияның далалық тайпаларына тән киімдер болып шығыпты [319-а, 318].

Интернет аясындағы ДНҚ мәліметтерінде Тарым алабындағы ұйғырлардың 30 пайызы негізінен «шығыстық» *R1a1*, 20 пайызы *R1b (M73)* зәуатты құрайтыны шамаланады. Екеуінің де Орталық Азияның ежелгі гаплотиптері екені мәлім. Бір назар аударарлығы, Қытайдың Кіндік Жазығын қамтып жатқан Хэнаң уәлаятындағы этникалық қытайлардың (ханзулардың) 5-9 пайызын «шығыстық» *R1a1* құрапты [320]. Егер осы уәлаяттағы халық саны 2010 жылғы санақ бойынша, 94 миллион адам болғанын қаперге алсақ, олардың 5-9 миллиондай тұрғынына осы ежелгі гаплотоптың тән екендігін байқар едік. Бұл, жоғарыда сөз етілген ежелгі Шаң, Жыу патшалықтары өркениетінің бастауында еуразиялық нәсілдер тұрды, деген археологиялық болжамды қуаттайтын қосымша дәйекке де саяды. ДНҚ-генеалогия мәліметтері бойынша, ол еуразиялық нәсілділердің дені арилерге дейінгі «байырғы, автохтон» *R1a* ұрпақтарына жатады. Өйткені: «**ежелгі**

«шығыстық» *R1a1* гаплотобы тараған аумақ, Оңтүстік Сібір мен Алтайдан бастап, қазіргі Қытайдың теріскейін қаусыра, батысқа қарай созылып, Батыс Түркістанның күнгейіне дейінгі кеңістікті қамтиды. Олар *арилік*, яки Еуропа айналып келген, сондай-ақ Кавказ, Алдыңғы Шығыс гаплотиптерінен мүлдем бөлек. Талай мың жыл бойы олардың жолдары бір-бірімен еш қиыспаған. Екеуінің түп-тегі 21 мың жылдай бұрын бір болғанымен, кейіннен *R1a1*-дің екі бөлек тармағына ажырап, бөгделеніп кеткен алыстан қосылатын туыстар»... «Қайта бұл екі арада «шығыстық» *R1a1*-ға, одан гөрі байырғы түп бабалары – *R*-ден тараған сыңары *R1b* жақындау боп кеткен. Ежелгі атамекендерінде қалған екеуіне де, әу бастан сол аймақта пайда болған арғытүрк тілдері көбірек тән» [104, 928, 935], деп атап өтеді Клесов.

Бұл қос гаплотоп («шығыстық» *R1a1* және «арғытүрктік» *R1b*) Орталық Азияда соңғы мұз дәуірі кезінен ұқсас этнотектік тіршіліктерін қатар ұластырумен келе жатқан ағайын зәуаттар. Энеолитте *R1b*-нің бір бөлігі көнешұңқырлықтармен бірге, батысқа қарай, Еуропаны қаусыру сапарына беттегенде, қалған бөлігі байырғы «орталықазиялық» атамекендерінде қалып, ежелгі «шығыстық» *R1a* жұрттарымен бірге арғытүрктік (немесе «тұран тілді» [310]) қауымдастықтарды құрап, қазақ жері мен Ордос арасындағы байтақ кеңістікте қанаттаса күн кешті. Еділ жақтан *арилер* жеткеннен кейін, жер, қоныс үшін өткен қақтығыстарға толы аумалы-төкпелі ғасырлар барысында, олардың тектік, тілдік түзілімдеріне біршама өзгерістер енгендей болды. Алайда біраз уақыттардан соң қайта қажыр жиған байырғы *R1a* мен *R1b* автохтондары, андрон дәуірінің соңғы кезеңінде арилерді күнгейге лықсытып, өздеріне ежелден тән түз тіршіліктерін соны сипаттармен жаңғырта отырып, арғытүрктік нышандарға ие [186, 130-131], шығысы – *жұң* мен *тиек* (*ди*), батысы – *тұр* жұрттары ретінде бағамдалатын [232; 233; 262], біртұтас «орталықазиялық *бегазы-дәндібай* мәдениетінің» [284] қуатты этнотектік, археологиялық нұсқаларын қалыптастырды.

## 7. БАЙЫРҒЫ ТҮЗДІК-ОТЫРЫҚШЫЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕРДЕН – ІЛКІСАҚТЫҚ ҮРДІСТЕРГЕ

Беғазы-дәндібай түзілімдерінің кейінгі зерттеулер нәтижесінде кең ауқымды мәдениет ретінде танылуын – әлгінде айтылғандай, оның Батыс Түркістанның ең оңтүстік аймақтарына дейінгі өріс ұзартулары ғана емес, шығысқа, шығыс-теріскейге қарайғы таралу бағыттары да анық байқатады. Археолог К.В. Чугунов Беғазы керамикасының Батыс Сібірдің Бараба жазығында, Алтайдың орманды-далалық өңірлерінде, Қара Ертістің жоғарғы ағысында, Шыңжаанның теріскейінде кездесетінін қаперге ала отырып, ерте беғазы-дәндібайлық кесенелердің бірсыпыра сипатының Шығыс Орталық Азияның солтүстік аймағындағы херексур<sup>35</sup> мәдениеті бойынан да аңғарылатынына мән береді. Олардың екеуіне де – қабірді онша терең етіп қазбау, көтерілген моланың айналасына шеңбер немесе төртбұрыш түрінде тас үймелер, қоршаулар қалау, қалқатастар орнату дәстүрі тән. Сондай-ақ беғазылық ескерткіштерде ұшырасатын мүрденің басын батысқа беріп шалқасынан жатқызып жерлеу жорасы херексур мәдениетінде де кездеседі екен [322, 146-147].

Бұл олардың өзара ұқсас ортақ мәдениеттер қайнарынан өрбігенін көрсеткендей де болар еді. Осы ретте белгілі бурят археологы А.Д. Цыбиктаровтың херексурлар мен сынтастар (бұғытастар) ж. с. д. II мыңжылдықтың ортасында Батыс Моңғолиядағы *афанасьев* мәдениетін алмастырды деген пікіріне

---

<sup>35</sup> Моңғолша «гэргес-хуур» - «қырғыз қорым» атауынан шыққан археологиялық термин. Биік етіп үйілген моладан және оны айналдыра шағын тастармен, диаметрі 20 метрге дейінгі дөңгелек немесе төртбұрыш түрінде қоршалған қабір құрылысы. Херексур үймелері жанынан кейде жалғыз немесе жұптап орнатылған сынтастар (бұғытастар) кездеседі. Археолог Д.Г. Савинов кейінгі жылдарда Шығыс Түркістанның Моңғолиямен шектесер Шұбаркөл өңірінде диаметрі 210 метрді құрайтын зор херексур құрылысы табылғанын жазады. Онда орталық үймені айналдыра орнатылған қалақтастар арасында оншақты сынтастар да қойылыпты [321, 231-240].



назар аударуға тура келеді. Бұл аймақтағы афанасьев қабірлерінде де кезінде мүрдені шалқасынан тізесін бүгіп жайғастыру, бастарын батысқа, теріскей-батысқа, шығысқа бағыттау, үстеріне жоса себу дәстүрі тән болыпты. Кейінгі афанасьевтік қабірлерде мәйіттерді тізесін бүгіп, бүйірімен жатқызу, жосаны кемірек себу, жайпақ табанды керамиканы тұтыну дағдысы енгені мәлім. Сол үрдістердің бірсыпырасы осы өңірлерде онымен сабақтаса көрініс берген *мөңгун-тайга мәдениетіне* (МТМ) де ауысыпты. Екеуінің тас-топырақтан көтерілген обаларының астындағы қабірлері аса терең емес. МТМ-де мүрделерді сол жағымен, кейде оң бүйірімен жатқызу, жосаны қолданбау, басын көбіне батысқа бағыттап жерлеумен қатар, кейде шалқасынан аяғын созып, жайғастыру да ұшырасады. Таяз қазылған қабір қабырғасының жер бетіндегі бөлігінің дөңбек тастармен қаланып, үсті қалқатастармен жабылатын *мөңгун-тайгалық* обалар мен *афанасьевтік* обалардың өзара ұқсас тұстары, оларды қалдырған жұрттардың бір-бірімен мәдени-тектік байланыстары барлығын жорамалдатады... Осы тұрғыдан алғанда херексурлардың айнала төртбұрыштап, шеңберлеп қоршаған тас үйме қоршаулары болмаса, МТМ обаларынан айырмашылығы шамалы. Ал тиісінше, ондай үймелер Алтай және Мынустағы *афанасьевтік* обалардың, қалқатастарды жалпағынан немесе тігінен тұрғызылған дөңгелек бітімді қоршауларымен үндестік табар еді. Шамасы, қола дәуіріндегі херексурлық жұрттар атақты адамдарын жерлеген кезде бастауы энеолиттік заманға кететін дәстүрлерді қайталап, обаның айналасына үйме қоршаулар тұрғызуды жалғастырса керек. Сол кезеңде қабірлерді әртүрлі пішінді қоршаулармен көмкеру дала тайпаларының бірсыпырасына (араларында *бегазы-дәндібай* да бар) тән сипаттар ретінде танылғаны аңғарылады [323].

Яки, бұл айтылғандардан түйер нәрсе, *бегазы-дәндібай* мәдениеті түзілімдерінің де бір бастауында, біз арғытүркітік мәдениеттер ретінде танып отырған *афанасьевтік* дәстүрлердің сілемі жатуы ықтимал. *Мөңгун-тайга* мен *херексурда* өзара ұқсас тұстары табылған ол ортақ үрдістердің әсері бегазылықтарға да қатар жетуі кәміл, деп бағамдауға болады. Бұл пікірмен кейінгі

жылдарда *херексур* мәдениетінің *бегазы-дәндібай* кешенімен ықпалдаса дамығандығы туралы петерборлық археолог К. В. Чугунов тарапынан айтылып жүрген тұжырымдар да үйлесімді орайласады. Оның дәйектеуінше, Орталық Азияға кеңінен таралған осы бегазылық дәстүрлер өз кезегінде ж. с. д. II мыңжылдықтың соңынан қылаң бере бастаған *ілкисақ* мәдениеті қалыптасуының күрделі үдерістеріне тікелей әсер етті, оның алғашқы ескерткіштері қатарында саналар *Аржан-1* мәдени кешені үрдістерінің бастауында тұрды, Сырдариядағы Түгіскен кесенесін түлетті, Жетісудағы Бесшатыр (алтыншы оба), Шығыс Қазақстандағы Шілікті, Мыңус жазығындағы Тағар обаларының бір-біріне ұқсас жерлеу құрылыстарын туындатты. Бұл обалардың бәрінде де қабір лақытына кіретін жер асты дәлізі (дромос) ылғи да шығыс жақтан шығарылады [324, 227]. Бегазы-дәндібай мәдениеті жартас кесенелерінің барлығында да жер асты дәлізі дәл солардағыдай шығыс беттен басталады [143, 70]. Бұл айтылғандардан, херексурларға тән сыртқы қоршауы дөңгелек, кейде төртбұрыш тас үйіктерден тұратын жерлеу құрылыстарына сәйкес түзілімдердің соңғы қола дәуірінде тек *бегазы-дәндібай* ескерткіштерінде ғана ұшырасатынына назар аударған Н. А. Боковенконың, осы ортақ сипатқа орай, *ілкисақ* мәдениетінің кіндігі қазақ жерінде кесілгенін тұспалдауы [325, 70] да алшақ кете қоймайды.

Бегазы-дәндібай мәдениетінің тікелей ықпал-әсерінің Тыба жерінен аршылған *ілкисақтық* әйгілі Аржан обасы сипатында өте айқын байқалатынын, шамасы ол обаны қазақ жерінен келген жұрттар көтерген болуы керек, яки дәндібайлық тайпалардың сак мәдениетінің туындауына тікелей ықпал-әсері тигені анық, деген орайдағы тұжырымды кезінде хақастың әйгілі ғалымы Л. Р. Қызласов та «Советская археология» атты беделді ғылыми басылым бетінде дәйектеп кеткені белгілі [326]. Ол пікір бүгіндері бірқатар ғалымдар тарапынан қолдау тауып отыр [231, 219]. Қазақтың белгілі археологы З. Самашев те кейінгі жылдары жүргізілген зерттеулер нәтижесінде ерте темір дәуіріндегі *ілкисақ* мәдениетіне жататын Шығыс Қазақстандағы Майемер, Шілікті,

Тыбадағы Аржан, соңғы жылдары Қарағанды облысында ашылған Талды-2 ескерткіштерінің Қазақ даласындағы бегазы-дәндібай феноменімен тектестігіне қатысты пікірлердің орнығып келе жатқанына мән береді [327, 62]. Яки, *бегазының* өзінен кейінгі дала мәдениеттерін туындатудағы әсер-ықпалы археологиялық тұрғыда да қуатты түрде дәйектелу үстінде екендігін байқаймыз.



*Түтікшелі алтын сырға.*

*Ә. Марғұланның қазбасы.  
Айбас дарасы. Сарыарқа.  
Ж. с. д. XII-X ғ.  
ҚР Ұлттық музейі*

*Жылқы мүсіндері  
бар түтікшелі  
алтын сырға.*

*К. Ақышев қазбасы.  
Мыңшұңқыр  
(Жетісу).  
Ж. с. д. XII-X ғ.  
ҚР Ұлттық  
музейі*



Антропологиялық зерттеу нәтижелері де территориясы орталықазиялық беғазы-дәндібай мәдениеті тараған аумаққа біршама сәйкес келетін – бүгінгі қазақ жерін мекендеген тұрғындардың бет-пішіндерінде, қола дәуірінде нәсілдік тұрпат бойынша, соншама бір айтарлықтай өзгерістер бола қоймағанына мән береді. Қола дәуірінде де Қазақ жерінде палеолит, неолит замандарынан көрініс беріп келе жатқан түпкіеуразиялық кейіпке (яғни, генеалогтар тілімен айтқанда – байырғы *R1b*, *R1a*, *N*, *O* гаплотоптылар) тән автохтондық сипат одан әрі ұласып жатты. Осының өзі де қазақ жері әу бастан еуразиялық нәсілді жұрттар ғұмыр кешкен өңірлер болғандығын және бұл нәсілдің аса маңызды тектік белгілері ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырғанын көрсетеді. Бұл нәсілдік белгілерге ж. с. д. ҮІІІ-ІІІ ғасырлардағы темір дәуірінен бастап Шығыс Орталық Азиядан жеткен моңғол тұрпаттылық нышандар араласып, кейіннен ол біртін-біртін басым сипатқа айналады. Сөйтсе де байырғы еуразиялық тұрпат, одан бергі андрондық, беғазылық кейіптерде үзілмей жалғасқан кей морфологиялық ерекшеліктер осы өңірдің тұрғылықты жұрты, бүгінгі қазақтардың бет-әлпетінде біршама сақталып қалды. Бұл ретте ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан тұрғындарының краниологиялық (бас сүйек) серияларын зерттеу қорытындылары бойынша, қазіргі қазақтарға тән тектік келбеттің, екі үлкен нәсіл – автохтондық «еуразиялық» және орталықазиялық моңғолоидтық нәсілдердің жергілікті жерде және ұзақ уақыт бойы өзара ықпалдасуы негізінде қалыптасқандығы біраздан бері айқындалып қойғанын айтсақ та жеткілікті [328; 329; 330, 14-20].

Демек, орталықазиялық байырғы жұрттардың палеолит, мезолиттен басталып, энеолиттегі *көнешұңқыр*, *терсек*, *ботай*, *афанасьев* мәдениеттері арқылы қола дәуіріндегі *беғазы-дәндібай* феноменінде көрініс берген археологиялық, антропологиялық, генеалогиялық тұрғыдағы сабақтастықтары – олардың этнотектеріндегі түпкітүрктік нышандарды жоққа шығармайды. Ежелгі арғыоралдық, арғыалтайлық, түпкітүрктік – *N*, *Q*, *R1b*, «шығыстық» *R1a*, *O*, *C3* гаплотопты қауымдары қанаттаса ғұмыр кешкен Орталық Азия кеңістігіне ж. с. д. 2000 жылдар шамасында

батыс жақтан *арилердің* көші-қондық толқындары келіп қосылғанымен, олар осы аумақта ежелгі замандардан қалыптасқан тіршілік салттарына көп өзгерістер енгізе қойған жоқ. Өйткені олар да арғытүрк сипатты көнешұңқыр (*R1b*) мәдениетінің батысқа өріс ұзартқан қапталы – Еділ мен Днестр аралығында әбден орныққан далалық ұқсас үрдістерді бойларына әбден сіңіріп, соған толайым бейімделген түздік қауымдарға жататын [29]. Өмір кешулері етене жұрттар арасында азын-аулақ ықпалдасулар өтіп, кейбір жоралық-ғұрыптық, тілдік тұрғыдағы ауыс-түйістер, кей реттерде бір-біріне сіңу, жұтылу үдерістері ұшырасып тұрғанымен, байырғы тіршілік дәстүрлері көп өзгерістерге ұрынбай өз ретімен жалғасып жатты.

Мал басының көбейіп, тамақтану мөлшерінің артуына байланысты, адам саны да көбейе бастады. Мал өрістерінің жетіспеушілігі жаңа қоныстарды игеруге итермеледі. Жан-жаққа таралу үдерістерінің барысында ж. с. д. II мыңжылдықтың орта тұсына таман қазақ жерінің батыс жартысында – тектік түзілімдерінде көнешұңқырлық сілемдердің іздері бар *қима*, шығыс жартысында – *андрондық* екі ірі мәдени қауымдастық қанаттаса жайлады. Олардың әрі қарай ықпалдасуы нәтижесінде сол мыңжылдықтың ортасынан бастап, батыс орталықазиялық аумақ түгелдей андрондық қауымдастықтың орнын басқан *бегазы-дәндібай* мәдениетінің аясына қамтыла бастады. Одан кейінгі ғасырлардағы күннің күрт салқындауынан туындаған далалық экожүйе дағдарысы – бұл үдеріс ауқымын одан әрі кеңейтті. Өрістің азаюы – мал өсірудің қыстау мен алыс жайлауға дейінгі ұзақ қашықтықтар арасын жалғаған жаңа тәсілдің пайда болуына ықпал етті. Соған орай көші-қонға қолайлы, сондай-ақ суыққа көнбіс түлік – тебіндеп жайылатын жылқы мен қой басының көбеюіне мән берілді. Көшпелі өмір үшін ең тиімді баспана – киіз үйлердің алғашқы нұсқалары пайда болды. Түйелермен, арбалармен көшу дағдысы қалыптасты. Жаңа кеңістіктерді игеру барысында мал-мүлікті қорғаудың маңызы артып, қарулы салт аттылардың ролі күшейді, қару-жарақ түрлері үздіксіз жетілдірілді. Соңғы қола дәуірі далалық тайпалары көші-қон бағыттарының

Батыс Түркістанның оңтүстігіне дейін ұласқанын, сол өңірлердің ежелгі қоныстарында көп ұшырасатын *білемді керамика* үлгілері де айғақтайды [244, 64-83, 112-118]. Ал оның күллі Орталық Азия аумағына әсер-ықпалы тиген *беғазы-дәндібай* мәдениетінің төл нышаны екендігі жоғарыда арнайы сөз етілді [284].

Беғазы-дәндібайлық тайпалардың күнгейге беттеген осы лықсуын, бір жағынан авесталық мәтіндердегі *тұрлардың* (қытай деректеріндегі *жұң-дилердің*) арилерді ығыстырған мысалдарымен де шендестіруге келетіндей. Сол ғасырлардан кейін *арилерден* босаған байтақ далада білемді керамикалы беғазы-дәндібайлықтардың (яки арғытүркітердің [186, 130]) толық билігі жүріп, олар осы зор аумақтың басты жұрттарына айналып, өздері дамытқан жартылай көшпелі тіршілік дәстүрлерін, Орталық Азияда ж. с. д. I мыңжылдықтың алғашқы ғасырларында ілкі түзілімдері туындай бастаған *сақ* мәдениетіне ұластырады [231, 219; 324; 325; 326; 327]. Оның басты-басты сипаттарын пайымдау талпынысы келесі тараудың еншісінде.

## ІҮ ТАРАУ

# САЛТ АТТЫЛАР ЗАМАНЫ: ЭТНОТЕКТИК САПЫРЫЛЫС



## 1. ҚАМАРЛАР МЕН САҚТАР – БАЙКӨЛ МЕН БАБЫЛ АРАСЫН ЖАЛҒАСТЫРҒАН ОРТАЛЫҚАЗИЯЛЫҚ ТҮЗДІКТЕР

Орталық Азияның ж. с. д. I мыңжылдықтағы этнотектік тарихында *сақ* атауымен топтастырылатын тайпалардың алар орны аса сүбелі. Сақтарды әуелгіде еуразиялық кеңістікте жарқын іздері қалған *скиф*<sup>36</sup> мәдениеті жұрттарының шығыс қапталында өркен жайған кейінгі тармағы түрінде қарау жағы басымдау байқалғаны көпшілікке мәлім. Алайда XX ғасырдың орта шамасынан бастап жан-жақты жүргізілген археологиялық зерттеулер барысында, *сақ* терминінің аясы оларға телініп жүрген Батыс және Шығыс Түркістан жәзираларымен ғана шектеліп қалмайтыны дәйектелді. Аталмыш мәдениетке тән байтақ аумақтың теріскей жағы қазақ жерін қамти, Саян мен Өтүкен (Хангай) жоталарына, оңтүстік-шығысы Ордос жонына дейін ұласып жатқаны анықталды. Әрі жауһар жәдігерлерімен әлемді таңғалдыратын *сақ* мәдениетінің кіндігі де нақ сол ұлыдалалық аймақтарда кесілгендігі, *сақ* тайпаларына тән көркем түзілімдердің басқа жақтың әсерінен емес, жергілікті орталықазиялық құнарлы дәстүрлерден өрбігендігі, яки ілкілік, алғашқылық феноменінің түп-төркіні оларға құтты қоныс болған осы өңірлерден басталғандығы айқындалды [331; 332; 333]. Соның нәтижесінде, бір кездердегі еуропакіндікшіл көзқарастың ауанына орай: «*скиф* мәдениеті әуелі Қара теңіздің теріскейінде дүниеге келіп, одан Алдыңғы Азияға жетті, сол жақтан құнарланып қайта оралғаннан кейін ғана оның ықпал-әсері шығысқа қарай ауысып, Енесайға дейін ұласқан *сақ* мәдениетінің дамуына септесті» [334], деген ыңғайдағы ескі тұжырымдарға түбегейлі түзету енгізілді.

Ғылыми әдебиеттерде *сақ* атауын *скиф* ұғымының бір баламасы ретінде қабылдау Геродоттың «Тарихы» кезінен

---

<sup>36</sup> Орыс тілді зерттеулер мен әдебиеттерде қалыптасып кеткен *скиф* сөзінің Геродот «Тарихындағы» бастапқы грекше нұсқасы *скуз*, ассириялық деректердегі нұсқасы *ašguz, iškuz (ашгуз, ишгуз)* болатын.



жалғасып келеді. «Тарих атасының» бұл жөнінде «*парсылар күллі скифтерді сақтар деп атайды*» [247, YII, 64] деп, сонау ж. с. д. Y ғасырдың өзінде жұптағаны мәлім. Сақ термині одан бір ғасырдай бұрынғы көне парсы сына жазба ескерткіштерінде де белгілі этнонимдердің бірі болды. Ахемен әулеті империясы заманындағы ол деректемелерде ж. с. д. YI ғасырда осы парсы мемлекеті құрамына сақтардың да кіргені туралы мәліметтер бар. Ежелгі парсы жылнамашылары олардың үш тобы: хаумаварга сақтары (хаом сусынын қайнататын сақтар), тиграхауда сақтары (шошақ бөрікті сақтар), тиан парадрайа сақтары (теңіздің арғы жағындағы сақтар) бар екенін жазып қалдырған. Геродотта осылардың алғашқы екеуінің грекшеге тікелей аударылған атын ұшырастырамыз. Тарихшы оларды амюргия сақтары (хаумаварга) және ортакарибантия сақтары (шошақ бөрікті) деп таңбалайды. Көне грек авторларының көбі сақтарды «азиялық скифтер» деп таныған. Ғылымда тиграхауда сақтарын, грек деректемелеріндегі массагеттерге балама атау ретінде қарап, олардың Батыс Түркістаннан Алтайға дейінгі байтақ аумақты мекендегені, ал хаумаварга сақтарының Батыс Түркістанның оңтүстік-шығысын, парадрайа сақтарының Қара теңіздің теріскейін қоныстанғандығы туралы пікірлер орныққан [82, 164; 313, 13-15; 335, 158-165; 336, 556-576; 337, 183-184].

Орталық Азияда молынан шоғырланғандығымен байқалатын шошақ бөрікті сақтарға қатысты ең маңызды дереккөздің бірі – Иранның Хамадан (көне Экбатан) шәһарынан оңтүстік-батыс беттегі Бахтаранға қарай баратын жол бойында орналасқан Бехистун қиясының, жерден санағанда 105 метр биіктігіндегі зәу жартас бетіне көне парсы, элам, бабыл (аккад) тілдерінде сына жазумен түсірілген алып эпиграфикалық ескерткіш мәтінінен табылғаны мәлім. Парсының Дарий патшасының пәрменімен ж. с. д. 523-519 жылдардағы оқиғаларды бес бағанаға бөліп жазған күллі жазудың алып жатқан көлемі де аса зор. Биіктігі 7, ұзындығы 22 метрді құрайтын ескерткіштегі сақтарға қатысты мәлімет бесінші бағананың 20-33 жолында шекілген. «*Дараявауш патша былай дейді: содан кейін мен әскеріммен Саққа аттандым.*

*Шошақ бөрікті сақтар шайқасқа шықты. Мен дарияға жеттім де бүкіл әскеріммен арғы бетке өттім. Содан соң мен сақтардың бір бөлігін ойсырата талқандадым, екінші бөлігін тұтқынға алдым... Олардың Сқунха деген көсемін қолға түсіріп, маған әкелді. Сол жерде мен өз пәрменіммен екінші біреуін (олардың) көсемі етіп тағайындадым. Бұдан кейін ел маған қарады. Дараявауш патша былай дейді: бұл сақтардың нанымдары басқа және олар Аурамазданы қадірлемейді. Аурамазданың шарапатымен мен оларға өз қалауымша әрекет еттім»<sup>37</sup> [338], – деп жазылған онда.*

Беһистун жартасында осы мәтінмен бірге Дараявауш (Дарий) патшаның әр жылдардағы жеңістеріне арналған барельеф те қашалып кескінделген. Бедердің үстіңгі жағында Аурамазда құдайдың Дараявауш патшаға сол қолымен билік рәмізін ұсынып, оң қолымен бата беріп тұрған қалпы бейнеленген. Басында тәж, сол қолына садақ ұстаған парсы патшасы да аяғымен ж. с. д. 522 жылы ахемендер билігіне қатер төндіріп, алты айдай таққа отырған бүлікшіл мидиялық Гауматуды кеудесінен басқан күйі, жоғарыдағы құдайға оң қолымен тәу ету ишарасын жасап тұр. Қарсы алдында мойындары шынжырмен көгенделіп, қолдары артына қайырыла байланған тоғыз бүлікші тұтқын тізілген. Алдыңғы сегізінің басы жалаңбас, тек соңғы тоғызыншы тұтқынның басында биік шошақ бөрік. Әр бүлікшінің тұсына оның кім екені, қандай қылмыс жасағаны хабарланған кіші мәтіндер де бар. Ал шошақ бөріктіге қатысты түсіндірмеде қысқа ғана: «Бұл – Сқунха, сақ», деп көрсетілген. Зерттеушілер Беһистун

---

<sup>37</sup> Бұл жолдардың белгілі орыс ирантанушысы М.А. Дандамаев аудармасындағы мәтіні мынандай: «*Говорит Дарий-царь: затем я с войском отправился в Саку. Затем саки, которые носят остроконечную шапку, выступили, чтобы дать сражение. Когда я прибыл к водному рубежу, тогда на ту сторону его вместе со всем войском перешёл. Потом я наголову разбил одну часть саков, а другую захватил в плен <...> Вождя их по имени Сқунха взяли в плен и привели ко мне. Тогда я другого сделал [их] вождём, как [на то] было моё желание. Затем страна стала моей. Говорит Дарий-царь: эти саки были вероломны и не почитали Аурамазду. Я почитал Аурамазду. Милостью Аурамазды я поступил с ними согласно своему желанию».*


жазбаларында Дараяваушка қарсы шыққан көтерілісшілер көсемдерінің түгелдей өлім жазасына тартылғанына мән бере отырып, Скунхаға қатысты ондай мәліметтің жоқ екендігіне назар аударады. «Оның басқалардай жалаңбас тұрмауының өзі, Скунханың осындай үкімге ұрынбағанының дәлелі болса керек, өйткені сақтар, ахемен билігіне қарсы көтерілген бүлікшілер емес, өз жерін ашық шайқаста қорғағандар еді. Бұл бір жағынан ж. с. д. 530 жылы Кир патшаны жеңіліске ұшыратқан сақ жеріне парсылардың 11 жылдан кейін (519 жылы), Каспий теңізіне құятын Үзбой дариясынан өтіп жасаған кек алу жорығына да саяды. Сол себепті де Дараявауш патша діни нанымдары бөлек сақтарды өз империясының қарамағына қосып алу жеңісінің құрметіне орай, олардың көсеміне рақымшылық жасаған сыңайлы», деген пайымдаулар айтады [339; 340, 51-66; 341, 100-103].



*Бехистун жартасындағы Скунха сақ бейнесі*

Сақтарға қатысты Парсы жеріндегі тағы бір бедер кескін Техраннан оңтүстікке қарай 900 шақырым шамасында орналасқан Ахемен әулеті империясының көне астанасы Парса (Персеполис, Персепель) шәһарындағы зор Ападан сарайының қабырғасында бейнеленіпті. Биіктігі 24 метрлік 72 тас тіреуден (колоннадан) тұратын, төбесі жалпақ ағаш шатырмен жабылған, аумағы мың

шаршы метр бұл алып сарай Дарий патшаның салтанатты қабылдау орны болған екен. Ападанның бірінші қабат деңгейіндегі үсті жабық террасасы үстіне арба жүретіндей кең етіп жасалынған екі басқыш жол арқылы көтеріледі. Жолдың екі қапталы мен терраса қабырғаларына жеке-жеке әртүрлі сюжетті барельефтері бар тас тақталар бекітіліпті. Басқыш жолдың екі беттегі қабырғаларына Парсы империясына алым-салық төлейтін жиырма үш елдің өкілдері бедерленген. Оларда Дарий патшаға Наурыз мейрамына орай сый-сияпаттарын алып келген адамдардың кезек күтіп тұрған қалыптары бейнеленген. Солардың арасындағы он бірінші топ өкілдеріне арналған тақтадан Бехистун жартасындағы Скунха секілді бас киім киген шошақ бөрікті сақтарды көрер едік. Тақтада сақтың алты адамы бедерленген. Алдында топ бастаушы. Одан кейінгі адам Дарий патшаға тарту ететін тұлпармен қапталдаса аяқ басса, үшіншісі сылдырмақ аспабын ұстаған, қалған үшеуі сый-сияпатқа ұсынар қымбат пұлды шапандарды білектеріне іліп келе жатыр [341a].



*Парсаның Ападан сарайындағы сақтар*

\* \* \*

Бүгінгі күні ғылыми әдебиеттерде *сақ* терминін Геродот жазбаларында көрсетілгендей, *скиф* сөзінің орнына да қолданылатын дәстүр ұшырасады [342]. Алайда парсы деректері

арқылы енген осы атауды Қара теңіздің теріскейіндегі скифтерге қатысты пайдаланудың кей реттерде орайы келіңкіремейтін тұстары да бар. Бұл олардың екеуіне де тән хайуанат үрдісті өнері мен материалдық мәдениетіндегі шамалы өзгешеліктерге байланысты. Орталықазиялық сақ мәдениеті түзілімдерінде еуропалық скиф өнерінде аңғарылатын эллиндік әсер кемдеу ұшырасады. Сол себепті де қазіргі ғылыми әдебиетте «скиф» атауын негізінен теріскей қаратеңіздік, ал «сақ» терминін орталықазиялық жұрттарға қатысты қолдану жүйесі қалыптасқан [343, 271]. Кейде ол «сақ-скиф» түрінде қосарлана айтылып, бірінбірі толықтырып тұрған қалыпта қолданылады. Мұндайда әңгіменің сақтарға да байланысты өрбитіні өз-өзінен аңғарылып жатады.

Сақ термині туралы әзірге белгілі ең көне жазба дерек ж. с. д. VII ғасырда Ассирияның соңғы ұлы патшасы болған Ашшурбанипалдың (668-626 ж.) қыш жылнамаларында сақталған. Ассирияның Маңа<sup>38</sup> жеріндегі көтерілісті күшпен басу үшін әскери жорықпен барғанына қатысты оқиғалар баяндалған «В цилиндріндегі» сына жазуға: «*Мен билігіме қарсы шыққан Сарати пен Парихианы, Гагудың ұлдарын, Саһа қонысының көсемін бағындырып, дүниесін олжаладым; өздерін тірідей ұстап, Ниневияға, астанама алып келдім*» [344, №73, 238-239; 345], деген мәтін түсіпті. Орыстың әйгілі филолог-эпиграфисі В.В. Латышев (1855-1921) «осындағы саһа (saha) атауы, шамасы, Геродот пен ахемен мәтіндеріндегі сақтармен шендеседі» деген пікірін бұдан

---

<sup>38</sup> Урартулық деректерінде «*mana*» (мана), ассириялық мәтіндерде «*mannâ*», «*mannâi*» (маннэй елі), көне еврейше «*minni*» (миннэ) түрінде түскен этнонимнің [346, I, 192] фонетикалық түзілімін зерттеген эзербайжан түрктанушысы Т. Гаджиев, әуелгі нұсқадағы тіл алды «*n*» фонемасының орнына тіл арты «*ñ*» дыбысы болғанын дәйектейді. Яки, дауыссыз дыбыстардың семит тілдеріне тән қосарлануынан *mannâ*, деп жазылған оның бастапқы төл айтылымына жақын урартулық нұсқасы «*маңа*», (*маңа елі – mangâi*) деп оқылса керек. Ал бұл «*маң*» компонентінің қазіргі түрк-моңғолдық «*маңғыт*», «*мың*», «*мыңқол*», «*моғол*» этнонимдері құрамында сақталып қалғаны белгілі [42, 247-248].

бір ғасырдан астам уақыт бұрын айтқан екен [345, 345a]. Ашшурбанипал жылнамасындағы бұл мәтінге орыстың белгілі шығыстанушысы И.М. Дьяконов та өзінің әйгілі «Мидия тарихы» кітабында арнайы назар аударғаны белгілі. Ол аталған жорықты ж. с. д. 660-659 жылдары өтті деп дәйектейді [346, I, 311-313].

Мәтіндегі *саха* атауы кейінгі тарихи мәліметтерде де ұшырасады. Көне грек тарихшы-географы Страбонның (ж. с. д. 64 – ж. с. 24 ж.) әйгілі «География» еңбегінде Күнгей Кап тауын баурайлай ағатын Кура мен Аракс өзендері аралығындағы сақтар қоныстанған өңірдің Сакасена деп аталатыны келтірілген [347. II, I, 14; XI, 7, 2; XI, 8, 4 және XI, 14, 4]. Зерттеушілер Страбонның: «Сақтар киммериялықтар мен трерлер сияқты ұзақ қашықтықтарға жорықтар жасады. Олар... Арменияға дейін шабуылдап, өздері мекен еткен қонысқа – *Сакасена* деген жер атауын қалдырды», Кавказдағы «Албания жерінің Каспийге құятын Аракс өзені алабында құнарлы Аракс жазығы бар. Сол жазыққа қапталдаса Албаниямен және Кир өзенімен шектесетін *Сакасена* жатыр» [347. XI, 8, 4; XI, 14, 4.], деп атап көрсеткен аймағын бүгінгі Азербайжан аумағына енетін Гәнжә төңірегіндегі сондай жер атауымен шендестіреді. Антикалық деректерге «Сакасана» (Плиний), «Сакапана» (Птоломей, Арриан) түрінде түскен, сондай-ақ армян тарихшысы Мовсес Каганкатвацийдің (ҮІІ ғ.) «Албан тарихындағы» Гәнжә шаһарының байырғы Шакашена жерінде ірге көтергеніне қатысты мәліметтің де бекер еместігіне назар аударылады [42, 82-83]. И.М. Дьяконов та Сакасенаның бір атауының Кураның орта ағысындағы қазіргі азербайжандық Гәнжә аймағы мен Аракстың күнгейіндегі Үрмиә көлін қаусырып жатқан Маңа патшалығы жерін қамтыған, яки Геродот жазбалары бойынша скифтер мен мидиялықтардың шайқастары өткен өңірмен орайласатынына мән береді. Ол атаудың, парсыша *\*Saka-šayana* – «сақтар қоныстанған аумақ» мағынасынан туындау мүмкіндігін тұспалдай отырып, Сакасенаны сол аймақта дәурен сүрген Скиф патшалығының ресми мидиялық атауы болса керек, деген пікірге ден қояды [346, I, 277-278].

Демек, бұл дәйектер жоғарыдағы Ашшурбанипал патшаның сына жазу мәтініне *saha* сөзінің түсуі бекер еместігін де байқатса керек. Бұл ж. с. д. VIII ғасыр мен VII ғасырдың басында Алдыңғы Азияға Еуропаның оңтүстік-шығысы жақтан ат басын іліктірген көшпелі тайпалар арасында *saha* этнонимінің де болғандығын көрсетеді. Ассириялық дереккөзде *saha* атауының кездесуі, ол этнонимнің парсылық не мидиялық әсерден туындамағанын да аңғартады, шамасы, бұл тайпа әуелде өздерін осылайша атаған сияқты. Егер Ашшурбанипал жылнамасының бұл мәліметін біздер «сақ» деп жүрген этнонимнің тарихи дереккөздегі ең алғаш көрініс беруі деп қабылдасақ, онда оны Бехистун жартасындағы мәліметтен 140 жылдай бұрын да *сақ* тайпасының осылай аталғанына қатысты маңызды дәлел ретінде қарастыруға әбден сәйкес келері анық. Бұл орайда «Кавказ албандары бірлестігіне енген жұрттардың арасында ж. с. д. VII ғасырда Албания арқылы батыстағы Шакашена аймағына қарай өтіп, сонда тұрақтап қалған скиф, дәлірек айтқанда *сақ тайпаларының* да ұрпақтары болған еді» [348, 57], деген К. В. Тревер пікірінің де жаны бар екендігіне назар аударуға тура келеді. Аталған ғалым оларды тек сақтар ретінде таниды.

Ассириялық мәтіндерде осы *сақ* этнониміне жақын, дәл сол сияқты көшпелі жұрт – *ašguzai, iškuzâi* (аш-ғұза/й/, ас-ғұза/й/, ішғұз-а/й/) термині бар екені де зерттеушілерге жақсы таныс. Ол Ашшурбанипалдың әкесі Асархаддонның (ж. с. д. 680-669) «А призмасындағы» патшаның өз жеңістері туралы: «*Мен – Маңа елінің (Mangâi) халқын, бағынбаған жабайыларды талқандадым, оларды құтқара алмаған одақтасы ашғұз (aš-gu-za-a-a) Ишпақайдың (Iš-ra-ka-a-a) әскерін қару қуатыммен жеңдім*» [344, №65, 216-217], масаттана жазылған мәтінде алғаш рет кездеседі. Бұл сына жазудың түскен уақыты кейінгі зерттеулер бойынша 676 жыл деп есептеледі. Соған қарағанда ассириялықтардың бұл жеңісі мен Ишпақайдың өлімі соның алдындағы жылдарда, яғни 679-677 жылдар аралығында өтуі мүмкін, деген болжам айтылады [349, 183]. Бұдан кейінгі деректерде *ашғұз* этнонимі – бабылдық нұсқа *ишғұз* (ишкуз) түрінде атала бастайды. Асархаддон патша

674 жылы Ассирия билігіне қарсы көтеріліс оты өршіген Мидия жеріне жорық жасауға аттанбақ болады да, қалыптасқан дәстүрге сай, Шамаш құдайдан ел теріскейіндегі ишкуздардың қандай әрекетке баруы мүмкін екендігін жорып беруді сұрайды. «Маңа еліндегі *ишкузай* әскері Хубушкиа асуы арқылы Харрана мен Анису қоныстарына тиісуді, мол дүние-мүлікті тонап, Ассирия шекарасынан асырып әкетуді ойламас па екен» [344, №68, 224], деп күмән-күдігін білдіреді. Келесі бірінде де: «Ассирия патшасы өзінің елшісін мидиялықтар еліне жіберуді ойластырып жатыр, оны аттандырған кезде жолшыбай, *гимириялықтар*, манналықтар, *ишкузайлар* және басқа да жау пиғылдылар шабуыл жасамас па екен» [344, №68, 228-229], деп шүбәлі сауал тастайды.

Бұл деректерден сол жорық кезінде ішғұздардың Маңа жағында болғандығын, ассириялықтардың олардан кәдімгідей қауіптенетінін байқау қиын емес. Көтерілісшілермен өткен ілгерілі-кейінгі шайқастар барысында Ассирияның өзіне қарсы одақтасқан қарсыластардан басым түскен кездерінің болғанын да сол қыш жылнамалар алға тартады. Алайда оның мардымсыздау жеңіс болғаны іле-шала, 672 жылдың көктемінде өткен оқиғаларға қатысты мәтіндерден аңғарылып қалады. Асархаддонның Шамаш құдайдан кезекті жорып беруді сұраған сауалындағы: «*Ишкуз елінің патшасы Партатуа, Ассирия патшасына елшісін жіберіп, егер Ассирия патшасы оған қызын беретін болса, Партатуа онымен одақтас болуға дайын екенін білдіріпті. Ишкуз патшасы Ассирия патшасына достық туралы берген анттында тұрар ма екен, бәрі өзіңе аян зой, тура жауабын айта гөр*» [344, №68, 228-229], деген сыңайдағы өтініш сарыны бір кездері азуын айға білеген елдің шарасыз қалған жағдайын да анық байқатады.

Партатуаның (Бартатуаның) Асархаддонға күйеу бала болуы арқасында, Ассирия тарихының белгілі бір кезеңінде ол патшалыққа жәрдемі тигені де мәлім. Дүниенің әпсәтте дөңгеленіп кетуі оп-оңай екенін алдын-ала болжап, ишкуз көсемін дер кезінде өз жағына қаратып алуға бағытталған бұл құда-жекжаттықтың бекер болмағанын, біраз жылдан кейін өткен дүбірлі оқиғалар да дәлелдеп берген еді. Ассирия езгісінен құтылу жолындағы



қарсылық күресінен бас тартпаған Мидия, етек-жеңін жинап, әбден күшейген 653 жылы ежелгі жауы Ассирияға сүреңіткен жорығын бастапты. Сол кезде Ассирияны тікелей төнген жеңілістен патша әулетінің «мыңжылдық құдасы» – *ашғұз-ішғұздар* құтқарыпты. Партатуа мен Асархаддонның қызынан туған Мәди патша бастаған ішғұз әскері мидиялықтарды тас-талқан етіп жеңіп қана қоймай, Мидия елінің билігін өз қолдарына алып, оларды алым-салық төлеп тұратын бодан жұртқа айналдырыпты [205, 328-329]. Бұл туралы Геродоттың кітабында: «...Ниневия қоршауға алынған кезде, скифтердің Мадиеc патша бастаған қалың әскері (көмекке) келді... Мидия әскері күйрей жеңіліп, мысы басылды...», – деп жазылған [247, I, 103, 104, 106].

Ассириялық дереккөздің Партатуаны «Ішғұз елінің патшасы» деп нақты мәртебелегенінің өзі, сол жылдары олардың белгілі бір бір аймақта билік құрып отырған дербес ел екендігін де аңғартса керек. И.М. Дьяконовтың алғашқы еңбектерінде: «Скиф патшалығының шекарасы..., шамасы, Гәнжә аумағындағы Кураның жазық өңірлерінен Үрмиә көлінің теріскейіне дейінгі аумақты қамтыды» [346, I, 310], деп тұспалданғаны мәлім. Кейіннен ол бұған сәл ғана түзету енгізіп: «Олардың көшпелі «патшалығы», шынтуайтында, қазіргі Әзербайжанның байтақ жәзираларында ірге көтерген болуы керек... Кейіннен Ассирияның одақтасы ретінде нығайып, қуаттанғасын, алдыңғазиялық скифтер ордасы Үрмия көлінің төңірегіне ауысып, Маңа елінде толыққанды билік жүргізді. Оны бір жағынан Зивиядан<sup>39</sup> табылған скиф патшасы обасының «қазынасы» мен басқа да ескерткіштер айғақтайды» [350, 418], деп тұжырымдады. Белгілі скифтанушы А. М. Хазановтың да пікірі осыған жуық. Ол: «Скиф ордасы қазіргі Әзербайжан мемлекеті аумағы мен оған қапталдас аймақтарда орналасты. Осы аумақтағы атақты Мұған даласы (Аракстың Кураға құяр төменгі алабы мен Каспий теңізінің аралығында

---

<sup>39</sup> Иран Әзербайжаны аумағына енетін Үрмиә көлінің күнгеі жағындағы Сакқыз қонысы. Осы жерден ж. с. д. ҮІІ ғасырдағы сак патшаларынан қалды деп тұспалданатын қазына табылған.

жатқан құйқалы жазық) өзінің тамаша жайылымдарымен кейінгі замандарда да көшпелі жұрттардың көз құрты болды. Әзербайжанның сол жері үшін Алтын Орда мен Хұлагу мемлекетінің талай уақыт текетірес соғыстар жүргізгені де бекерден бекер емес-тін» [351, 219], деп жазды.

Зерттеушілер Әзербайжан, Маңа аймақтарындағы осы скиф патшалығына қатысты деректерді сараптау барысында, оның кей жазбаларда *сақ (саха) патшалығы* атауы ұғымымен де сәйкесетініне мән береді. Ашшурбанипал патша жылнамасындағы Ассирияның Маңа жеріне ж. с. д. 660-659 жылдары жорық жасағанына қатысты оқиғалар баяндалған сына жазу мәтініндегі «*саха қонысы*», Сак/h/асена жер атаулары жөнінде жоғарыда сөз еттік [344, №73, 238-239]. Сына жазуларындағы әзірге мәлім сондай екінші сенімді дереккөз де сол Ашшурбанипал заманынан табылған еді. Ниневиядағы Иштар Тәңіріана ғибадатханасының мәрмәр тақташасына түскен жазбада, басқа мәтіндер бойынша *киммериялықтар* көсемі ретінде белгілі Дугдамме (антикалық деректердегі Лигдамис, Лигдамид) «*Сақа (Saka) елінің патшасы*» ретінде де аталыпты [352, 156-157, 353, 26; 354, 64; 355, 94-95; 356, 175-176]. Сол сына жазу мәтіндеріне Дугдамменің (Тугдамменің) Ассириямен ж. с. д. 641 жылғы шайқас кезінде қаза тапқаны туралы да дерек түскен [355, 94-95; 349, 204].

Демек, аса сенімді дереккөздер ретінде бірауыздан мойындалған ассириялық жазбалардағы, «*саха*» этнониміне қатысты, арасын бар-жоғы жиырма жылдай ғана уақыт бөліп жатқан бұл екі мысал – сол замандардың өзінде *сақ* атымен аталатын жұрттардың да Алдыңғы Азияға жеткендігін паш ететін ең ежелгі дәйекке саяды. Олардың бір тобы Кура мен Аракс арасындағы, кезінде Сакасена (Сахасена) деп аталған өңірді жайласа; бір тобы Үрмиә көлін айнала жатқан аймақтарды қамтитын екінші Сахасена (бұрынғы Маңа жері, соңыра Атропатена, бүгінгі Иран Әзербайжаны) аумағында орнығыпты. Оның алғашқысы кейіннен Страбон жазбаларында айтылатын албаниялық «сақтарға», екіншісі Геродоттағы «Ахемен мемлекетінің оныншы және онбірінші округтерін құрайтын

шошақ бөрікті сақтардың қоныстарына» сәйкеседі. Біріншісі Албания құрамына, соңғысы алдымен Мидия, содан соң Ахемен мемлекетінің аясына қамтылады [42, 321-328].

«Сақ» атауының жазба дереккөздердегі ең алғаш көрініс беруіне орай басталған әңгіме желісі, осылайша Алдыңғы Азия ауқымында бірқатар сілемдері қалған ашғұздар, ішғұздар (скифтер) мен қамарлар (киммерлер) тарихына да өз-өзінен табиғи түрде сабақтасар еді. Скиф этнонимінің ассириялық сына жазбаларда негізінен *аш-гуза/й/*, *ас-гуза/й/* (ассириялық нұсқа), *ишкуз-а/й/* (бабылдық нұсқа) түрінде түсіп, көне грек мәтіндерінде Σκυθης (*skuth*, *скуз*) естілімінде таңбаланғанымен, сол тілден орысшаға *скиф* деген қате оқылыммен ауысқаны белгілі [346, 268-269; 43, 122-125; 357]. Алдыңғы Азияның сол заманғы тарихында айтулы орны бар тағы бір салт атты *қамар* (*киммер*) жұрты да ақкад (ассирия-бабыл) мәтіндеріне семиттік ызың көмей дауыссыздан басталатын «*gamir/gamirra*, *gimirri*, *gimirraiu*» (*гамир*, *гимирри*, *гимиррай*) нұсқасында түсіпті [358; 359]. Бұл әуелде прасемиттік ұяң тіл арты «*ğ*» (ғайн - غ), яки «*ғ*» фонемасынан басталған атау болса керек. Ол грекше айтылуында шұғыл көмей дауыссыз «*k*» дыбысында көрініс береді. Геродот арқылы кеңінен танылған осы *κίμνερ*, *κίμνεριοι* нұсқасы орысша ғылыми айналымда *киммер* (*киммерийцы*) түрінде қалыптасты.


Бұл этнонимдердің Кавказдың оңтүстігіндегі аймақтарға қатыстылығы оқырманға Геродот «Тарихындағы» аңыз сілемдерінен де жақсы таныс. «Тарих атасы» әуелі скифтердің бұл жақта пайда болуына қатысты әртүрлі әңгімелердің кездесетінін тізбектей келе, солардың арасында өзі сенім артатын біреуі бар екенін айтатыны бар еді ғой. Ол: «Скифтердің көшпелі тайпалары Азияны мекендеді. Массаеттер оларды әскери күшпен ығыстырғаннан кейін, скифтер Аракстен өтіп, киммерлер жеріне келді... Қалың жаудан қаймыққан киммериялықтардың елдерін тастап кетуден басқа амалы қалмайды. Скифтер олардың соңынан қуып жетуге ниеттенгенімен, жолшыбай бағыттарынан адасып, Мидия жеріне басып кіреді. Өйткені киммериялықтар Понт (Қара теңіз) жағалауымен кеткен-ді, ал скифтер үнемі Кавказдың сол

жағын ұстана жылжыды...» [247, *IY. 11-12*], деген нұсқа болатын. Содан кейін осыған ұқсас желі Проконестен шыққан Аристей ақынның сақтар жеріне келіп кеткеннен кейін жазған «Аримаспия» эпикалық поэмасында да ұшырасатынына мысал келтіреді. «Исседондар арасында болған Аристейдің айтуынша, исседондардың аржағында жалғыз көзді адамдар – аримаспалар; аримаспалардың аржағында – алтын қорыған күшігендер; ал олардан жоғарырақтағы теңізбен шекаралас тұстарда – гиперборейлер тұрады. Бұл халықтардың гиперборейден басқаларының бәрі үнемі көршілерімен соғысып жүреді (әрі соғысты бірінші аримаспалар бастапты). Аримаспалар исседондарды өз қоныстарынан қуған соң, исседондар скифтерді ығыстырады, ал скифтер болса, Оңтүстік теңіз (Қара теңіз) төңірегін мекендеген киммериялықтарды атажұрттарынан тықсырады...». «Аристей осы дастанында өз басының исседондардан әрі қарай бармағанын, олардан теріскейлеу жатқан жерлер жөнінде сол исседондардан естігендері бойынша жазғанын айтатыны бар» [247, *IY.13,16*], дейді Геродот.

Жартылай мифология аралас бұл әңгімелерді бекер назарға алып отырған жоқпыз. Көпке мәлім ол аңыз-эпсаналар сарынында ұлыдалалық салт аттылылардың Алдыңғы Азияға қандай бағыттармен жеткендігін болжамдау тұрғысында ғана емес, *сақ* тектес халықтардың арғы мәдени-этнотекстік қатпарларын қаузау барысында тақырыптың кей тұстарын тарқатуға жәрдем беретін ишаралық сілемдер де жетерлік. Оны алдағы беттерде өз ретімен тілге тиек ететін боламыз.

Геродот еңбегі арқылы кеңінен танымал киммерлер (біздіңше, қамарлар) туралы әңгіменің анық-қанығын зерделеген зерттеулерді сараптар болсақ, олардың дені қамар жұрттары туралы алғашқы деректердің Алдыңғы Азия жазба ескерткіштерінде ж. с. д. VIII ғасырлардың соңынан бастап қана көрініс бере бастағанын алға тартады. Ассирияның Саргон II-шінің билігі кезіндегі 714 жылдар шамасында, олардың теріскейіндегі ежелгі жауы Урарту мемлекетінің патшасы Руса I-ші әскерлерін бастап, өздерінен шығысқа қарай жатқан, бұрын

өздеріне алым-салық төлеп тұратын «Ғамир еліне» жорық жасау барысында жеңіліс тауыпты. Үш қолбасшысы жасақтарымен бірге тас-талқаны шығыпты. Руса І-шінің өзі әзер қашып құтылыпты. Содан соң ғамирлердің атты жасақтары Урартуға басып кірген де көрінеді [345]. Аккад жазбаларында Ассирияның Урартудағы сенімді өкілдері жолдаған осы хабарламадан кейінгі 35 жыл бойы қамарлар туралы еш мәлімет кездеспейді. Тек Асархаддон патшаның «А призмасына» 679 жылдар шамасындағы мәтін ретінде есептелетін: «*Мен гимириялық Теушпаны (Teušrâ gimirrâja), қонысы алысқа сол умман-манданы, /.../ барлық әскерін қару қуатыммен жеңдім*» деген хабарлама түсіпті [344, №65, 216-217; 360, 547-548]. Мұндағы «умман-манда» термині ассириялық дереккөздерде «теріскейдегі халықтар» деген мағынаны білдіреді.



**Қамар сарбазы.**

*Грек көзесіндегі бедер. Ж. с. д. VIII ғ*

Ж. с. д. I мыңжылдықтың басында қамарлар да, скифтер де, сақтар да, мидиялықтар да осы жалпылама термин аясында аталады. Осы «А призмасына» түскен соңғы сөйлемде *ашғұз* (*aş-gu-za-a-a*) этнонимі мен *Ишақай* (*Iş-pa-ka-a-a*) есімінің бар екендігін жоғарыда сөз еттік. Оны зерттеушілер, әдетте, көне қытай деректерінде кездесетін «ғұз» этнонимінің [263, 126-131] akkaд мәтіндерінде алғаш ұшырасуының дәйегіне балайды. Яки скифтер Алдыңғы Азияға сол жылдары ғана тұяқ іліктірген болса, қамарларды Геродот жазбаларында айтылғандай, солардың алдында ғана сондарынан қуған скифтердің тықсыруымен осы аймаққа жеткен еді, деп санауға келмейді. Өйткені екі арада отыз жылдан астам уақыт жатыр.

Осы мәселеге байланысты, ғалымдар арасында Геродоттың біраз жайттарды аңыздық тұрғыда тарқататынына қатысты пікірлердің бұрыннан бар екендігін қаперге алу ләзім. Қамарлар мен скифтердің аталған көші-қондары мерзімінің тым қуысырылып, бір уақытта қатар өткендей етіп көрсетілуі де оның жазбаларындағы хикаяттық сарынның бір мысалына саяды. Мәселен, М.И. Артамоновтың кезінде бұл көші-қон туралы: «шын мәнінде скифтер киммериялықтардың артынан қуған жоқ, олар Алдыңғы Азияға бір-бірінен бөлек жағдайда, екі араға талай жыл салып барып өтті. Киммерлер сол жаққа өздерінен бұрын кеткен тайпаластарының соңынан көшсе, кейіннен скифтер де көшпелі қауымдардың ілгеріден үйреншікті миграциялық бағыттарының бірі болған жолмен күнгейге өтті... Бұл ретте олардың екеуіне де сол кезеңдерде Шығыс Еуропа далаларында бірнеше рет қайталанған қуаңшылықтың зардаптары тиюі әбден кәміл. Жайылымдардың тақырлануынан тапшылық көрген жұрттардың дені, мал-жанға жағдайы дұрыстау Кавказ қойнауындағы шүйгін жазықтарға қарай қоныс аударған сынайлы. Әуелі киммериялықтар, отыз жылдай уақыттан соң скифтер... Бұған ғалымдардың ж. с. д. VIII-VII ғасырларда Қара теңіздің теріскейіндегі аймақтарда оның алдындағы және кейінгі кезеңдеріне қарағанда, археологиялық ескерткіштердің күрт азайғанына (ол халық саны кемігенінің нышаны) назар аударатын

зерттеулері де қайшы емес. Қанаты енді-енді қатайып келе жатқан көшпелі шаруашылыққа қайталамалы қуаң климаттық жағдайдың кәдімгідей соққы боп тигенін осыдан да аңғаруға болады» [334, 23-27], деген пайымдаулар жасағаны белгілі.

Мұны украин археологы С. В. Махортыхтың зерттеулері де негізінен қуаттайды. Ж. с. д. II-I мыңжылдықтардың тоқайласқан тұсында ұлыдалалық кеңістікті қусырған қуаңшылықтың зардабы Оңтүстік-Шығыс Еуропада қима және белозер қола мәдениеттерінің отырықшы-бақташылық шаруашылығының ыдырауына әкеп соқты. Халықтың басым бөлігі амалсыздан көшпелі мал шаруашылығына ауыса бастады. Әрі ауа райының одан әрі қуандана түсуі оларды тау баурайларына, орманды алқаптар төңірегіне ұйысуға мәжбүр етті. Ол аймақтарды мекендеген жергілікті қауымдар мен түз жұрттарының араласып, ықпалдасуынан киммер мәдениетінің негізгі нышандары жүйелене бастады. Қара теңіздің теріскейі мен Кавказ баурайларында қалыптасқан Черногор (ж. с. д. XI-IX), Новочеркас (ж. с. д. XI-ΥII) мәдениеттерінің де түзіліміне сол киммериялық жұрттардың әсер-ықпалы тиген болатын. Олардың аттылы жасақтары сол өңірлерден ауық-ауық Урарту, Ассирия мемлекеттеріне әскери жорықтар жасап тұрды [361, 50, 56, 74-75], дейді ол.

Ассириялық сына жазуларда ж. с. д. 714 жылдан кейін қамарлар (ғамирлар) туралы отыз бес жыл бойы мәлімет кездесе қоймайтынын, бұл кездерде олардың ассириялық аумақтан тыс жерлерде жүруі, сондай-ақ мәтіндерге түсуге лайықты оқиғаларға қатыспауы немесе сол қыш дереккөздердің бізге жетпеуі мүмкін деген себептермен де түсіндіруге болады. Алайда ж. с. д. 679 жылы аккад мәтіндерінде қайта көрінген кезіне (батыстағы Каппадокияда Асархаддоннан жеңіліс тапқан оқиғасына) дейін де қамарлардың Ассирияға қапталдас аймақтарда белгілі жұрттардың қатарында саналғаны аңғарылады, дейді зерттеушілер. Аталған жеңілістің қамарлар үшін еш зардабы тимегендігін, олардың іле-шала Фригияны басып алғанынан, он жылдан кейін Лидияны билегенінен, Ассирияға да қайта-қайта

қауіп төндіруден танбағанынан да байқау қиын емес [359; 360, 551-552; 362].

Қамарлардың тарих белесінде сак, скифтерден бұрын көрінгеніне қатысты мәліметтер мұнымен шектелмейді. Олар туралы ең алғашқы дерек көне Грекияның атақты ақыны Гомердің (соқыр Омардың) «Одиссея» дастанында кездеседі деп есептеледі. Одиссейлер мінген кеме Қара теңіздің шығысындағы Колхидаға келгенде, «алда үнемі тұман мен бұлт көмкерген *киммериялықтар* өңірі жатты» [363, XI, 12-19], делінген жолдар бар. Ғылымда “Одиссеяның” ж. с. д. YIII-YII ғасырларда дүниеге келген шығарма екендігі нақтыланғанын еске алсақ, Гомердің қамарлар туралы урартулықтар мен ассириялықтардан әлдеқайда ертерек білгені аңғарылар еді [358, 95]. Қамарлар туралы келесі мәлімет де осы соқыр Омардың атақты «Илиада» шығармасында ұшырасады. «Одиссеядан» бұрын дүниеге келген бұл дастанның XIII жырында Зевстің троялықтарды ахейліктердің кемелеріне таяу алып келіп, «салт атты фракиялықтар, жекпе-жекші мизиялықтар және *гиппомолгтардың*, тек сүтпен қоректенетін ішім-жемі аз әділ жұрттың ғажап жайсаңдарының жеріне жанар тіккені» [364, XIII, 1-6 жол] туралы жолдар бар.

Страбон «Илиададағы» «гиппомолг» сөзін «бие сауушылар», яғни Қара теңіздің теріскейіндегі қымыз ішетін халықтың атауы ретінде ұғындырып, оны скиф жұрты ретінде түсіндіреді [347, YII. III. § 7-9, 273-275, 815]. Алайда зерттеушілер скифтердің бұл аймақта байқалуы «Илиада» дүниеге келген заманмен мерзім жағынан сәйкеспейтініне назар аударып, ол орайда гректің ж. с. д. 310-240 жылдары ғұмыр кешкен ақыны һәм ғалымы Каллимахтың «Артемидаға» атты поэмасында сол «бие сауушы» жұрттардың киммериялықтармен дәл шендестірілгенін алға тартады. Әрі мұндағы «бие сауушылар» термині жоғарыда есімі аталған Лигдамид (Дугдамме) патша бастаған кейінгі қамарларға тікелей қатысы бар ұғым ретінде аталып: «адуынды Лигдамид бие сауушылар әскерін, сансыз көп киммериялықтарын (*κίμμεριοί*) ертіп әкеліп, [Эфес] храмын қиратпаққа бекінді», деген жыр жолдарын құрайды [354, 52; 365, 6-9; 366, 251-254 жол, 60, 101 б.].



Әлбетте, Гомер поэмаларының, сондай-ақ басқа да ақындар шығармаларының тарихи дерек емес, қиялға ерік берілген әдеби туындылар екендігі анық. Оларда көне гректермен араласқан, қақтығысқан халықтардың бірде тұқыртылып, бірде әсіреленіп айтыла беретін реттері де кездеседі. Тарихи мәліметтермен үйлеспейтін қайшылықты тұстары да ұшырасады [367, 18-64; 368, 9-50]. Бірінде айтылған жайттарды, келесілерінің сәл түрлентіп алып, әрі қарай өзінше өрбітіп әкететін сәттері де жоқ емес. Сөйтсе де ол шығармалардан ежелгі заман халықтарының этнографиялық ерекшеліктері, әдет-ғұрыптары, қоныстанған мекендеріне қатысты кей сілемдер кәдімгідей бағамдалып жатады. «Бие сауушылар» атауы да бұдан үш мың жылдай бұрынғы көне дәуірлерден жеткен сондай этникалық белгілердің бірі. Олар, шамасы, Қара теңіздің теріскейінде мекендеген түздік жұрттарға Гомер заманы гректерінің сырттай қойған атауы болса керек. А.И. Иванчиктің көне грек авторлары тарапынан «бие сауушылар» сөзінің кемсітушілік мағынада, «Илиадада» айтылғандай, тамағы жетімсіз, жоқ-жітік, тек сүтпен қоректенетін кедей жұрттарды білдіру үшін де қолданылғанын мысалдармен дәйектейтіні бар [367, 19-20]. Кейінірек, «Одиссея» дүниеге келген заманда гректердің ол көшпелілер туралы біршама хабардарлығы артқанын, «бие сауушылардың» орнын киммериялықтар атауы алмастырылғанынан да байқар едік.

Археологиялық зерттеулер де сол дәуірлерде осы шығысеуропалық далалық өңірлерде *қамарлардың* ғұмыр кешкеніне қатысты ақиқаттарды алға тартады. Қамарлар туралы тиянақты еңбектің авторы, әйгілі украин археологы А.И. Тереножкин оларды *қима* мәдениетінің ақырғы *белозерлік*<sup>40</sup> кезеңінен (ж. с. д. 1150-900 ж.) осы өңірлерде ғұмыр кешкен жұрттар қатарына қосады. Одан кейін киммерлердің этноетегіне тікелей қатысы бар – Азау теңізінің теріскей тұстарындағы *черногор* (900-750 ж.) және *новочеркасск* (750-650 ж.)

---

<sup>40</sup> Белозер мәдениеті – Дон мен Днестр өзендері аралығындағы далалық мәдениет.

мәдениеттері жалғасады. Олардың Қара теңіз далаларына келгенге дейінгі қонысы Еділ-Жайық алаптарында болыпты. Киммериялықтар ж. с. д. II мыңжылдықтың орта шамасында, сол өңірлерде ілгеріректе өмір сүрген *полтавка* мәдениеті қауымдарынан ұласқан әсер-ықпалдарды бойларына сіңіре жүріп, жаңа *ілкікиммерлік* дәстүрлерді қалыптастыруға атсалысыпты. Сол замандарда олар да байтақ далалық аумаққа тән болған тіршілік үрдісі – отырықшылық пен бақташылықты қатар ұстанатын. Соңғы қола дәуірінде өзге де түздік жұрттармен бірге, еуразиялық кеңістік үшін аса тиімді көшпелі шаруашылық машығына ауысады. Ақырындап батысқа қарай өріс ұзартады.

Киммерлердің көшпелілік үдеріске өтуі *белозер* мен *черногор* кезеңдерінің түйіскен мезгілі – ж. с. д. X ғасыр немесе IX ғасырдың басына сәйкес келеді екен. Сол заман қорымдарынан олардың салт аттылар мәдениетінің жоғары деңгейлі әлеуеттік сатыларына қол жеткізгені, мал санының өсуі нәтижесінде жекеменшіктің рөлі артқаны, рубасылар мен билеушілер тобының жіктелгені, жауынгерлік қуаттары күшейгені аңғарылады. Қабірлерде мәйіттердің ақыреттік заттары ретінде жүген, қылыш, қанжар, айбалта, жебе, гүрзілер мен әскери балғаларды қою, қарулардың алтынмен безендірілуі сол сипатқа тән белгілер. Және сол өңірлердегі киммерлерге тән мәдениет ретінде танылар *черногор* кезеңіне жататын сол ескерткіштер арасындағы, мәселен Кіші Цимбал (Донецк) мен Биік обадан (Запорожье) табылған қола ауыздық сулықтары, сүйектен жонылған шағын сопақ тоғалар, тастан жонылған түймелік ілгектер, жебенің қола ұңғылы ұштары Алтайдағы ілкі сақ/скифтік Аржан қорымынан табылған сондай заттармен тіптен ұқсас екені байқалыпты [365, 208-213].

Қамарлардың түп-тегінің Байкөл төңірегінен, Ханғай (Өтүкен) тауларын, Қара Ертістің бас алаптарын, Алтай аумағын, Шығыс Түркістанның бірсыпыра бөлігін, Сарыарқаның шүйгінді төсін қамти Мұғалжар тауларына дейін ұласқан құйқалы қойнаулардан, салт аттылар кеңістігінен шыққанының келесі бір нышанына – Шығыс Еуропа даласының әр тұсынан, Қара теңіздің теріскейінен, Еділ бойынан, Солтүстік Кавказ өңірінен ұшырасатын

сынтастарды<sup>41</sup> айтуға болады. Беттеріне әртүрлі бейнелер шекіліп түсірілген бұл серектастарды зерттеушілер Орталық Азия археологиясында кеңінен белгілі «бұғытастардың» еуропалық баламалары ретінде таниды. Тереножкин де Оңтүстік Бугтың Қара теңізге құярындағы көне Ольвиядан әкелініп, Одессаның археологиялық музейіне қойылған, Болгарияның теріскейіндегі Белоградец селосы маңындағы қамарлық биік оба үстіне орнатылған, Самара су қоймасы маңынан, Солтүстік Кавказдан табылған, сомдалу мәнері беттерінде қашалған бейнелері бір-біріне ұқсас сынтастарды қола дәуірінің соңында немесе темір дәуірінің басында *қарасуқ* дәстүріне жақын мәдениеттер аумағынан жеткен кезекті көші-қон толқыны әсер-ықпалдарының нәтижесіне балайды. Сол тұлғатастармен қатар Қара теңіз аймағының *черногор* мен *новочеркас* кезеңдеріндегі *киммер* мәдениеті обаларынан табылған, әуелгі тегі орталықазиялық қола қарулардан бастау алатын, кейіннен жетілдірілуі нәтижесінде киммериялықтарға тән басты қару-жараққа айналған – сабы қола, балдағы тік темір қанжарлар мен семсерлердің алғашқы


---

<sup>41</sup> Сынтас – ғылымда «бұғытас» («оленный» камень) деп аталатын терминнің қазақша бір баламасы. Академик Ә. Марғұлан өңделмеген, бедерлер салынбаған «меңгір» тектес мұндай тастарды қазақтардың «сынтас», «қойтас», «серектас», «бағанатас», «самалатас», деп атағанын жазады [143, 277-279]. Бұғытастар көп шоғырланған Алтай-Саян, Моңғолия өңірлерінде де оларды жергілікті жұрт түркше «сынтас», моңғолша «хошу шило» (қойтас) дейді екен. «Бұғытас» деген атауды ғылымға, өзі зерттеген сынтастарда бұғылардың көбірек бейнеленуіне байланысты, кезінде Н.М. Ядринцев енгізген. Алайда олардың бәрінде, әсіресе батыс еуразиялық аймақтарда бұғы кескінделе бермейді. Сол себепті де барлығын түгелдей «бұғытас» деуге келіңкіремейді [369, 5-6]. Орысша «бұғытас» термині қалыптасып кетсе де, біз оны халық қойған байырғы түркше-қазақша атауымен «сынтас», кейде «серектас» деп атағанды жөн көрдік. «Көне түрк сөздігінде» «сын» сөзі – «кеуде, тұлға, мүсін» дегенді білдіреді [187, 503]. Яғни, түпкі мағына – тұлғатас. Оны да синоним ретінде қолданамыз. Сондай-ақ Көктүрк заманының ғажайып мәтіндері түсірілген Күлтегін, Білге қаған сияқты салтанатты ұстындардың сол жазуларда «мәңгітас» деп аталғаны белгілі [215, 191, 263].

нұсқалары жетіпті [365, 105-108, 118-119,132]. Олармен бірге сол сынтастар бетіне қашалып түсірілген балта, қылыш, қорамсақ, қайрақ, белбеу, моншақ, салпыншақ сырға сияқты заттардың бейнеленуінен де Ханғай тауларынан батысқа қарай кездесетін орталықазиялық тұлғастар ареалына етене нышандарды байқау аса қиын емес.


Бұдан қырық жылдай бұрын жарық көрсе де, әлі күнге дейін осы тақырыптағы іргелі еңбектер қатарында саналатын А. И. Тереножкин кітабында біршама жүйеленген – қамарлардың этногегін орталықазиялық түп-төркінге сабақтастыратын бағыттың дұрыстығы, кейіннен басқа ғалымдар тарапынан жүргізілген зерттеулер арқылы да қуатталды. Ол байланыстың айқын заттық көрінісінің бірі – сынтастардың генезисін анықтау екендігіне мән берген бірсыпыра ғалымдардың еңбектерінде осы мәселе жан-жақты ашыла түсті. Ұлыдалалық кеңістіктегі жұрттардың ежелден өзара әртүрлі араласу үдерістерін бастан кешетіндігі, әрқилы көші-қондар барысында бірін-бірі ығыстыруларға, этникалық тұрғыдағы сапырылысуларға ұшырап жататындығы, әлеуетті қауымдардың жаңа өңірлерге өріс ұзартатындығы, өздеріне тән мәдени үрдістерді бірге ала жүретіні немесе өзгелерге әсер-ықпал жасау арқылы жеткізетіні белгілі. Сынтастар да Орталық Азияның шығыс аймақтарынан Қара теңіздің батысына дейін ұласқан сондай қоныс аудару үдерісінің нақтылы мысалына саяды. Ғылымда сынтастарды әдетте: жалпыеуразиялық (жануарлар бейнесінсіз); саян-алтайлық (жануарлары айқын кескінделген); моңғол-байкөлдік (көбіне бұғы сұлбасы бейнеленген) үш топқа бөліп жіктеу жүйесі қалыптасқан [370, 19; 371, 179,185]. Жайықтан батысқа қарайғы қамарлық аймақтарда кездесетін сынтастар солардың *жалпыеуразиялық* түріне жатады. Ол үрдістегі серектастар Орталық Азияда негізінен Саян-Алтай, Өтүкен (Ханғай), Орталық және Шығыс Қазақстан ареалында [369, 78-80], сондай-ақ кейінгі зерттеулер бойынша оған қапталдас Шығыс Түркістанның теріскейіндегі аймақтарда кездеседі. [372; 373].

Әсіресе қазақтар қалың қоныстанған Қара Ертіс алабында осы *жалтыеуразиялық* сынтастар жиі ұшырасады екен. ШҰАР-дың Іле Қазақ автономиялы облысы Алтай аймағының Шіңгіл және Көктоғай аудандары аумағында шоғырланған ол ескерткіштерді Еуразия даласындағы сынтастардың ең бір таңдаулы үлгілері деуге болады. Қазақ зерттеушілері С. Сұңғатай мен Б. Еженханұлы Шіңгілдегі ескерткіштердің көркем әрі тартымды, классикалық тұрпаттағы бұғытастар екенін атап өтеді. Олардың көбінде бұғы мен бұландар бейнесінен өзге, сұңқар құстың, тұлпардың, өзге де қасиетті тұлқтардың, сонымен бірге дөңгелек шеңбер, қанжар мен кездік, айбалта мен садақ, т. б. қару-жарақтардың суреттері, сондай-ақ әртүрлі пішіндегі ою-өрнектер салыныпты [374, 10-11].



*Шіңгіл өңіріндегі сынтастарға тән сюжеттер.*

*ҚХР, Алтай аймағы. Ж. с. д. ІХ ғ.*



*Теріскей Кавказ сынтастары.*

*Ж. с. д. VIII ғ.*

Ғалымдар ж. с. д. IX ғасырға сәйкесетін осы қараертістік бұғытас үлгілерінің Қара теңіз далаларына жеткен қамарлық сынтастар үрдістерімен сабақтасып жатқанына мән береді. Яки, оларды сомдаған жұрттардың (немесе бір бөлігінің) батысқа қарай жылжуы барысында, жолшыбай этнотектері ұқсас қауымдарды ілестіре, сол ғасырдың соңында Еділ асып, киммериялық аймаққа жеткесін, Азау теңізінің теріскейіндегі *черногор* мәдениетінің түзіліміне өздерімен бірге ала келген әсер-ықпалдарды тигізгені айқын пайымдалады [374а, 173].

Олардың осы ұзақ қашықтықты басып өткен бағыты бойындағы Кавказ төңірегінде киммериялық сынтас үлгілерін қалдырғаны, сол сипаттағы ескерткіштердің соңыра *черногор* (ж. с. д. IX-ҮІІ ғасыр ортасы) және *новочеркас* (ж. с. д. ҮІІ ғасыр ортасы – ҮІІ ғ.) мәдениеттерінің айшықты белгілерінің біріне айналғаны В.С. Ольховскийдің зерттеулерінде де жан-жақты зерделенген [375; 376, 18-92]. Ғалым киммериялық сынтастардың семантикасын сараптау арқылы, олар сол дәуірдегі салт атты жұрттар ортасында әскери көсемдер, биік мәртебелі абыздар беделінің, қуатты билік феноменінің артқанын көрсететінін, бұрынғыдай бұғылар, жануарлар емес, қару-жарақтарды басым кескіндеуге, ширыққан тұлға бітімін фаллоидтық кейіпте бейнелеуге назар аударылғанын байыптады [376, 152-153].

Археологтардың біразы «сынтас» қашау дәстүрінің негізінен афанасьев кезеңінен кейінгі енисейлік окунев мәдениетінің (ж. с. д. XX-XІҮ ғ.) адам пішіндес (anthropomorphous, антропоморфты) бейнелерді сұлбалаған зор тұлғатастар үрдісінен өрбігеніне ден қояды [369, 86-90, 142-143]. Сынтастар бетінде бейнеленген қару-жарақ түрлері, олардың қарасуқ мәдениетіне, сондай-ақ Қытайдағы Шаң дәуірінің соңы мен Батыс Жыу заманына (ж. с. д. ХІІІ-ІХ ғ.) сәйкесетініне, яки бірсыпыра ілкі бастаулардың сол ғасырлармен сабақтасып жатқанына да мән беріледі [370, 22; 371, 173, 187, 191, 320]. Осы ретте, бұл айтылғандардың Д.Г. Савиновтың еңбегінде атап өтілетін, қабірдің басына серектас тұрғызу дәстүрінің, біз өткен тарауда жан-жақты сөз еткен беғазы-дәндібай мәдениеті (БДМ) аясынан басталатынына қатысты

пікірмен орайласатынына назар аударар едік. Ғалым батыссібірлік *ирмен* мәдениеті молаларына тән сынтастардың сарыарқалық осындай серектастармен сәйкестігі туралы В.В. Бобровтың зерттеулеріне сүйене отырып, олардың барлығы емес, қабір басына орнатылғандарының ғана аталған үрдістің бастауында тұруы иланымды, яки «бұғытастық» дәстүрдің әзелгі бір түп-төркіні осы соңғы қолалық БДМ ескерткіштерінде жатуы кәміл екенін алға тартқаны бар-ды [369, 144-145]. Одан кейінгі ғылыми зерттеулерде БДМ серектастарының семантикалық және морфологиялық тұрғыда Орталық Азияның шығысынан Қара теңізге дейінгі ортақ мәдени кеңістікте жалпыеуразиялық топ қатарына енетіндігі, сынтастарды қашаудың ең байырғы дәстүрлерінің сол беғазылық «қойтастарда» жатқандығы, ол үлгілердің бұғытастарға негіз боп, кейінірек киммериялық сынтастарға ауысканы нақтыланды [377, 410, 413, 415].

БДМ-нің әсер-ықпалының үлкен ауқымды қамтып, теріскейі – Батыс Сібір жазығына, шығысы – Ордосқа, күнгеі – Иран жеріне дейін ұласқаны өткен 3-тарауда жан-жақты сөз етілді. Енді сынтастардың батысқа қарай жылжыған бағыттарына сәйкес, оның («қамарлармен» бірге) батысқа қарай беттеген көші-қон үдерістеріне де назар аударудың реті келгендей. Бұл мәселенің кей сипаты археологтар үшін әуелден таңсық тақырып емес. М.П. Грязновтың ілкісақтық Аржан патша обасы туралы еңбегінде Саян мен Дунай аралығындағы далалық аймаққа тән сақ дәуіріне дейінгі мәдениетті топтастыра «аржан-черногорлық кезең» деп атағаны белгілі [331, 61]. Сол сияқты Р. Исмагил де БДМ феноменін киммериялық (черногорлық) құрылыммен мерзімі жағынан сәйкес келетін, түп-тегі ортақ салт аттылар бірлестігі деп тұжырымдаған-ды [286, 6].

Жан-жаққа жайылған БДМ-ге тән білемді керамика үрдісінің де батысқа қарайғы өріс ұзартқан бағыттары айқын. Қыш ыдыс пен құмыраны жасау барысында, оны ұстауға ыңғайлы болу үшін әрі сәндік мақсатпен, мойны не ернеуінен сәл төмен тұсқа сазбалшық білемін (валик) жұмыр белбеу секілді орап шығаратын, кейде оның екі ұшын мұрт сияқты төмен салбыратып қоятын бұл әдіс

түрі Балканның шығыс-теріскейі мен күнгей-шығыс Алтай таулары аралығындағы ұлыдалалық аумақта жаппай кездеседі. Өтүкен өңірінен Дон өзеніне дейінгі аймақ білемді керамиканың – *шығыс*; Қара теңіздің солтүстігі – *аралық*; Карпаттың шығысы мен Дунайдың аяққы алабы – *батыс* бөлігін құрайтынын бұдан бұрын да айтқанбыз [289]. Шығыс бөлікте ол дәстүрді ұстанатындардың қатарында біразға дейін БДМ-мен бірге Тобыл, Есіл алаптары мен Алтай даласындағы қоныстарында орнында білемді керамика үлгілері табылған сарғара-алексеев мәдениеті де аталып келді [378]. Ол екеуінің бір-бірінен ерекшелігі – беғазы-дәндібайлық үлгілердің негізінен қорым-кесенелерде, сарғара-алексеев дәстүрлерінің тұрақ, қоныстар аумағында ұшырасатындығы ғана еді. Кейінгі жылдарда қарағандылық ғалым В.В. Варфоломеевтің жүргізген ғылыми зерттеулері нәтижесінде, ұқсас үрдістерді ұстанған бұл қос мәдениет БДМ атауының аясына біріктіріліп, Батыс Сібірдің оңтүстігі мен күллі Қазақ жерін, яғни Еуразия құрылығының орталық аймақтарын қамтып жатқан біртұтас *білемді керамика* мәдениеті ретінде пайымдала бастады [284, 213-216].

Дәл осы БДМ аумағының батысына іргелесе, Жайық алабынан Днепрдің сол жағалауына дейінгі далалық кеңістікті кейінгі қола дәуірінде білемді керамикалы *иванов* мәдениетінің жұрттары алып жатты. Ғалымдар олардың да қыш ыдыстарын *сарғара* (яки, соңғы топтау бойынша БДМ) мәдениетіне өте жақын екендігін атап көрсетеді. Сондай-ақ қола құрал-жарақтар құю дәстүрлерінде де қазақ жерінің шығысы мен Батыс Сібірден ауысқан үрдістер анық байқалыпты [379, 210, 221, 224; 380, 253]. Ол бір жағынан, осы білемді керамика мәдениеті тараған кеңістіктің Еуразиялық металлургиялық провинция (ЕМП) аумағымен дәл шендесетін сипатына да байланысты еді. Ж. с. д. II мыңжылдықтың екінші жартысында Кенді Алтай мен қазақ жерінен Ұлыдалалық аймақтың батысына дейін 3 мың шақырымнан астам қашықтыққа созылған трансевразиялық «қалайы жолы», оның өн бойындағы жұрттардың тіршілік салттарына да ұқсас металлургиялық дәстүрлер телігені белгілі. Қазақ жерінде қола қорытпасының



сапасын шындауға аса қажетті қалайы кені мол қорының шоғырлануы, оған иелік еткен БДМ қауымдары билеуші әулеттерінің күш-қуаты мен байлығын мейлінше артырған басты алғышарттардың да бірі болды. Қалайы ғана емес, алтын кендері де мол беғазы-дәндібайлықтар трансевразиялық «дала дәлізі» арқылы өздеріне қарасты аймақтарда өндірген қалайы кентастарын (касситерит тасын) Днепрге дейін жеткізіп тұру тетігін де өз қолдарында ұстады. Ол кеннің мыспен араластырылып қорытылуынан сапасы аса берік қалайылы қола құйылды. Зерттеушілер Днепрге Сарыарқадан гөрі батыс жағындағы Карпат металлургиялық провинциясы екі есе жақын болса да, қалайының ол жерден емес, сонау шығыстан тасылуын, *осы ұлыдалалық аумақта қола дәуірінде тіршілік салттары бір-бірінен онша қашық емес туыс қауымдар мекендегендігімен түсіндіреді*. Әрі ол осы кеңістікте біркелкі білемді керамика мәдениетінің өрістеуіне де үлес қосқан басты сипатқа саятын [381].

Демек энеолиттік көнешұңқыр (арғытүрктік *R1b* зәуатты жұрттар мәдениеті) заманынан бері дала төсінде ұқсас ғұмыр кешкен түп-тегі жақын халықтар қола дәуірінде де бір-бірімен тығыз ықпалдастық қарым-қатынас құрды. БДМ-ға білемді керамикасы мен қару-жарағы ұқсас, жайық-днепрлік *иванов* мәдениеті де сол іргелес туыстықтың бір көрінісі еді. Ж. с. д. II мыңжылдық соңындағы климаттың қуаңдануына байланысты өршіген көші-қон лықсулары сол біркелкі мәдениеттердің ыдырауына әкеліп соққан әртүрлі сапырылыстарды туындатты. Ол үдеріс басқалармен қатар *ивановтық* білемді керамика жұрттарын да шарпыды. Талай уақыт мекен еткен аймақтарында өздеріне тән ескерткіштерді қалдырған олардың содан кейінгі тағдыры мәлімсіз [379, 226; 380, 257].

Шамасы, олар күнкөріске жайлы қоныс іздеп, басқа жаққа қоныс аудару кезінде, барған жерлеріне сіңісу құбылысына ұшырады немесе кейінгі киммериялық, сақ-скифтік мәдениеттер аясына жұтылды, деп есептеледі. Киммериялық кезеңде олардан босаған өңірлерге келген жұрттардың арасында Еділге-Жайық алабында қоныстанған *нұр* мәдениеті қауымдары аталады. Оның


керамикасының Шығыс және Орталық Қазақстанның қыш ыдыстармен тікелей баламалығы барлығы аңғарылыпты. С. С. Черниковтың шығысқазақстандық трушников, усть-нарым қоныстары бойынша зерттеген керамика үлгілері [209, 35-40, таб. XXX, 59-62, таб. IX,X], Ә. Марғұланның Баянауыл өңіріндегі Тағыбайбұлақ қоныс орнынан қазып алған қыш ыдыстар түрі [143, 225-233, сурет 174] осы нұр қоныстарынан да кездесіпті [382, 42-43]. Сондай-ақ нұрлық мекендерден табылған бір жүзді пышақтар, жебе ұштары, тас қайрақтар, ұршықтар одан батысқа қарай ұласқан киммериялық *черногор* мәдениетінің заттарымен сәйкес шығыпты. Яки нұр түзілімдері темір дәуірінің басында да Алтайдан Днепрге дейін кеңістікте біртұтас мәдени-тұрмыстық дәстүрдің (киммериялық кезеңнің) болғанын пайымдататын, оның шығысы мен батысы аралығында жатқан маңызды бір археологиялық нышан ретінде алға тартылады [383, 58-59, 89-91].



*Қамар сынтастарының Орталық Азияның теріскей өңірлерінен батыс аймақтарға (1-14, 16 -19) таралуын дәйектейтін артефактілер табылған орындар. 15-ші өңір Орталық Қазақстандағы Кеңгір өзені алабы [384, 141].*

Орталық Азия жерін көктей өтіп, Қара теңіздің теріскей аймақтарына осы «аржан-черногорлық» [331, 61] көші-қон

үдерісімен бірге жеткен қарасук үлгісіндегі қола қанжарлар мен ұзын қылыштар, пышақтар, айбалталар, гүрзілер, істік балғалар, жебе ұштары Шығыс Еуропа бақташыларын соны қарулармен жарақтандырып, оларды жаңа сатыға, салт аттылы жауынгер деңгейіне көтерді. ардың айбарлы, көсемдік рухтары мұздай қаруларымен бейнеленген «киммериялық» сынтастарда сомдалды. Сондай-ақ сол кездерде қола ауыздықтың D тәріздес сулығы бар түрі де қатар тарапты. Одессалық ғалым И. В. Бруяко ондай ауыздықтың Сарыарқадағы БДМ мәдениетінің орталығы Кент қонысында, сол ж. с. д. X-IX ғасырларға тән ұстаханада құйылғанына мән береді...



*Жыл санауға дейінгі X—VIII ғғ. орталықазиялық этномәдени ошақ және оның дәстүрлерінің таралу бағыттары: а – Қарасук-аржан (қамарлық) бағыты, ж.с.д. X-IX ғғ.; б – аржаннан кейінгі (скифтік) бағыт, ж. с. д. VIII ғ.; в – ерте салт аттылар мәдениеті қалыптасқан өңір («инновация ошағы»), ж. с. д. II мыңжылдық соңы – I мыңжылдық басы. 1 – Мыңус жазығы; 2 – Тува (Аржан ж. т. б.); 3-4 – Шығыс Қазақстан (3 – Шілікті, 4 – Тасмола, Қарамұрын); 5 – Жетісу (Бижне, Жуантөбе); 6-8 – Алтай (Маймер, Қайым, Семисарт); 9 – Памир (Тамды); 10 – Шығыс Арал маңы (Түгіскен, Үйгарақ); 11 – Ахмылово [384, 142].*

Осы және басқа да археологиялық деректер қамарлық (киммериялық) кезеңде Алтай, Шығыс Қазақстан, Шығыс Түркістаннан басталып, ұлыдалалық кеңістік арқылы, жолшыбай кездескен қауымдарды қатарларына қоса, батысқа қарай толқын-толқын боп жылжыған салт атты жұрттардан жеткен мәдениеттер тізбегін айқын бағамдатады, дейді ол [384, 98-103, 142,146-147].

## 2. ҚАМАР (КИММЕР) ЭТНОНИМИНІҢ ОРТАЛЫҚАЗИЯЛЫҚ ТӨРКІНІ

Ж. с. д. YIII ғасырдың соңында Алдыңғы Азия мен Анадолыда ат дүбірлеткен қамарлардың ілкідалалық (орталықазиялық) тегін археология ғылымы осылай дәйектейді. Енді олардың ассирия-бабылдық жазба ескерткіштерде *гамир*, *гамар* (қамар) атанған кезеңіне ойысалық. Қара теңіздің теріскейінде *черногор*, *новочеркас* мәдениеттерін құруға араласқан қамарлардың күнгеі асып, Ассирия тарихында іздері қалған бір тобының Урартумен қақтығысар ж. с. д. 714 жылдар шамасында «Ғамир елі» деген өңірде мекен еткені хатқа түсіпті. Зерттеушілер М.Н. Погребова мен Д.С. Раевский ол өңірді Урартудың теріскей-шығыс жағындағы, Кура мен Аракс алаптары, қазіргі Азербайжан аймағы ретінде тұжырымдайды [360, 547]. Бұл аумақта қамарларға қатысы бар археологиялық түзілімдер негізінен *қожалы-кедебек* мәдениеті (ж. с. д. XIII-YIII ғ.) аясына қамтылған [44]. Ерте темір дәуірінде сол мәдениет түзілімдеріне Кавказдың теріскей далалық аймақтарында кең тараған ат әбзелдері, үш ойығы бар өзекті сулыққа жалғастырылған шығыршықты ауыздықтар жетіпті [385]. Сондай-ақ *қожалы-кедебек қауымдарының* наным-сенімдік дәстүрлеріне ұлыдалалық жұрттарға тән дүниетаным мен салт-дәстүрлер жүйесі де байқалыпты [44].

Солардың бірсыпырасы шамандық (бақсылық) сипаттағы ғұрыптар болыпты. Олардың жерлеу жораларына байланысты кей түрлері Геродоттың «Тарихынан» да белгілі. Скифтердің марқұмның денесін арбаға салып қырық күн ел аралатып аза тұту ғұрпын өткізуі, содан кейін барып жер қойнына беруі, жерлеп

болған соң, адамдардың киізбен тығыз қымталған монша ішінде, үлкен күбіндегі суға, отқа әбден қызған тастарды тастап, ыстық буға қыздырынуы, оған қоса ыстық тастар үстіне қарасора (эфедра, қыша) шөбін сеуіп, одан көтерілген түтін мен иіске елтіп, әртүрлі сарындарға салып ән (жоктау) айтуының [247, ІҮ, 73-75] аржағында, шамандық әрекеттердің жатқанын, Геродот еңбегіне түсініктеме жазған Г. Е. Стратоновский де атап өтеді. Зерттеуші ол туралы: «киіз үй үшінде діни ғұрып өтіп жатуы мүмкін, ол есірткіге елтіген елдің бақсы сарынына қосылып, марқұмды о дүниеге шығарып салу жорасын атқарғаны сыңайлы» [247, 650], деп түйеді. Бұл ғұрыптың бақсылық сипаты барын басқа ғалымдар да қуаттайды. Г.М. Бонгард-Левин мен Э.А. Грантовский қыздырылған есірткі шөптен көтерілген будың әсері бақсының зікірлік сарынын күшейтуге көмектесетін болуы керек, әрі мұны Алтайдың сақ обаларынан табылған археологиялық деректер де қуәландырады, дейді. Мәңгі мұз қабатымен бүркелген әйгілі Пазырық обаларынан тері және киіз туырлық-үзіктермен бірге көмілген ұзын уық ағаштар сақталып қалыпты. Уықтардың біріне ішіне қыша (эфедра) дәні салынған тері дорба байланыпты. Бір мыс ыдыстан өртелген тас, қышаның күйген дәні шығыпты. Дәл осындай заттарды кейінгі бақсылардың да пайдаланғаны этнографиялық әдебиеттерде жазылып қалған. Тыбалық бақсылар (қамдар) толық ай туған кезде ішінде түтіндеген арша салынған ыдысқа сүт бүркіп отырып, өздерінің сарындарын айтқан, ем-домдарын істеген, жоруларын жасаған [224, 117-118].

Ғылыми еңбектерде шамандық (бақсылық) наным-сенімнің палеолит дәуірінен бастап қалыптаса бастағаны айтылады. Оның көп сипаттары энеолит, қола дәуірлеріндегі петроглифтік кескіндерде де таңбаланып қалған. Жартас бетіндегі суреттердегі әртүрлі би қимылдарын жасап жүрген адамдар арасындағы бастарына мүйіз тәж, қауырсын қадалған бөріктер киген, қолдарына үш ашалы айыр ұстаған бейнелер бақсылар ретінде бағамдалады. Сол замандарда әлеуетті бірлестіктер санының артуы, демографиялық өсім, жер үшін таластардың өршуі, олардың өздері тәу ететін рухтар мен құдайларына бағышталған

наным-сенімдердің күшеюіне де әсер-ықпалын тигізді. Рутайпалардың қақтығысында кімнің табынған тәңірісі мықты, қуатты болса, сол жеңіске жетеді, деген ұғым орнықты. Сөйтіп, соған дейін адамзат үшін ежелден ең қатерлі боп келген табиғаттың дүлей күштерінің қатарына, жаңа наным – өздерінің қарамағындағы жұрттарды қорғап жүрер тәңірілік және жебеуші рухтарға табыну үрдісі қосылды. Ол күштерді бір-бірімен қабыстыру, жалғастыру қызметін сәуегейлік, көріпкелдік, жорушылық қабілеті бар бақсылар атқарды. Соның нәтижесінде ғалам кеңістігіндегі адам мен табиғаттың тылсым әлемін байланыстырушы үшінші әлеует пайда болды. Дәл осы – жоғарғы, төменгі және ортаңғы әлем деп аталатын үш ықылымға жіктелу түсінігінің жүйеленуі шамандық діннің қалыптасуына алып келді [386, 61-106]. Осы орайдан алғанда, өткен тарауда және осы тараудың басында тілге тиек етілген, Қытайдағы соңғы қолалық Шаң, Жыу дәуірлеріндегі деректерден белгілі, түбі түз жұрттарынан ауысты деп пайымдалатын жауырыншылық, жорушылық, сәуегейлік мысалдарды сол шамандық наным-сенімге иланудан туындаған көріністер ретінде бағамдар едік.

«Шаман» сөзінің ғылыми термин ретінде танылғанына да көп уақыт өте қойған жоқ. Сібірді жаулап алған казак-орыстар ХҮІІ ғасырда орталыққа берген есептерінде, тұңғыстардан естіген «саман» деген сөзді «шаман» деп жазған екен. Осы атау еуропалық ғылымға да сол күйінде енген. Әйтпесе, тұңғыстардан басқа Сібірдегі түрк-моңғол халықтарының бәрі оны басқаша атайды. Тыбалар, алтайлар, шорлар, қумандылар, телеуіттер, сағайлар, белгірлер – «қам» десе, сақалар – «ойұн», буряттар – «бө», вилюйлік тұңғыстар – «хаман», деп атайды. Тұңғыстардың оны екі түрде – «саман», «хаман» түрінде атауының өзінен, бұл терминнің бастапқы түрк тілдеріндегі фонетикалық төркіні «қам» екендігі байқалады. Мұны кезінде Ю. Немет және Б. Лауфер секілді шетелдік ғалымдар теориялық тұрғыда дәйектеген болатын [387, 7-8].

Қазақ, қырғыз, өзбек, ұйғыр халықтары «қамды» өзгешелеу «бақсы» түрінде атайды. Мұның төркінінде «ауруды бағу» (емдеу)

мағынасы жатыр. Өйткені бақсылар «науқасты емдедім» деп емес, «науқасты бақтым» деп сөйлейді [386, 67-68]. Бақсылық (шамандық) наным-сенім бойынша, айналадағы жанды-жансыз заттардың немесе құбылыс атаулының бәрінің иесі бар. Бақсы – солардың тілін білетін, қыбын табатын адам. Ол – алабөтен қасиетке ие, жоғарғы күштер мен адамдар арасын жалғастырушы дәнекер. Ш. Уәлихановтың бақсылық қабілеттің ерекше екенін пайымдап, ол туралы: «Бақсы өзінің білімді, сиқырлы талантымен өзгеден ерекше биік тұрған адам. Ол – ақын, күйші, әрі сәуегей, әрі емші», «Кез келген адам ақын бола алмайтыны сықылды кез келген адам бақсы да бола алмайды» [388, 473, 476], деп айтуы да бекер емес. Қазақ ғалымы Ш. Ыбыраев өзінің «Қорқыт және шаманизм» атты еңбегінде: «Қорқыт сегіз қырлы, бір сырлы, қасиеті мен қызметі жан-жақты тұлға. Ол бақсы, болашақты болжайтын сәуегей, көріпкел әулие, асқан күйші, емші, жырау (озан), ру мен тайпа кеңесшісі, дана қарт, барлық қиындыққа қарсы тұра білген ержүрек адам, ханның кеңесшісі, елші, уәзір, сарай маңындағы белгілі қызметкер... Қорқыт бір жағынан ру-тайпаның мүддесін қорғайтын адам, екінші жағынан жалпы біртұтас мемлекеттің саяси қайраткері» [389, 578], деп жазады.

Сібірдегі түрк халықтары мен оларға көршілес жұрттар арасында кеңінен тараған қам (шаман) дінінің ежелден ұласқан дәстүрлері, қола дәуірінің петроглифтерінде бейнеленген бақсылық киім, асай-мүсей үлгілерінің соңғы кездерге дейін аса өзгермей жеткендігіне және басқа да мәселелеріне қатысты көптеген мысалдар осы тақырыпты зерттеген біраз еңбекте [390; 390а; 391; 392] жан-жақты тарқатылғандықтан, оларды қайталап жатуды жөн көрмейміз.

«Қам» терминінің түрктік негізі «Көне түрк сөздігі» мен «Түрк тілдерінің этимологиялық сөздігінде» де айқын пысықталған. Оның көне түркшеде емші, құшнаш, сәуегей, арбаушы, сыйқыршы, дуагер мағынасында, «қам ырғлады» (қам тағдырды болжады), «қам арбады» сияқты тіркестерде қолданылған мысалдарына [187, 413; 3, 621-624] назар аударған зерттеушілер, бұл сөздің ежелгі этимологиялық ұғымы қимыл-әрекетті білдіретін «қомдалу»

(қамдалу) түсінігінен туындауы мүмкін деген болжамға иек артады. Бақсылардың қимылдарында құс сияқты қомдану (құс қанатын, адам иығын қомдайды) белгілері көбірек байқалатыны, олардың сарындары мен арбауларында «аспанды шарлап ұшып жүру, әруақтарымен тілдесу, бәрін аралап көріп келу» сияқты элементтерінің жиі ұшырасатыны бұған қайшы емес. Яки, сол «қомдану» (қамдану) ұғымы «қам» сөзінің негізіне айналған. Алтайлықтарда бұл терминнің «қом» деген нұсқасы бар. Зерттеушілер түрк тіліндегі осы «қом» сөзінен бақсылық қимыл-әрекетті білдіретін қомдау ұғымы шыққанын айтады [391, 6]. Сондай-ақ Алтай-Саян түркітеріндегі зат есімдік «қам» термині қарақалпақшада «қамжы» (қамчы) деп те айтылады [393, 240-241]. Түрк халықтарында қамның жын-перілермен арпалысқа түсердегі негізгі құралдарының бірі *қамшы* екені белгілі. Қамның қамшысына қасиетті ағаштан сап жасалып, құрбандыққа шалынған малдың терісінен қайыс өріледі. Ол жын-періні, албастыны, мартуды қуатын аса күшті қару. Соған орай қамшының қам сөзімен түбірлес екені байқалады [389, 578].

Қазақ тілінде «ұшуға ыңғайлану, дайындалу» мағынасын беретін «қомдану» сөзі мен «әзірлену, дайындалу» ұғымын аңғартатын «қамдалу» сөзінің бір-бірімен синонимдес екендігі мәлім [394, IX, 180-181, X, 15-17]. Олардың да түп-төркінінде, арғытүрктік «қам» (қом) сөзінің жатқаны анық. Қамдардың (бақсылардың) ежелгі түрк жұрттары тіршілігінде елеулі орын алғандығын, қытай деректеріндегі хұн шамандарының өз әскерлеріне тәңірілері мен әруақтарының рухын шақыру арқылы көмек бергеніне қатысты мәліметтер де қуаттайды. «Қамдар қытай әскерлері өтетін жолдар мен өткелдердің бойына қойлар мен өгіздерді құрбандық ретінде көміп, әруақтарынан жау жасақтарын жойып жіберуді сұранады» және «қытай императорына «сыйлыққа» жылқыларды жіберген кезде, барған жерін бақытсыздыққа ұшыратсын, деп оларды шамандарына дуалатады» екен [395, 22, 119-120]. «Қам» сөзінің сол замандардың өзінде тілдік қолданыста бар арғытүрктік сөз екенін В.А. Дыбоның «Ілкі түркітердің лингвистикалық байланыстары» атты еңбегінен де



кездестіреміз. Автор онда көне қытай тілінде «шаман» мағынасын беретін *kām* (甘) иероглифін айқын түркітік мысал ретінде алға тартады [5, 97]. Бұған еуропалық ғұндардың өздерінің бас шаманын «ата қам» (*atakam*) деп мәртебелегені, елшілерін «қам жаушы» (*qam sauci*) деп атағаны да маңызды дәйек ретінде қосылады [396, 88-89; 387, 10-14].

Бұл орайда Геродот «Тарихында» айтылатын «Аримаспия» эпикалық поэмасының авторы Аристейдің сақтар жеріне сапарлағаны туралы аңыз сарыны аралас оқиға желісінде де шамандық нышандар сілемі бар екендігін назарға алған мақұл. Оны «Аристейдің бұрынғы өткен ғұмырында қара қарға (Аполлон құдайдың қасиетті құсы) болғандығы» [247, IV, 15], ақынның жер түбіндегі аримаспа, гиперборей елдері туралы жазғандарында, өзінің көзбен көргені емес, дәп бақыслар сияқты «жаны аспанды шарлай ұшып жүрген кезінде» көк жүзінен шолып бақылағанға ұқсаңқырайтын сипаттардың басымырақ байқалатынынан да аңғаруға болады. Осы ретте зерттеушілер арасында, ж. с. д. VІІ ғасырда өмір сүрді деп тұспалданатын Аристейдің, алыс сапарға шықпас бұрын-ақ, Мәрмәр теңізіндегі Проконнес аралының тұрғыны ретінде, соның алдында ғана Кіші Азияға киммерлермен, скифтермен бірге жеткен ежелгі шамандық ғұрыптармен кәдімгідей таныс болуы әбден мүмкін, делінетін пікірлердің орныға бастағанын айтсақ та жеткілікті [224, 94-98; 397, 16-18].

Осы тұрғыдан алғанда Оңтүстік Кавказдағы киммерлерге қатысы бар делінетін *қожалы-кедебек* археологиялық мәдениетіндегі шамандық ғұрыптар мен кей нышандарының түп-төркіні қайдан туындағаны да шым-шымдап суыртпақталар еді. Яки олардың бір кіндігінің орталықазиялық аумақтағы өзіндік даму сатыларымен ерекшеленер *қам* (шаман) дінінің наным-сенімдер кешенімен сабақтасып жатқаны байыпталады. Аталған мәселенің осы қыры соңғы жылдары әзербайжандық ғалым Заур Гасановтың та сүбелі ізденістерінің негізіне айналды. Ол ұлыдалалық *андрон*, *қима*, оңтүстіккавказдық *қожалы-кедебек* мәдениеттеріндегі керамикалық өрнектерінің композициялық түзілімдерін салғастыра зерттеу барысында, олардың көбіне бір-

біріне ұқсас ортақ сипаттар тән екенін анықтады. Үш мәдениетте де қабырғалары ішке ойысқан, ортасына шеңбер салынған төртбұрыш белгі, қас (свастика), қисық тор, ирек (зигзаг) пішіндер, үшбұрыштар, шырша өрнек, толқын (меандр), қатарласқан үшбұрыштар, штрихты үшбұрыштар, төрт бұрышты қиықшалар (ромб), үлкен ромб ішіндегі төрт ромб, ортасында нүктесі бар қатарласқан ромб, сондай-ақ қатарласқан қас, зигзаг бейнелері жаппай кездесіпті [398, 30, 40]. Ортасында шеңбер салынған төртбұрыш белгілердің қаратеңіздік киммер мәдениетіне тән бас өрнек екені А.И. Тереножкиннің «Киммериялықтар» еңбегінде де аталып өтеді [365, 174-175]. Бұл төртбұрыштар – орталықазиялық, сібірлік қамдар (бақсылар) түсінігінде элем кіндігі, ал оның айналасындағы шеңбер (немесе квадрат) күллі ғаламды бейнелейді [44; 398, 36-37]. Ол қамдардың даңғыраларында ең жиі бедерленетін белгілердің бірі [390, 1, 6 суреттер; 399, 55-56, 63-64, 66 суреттер].



*Сібір бақсыларының  
даңғырасы*

Бақсылардың басты құралдары қатарындағы даңғыра мен қола қоңыраулар да *қожалы-кедебек* мәдениетінде кеңінен тарапты. Алтайлық жұрттар бақсыларының ондай қоңыраулар мен сылдырмақтарды даңғыраларына, киімдерінің жеңдеріне,

арқаларына, иықтарына, бөріктерінің жиегіне, белдіктеріне, етіктерінің қоныштарына тағып алатыны белгілі [44; 390, 147- 175, 4-5 сурет; 392, 8-сурет; 399, 51-б, 97-сурет]. Қожалы-кедебек мәдениеті жәдігерлерінің арасынан табылған жарты ай тектес қола алқалар да сақа-якут бақсыларының арқаларына тағып алатын салпыншақтарынан аумайды екен. Сондай-ақ қожалы-кедебектік қола тоғалар да бақсылардың даңғыралары мен қоңырауларын ілетін тоғаларына ұқсайды. Негізінде бақсылар тағынатын тоғалардың әрқайсысының өзіне тән символдық мәндері бар. Олардың бірсыпырасы ғалам кіндігін, күн, ай, жұлдызды бейнелесе, бірқатары бауыр, жүрек сияқты ішкі органдарды сыпаттайды. Бақсылардың жылқының бас пішіні бейнеленген асатаяғының ұшына сылдырмақ ілетін дәстүрлері де киммериялық, сондай-ақ қожалы-кедебектік мәдениеттерде де өз жалғасын тауыпты. Бақсылардың жандары аспан мен алыс кеңістіктіктерді шарлап кеткен кездерде «мінетін негізгі ұшқыр да жүрдек көліктері» құс (бүркіт, құмай), ат, бұғы, таутеке болғаны белгілі. Қола дәуірінің соңынан салт аттылар мәдениетінің өрістеуі жылқы культінің мәртебесін арттырып, асатаяқтарда қылқұйрықтардың бас пішіні көбірек бейнелене бастайды. Және ол бұрынғы шамандық дәстүрлермен үйлесімді қабысып, қанатты жылқылар, мүйізді тұлпарларға айналады. Бір жағы бақсылық наным-сенімдермен астасып жатқан осы түсінік сақ археологиясындағы қанатты пырақтар бейнесінде өрісті жалғасын тапты [365, 22; 44; 400, 98-100; 401, 28-44].

Орталық Азияның төрінен батыстағы Дунайға дейінгі ұлыдалалық кеңістікті жалғап, жол-жөнекей Кавказдың күнгеіне қарай ойысу барысында *қожалы-кедебек* мәдениетіне өз наным-сенімдеріндегі шамандық ғұрып сілемдерін жеткізген *қамар* жұрттарына қатысты осы археологиялық сабақтастықты пайымдау – аталмыш этнонимнің түпкі төркінінің арғытүркітік «қам» сөзінен шыққандығы туралы болжамға [398, 40] да кәдімгідей иландырар еді. Расында қамдардың (шамандардың) ежелгі дәуірлерде бойларына біткен, Тәңірімен тікелей тілдесе алатын ерекше қабілеттері арқасында ел билегені, мемлекет

басқарғандығы, болашақты жорып, халықты алда атқарылар істерге бағыттап отырғаны, әрі көсем, әрі абыз болғаны мәлім [387, 14-15; 401, 121].

Осы тұрғыдан алғанда орталықазиялық қам дінін батысқа ұластырған, ассирия деректерінде «*gamir/gamirra, gimirri, gimirraiu*» (*гамир, гимирри, гимиррай*) деп таңбаланып, «Ғамир аймағында» мекендеген жұрттың төл атын – *қамар* деп атаудың реті әбден келетіндей. Мұндағы «*ар*» түрк тілдеріне ежелден тән, ру-тайпалар атауына қосылатын, іс-әрекет иесін білдіретін көптік жалғау. *Ap/ep/p* (ер, адам, жұрт) аффикстерінің жалғануынан: *қанғар, бұлғар, абар, хазар, субар, татар, мажар, ұйғыр...* сияқты этнонимдер туындаған. Осы орайдан алғанда, Геродот арқылы кеңінен танылған «киммер» жорықшылары, тіршіліктерінде «қам» наным-сенімі басым байқалған әрі «қам» абыз-көсемнің бастауымен келген салт аттылар, шамасы, өздерін «қам-ар» (*қам жұрты*) деп атауы әбден кәміл.

Ассириялық деректерде «Ғамир елі» атауымен белгілі бұл хоронимнің сілемі Өзербайжан мен оған қапталдас аймақтарда *қамар, гамар* түріндегі топонимикалық атауларда жиі қайталанатынына қарап-ақ, бұл пікірдің жаны барлығына көз жеткізуге болады. XIX ғасырдың өзінде Өзербайжан мен Армения жерінде *Қамарлы* деген бес ауыл болыпты. Және олардың бәрінде негізінен түрк-эзербайжан ұлты мекендепті. Бір замандарда қамарлар ат тұяғын дүбірлеткен Маңа, яки қазіргі Иран Өзербайжаны жерінде *Қамар/Қомар* атты екі ауыл, Иранның басқа да аймақтарында *Қамар, Қамарабад, Қамаран* атты жер атаулары ұшырасады екен. Құмықтарда *қамақ*, Алтай-Саянда *қамлар* руларының кездесетіні де осы *қам* компонентінен туындаған этнонимдерге саяды [42, 320-321].

Демек, аккад (ассирия-бабыл) мәтіндеріндегі семиттік ызың көмей дауыссыздан басталған «*gamir/gamirra, gimirri, gimirraiu*» терминдерін де дәл сондай этнонимдік атау ретінде қабылдасақ ләзім. Өйткені түрк тілдерінде *қ ~ г, к ~ г* дауыссыз дыбыс алмасулары қалыптағы құбылыс. Бұл сәйкестіктер артикуляциясы мен акустикасы тұрғысынан және генезисі жағынан да бір негізге

барып тірелетіндіктен,  $қ \sim з$ ,  $к \sim г$  алмасулары тектес дауыссыз дыбыстар сәйкестіктері деп табылады [402, 38-62]. Тіл арты шұғыл дауыссыз «қ» дыбысы тіл арты ызың «з» дыбысына ауысып айтыла береді. Бұл ретте, қазақша «қ» дыбысынан басталатын сөздердің оғыз тілдерінде көбіне «з», «г» дыбысына алмасатынын назарға алуға болады. Мәселен, «қамыс» сөзі – әзербайжанша мен түрікменшеде «gamış» (гамыш); «қарға» – «garğa» (гарға); «қаз» – тиісінше «gaz» (газ), «ğaz» (ғаз) деп дыбысталады, біздің тақырыбымызға да орайласар еді. Өйткені, «Ғамар (гамир) елінің» бүгіндері оғыздар мекендеп отырған аймақта жатқандығы «қ ~ з, ~ г» алмасуларына дыбыстық тұрғыдан да келіп үйлесім табады. «Қам» сөзі әу баста аккад жазбаларына осы сәйкестікке байланысты арғысемиттік ұяң тіл арты «g – g» (ғайн - Ğ, 'айн - Ğ), яки «z – g» фонемаларынан басталып жазылса керек. Бұл дыбыс грекше айтылуында (ол тілде «қ, з» дыбысы жоқ болғандықтан), шұғыл көмей дауыссыз «k» дыбысында көрініс беріп, Геродот грекшесіндегі *κιμῆρ* нұсқасы арқылы, орысша ғылыми айналымда *киммер* (*киммерийцы*) түрінде қалыптасты.

Осы ретте «Алдыңғы Азия халықтары мен гректердің киммерлерді сәл ғана дыбыстық өзгерісі бар ортақ этноним (*гамир*, *гимир*, *киммер*) түрінде атауы бекер емес. Шамасы ол киммериялықтардың өздерінің төл атауы сыңайлы. Егер бұл этнонимді сырт жұрттар қойған болса, онда әрқилы атаумен таңбаланар еді», деген орайда пікір айтқан И.М. Дьяконовтың тұжырымы [358, 94-95] ақиқатқа бір табан жақын деп білеміз. Яки, жоғарыда әр қырынан (сынтас, білемді керамика үлгілері, археологиялық, шамандық дәстүрлер тұрғысынан) талданып, ұлыдалалық аумақтың шығыс қапталынан батысына дейін қанатын жайған, Кавказдың оңтүстігіне де өздеріне тән ежелгі наным-сенімдер сілемін жеткізген салт аттылы жұрттардың ілкі топтарының түпкі төл атауы – арғытүрктік «қам» сөзінен туындаған *қамар* (*гамар*) этнонимі болса керек. З. Гасанов зерттеулерінде біршама зерделенген [44; 398], М. Зәкиевтің жаңа еңбегінде назарға алынған [403, 181] осы этимология басқа болжамдарға (көне иранша мағынадағы «gām-ir(a) немесе gmīra»

/көшпелі жасак/ [358, 97-99], түркше төркінге бейімделген «киме-ир» /кеме адамдары/ [403, 181] және қазақ зерттеушілерінде ұшырасатын «кемер» /жағалау адамдары немесе кемер белдіктілер/ нұсқасына) жорамалдарына қарағанда, біршама иланымдылау көрінеді. Сол себепті біз де орыс тілді ғылыми әдебиеттер арқылы киммер жазылымында қалыптасқан терминді, осы тарауда оның арғытүрктік негізін меңзейтін **қамар** этнонимі түрінде ауық-ауық атап отырдық.

### 3. AŞGUZAI, İŞKUZÂI, ИШҒҰЗ, ЫУ (ҒҰЗ): ТАРИХИ-ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАМА

*Қамар* этнонимінің арғытүрктік сипатын жоғарыдағыдай пайымдау – *скиф* терминінің этимологиясына да батыл барлау жасауға мүмкіндік әпереді. Ассириялық деректерге *aşguz, işkuz* (ашгуз, ишкуз) түрінде түскен бұл этнонимнің төркінінде *ғұз* сөзінің жатқандығы түрк халықтарынан шыққан зерттеушілер тарапынан біраздан бері айтылып келеді. Кезінде О. Сүлейменовтың «Аз и Я» кітабында *ишгуз* терминін оғұздардың «Китаби дәдәм Корқуд» эпосындағы іш оғыз, тыс оғыз бірлестіктері атауымен сабақтастырған талпынысы [22, 269-270] өзге де ғалымдар назарына ілінді [47, 42; 45, 137-138]. Қазақ қаламгері бұл бағыттағы зерттеулерін одан әрі дамыту барысында, «Тарихқа дейінгі түркілер» еңбегінде ассириялықтарда *aşguz* аталған терминнің оғыз эпосындағы *иш оғыз* атауының этимологиясымен байланысы барлығын, ассириялықтар, шамасы, ол атауды арғытүркілердің өздерінен естуі мүмкін екендігін, сол *ишғұз, ишғұздан* көне грекшедегі *скуз* сөзінің туындағанын пысықтады [51, 152-158].

Жаңа мыңжылдықта бұл орайдағы ең іргелі ізденіске барғандардың бірі – эзербайжанның жас ғалымы З. Гасанов болды. Ол «Патша скифтері» атты көлемді монографиясында [43] ішғұздардың этнотілдік мәселелерін кең ауқымда зерделеп, олардың арғытүрктік сипаттарына қатысты көптеген дәйектер тапты. Осыған дейін тек көнепарсылық мысалдармен ғана

ұғындырылып жүрген сөздердің этимологияларын түрк тілдерінің байырғы нұсқалары, семантикалық негіздері арқылы түсіндірудің жаңа методикалық әдістерін жүйеледі. Скифтердің генеалогиялық аңыздарының түрктік астарларын ашты.

Геродоттың «Тарихында» скифтердің арғы тегі Тарғытай (Ταργίταιος) атты адам екендігі, оның Липоксай (Λιπόξαις), Арпақсай (Αρπόξαις), Қолақсай (Κολάξαις) деген үш ұлы болғандығы айтылады. Аңыз бойынша, солар ел билеуге жетілген кезде «скиф жеріне аспаннан алтын соқа, мойынтұрық, айбалта және тостаған түсіпті. Оларды бірінші боп көрген үлкендері Липоксай, көтеріп алмаққа ұмтылғанда, алтын заттар лапылдай жанып қасына маңайлатпайды. Ортаншы ұл жақындағанда да осы құбылыс қайталанады. Ал үшінші, кенже ұл таяғанда, алаулаған от тыйылып, Қолақсай ол алтындарды көтеріп үйіне апаруға мүмкіндік алады. Сол себепті де үлкен ағалары патшалық билікті кенжелеріне береді. Үлкен ұл Липоксайдан – абхат, ортаншы Арпақсайдан – катиар мен траспи, ал кіші ұл Қолақсайдан – паралат рулары таралады. Барлығы бірге *сколот*, яғни патша тайпалары деп аталады<sup>42</sup>. Эллиндер оларды скифтер деп атайды» [247, ІҮ, 5,6], деген көпке мәлім әпсана сарынының өзінен-ақ, түрк-моңғол жұрттарының ежелгі шежірелік аңыздарына ұқсайтын сипаттарды да аңғару қиын емес. Алайда, кезінде кеңес билігінің талаптары үстемдік еткен ғылымда, скифтердің түп-тегін тек ирандық тұрғыдан ғана қаузау бағыты басым болып, олардың тарихын түрктік мысалдармен сабақтастыру қаперге алынбауына байланысты, мәселенің бұл жағына мән берілмегені мәлім.

Осы ұстаным скиф тілін зерттеуде ең әйгілі кеңестік ғалымдардың бірі ретінде танылып, мызғымастай бедел жинаған, ұлты осетин В.И. Абаевтың (1899-2001) «Скиф-сармат сөздері» атты еңбегінен [405] де айқын аңғарылады. Ол көне жазба деректерде, есімдерде, лауазымдық нышандарда, топонимдерде

---

<sup>42</sup> Осы сөйлем әйгілі орыс филологы И. И. Мартыновтың (1771-1833) аудармасында: «Олардың бәрінің жалпы аты патшаларының есімімен *сколот* аталады» [404, ІҮ, 6, с. 107] делінген.

қалған скиф лексикасының сілемдерін тек үндірандық негізі бар сөздер бойынан ғана іздестіруді мақсат тұтады. Мұндайда егер бір сөздің төркіні көне «үндірандық» нұсқадан табылған сияқты боп көрінсе, дереу оның осетин (дигор диалектісі) тіліндегі баламасы да қатар қарастырылар еді. Сөйтіп, бірі көне иран, бірі қазіргі заманғы осетин тіліндегі екі нұсқаның ортасынан, Абаев «скиф тіліне» орайласады деп тапқан жорамал лексема туындатылатын. Мәселен, осетин ғалымы құрастырып, жоғарыда аталған еңбек ішінде жарияланған «Скиф сөздерінің сөздігіне» енген лингвистикалық материалдың 75 пайызы парсы тіліне жуықтатылған «Авеста» мысалдары<sup>43</sup> екен. Қалғандары көне және орта парсылық, көне үнділік, азғана бөлігі басқа үндіеуропалық тілдерден іздестіріліпті [406]. Яки түрк тілдерінің мысалдарына назар аудару қажет деп табылмаған.

Абаевтың біржақты түрде күш салуы нәтижесінде ғылыми әдебиеттер мен лингвистикалық сөздіктерде «осетиндер – скиф-ирандықтардың тікелей ұрпағы» деген формуланы қалыптастыруға негіз болған [14, 353, 456; 406-а, 107] бұл методиканың сәтсіздігіне кейінгі жылдары скиф-сармат мәселелерімен айналысатын ғалымдардың өздері де ашық сын айта бастады. Еуразия көшпелілері сөйлеген иран тілдерін скифтерден осетиндерге дейін жалғап, оларды «бір лингвистикалық тұтастықта» [405, 273] қарастыру арқылы Абаев өзі жасаған сөздікте көптеген қателіктерге ұрынды, дейді бұл туралы белгілі скифтанушы С. Р. Тохтасьев. «Оның мысалдарының көбі скиф емес, кейінгі сармат тіліне келіңкірейді, көп реттерде қиналып жатпай-ақ қазіргі осетин тілімен де ұғындыра береді. Мәселен, оның скиф аңызындағы Тарғытайдың баласы Арпоксай (Αρποξαις) есімін осетин тіліндегі *arf* «терең» < \**apra* немесе \**āpra* сөзінен шығаруы, оны *dānu* (өзен), осетинше

---

<sup>43</sup> «Авестаның» әу бастағы нұсқасынан анық із қалмағаны, оның өлі тілге айналған сөздерінің соңыра пәһлауи (орта парсы) тіліне *аударылып*, кейінгі замандарға бастапқы мәтіннен көп алшақтатылған парсы тіліне жақындау нұсқасының жеткенін өткен тарауда сөз еткенбіз.



*don* (су, өзен) сөзімен қабыстырып, Данапр (Δαναπρῖς) – Днепр (терең өзен) сөзін туындатуы еш үйлеспейді. Өйткені скиф заманы тілдерінде *pr > rf* метатезасы (сөз ішіндегі дыбыстардың алмасып келуі) жоқ. Бұл құбылыс кейінгі сармат дәуірінде де кездеспейді» [407, 63-64], дейді зерттеуші. Абаевтың скиф-сармат мәселелеріне қатысты зерттеулері мен сөздігіндегі осындай көптеген үйлесімсіздіктерді дәлелдей келе, Тохтасьев ол ғалым ұстанған скиф-сармат-осетин тілдік континуумы (үздіксіздігі) қате теория ретінде жоққа шығарылуы тиіс деп атап көрсетеді [407, 106].

Тохтасьев мән берген осындай қателіктер, Абаевқа жоғарыда келтірілген скифтердің генеалогиялық аңызындағы кейіпкерлер есімдерінің этимологиясын ашу кезінде де кері әсерін тигізген сыңайлы. Ол Липоксай, Арпоксай, Қолақсай есімдеріндегі соңғы *xšau* қосымшасын авесталық *xšau-*; осетиндік *xsart* «айбын» мағынасынан туындатып, «нұрлану», «мәртебелену», «билеуші», яки «патша» ұғымын шығарады да, олардың алғашқы бөліктерінің ұғымы мәлімсіз, тек Арпоксай, шамасы, жоғарыда айтылғандай, Днепр атауынан туындаған «тереңдік әміршісі» дегенді білдіру болса керек деп тұспалдайды [405, 309-310; 356, 84]<sup>44</sup>. Бұл ретте *xšau* қосымшасының «патша» деп табылған мағыналық болжамына ж. с. д. III ғасырдағы қаратеніздік «Протогенге мадақ» жазба ескерткішінде ұшырасатын дәйегі нық «*сай*» сөзінің қозғау салғанын да бағамдау қиын емес. Онда Буг-Днепр жайылмасындағы Ольвия қаласы тұрғындарына *сай* жұртының

---

<sup>44</sup> Скифтердің иран тілділігін қолдаушы ғалымдар арасында Тарғытайдың ұлдарының есімдерін: Қолақсайды – \*Hvarxšaya (аспан әміршісі), Липоксайды – \*Ripaxšaya (тау әміршісі), Арпоксайды – Arpxšaya (тереңдік әміршісі) ретінде жорамалдап, осы үш есімді: көне жұрттар танымындағы үш кеңістік бірлігі – *жоғарғы* (күн, көк аспан), *орта* (тау) және *төменгі* (судың тереңі, жердің асты) бөліктерден тұратын «ғалам үлгісінің» белгісі ретінде ұғындыратын Э.А. Грантовскийдің болжамы біршама орныққан [356, 84-85, 293-296]. Сондай-ақ Тарғытайдың өзі «Авеста» эпсаналарындағы *Тұр*, *Арья* (Ирож), *Сайрим* (Сәлім) сынды үш ұлдың әкесі Трайтаона бейнесімен де салғастырылады. «Авеста» мен скиф аңыздарындағы сюжеттік, мифологиялық желілердегі ұқсастыққа мән беріледі [сонда, 106-112].

патшасы Сайтафарн бастаған скифтер қоқан-лоққы жасап, алым-салық талап еткен кездерде, қазынада қаражат болмағандықтан, оларды өз байлығы есебінен төлеген Протоген есімді атымтай жомарт туралы айтылады. Мұндағы *сай* этнонимінің «билеуші», «патша» мағынасын беретінін сонау 1899 жылы жарық көрген зерттеу еңбегінде орыс ғалымы Ф.Браун да назар аударып, оның көнепарсылық *xšaya* (әмірші, ер) сөзінен туындауы мүмкін екендігін тұспалдағаны белгілі [407а, 92-93]. Ол сөздің «патша скифтері, патша сарматтары» тобына қатыстылығы барын Д. А. Мачинский [408, 47] мен ольвиялық гректердің «*сай*» этнонимімен көшпелі «патша скифтерін» атағаны және олардың басқа скифтерге қарағанда қуатты бірлестік ретінде танылғандығын Б. Н. Граков та [409, 22] атап өтеді. Протоген туралы грек жазбасында «патша скифтерінің» «*сай*» баламасымен белгіленгеніне қарап, шамасы, бұл скифтер өздерін осы этнониммен атаған сыңайлы деген ойды кезінде М. И. Артамонов та тілге тиек еткен болатын [334, 139].

Тарғытайдың үш баласы есімдерінің соңғы бөлігіндегі *xšaya* сөзінің Геродот заманында осылайша көрініс бергені, одан кейінгі ғасырларда анлауттағы (сөз басындағы) \*xš-ның \*š-/\*s-дыбыстарына алмасуына байланысты, оның *šaya* түріне ауысқаны соңғы жылдардағы скиф тіліне қатысты зерттеулерде де қаперге алынып жүр. А. И. Иванчиктің, С. В. Куланданың, М. Д. Бухариннің еңбектерінде бұл сөздің «патша» мағынасына сәйкесетіні [410, 83-86; 410а, 53-56; 410ә, 273-277], \*xš- > \*š-/\*s-дыбыстарының алмасу құбылысы қаратеңіздік скифтерге ғана емес, азиялық сақтар тіліне де тән екендігі пысықталады [410а, 55].

Түрк тілдерінде де ызың  $h \approx s$  дауыссыздарының сәйкестігі арғытүрк заманынан келе жатқан құбылыстардың бірі екені нақтыланған [411, 223-226, 396-402; 5, 17]. Қазақ ғалымы М. Ескеева башқұрт пен якут тілдерінде өзге түрк тілдерінде  $s$  дыбысымен айтылатын көмей дауыссыздың  $h$  түріне ауысатынына мән береді. Қазақша «*сай*» – башқұртша «*һай*», «*сал*» – «*һал*», «*сүт*» – «*һүт*», «*құрсақ*» – «*құрһақ*» болса, якут тілінде  $h$  сөз соңында да, сөз ортасында да алмасады екен. Қазақша «*ыста*» –

якутша «*ыһа*», «*ас*» (тамак) – «*аһылык*» түрінде кездеседі. Дауыссыз  $h \approx s$  сәйкестігінің түрк тілдеріне жататын башқұрт, якут тілдерінен басқа, тұңғыс-мәнжу тілдеріне жататын эвенкі, бурят тілдерінде де қатар кездесуі (қазақша *сал*, *сақал*, *сана* – бурят тілінде *һала*, *һахал*, *һанан* боп айтылады), бұл құбылыстың алтай дәуіріне де тән болғанын, яғни бағзы алтай тіл бірлестігінен қалған белгі екенін көрсетеді. Бұл сәйкестікте *h*-ның *s*-ға қарағанда архетип екендігі байқалады, деп түйеді зерттеуші [412, 118-122].

Г. Дерфер пікірін назарға ала отырып, анлаут \**h* дыбысын ҮІІ ғасырлардағы руна жазуларынан да бұрынғы, түрк тілдері дамуының өте көне кезеңдеріне барып саятын архаикалық тұлға екендігін пысықтаған Ж. Түймебаевтың зерттеуіне [413, 400-403] сүйенер болсақ, осы *šay* сөзінің арғытүрктік сипатына да барлау жасаудың реті өз-өзінен туындайды. «Түрк тілдерінің этимологиялық сөздігінде» «*сай*» сөзінің әуелден *сайлы*, *сыйлы*, *таңдаулы*, *құрметті* деген мағынаны беретіндігі, оның сәйгүлік (*сай*-күлік) атауы құрамында, чуваш тіліндегі *sayă* (жақсы, қайырымды), моңғолша *sajin* (жақсы, лайықты) нұсқасында сақталғандығы нақтыланған [414, 158, 165]. Алтын Орданы құрушы Батый ханның Сайын хан деп аталғаны белгілі. Зерттеушілер осы *сайын* мәртебесінің тек таңдаулы хандарға ғана берілетін құрметті атақ екендігіне ден қояды [414а, 25-27]. Бұл ретте, ирантанушы ғалымдардың сақ-скиф тілінде кездеседі делініп жүрген \**xšay* > *šay* компонентінің түп-төркінінде, бәлкім, арғытүрк дәуірінен байқалған  $h \approx s$  сәйкестігіне [5, 17] ұқсас (башқұртша «*һай*» – қазақша «*сай*», «*һайлау*» – «*сайлау*», «*һақа*» – «*сақа*», «*һыйыр*» – «*сиыр*», «*һоло*» – «*сұлы*» сияқты), сол қаратеніздік скифтер тілінде жазба дерекке түскен «*сай*» сөзі жатуы ықтимал деп те есептеуге болар еді.

Осы дәйектерге байланысты, З. Гасановтың скифтердің генеалогиялық аңызында Тарғытайдың балаларынан тараған ұрпақтардың бәріне «*сай*» деген қосымша қосылғаны, олардың арасынан өзінің лайықтығын даусыз байқатып, билеуші боп сайланған Қолақсайдың қарамағына енген жұрттың Геродотта *сколот*, яки «патша скифтері» деп аталғаны, сол *сколот* этнонимін

«Қола патша жұрты» деген мағынада түсіндіруге болатындығы жөніндегі тұжырымдары да [43, 146-148] иландырады дер едік. Бұл пікірді жоғарыда сілтеме ретінде келтірілген, Геродоттың И.И. Мартынов аударған нұсқасындағы Қолақсай көсемге қарайтын тайпалардың «бәрі патшаларының есімімен *сколот* аталады» [404, ІҮ, 6, с. 107] деген сөйлем одан әрі бекіте түседі. Яғни, *сколот* деген сөздің төркінінде скифтердің тұңғыш патшасы есімінде бар «қола» сөзі жатыр. Анлауттағы «с» әрпі грекше жазылуында немесе сол кездегі скиф тілінде ұшырасатын фонема. Оны бір жағынан, үндіеуропа тілдерінің көне дәуіріндегі тіл арты «s», «ç» (\*ǵ, \*ǵʰ) дыбыстарының алдына тіл алды ызың «с» немесе «ш» дыбысының қосылуынан пайда болған *ch*, *sh* аффрикаты ретінде де қабылдауға болады [39, 105-106; 14, 460-470]. Сонда *сколо-т* атауының арғы түбі *қола-т* болып шығады. Мұндағы «т» аффиксі – түрк-моңғол тілдеріндегі *қоңырат*, *дулат*, *маңғыт*, *ойрат*, *меркіт*, *қият*, *керейт*... сияқты ру-тайпалар атауының соңына ежелден бері қосылып келе жатқан көптік жалғау белгісі. Бұл ретте *сколоттар* құрамындағы *абхат*, *паралат*<sup>45</sup> руларының да алтайлық төркіндері аңғарылғандай болады. Қолақсай есімі *қола* (қола немесе қол) және *сай* (патша) деген сөздерден құралып, соңыра ол ықшамдала келе «*Қола (патша) тайпасы*» > «*Қола қарауындағы тайпа*» > «*қола тайпасы*» > «*қола-т*» боп өзгергені, содан Геродот жазбаларына «*с-колот*» түрінде түскен сынайлы [43, 188-189, 216-254; 415, 115-116]. Сірә, сақ заманындағы *массагет*, *сармат*, кейінгі *эфталит* этнонимдерінде де осы аффикстің кездесуі бекер еместей көрінеді.

Осы орайда Қолақсайдың Липоксай, Арпақсай атты бауырлары есімдерінің түрктік төркінін тұспалдаудың да реті туындар еді. З. Гасанов Липоксай есімінің бастапқы бөлігі *lip* > *alp* буындарының фонетикалық өзгеру құбылысына сәйкесетінін талдай келе, оның

---

<sup>45</sup> С.Р. Тохтасев Геродотта *Паралата* деп жазылған бұл этнонимнің авесталық *parađata* (парадата) «басшы» ұғымымен сәйкес келуі, бұл жұрттың Қолақсай патшадан тарайтын этимологиясымен жымдасады, деп санайды [407, 86].

әуелгі қалпы Алпоқсай екендігін дәлелдейді. Ал мұндағы *алп* түрк тілдерінің ежелгі дәуірлерінен белгілі *алып* сөзінің нақ өзі. Оның *алып, батыр, ер, жеңімпаз, мерген* сияқты көп мағыналарды қамтитын ұғым екендігі «Көне түрк...» және «Түрк тілдерінің этимологиялық...» сөздіктерінде, «Түрк тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасында» жан-жақты пысықталған [187, 36-37; 188, 139; 3, 583-585]. Түрк жұрттарындағы Алып Ер Тоңа, Алпамыс секілді батырлық жырларындағы басты кейіпкерлердің, «Қорқыт атадағы» Бамсы-Бәйрек (алтайдың батырлық ертегісіндегі Алып Манаш, қазақ, өзбек, қарақалпақ батырлық эпосындағы Алпамыс, башқұрттағы Алып Мәмшән) образдарының, Әбілғазының «Түрк шежіресіндегі» Мамышбектің [416; 3, 584-585] арғы түп-төркіндерінде осы скифтік Алпоқсай (Алыпсай /Алып патша/ > Алып Ер) есімінің сілемі жатуы ықтимал [43, 204-209]. Тарғытайдың ортаншы ұлы Арпақсай есімінің де түрктік негізі соншама күмәнді емес. Оны Арпоқсайдан егінші, тоқымашылықты кәсіп еткен *катиар* және абыздарымен (әйгілі қамдарымен) белгілі *трасп* жұрттарының тарағанына қарап, оны көнетүрктік *арпа* (дән, егін) [187, 53; 188, 176-177], арғыалтайлық *\*àrp'á* (арпа, тары) [5, 122-123] сөзімен немесе бақсылық ғұрыпта кездесетін *арбау* [188, 169-170] ұғымынан туындаған атаумен салғастыруға болады [43, 210-216].

Геродот жазып алған аңызда скифтердің арғы тегі саналатын Тарғытай есімі де түрк-моңғол халықтарында өте ертеден пайда болған *тархан* атағына сәйкесетін атаудан туындағандай көрінеді. Әдетте әмірші немесе ханнан кейінгі лауазым ретінде саналатын [416а, 96, 194] бұл термин сақ замандарында патшаның өзіне қатысты лауазымды аңғартады. «Тархан» сөзінің этимологиясы туралы бірсыпыра болжам бар. Солардың бәрінде де оның түрктік, арғытүрктік төркініне басым мән беріледі. «Түрк тілдері этимологиялық сөздігінің» 3-томында хұн билеушісінің «*чәнүй*» лауазымын Ұлыбританияның белгілі синологы Э. Пуллиблэнктің

түркше «тархан» деп тапқанына <sup>46</sup> назар аударылады. Бұл болжамды оның отандасы Дж. Клоусон да қолдапты. Мажар-американ лингвисті Д. Шинор осы терминдегі алғашқы «тар» компонентін «тара, таралу» етістігі ретінде балап, оған «хан» сөзінің қосылуынан «таратушы, жеңімпаз» ұғымы шықты деп есептепті. Сондай-ақ «тарханның» моңғолша «дархан» түріндегі баламасы – ұста, атақты, қасиетті, ұлы деген мағыналарды береді екен [417, 149-154]. А. В. Дыбоның да пікірі Д. Шинормен үндес. Ол да бұл дәрежені көне ұйғырша мәтінде бар *tarqan, tarqar* (таралу, тарату, тарқатушы) сөздерімен байланыстырады [5, 105-106].

Тархан термині көне түрк жазба ескерткіштерінің сөздік қорында ұшырасады. Бұл лауазым Күлтегіннің кіші жазуының бірінші жолына, көптік жалғаудағы «*tarqat*» (тарқат), Хойто-тамир ескерткіштерінің бесінші бітіктасына жекеше түрдегі «*tarqan*» (тарқан) қалпында түскен [215а, 190; 418, 50-51; 419, 53, 187-188; 420, 170, 178]. Сақ заманында әйгілі бектердің бірі болып, балалары ел билеген Тарғытай есімін З. Гасанов «төр хан» > «тархан» болжамдарымен, яки «ел, ру, тайпа төресі, басшысы» ұғымдарымен сабақтастыра, сондай-ақ көнетүрктік «құт» сөзіне [187, 471-472] қосарланған, «Тұрғұт» (бәлкім Тәңірқұт) есімімен байланыстыра «Тұрғұтай» түрінде қарап, ол атаулардың екінші бөлігіндегі «*тай*», «*ай*» аффикстері де алтайлық халықтарға бөтен еместігіне назар аударады. «Моңғолдың құпия шежіресінде» Шыңғысханға жас кезінде зорлық-зомбылық көрсеткен Тарғұдайқырылдақ атты тайшуыт көсемінің есімі белгілі. Көне, ортағасырлық түрк-моңғол жазба ескерткіштерінде соңында «дай» қосымшасы бар Абатай, Алтай, Дәрітай, Құтықтай сияқты есімдер де мол [43, 198-203].

Алтайлық халықтар тілдерінде *-ай/май/дай/дей* түрінде кездесетін бұл өнімді аффикс түрк-моңғол ономастикасында ру-

---

<sup>46</sup> Э. Пуллиблэнктің айтқандары, бір жағынан, Қытайдағы қазақ тарихшыларының «чәнүй» лауазымы көрсетілген иероглифтің түркше баламасын «тархан» деп оқу қажеттігіне қатысты тұжырымдарымен де дөп үйлеседі [52, 233-239].

тайпа аттарында – сол жұртқа тиесілікті (*-лық-лік* жұрнағы секілді) білдіру мағынасында, кісі есімдерінде – біреуге (бір нәрсеге) ұқсата атау түрінде ұшырасады. Лингвистер бұл суффикстің туыстықты меңзейтін ұғымдарға қолданылуын зерделей келе, оны тек (тегі, тұқымы) сөзімен де мағыналық жақындығы бар жұрнақ ретінде байыптайды [42, 198-203; 415, 111-114; 421, 81-85]. Яки, бұл орайда Тарғытай есімін «тархан текті» немесе «Тәңір құты қонған» деп те ұғынуға болар еді<sup>47</sup>.

Түбі алтайлық жұрттарға тән деп есептелетін *-ай/май/дай* аффикстерінің қамар, сақ, скиф замандарында Мидия жерін мекендеген тайпалар мен елдердің аттарында көрініс беруі де бекер емес секілденеді. Ол Ассирияға қараған *Маңа(й)* елінің этнонимінде ғана емес, сол халық құрамындағы *таурлай, кумурдай, далай* атауларында да кездесетін жұрнақ. Мидия мемлекетінің Ассирия деректеріне – *māda, madāi, matāi* (мада, мадай, матай) түрінде түскен атауында да бар. Ал *мадай* этнонимінің – *мидиялық, мидия жұрты, мидия елі* деген мағына беретіні ғалымдарға әу бастан белгілі [346, I т. 162, 165-166; 42, 250-252].

Дәл осы жұрнақты ж. с. д. VIII ғасырдың басында Маңа еліне Кавказ арқылы сүреңіткен жорықпен жетіп, сол кезден ассириялық дереккөздерде атала бастаған *ašguzai* (ашғұзай), бабылша *iškuzāi* (ішғұз-ай), көнежебірейше *\*aškūz* (ашкуз) [346, 269] терминдері бойынан да кездестіреміз. Ол да *ғұз* этнониміне жалғанған, сол жұртқа тиесілікті, қатыстылықты аңғартатын аффикс ретінде пайымдалып, *ғұздық, ғұз елі* деген мағынаны білдіреді. Мұндағы «*ғұз*» компонентінің төл түрктік мағынасы О.

---

<sup>47</sup> Татар ғалымы М. Зәкиев Тарғытай есімін – «тарышы» (егінші – тарышы, тараншы) сөзіне «сой-той» (ру) қосымшасының қосылуы арқылы «егіншілер рубасысы» деген мағынаны білдіреді деген нұсқаға ден қояды. Сондай-ақ Липоксай есімі – «ақ» (ақпейіл, қайырымды) және «сой» сөздерінің қосылуынан «ақпейілді ру», Арпоксай – «арпа» мен «сой» сөздерінің бірігуінен «егіншілер руы», Қолақсай – «қала» және «сой» сөздерінен туындаған «қаланы, яки патша ордасын қорғаушылар руы» деген мағынаны аңдатады деп тұспалдайды [403, 250-252].

Сүлейменовтың [22, 269-270; 51, 152-158], З. Гасановтың [43, 117-120, 122-130, 284-288; 357] еңбектерінде жан-жақты дәйектелген. Ғылыми дереккөздерде де «ғұз», «оғұз» (оғыз) нұсқалары қатар қолданылады. Парсы тарихшысы Әбусаид Гардизидің өзіне дейінгі Ибн Мукаффа (ҮІІ ғ.), Ибн Хордабек (ІХ) сияқты авторлардың еңбектерін пайдалана отырып жазған «Зайн әл-Ахбар» кітабында бұл этноним *ғұз*, *тоғызғұз* түрінде жазылса [422, 42-43], Фазлаллах Рәшид әд-Диннің (ХІІІ-ХІҮ ғ.) «Оғұзнаме» дастанында *оғұздар* мың жыл жасаған Оғұз ханның ұрпақтары ретінде байыпталады [423].

Қазақ зерттеушісі Қ. Өмірәлиев түрк халықтарының фольклорлық шығармаларының ішіндегі ең көнелерінің бірі, талай заман бойы ауызекі айтылып келіп, ХІІІ ғасырда ғана қағазға түскен «Оғұз қаған» («Оғұз-наме») эпосы – ежелгі дәуірлердегі *хұн-оғұз*, *хұн-түрк*, *түрк-оғұз*, *тоғыз оғұзға* қатысты болған тарихи деректердің жыр үрдісіндегі жиынтығы, ондағы *оғұз* (*ғұз*) термині кейіннен жаңа тайпалық бірліктің атауына айналды, біртін-біртін ол атаудың орнын *түрк* этнонимі басып, тұтас қағанаттың аты бола бастады [424, 23-41], деп түйеді. «Ғұз (*غوز*) түрк тайпасының аты» деген анықтаманы В.В. Радловтың 8-томдық сөздігінен де кездестіреміз [425, 1631]. «Түрк тілі... сөздіктерінің» [187, 365; 188, 414-417] дәйектеуінше, ол сөз «*оғұл*» (*ул*) мағыналарынан туындап, көпше жалғаулық «з» аффиксінің қосылуынан [415, 115-116] «*ғұз*» (ұрпақ, ру, тайпа) терминіне айналған. Сондай-ақ А.Н. Кононов «*оғұз*» (*ғұз*) сөзінің әу баста «ру, тайпа, тайпалар бірлестігі» деген ұғымда қолданылғанын, кейіннен сол этнонимнен осы жұрттың аңызға айналған асыл текті түп бабасының есімі туындағанын пайымдайды [426, 84]. Яки «ғұз» жұрттарының талай ғасырлар белесінде бастан өткерген жорықтары мен шайқастары, көші-қон үдерістері Оғыз ханның қаһармандық бейнесін асқақтатуға бағытталады.

Бұл ретте Рашид ад-дин «Оғұз-намесінің» ғылыми кіріспесі мен түсініктемелерін жасаған ғалым Р. М. Шукюрованың: «иудейлік дәстүрлерді жақсы білетін парсы тарихшысы Рашид ад-диннің өз заманы мен Оғұз ханға дейінгі аралықты екі мың жыл шамасында



белгілеп, байырғы түркілер тарихын ж. с. д. VІІ ғасырдан бастауы бекер емес» [423, 14], деп жазғаны маңызды тұжырым дер едік. Расында ғылым қуған жебірейлер отбасында тәрбиеленген майталман тарихшының өзі шыққан ұлттың атақты Иеремия пайғамбары ж. с. д. 630-580 жылдары жазды деп есептелетін «Иеремия пайғамбардың кітабындағы» (Інжіл) «теріскейден найзаларын көкке білей, садақтарынан жебе бората жететін салт атты халықтар туралы» хабардар ететін жолдарды [427, 1:13-14; 4:6, 29; 5:15-17; 6:1, 22-23] жақсы білгені, олардың Інжілдегі *ашкуз* жұрттарымен сабақтасатынын бағамдауы әбден ықтимал [226, 69; 349, 206; 367, 233].

Орыс ғалымы А. И. Иванчик теріскейден жеткен ол жауынгер салт аттыларды Геродоттың жазғандарына сүйене отырып, скифтер ретінде таниды. Және олардың Иеремия кітабында айтылатын израил жұртына жорығы ж. с. д. 626 жылдан кейін өткенін дәйектейді [367, 229-234]. Ал көрнекті ирантанушы И. Н. Медведская ассириялық және бабылдық сына жазу деректерін жан-жақты зерделей келе, теріскейлік халықтар арасынан 600-шы жылдары Палестинаға қатер төндіргендер «ашкуздар» емес, *гамирлар* (яки қамарлар) болатын деп есептейді [349, 209-217; 362]. Біздің тақырыбымыз үшін, олардың қамарлар немесе ашғұздар болуының нақтылығы емес, екеуінің де маңайдағы елдерден өзгеше, түп-тегі орталықазиялық дүмпу арқылы жеткен теріскейлік халықтар ретінде пайымдалуы маңызды.

Мәселен, сол Иеремия пайғамбардың кітабында иудей жұртына қарата айтылған: «... сен алыстан келіп Израил жұртын шабатын сол күші басым халықтың *тілін де білмейсің, оның не айтып тұрғанын да түсіне алмайсың*. Оның қорамсағы ашық табыт сияқты; өздері батыл да батыр. Олар сенің егінің мен наныңды жейді, сенің ұлдарың мен қыздарыңды жоқ қылады, сенің қойларың мен өгіздеріңді ас қылады, сенің жүзімің мен інжіріңді қылғытады; семсерлерімен сен сеніп отырған бекіністі қалаларыңды қиратады» дейтін жолдар бар [427, 5:15-17]. Осындағы теріскейліктердің *тіліне* қатысты сөздерге назар аудару қажет дер едік. Иудейлер үшін, Иеремия пайғамбар үшін, талайдан

бері Ассирия мемлекетінің құрамында бірге болған *маңа* жұрты мен мидиялықтар сөйлейтін, көптен қоңсы елдің, сауданың тіліне айналған парсы тілі, сірә, бөтен бола қоймаған сияқты. Өйткені, Орталық Азияны басып өткен ари тілінің жалғасы ретінде танылатын ол диалектіде ұғынысатын ирантілді халықтар, Э. А. Грантовскийдің дәлелдеуінше, Батыс Иранда ж. с. д. IX-ҮІІІ ғасырлардың өзінде кеңінен қоныстанып, басым тілге айналып үлгерген болатын. Мидияның ең батысындағы Парсуа, Маңа патшалықтарында, олар Ассирияға қарамай тұрған ж. с. д. X ғасырларда-ақ ирантілді жұрттар мекендеген-ді [428, 383-434; 428а, 275-277]. Яғни, қамарлар мен ішғұздар ирантілді болса, Иеремиа «олардың тілі түсініксіз» деп жазбас еді, олар «мидиялықтар мен парсылар сияқты бір тектен өрген туыс елдер» екенін ескертер еді ғой, деген де күдік туындайды. Олай болса, өз-өзінен Алдыңғы Азия халықтары үшін бөтен боп есептелетін ол тілді – теріскейден келген салт атты жұрттар сөйлеген арғытүрк сипатты тіл ретінде тану иланымдырақ көрінері анық.

Иеремиа пайғамбардың осы арғытүрк тілін меңзеп тұрғанын, Рәшид әд-Диннің ежелгі ішғұздар заманын ортағасырлық оғыздар тарихымен сабақтастыруынан да пайымдауға болады [423, 14]. Парсы жылынамашысының өз шежіресінде Оғұз ханды түркітердің қағаны ретінде бейнелеп, оның бабасы Олжай ханның Түркістан өңірі мен соған қапталдас аймақтарға билік еткенін, қыстаулары – Борсық құмы, астаналары – Талас пен Сайрам, жайлаулары – Орғау мен Кертау болғанын жазғаны [423, 25, 101-102], бір жағынан арғытүрктік *беғазы-дәндібай* мәдениетінің аумағымен дөп үйлесіп жатыр. Ол жұрттардың да Сыр бойын қыстап, жазда Сарыарқаға жайлауға шығатынын өткен тарауда сөз еткенбіз [143; 284]. Беғазы-дәндібай дәстүрлерін әрі қарай жалғастырып әкеткен *қамар, сақ* мәдениеттерінің жан-жаққа таралу үдерістері, бір жағынан Оғұз хан жорықтарының (яки ғұздардың, ішғұздардың) күнгей мен батысқа қарай қарай беттеген көші-қон бағыттарымен де сәйкесер еді. Бір жағынан, «Оғұз-наме» тарихшылар үшін – түрк-оғыздардың Солтүстік Қытайды, Түркістанды, Тибетті, Үндістанды, Оралтаудың қос қапталындағы жерлерді, Жем,

Жайық және Еділ алаптарын, Теріскей және Күнгей Кавказ, Иран, Анадолы, Ирак, Сирия, Мысыр елдерін жаулап алуына қатысты қыруар деректерді ортаға тартады. Осы тұрғыдан алғанда да Рашид ад-дин эпосын темір дәуіріндегі ішғұздар заманын орта ғасырлардағы ғұз, оғұз жорықтарымен көркемдік құралдар арқылы жүйелі байланыстырған тарихи еңбек ретінде бағаласак ләзім.

Рашид ад-диннің «Оғұз-намесі», Геродот «Тарихында» айтылатын сюжет желілерінің оғұздық «Көроғлы», «Китаби дэдәм Коркуд» (Қорқыт ата) эпостарындағы тарихи, хронологиялық, аумақтық тұрғыда бір-біріне ұқсастығын З. Гасанов та өз еңбектерінде күмән тудырмайтындай дәлелдей алды [43, 289-382; 429; 430]. Геродоттың скифтердің пайда болуы мен Шығыс Еуропаға қоныс аударуына, Рашид ад-диннің көне оғұздардың шығу тегі мен көші-қон үдерістеріне қатысты жазғандарының өзара сәйкестігі кәдімгідей айқын аңғарылады екен. Аңыздар желісінің ортақтығы, жорық бағдарлары, мысырлықтардың скифтер мен оғұздарға алым-салық төлеулері, итбасты (қылбарак, итбарак) жұрттар туралы мәліметтер [247, I. 105, IV, 11-12, 105, 191; 423, 23-67; 43, 289-302; 429, 50-51], сондай-ақ Геродоттағы скифтердің өз құлдарын әдейі соқыр ететіні [247, IV, 2], «Көроғлы» эпосындағы Көроғлының әкесі жылқышы Әлидің көзінің патша пәрменімен ойдырылғаны <sup>48</sup> жөніндегі ұқсас сюжеттер сілемі [43, 359-382], әрі скиф құдайлары есімдері семантикасының түрк тілдері арқылы дүдәмалсыз ашылатындығы [43, 303-358; 430, 277] – *ғұздардың* арғы тектерінің сонау замандардағы *ашғұз, ішғұздармен* сабақтастығы бар елдер қатарында болғанын шынайы байыптатады.

Осы орайда Урарту, Ассирия дереккөздері, Геродот «Тарихында» айтылған ішғұздарға қатысты сюжет желілерінің

---

<sup>48</sup> Бұл желі қазақ арасында жырланатын «Көрұғлы» жырында да бар. Онда Көрұғлының әкесі жылқының тұлпарын, түйенің жампозын, сиырдың тынжысын танитын сыншы Раушанбектің екі көзін қызылбастың Шағдат ханы өзінің патша текті еместігін дәл танып қойғаны үшін ойдырып тастайды [430, 35].

тек (немесе көбіне) түрк халықтарына ортақ болуының, олардың басты жырлары мен эпостарында, аңыздарында көрініс беруінің, дәстүрлері үзілместен дамытылып, өрістетілуінің негізгі себебі неде, сондай-ақ, керісінше, олар неліктен кей ғалымдар «скифтердің ұрпағы» деп атап жүрген көптеген иран тілді жұрттардың рухани қазыналарына айнала алмады, деген заңды сұрақ та туындар еді. Оның анық жауабы – скиф-ішғұздар дегеніміз *арғытүрк* жұрттары болатын, олар Орталық Азия аумағынан *қамарлардан* кейін қозғалған көші-қон үдерістеріне ілескен жорықтарын жалғастыра келе, Қара теңіздің теріскейі мен Алдыңғы Азияға дейін жетті, осы аймақтарда өздерінің патшалықтарын құрды, құдайлары мен қағандарын, абыздары мен озандарын ардақ тұта білген төл орталарында дүниеге келген эпсаналар мен жырларды қилы-қилы заман өткелектерінен аман алып шығып, кейінгі ұрпақтарына ұластырды дегенге сайса керек. Арғытүрк халықтары бастан кешкен бұл тарихи-мәдени феномен – жоғарыда тілге тиек етілген әр сипатты археологиялық, этнографиялық нышандар мен ақиқаттар арқылы біршама пысықталды десе де болады.

Алайда осындай мығым дәйектер алға тартылып жатса да, скифтерді тек иран тілді деп танитын зерттеушілердің «ғұз орта ғасырларда дүниеге келген этноним, сондықтан оны одан мың жылдай уақыт бұрынғы ассирия, бабыл жазбаларында таңбаланған «ашғұз, ішғұз» жұрттарымен шендестіруге келмейді, олар мүлдем бөлек халықтар» дейтін тұжырымдарынан ауытқи алмай отырғандықтары да баршаға аян [357]. Осы орайдан алғанда, соңғы жылдарда көне қытай дереккөздерінен арғытүрктерге қатысты мәліметтерді іздестірген өзбекстандық ғалым А. Хожаевтың монографиясындағы (胡) *hu* иероглифі (көне оқылуы *ɣu – ǰu*) талданған тұстар аса құнды дер едік [263]. Автордың ж. с. д. II мыңжылдықтан бастап Қытайдың теріскейі мен батысындағы *жұң, ди* секілді көшпелі тайпаларды жалпылама білдіру үшін қолданған *ху (hu)* атауының көне дереккөздердегі иероглифін – қытай ғалымдарының кейінгі зерттеулері бойынша, бөгде тілден

енген «ғұз» түрінде транскрипциялау жөн деп табылып отырғанына мән беруі көп нәрсені қайта байыптауға жетелейді.

Ғылыми әдебиеттерде қытайлардың ежелгі дәуірлерде өзінен басқа халықтарды түгелдей кемсітпе мағынада атап, теріскей-батыс аймақтағы жұрттарды *хулар* (варварлар, жабайылар) деп атап келгені, жыл санаудың басында аз мерзімге қытай тағына мінген бүлікшіл Уаң Маң патшаның әмірімен, оларды содан былай «кекшіл құл» мағынасын беретін *хұн* (чюнну, сиунну) түрінде жазыла бастағаны айтылады [250, 3-4; 263, 92, 128; 337, 38; 374, 9]. Қазіргі жазылуында (胡) иероглифі түрінде бейнеленетін *hū* сөзінің бір мағынасы көне қытай тілінің классикалық кезеңінде (ж. с. д. V-II ғ.) – *ghā*, Батыс, Шығыс Хань дәуірінде (ж. с. д. 206 – ж. с. 220) – *γā*, постклассикалық кезеңде (ж. с. III-V ғ.) – *γō*, орта қытайшада (VI-X ғ.) – *γo* «ху» түрінде оқылып, теріскейлік тайпалардың атын білдіргенін А. В. Дыбо да атап өтеді [5, 93].

Кейінгі деректер осы *hu* жұрттарының мекендеген аймағы көне қытайлықтар жазылымында *ngeuzie* (*нгузие*) түрінде түскенін де алға тартып отыр. Ол «ғұз жері» дегенді білдіреді. Қытай тілінде «ғ» (*ǰ*) дыбысы жоқ болғандықтан, бұл транскрипцияда бастапқы қосарлы *ng* әріптері *g*-ның орнын алмастырады. Яки, *ғұз-зие*. Алғашқы *ғұз* компоненті тіл арты ұяң «ғ» (*ǰ*) дыбысынан басталған арғытүрктік этнонимнің қытай дереккөздеріндегі айғақты баламасының нақ өзі боп шығыпты. Бұл ретте соңғы «*зие*», «*цие*» 氏 иероглифінің де (қазіргі оқылымында «*чжи*») кейінірек қытайлықтар тарапынан ғұздардың ұрпақтарына қаратыла айтылатын «*ру*» деген мағынада қолданыла бастағаны назар аудартады [263, 126-131].

Әрі осы дәйекті «*ашғұз*», «*ишғұз*» терминдерінің түпкі семантикасын ашудың бір кілті деп тапсақ та болады. Ол этнонимнің басындағы *a-* және *i-* дауыстыларын семит фонетикасына сай, сөз басында екі дауыссыз дыбыс қатар келгенде (мәселен, ассириялықтар естуіндегі «*икуз*» атауында), оларды жұмсарту үшін қосылатын протезалық дыбыс ретінде түсіндіретін пікір орныққан [346, 269; 428, 84-85] десек те, оны басқаша тұрғыдан пайымдаудың да орайы келетін сияқты. Бұл

ретте бабыл жазуы дәстүріндегі мәтіндерде бар *ишғұз* этнонимінің – әуелгі тарихы, бастапқы нұсқаларының түзілуі сонау арғы мыңжылдықтарға кететіні дәлелденген “Қорқыт ата кітабындағы” қабырғалы жұрт *иш оғыз* атауымен үйлесіп жатқандығы, көп түйткілдің түйінін шешетін салмақты уәжді қолға ұстататындай көрінеді. Ассирия деректері мен Қорқыт ата туралы ол аңыздың арасын жалғар болсақ, Орталық Азияны ежелден мекендеген жұрттардың *иш (ішкі) гұз, тыс (тысқы) гұз* деген қанаттарға бөлінуі ж. с. д. I мыңжылдықта-ақ өткен сыңайлы. Арғытүркілердің ғұздық тармағының ж. с. д. VIII-IX ғасырларда қазақ жерін мекендеген И. В. Пьянков зерттеулерінде де айтылады [233, 605]. Ал сол түздіктердің айбынды тайпаларынан тұратын *ишғұз* (патша сақтары мен Геродот скифтері) одағы ж. с. д. IX ғасырда іргесін батысқа қарай кеңейтіп, Маңа жеріне жеткені жоғарыда сөз етілді.

Бабылдық *ишғұз* этнонимі кейінгі ерте ортағасырлық түркілер үшін де, сірә, бөтен термин емес. Ол тарихи деректерде де айқын іздері қалған ұғымға жатады. *Иш* сөзі көне түрк замандарында *ішкі, орталық, орда, ордалық* жұрт мағынасында қолданылған. Көк түрк, одан кейінгі Біріккен түрк қағанаттары дәуірінде ел басқару тәсілінің үш қанатқа бөлу арқылы жүргізілгені белгілі. Оның *тардуш* деп аталған оң қанатының билеушісі *Жабғу* аталса, *төлес* деп аталған сол қанатын *Шад* лауазымы басқарыпты. Ал *Қағанның* тікелей өзіне бағынышты орталық, яки ордалық қанат – *ішрекі* (ішкі, ордалық) деп аталған. Орталық қанат құрамына негізінен билеуші тайпалар еніп, олар – “*ішрекі бодұн*” деп ерекшеленген [432, 118-130; 420, 165-166, 246, 258; 215, 194, 197].

Осындағы *ішрекі* (ордалық) жұрт ұғымының ассирия-бабыл жазбаларындағы – *ишғұздармен*, Геродот «Тарихындағы» билеуші скиф тайпаларына қатысты айтылар – *патша скифтері* мағынасымен орайласа үндесіп тұрғанын байқау қиын емес. Ол Қытайдың Алғашқы Хань дәуірі (ж. с. д. 206 – ж. с. 9 ғ.) жылнамаларына «сай-уань» (патша сақтары) түрінде де түскен [352, 87, 92-93, 171, 174-185]. «Қорқыт ата кітабында» да *иш оғыздар* «ала ордасын көкке тірей тігетін» хан тұқымына жақын тайпалар одағы ретінде танымал. Оғыз елі «хандарының ханы

Қазан бекке іш оғыз ғана емес, тыс оғыздар да бағынады» [433, 128-199; 434, 508-521]. «Қорқыт ата кітабындағы» *іш оғыз* бектерінің арасынан «Байбура бектің баласы бозайғырлы Бамсы Бәйректі» де көруге болады. Ол – түрк халықтарына кеңінен танымал батырлық жырлардың бас кейіпкері – *Алпамыс* (Алып-Манаш, Алпамыш, Алпамша), Әбілғазының («Түрк шежіресіндегі» – Мамышбек. «Алпамыс» жырлары мен «Қорқыт ата кітабындағы» Бамсы Бәйрекке арналған тарауда сюжет желісі ғана емес, кейіпкерлер есімдеріне де ұқсас тұстар бар. Қазақ жырындағы Байбөрі – «Қорқыт атада» Байбура, Гүлбаршын – Бану шешек, Байшұбар – Бозайғыр деп аталады.

«Алпамыс» сюжеттерінде Гомердің «Одиссея» дастанымен үндескен сарындардың барлығы бұрыннан айтылып жүрген ақиқаттардың бірі [435, 314-335]. Ал ғылымда «Одиссея» ж. с. д. YIII-YII ғасырларда дүниеге келген шығарма ретінде нақтыланған [358, 95]. Зерттеушілер «Одиссея», «Қорқыт ата кітабы», «Алпамыста» бар ортақ сарындардың түп негізі әуелі Орталық Азияда пайда болып, кейіннен Кіші Азияға жеткендігін бағамдайды. Сондай-ақ «Қорқыт ата кітабындағы» *Төбекөз*, қазақ ертегілеріндегі *Жалғыз көзді дәу* туралы көне аңыздардың «Одиссеяда» жалғыз көзді алып *Полифем* түрінде көрініс беруі – *ішгүздардың* (ордалық тайпалардың) Алдыңғы Азияға «жалғыз көзді аримаспаларға» (Аристей, Геродот) қатысты эпсаналарымен бірге жеткен сарындар ізі екендігі дәйектеледі [434, 539-549; 435, 314-335; 436, 133-143]. Қазақ аңыздауларындағы Қорқыт жырларының ең бағзы замандарға қатыстылығына мән берген академик С. Қасқабасов: «Қорқыттың сюжеті мен кейіпкерлері стадиялық жағынан әлемдегі ең көне эпсана-хикаяттардың бірі. ...Қорқыттың сөзі мен есімі шамандық миф пен дүниетаным аясында пайда болды. ...Оның өлімнен қашып Сырдарияға келуі, судың ортасында ұзақ уақыт өмір сүруі, яғни су бетінде өлімнен аз уақытқа болса да құтылуы, Космостың моделін үлкен өзен түрінде бейнелеген көне шамандық түсінікке саяды. Ол бойынша өзен әлемнің моделі, оның басы – аспан, ортасы – жер (жер кіндігі), аяғы – жер асты (өлілер әлемі). Мұны шумер эпосындағы

Гилгамештің де өлімнен қашып, судың аяғына, яғни о дүниеде тұратын бабасы Утнапиштиге бару сюжетімен сабақтастыруға болады» [437, 672, 678], деп жазады. Яғни, жоғарыда біршама талданған «қамар» этнониміне негіз болған «қам» (шаман) дінінің Орталық Азия мен Алдыңғы Азия арасын жалғаған ежелгі төркіндері әр заман аңыздарының басын біріктіріп тұрған дана абыз, ұлы бақсы, жебеуші пір, көріпкел әулие Қорқыт баба тұлғасы арқылы тағы да пысықталады.

Осылайша, арғы-бергі дәуірлер сілеміндегі «ғұз» этнонимі туралы пікірлерді тұжырымдар болсақ, грекше *Σκυθης* (скуз), ассирия-бабыл жазбаларында *ašguz*, *iškuz* (ашғұз, ішғұз), ағылшынша *scyth* (скиз), орысша *скиф* [357, 42], ортағасырлық түркітер мен оғыз деректерінде *иш оғыз* түрінде таңбаланған ол терминдердің бәрінің түп-тегі – арғытүркітік «ғұз» сөзінен туындағанын пайымдаймыз. Оны ежелгі қытай деректеріндегі теріскей түз жұрттарын біріктіретін этноним иелерінің өз атауына сәйкестендіріле жазылған 胡 (*hu*) иероглифі, яки *ғұз* сөзі де мығым түрде дәйектейді [263, 126-131].

Бұл ретте оның, әсіресе алдыңғазиялық жазба деректердегі *ишғұз*, Геродот грекшесіндегі *скуз* этнонимдерімен дыбысталу жағынан да жақын екендігі кәдімгідей назар аудартады. Осыған сәйкес А. Н. Бернштамның «ғұз» этнонимінің әуелгі нұсқасы «*ғұр*» болған еді, кейіннен соңғы «*р*»-дің «*з*»-ға фонетикалық алмасуына байланысты «*ғұз*» түріне ауысты, көне «*ғұр*» компонентінің сілемі моңғол тілінде сақталып, ол *халық*, *адамдар* деген мағынаны білдіреді дегені де (көне түркшеде *ұрнақ*, *ру*, *тайпа*) көтеріліп отырған мәселемен тығыз қабысады. Белгілі ғалым «*ғұр*» жұрнағының түрк-моңғолдық «*ар*» суффиксімен параллель нышандағы, ру-тайпалар атауына қосылатын көптік жалғау екендігін айта отырып, ұлыдалалық кеңістікте ежелден бұл аффикс қосылған *тохар*, *қанғар*, *бұлғар*, *ұйғұр* сияқты этнонимдер кездесетініне назар аударады [438]. Еуропалық ғұндар мен бұлғарлардың қатарында «*ғұр*» жұрнағы анық байқалатын *утиғұр*, *кутурғұр*, *отурғұр*, *уғұр*, *унғұр*, *оноғұр*, *сарғұр* секілді рулар болған [439, 314-317; 440, 28-39].



#### 4. САҚ пен ТҮР – БІР ХАЛЫҚТЫҢ ЕКІ ТҮРЛІ АТАУЫ

Сөйтіп, *қамарлар* мен *ішгүздардың* түпкі орталықазиялық төркінінің археологиялық, этнографиялық, лингвистикалық қатпарларына жасаған барлауымыз – олардың арғытүрктік сипаттармен де сабақтасып жатқанын аңғартты. Ал осы тараудың әлқиссасын өрбіткен *сақтар* туралы нендей пайымдауларға баруға болар еді. Ассирия, парсы және грек дереккөздерінде күмәнсіз этноним ретінде таңбаланған *сақ* (*saka*) терминінің шығуына қатысты ғылымда әртүрлі болжам бар. Гректің әйгілі лексикографы Стефан Византийский (ж. с. 527-565) бұл этнонимге грекшедегі «қалқан» мағынасын беретін *σαχος* (*сахос*) терминіне сәйкестендіріп, «сақтар қалқанды ойлап тапқандықтан, осылай аталған» [441, 448], деген анықтама беріпті. Голланд ғалымы В. Виндекенс ол атаудың бастапқы төркіні мидиялық деректе кездесетін *σπάχα*, көнеирандық *\*spaka* – «ит», «төбет» ұғымынан шығып, қазір тәжік-парсыда бар *sag* сөзіне, яки малды қоритын «сақ төбеттер» мағынасына ұласты деген жорамалға жүгініпті. Француз зерттеушісі О.Жемераньи бұл болжамды қолдамайтынын білдіріп, оның көнеирандық *\*sak* – «жүру», «қозғалу», «жүгіру», «ағу» сөзіне сәйкес келетінін, бұл сақтардың тіршілігіне тән «жылдам қозғалушы», «көшпелі» мағынасымен үйлесетініне мән береді [352, 157; 342, 394].

Скиф тілінің төркінін тек үндіирандық мысалдардан іздеуді мүдде тұтқан осетин ғалымы В. И. Абаевтың оны өз ана тілінде бар *sag* – «бұғы» терминінен шығарып, «сақтар бұғыны кие тұтқандықтан, осы мүйізді түлікке сәйкес туындаған *sâkâ* – «тармақ, бұтақ» сөзін тайпалық атау ретінде қабылдап алды», деген ұйғарымды ұстанғаны мәлім. Әрі бұл болжамын ол талай уақыт еш күмәнсіз дәйек ретінде алға тартумен жүрді [405, 300-301, 316-317; 442, 37, 49, 179]. Абаевтың бұл тұжырымының бірсыпыра ғалымдар тарапынан мақұлданғаны белгілі [39, II т. 519] және бүгінге дейін қолдаушылары бар [325, 46]. Ағылшынның әйгілі ирантанушы ғалымы Г. Бэйли бұл пікірді басқа да тұспалдармен бірге талдай келе, *saka* этнонимін «бұғының»

немесе «иттің» атынан шығару еш үйлеспейді, сондай-ақ оны «жылдам», «қозғалыс» сөзінен өрбітудің де жөні жоқ, деп түйген болатын. Ол өз тарапынан: «*saka* атауының бастапқы мағынасы ұмытылса керек, алайда ирандықтар арасында «ерлер» ұғымына (мәселен, дахаларда) сәйкесетін тайпа атаулары бар, *saka* термині – *sak* сөзінен туындаған «*құдіретті, қуатты, күшті*» деген мағынаны беретін сын есім болуы ықтимал» деген жорамалын да ұсынған. Г. Бэйли бұл ретте үндінің «Ригведа» жырының мәтінінде «ерлер» сөзінің эпитеттік сипатта *su-sāka* – яки, «қуатты ерлер» ұғымында ұшырасқанын айғақ ретінде келтірген еді [443, 133]. Сақ атауы этимологиясының ағылшын ирантанушысы дәйектеген осы болжамнан туындауы мүмкін екендігін «КСРО археологиясы» атты беделді басылымда әйгілі орыс археологтары А.М. Мандельштам мен Н.Г. Горбунова да қуаттаған болатын [313, 14].

Мұны бір жағынан «Авестадағы» *tūr* (тұр-тур) этнонимінің шығу тегін қаузайттын зерттеулердегі, осы атаудың төркінін «*қуатты ер, күшті*» (санскритше – *turā* «күшті, мықты, берік», *turyā* «күш, қуат, жеңіс», *turvāni* «жеңімпаз») деген мағыналармен түсіндіретін пікірлермен [444, 53] де сабақтастыруға болады. Өйткені, ғылымда *тұр* мен *сақтың* бір-біріне балама ұғымдар ретінде қарастырылатыны, авесталық «жүрдек жылқылы тұрлардың» көне парсы деректерінде сақтарға, яки «қуатты ерлерге», сондай-ақ грек жазбаларындағы скиф, массагеттерге сәйкесетіні біраздан орныққан бағамдауларға жатады [445, 77; 446, 131; 447, 720; 352, 150]. Бұл туралы кезінде В. И. Абаев та «Скиф тұрмысы және Зәрдүш реформасы» атты өз еңбегінде назар аударып, авесталық образдардың сақ-скиф аңыздарымен үйлесім табатындығы – еуропалық шығыстанушылар А. Кристенсен (Дания) мен С. Викандер (Швеция) тараптарынан арнайы зерттелгенін тілге тиек ете келе, *tūra* терминінің көнепарсы жазбаларындағы *saka* атауына балама екендігіне шүбәланбау қажеттігіне мән бергені белгілі. Ол бұл этникалық атаулардың арасында тығыз байланыс барлығын, екі терминнің қосылуынан құралған «туросак» – *thyrsagetae* (Геродоттағы тиссагет) этнонимінен де анық байқауға болатынын жазған-ды [448, 27-30].

Әрі *tura* сөзін өзі жасаған «Скиф сөздігіне» қосып, оның «жылдам», «күшті»; көне үндіше – *turâ*, парсыша – *tūr* «нағыз»; яки *tura-sâkata* – «жылдам бұғы» (*ta* – көптік жалғау) мағынасын беретіндігін тұжырымдағаны мәлім [442, 185; 405, 306].

Осы орайда «жүйрік атты» *тұрлардың* зәрдүш уағыздарында «жылқылы тайпалар» ретінде [212, 148-149] бейнеленгеніне қатысты, оларды Қытайдың ж. с. д. XIII ғасырдан бергі көне жазбаларында «салт атты жұрттар» [238, 175; 263, 47-48, 234, 241-242] түрінде сипатталған *жұң-дилермен* (салт атты түрктермен), одан кейінгі батыс орталықазиялық *сақ-массагеттермен* сабақтастырған И.В. Пьянков пайымдауларын [231; 232; 233] қайта қаперге алу қажет сияқты көрінеді. Орыстың әйгілі этнотарихшы ғалымының ол зерттеулерінде «Авестада» отырықшы *арилердің* қас жауы болған *тұрлар* мен қытайлар үшін батыстағы жабайылар ретінде танылған *жұң-дилердің* (салт атты түрктердің) ұлыдалалық аумақта бір-біріне ұқсас тіршілік салттары, бегазы-дәндібай мәдениетінің қанат жайған ауқымымен өрістес археологиялық жәдігерлері бар балама халықтар екендігінің бағамдалуына байланысты, біздің тарапымыздан да өткен тарауда сол жұрттардың арғы қатпарларына барлау жасалынған-ды. Әрқилы ғылымның соны дәйектерін сараптай келе, біз бұл орталықазиялық түздіктердің күнгейдегі арилер мен қытайлардан бөлектеу күн кешкенін, олардың кей топтарының климаттық өзгерістерге, жаугершілік дүмпулерге орай, алыс қашықтықтар арасын көші-қондық үдерістер мен жорықтар арқылы жалғастырғанын пысықтағанбыз. Ол салт аттылардың маңдай тіреген аймақтарында көбіне-көп билеуші әулетті құрағаны, жергілікті қауымдарға үстемдік еткені, кей реттерде азшылығына байланысты автохтондар қатарына сіңіп, тілдерін (шамамен, арғытүрктік) ұмытқаны, сөйтсе де көне замандар қойнауынан ежелде олар сөйлеген тілдік мысалдардың сілемі табылатыны суыртпақталған-ды.

Яки, ғылымдағы сақтарды *тұрлардың* ізбасары ретінде тиянақтаған жоғарыдағы көзқарасқа жүгінер болсақ, *арилердің* тікелей жалғасы боп есептелетін *парсы* жұрттары қайта-қайта

соғысатын (Кир мен Дарий патшалардың жорықтарын еске алыңыз) ежелден дұшпан елдер – *сақ, массагеттерді* де сол көне жазбаларда аттары танбаланып қалған *тұрлар* мен *жұң-дилердің* (*жұң* – салт атты; *ди* ~ тиек, түрк; *һу* ~ ғұз) этникалық үдерістері ауқымында [263] қарастырудың орайы өз-өзінен туындар еді. Бұған соңғы кездердегі ғылыми дәйектер де қайшы емес. Ол жұрттарға қатысты этнотектік дүмпулер әсіресе ж. с. д. II мыңжылдықтың соңы мен ж. с. д. VII ғасыр аралығында, Қытайдың теріскейі мен батысы, сондай-ақ қазақ жерінің орталығы мен шығысындағы, біз арғытүрктік халықтар ретінде меңзеп отырған *тұр* (*жұң*), *ди*, *һу* тайпаларының жан-жаққа өріс ұзартулары (жорықтары) нәтижесінде ерекше күшейіпті. Соның айқын көріністерінің бірі – аталған аймақтарға әсер-ықпалы молынан тиген соңғы қолалық беғазы-дәндібайлық дәстүрлерді әрі қарай құнарландыра, жаңа сипаттармен байыта, дамыта ұластырып әкеткен *сақ* мәдениетіне тән аң стилі үрдістерінің ілкі темір дәуірінде күллі еуразиялық далалық белдеуге жаппай таралуы болған еді [447, 716-718; 397, 23-24; 324; 325; 223, 34-63].

Бұл ретте *тұр* мен *сақ* терминдері этимологиясының ұқсастығы (күдіретті, қуатты, күшті, мықты, үстем), оның олардан кейінгі тағы бір орталықазиялық – *түрк* жұрттары мағынасымен сабақтасып жатқандығына да назар аудара кеткен жөн сияқты. Өйткені, ғылымда «*түрк*» атауының да – «күшті, қуатты» деген мағынаны беретіндігі нақтыланған [187, 599]. «*Türk*» сөзінің төркіні – авесталық *tūr* этнониміне көптік «*k*» жалғауы қосылуы нәтижесінде пайда болғанын американ ирантанушысы Р. Фрай да өз еңбегінде атап өтетіні бар. Ғалым «Тұран» (тұрлар мекені) ұғымының да дәл солай, *tūr* сөзіне көпше *ān* жалғауы тіркелуінен туындағанына тоқталып, бұл екі сөздің де «Шаһнама» эпосында түркітерге қатысты мағынаға ие болуына байланысты, ол атауларды түгелдей түркітік негізде бағамдау қалыптасқанына мән береді [226, 66-68]. Ирантанушы ғалымдар арасында бұрыннан жүйеленіп қалған біржақты көзқарастарға сәйкес, авесталық «тұрларды» – «шығысирандықтар» орайында байыптайтын пікірлердің басым екендігі белгілі [448, 27; 352, 156]. Алайда сол

зәрдүш дініне тікелей қарсы «жүйрік жылқылы, қуатты» *тұрлар* мен Бехистун жартасында жазылғандай, «зәрдүшшілер құдайы Аурамазданы (Үрмізді) мойындамайтын» *сақтардың*, дәл солар сияқты «қуатты, күшті» *түрк* атауымен этимологиялық тұрғыда үйлесім табатындығы, сірә, бекер еместей көрінеді.

Мұны ол атауларға қосылған көптік жалғаулардан да аңғарар едік. Түрк этнонимдеріне ең көп жалғанатын аффикстер тобының *-к, -қ, -ақ, -ек, -ық, -ік, -ұқ, -үк* екендігі белгілі. Олар әдетте *түрк* (*түрік*), *қыпшақ, қимақ, қазақ, құмық, қынық, барақ, бешенек, тәжік* т. б. халықтар атауларында кездеседі. Ол жұрнақтар көне дәуірлерде көптікті, яки бір жұртқа, бір елге қатыстылықты білдірген. Кейіннен бұл аффикстер *-лық//-л//-ық* түріне ауысқан. *-Н//-ан//ен* жұрнақтары туралы да осыны айтуға болады. Ол *қидан, барқын, албан, суан, табын* сияқты этнонимдерде көрініс береді [206, 135; 415, 116-117]. Қазақ зерттеушісі Қ. Салғараұлы «ан» жұрнағының арғы тегі «мекен» деген ұғымға саяды, сонда «Тұран – тұрлар мекені, Ир-ан («ир»-дің түпкі түбірі түрктік «ер») – ерлер мекені» дегенді білдіреді. Асылы, Иран да, Тұран да әуелде түрк тілінде туындаған, сол тілдің жемісі, жаратылу негізі ортақ атаулар. Кейін Орта Азияның оңтүстік өңірін парсылар жаулап алған кезде, «ан» жұрнағы парсының «стан» сөзімен алмастырылды. Сөйтіп бұрынғы Тұран келе-келе Түркістанға айналды», деген пікірге ден қояды [52, 91-97].

Ежелгі мифологияда «адамзаттың түп атасы», «адал жандардың мекен-тұрағы – варды тұрғызушы» Йиманың баласы ретінде сипатталған, кейіннен «авесталық» сюжет желісіне көшпелі тұрандықтардың баба есімі боп еніп, Тұран мен Шыңды (Шығыс Түркістан) билеген Тұрдың аңыздық тұлғасы [192, 554] оның бауырлары боп есептелетін Арья және Сайриммен салыстырғанда, көнелігі басым бейне екенін өткен тарауда сөз еткенбіз. Алдымен Йима мен Тұр туралы аңыз дүниеге келгенін, соңыра оған Йиманың баласын Трайтаона («Шаһнамада» – Фаридун) ретінде бейнеленген, сол Трайтаонадан барып қана *Тұр, Арья* (Ирож), *Сайрим* (Сәлім) атты үш ұлдың тарағаны туралы айтылатын арилік жаңа желі қосылғанына мән бергенбіз. Ол

өзгерістердің кейіннен арилердің (парсылардың) билік еткен аймақтарына – Арьяның еншісіне Иран мен Арабстан, Сайримға Рум мен батыстағы жерлер тиесілі болуына байланысты туындағанына тоқталғанбыз [186, 247; 213, 186-187; 219, 108-112].

Осының өзі де Ұлы Дала төсінде арғытүрк жұрттарының арилер қоныс аударып келгенге дейін де ғұмыр кешкенін көрсететін сарынға саятын. Яки, арғытүрктердің авесталық эпсаналардағы баламалары – *тұрлар* өздерінің байырғы тұрандық атажұрттарында темір дәуірінде де мызғымай қалып, ахемен дереккөздерінің жазуы бойынша «*сақ, массагет*» атауларымен белгілі болды [445, 77; 447, 720]. Ерте орта ғасырларда *түрк* этнонимімен танылды [192, 554]. Талай ғасыр бойы ауызша ғана айтылып келіп, әлденеше өзгерістерге ұшыраған авесталық аңыздар – Иран мен Тұран арасындағы қақтығыстарды фольклорлық тұрғыда жырлаған «Шаһнама» эпопеясының желісін құрады. Зәрдүштік эпсаналардан тамыр тартқан алып дастан сарындары, әрқайсысының кейіпкерлері бір-біріне сәйкесіп, соншама ұқсасып жатқанымен, ежелгі арилер мен тұрлардың шайқастары – ұлы Фирдоуси Х ғасырда дүниеге әкелген заңғар поэзиялық шығармада ирандықтар мен түрктердің соғыстары ретінде бейнеленді. Тұран термині түрк этнонимінің баламасына айналды [449; 450, 25-168].

Д. Е. Еремеев ираншада «*тур*» (тұр) түріндегі сөздің түркшеге «*түр*» түрінде ауысуын – жуан еріндік «*у*» (*ү*) дыбысының түрк тілінде жінішке еріндік дауысты «*ү*»-ге айналуы қалыпты құбылыс, ол *туман*>*түмен*, *Рустам*>*Рүстем*, *дуния*>*дүние*, *уммат*>*үммет* сияқты мысалдарда да кездеседі, деп атап өтеді [446, 131]. Ал *арилер* болса, соңғы қола дәуірінің өзінде-ақ қазіргі үнді-иран жеріне ығысты. Олардың болашақта *парсы* жеріне қоныстанған бөліктеріне тән тіл – кейіннен лингвистердің жүйелеуінше «көнеирандық» деп жіктелген еді [212, 198; 208, 228-237]. Сол парсылардан шыққан Сасани әулетінің зәрдүшшілдікті мемлекеттік дінге айналдырып, Орталық Азияның күнгейі мен Алдыңғы Азияда 3-7 ғасырларда билік жүргізген алпауыт мемлекет болған кезінде олардың қарамағына енген Сирия мен

Кіші Азиядағы аймақтар үшінші ұлдың есімімен Сайрим (Сайряма) деп те аталыпты [219, 109-110; 451, 431].

Осы орайда Авестада *tūr (tūra)* атауымен белгілі халықтың ассириялық, ахемендік сына жазбалар мен грек тарихшыларының шығармаларында мүлдем кездеспеуі, керісінше сол маңызды дереккөздерге *saka (saha)* атауымен түскен этнонимнің Зәрдүш уағыздарында еш ұшыраспауына да назар аудару қажет сияқты көрінеді. Бұл жайт, кезінде талай ирантанушының көңіліне күмән ұялатқан сауал да болды. Алдыңғы Азия мен Иран тарихының білгірі И. М. Дьяконов бұл мәселенің төркінін Авеста мәтіндерінің батыстағы парсы жұрты арасында ірге көтерген Ахемен мемлекеті (ж. с. д. 558-330) дәуірінен бұрын дүниеге келгендігіне қатысты ақиқатпен және ол уағыздардың негізінен елдің шығысындағы аймақтарда түзілгенімен түсіндіреді. Егер ол ахемендік заман туындысы болса, онда оның мәтіндерінде теріскейі Сырдарияға, шығысы Үнді дариясына дейін созылған сол алпауыт мемлекеттің әкімшілік терминологиясы, патшаларға, әміршілерге, абыздарға, әскерлер мен құлдарға қатысты атаулары да кездесуі керек еді. Алайда Авестада олардың бірде-бірі жоқ, бәрі өзгеше, ахемендік терминдермен еш үйлеспейді, күллі атау одан бұрынғы дәуірлерге қарай жетелейді, деп атап өтеді [452, 138-144].

Бұл жерде әйгілі ғалымның көнепарсы мен авеста тілдері көнеирандық тіл аясына топтастырылса да, олардың бір-бірінен тым алшақ, оның үстіне әртүрлі дәуірлерде ғұмыр кешуіне байланысты, көп атауларының сәйкесе бермеуі заңды екендігіне мән беріп отырғаны анық. Ахемен жазбалары батыс иран тілдері тобының оңтүстік-батыс тармағына енетін көнепарсы тілінің негізінде жасалса, зәрдүш мәтіндері иран тілдерінің шығыс тобына жатқызылып жүрген өлі авесталық тілде ауызша тараған уағыздар делінеді [14, 12, 142, 200-201]. Осы орайда зерттеушілер арасында авеста тілінің шығыс немесе батыс тармаққа жатады деп жіктеуге келмейтіні туралы пікірлердің де бар екенін қаперге алуға тура келеді. Бұл зәрдүш сарындарының орталықазиялық далалық белдеуде дүниеге келуі мүмкін деп есептелетін бастапқы нұсқасының қай тілде (арғытүрк пе, ари ме) туындағанының

мәлімсіздігінен де болса керек. Оның қазіргі кездегі белгілі мәтіндерінің төркіні арилердің күнгей өңірлерге жеткеннен кейінгі «Ари кеңістігінде» (Арьянам Вайджа-*Aryāṇam Vaējah*) өмір сүрген кезеңдеріне үйлеседі. Сол себепті де ғылымда авеста тілінің бойында шығысирандық, оңтүстік-батыс орталықазиялық, хорасандық сипаттардың бар екендігі туралы тұжырым орныққан. Ұрпақтан-ұрпаққа ауызша тарау барысында көп өзгерістерге ұшыраған ол мінәжат жырларды бірыңғай жүйеге түсіру – талай заманнан кейін ғана қолға алынды. Ол тек Сасани мемлекеті кезінде (IV ғасырдың соңы немесе VI ғасырдың ортасы) кітаби паһлауи (ортапарсы) қолжазбалары негізінде жасалған арнайы әліпби арқылы хаттала басталды. Ал Авестаның қазір ғылымға белгілі қолжазба нұсқалары XIII-XIV ғасырларда ғана қағазға түскен [454, 10-11; 455, 58]. Авестаның толық көлемде сақталмауы, оны зерттеу, пайдалану мәселелеріне де біршама күрделілік телиді. Тарихшылар тарапынан авесталық мәліметтерге жиі назар аударылғанымен, аңыздық сарыны басым оларды көбіне нақтылы дерек ретінде қолдануға бола бермейтіні зерттеушілерге жақсы таныс [156, 196-197].

Авеста дәстүрлерінде сол тілде сөйлейтін оңтүстік орталықазиялық, шығысирандық арилерге ең басты қауіп төндірушілер де, оларды жаулап алушылар да Франграсиан (Шаһнамадағы – Афрасиаб) бастаған «өзге тілді» көшпелі *tūr* тайпасы [122, 165, 195] болғаны мәлім. И. М. Дьяконов осы *tūr* жұртын орталықазиялық сақтардың шығысирандық тілдегі атауы ретінде бағамдайды [452, 143]. Келесі бір мақаласында ол шығыс сақтарға жататын тұрларды Алтайдағы пазырық сақтарымен сәйкестендіреді [453, 104]. Демек, *сақ пен турдың бір халық атауы екендігі күмәнсіз. Sah деп батысирандықтар (көнепарсылықтар)*<sup>49</sup>, *tūr деп шығысирандықтар қолданған.*

---

<sup>49</sup> Дегенмен, жаңашыл түрктанушылық зерттеулерде *сақ/сақа/сой* сөздерінің «балалар, ру, тайпа» деген мағынаны білдіретін түрк сөзі екені айқындалғанын да айтуға тиіспіз. Бұған М. Зәкиевтің еңбегінде келтірілетін якуттардың өздерін *сақа* дейтіні, хакастарда *сага* аталатын ру барлығы, сол хакас атауының *сақ/һақ/хақ* этнониміне көне *ас*



Батыс Иранда түзілген көнепарсылық ахемен жазбаларында *tūr* (*tūra*), шығысирандық авеста мәтіндерде *saka* (*sah*) этнонимдерінің ұшыраспауы да содан екен. Осындайда «Ари кеңістігінің» солтүстік-шығыс жағын мекендеген, оларға қайта-қайта қауіп төндіретін *тұр* тайпаларының Қазақ даласының теріскейі мен Шығыс Түркістанға қарай ұласқан беғазы-дәндібайлық мәдениет аумағына сәйкесетін «арғытүрктік кеңістігі» туралы пайымдаулар жасаудың да реті өз-өзінен-ақ келіп тұрғандай боп көрінер еді.

Алайда, ирантанушылық тұрғыдағы көп зерттеулерде мәселенің бұл жағы аса тереңдетіле бермейді. Авестадағы *тұрлар* сол заманғы жазба деректердегі *сақ* этнонимімен сәйкеседі» деген сыңайдағы жоғарыдағыдай тұжырымдарға [445, 77; 447, 720; 452, 143] сілтеме жасау жағы ескерілгенімен, түптің-түбінде оларды туыс жұрттар етіп шығару мәселесіне басым мән беріліп кетеді. Зәрдүш мәтінінде «өзге тілде» сөйлегендігі анық көрсетілген тұрларды арилерге жақындастыруға бағыт ұсталынады. «Сақ та, тұр да шығысирандық тілде сөйлейтін жұрттарды аңғартатын этнонимдер. Зәрдүш заманында Тұран аумағында түркітер әлі жоқ болатын, сол себепті ондағы тұрды түркітермен салғастыру еш дәйексіз, тұрлар дегеніміз – арилер сияқты шығысирандықтар. Фирдоусидің «Шаһнама» эпосында олар ирандықтар мен түркітер ретінде бейнеленгенімен, бұл жай әшейін Сасани заманында түркітердің күшеюіне байланысты, фольклорлық қиялдан туындаған сюжеттік желі. Шын мәнінде олардың арасындағы соғыстарды – ирандық тайпалардың екі тармағының: көшпелі тұрандықтар (сақ, массагет, даһтар) мен зәрдүш дінін қолдайтын отырықшы шығысирандықтар арасында талайдан жалғасқан текетірестік қатынастарға тән көріністер ретінде пайымдау қажет» [448, 30-31; 226, 66-68; 457, 200-201; 458, 196-198], деген пікірлер тұжырымдалып жатады.

---

этнонимінің қосылуынан пайда болғаны, сондай-ақ *қазақ*, *қыпшақ* этнонимдерінің «ку-сақ (кұба сақ) формасынан туындағаны сияқты дәйектерді [403, 122] ортаға тартсақ та жеткілікті.

Шын мәнінде солай ма? Бұл жөнінде бұрынғы-кейінгі ғылыми зерттеулер не дейді? Жаңа сипаттары ашылып жатқан қытай дереккөздері қандай мәліметтерді алға тартар еді?

## 5. ТӘҢІРІ, ТҮР, ТӨР, ТИЕК (ДИ), ТҮРК – КІЛЕҢ «КҮШТІЛЕР мен ҚУАТТЫЛАР»

Осындайда әйгілі академик В. В. Бартольдтың (1869-1930) «*түрк* сөзі алғаш рет көшпелі халықтың атауы ретінде тарих көшінде ж. с. ҮІ ғасырында белгілі болды, сол ғасырда түркілер Қытайдың теріскейі мен Моңғолиядан Қара теңізге дейін созылып жатқан көшпелі империяның негізін қалады», дей отыра, олардың арғы тектерін барлау мәселесіне қатысты айтқандары ойға оралады. Ол шетелдік әртүрлі ғалымдар тарапынан түркілердің түпкі төркіндерін іздестіруге байланысты бірталай талпыныстар жасалғанын атап өткен болатын. Түркілердің скифтермен, хұндармен туыстығын пайымдауда неміс ғалымы Т. Нельдеке, австриялық географ және шығыстанушы В. Томашек, неміс-американ синологы Ф. Хирт, т. б. әйгілі ғалымдардың бірталай зерттеулер жүргізгеніне тоқтала келіп, солардың арасында Хирттың қытай транскрипциясында *цзин-лу* деп оқылатын *қыңрақ* сөзінің (біз өткен тарауда тілге тиек еткен) хұндық түп-төркінін тауып, оны «ең ежелгі түрк сөзі» ретінде бағамдағанына мән берген еді. Жапон ғалымы К. Шираторидің (1865-1942) де қытай тіліне түрк тілінен сіңген бірсыпыра сөздерді табуға ұмтылысы байқалғанымен, оның кейіннен хұн тілін тұңғыстық сілемі бар моңғол тілі ретінде болжай бастағаны екі ұдай пікір қалдырды, дегендей ой айтқан-ды. Бартольд сол кезде жас ғалымдар қатарында болған Н. Н. Поппенің (1897-1991) зерттеулерінде чуваш тілінің арғытүркілік сипатының басқалардан көнелігі дәйектеліп, хұндардың тіліне жуықтатылғанына, арғытүрк, арғымоңғол, арғытұңғыс тілдерінің барлығы да арғыалтайлық баба тілге барып тірелетіні туралы мәселенің сарапталғанына көңіл аударады. Чуваш тіліне тән «р», «л» дыбыстарының басқа түрк тілдерінде «з», «ш»-ға ауысуы, яки  $p > z$ ,  $l > sh$  түрінде

фонетикалық түрленуі, бұл құбылыстың жыл санаудың басында өткенін көрсетеді, дей отырып, Поппенің тұжырымын қолдайтынын аңғартады [459, 576-579]. Осыдан-ақ Бартольдтің «түрк атауы тарихта YI ғасырдан белгілі болды» деп жазғанымен, олар сөйлеген тілдің сол дәуірден алты ғасыр шамасы бұрын да нақты өмір сүргеніне, түпкі тарихы одан да арғы замандарға кететініне, арғыалтайлық қатпарлары барлығына күмән келтірмейтіні байқалар еді.

Орыстың әйгілі түрктанушысы А. Н. Кононовтың «түрк» термині төркінін кезінде көрнекті лингвист Н. Я. Марр тарапынан ортаға тартылған *tar-qan* (*tar-ĥan*) лауазымымен, сондай-ақ *Тәңірі* ұғымымен сабақтастырған зерттеуі де түрк халықтарының ежелгі кезеңдерін меңзеген еңбек ретінде танылады [460, 44-47]. Марр *tar-qan* терминінің алғашқы дауысты дыбысының «о»-ға айналуынан *tor-qan* ↔ *tur-qan* баламалығы туындағанын дәйектей келе, бұл сөздің түпкі мағынасында «тәңірімен дәрежесі тең қауым» деген ұғым жатуы ықтимал екендігін бағамдаған болатын. Әрі мұны ол *тәңірі* сөзінің чуваш тілінде *tor-ə* ← *tur-ə* түрінде айтылатындығымен байланыстырған еді [461, 156]. Чуваштардағы *турă* /*торă*/ *тор* сөздерінің басқа түрк тілдеріндегі *тәңірі* терминімен балама екендігі, сондай-ақ одан чувашша *түре* «төре, сот»; түрік, шағатай, шор тілдерінде «заң, ереже, ханзада» мағынасын беретін *төрä*; қазақтарда хан тұқымына қатысты айтылатын *төре*; көне түрк, ұйғыршада «үкімет, билік» ұғымындағы *төрү*; татар, башқұртшада басшы, үкімет адамын білдіретін *түрә* терминдерінің пайда болғаны «Чуваш тілінің этимологиялық сөздігінде» де көрсетілген [462, 252-253, 263-265]. Сондай-ақ көне түрктердің өз астаналарын «Орда», өкіметін «Төр» атағаны белгілі [215, 10].

Кононов биік дәрежелікті, мәртебелілікті аңғартатын осы *төр* сөзінің біртіндеп *түр* || *төр* – «үйдің *төрі*» деген мағынаға ұласуы да бекер еместігіне мән береді. Бұл орайда түрік зерттеушісі Әбділкадыр Инанның осы *түр* || *төр* сөзін түрктануда кеңінен мәлім *p : c ~ z* алмасуына сәйкес, *түс* || *төс* ~ *төз* түрінде қалыптасқан фонетикалық нұсқа ретінде қарастыруы осы пікірге

дөп үйлеседі, дейді ол. Өйткені *түр* ~ *төс* баламалығы – алтайлық түрк жұрттарының ежелгі наным-сенімдеріндегі кісіні немесе жануарларды бейнелейтін жансыз тұлғаларға, пұттарға, өздері таңдаған рухтар мен желеп-жебеушілерге жалбарынуға қатысты ғұрыптармен де сабақтасып жатыр. Олар жебеуші рухты *төс* (төс) деп атаған. Мәселен, алтайлықтардың әр руы (сүйегі) өздеріне шапағаты тиетін рух ретінде қастерлеп пір тұтатын тау, өзен, шың, көл рухтарын *ары*<sup>50</sup> *төс*, ал жамандық шақыратын мейірімсіз рухтарды *қара төс* дейді екен. Л.П. Потапов осы *төс* сөзінің *төр* түрінде кездесетін мысалы барын білдіріпті. Оның айтуынша, шор жұртына қарасты қалар руының адамдарында қайыңның қабығынан кісі сұлбасын бейнелеп, көздерін моншақтан, мұрнын ағаштан, сақалы мен мұртын тиіннің құйрығынан жасап, үйлерінің төріне орнатып қоятын, сол киелі деп саналар қуыршақ фетишке жалбарынатын, оны коректендіретін де ғұрып болған. Және оны *төр кіжі* (төр кісі) деп атаған көрінеді [460, 45-46].

Мәселен, қамдардың (шамандардың) бас болуымен айтылатын тау, аспан, су рухтарына арналған қауымдық мәнәжаттар кезінде «О, ұлы Тау рухы, бүгін алтыннан құрбан шаламын мен! Барлық балалар үшін, жан берген сен мейіріммен өзіңнің. Нәзік жас жеткіншектер үшін... Шың-күздар үшін, барлық жерде бой көтерген...», – деп тауға тәу етсе, «Біз үш жасар өгізшені сен үшін бүгін сойдық, Аяқтарын оның сәл бүктік те, салға салып оны тоғыз бөренелі, жібердік төменге. Ағындап аққан сумен. Саған қадірлі құрбандық болсын деп бізден!..» – дегендей ұзақ шумақтардан құралған су рухына мінәжаттар жасалады. Үйдің төріндегі *төске* тәу ету барысында «Сен таза Аспанмен жаратылдың, ақ қоян боп бізге келдің!.. Жиһан кезіп аспандарда, дем аласың сен тауларда... Сенің тұрағың бұлттарда... Міне сый – саған! Міне мол құрбандық – саған!» – деген сыңайдағы жалбарынулар айтылады. Хакастар маусым айының толған айы туғанда Аспанға құрбандық шалып, бата беруші өзінің мінәжатын аяқтар тұсында «Жетер ме екен бұл

---

<sup>50</sup> *Ары, ару, аруғ* – түрк тілдерінде «таза, кіршіксіз, пәк, үздік, қасиетті» деген мағыналарды береді [188, 184-186].

күрбандық құдайларға? О, Ұлы Құдай – Аспан!» деп жалбарынған кезінде халық та екі қолын жоғары көтеріп «Тәр!» деп дауыстайды екен. Ежелгі түркітер бас Құдайды, Тәңіріні «Тәр» деп те атаған [463, 322-336, 486].

Бірін-бірі қуаттаған осындай мысалдардың өзінен-ақ чуваш тіліндегі *турă /торă/ тор* сөздерінің (Марр еңбегіндегі *tor-ə←tur-ə* [461, 156]) неліктен «*тәңірі, құдай, рух*» мағынасын беретіндігі [464, 259; 462, 252] де біршама бағамдалар еді. Яки, ең байырғы формасы *тәңірі* ұғымынан бастау алып, чуваш тіліндегі *төр* түріне сәйкескен бұл сөз – *түр* || *төр* ~ *төс* фонетикалық түрленуін бастан өткере жүріп, кейіннен *төр* (төр) нұсқасынан өрбіген *түр* (түр) сөзіне, одан барып ежелгі түрк халықтары мен тайпаларының басын біріктірген *түрк* терминіне айналғанын тұспалдауға болады. Бұл ретте шамандық ғұрыппен тығыз қабысатын, адамдар табынатын аспан мен тәңірілік рухты (*тәңірі, тәр, төр*), тотем мен киені қастерлеуден басталып, үйдегі құрметті, қадірлі орынды білдірген (*төр*), сол түсініктен әрі қарай өрістеген *төре, билеуші* ұғымдарының ақырындап «күш», «қуат» мағыналарын аңдататын «*түрк*» терминіне ауысуына таңданудың реті жоқ. «*Түрк* атауы біріккен тайпалардың қуатты әскери одағының жинақты атауы. Ол – сол күшті, мығым бірлестікті ұйыстырған *түр* || *төр* ~ *төс* сөзінің көпше *түр-к* түріне айналуынан туындаған термин болатын» [460, 47], – деп атап өткен еді өз зерттеуінде академик А.Н. Кононов.

Алайда сонау 1949 жылы «Советская этнография» журналына шыққан осы ғылыми тұжырымның әрі қарай өрістетілмей қалғаны өкінішті. Шамасы, ол сол кездерде ерекше қарқын ала бастаған *түр* жұрттарын шығысирандық деп тану мәселесіне қиғаш келген тақырып ретінде танылуы да ықтимал. Дегенмен, кейінгі жылдардағы арғытүрк қауымдарының шынайы тарихына қатысты археологиялық, этнографиялық, генеалогиялық зерттеулер «түрк» терминінің шығу төркінін бұл тұрғыда қарастырудың да ақиқаттан алыс еместігін байыптатады. Жоғарыдағы қамар (киммер) этнонимі орайында пайымдалған, қам (шаман) дінінің Орталық Азияда қола дәуірінде тамырлануымен тығыз байланысты дүниеге

келген ғұрыптар мен дәстүрлер кешеніне, түп-тегі «тәңірі» ұғымына сәйкесе туындаған «*тәр, төс, төр, тұр* → *тұр* → *түрк*» сөздерінің фонетикалық тұрғыда ұласу заңдылығы да сабақтасып жатқанын аңғаруға болады.

Кейінгі жылдарда алтай және палеоазиялық тілдер бойынша көптеген зерттеулер жүргізіп жүрген, салыстырмалы-тарихи тіл білімінің мәскеулік белгілі маманы О. А. Мудрак өзінің «Арғытүрктік фонема жүйесінің дамуы» атты еңбегінде чуваш тіліндегі «*тәңірі*» мағынасын білдіретін *turъ* (түр) сөзінің арғытүрктік *\*taŋri* сөзінен туындағанын дәйектеді. Мұны ол чувашшадағы мұрын жолды *ң* (\*-ŋ) дыбысының дауыссыз *p* алдында көмескіленуімен түсіндіреді [464, 57]. Яғни, *тұр(к)* терминінің арғытүрктік *\*taŋri* (тәңірі) сөзінен туындаған төркіні осылайша жаңа деректер орайында да қуатталады.

Түрк терминінің арғы-бергі тарихы мен шығу төркініне қатысты соңғы жылдары орындалған сүбелі зерттеудің авторы чуваш ғалымы Н.И. Егоров та әйгілі француз шығыстанушысы Э. Блошенің өз кезінде Авестадағы *tūra* этнонимін «бүгінгі түрктердің арғы тегі» ретінде пікір айтқанына мән береді. Неміс ғалымы Т. Нельдеке де ирантанушылардың *tūr* сөзін ирандық тектен тарқататынына сенімсіздік білдіріпті. Неміс үнді-ирантанушысы В. Гейгер тұрларды Каспий теңізінен Сырдария алабына дейін мекендеген түздік жұрттардың ортақ атауы ретінде таныпты. И. Маркварт болса, авесталық тұрларды массагеттердің нақ өзі деп бағамдапты. Одан бергі де «*сақ~тұр*» терминдерінің сәйкестігіне орай айтылған пікірлерді сараптай келе, Егоров *тұрларды* Орталық Азияның байтақ далалық аймақтарын мекендеген *сақ* тайпаларының авесталық атауы екендігінің дәйектілігіне ден қояды. Олардың сөйлеген тілін шығысирандық дегеннен гөрі, *тұрандық* деп атау жөн болатындығын алға тартады. Сол тұран сипатты тілдерде осы жұрттар атауының *türk* нұсқасына ықшамдалу үдерісі өткеніне назар аударады [465, 35-41].

Ежелгі замандарда *тәңірі, тәр, төр* ұғымдарына сабақтаса туындап, ғасырлар өте «*құдіретті, күшті, қуатты, берік, мығым, үстем*» деген мағыналарға ауысқан *тұр (сақ)* және *түрк*


терминдерінің арғы қатпарлары туралы сөз етілген жоғарыдағы пайымдауларды, бір жағынан атақты түрк ғұламасы М. Қашғаридың әйгілі «Түрк сөздігіндегі» *түрк* атауын түсіндірген мысалдардағы мына жолдардың өзі-ақ тамаша түйіндер еді. «Ұлы тәңірі: «Менің бір тайпа қосыным бар, оларды «түрк» деп атадым, оларды күншығысқа орналастырдым. Бір ұлысқа ашуланып, назалансам түркттерді соларға қарсы саламын» депті. Бұл жай олардың басқа жұртқа қарағанда **үстем** екендігін көрсетеді. Сондықтан да Тәңірдің өзі оларға ат берген, жер жүзінің ең биік, ыңғайлы, ең ауасы таза шұрайлы өлкелеріне орналастырған да, оларды «өз қосыным» деп атаған. Оның үстіне түркттер көркемдік, сүйкімділік, жарқын жүзділік, әдептілік, жүректілік, үлкендерді, қарияларды құрметтеу, сөзінде тұру, мәрттік, кішіктік, тағы сондай сансыз көп мақтаулы қасиеттерге ие», – деп жазады ол. Сондай-ақ атақты сөздікте түрк сөзінің **толысу, жетілу** ұғымын беретіндігі де айтылады. «Түрк – бүкіл жемістің пісіп жетілген, уылжып толысқан уақыты. «Түрк үзім өді – жүзімнің піскен кезі», «түрк иігіт – толысқан жігіт» мағынасын білдіреді», – деген түсіндірмелер бар [249, 407-410; 466, 336-339].

\* \* \*

Осы орайда қытай ғалымдарының кейінгі жылдардағы кең ауқымды зерттеулері нәтижесінде қола дәуірінде ежелгі Қытайдың теріскейі мен батысын мекен еткен түздік жұрттардың ортақ атауы ретінде танылған *тиек* (ди 狄) иероглифінің түзілімінен *түрк* терминінің «күшті, қуатты» деген мағыналарына ұқсас ұғымдарды бағамдағанын да қаперге сала кеткенді жөн көреміз. Жазылу сипаты бойынша *тиек* (ди) иероглифі екі бөліктен тұрады. Алғашқы бөлігі 犹 – *жануарды*, екіншісі 火 – *от* деген мағынаны білдіреді екен. Көне қытайлықтардың ұғымы бойынша, ол екеуі де күш пен қуатты көрсетеді. Сол себепті де көптеген халықтардың арғы тектері от пен әртүрлі ірі жануарларға табынған. Жыу мен Хань әулеттері (ж. с. д. XI – ж. с. II ғ.) дәуірлерінде құрастырылған «Эрья» (Ежелгі иероглифтерге

түсініктеме) жинағында осы тиек (ди 狄) иероглифінің әуелгі мағынасы, күш, қуаттың нышанын байқататын бұқа ұғымында қолданылғаны келтіріледі [263, 30-31]. Көне қытай жазба ескерткіштерінің білікті маманы Ван Говейдің (1877-1927 ж.) де өз кезінде «ди» иероглифінің әу баста «күш», «қуат» деген мағынаны бергеніне қатысты пікір айтқанын өткен тарауда сөз еткенбіз.

Бұл бір жағынан, еуразиялық түздіктердің ежелгі дәуірлерден бастап (палеолит, мезолит, неолит, энеолит) ең қуатты да айбарлы жануар ретінде саналатын жабайы бұқа образына ерекше мән бергені жөніндегі ғылыми дәйектермен де иланымды сабақтасады. Бұқаның орталықазиялық петроглифтер мен тас бетіне жоса бояумен салынған суреттерде ең жиі кездесетін жануарлардың бірі екендігі мәлім [371, 113-114, 318-319; 181, 190; 467]. Осы аша тұяқтылардың ж. с. д. III мыңжылдықтың екінші жартысынан кейінгі «бақташылық кезеңде» де айрықша кие тұтылғаны – сол жануарлармен бірге бұқа мүйізді адамдардың қатар кескінделгенінің өзі-ақ байқатса керек. Жартастар мен қақпақ тастарда олардың мүйіздері кейде бұқалар мен адамдардың төбесіндегі күн қалпында көрініс береді. Адамдардың басы дөңгелек күн секілді шеңберленіп немесе шапақ шашқан нұрлы күн түрінде де бейнеленеді. Ол ежелгі жұрттардың ғалам туралы түсінігінде күн мен тәңірінің өзара балама ұғымдар ретінде пайымдалғанын аңдататын нышан.



*Солдан оңға қарай: Тамгалы петроглифтеріндегі «күнбасты» тәңірі-бейнелер. Алтайдағы Қатын өзені алабы петроглифтеріндегі күн мүйізді бұқа (Жалаңаш) мен бұқа мүйізді адам сұлбасы (Теректі). Орталықазиялық «күнбасты» бұқалар бейнелі петроглифтер. Қарақол (Қатын өзені алабы) қақпақтасындағы жосамен салынған күнбасты аң-кісі бейнесі. (Суреттер А. Г. Максимова, т. б. [468], Э.А. Новгородова [371] және В. Д. Кубарев [263а] еңбектерінен алынды).*



Қазақстанның Шу-Іле тауларының күнгейіндегі Тамғалы археологиялық кешені аясында жиі ұшырасатын «күнбасты» бейнелер де сол тәңірілік рухты түспалдаудың бір тәсіліне жатады. Сол «күнбастылардың» бірінің бұқа үстінде тұрған қалыпта кескінделуі – көктегі тәңірі мен жердегі зор қуат иесі бұқа рухтарының адам арқылы байланысуы, адамның да солардай тәңірілік күшке ие болуын аңсаудан туған шығармашылық шешім. Осындай үйлесімді сәйкестікке ұмтылудан – күллі орталықазиялық аумақтағы петроглифтер мен тас бетіне салынған суреттердегі «күн-адам-бұқа», «адам кейіпті тәңірі», «бұқа басында дөңгеленген күн», «жүгірген бұқа-кісі», яки күш пен қуат, қайрат пен жігер рухын күдіретті Тәңірінің өз қалауы ретінде байыптатаатын сюжет-образдарды өрбітудің өзегі қаланған [468, 45; 469, 94-105 ; 469а; 263а, 95-99].

Қытайдың теріскейі мен батысын мекен еткен түздік жұрттар сонау қола дәуірінің бас кезеңдерінен күнгейдегі жер емген көне қытай егіншілеріне үсті-үстіне үстемдік танытып, қысым көрсетіп жүрген ғасырларда [239], өздерінің күдіретті тайпалар екендігін жартас беттеріндегі петроглифтерде «күн-тәңірі-адам-бұқа» сәйкестігі мағынасына саятын образдармен бейнелеуі нанымды. Осы тұрғыдан алғанда *ди* (狄) иероглифінің әуелгі негізі – сол жұрттың ата-бабаларының жартас бетіне салған туындылардағы бұқаларды кие тұтқан наным-сенімдерін «күнбасты», «мүйізбасты» адамдар арқылы тәңірілік рухпен шендестіре кескіндеген суреттерден бастау алған, деп бағамдауға болады. Көне қытай жазбаларында ол бейнелер сол мағыналарға орайластырыла, тиек (ди) тайпаларының «күштілігі мен қуаттылығын» аңғартатын иероглифке айналуы ықтимал [263, 31]. Ғылымда ежелгі тайпалардың біразы бұқаны өздеріне кие тұтып, өздерінің арғы бабалары ретінде де танығандығы жөніндегі деректер кездеседі. А. Н. Бернштам хұндардың чәнүй шыққан руының киесі бұқа екендігін, ол дәстүрдің кейіннен Оғұз қаған аңызына ұласқанын атап өткені белгілі [470, 84; 471, 66; 438, 478].

Ежелгі Моңғолия тарихының танымал зерттеушісі Э. А. Новгородова бұқаны хұндардың кие тұтқанына, оғұз жұртының

басшысы Оғұз қағанды бейнелегенде «оның аяғы өгіз аяғындай, белі бөрі беліндей, жауырыны бұлғын жауырынындай, кеудесі аю кеудесіндей еді. Денесінің бәрін түк басқан еді», деп суреттелуінің және есімінің Оғұз (Өгіз) деп аталуының бекер еместігіне мән береді [371, 113]. Хакас ғалымы М. И. Боргояковтың зерттеуінде бұқа культінің ж. с. д. III мыңжылдықта өркен жайған оқунев мәдениетінде көрініс бергеніне, сол мәдениет аясындағы жұрттар түсінігі бойынша, бұқаның Күн образымен сабақтастықта қарастырылғанына назар аударылады [472].

Қытай тілінің 56 мың иероглифіне түсініктеме берілген сегіз томдық «Ханьюй дацзыдянь» (Қытай тілінің үлкен иероглифтік сөздігі. Чэнду. 1986-1991 ж.) жинағында осы «күш, қуат» мағынасын білдіретін *тиек* (*di*) этнониміне сәйкес келер иероглифтің Кіндік Жазықта ж. с. д. XXI-ХҮІ ғасырларда өмір сүрген ежелгі Шиа (Ся) мемлекеті кезеңінде де ұшырасатынына қатысты дерек бар екен. Өзбекстандық синолог А.Хожаев, қытай ғалымдарының көне мәтінді зерделеуі барысында: «шиа халқы теріскейдегі *тиек* (*di* 狄) жұртынан ерекшеленеді» деген мағынаға саятын сөзді тарқатқанын алға тартады. Сонымен бірге Шаң (Ин) патшалығы (ж. с. д. ХҮІ-ХІ ғ.) дәуіріндегі тас, ағаш тақташалар, сүйектер бетіне түсірілген сурет тектес иероглифтердің бірінен де *tiek* (狄) сөзінің сұлбасы аңғарылыпты. Осы Шаң және ж. с. д. ХІ-ҮІІІ ғасырлар аралығындағы Жыу (Чжоу) әулеті тарихына қатысты деректер жинақталған «Шаңшу» туындысында да *bei-tiek* (бэй-ди 北狄, яки құба *di*) этнонимі кездесіпті. Бұл келтірілген дәйектердің өзінен-ақ *тиектердің* төрт мың жыл бұрынғы замандардан басталатын Шиа патшалығымен қарым-қатынас құрғандығы нақтыланады. Сол патшалықтың батысында *тиектердің*, теріскейінде *бай-тиектердің* мекен еткені бағамдалады [263, 32-36].

Осы орайда қытай ғалымдарының кейінгі жылдардағы зерттеулерінің нәтижесінде, елдің теріскейі мен батысын мекендеген, көне дереккөздерде әртүрлі этнонимдермен аталатын қытай емес халықтардың түп-төркінінің негізінен бір текті

болғандығына қатысты пікірлердің орнығып келе жатқандығы кәдімгідей назар аудартады. Мәселен, 1994 жылы жарық көрген «Чжунго миньцзу ши» (ҚХР халықтарының тарихы) ұжымдық еңбегінде «Көктем мен күз» кезеңіндегі (ж. с. д. 770-476 ж.) *бэй-дилердің* (кұба дилер) соның алдындағы Шаң патшалығы (ж. с. д. ХҮІ-ХІ ғ.) кезіндегі *гуйфаң* (guifang) мен *шиәниун* (xianyun) жұрттарының ұрпағы екендігіне мән беріледі. Ал олар өз кезегінде біз өткен тарауда біршама тілге тиек еткен ілгергі *жұң* (роң 戎), *ди* (тиек 狄) жұрттарымен сабақтасып, бірінің орнына бірі қолданыла беретін синоним атаулар тізбегін құраушылар болатын. Ежелгі *гуйфаң* және оның ізбасары ретінде дәйектелетін *тиек* (*ди*) [251, 13-14] әуелгіде жалпылама *роң* (*riwem, rong, жұң* – салт аттылар) [263, 134] атауымен топтастырылған «солтүстікшептік» халықтардың әр деректерде әр түрде көрініс берген ортақ атауы болатын. Оны Шығыс Жыу заманында *жұң* (роң) сөзінің тек *ди* атауымен қосарлана *жұң-ди* (яки, салт атты түркілер) деп таңбаланғаны да аңғартады. Батыс пен теріскейдегі салт атты жұрттардың бәрінің ортақ атауына айналған бұл қосарлы термин, уақыт өте келе дербес этнос түрінде бағамдалатын *тиек* (*ди* 狄) – *түрк* халқының атауына ұласады [239, 919-925; 261, 304].

Ж. с. д. ҮІІІ ғасырдан бастап қуаты арта түскен Қытаймен аумалы-төкпелі сілкілесулер барысында сансырауға ұшырай қоймай, арпалыса жүріп ширыққан, біртін-біртін күші молығып қуаттанған *дилердің* бір бөлігі өздерінің «солтүстік шептік» атамекендерінде одан әрі орнығып қана қоймай, жан-жаққа өрістерін ұзартады. Саны өседі. Теріскейге қарай ұйысыңқыраған қалың бөлігі, біртін-біртін Ордос аймағынан Шығыс Түркістан арқылы Қазақ даласына, Алтайға, Құбы шөлейті арқылы Байкөлге қарай қанаттарын жаяды. Сол жылжу үдерістері барысында, жол-жөнекей *өздері тектес жұрттармен* араласа отырып, *сақ* мәдениетіне тән жарқын дәстүрлерді түзуге атсалысады. Археологиялық тұрғыда, олардың қазақ жерінде ірге тепкен қауымдарына – *тасмола* мәдениеті, қазіргі Орталық және Шығыс Моңғол даласын мекендеген тайпаларына – *тақта тас қабірлері*

(плиточные могилы) мәдениеті, сәйкес келеді деп есептелінеді [262, 411-418].

Үлкен қытай энциклопедиясында (Чжунго дабайкэ цюаньшу. Чжунго лиши. Бейжің. 1997.) «Көктем мен күз» кезеңіне (ж. с. д. 770-476 ж.) қатысты ғасырларда *тиектер* (*дилердің*) елеулі елдер қатарында болғандығы, олардың құрамына көп тайпаның енгендігі көрсетіліпті. Қытай тарихшылары Лин Гэн мен Люй Сымян өз зерттеулерінде *тиек* (*ди*) елін жүзден астам жұрттың басын құраған ірі тайпалық бірлестік ретінде таниды. Өркениеттік деңгейі де Кіндік Жазықтағы қытайлардан еш кем соқпаған. Жиырмасыншы ғасырдың 70-ші жылдары Бейжіңнің теріскейіндегі Хэбэй уәлаятынан Бэй-ди (Чжуншань – Zhongshan) патшалығы билеушілері бірінің қабірі қазылғанда, одан табылған жәдігерлердің мәдени құндылығы аса жоғарылығымен ерекшеленіпті [263, 54].

Зерттеушілер ж. с. д. ҮІІІ-ҮІІ ғасырлардағы *ди* мәдениетін жалпы орталықазиялық *сақ* дәстүріне орайласатын үрдіске балайды. Орыс синологы М.В. Крюковтың Ордос пен Қытайдың теріскейінен табылған аң стиліндегі қанжарлар мен қола қазандарды сақ әлемі аясындағы *ди* жұрттары тұтынған бұйымдар ретінде танығаны белгілі [238, 179-184; 237, 117]. Ю. С. Худяков та Гэнсу уәлаятының мұражайларына қойылған асатаяқ басындағы қоладан құйылған бүркіт басының бейнесін, дөңгелене оратылып жатқан бөрі тектес жыртқыш сұлбасы түрінде нақышталған қола тоғаларды, шауып келе жатып кілт тоқтағандай қалыпта кескінделген бұғылардың мүсіншелерін ерте сақ кезеңіне сәйкесер аң стилінде жасалған туындылар деп есептейді. Олардың сол ғасырларда Ордос пен Гэнсу аймақтарын мекен еткен *ди* тайпалар бірлестігіне енетін жұрттардан қалған жәдігерлер екендігі даусыз. Ол тайпалардың ұрпақтары кейіннен Хүн империясының аясына қамтылған еді, дейді новосібірлік белгілі археолог ғалым [473].

Ж. с. д. ҮІ ғасырлардан кейінгі замандарда осы *тиек* (*ди*) атауының қытай деректерінде көрініс беруі сирексиді де, олардың орнына көбіне теріскей мен батыс түздіктерін жалпылама

білдіретін *ху*<sup>51</sup> этнонимі қолданыла бастайды [237, 117]. Осы *ху* (кейіннен *шйәниун, хиенйүн, сяньюн*) және *ди* терминдері бірін-бірі алмастыратын атаулар сияқты көрінгенімен, қытай тарихының атасы Сы-ма Чиэннің «Тарихи жазбаларының» (Шы-зи) кей тарауларында күллі қытай жерлерін бір биліктің астына топтастырған Чин (Цин) патшалығының (ж. с. д. 221-206) теріскей түздіктерге жасаған жорықтары туралы деректер, оларды әртүрлі халық ретінде де бағамдатар еді. Мәселен, «Сиуңну баяны» (110-бума) мен «Чиннің бірінші императоры әулетінің билігі туралы» сөз еткен 6-бумада Қытай патшасы Шы-Хуаннің белгілі қолбасшы Мың-тиэнге (Мэн Тянь) 100000 әскер (6-бума бойынша 300 мың қол) беріп, *ху* жұрттарын бағындыруға жібергені, оның Хуанхыны шекара етіп, Сарыөзеннің ұзына бойына бекіністер тізбегін құрғаны жайында жазылса [240, 37; 264, 30; 474, 326-327; 475, 75], «Мың-тиэннің өмірбаянына» арналған 88-бумада осы қолбасшының ж. с. д. 215 жылы 300000 әскерді бастап, теріскейдегі *жұң-ди* тайпаларын ығыстырғаны, ұлы қорғанды тұрғызғаны айтылады [474, 72-73; 476, 40-43]. Қытайдың көрнекті түрктанушы тарихшысы Линганның 1984 жылы Бейжіңде басылған «Жылнама» (Ғұн тарихының жылнамасы) кітабында Чин патшалығының осы жорық нәтижесінде «Хуанхы дариясының оңтүстік жағалауын басып алғаны, ғұндардың 700 лиге (бір ли шамамен 0,5 км) дейін шегінгені (бұл жер қазіргі Ішкі Моңғолияның Хытау өңірі оңтүстігіндегі Икі маңы), сол себептен ғұндар оңтүстікке қарай жылқысын бағудан сескенетіні, сарбаздары садақ тартып, кек алудан қорқатыны» туралы мәлімет берілген [477,16].

Сы-ма Чиэннің «Тарихи жазбаларында» ұзын қорғанның құрылысы осылайша Чин патшалығы тұсында басталған сияқты боп пайымдалғанымен, оны тұрғызу жұмыстары *жұң-ди, ху*

---

<sup>51</sup> Қытайлардың ежелгі дәуірлерде теріскей-батыс аймақтағы жұрттарды *ху* деп атап келгенін, жыл санаудың басында ғана Қытай патшасының әмірімен олардың дереккөздерге *чионну (сиуңну)* түрінде түсе бастағанын жоғарыда сөз еткенбіз [250, 3-4; 263, 92, 128; 337, 38; 374, 9].

тайпаларынан қорғану үшін ж. с. д. 350-300 жылдардың өзінде-ақ қолға алынғаны мәлім [250, 87]. Әрі ол жұрттар ж. с. д. 215 жылдары Чин билігі әскерлерінің шабуылынан ойсырай жеңіле қоятын осал қарсылас та емес-тін. Ху тайпаларының көсемі ол кезде, кейіннен қытай деректерінде Хұн<sup>52</sup> империясы деп аталар елдің көсемі Мөде (Маудун, Мете) чәнүйдің әкесі Тұман қаған болатын. Ол билеген хандық жоқтан пайда бола салған әлжуаз елден гөрі, соның алдындағы ғасырларда да етектегі қытай патшалықтарының тізесін талай дірілдеткен, көне деректерде *тиек, ди, ху* түрінде әртүрлі таңбаланып жүрген, көптеген түздік жұрттардың басын біріктірген қуатты одаққа бірсыпыра келіңкірейтін мемлекет еді [476, 37-38].

Тұман қаған елі тұтқиылдан жасалған аңдаусыз шабуылға төтеп бере алмай, Ордостан айырылғанымен, түздік жұрттарға әуелден тән – жедел сытылып кету, қаша соғысу әдістерін қолдана жүріп, «шұбырынды» қалге көп ұшырай қоймаған сыңайлы. Қауіпсіздеу аймақтарға уақытша ығыса тұрып, атажұрттарына оралудың орайлы сәтін күтеді. Оның үстіне Чин империясының ішкі жағынан көшіріліп әкелінген отырықшы жұрт үшін Ордостың малға жайлы шүйгінді жайылымдары диқаншылыққа қол болмай шығады. Топырағының дақыл өсіруге жарамсыздығынан, еңбектері еш кетеді. Ұзын қорған салудың да аса көп адам күшін қажет ететіндігі, әрі оларды асыраудың өзі ауыр шығындарға ұшыратады. Осылайша Чин мемлекетінің *ди, хулардан* тартып алған жаңа жерлерді игеруі зор қиындықтарға тап болады [478, 42-43].

Оған қоса империяның өз ішінде Чин әулеті билігіне қарсы көтерілістер өршіп, солтүстік шекараға зорлықпен көшіріліп әкелінгендер, жер аударылғандардың дені кері қашып кетеді. Осы

---

<sup>52</sup> Хұн этнонимінің төркіні – «адам, әулет, жұрт, ру» мағынасын білдіретін арғытүрк сипатты сөз. Оның *ху (ху), һұн, сұн, сүн, сан, зан, шын* секілді фонетикалық нұсқалары бар [403, 290-296; 440, 39]. Кейінгі кездерде осы атауды белгілеген иероглифті қытайша дыбысталуына жақындатып *сиуңну, шиуңну* түрінде оқу қалыптасты [264, 11]. Сөйтсе де біз оны әуелгі арғытүрктік нұсқасына жақындау *хұн (һұн)* қалпында алғанды жөн көрдік.

жағдаяттардан кейін атажұрттан босқан түздіктердің тынысы кеңіп, бірте-бірте қайтадан Сарыөзеннің оңтүстігіне ойыса бастайды. Ж. с. д. 209 жылы Тұман ханның орнына оның ұлы Мөде (Мете) отырып, өзін тәңірқұт (чәнүй) деп жариялайды. Мөденің айтқан бұйрығын мүлтіксіз орындайтын садақшылармен бірге өз әкесін қалай жаңбырша жауған жебемен атып өлтіріп таққа отырғаны жайлы аңыз жылнамаларда жазылып қалған [477, 418-419]. Хулардың «чәнүй» лауазымы «шетсіз-шексіз кеңдік, ұлылық» дегенді білдіреді. Кейіннен осы ерекше дарынды көсемнің басшылығымен ху елі төңірегіндегі халықтарды біртін-біртін қол астына қаратқан орталықазиялық алып мемлекетке айналды. Қытай тарихына Ұлы хұн империясы (ж. с. д. 209 - ж. с. 48 ж.) атымен енді. Қытайдың Хань әулеті (ж. с. д. 206 – ж. с. 25 ж.) билеушілерін өзімен санасуға, алым-салық төлеп тұруға мәжбүр еткен кезеңдердегі ресми хаттар мен жоғары дәрежелі лебідесулерде хұн чәнүйлері «Көк пен Жерден жаралған, Күн мен Ай таққа отырғызған Ұлы хұн тәңірқұты» деп мәртебеленді [250, 5].

Яки, Шығыс Түркістан мен Ордос аумағында әуелден мекендеген *тиек* (ди, жұн-роң) жұрттарының ежелгітүрктік негіздері *ху, хұндарға* тән күмәнсіз арғытүрктік төркінмен жүйелі қабысады. Осылайша кезінде Ф. Хирт, В. Эберхард, Ма Чаншоу [238, 183], Б. Өгел [250], сынды ғалымдардың *ди* тайпаларын түрк текті халықтар қатарына қосқан тұжырымдары, кейінгі жылдардағы А. В. Дыбоның [5], А. Хожаевтың [263] зерттеулері, қытайдың көне дереккөздерін жаңаша сараптаған анықтамалықтар [251], тағы басқа бірсыпыра еңбектер бойынша да тиянақталып отыр. Ал хұндардың түрк тілділігі туралы пікірлер бұрыннан белгілі. М. Рамстедт, К. Ширатори, Л. Лигети, Л. Н. Гумилев сынды ғалымдар «хұн тілі – алтай тілдерінің түрк пен моңғол тобына ажырамаған кезеңін аңдатады» деген пікірге ден қойса [480, 58], өз кезінде Абель-Ремюздің, Ю. Клапроттың, К. Риттердің, О. Прицактың, Фр. Альтхаймның [396, 72] және С. Мақсуди [439, 170-186, 357-386] мен В. С. Таскиннің [278] хұндарды түрктер ретінде танығаны мәлім. А.Н. Бернштам хұндардың билеуші тайпалары, чәнүй шыққан әйгілі руларының

түрк тілді болғанына [471, 9], С. Г. Кляшторный Хұн империясы құрамында түрк тілді тайпалар санының басымдығына мән береді [237, 121-122; 308, 42-43].

Осы орайда түрктанушы ғалымдар арасында кеңінен танымал, кезінде көне қытай иероглифімен хатталып, хұн жауырыншысының аузынан қоңырау дыңылымен қосыла шығып, алдағы шайқас туралы жорыған екі жолдық мәтіннің негізінен арғытүрк тіліндегі сөз ретінде тарқатылатынын айтсақ та болады. Хұн жорушысының осы екі ауыз сөзі қытайдың «Жин патшалығы тарихы. Фотучиң өмірбаяны» дереккөзінде жазылып, «бұл сөздің мәнісі хұндардың тілінде ‘әскер шығып, Яо ұсталады’ дегенді білдіреді» деген қытайша түсініктеме берілген. Швейцариялық синолог Б. Карлгрен мен жапон ғалымы К. Сираторидің сол тіркестің иероглифі бойынша жасаған транскрипциялары негізінде оны бірталай зерттеушілер талайдан өздерінше таңбалап оқып та келеді. Солардың арасында Г.И. Рамстедттың 1924 жылдың өзінде оны: ‘*süka tadigün, бүгүг tutun*’ – ‘әскер жіберіп, бүгітті ұстау (тұту)’, Л. Базен 1948 жылы: ‘*süg tägti idgan, bagujij tutgan*’ – ‘әскер жіберсең ғана, бағұтты ұстайсың (тұтасың)’; А. Фон Габен: ‘*särig tilingan, bujuj kötürkän*’ – ‘әскер бастап, бұғұтты қармай’; Гың Шымин: ‘*süg täligang, бүгүг togtang*’ – ‘әскер бастап, бүгітті тоқтаттыр’ деп тарқатқаны белгілі [481, 61-62; 482, 53; 483].

Кейінгі жылдары А. В. Дыбо да өзінің «Ілкі түрктөрдің лингвистикалық байланыстары» [5] атты кітабында осы тіркесті көне қытай тілінің орта постклассикалық кезеңіне сәйкесетін ‘*śä-kje thiēs/j-liēt-kāŋ, bwök-kwök g(h)wo-thwök-tāŋ*’ транскрипциясы негізіндегі:

*sü-ge tali-t-kan,  
bökö-g göt-ök-ta-ŋ*

түрінде айтылған арғытүрктік мәтін екенін нақтылы тиянақтады [5, 77].

Ол бірінші жолдағы *sü-ge* сөзін ‘әскерге’, яки көнетүрктік *sü* – ‘әскер’ [187, 516] сөзіне барыс септігінің қосылған формасы деп түсіндіреді. Сол заманда *-ge* табыс септігінің орнына да жүретін жалғау болған. Барыс пен табыс септіктерінің бірін-бірі



алмастыру құбылысы қазіргі чуваш тілінде де ұшырасады. *Talı-tkan* – ‘тысқа шығарсаң’ деген сөзге саяды. *Тыл, тыс* – байырғы түрк сөзі, оның арғыалтайлық түрі *\*t'al'a* – ‘тыс, ашық кеңістік’.

Екінші жолдағы *bökö-g* – ‘батыр’; ежелгі түрктік, чуваштық *bayatur* (түбірі *baga*) нұсқасына [479, 82-83] маңайлайды. Көне түрк заманында *bökög* сөзіне ұқсас *bögü* нұсқасы кісі есімі ретінде көнеұйғыр жазуындағы манихей мәтінінде *Bögü Qan, Buγuγ xan* [187, XXXVI, 120], Білге қаған мәңгітасында *Buqay tutuq* [187, 125], *Buquq tutuq – Бұқұқ тұтұқ* [215, 261] түрінде көрініс берген. Түй-ұқық мәңгітасы екінші ұстынының 50-ші жолындағы *Bögü qayan* ‘Бөгү қаған’ тіркесін қазақ түрктанушысы Қ. Сартқожаұлы діни нанымдағы ‘Тәңірі, Жаратқан’ мағынасына сәйкесетін сөз ретінде бағамдайды [420, 225; 54, 201; 54а, 178]. Ғ. Айдаров жинақтаған «Орхон ескерткіштерінің сөздігінде» *бөгү* – ‘батыр’ деп аударылған [419, 196]. Шамасы, хұн дәуірінде бұл сөз қазіргі жалпылық сипаттағы «жауынгер, сарбаз» мағынасында да қолданылса керек.

Соңғы *göt-ök-ta-η* сөзінің түбірі – ‘көтеру’ мағынасына саяды. Оның арғытүрктік нұсқасы – *\*göt-*, көне түркше – *köti-, kötür-*. Осы сөзден якут тілінде *көтөх* ‘құшақ’ зат есімі шыққан. Әрі сол тілде ‘құшақ’ сөзінен өрбіген ‘құшақтау, көтеріп әкету, қармап ұстау’ мағынасындағы етістік формасы да зат есімдегі қалпынан өзгерместен, *көтөх* түрінде айтылады екен. Ал хұн жауырыншысының аузынан шыққан жоруда, сол сөзге *-ta-* қосымшасы жалғанып, ол ‘құшақ-та, ұс-та’ түріндегі туынды түбір етістік қалпында айтылып тұр. Яки *göt-ök-ta-η* – ‘гөтөктаң’ сол замандарда ‘ұстайсың, қармайсың’ деген ұғымды білдірген. Осылайша көне қытай иероглифі арқылы сақталып қалған жорушылық екі жол А. В. Дыбоның нұсқасында да:

*Әскерді тысқа шығарсаң,*

*бөгүлерді (жау сарбаздарын) қармайсың,*

– деген мағынаны тұспалдататын еш түйткілсіз арғытүрк сөзі ретінде пайымдалады [5, 77-80].

\* \* \*

Демек, кейінгі жылдарда қытай ғалымдарының ежелгі дәуірлерден жеткен аса сенімді төл жазба дереккөздерге сүйене отырып, Кіндік Жазықтың теріскейі мен батысын мекендеген жұрттардың түп-төркіні бір текті болғандығына, олардың сонау Шиа (Ся) әулеті (ж. с. д. ХХІ-ХҮІІ ғ.) кезеңдерінен бастап, Шаң (Иң) патшалығы (ж. с. д. ХҮІ-ХІ ғ.), Батыс Жыу (ж. с. д. ХІ-ҮІІІ ғ.), Шығыс Жыу (Чжоу) мемлекеттері (ж. с. д. ҮІІІ-ІІІ ғ.), одан кейінгі Хұн империясы (ж. с. д. ІІІ ғ. соңы - ж. с. ІІ ғ.) замандарында да сол өңірлерден батысқа қарай тұтаса қоныстанғанына қатысты зерттеулері – еуропалық тараптағы ғалымдар үшін тосындығымен байқалар талай жаңалықтарды алға тартады. Сол дәуірлердің бәрінде де бірөңкей иероглифтік таңбада үзілмей көрініс берген *тиек (ди)* этнонимі қытай тарихының ежелгі ғасырларында *куэй, куэй-фан, тиаук, диаук, қяң, жұң (ривем, роң), ху, тиеклиек (дили)* түрінде әр дыбысталумен аталса да, олардың дені шыққан тегі ұқсас киіз туырлықты тайпалардың басын қосқан *салт аттылар* бірлестіктері болған.

Осы тұрғыдан алғанда қытай тіліндегі *тиек (ди), тиеклиек (дили)* этнонимінің әуелгі түпнұсқа атауы «*түрк*» сөзі болғандығына қатысты жапон ғалымдарының зерттеулерін де қаперге алу мақұл дер едік. Бұл мәселеге алғаш Хатаке мен Мацуда Хисао секілді тарихшылар мән беріп: «*тиеклик (дили) – түрк* сөзінің транскрипциясы» деген пікір білдіріпті. Онедева Хидеми және Мори Масао да өз зерттеулерінде осы тұжырымды әрі қарай өрбітіп, *тиек* сөзінен туындаған этнонимдерді *түрк* сөзінің қытай тілінде дыбыстық жағынан өзгеріске түсіп жеткен нұсқалары ретінде дәйектепті. Қытай тілінің ерекшелігіне орай, «*р*» әрпі дәл сол күйінде дыбысталмайды. Әдетте оны дауысты дыбыстарды қосу арқылы «*эр, ре*» естілуіне жақындатып ғана айта алады, яки «*р*» өз-өзінен көмескіленеді [263, 62-63, 29]. Осылайша қытай тілінде *түрк* сөзіндегі тіл алды «*р*» дауыссызының орнында езулік «*э, е*» дауыстысының басым естілуі нәтижесінде, соның ықпалымен еріндік қысаң дауысты

«ү»-нің біртіндеп «үй, йй» түріндегі қалыпқа ауысуы, содан «түрк→ түйек → тійек → тиек» дыбысталуы туындаған.

Жоғарыда тілге тиек етілген «күдіретті, күшті, қуатты, мықты» мағынасын білдіретін *түрк* атауының, дәл сондай ұғымды беретін *тиек* (ди 狄) этнонимімен жақындығының түп-төркіні де, міне, осы тұрғыдан пайымдалады. Бұл орайда *тиек* (ди) иероглифінің әуелгі нұсқалары – сол жұрттың ежелгі ата-бабаларының жартаст бетіне салған петроглифтері мен суреттеріндегі зор күш, қуат иесі бұқаларды кие тұтқан наным-сенімдерін тәңірілік рухпен шендестірген ілкі талпыныстардан бастау алуы ықтимал деген болжамдарға да мән беру маңызды [263, 31]. Күллі Орталық Азия аумағында кездесетін ол петроглифтерді бір жағынан, осы *тиек* (*түрк*) тектес тайпалардың қоныстанған аумағын бағамдататын дәйек ретінде қабылдауға да болатындай. Сондай-ақ дәл сондай «күшті, қуатты» деген мағынаны білдіретін «*тұр*» мен «*сақ*» атауларының төркінін, «*тұр*» мен «*түрк*» этнонимдерінің өзара сабақтастығын да осы аядан қарастыру – бұрынғы бір жақты тұжырымдарды қайтадан қаузаудағы жаңа ізденістерге бастайды, сенімді түйіндерге қол жеткізуге септеседі деп білеміз.

Біздіңше, *тұр* этнонимінің пайда болған кезеңі көне қытай дереккөздеріндегі *түрк* (*тиек*) атауының дүниеге келген дәуірлерімен мерзімдік жағынан да сәйкеседі. Ж. с. д. II мыңжылдықтың алғашқы ширегінде қазақ даласын мекендеген (соның алдында ғана Шығыс Еуропа жақтан жеткен) *ари* жұрттарының күнге қарай қоныс аударуы басталғаны [186; 208], сол үдерістер барысында олардың автохтон арғытүрк сипатты жұрттармен, «Авеста» аңыздарында *тұр* деп аталған жергілікті жылқылы тайпалармен қақтығыстарды бастан өткергені, ол шарпысулардың кейіннен Зәрдүш пайғамбардың уағыздарына ұйыған *арилер* мен сол дінге пейілі аумаған *тұрлар* арасындағы ұзақ ғасырларға созылған текетіретер мен соғыстарға ұласқанын өткен тарауда сөз еткенбіз. Қытай деректерінде де *тиек* этнонимінің алғаш көрініс беруі сол қола дәуірді (Ши мен Шаң патшалығы замандары) меңзейді. *Тұрдың* да, *тиектің* де жайлаған аймақтары – Орталық Азияның біртұтас байтақ түздік өңірлері,

археологиялық тұрғыдан алғанда бегазы-дәндібай мәдениеті қауымдары тараған өрістерге сайма-сай келеді. Олар «Авестада» *тұр*, қытайдың көне иероглифтеріне *тиек* (*ди*) деп аталғаны болмаса, тіршілік салттары бір-біріне жақын салт атты жұрттарға, тектері ортақ халықтарға саяды.

Шамасы, олар өздерін әу баста «күшті, қуатты» деген мағынаны білдіретін *тұр*, *төр* түрінде атап, төңіректегі жұрттарға да сол этнониммен танылған сыңайлы. Қола дәуірінің соңынан Шығыс Түркістан мен Ордос аймағын жайлаған *тұр* қауымдары, түрк тіліне тән ежелгі аффикске жататын *-к* көптік жалғауы қосылуы нәтижесінде *тұр-к* деп атала бастайды [460, 47]. Ол қытай деректеріне *тиек* боп түседі. Ал Батыс Түркістандағы арилермен жиі қақтығысып жүрген қауымдар авесталық аңыздарда әуелгі *тұр*, *төр* атауымен танылды. Кейіннен Сасани заманында түрктердің ересен күшеюіне байланысты, ежелгі зәрдүштік сарындар парсы тілді эпикалық шығармалар желісіне ұласып, бұрынғы авесталық тұрларды – тұрандықтар, сосын қытай жазба деректерінде *тиек* (түрк) түрінде таңбаланған шығысорталықазиялық ежелгі этнонимге сәйкесетін, *түрктер* ретінде атау жүйеленеді [484, 88-168].

Тұрларды *сақ* деп, негізінде батыс иран жұрттары (көне парсылар) атаған. Іргелесе жатқан Ассирияға сол атаумен танылып, Мидия патшалығы мен парсыларды билеген Ахемен әулеті заманында сол этнониммен көнепарсы жазбаларына түскен. Одан грек деректеріне ауысып, «парсылар күллі скифтерді сақтар деп атайды» [247, YII, 64] деген Геродот анықтамасына негіз болған. Бехистун жартасындағы жазуда (ж. с. д. YI ғ.) оның *қамарларға* балама жұрт екендігі де ортаға тартылады. Үш тілді осы мәтіннің көнепарсы, элам тілді нұсқаларында *сақ* деп көрсетілген этноним, аккад (бабыл) жазуы нұсқасында *қамар* (*gimirri*) деп таңбаланған [346, I, 264; 456, 237-238]. Әрі бұл кездейсоқ жазыла салынған сөз де емес-тін. Содан бір ғасыр бұрын ассириялық Ашшурбанипал патша заманындағы Ниневиядағы Иштар Тәңіріана ғибадатханасының мәрмәр тақташасына түскен жазбада да *қамарлар* көсемі ретінде белгілі Дугдамменің

(антикалық деректердегі Лигдамис, Лигдамид) «Сақа (*Saka*) елінің патшасы» ретінде аталатыны бар [352, 156-157; 355, 94-95; 356, 175-176]. Сол сына мәтіндер бойынша, Дугдамменің (Тугдамме) Ассириямен ж. с. д. 641 жылғы шайқас кезінде қаза тапқаны белгілі [349, 204]. Бұл дәйек, бір жағынан, *сақтардың* (яки біздіңше, авесталық *тұрлардың*, қытай деректеріндегі *түрк-тиектердің*) Алдыңғы Азияға қамарлармен бірге жеткендігін де көрсеткендей болады.

Мәселенің бұл жағына кезінде Э. А. Грантовскийдің де назар аударып, сына дереккөзде Дугдамменің әрі *сақ*, әрі *қамар* патшасы ретінде белгіленгенінің өзі, сол заманда Алдыңғы Азияға жеткен тайпалар арасында *сақ* этнонимі болғандығының айқын дәлелі, ретінде бағамдағаны мәлім. Ал Д. С. Раевский осы ақиқатты *қамар* мен *сақтың* туыс жұрттар екендігін аңғартатын сипатқа балағанды. Ол бұл этнотектік біртұтастықты *сақ*, *скиф*, *қамар* жұрттарының тарихи, археологиялық жағынан ғана емес, мифологиялық дәстүрлерінің ұқсастығы тұрғысынан да пайымдап, *қамарлар* мен *скифтерге* жақындау *сақтар* Орталық Азияның батыс аймақтарын мекендеген *сақтар* еді, деп ой түйген-ді [356, 175-178; 456, 237].

Яки, сөздің токетеріне келсек, осы тараудың әлқиссасында сөз етіліп, Ассирия, Бабыл деректеріне түскен *gamir* (қамар), *ašguzai*, *iškuzâi* (ішғұз), *saha* (сақ) этнонимдерінің әрқайсысының да орталықазиялық түп-төркініне шүбә келтірілмейді. Біз өз мүмкін-қадерімізше, кейінгі жаңашыл ғылыми ізденістерге сүйене отырып, олардың әуелгі төл атауларының – тиісінше, *қамар*, (*ху*) *ғұз*, *тұр* (*тиек*, *түрк*) этнонимдері төңірегінде туындағанына пайымдаулар жасадық. Парсы, аккад, грек тілді дереккөздер арқылы ғылыми айналымға түскен атауларға қатысты көптеген арғытүрктік сипатты мағлұматтардың көне қытай жазбаларында, ежелгі иероглифтерді тереңдете зерделеген толымды еңбектердегі құнды дәйектерде жатқанына назар аудардық. Кейінгі жылдарда күллі орталықазиялық аумақ бойынша (теріскей қытай жерінде де) кеңінен жүргізілген археологиялық зерттеулердің, сондай-ақ ғылыми орта үшін соны сүрлеулі дереккөз ретінде таныла бастаған

ДНҚ-генеалогиялық талдамалардың нәтижелерін де этнотек мәселелеріне қатысты тұстарда қаперде ұстадық. Сөзіміз бен тұжырымымызға уәж ретінде пайдаландық. Алдағы беттердегі *сақ (тұр)* дәуіріне орайласатын орталықазиялық мәдениеттердің арғытүрктік аспектілеріне барлау жасау барысында да ізденіс бағытымызды осы тектес тиянақ-тіректерге сүйене отырып өрбітуге ден қойғанды жөн көреміз.

## **6. ОРДОС пен ЕДІЛ-ЖАЙЫҚ АРАСЫН ҚАУСЫРҒАН ОРТАҚ ӨРІС:**

**сақ, тұр (жүн) – тиек (түрк), хйаона – массагет параллелдері**

Орталық Азиядағы ж. с. д. II мыңжылдықтың екінші жартысы мен I мыңжылдықтың басындағы этникалық көші-қон үдерістеріне көз жібергенде, олардың сол дәуірлерде осы аймақта өткен климаттық ахуалдарға да тығыз қатысы барлығын байыптау қиын емес. Әдетте, климаттардың өзгеруі мен тарихи оқиғаларды бір-бірімен байланыстыра қарастырған ғылыми зерттеулерде, табиғат экоадағдарыстық жағдайларға ұшыраған кезеңдерде халықтардың жойқын қоныс аударулары өтетіні, сол дүмпулі көші-қондар барысында тосын этникалық сапырылыстардың, жаңа мемлекеттердің пайда болуы сияқты ауқымды үдерістердің жүзеге асатыны айтылады. Аталған ғасырларда да табиғаттың қуаңшылыққа ұрыну құбылысы – Батыс Сібір мен Байкөлдің оңтүстігінде, қазақ даласының теріскейінде, Қытайдың солтүстігі мен батысында орын алыпты. Ылғал түсу азайып, жер жұтанданып, өзен-көлдердің суы кеміпті [485, 19-47]. Осы экологиялық қиыншылықтардан туындаған жағдаяттардың сол өңірлерде мекен ететін түздік жұрттардың малға, жанға жайлы қолайлы қоныстар іздеп жан-жаққа өрістерін ұзартуға ықпал еткенінің бастапқы кезеңдері – білемді керамикалы беғазы-дәндібай мәдениеті феноменінің әр тарапқа қанат жаюымен де байланыстыра қарастырылады [286; 486, 30-37]. Бұл орайда петерборлық ғалым К.В. Чугуновтың беғазы-дәндібай мәдениетіне тән жерлеу кешендері мен Арал аймағындағы Солтүстік Түгіскен кесенелері

арасындағы жақын ұқсастықты қаперге ала отырып, Оңтүстік Сібір мен орталықазиялық аумаққа тараған «ерте сақтық» үлгідегі жебе ұштарының түп-төркінін осы түз жұрттарының төл мәдени феноменімен сабақтастырғаны да назар аудартар еді [487; 488].

Сол лықсудың оңтүстік-шығысқа қарай бағытталған бір дүмпуінің сілемі – *тиек-жұңдар* (түрк салт аттылары) мен оған іргелесе қоныстанған туыс жұрттар, хұнның арғы бабалары *шиэниүндердің* (*хиенйұндардың*) ж. с. д. 934-910 жылдар аралығында Батыс Жыу патшалығына қарсы жойқын жорық жасағанына қатысты деректерден де аңғарылады. Шұбырындыға ұшыраған қытайлықтардың: «Мемлекеттен айырған, отбасынан айырған *шиэниүннің* әлегі...», деген зарлы өлең жолдары сол қасіретті жылдарда дүниеге келген [250, 35; 264, 26]. Одан кейін де біраз уақытқа дейін түздіктердің Жыу патшалығын ауық-ауық мазалауы тоқтамайды. Бұл жағдай таққа Шиуаң-ваң (ж. с. д. 827-781) отырғаннан кейін ғана басқаша өрби бастайды. Жыу мемлекеті тарихында дәл осы Шиуаң-ваң (Сюань-ван) билік құрған жылдарда қытай иеліктерінің саяси тұрғыда дербес патшалықтарға айналғанына, ел қуатының артқанына мән беріледі [489, 4-5]. Сы-ма Чиэннің «Тарихи жазбаларының» бесінші тарауында аталған патшаның теріскей мен батыстағы *тиек-жұңдарды* бағындыру үшін мол әскер аттандырып, зор жеңіске жеткені, шегінген елді түре қуып, босқыншылық қалға түсіргені жазылған. Сарай ақындары Шиуаң-ваңның бұл ерлігін мақтап жырға қосып: «Біздің әскерлер жұң мен диге тойтарыс берді», «шиэниүндерді шабуылдап, Тайюанға дейін қуып тықты», «терістік жақта қалашық салу жалғасты» деген секілді өлеңдерді өмірге әкеліпті. Сол заманды «Орталықтың құлпыруы» деп атапты [474, 324-325; 475, 18; 264, 26].

Бұл шапқыншылықтың салдары түздіктерге ауыр тиіп, олардың бірсыпыра қауымдарының бірін-бірі ығыстыру үдерісіне ұшырағанын, сол лықсу нәтижесінде атамекендерінен ауа көшкен кей жұрттардың Алтай-Саянға дейін серпілгенінен де байқауға болады. Барнаулдық археолог А. А. Тишкиннің зерттеулері бойынша, Алтай-Саян аймағында сол мерзімде ірге көтерген

іліксақтық *аржан, майемер, бике* мәдениеттерінің түзілуіне аталған дүмпумен жеткен жаңа этникалық топтардың әсер-ықпалы кеңінен тигені айқындалып отыр [490; 491]. Әрі оларды бұл өңірдің мүлдем жаңа қауымдары ретінде қабылдаудың да реті келмес еді. Олар әуелден орталықазиялық аумақтың шығыс қапталын жайлап жатқан, батыстағы өздері тектес жылқылы (салт атты) жұрттармен (*тұрлармен*) өмір салттары ұқсас, тек қытайдың Жыу (Чжоу) мемлекетімен іргелесе қоныс тебулеріне байланысты, мәдениеттері мен әдет-ғұрыптарында сол елдің кей әсер-ықпалы тиген тайпалар болатын. Олардың бастапқыда-ақ *беғазы-дәндібайлық* дәстүрлер аясына қамтылған, этнотектік тұрғыда жақын жұрттар екендігі, сол жойқын үркіншіліктен кейін қазіргі қазақ жері мен Алтайға келіп орныққан кездеріне тән ерте сақтық «хайуанаттық нақыш» дәстүрі айқын байқалатын мәдениеттер түзілімдерінен де аңғарылады. Беғазы-дәндібайдың қақпақ тасты қорым-кешендеріне тән жерлеу ғұрыптары мен нышандарының Алтай-Саяндағы Аржан, Бике, Тағар, Шығыс Қазақстандағы Шілікті, Майемер, Жетісудағы Бесшатыр обаларының құрылымдарында да үндес сипатта дамытылуы, Беғазы мен Түгіскен қоныстарында кездескен үзеңгі кейіптес тоғалар, ұңғылы жебе ұштарының Аржан мен Тағар обаларынан табылуы да осы сабақтастықты байқатады. Өлбетте, Аржанмен мерзімдес осы археологиялық кешендердің бойынан Қытайдың теріскейі мен батысындағы мәдениеттердің әсер-ықпалдарының ұшырасуы да заңды. Мәселен, бұл тұрғыда аржан қанжарларына ұқсас үлгілердің Ордостағы қола дәуірге жататын Чжукайкоу қонысынан табылғаны, сол өңірдің теріскейіндегі Нәншэнгән (ж. с. д. IX-ҮІІІ ғ.) кешеніндегі қару-жарақтарды бедерлеу үрдістерінен ғылымда *аржан-майемерлік* деп аталар «хайуанаттық нақыштың» жергілікті түрлерінің кездескені, Жыу заманында кеңінен қолданылған, қамыстан дайындалған масаққа шаншып бекітетін шыбықты жебе ұштарының ерте сақ заманында көбейгенінің өзін назарға алса да болады [324; 487; 488; 492].



Бірсыпыра зерттеушілер «солтүстікшептік» салт атты жұрттар арасында ж. с. д. X-IX ғасырларда кеңінен қолданыста болған «хайуанаттық нақыштың» алғашқы үлгілеріне тән, жануарларды бір орында тұрған қалпында, орала бүктетіліп жатқан жыртқыштар, аяғын бүккен немесе тұяғының ұшымен тұрған бұғылар, басын сәл бұрған бүркіттер түрінде бейнеленген әшекейлі заттардың дүниеге келуіне, сол замандарда қытай өнерінде өркен жайған зооморфтық композициялардың әсері тиюі мүмкін деп есептейді. Аяқ-қолын бауырына жинап жатқан түз жануарларымен қатар, оратылған айдаһарлар сұлбасы Кіндік Жазықта ж. с. д. X ғасырдың өзінде-ақ кездескен екен. Дегенмен бұл айдаһар бейнесінің төркіні қытайлықтар тарапынан тарады дегенді білдірмейді. Археологиялық деректер ұлу (арғытүркітер айдаһарды ұлу деп атаған) жыл санаудан 5-6 мың жылдай бұрын да Орталық Азияның шығыс далалық аймақтарының жұрттары табынатын тотемдік нышан болғанын айғақтайды. Содан ол *яңшау* (яншао) мәдениетіне (ж. с. д. 5000-3000 ж.) әсерін тигізіп, қытай танымына сіңген. Оның түздік төркінін байқататын сілемдердің бірін хұндардың жыл сайын үш мәрте ұлуға тасаттық беріп отыратын дәстүрінен де аңғаруға болады [493, 112-113].

«Хайуанаттық нақыш» өнерінің жаппай туындауына – соңғы қола дәуірінен басталған салт аттылар заманындағы тағыларды аулау мүмкіндігінің артуы, қоректенудің жаңа көзінің ашылуына байланысты тіршілік салтының ерекше ықпал еткені анық. Неше түрлі аңдар мен жануарларды атпен қуып жету, жан-жақтан қусырып әкеліп қаумалап ұстау тек түздіктер ортасында ғана қарқынды жүзеге аса алатын аңшылық тәсілдерге саяды. Сақ заманының өзінде аң аулаудың алдағы ғасырлардан екі-үш есеге өсіп, күнкөрістің маңызды саласына айналғанының өзі соның дәлелі. Аң-құстың адам өміріндегі үлесінің осылайша молаюы арқасында, сол тағыларды әр қырынан бейнелеу дәстүрлері де қалыптаса бастайды. Яки, «хайуанаттық нақышты» дүниеге әкелушілерді, егіншілер мен шаруалар емес, аңшылар мен салт атты түздіктер ретінде тану мақұл [493, 153-162].

Әуелі бүктетілген қасқыр, киік, қабан, басын бұрған бүркіт бейнелері түрінде көрініс берген «хайуанаттық нақыштың» ілкі дәстүрлері, бірге-бірте аң аулау сәттерінің ширығыңқы экспрессиясын, дүлей жаратылыспен арпалысты, өзге жұрттармен өтетін қақтығыстар мен шапқыншылықтар ауанын аңғартатын атылғалы тұрған қабан, шауып бара жатқан бұғы, жемін аңдыған қабылан үлгісіндегі қимыл-қозғалысты сюжеттерге ауысты. Қоныс аудару үдерістері барысында Тыбадағы *аржан*, Қазақ жеріндегі *маймер*, *шілікті*, *ұйгарақ*, Орталық Алтайдағы *бике* мәдениеттері жәдігерлерінің басты белгілеріне айналды. Ол үрдістерге де кейіннен аңдардың шайқасып, шабуыл жасап жатқан сәттерін тұспалдауға көбірек көңіл бөлінетін сипаттар келіп қосылды. Қару-жарақтар мен әртүрлі тоғалар бетінде ширыққан қозғалыс үстіндегі аң-құстарды бейнелеу – жылдар өте келе жыртқыш аңдар мен құстардың жылқыларға, киіктерге, бұғылар мен бұландарға шабуылдары, тағылардың өзара таласы, жыланмен, түйемен шайқастарды нақыштау бағытына алмасты [223, 41-43; 494, 235-237].



*Шілікті алтын адамы.  
Ж. с. д. VIII ғ. – VII ғ. басы*

Осы ерте темір дәуірінде көрініс берген бірсыпыра этнотектік сапырылыстарды кезінде қазақ археологы К. Ақышевтің де

бағамдап, ж. с. д. ҮІІІ-ҮІІ ғасырларда Орталық Қазақстанның материалдық мәдениеті ғана емес, жерлеу ғұрпында да бұрынғыдан бөлектеу – *мәйіттерді шалқасынан жайғастыру, бастарын теріскейге немесе теріскей-батысқа, кейде шығыс пен батысқа беру жоралары басымдау байқала бастағанын* атап өтетіні бар-ды. Ол мұны жергілікті жұрттың арасына ж. с. д. ІХ-ҮІІ ғасырларда жаңа этникалық топтардың қосылғанын аңғартатын нышан ретінде байыптап, олардың қазақ жері аумағына екі тараптан келіп қанат жайғанын болжаған болатын. Олардың бірі арқылы – Алтай, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан бағытындағы, екіншісі арқылы – Шығыс Түркістан, Орталық Тәңіртау, Памир бағытындағы көші-қон жүзеге асқаны аңғарылған еді [495, 57-58].

Кейінгі зерттеулер осы пайымды әрі қарай дамытып Шығыс Түркістан, Ордос, Байкөлдің күнгейіндегі аймақтардан батысқа қарайғы көші-қон толқыны екі кезеңде өткенін нақтылады. Челябинск тарихшы А. Д. Таировтың дәйектеуінше, олардың **алғашқысы** – ж. с. д. ІХ-ғасырдың аяғы мен ҮІІІ ғасырдың басында Алтай-Саян тауларының қойнауларына бағытталып, одан әрі Кавказ бен Қара теңіздің теріскейіне қарай асса (жоғарыда сөз етілген, салт атты жасақтары Ассирияны дүбірлеткен скиф-ғұздар. *Ж. Б.*); **екінші** қалың толқыны – ж. с. д. ҮІІІ ғасырдың соңы немесе ҮІІІ-ҮІІ ғасырлардың тоғысында өтті. Сол кейінгі толқынның бір легі – Жетісу (Жоңғар) қақпасы арқылы Алакөл ойпатына, Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанға, одан соң Сырдария мен Өмударияның төменгі алаптарына дейін жетеді. Екінші легі – Қара Ертісті бойлай, Шығыс Қазақстан мен Алтайдың батысы арқылы Орталық және Солтүстік Қазақстанға, одан әрі Жайықтың күнгей өңірлеріне қарай беттейді [496, 57-58; 223, 34-35].

А. Д. Таировтың зерттеулерінде ж. с. д. ІХ-ғасырдың аяғынан басталған **алғашқы** көші-қон үдерісіне Шиуаң-ваң (Сюань-ван) патшаның *жұң-дилерге* (салт атты түрктерге, тиектерге. *Ж.Б.*) жасаған жорығының дүмпуі ғана емес, сол кезеңдерде Орталық Азияның батысында туындаған қуаң экологиялық дағдарыстың да әсері тигені алға тартылады. Соның алдындағы ғасырларда

басталған қуаңшылық нышаны, әсіресе ж. с. д. 800 жылдар шамасында Қытайдың солтүстігі мен батысында ерекше ушығыпты. Соның өзі-ақ малшы қауымдарды сергелдеңге салып тұрғанда, іргедегі жаудың жойқын шапқыншылығына ұшырау – елді айрықша ауыр зардаптарға соқтырады. Бұл ретте олардың атамекеннен босқан сол үркіншілік көштерінің Алтай, Саян қойнауларына қарай бағытталуының да бекер еместігін айта кеткен жөн. Өйткені сол кезеңде Енисей, Өб, Ертіс өзендері алаптарында мал-жанға жайлы ылғалды климат орнап тұрыпты. Ал ж. с. д. VIII ғасырдың екінші жартысы мен VII ғасырда дәл сондай қолайлы климат Солтүстік пен Орталық Қазақстанның, Жайық пен Аралдың күнгей өңірлерінің далалық аймақтарына да тән болыпты. Әрі осы жағдай сол кезге дейін қуаңшылық құрсауынан құтыла қоймаған Ордостың теріскейі мен Шығыс Түркістандағы түз жұрттарының батысқа қарай беттеген амалсыз көші-қонының **екінші** толқынын туындатыпты [223, 54-56].

А. А. Тишкин қуаңшылық мәжбүр еткен бұл үдерістің бір бағыты оңтүстіктегі Кіндік Жазықты да апай-топай күйге ұшыратқанына мән береді. Сол кезеңнің айтулы тарихи оқиғалары қатарына жататын – ж. с. д. 781-770 жылдарда түздіктердің жойқын шабуыл жасап Батыс Жыу мемлекетін күйреткені, соның нәтижесінде көне қытайлардың астаналарын шығысқа қарай жедел ауыстырып, жер көлемі бұрынғыдан көп кеміген Шығыс Жыу патшалығы аумағында ғана қусырылып қалғаны жайдан-жай емес-тін. Ол да экоағдарыстық ахуал туындатқан салдарлардан өрбіген шапқыншылық зардабына саятын, деп тұжырымдайды [490; 491; 497, 78-79].

Ерте сақ дәуірінде қазақ жері аумағында байқалған этнотектік өзгерістерге, жерлеу жораларына қатысты, жоғарыда К. Ақышев назар аударған [495, 57-58], мәйіттерді шалқасынан жатқызып, бастарын теріскей-батыс пен теріскей-шығысқа беріп жайғастыру ғұрпы да негізінен осы екінші толқындағы қоныс аударушыларға тән нышан болыпты [223, 35-36; 496, 167]. Бұл орайда зерттеушілер осы жораның Сарыөзен алабын жайлаған түздік жұрттарға қатысты мәдениеттерде неолит заманынан бері

кездесетініне мән береді [265; 266, 391-392]. Ол сондай-ақ Орталық Азияның батыс қапталындағы аймақтардың неолит дәуіріндегі қорымдарында да ұшырасады. Мәйіттерді шалқалатып, бастарын теріскей-шығысқа бағыттап жерлеу – Төменгі Еділ алабындағы неолиттік *самара*, далалық өңірлермен тығыз қарым-қатынаста болған қос өзен аумағындағы *келтеминар*, Торғай иініндегі энеолиттік *терсек* (*ботаймен* бірқатар үндестігі бар) мәдениеттерінің де негізгі археологиялық белгілерінің қатарына жатады [155; 267, 70, 104; 268, 151; 268а, 192]. Қоныстарының төменгі қабаттарынан көнешұңқырлық, ботайлық, шортандылық нышандар бірсыпыра байқалатын *сынтасты* мәдениеті заманында да «жерлеудің ежелгі түрі – шалқасынан жайғастыру жорасы ұшырасады» [244, 52].


Арилердің ж. с. д. II мыңжылдық шамасында қазақ жеріне батыс жақтан тұяқ іліктіруімен бұл дәстүрге мәйітті сол немесе оң қырынан жатқызып, басын батысқа, оңтүстік-батысқа беріп, аяқ-қолын бауырына жинап жайғастыру, сондай-ақ мүрдені өртеп, күлін көму ғұрпы араласқанымен, орталықазиялық автохтон тұздік жұрттар басым қоныстанған Орталық, Шығыс Қазақстан, Шығыс Түркістан, Ордос сияқты бірсыпыра аймақтарда мәйіттерді аяқтарын созып шалқасынан жатқыза жерлеудің ежелгі үрдісі со бойы жоғалып кеткен жоқ-тын. Бегазы-дәндібайлық қабірлерде де ол ғұрып басқа жерлеу жораларымен қатар, көнешұңқырлықтар мен афанасьевтіктер секілді шалқасынан тізесін бүге жайғастырылған сүйектермен араласа кездесіп тұрды [143, 28-29, 46, 135-б]. Қара Ертіс алабындағы Шеміршек қорымындағы (соңғы қола дәуірі) бастарын теріскей мен батысқа беріп, арқасымен жерленген мәйіттер жорасында да байқалды [498].

Бұл бір жағынан күллі Орталық Азияда *мәйіттерді шалқасынан жатқызып, бастарын теріскей-батыс пен теріскей-шығысқа бағыттап жайғастыру ғұрпының* тұздік жұрттар үшін ежелден ұласқан дәстүрлер қатарында екендігін көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, Қытайдың «Солтүстік шеп» аумағындағы археологиялық ескерткіштерді саралаған еңбектердегі қола дәуіріне тән қабірді бір адамға арнап қазу, сүйектің басын теріскей

немесе шығысқа беріп, шалқасынан жатқызу, моланың төр жағына ыдыстар мен жылқының бас сүйегін мал терісімен бірге көму үрдісінің, сол өңірлерде еш өзгеріссіз, ж. с. д. VI-V ғасырларда жалғасқанын қаперге алсақ та болады [266; 269]. Бұл жоралардың бірсыпыра сипаттары қазақ жеріндегі ерте сақ дәуіріне жататын ескерткіштерде де кездеседі. *Мәйітті шалқасынан созылта, басын солтүстікке, солтүстік-батысқа қарата жерлеу, жылқымен бірге көму* олардың көбіне тән. Сақтар мекендеген аудандарда энеолиттік *көнешұңқыр* заманындағыдай биік обалар көтеріліп, адамдар көбіне сопақша етіліп қазылған қабірлерге жерленді. Лақыттап және ақымдап жерлеу әдістері байқалды. Жетісуда және Алтайда әлеуметтік жағдайы жоғары тұлғалар жердің бетіне салынған не жерді қазып орнатқан үлкен ағаш қималарға қойылды. Сарыарқада бір кездердегі *бегазы-дәндібайлық* қауымдарға тән болған жалпақ тақта тастармен жабылған сопақша қабірлер үрдісі де сақ дәуірінде со бойы үзілген жоқ.

Алтайдың солтүстік-батыс бөктерлері мен соған іргелесе жатқан Шығыс Қазақстан аумағындағы ж. с. д. IX ғасырдың соңынан түзіле бастаған *майемер* мәдениеті обаларының қабірлері терең шұңқыр, кейде ақым немесе тас жәшік түрінде болып келіпті. Лақыттар ағашпен шегенделіп, бір қабат бөренелермен жабылады. Ақымның аузы таспен көлегейленіп, үйінді сырты айналдыра жиектеген тас қоршаумен көмкеріледі. Жылқы және қойлар адаммен бірге немесе бөлек қазылған шұңқырда, бастары терістікке бағытталып жерленеді. Жылқылар әдетте жүгенделмеген күйі жайғастырылып, ат әбзелдері (жүген, айыл, тартпа, ертоқым) басына жақын қойылады. Сол аумақтың оңтүстігіне қарайғы Тарбағатай сілемдеріне ұласып жатқан Зайсан өңіріндегі Шілікті аңғарының мәдениеті де ерте сақ дәуірінің тамаша ескерткіштері қатарына жатады. Мерзімі бойынша ж. с. д. IX ғасырдан бастау алатын Шілікті археологиялық мәдениеті өзінің заңғар обалары құрылымының күрделілігімен, самырсыннан қаланған қималарының мығымдылығымен, зергерлік өнердің аса үздік үлгілерімен көзге түседі Еуразия

аумағындағы ең көне сақ обаларының бірінен саналатын ол қорымнан «аң» стилі туындыларының ілкі үлгілеріне жататын аяғын бүккен бұғы, шеңбер боп оратылған қабылан, басын бұрып тұрған бүркіт бейнелері табылды [499, 142-143; 500, 115-117].



*Шіліктіден табылған алтын бұйымдар.*

*Ж. с. д. VIII ғ. – VII ғ. басы*

Қазақ археологы Ә. Төлеубаев зерттеген Шілікті-3 қорымы тобындағы 2-обадан (Бәйгетөбе) ерте сақ дәуіріндегі жерлеу жорасының маңызды құрылымдық сипаттарының ізі алға тартылды. Қатты тоналса да топырақ, тас үйінді, самырсын қабірхана сынды үш бөліктен тұратын, биіктігі 8 метр, диаметрі 100 метрдей зор обадан патшаның (алтын киімді адамның) салтанатқа киетін киімінің толық құрамы табылып, ғылыми айналымға енгізілді. Көркемдігі аса жоғары 4303 дана алтын бұйымның арасында барысты бейнелеген 153 тоға, бүркіт түріндегі 36, бұғы пішініндегі 20, бөлтірік сипатындағы 39 тоға, т. б. да жүздеген нешештүрлі әшекей мен сәндік заттар археологиялық игілікке айналды. Шілікті алтын бұйымдарының басқа да көптеген сақ-скиф әлеміндегі ескерткіштерден ерекшелігі – олардың тұтастай құйылып, патшаның көзі тірісінде ел алдына шыққан кезде пайдалануға лайықталып жасалғандығы. Ол заттардың бірсыпырасының баламалары Майемер жәдігерлері мен Жалаулы

көмбесінде де ұшырасатыны анықталды. Жерлеу жорасының өзіндік ерекшеліктері бұл обаның тұрғызылған уақыты ж. с. д. YIII ғ. соңы мен YII ғ. басы деп есептеуге мүмкіндік береді. Кең алқапты алып жатқан аса ірі жерлеу құрылыстары патша обаларының ең жетілген, жоғары дамыған қалпын аңғартады. Ол алдындағы беғазы-дәндібай кезеңіндегі сияқты, ерте сақ дәуірінде де қазақ жерінде мемлекеттіліктің болғанын, қуатты патша билігі дәурен сүргенін байыптататын мығым дәйекке саяды [501, 68-69; 502]. Шілікті алқабында өркен жайған бұл археологиялық мәдениеттің орталығы ж. с. д. VI-V ғасырларда Жетісу жеріне (атап айтқанда Бесшатыр, Есік, Боралдай обаларын қалдырушылар мәдениеті) ойысқан сыңайлы. Бұл болжамды екі өңірдегі жерлеу-ғұрыптық ескерткіштер мен «хайуанаттық нақыштағы» әшекей заттар және т. б. ұқсастықтар айғақтайды, деген пікірлер бар [500, 116-117].



*Бесшатыр қорымы*

Ал Жетісу мен қазақ жерінің оңтүстік өңірлері сақ жұрттарының жарқын мәдениетінің ірі ошағы ретінде танылған, «патша обаларының» көп шоғырлануы жөнінен ешкімге дес бермейтін аймақтарға жатады. Іленің оң алабының Желшалғыр аңғарындағы 31 обадан тұратын археологтар арасында «сақ пирамидалары» деп аталған Бесшатыр қорымының (ж. с. д. Y ғ.)



асыл бұйымдары мен жәдігерлері жаппай тонауға ұшыраса да, оба астындағы бөренеден тұрғызылған ірі жерлеу құрылыстары тамаша сақталғандығымен ерекшеленеді. Оның үлкен обаларының диаметрі 45 метрден 105 метрге, биіктігі 6 метрден 18 метрге дейін жеткенінің өзі, бұл құрылыстарды салуға көп адам күші қажет болғанын көрсетеді. Бір ғана үлкен обаны тұрғызу үшін елу мың текше метрден астам топырақ, тас, қиыршық тас пайдаланылған, оған қоса 3 шақырым жерде орналасқан тау жоталарынан мыңға жуық тақта тас пен қойтастар тасып әкелінген. Қабір құрылыстарын салуға қажет сапалы бөренелер Іле өзенінің арғы бетіндегі, жоғарғы ағысқа қарайғы 200-дей шақырым жердегі тәңіртаулық шырша ормандарынан кесіліп, сал жүргізу әдісімен Жетісу сақтарының киелі орны боп саналатын Бесшатыр қорымы аймағына арнайы жеткізілген. Археологтар обалардың астында, жерасты дәлізі (дромос), кірер ауыз бен жерлеу бөлмесінен тұратын үш метрлік шырша бөренелерден қаланған зор ағаш қабірлер бар екенін анықтады. Бір ғана Үшінші Бесшатыр обасының өзінде осындай 300 бөрене пайдаланылыпты. Сол заман сақтарының түсінігі бойынша, биік оба өзінің көлемі жағынан көсемнің құдіреті мен байлығына сай келіп, адамдардың бойында оған деген құрмет пен тағзым ету сезімін ұялатуға тиіс болғаны анық [494, 166-171; 499, 151-152; 503, 47].



*Үлкен Бесшатыр обасы*



*Ағаш қабір.*

Бесшатырмен қатар, одан соншама қашық емес, Іле алабының Түрген, Есік, Талғар, үш Алматы, Қаскелең, Күрті, Шелек, Шарын, Кеген, Қарқара өзендері бойындағы бір-біріне жақын шектеулі аймақта өте көп элитарлық обалардың шоғырлануы Орталық Азия үшін феноменді құбылыс. (Мәселен «алтын адам» табылған әйгілі Есік обасы (ж. с. д. V ғ.) 40-тан астам обадан тұратын үлкен қорымның бірі ғана). Бұл ұйысу сол заманда неғұрлым жоғары деңгейде дамыған әлеумет пен оның билік құрылымдарының, қатаң ұйымдастырылған әскери-саяси жүйе мен бұқараның діни-идеологиялық нанымдарға жаппай бас қойған жағдайында ғана жүзеге асатын нәтижеге саяды. Оған экономикалық алғышарттар, өзін-өзі қамтамасыз ететін шаруашылық жүйесі, қуатты металлургиялық өндіріс, Жібек жолы сауда жолдарын бақылау, жорықтар кезіндегі әскери олжа түсімдерінің молдығы да мейлінше әсер етті деп пайымдауға болады [504, 6, 37; 505, 11]. Осы күнге дейін тоналмай аман жеткендігінің арқасында, жетісулық тиграхауда сақтары мәдениетінің ең айшықты ескерткіштерінің бірі ретінде танылып отырған Есік обасынан шыққан алтын киімді адам қабірі өзіне тән жерлеу ғұрпының

байлығымен әркімді де таңғалдырады. (К. Ақышев бұл жерде «тиграхауда сақтары» сөзін «шошақ бөрік» деп емес, Есік адамының бас киімінде жапырақ кейіптес төрт жебе тұспалданғанына байланысты, мидиялық «tigra» - «жебе» сөзінен туындатып, «жебе бөрікті сақтар» деп атау жөн екендігін де ортаға тартады). Киімі, бас киімі мен аяқ киімі алтыннан жасалған 4000-ға жуық «аң стиліндегі» қаптырмалармен әшекейленген, бес қаруы түгел мүрденің басы батысқа, беті жоғары қаратылып, шалқасынан жайғастырылыпты. Оң қолының саусақтары қарнына қойылып, сол қолы бір жағына созылыпты... Лақыттың еденіне өлік тамағы салынған және ғұрыптық ыдыстар қойылыпты. Сырт түбінде 26 таңбадан тұратын жазуы бар күміс тостаған солардың бірі. Лақыттың шығыс қабырғасы жағындағы еден бөлігі заттардан бос. Шамасы, лақыттың есігі (Бесшатыр обаларындағы сияқты) оның шығыс жағынан шығарылса керек [503, 42; 504, 38-39, 41, 57-58].



*Есіктің алтын адамы*




*Барыс бейнелі алтын шытыралар.  
Есік обасы*



*Бұғы бейнелі алтын шытыралар. Есік обасы.*

Күміс тостағанға қанжар ұшымен тырнап түсірілген жазу осы аймақтағы сақтар қоғамы дамуының жоғары деңгейін көрсететін айқын нышан. Жазудың пішіні көнетүрктік бітіг жазуына ұқсауына байланысты, оны сол негізде оқудың әлденеше талпыныстары жасалғаны белгілі. Солардың арасында ғылыми ортаға танымал болғандардың бірі – профессор Алтай Аманжоловтың: «Аға, саңа очуқ! Без, чөк! Буқун ічре (р?) азуқ», қазақшаға аударғанда: «Аға, саған (бұл) ошак! Бөтен (жат ел адамы), тізенді бүк! Халықта азық-түлік (мол болғай)!» деген нұсқасы еді [506, 77-79]. Алайда әлемдік білікті зерттеушілер арасында көнетүрктік әріптер негізінде оқылып, бір-біріне

ұқсамайтын әртүрлі мағыналарды жорыған басқа да нұсқалар сияқты бұл мәтін дәйекті тұжырым ретінде мойындала қоймады. Олардың өзара ортақ бір нұсқада тоқайласа алмауының өзі, бұл бағыттың сенімділігіне кәдімгідей күмән келтірді. Осы орайда: «Бәлкім, Есік жазуын басқа алфавиттер негізінде оқу қажет шығар, Жетісу сақтары сол замандарда көнетүрктік бітіг жазуына дейін қолданыста болған әліппені пайдалануы мүмкін ғой. Мәселен, Қусан империясы кезінде солтүстік-батыс Үндістанда қолданыста болған кхароштхи алфавиті сол жазуға ұқсайды. Есік жазуының үлгісі күнгейге ығысқан сақтармен бірге осы өңірлерге жетуі мүмкін ғой», деген пікірлер де ортаға тартылған еді [507, 3-5].



*Күміс тостағандағы жазу. Есік обасы.*

К. Ақышевтің осы бағытты қолдайтынын білдіре келе, Есік жазуын кхароштхи алфавиті негізінде оқыған мажар филологы Я. Харматтаның нұсқасына пейілі ауатынын байқатқаны мәлім. Аталған зерттеуші онда: «Бұл тостағанда жүзім шарабы. Марқұмға қажетті азық мол қойылды. Және таза май әзірленді», деп жазылғанын тұспалдаған екен. Мұны бір жағынан, қабірге қойылған ыдыстардың көптігі: қыштан жасалған 10 құмыра, 6 табақ, 12 ағаш ыдыс, 3 металл тостаған да дәйектейтіндей. Оларға мәтінде айтылғандай мол тамақтың салынуы әбден мүмкін. Дегенмен, сонда да Харматтаның нұсқасын дәлелді, тоқетер ғылыми түйін ретінде қабылдауға асықпаған жөн. Оны әзірше, Есік жазуын оқудың кезекті бір ізденісі түрінде ғана қаперде ұстаған мақұл. Алда әлі де жаңа нұсқалардың дүниеге келуі

ықтимал. Бұл орайда негізгі мәселе, оның қай алфавитте жазылғандығында емес, Жетісу сақтары қоғамы дамуының жоғары деңгейін көрсететін басты айғақ – жазу мәдениеті қалыптасқан іргелі ел екендігінің дәлелденгендігінде болса керек», деген еді бұл жөнінде белгілі қазақ археологы К. Ақышев [508, 389-392].

Есік пен кхароштни жазуының жекелеген таңбалары Шығыс Түркістандағы Құшар аймағынан кездескен «архаикалық кхароштни» билингвінің әріптеріне ұқсаңқырайды. Ондай жазулар Оңтүстік Сібірден де ұшырасқан. Соңғы жылдары мұндай жазу үлгілерін Арыс өзенінің алабындағы көне Күлтөбе қаласының орнынан археолог А.Н. Подушкин де тапты. Оларды мұрағаттық немесе шаруашылық құжаттар деген болжам жасауға болады. Жазу қыш тақташаларға сүйектің ұшымен жазылыпты [509, 80-81].

«Есік жазуы» құпиясының көп уақыт ашылмауы себебін белгілі түрктанушы Қ. Сартқожаұлы: «бұл жазу түрінің басқа аналогтарымен толық салыстыра зерттелмеуіне, оның қандай жазу жүйесіне жататындығы тиянақты анықталмауына» байланысты деп түсіндіреді. Әріп кескіндерінде қосымша сызбалар көп кездеседі, олар бекер қойылмаған, қосарланған мағыналар беруі мүмкін. Ол әріптік-дыбыстық жүйеден бұрын құрылған буындық жазу әдісіне жатуы да ықтимал деп есептейді [54, 119-121; 54а, 99-101]. Осы орайда кейінгі жылдары түрктанушы ғалым О. Бекжанның да жан-жақты салыстырмалы зерттеулер арқылы Есік жазуын оқуда біршама ізденістерге барып жүргенін қаперге алған жөн. Ол бұл мәтінде: «Біз елінің ері Шың: «Ел, есіт, еске сақта! – деді, – Бас түйістіру игі, (сонда) Жер-Су өзен-көлді сел етер, ішер суды төгер», деген сөздер жазылуы мүмкін деп тұспалдайды. Автор оны көне түрк жазуына дейін қолданыста болған петроглифті-әліппелі таңбалардан тұратын ежелгі түрк жазуының жәдігері ретінде қарастыруды ұсынады [509а, 164-189].

Сақ мәдениетіне қатысты соңғы жылдардағы елеулі жаңалықтардың қатарына қазақ археологы З. Самашев бас болып зерттеп жүрген Қатонқарағайдағы *берел* мәдениетінің ескерткіштері де қосылады. Оны әдетте Орталық Алтайдағы әйгілі

*пазырық* мәдениетінің (ж. с. д. ҮІ-Ш ғ.) қазақстандық нұсқасы ретінде қарастырады. Пазырық мәдениетінің аясына күллі Алтай аймағымен қатар, батыс жағы – қазақтың ұсақ шоқылы өңірінің біраз бөлігі, түстігі – Жетісудың шығыс-теріскейі, шығысы – Тарым түзіне дейінгі аумақтың да қамтылатыны пайымдалады. 3. Самашевтің пікірінше, бұл ретте *пазырық* мәдениетінің түп-төркінін соның алдындағы ғасырлардағы Аржан, Күрті, Қоғалы, Майемер, Шілікті, кейінгі жылдарда ғана Қарқаралы өңірінен аршылған Талды-2 ескерткіштерімен де байланыста іздестірген мақұл [327, 62-63]. Бұл бір жағынан, соңғы жылдары ғылыми ортада орныға бастаған – ерте сақ дәуіріне жататын осы мәдениеттердің ірге көтеруіне беғазы-дәндібайлық ықпал-әсердің мол тигендігіне қатысты тұжырымдарды, яки орталықазиялық төл мәдени дәстүрлердің ежелден ұласқан жүйелі сабақтастығын бағамдатады. Сондай-ақ ол, кезінде хакас ғалымы Л. Р. Кызласов тарапынан айтылған «беғазы-дәндібайлық үрдістерді сақ мәдениетінің даусыз ізашарлары ретінде тану қажеттігіне» [326, 77; 313, 26] қатысты болжамның баяндылығына мән беріп, осы бағыттағы ізденістерге қолдау білдірген новосібірлік әйгілі археолог, академик В.И. Молодиннің пазырық жұртының этногенін осы аумақтағы қола дәуір қауымдарынан тарқатқан кейінгі зерттеулерімен де үндеседі [510, 199-200].



*Берел жылқылары. ҚР Ұлттық музейі*

Жайық пен Ертіс аралығындағы далалық аумақта ж. с. д. ҮШ-ҮІ ғасырларда жергілікті үрдістерге шығыс Орталық Азиядан жеткен көші-қон дүмпуінің әсер-ықпалдары араласуынан пайда болған сақ үлгісіндегі мәдениеттер ауқымында *тасмола* мәдени-этнографиялық қауымдастығы ерекше орын алады. Орталық Қазақ жерінің ерте темір дәуіріне қатысты неғұрлым көлемді археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген Шідерті өзені алабындағы Тасмола қорымының атына сәйкестендіріле аталған бұл мәдениетті – тастар тізбегі бар обалар, яки «мұртты обалар» деп таңбаланған жерлеу тәсілі ерекшелейді.



***Жолбарыс бейнесіндегі тігілмелі ашекей.***

*Алтын жұқалтыр (фольга). Қалыптау.*

*Тасмола.*

*Ж. с. д. ҮІІ-ҮІ ғ.*

«Сақ тайпаларының қуатты одағы құрамына кірген тасмола мәдениетін» [510, 197] ғылыми нақтылауда зор еңбек сіңірген қазақ археологы М. Қадырбаевтың дәйектеуінше, ол жораның негізін – өлікті жерлеу үшін қазылған терең сопақша шұңқыры бар үлкен оба және оған жақындау, әдетте шығыс жағынан көтерілген кіші оба құрайды. Шұңқыры таяз кіші обаның астына жылқы жерленіп, жанына қыш ыдыс қойылады. Сонан соң кіші



обадан шығысқа қарай бағытталып, домалақ тастардан жалпақтығы 1,5-2 метр, ұзындығы 20-дан 200 метрге дейінгі аралықтағы доға тәрізді иілген тас тізбек қаланады. «Мұртты обалар» қола дәуір тайпаларының табынушылық құрылыс өнерінің дәстүрлерін әрі қарай дамытқан жерлеу кешендеріне саяды. Күн құдайға жылқыны құрбан ету, «кірер аузы» шығысқа, атар күнге қаратып салынатын тас тізбектер, олардың ұштары қосылған жеріндегі дөңгелек тас құрылыстар ішіндегі бата қылу кезінде жағылған оттардың іздері де археологтар тарапынан күнге табынушылықпен байланысты ғұрыптар ретінде түсіндіріледі [511, 196-197; 512, 309-310; 513; 499, 147-149].

Тасмола мәдениетін зерттеумен кеңінен айналысып жүрген археолог А.З. Бейсеновтың тұжырымдауынша да «мұртты обалар» күнге табыну, жылқыны құрбандыққа шалу сияқты ертеректегі діни наным-сенімге толы жөнелту-еске алу жоралғыларын атқаруға лайықталған. Әр жерінде от жағылатын ұзын тас тізбектер марқұмның жанын шығысқа, шығып келе жатқан күнге, яғни көкке, тәңірілер әлеміне апаратын отты баспалдақтарды меңзейді. Ерте сақ заманына тән «көсемдік» идеясы, яғни билеушілерді дәріптеу рәсімі олардың жанын жөнелту үшін көк пен жерді байланыстырушы ерекше құрылыстар тұрғызу қажеттігін туындатты. Ол дәстүрдің шығу төркіні, бір жағынан қола дәуірінің беғазы-дәндібай мәдениетінің шығысқа бағытталған ұзын дәлізді элиталық ескерткіштерімен де сабақтасады, деп ой түйеді ғалым [514, 179].

Қазақстан археология ғылымының соңғы жылдардағы елеулі табыстарының бірі ретінде танылған Талды-2 қорымының жәдігерлері де сол сарыарқалық сақтардың *тасмола* мәдениетіне жатады. Қарқаралы өңіріндегі Талды өзені алабында орналасқан бұл қорымнан А. З. Бейсенов басқарған зерттеушілер тобы Орталық Қазақстан сақтарынан қалған 200-ге жуық көрнекті алтын бұйым, оған қоса киімге тігілетін мыңдаған ұсақ әшекей – 1800-ден астам алтын қабыршақ, 20000-нан астам түйіршік-жапсырма тапты [515, 59; 516, 16]. Олардың бірсыпырасы Шілікті обасының заттарына да ұқсайды. Алайда ең қатты ұқсастық Тыба

жеріндегі осы күнге дейін тоналмай аман жеткен атақты Аржан-2 обасынан табылды. Петерборлық ғалым К. Чугунов басқарған археологтардың 2000-2004 жылдары герман ғалымдарымен бірлескен зерттеулері арқасында осы үлкен оба астындағы 18 адам мен 14 жылқы қойылған қабірден сан мыңдаған алтын бұйыммен қатар, көптеген ат әбзелі мен қару-жарақ түрлері де қазылып алынған еді. Олардағы түрегеп тұрған жыртқыш бейнелі әшекейлер, бекіткіштер, жапсырмалардың бірсыпырасы Талды-2 қорымындағы бұйымдармен соншама ұқсас боп шықты. Аржан-2 мерзімдік жағынан Талды-2 қорымынан кейінгі ғасырларға жатады. Осының өзі бұл шеберлік дәстүрінің Аржан аймағына қазақ жерінен жеткендігін аңғартатын дәйекке де саяды. Яки, алып сақ әлемі өркен жайған орталықтардың бірі – қазіргі Қазақ жері екендігі ортаға тартылады. Демек, Алтай ғана емес, оның қиыр түкпіріндегі Тыба аймағы да сол байтақ түздік кеңістікте қанат жайған сақ әлемінің әсер-ықпалы жеткен бір пұшпақ боп саналады [515, 60-65; 492, 73-75]. Бұл бір жағынан, жоғарыда тілге тиек етілген, ресейлік ғалымдар Л.Р. Кызласов пен В.И. Молодин тарапынан болжанып, қазақ археологтары зерделеп жүрген «сақ мәдениетінің бір төркіні – беғазы-дәндібай дәстүрлерінде жатыр» [327, 62] деген пікірлермен үйлесім табады. Әрі Талды қорымының дәл сол беғазы-дәндібай мәдениетінің құйқалы үрдістері шоғырланған Кент өңірінде ірге көтергенін еске алсақ, осы тұжырымның қисындылығына одан әрі ден қойылғандай болар еді.

Ерте сақ дәуіріне қатысты әйгілі мәдениеттерді мерзімдік жағынан реттей келе, А. Бейсенов *тасмолалық* Талды-2 қорымын сол айтулы тізбектің бел ортасына орналастырады. Сақ мәдениетінің ең ілкі ескерткіші Тыбадағы Аржан-1 (ж. с. д. IX-ҮІІ ғ.) обасы болса, одан кейінгі орындарды Шіліктідегі №5 оба (ж. с. д. ҮІІІ ғ. – ҮІІ ғ. басы), Бәйгетөбе (Шілікті) мен Сырдариядағы Түгіскен қорымы (ж. с. д. ҮІІ ғ.), Талды-2 қорымындағы №2 оба (ж. с. д. ҮІІ ғ. ортасы мен екінші жартысы), Аржан-2 обасы мен Жетісудағы Жалаулы көмбесі (ж. с. д. ҮІІ ғ. соңы), Талды-2 қорымындағы №5 оба, Қарқаралыдағы Қарашоқы қорымының №1

обасы (ж. с. д. ҮІІ-ҮІ ғ. тоғысы) иеленеді дейді ғалым [516, 19]. Талды-2 қорымынан табылған адамдардың бет сүйектеріне жүргізілген антропологиялық зерттеулер, олардың осы далалық өңірде қола дәуірінде мекен еткен автохтон еуразиялық тұрпатқа ие екендігін, шамалы ғана моңғол әлпетті қоспа араласқанын бағамдапты [517]. Яғни, орталықазиялық кеңістікте палеолит, неолит замандарынан көрініс беріп келе жатқан түпкіеуразиялық (генеалогтар жіктеуіндегі – байырғы *R1b*, «шығыстық» *R1a*, «түпкорталықазиялық» *N* гаплотопты) қауымдарға тән төл сипат көп өзгерістерге ұшырай қоймай, әрі қарай жалғасын тапты деп есептеуге болады.



*Талды-2 қорымынан табылған алтын шытыралар. Бүктетілген мысық тектес аң бейнесі, таутеке мен құс бастарынан құралған геральдикалық композиция.*

Орталық Азияның шығыс бөлігінен қоныс аудару дүмпулерімен бірге жеткен үрдістер мен жергілікті дәстүрлердің қабысуы нәтижесінде, түп-төркіндері ежелден жақын жұрттардың Жайық пен Ертіс аралығындағы далалық аумақта бірлесе түзген *тасмола* тарихи-этнографиялық қауымдастығын (ж. с. д. ҮІІ-І ғ.) археологтар әдетте үш ірі бірлестікке бөліп қарастырады. Оның қазақ жерінің орталығындағы негізгі бөлігі – *тасмола* мәдениеті деп аталса, теріскейінде өркен жайған мәдени сипаттар – *ұлыбай-тасмола*, Жайықтың сол жағалауынан түстікке қарай жатқан байтақ түзді қоныстанған қауымдарға тән археологиялық белгілер – *бобров-тасмола* мәдени бірлестіктері аясына қамтылады.

Сарыарқалық тасмолалықтарының өзгелерге қарағанда жетекшілік орында көрінуі де бекер емес. Олар сол аймақтағы бай түсті металл өндірісіне иелік етуіне байланысты, қуаты мол елге айналды, қола дәуіріндегі беғазы-дәндібайлықтар секілді жан-жаққа өрістерін ұзартуға басқалардан көбірек мүмкіндік алды. Тасмолалықтардың әсер-ықпалының оңтүстік-батыстағы Арал алабына, оңтүстік-шығыстағы Жетісуға, түстік өңірлерге, Алтайға дейін ұласуының басты себептері де осында. Сол арқылы олар беғазы-дәндібай заманында орныққан қыстау-жайлау жүйесін жаңа сипаттармен толықтырды. Алтай жақтағы өздеріне туыс жұрттардан металл өндіруге қажетті қалайы кенін алып тұру арқылы тығыз экономикалық ғана емес, саяси және рухани-идеологиялық жағынан да аралас-құраластықты жан-жақты өрістетті [223, 166-168].

Орыстың белгілі шығыстанушысы, орталықазиялық ежелгі этностардың танымал зерттеушісі И. В. Пьянков осы *тасмолалықтардың* ілкі этнотегін жоғарыда жан-жақты сөз етілген «солтүстікшептік» *ди* (қытай деректеріндегі *тиек-түрк*) жұрттарымен сенімді түрде байланыстырады. Оларды ж. с. д. ҮІІ ғасырдың соңында Шығыс Түркістан, Ордос және Байкалдың күнгейіндегі өңірлерді қусырған қуаңшылықтан ығысқан екінші толқынмен бірге қазақ даласына жеткен *арғытүрк* жұрттарының жергілікті туыс қауымдарымен араласуынан пайда болған мәдени-этнографиялық қауымдастыққа балайды. Сол *тасмола* мәдениетінің иелері Шығыс Түркістан арқылы қазақ жерінің орталығына өтіп, осы өңірлердегі жергілікті беғазы-дәндібайлық қауымдар мен өздерінен бұрын келіп орныққан ілкі сақтарды жан-жаққа ығыстырды деген пікірді қолдайды [232, 98-99; 233, 603; 262; 518]. Ол болжамды кезінде Л. Р. Кызласовтың алғаш боп алға тартып, әйгілі Аржан обасы мен Жетісудағы Бесшатыр қорымын Орталық Қазақстан далаларынан тасмолалықтар ығыстырған сақтар көтерген еді, деп түйгені белгілі [326, 71-77; 313, 26]. Яки бұл ретте де Е. Е. Кузьминаның соңғы қола дәуірінде осы орталықазиялық аумақта күн кешкен «беғазы-дәндібайлық қауымдардың этникалық тегінің *түрк тілді* топқа қатыстылығы»

[186, 130] туралы тұжырымы, көне қытай деректерінде кездесетін беғазының шығыс қапталындағы одан өрістеген мәдениеттерді ұстанған этнонимдердің жаңадан пайымдалған арғытүрктік төркіндері [*тиек (ди)* → *тұр (түрк)*] арқылы да [263] нақтыланып жатыр десек болады.

Асылы, көне қытай деректерінде құба түсті *тиек (ди)* жұрттарының түрк тілділігіне әуелден күмән келтірілмейді. Шаң, Жыу дәуірлерінде *гуйфаң, тиек (ди)* деп аталған олар, соңыра *телы (чылы), дили, динлиң* деген атаулармен мәлім болған түрк халықтарына айналып, өздерімен тектес *хүн, қаңлы, усұн (уйсін), үйежы (жыуэжу, юэчжи)* секілді ұлттармен төркіндес тіршілік кешкен еді. Сол *тиек-динлиңдердің* сақ заманына жалғаса, шығыс Орталық Азиядан қазақ даласына қоныс аударған толқындарының тасмолалық (ж. с. д. VIII-I ғ.) дәстүрлерді өрістетушілер болғаны да белгілі. Олардың Шығыс Түркістанның теріскей-батысын аймағында тұрақтап қалған бөліктерінің кейіннен хұндармен қақтығыстарға барып тұрғаны, ж. с. д. I ғасырдың орта тұсында хұн патшасы Жыжы тәңірқұттың сол динлиндерге шабуыл жасап, бір бөлігін батысқа қарай көшіруіне байланысты, олардың қазақ жеріне ауған тобының «батыс динлиң», атажұрттарында қалғандарының «теріскей динлиң» деп аталғаны көне деректерде жазылып қалған [251, 14, 32-35, 38-40; 262, 415-418; 518; 519, 121-141]. Осы «батыс динлиндердің» ерте темір дәуірінен бері қазақ даласын мекендеп келе жатқан сақ және тасмолалық туыстарына (ежелгі тиек-дилерге) келіп қосылған кезекті қоныс аударуларының Батыс Орталық Азиядағы арғытүрктік тіл қатпарын одан әрі қоюлатқанында шүбә жоқ.

*Британ музейінің Азиялық галереясына қойылған ордос мәдениетінің жәдігерлері*



*Асатаяқтың қола басы. Ж. с. д. 6-5 ғ. Қола жылқылар. Ж. с. д. 5-3 ғ.*



*Күміс жылқы.  
Ж. с. д. 4-1 ғ.*



*Жылқыға шабуылдаған жолбарыс.  
Ж. с. д. 4-1 ғ.*

Л. А. Боровкова хун заманындағы сол үркіншілікте Алакөл мен Арал теңізі аралығындағы далалық кеңістікте қоныстанған динлиндердің Цзянкуң, Динлиң, Уцзе<sup>53</sup> сияқты үш патшалық құрғанын, соңыра олардағы халық саны 600 мың шамасына жетіп, 190 мың іріктелген әскер шығара алатын қуатқа ие болғанын жазады [520, 95-108]. Ал Солтүстік және Оңтүстік патшалықтар дәуірінің (ж. с. 420-589) соңғы кезінде сол батыс динлиндер (тельылар) өрістерін Каспий теңізіне дейін ұзартып қана қоймай, одан әрі асып Византияның теріскейіндегі далаларға дейін мекендейді [251, 38-39]. Демек, бұл деректерден арғытүрктік төркіні айқын хун, еуропалық ғұн замандарына дейінгі сақ дәуірінде де батыс Орталық Азияда беғазы-дәндібай кезеңдерінің өзінде анық байқалған түркітілділік дәстүрдің үзілмегені аңғарылады. Қайта ол сақ тайпаларының қуатты одағы құрамына кірген *тасмола* мәдениеті [510, 197], арғытүрктік *тиек-ди* жұрттары кезінде құнарлана түсті, хун жорықтары барысында тынысы кеңіді, *динлиңдердің* (тельылардың) келуімен марқайды, Қара теңізге дейін қанатын жайды, соның нәтижесінде әйгілі түрк қағанаттары дәуірлемей тұрып-ақ бұл өңірлер түрк тілі өркен жайған аймақтарға айналды, десек қателесе қоймаспыз.



*Қола сақ қазаны. Ж. с. д. V-III ғ. Шыңжаң, Күнес ауданы.*

---

<sup>53</sup> Өзбек синологы А. Хожаев қытай деректеріне түскен бұл үш этнонимді, Қытайдың белгілі ғалымы Цянь Бочюанның зерттеулеріне сүйене отырып, тиісінше, *қырғыз*, *теле*, *оғұз* елдері ретінде таниды [263, 57-58].



*Қоладан құйылған сақ  
көсемінің мүсіні.  
Ж. с. д. V-IV ғ.  
Шыңжаң, Кунес ауданы.*

Беғазы-дәндібай мен сақ замандарында арғытүрктік сипаттарға ие қоныс аудару үдерістерінің өткендігіне – соңғы жылдары *сақ-тұр* этнонимдерінің баламалығына қатысты мәселені соны деректермен байытқан жаңа зерттеулер де жоққа шығармайды. Сондай елеулі жұмыстардың қатарына петерборлық ғалым А. А. Амбарцумян тарапынан атқарылған «Авестадағы «хйаона» этнонимі» атты еңбекті қосар едік [444]. Ол бұл зерттеуінде *тұр* жұртының «Авеста» мәтіндерінде тек Кави Хаосрава патша («Шаһнамадағы» Кайхұсрау – Сиявуштың баласы) кезінде ғана арилердің басты жауы ретінде сипатталатынына, ал зәрдүш дініне сенімді қамқор болған Кави Виштаспа заманында оның орнына *хйаона* тайпасының аталатынына мән береді. Авестатанушылар



арасында бұл этнонимнің көне иран әдебиетіндегі сарындарда жиі байқалуына орай, оны негізінен бергі, ж. с. IV-V ғасырларда Бактрия мен Мауараннахрды мекен еткен көшпелі *хионит* (*ақ хұн, эфталит, кидарит*) тайпалары ретінде бағамдап, сасанидтік Иран дәуірінен он ғасырдай бұрынғы Зәрдүш, Виштаспа заманына тән аңыздарға соңынан кіріктірілген желі түрінде тану жағы басым боп келгені белгілі [212, 204; 444, 66-68; 449, 331-337; 521, 138-148].

Алайда, А. А. Амбарцумян өз зерттеуінде «Авестаның» мадақ жырлары жинақталған яшт шумақтарында кездесетін (Яшт 9, 30-31; Яшт 17, 50-51; Яшт 19, 87) бұл *хйаона* этнонимінің кейінгі қоспа емес, Зәрдүш пайғамбар өмір сүрген кезеңге тән атау екенін анықтады. Алдыңғы кезеңдерде *тұрлардың* патшасы Франграсйанмен (Афрасиабпен) шайқасып жүрген арилер, Виштаспаның кезінде олардан бөлектеу *шошақ дулығалы хйаоналармен* жан алып, жан беріскен соғыстарға ұрынады [444, 35-43; 212, 147, 171]. Дәстүрлі зәрдүштік хронология бойынша хйаоналардың (хйондардың) арилерге шапқыншылығы Заратуштраға пайғамбарлық қонып, оның ілімін Кави Виштаспа патша қабылдағаннан кейін (ж. с. д. 620 жылдар шамасы) өткені тұспалданған [522, 6-9]. Оны бір жағынан, жоғарыда сөз етілген *екінші толқынмен* жеткен түздіктердің қоныс аудару дүмпуімен мерзімдік жағынан да шендестіруге болады. Яки «Авестадағы» *хйаона* атауымен таңбаланған «шошақ бөрікті жұрттарды» сол қауымдар ретінде бағамдаған И. В. Пьянковтың болжамы [232; 233, 604] шындықтан алыс кетпейді. Ал одан бұрынғы ғасырларда арилермен ұдайы қақтығыстарда жүретін ілкі *тұр* жұрттарын – арғытүркітердің андрон, бегазы-дәндібай дәуірлеріндегі жан-жаққа қанат жайған өріс ұзартуларымен сәйкестендірер едік. Афрасиабтай көсеммен бірге шайқасқан салт атты тұрлар – ж. с. д. IX ғасырдың соңы мен VIII ғасырдың басындағы ари патшалары Кайхұсрау мен одан кейін таққа отырған Кай-Лухраспа (Аурватаспа) заманында [522, 5, 8] өткен көші-қон сапырылыстарын аңғартады. Яки Афрасиаб дәуірінің *тұрлары*, бір жағынан Орталық Азияның шығыс қапталынан лықсыған

*бірінші толқынның* дүмпуімен шендесіп, қытай деректеріндегі *жұң-дилер*, яки *тиектермен* сабақтасып жатқан ерте *сақ* жұрттары ретінде де пайымдалады.

Бір-бірімен түп-төркіні ұқсас *тұр* мен *хйаона* жұрттарының сол этнотектік үдерістерге тікелей қатысы барлығын испан зерттеушісі А. Алеманидің зерттеулері де дәйектейді. Ол ж. с. д. IX -VIII ғасырлардың түйіскен тұстарында Қытайдың теріскейі мен батысындағы түздіктердің ауқымды әскери қимылдары туралы деректерді саралай келе, солардың арасында *жұң-дилермен* қатар *хйаниұн* тайпаларының да Кіндік Жазықты ат тұяғына таптатқан жорықтарда ерекше белсенділік көрсеткеніне мән береді [523, 104]. *Хйаниұн* этнонимі *хұн* халықтарының Батыс Жыу (Чжоу) заманына тән ежелгі атауына саяды. Ол Сы-ма Чиэннің «Тарихи жазбаларының» (Шы-зи) орысша аудармасында «сяньюн» [474, 323-325], Бичурин, Гумилев еңбектерінде «хьяньюнъ» [258, 28-29], қазақша тәржімаланған мәтіндерде «шиәниұн» [52, 189-190; 251, 13; 264, 24-26] түрінде қабылданған. Түрік зерттеушісі Б. Өгел оны сол ежелгі деректердегі таңбалануынан қашықтамай, «хиенйұн» (хienyun) түрінде пайдаланды [250, 32-33]. Осы орайда бұл этнонимді ж. с. д. II мыңжылдықтың соңы мен I мыңжылдықтың басында көне Қытайдың теріскей-батысында мекен еткен *қияң* (kiang) жұрттарынан тараған бір сілем ретінде болжауға болатындай. Сол қияңдардың кейіннен *си-ривем* (shi-giwem), *си-роң* (shi-rong) – батыс жүндар) деп аталғаны да мәлім. Сондай-ақ 1994 жылы жарық көрген «Чжунго миңцзу ши» (ҚХР халықтарының тарихы) атты зор еңбекте «солтүстік тиек (*ди*) жұрттарының этнотегі, бір жағынан *қияң-жұндармен* (kiang-rong) байланысады», деген анықтама бұл ойды одан әрі нақтылай түседі [263, 44, 235-236].

А. Амбарцумян өз зерттеуінде *хйаона* жұрттарын орталықазиялық сақтардың Батыс Түркістанға жеткен бастапқы толқындарының бірі ретінде болжайды [444, 67-68]. Ал А. Алемани еңбегінде олар ж. с. д. IX ғасырдың соңында Қытайға шабуыл жасаған *хйаниұн* (хianyun) тайпаларының бір тобы, арада сексен жылдай уақыт өткеннен кейін «Солтүстік шепті» буған

куаңшылық зардабынан ығысқан өзге түздіктермен бірге, Т. Таиров тұжырымдаған екінші толқын [496, 57-58; 223, 34-35] лықсуына қосыла батысқа беттеген жұрттар қатарында саналады. Бұл сақ дәуіріндегі тасмолалық *тиектерге (дилерге)* ілесе, түрктік түп-төркіні күмәнсіз айқын *хұндардың* бастапқы тектерінің де ж. с. д. I мыңжылдықтың алғашқы жартысында Батыс Орталық Азияға (Тұран кеңістігіне) ат басын тірегенін көрсетеді. Олардың да осы өңір автохтондары – арғытүрк беғазы-дәндібайлық [186, 130], «арилерге түсініксіз тілде сөйлейтін» *тұр жұрттарының* [212, 165; 233, 604] қатарына қою толқын боп қосылып, ежелгі түрк тілінің осы өңірде өркен жаюына мол үлес қосқаны анық.

Ғылымда *сақ* пен *тұр* этнонимдерінің балама атаулар екендігінің қуатталатынына қатысты жоғарыда тілге тиек етілген тұжырымдарды [445, 77; 452, 143] әрі қарай сабақтар болсақ, арғытүрктік беғазы-дәндібай мәдениетінің күнгей-батыстағы қапталында жатқан Солтүстік Түгіскен кесенелерін тұрғызуға сол *тұрлардың* әуелгі тектерінің араласқанын пайымдататын пікірлерге де жолығар едік. Бұл орайда И.В. Пьянков ж. с. д. УШ-УІІ ғасырларда Шығыс Орталық Азиядан басталған этнотектік лықсулардың нәтижесінде бірін-бірі ығыстырған ерте *сақ* жұрттарының (негізінен шығыстағы тұрлар – *тиектер* мен арғы хұн – *хйяниұндер*. Ж. Б.) Сырдария мен Әмудария алаптарына жетуі – сол өңірлерде бірқатар этникалық сапырылыстарды туындатты, деп есептейді. Соның барысында бірте-бірте авесталық мәтіндерден белгілі *тұрлар* мен *хйаона* деген атаулар тысқары қалып, олар көне грек жазбаларына «*массагеттер*», парсы деректеріне «*тиграхауда сақтары*» (шошақ бөрікті сақтар) деген атпен енеді [447, 720]. Хйаоналар да «Авестада» шошақ бөрікті жұрттар ретінде сипатталады [444, 37-38; 212, 147]).

Яки *тұрлардың* археологиялық тұрғыда *беғазы-дәндібай* мен *түгіскен* мәдениеттерін түзушілердің тікелей ұрпақтары екенін бағамдасақ [231, 232], олардың ғылыми деректерде өзге тілмен аталып кеткен ізбасарлары *массагеттердің* де осы этнотекке жататындығы өз-өзінен мойындалады [233, 604]. Олай болса, жыл санаудан бергі ІУ-У ғасырларда Батыс Түркістанды мекен етіп,

сасанидтік Иранға басты қарсылас ретінде танылып, эфталит, кидарит, түрк жұрттарының басын біріктірген *хионит* этнонимін [444, 66], бір жағынан, И. М. Дьяконов тұспалдағандай, көне *хйаона* тайпасы атауын сақтап қалған [452, 144], батыстық ғылымы айналымда *массагет* ретінде белгілі боп кеткен халықтың кейінгі тұқымдары ретінде бағамдау ықтималдығы арта түседі. Бұл тұрғыдан алғанда да беғазы-дәндібайлық *тұрлар* мен олардың ізбасарлары *массагеттер* (яки шығыстан жеткен *тиек*, *хйаниұн* тайпаларының этнотектік сипаттарымен құнарланған *тұрлар* мен *сақтар*) үшін арғытүрктік сипаттардың бөтен еместігі аңғарылар еді [233, 604; 523].

Осы ретте Геродот «Тарихындағы» «Аримаспия» эпикалық поэмасының авторы Аристейден қалған делінетін, оның сақтар жеріне сапарлағаны, жер шетіндегі исседон, аримаспа, гиперборей елдеріне қатысты аңыздар сарынының [247, IV, 13-36] арғы сілемдері де қылаң бергендей болады. Геродоттағы: «исседондар арасында болған Аристейдің айтуынша, исседондардың аржағында жалғыз көзді адамдар – аримаспалар; аримаспалардың аржағында – алтын қорыған күшігендер; ал олардан жоғарырақтағы теңізбен шекаралас тұстарда – гиперборейлер тұрады. Бұл халықтардың гиперборейден басқаларының бәрі үнемі көршілерімен соғысып жүреді (әрі соғысты бірінші аримаспалар бастапты). Аримаспалар исседондарды өз қоныстарынан қуған соң, исседондар скифтерді ығыстырады, ал скифтер болса, Оңтүстік теңіз (Қара теңіз) төңірегін мекендеген киммериялықтарды атажұрттарынан тықсырады...» [247, IV, 13], деген жолдардан жоғарыда сөз етілген **бірінші** және **екінші** толқын ретінде жіктелген қоныс аудару үдерістерін байқау қиын емес. Осыған орай, соңғы жылдары зерттеушілер арасында Аристейдің географиялық танымының мифологиялық нұсқасында тұспалданған исседон мен аримаспалар жері арқылы мұхитқа қарай ағатын Кампас өзенін – Ертіс пен Өб, қар басқан Рипей тауын – Алтай, күшігендермен (тазқаралармен) алтын үшін арпалысатын «жылқысы мен қойы мол, әскері сансыз» *аримаспаларды* – беғазы-дәндібайлық қауымдар мен тұрлар (жүн,

тиек), Рипейден әрі қарай үнемі суық Борей жері соғып тұратын «Жер шегін» – «Жетісу (Жоңғар) қақпасы», олардан әрі теңізбен шектесіп жатқан гиперборейлерді – қытайлықтар ретінде пайымдаудың қисындылығы орнығып үлгерді деуге болады [231, 216-217; 397, 23-35].

Аримаспаларға телінген жағрафиялық кеңістіктің *бегазы-дәндібай* мәдениеті тараған аумақпен үйлесуі, шығыс қапталының гиперборейлермен (Жыу патшалығымен) шектесіп жатуының археологиялық тұрғыдан да дәйектелуі, сол беттегі түздік жұрттардың батысқа қарай лықсыған ығысуы барысында қазақ жерінің шығысы мен орталығы, Жетісу аймақтарына сақтарға тән «хайуанаттық нақыштың» ежелгі нұсқаларын жеткізген жоғарыдағы бірінші толқынды бағамдатады. Жергілікті үрдістерді бойларына сіңіру арқылы жаңа көркемдік шешімдермен құнарланған ол дәстүрлер, жан-жаққа өрістерін кеңейте отырып, Тыбадағы *аржан*, Зайсанның күнгеіндегі *шілікті*, Алтай баурайындағы *маймер*, Жетісудағы *бесшатыр*, Арал маңындағы *үйгарақ* мәдениеттерін қалыптастыруға үлес қосты. Геродоттағы «соғысты бірінші бастайтын аримаспалардың исседондарды ығыстыруы, өз кезегінде олардың скифтерді Қара теңізге қарай тықсыруы» да сол шығыс жақтан бірін-бірі лықсытқан қуатты қоныс аудару дүмпүінің тікелей көрінісі болатын. Сол этникалық сапырылыстар арқылы сақ мәдениетінің «аржан-черногорлық» үрдістері де Еділден батысқа қарай асқан еді [231, 226-227; 331, 61].

Аристей шығармасында бегазы-дәндібайлық *аримаспалардың* неге «жалғыз көзді» адамдар ретінде сипатталғанына қатысты ғалымдар арасында әртүрлі болжам бар. Бірақ солардың ішінде көне қытайлардың айнала қоршаған елдер мен олардың жаратылыстық ерекшеліктері туралы мифологиялық аңыздары жинақталған «Таулар мен теңіздер каталогы» деп аталатын маңызды ескерткіштегі теріскей-батыстағы халықтарды сипаттаған деректерде осы мәселеге қатысты біраз нәрсенің төркіні сезілетінін байқауға болар еді. Мәселен, «Солтүстік жерлер мен теріскейдегі құла түздер» атты каталогтарда «ол жақта маңдайында жалғыз көзі бар адамдар тұрады, олар тарымен

қоректенеді», «жұндардың бастарында үш мүйіз болады», «ит басты жұндар патшалығы бар, олардың бастары ит болғанымен, кеуделері адамдікіндей» [524, 107, 125; 231, 226], – дейтін аңыздар хатқа түскен.



*Грифондар мен жалғыз көзді аримаспалардың шайқасы бейнеленген грек ыдысы*

Бұл айтылғандар археологиялық тұрғыда Мыңус ойпатындағы афанасьев пен қарасук мәдениеттері аралығын жалғастырған *оқунев* мәдениеті (ж. с. д. XX-XIV ғ.) аясындағы адам пішіндес бейнелер сұлбаланған зор тұлғатастар үрдісінен де аңғарылып жатады. Ол тас мүсіндерде маңдайында үшінші көзі, төбесінде үш мүйізі бар, сондай-ақ ит (жыртқыш) басты адамдар сұлбасы қашалған. Зерттеушілер ол бейнелерді сол замандарда ерекше кие тұтылған шамандық (бақсылық) наным-сенімдерге байланысты туындаған образдар ретінде пайымдайды. Шамандардың тайпа көсемдері, абыздық міндеттерді атқарғаны, Тәңірімен, табиғат күштерімен тілдесе алатын қабілеттеріне жұртты сендіре алуына орай, өзгеше жаратылған тіршілік иелері қатарында қабылданғаны

белгілі. Бақсылар мен абыздар өздерінің басқаларға байқалмайтын құбылыстарды көре алатын айрықша қасиеттерін аңдату мақсатымен, мандайларына үшінші жанарды бояп салатын болған. Немесе бас киімдеріне қосымша көз бейнесін тігіп қояды екен. Төбелеріндегі тәждеріне де мүйіздер бекітеді. Сондай-ақ әртүрлі аңдардың бастарынан жасалған масқаларды киетін дәстүр ұстанады. Окунев мүсінтастарында тұспалданған адамдар да сол баксы-көсемдердің сұлбаларын бағамдатады [525, 35-38 б. таб. 9-10, 13, 17; 180, 65-78 б.].

Қамдар мен көсем-абыздардың осылайша әртүрлі тұрпаттарды білдіретін бас киімдер киюі, үсті-бастарын ерекшелеп түрлендіруі – сол дәуір жұрттарының табынып, жалбарынатын жерлеріне де өздері тіршілікте кие тұтқан образдардың кейіптеріне ұқсас сынтастарды (пұттарды) орнату қажеттігін туындатуы ықтимал. Өмірде болған және тас бетінде бедерленген ол бейнелер жөніндегі біршама әсірелеу сипатындағы әңгімелердің содан кейінгі мәдениеттерге, өздерімен араласар төңіректегі жұрттар аясына соны сипаттаулар, жаңа сюжеттер қосылған аңыздарға айналып, жалғыз көзді аримаспалар, үш мүйізді һәм ит басты жұндар, сол жұндардың арғы тегі екі ақ ит болған еді, дегендей мифологиялық сарындарға [524, 107, 125; 231, 229] ұласқаны анық. Исседондардан шығысқа қарай бара қоймаған Аристейдің [247, *IY.13, 16, 27*] де естігені, дәл сол сияқты аңыздар тізбегіне саятын.

Окунев мәдениетінен кейінгі беғазы-дәндібай заманында өздерін маңайдағы елдерге қуатты тайпа ретінде көрсете білген, «қытай деректеріндегі *тиек* (*жұң, роң*), «Авестадағы» *тұрлардың*, сақ дәуірінде де сол айбарлы жұрт қалпынан аумағанын – олардың орталықазиялық жойқын қоныс аударулар толқындарының (жорықтарды бастаушылардың) бел ортасында жүргені, көрші елдер мифологиясында төңірекке үрей төндіретін жалғыз көзділер (аримаспалар) атауымен танылғанының өзі-ақ дәйектейтіндей. Шамасы, сол замандарда жалғыз көзділікті қорқынышты кейіпкерлермен байланыстыра бағамдау дәстүрлері де туындаса керек. Гомердің «Одиссея» дастанындағы «жалғыз көзді алып» Полифем, «Қорқыт ата кітабындағы» Төбекөз, қазақ

ертегілеріндегі Жалғыз көзді дәу туралы көне аңыздардың төркіні де сол аримаспаларға қатысты көрші елдер тарапынан туындаған ежелгі мифологиялық эпсаналармен сабақтасып жатыр [434, 539-549; 435, 314-335; 436, 133-143]. Зор күш пен қуат иесі жалғыз көзді алыптардың түрк-моңғол халықтары эпостарында да қорқынышты кейіпкерлер ретінде сипатталатыны сол аристейлік аримаспалар тақырыбымен қабысып жатқан сарындардың ізі екендігін қазақ ғалымы Е.Д. Тұрсынов та өз зерттеуінде жан-жақты тарқатады [526].

Осы орайда көне деректерде «жүйрік атты тұрлар», «салт атты тиектерге (түркітерге)» балама этноним ретінде танылатын «аримаспа» атауының этимологиясындағы арғытүрктік сипаттарды да қаперге ала кету жөн сияқты көрінеді. Ғылымда сақ тайпалары арасындағы түп-тегі шығыс орталықазиялық тайпалардан шығуы ықтимал «аргиппей» тайпасының атауы түрк тіліне тән «арғымақ» сөзінен туындауы немесе «жүйрік аттылар» мағынасын беретіндігі айтылып жүр [82, 247; 247, 686]. Аримаспа атауында да дәл сол мағына жатуы, яки оның төркінінде де «арғымақ», «арғымақ аттылар» сөзінің бар болуы әбден кәміл. Севортянның «Түрк тілдерінің этимологиялық сөздігінде» «арғымақтың» «жүйрік ат, күшті ат, сәйгүлік» ұғымын беретіндігі көрсетілген. Оның чуваш тіліндегі нұсқасы «урхамах» [188, 171]. «Арғымақ» терминінің ежелгі түрктік нышандарға ие екендігін (аргиппей) еске алсақ, авеста, қытай деректерінде «*жүйрік атты*», «*салт атты*» тұр және түрк жұрттарының баламасы боп саналар мифтік *аримаспа* этнонимі де, кезінде сол тіркестердің синониміне саяр «*арғымақтылар*», «*арғымақ аттылар*» нұсқасында аталған, бірақ Аристей шығармасына өңі айналып түскен сөз емес пе екен?



## 7. ҚИЯҢ – ҚАҢЛЫ, УСУН – ҮЙСІН, ЮЕЧЖИ – ҮЙЕЖЫ ТАЙПАЛАРЫНЫҢ АРҒЫТҮРКТІК СІЛЕМДЕРІ

«Авеста» мәтіндерінде *тұр* тайпаларынан кейін аталатын *хйаона* этнонимінің арғы төркіні Батыс Жыу (Чжоу) заманындағы қытай деректерінде көрініс берген *хйаниұн* (қияң) тайпасымен байланысатыны, олардың Орталық Азияның шығысы мен батысын өзара қармастырып жатқан этностар екендігі туралы А. А. Амбарцумян, А. Алемани, И. В. Пьянковтың зерттеулеріне [444; 232; 233; 523] қатысты әңгімені әрі қарай тарқатар болсақ, ол жұрттардың содан кейінгі ғасырлардағы тағдырлары қалай өрбіді деген сауалдар да өз-өзінен көлденеңдер еді.

Әуелі Тұран кеңістігінде *тұрлармен* қатар атала жүріп, кейіннен олардың орнын басқан, зәрдүш ілімінің бас қорғаушысы Кави Виштаспа патшаның негізгі қарсыластары аталған *хйаоналарды* бұл тұрғыдан алғанда, ахемен деректеріндегі *тиграхауда сақтары* мен көне грек, латын жазбаларындағы *массагет-сақтардың* өзара сәйкесетіні жөніндегі тұжырым орайынан [335, 164; 352, 152, 172] қарастыруға келетіні, яки *хйаоналарды* массагет тайпалары аясына енетін түздік жұрттар ретінде танудың жөн екендігі әлгінде қаперге алынды [233, 604]. Геродотта «өмір салттары сақтармен бірдей, алтын бұйымдары көп, ахемен патшалары Кир мен Дарийге қарсы өткен шайқастарда ерен ерлік пен қайтпас қайсарлық көрсеткен, саны көп, қуаты зор, тек күнге табынатын массагеттердің» Каспий теңізінен шығысқа қарай қоныстанғаны айтылады [247, I. 201-216]. Географиялық жағынан алғанда, бұл – Каспийдің шығыс төңірегі мен Үзбойдан Сырдария өзеніне дейін қоса алғандағы Арал өңірінің аймағы. Сондай-ақ тиграхауда сақтары Шаш аймағын, Жетісуды да мекендеген. Массагеттер аясында *дербик*, *аби*, *апасиақ* сияқты тайпалар да қатар аталып жатады. Шамасы олар массагет этнонимінің балама атаулары болса керек [335, 162; 503, 40-41; 447, 719-724].

Ахемен заманының соңғы кезеңі мен Македонский тарихшылары жазған дереккөздерде массагеттердің орнына сол жұрттардың қатарындағы *апасиақтар* көбірек ұшыраса бастайды.

Грек пен рим жылнамашылары Сырдария мен Өмударияның төменгі ағыстарын қамтитын далалық аймақтарда *апасиақ* атты қуатты тайпалардың мекендегенін жазады. Бұл бір жағынан, археологиялық тұрғыда Сырдың төменгі алабын жайлаған жергілікті сақ-массагет тайпаларының мәдени дәстүрлері негізінде ж. с. д. V ғасырда ірге көтерген Шірікқабат мәдениеті дәуіріне сәйкеседі [447, 723]. Қызылорда облысының күнгей-батысындағы бүгіндері құрғап қалған Жаңадария, Қуандария арналарының бойында шоғырланған Шірікқабат, Жетіасар мәдениеттері туралы кезінде орыс ғалымы С. П. Толстов басқарған Хорезм археологиялық және этнографиялық экспедициясының қыруар деректер жинағаны белгілі [290, 136-204; 527, 98-99, 104-105, 125-138].



*Шірікқабат қорғаны орны*

Толстов сол еңбектерінде апасиақ этнонимінің «өзен сақтары» мағынасын беретіндігін, оның Страбон жазбаларындағы «аралдарда тұратын массагеттермен» шендесетінін, Үзбойдан Хорезмнің солтүстік шекарасын қамти Жаңадарияға дейінгі қалың өзен-көлдер аймағын қоныс етуіне байланысты олардың осылай аталғанын дәйектеген еді. Апасиақ <sup>54</sup> тайпалар одағының

---

<sup>54</sup> Толстов пен Пьянковтың *шірікқабат* мәдениетін *апасиақ* тайпаларына теліген тұжырымдарын қолдай бермейтін пікірлер де бар. Мәселен, Б.И. Вайнберг өз зерттеулерінде ол мәдениетті түзушілерді *дай* (*даһа*) жұрттары деп есептейді [313, 60-61 б.; 456, 262-264 б.]. Пьянковтың дәйектеуінше, *дайлар* әуелі Арал теңізі мен


Жаңадария жағасындағы астанасы да сол Шірікрат бат қаласы деп танылған [290, 136-137; 527, 104]. Кейінгі зерттеулер де шәһардың ортасындағы, археологтар Үлкен үй деп атаған нысанның архитектуралық тұрғыда ахемен әкімшілігінің салтанатты ғимараттарына ұқсауына қарап, бұл қаланы сол замандарда парсы империясының ең теріскей шекарадағы иелігінің бас орталығы ретінде болжаудың бекер еместігін алға тартады [456, 179].

Соңғы жылдарда қазақ археологы Ж. Құрманқұлов жетекшілік ететін Шірікрат бат экспедициясы жүргізген қазба жұмыстары да Тұран ойпатын ж. с. д. I-мыңжылдықта мекендеген сақ, массагет тайпаларының мәдениеті мен шаруашылығының Хорезм және Ахемен әулеті билеген парсы империясы (ж. с. д. 558—330 ж.) үрдістерімен тығыз байланыста өрістеп, жоғары деңгейде дамығандығын көрсететін жаңа мағлұматтарға қол жеткізді. Сол

---

Сырдарияның теріскейі, Оралтаудың оңтүстігіндегі далаларды мекендеген. Македонский жорықтары кезінде Сырдарияның орта және төменгі ағысының оң жағалауына жақын қоныстанып, ж. с. д. III ғасырдың басында Соғды мен Бактрияның далалық аймақтарын жайлайды. Сол ғасырдың ортасында олардың Каспий теңізіне қарайғы өңірлерге өріс ұзартқан Аршак әулеті бастаған парн (апарн) тайпасы эллиндік Селевктер мемлекеті құрамында болған Гиркания аймағын жаулап алып, атақты Парфия патшалығының (ж. с. д. 250-227 ж.) негізін қалайды [447, 724-725 б.]. Дайлар әуелден массагеттер бірлестігіне енетін жұрттардың біріне жатса керек [335, 163 б.]. Мұны ж. с. д. 228 жылы Аршак патша селевкілерден жеңіліс тапқан кезде, қос өзен аралығындағы апасиақтарға қашып келіп, солардың көмегімен билікті қайтадан қолға алғанынан да байқауға болады [313, 16 б.]. Б.А. Литвинский де *дайлардың* бастапқы қоныстарын Сырдарияның орта ағысындағы Шардараның тұсынан теріскей-батысқа қарай жатқан далалық аймақтар ретінде тану жөн болатындығына мән береді. Олар содан кейін ғана Каспийдің шығысына қарай ауысқан. Дайлардың біртіндеп күшеюіне байланысты, массагеттердің басым бөлігі олардың құрамына сіңіп, тарихи деректерде көбіне *дайлар* атала бастайды [352, 173 б.]. Яки, бұл дәйектер дайлардың түп-төркіндерінде де қазақ даласына тікелей қатысы бар тұр-тиек, хйаона-массагет, тасмолалық сақтар мәдениеттерінің сілемдері жатқанын пайымдатады.

орайдағы айғақты жәдігерлердің бірі 2005 жылы қаланың нақ ортасындағы катакомбаға (ұңғыма лақытқа) ұқсата қазылып, аузын қам кірпішпен өріп бекіткен терең қабірден табылған еді. Археологтардың айтуынша, қымбат бұйымдарға малынып жерленген үш мүрдемен бірге аршылған олжалардың арасындағы аса құндысы, белдігіне ұзын темір семсер мен қанжар ілген ер адамның бас жағына қойылған қыш ыдыс бетіндегі бес таңбадан тұратын жазу болған. Өріптері көне соғды, Есік жазуына ұқсаңқырайтын таңбалардан тұратын [528, 623-624] оны оқудың алғашқы талпыныстары да жасалды. Мамандар ол таңбаларды парсы жазуынан шығарып: «Бұл Тир құдайының шапағатына ие болған адам» деген сөздерді тұспалдады. Тир – көне мифологияда әскер мен қару-жарақ құдайы. Шамасы, беліне қару-жарақ тағылған күйі жерленген ол адам ахемен билігінің Шірікратат ордасына тағайындаған басшысы болуы да мүмкін.



*Шірікратат құмырасындағы жазулар*

Ал эзербайжан ғалымы Заур Гасанов оны көне түрк таңбалары арқылы ажыратып: *Iga Ak deniz – Aq teñiz uesi*, деп оқыды. Ол мұның көне түрк ұғымында батыс бағытты «ақ» деп атайтын пайымға үйлесетіндігін, яғни бұл жазуда Каспий теңізі көрсетіліп тұр, қабірге қойылған адам Каспий аймағының билеушісі болуы керек дегенді жорамалдады.

Шірікрататтан табылған тағы бір жазу да домалақ қыш құмыра бетіне түсіріліпті. Ол тор белгілі таңбадан басталып,

арасына нүктелері бар бес әріптен тұрады. З. Гасановтың оқуынша, ол *Dort bul Alpna il ok*, яки «төрт бөлік албандарға бағынатын тайпалар» түрінде тұспалданады. Ал «тор» белгісі көне жартас жазбаларында «жер» мағынасын білдіреді. Ежелгі түсінік бойынша, «жердің, әлемнің төрт бұрышы бар». Албан атауы – Кавказдық Албания мемлекетінен бұрын да Каспийдің шығыс бетінде өркен жайған Шірікрабат мәдениеті заманында онымен аттас елдердің болғанын көрсетеді, дейді ғалым [528a].

Әдетте Шірікрабат дәстүрлері Әмудария мен Сырдария аралығындағы оған қапталдаса дамыған Жетіасар мәдениетімен тығыз байланыста қарастырылады. Сырдың тағы бір ескі арнасы Қуандария алабында өркен жайған бұл мәдениетті де шірікрабаттықтарға этникалық тұрғыда жақындығы бар тайпалар түзуі ықтимал. Жетіасар, Алтынасар, Сырлыасар, Томпақасар, Жалпақасар сияқты, барлығы 50-ге жуық көне қалалар мен жүздеген обалардан, ірі зираттардан, суландыру жүйелерінен тұратын ол іргелі мәдениетті жасауға атсалысқан халықтардың соңыра Сырдарияның орта ағысы мен Ташкент төңірегіне таралған *отырар-қаратау*, *қауыншы* мәдениеттерін құрған тайпалармен бірге тарихи Қаңлы (Кангюй) мемлекетінің құрамына енгені айтылады [529, 28, 369-376; 499, 203].



*Жетіасар қорғаны орны.*



*Жетіасардың қиш құмырасы*

Бұл ретте ғылыми әдебиеттерде *шірікрат*, *жетіасар* мәдениеттерінің олардың алдындағы Арал маңының *оңтүстік түгіскен*, *үйгарақ* (ж. с. д. VІІ-V ғ.) секілді ерте сақ археологиялық түзілімдерімен сабақтасып жатқанын, ал олардың өздерінің, тиісінше, одан арғы соңғы қола дәуірінің *солтүстік түгіскендік* (ж. с. д. X-VІІІ ғ.), яки беғазы-дәндібайлық аядағы дәстүрлерден бастау алатындығына мән беріледі. Солардың қатарында Жетіасар мен Тасмола мәдениеттері асханалық ыдыстарының ұқсастығы назарға алынады. Археологияда негізінен үй жағдайында жасалатын керамикалық бұйымдар әр этникалық қауымның талай уақыт бойы өзгеріске түсе қоймайтын, оның өзіне тән ерекшелігін байқататын басты нышанға баланады. Яғни бұл ретте де тасмолалықтар мен массагет-хйаоналар (ілкі қаңлылар) арасындағы этнотектік байланыс сорабы аңғарылады [293, 31-47; 313, 48; 530, 127-132; 128; 456, 99, 172-182, 190-191]. Осының өзі-ақ шығыс, теріскей, оңтүстік бағыттар бойынша ерсілі-қарсылы ағылдар көші-қон мен керуен жолдарының өтінде тұрған, сол себепті де талай этникалық һәм тілдік сапырылыстарды бастан кешетін Арал маңы, Сырдария мен Әмударияның төменгі ағыстарында қоныс тепкен жұрттар арасында түп-тегі арғытүрктік сипатқа саятын (*тұр*, *сақ-тиек*, *хйаона-массагет*, *дай*) тайпаларының да үлесі аз еместігі байқалады.

Дегенмен, олар мекендеген бұл өңірлердің кейіннен Ахемен әулеті империясы (ж. с. д. 558-330 ж.) қарамағына енуіне байланысты, көне парсы тілінің кеңінен тарауы, одан кейінгі ежелгі Хорезм мемлекеті кезінде ортапарсы мен соғды тілдерінің қоспасына жуықтайтын хорезм тілінің (ж. с. д. II – ж. с. VІІ ғ.) ресми мәртебеде танылуы [14, 573] – жазба деректердің сол тілдерде ғана орындалуына әсерін тигізген сыңайлы. Осы орайдан алғанда да арғытүрктік жұрттар арасында өздерінің байырғы ана тілдерінде сөйлеу үрдісі үзіле қоймағанымен, жазбаша дәстүр орныға алмағаны аңдалады. Сол жазба құжаттардың ұшыраспауы себебінен де, сақ (тұр) тайпаларының археологиялық, генеалогиялық, этнографиялық, тілдік тұрғыдағы түп-төркіндерінде арғытүрктік сипаттар нышаны бағамдалып

жатқанымен, оларды біржақты ыңғайда иран тілді деп қабылдау белең алып кетті. Бұл орайда татар ғалымы М. Зәкиевтің кейінгі жылдардағы лингвоархеологиялық зерттеулерінде арғытүрктік тілдік ежелгілігіне қатысты біршама ой тастарлық тұжырымдардың айтылып жүргенін атап өтер едік [403; 531]. Мәселен ол, *хорезм* атауы – түрк төркінді *суар* және *ас* тайпалары атауларының бірігуінен пайда болды деп есептейді. Яки *су* сөзіне ‘адамдар, ерлер’ деген мағынаны білдіретін ежелгі арғытүрктік *ар* аффиксінің жалғануынан шыққан *суар* ‘су адамдары’ этнониміне тағы бір арғытүрктік *ас* этнонимінің қосылуынан *суарас* (*суар* астары) атауы дүниеге келген. Ол біртіндеп  $s \approx x$  дыбыстарының сәйкестігіне орай, *хуарасм* > *хорезм* түріне ауысқан. Ғалымның осы ойды әрі қарай тарқата келе, *шумерлердің* өздерін *киэнгир/қангар*, *хорасми* жұртын – басқа халықтардың *қангха* деп атайтынына назар аударып, *шумер/киэнгир/қангар/қаңлы* жұрттары атауында ежелден ұласқан байланыстар жатуы мүмкіндігін тұспалдауы да қызықты [403, 146-147].

Сырдарияның төменгі ағысында өркен жайған Шірікрабат, Жетіасар мәдениеттерімен сабақтастығы дәйектелген *қаңлы* мәдениеті мен *Қаңлы* мемлекетіне қатысты мәселені әрі қарай өрбітер болсақ, осы тақырыптың кең ауқымда қозғалуына мейлінше ықпал еткен С. П. Толстов еңбектері тағы да қаперге оралар еді. Оның 1948 жылы қатарласа жарық көрген «Ежелгі Хорезм» [532], «Ежелгі хорезмдіктер өркениетінің ізімен» [527], 1962 жылы шыққан «Окс пен Яксарттың көне салалары бойымен» [290] атты кітаптарында, автор ежелгі Хорезм мемлекетінің ж. с. д. IV ғасырда шарықтап дамыған кезеңін «Авестадағы» *қангха*, грек жазбаларындағы *хорезм*, қытай деректеріндегі *қаңжүй* (*кангюй*) атауларына орайластыра *Қаңха-Хорезм* мемлекеті деп біріктіре атайды. Сол ғасырларда Әмудария мен Сырдарияның төменгі алаптарындағы Қойқырылған, Жанбасқала, Базарқала сияқты маржандай тізілген көптеген көне шәһарлардың орнында өркен жайған деңгейі биік археологиялық дәстүрлерді *қаңжүй* (*қаңлы*) мәдениетінің айқын нышандары ретінде таниды [527, 142-152; 532, 13-26; 290, 117-136; 533].

Әйгілі ғалымның бұл тұжырымға баруына ең үлкен қозғау салған жайт, қытайдың әйгілі тарихшысы Сы-ма Чиэннің (шамамен ж. с. д. 140 – ж. с. 86 ж.) «Тарихи жазбаларындағы» (Шызи) «Дайюаң баянында», Бан-гудің (ж. с. 32 – 92 ж.) «Ханнамасындағы» «Батыс өңір баянында» жазылған Қаңлы мемлекетіне қатысты деректердің әсері тигені анық. «Шы зидін» үзінділерін орыс тіліне алғаш аударған чуваш тақуасы И. Бичурин еңбегінде «Қаңжүй *Дайюаңның* солтүстік-батысында 2000 ли<sup>55</sup> жерде жатыр. Көшпелі мемлекет; салт-ғұрыптары үйежылармен ұқсас; 90 мыңға жуық әскері бар. Дайюаңмен шектеседі және күшінің аз болуына қарай оңтүстікте *үйежылардың* билігін, шығыста *хұндардың* билігін таниды...», деп жазылған-ды. Және Бичуриннің өз тарапынан «Дайюаң баянында» айтылатын елдердің атауына берген түсініктемесінде «Қаңлы иелігі қазір қазақтың Ұлы жүзі мен Орта жүзі көшіп жүрген Сырдарияның солтүстік жағындағы далаларды алып жатыр. Дайюаң – Қоқан жерін білдіреді, үйежы<sup>56</sup> ханы Хиуа жерін мекендеп, Әмудария, Сырдария және Қоқанның аралығындағы кеңістікке билік жүргізді...», деп тарқатып өткен болатын [534, 154, 156].

Қаңлы туралы мәліметтердің «Шы зиден» кейін жазылған «Ханнама. Батыс өңір баянында» кеңірек қамтылғаны мәлім. Мәселен онда, Қаңжүй патшасының Леуїени жерінде, Битән қаласында тұратыны, Леуїениден жазғы ордасына дейін атпен жеті күншілік жол екендігі; Қаңжүй елінде бес кіші бектік барлығы, оның біріншісі Сушие бектігі, екіншісі Фумо бектігі, үшіншісі Үйени бектігі, төртіншісі Ги (Жи) бектігі, бесіншісі Южуан бектігі деп аталатыны, халқының түтін саны 120 000, жан басы 600 000, әскері 120 000; ұлыүйежылармен салттас, шығыс жағы хұндардың басқаруында екендігі айтылады. Қаңжүй билеушілерінің тәкаппар, өр, өздерін жоғары санайтыны, Хань

---

<sup>55</sup> Ли – көне қытай заманында 400 метр шамасындағы ұзындық өлшемі.

<sup>56</sup> Орысша *юечжи* аталатын этноним атауын қытайтанушы Н. Мұқаметханұлы еңбегіндегі [535] *үйежы* немесе *ружы* түріндегі нұсқасы бойынша қолданғанымызды ескертеміз.



(қытай) патшалығын сыйлай қоймайтындығы, оның елшілігін үйсін сияқты бірсыпыра елдердің елшілерінен төмен отырғызғаны, оларға тамақты да өздерінің ханы мен игі жақсылары тамақтанып болған соң ғана бергені» жазылады [534, 190-191; 535, 52].

С. П. Толстов деректемелерде тізбектелген бектіктерді: шығысы Ферғана (Дайюаң, Дауан), оңтүстігі Парфия және Бактрияға шектесетін, батысы Бұқара жазирасы мен Хорезм аймақтарын қамтып жатқан аумаққа орналастырып, Сушиені – Қашқадариядағы Кеш (Шахрисабз) өңірі, Фумоны – Зеравшан алабындағы Кушания (Қоқан) аймағы, Үйниді – Ташкент жазирасы, Гиді – Бұқара, Южуанды – бүкіл мемлекеттің орталығы Үргеніш (Хорезм) ретінде таныған еді. Сондай-ақ Бернштам қаңлы жерінің шығыс қапталы Талас өзенінің бойымен өтеді деп санады. Жазба және кейінгі археологиялық деректер қаңлылардың байырғы жерлері негізінен Сырдарияның орта және төменгі алаптарын Әмударияның аяғындағы Үргеніш аймағын қамти орналасқанын, шығысы Шудың бас сағасына дейін ұласып жатқанын дәйектеді [499, 135-137; 82, 274]. Яки, «Ханнама» мәліметтері Қаңлы мемлекетінің ж. с. д. II-I ғасырларда айтарлықтай дамығандығын байқатады. Қаңлы патшасы өзінің иелік ететін аумағының барынша кеңеюіне байланысты, оңтүстіктегі жазиралы аумақтарда қалыптасқан қала-қыстақтарды сол аймақтардың табиғи шекаралары бойынша жеке-жеке иеліктерге бөліп, оларды өзінің тағайындаған бектері арқылы басқару жүйесін орнатқан. Мемлекет аумағы сол бес бектік пен патша өзі тікелей басқаратын солтүстік өлкені қамтыды. Сондықтан да қытай жазбаларында бес иеліктің түгелдей қаңлы патшасына бағынатынына назар аударылған, – деп жазады қазақтың белгілі қытайтанушы ғалымы Н. Мұхаметханұлы [535, 53].

Парсы мен еуропалық көне жылнамашыларға бұрын еш мәлімсіз, белгісіз боп келген *қаңжүй/кангюй/қаңлы* этнониміне қатысты деректердің қалай ғылыми айналымға іліккен тарихының өзі де ежелгі мәліметтерді көздің қарашығындай сақтайтын қытайдың мұрағаттық дәстүрінің өзгелерден шоқтығы биік екендігін тағы да мәртебелейтін айқын айғаққа саяды. Төңіректегі

елдер туралы саудагерлерден, жиһангездерден естіген мағлұматтарды, арнайы аттандырылған елшілердің жазғандарының бәрін жіпке тізгендей іріктеп, қаттап отыратын сол тарихи үрдістің арқасында, Қытай мұрағаттарында орталықазиялық арғытүрк жұрттары – хұн, тиек-түрк, үйсін (усұн), қаңлы, үйежы (ружы, юечжи), сақ, т. б. халықтар туралы еурокіндікшіл ғылымның талай-талай біржақты пікірлерін жоққа шығаратын, оларды қайта пайымдауға зор мүмкіндіктер әперетін мол деректердің жинақталғаны бүгінде әлемге аян. Ол аса құнды қазыналардың арасында Қытайдан батысқа қарай жатқан өңірлер мен оларда мекендейтін халықтар туралы жыл санауға дейінгі ғасырлардың өзінде тыңғылықты мағлұматтар жетерлік. Солардың алғашқыларының бірі қытай елшісі Жаң Чианның (Чжан Цянь) ж. с. д. 138 жылдан бастап Батыс өңірлерге жасаған сапарлары кезінде көрген-білгендерін жазып қалдырған, кейіннен Сы-ма Чиэннің «Тарихнамасына» «Дайюаң баяны» атауымен 123-ші тарау боп енген жазбалар еді [536, 199-126]. Онда Жаң Чианның Батыс Түркістан аймағына не мақсатпен барғаны, нендей тірліктер бітіргені жөнінде жан-жақты мәліметтерге қанығуға болады.

\* \* \*

...Бұрын ұсақ патшалықтардан тұрған қытай елі ж. с. д. 221 жылы біртұтас Чин (Цинь) мемлекетіне айналып, оның билеушісі император атанды. Алайда бастары бірден пісе қоймай, 14 жылдан соң ол қайта құлады. Тақ тізгінін олардан кейін алған Хань әулетінің билігі ғұмырлы болып (ж. с. д. 206 – ж. с. 230 ж.), олар қытай елін қуатты, өркендеген империя дәрежесіне жеткізді. Қытайдың императорлық дәуірінің басталуы – олардың теріскейінде жатқан түздіктердің жойқын Хұн патшалығының құрылуымен де қатар өрбіген еді. Хань билігінің өз шекарасын солтүстікке қарай кеңейткісі келген мақсатының, сол түздіктердің тегеурінді тойтарысына ұшырап, беттерінің талай уақытқа қайтып қалғаны, содан былай хұндармен санасуға мәжбүр болғаны да белгілі. Екі арада «бейбітшілік пен іліктік (құдандалық)» қатынас орнатуға ұмтылып, қуатты әскері бар хұндардан тайсақтайтын, кей

сәттерде өздерін төменшік қалге ұшырататын жайттарды да амалсыз бастарынан өткергені көне заманғы қытай деректерінде шып-шырғасыз жазылып қалған [474, 330-340].

Хань империясынан келер қауіптің бетін осылайша өздерінің күш-қуат сесімен-ақ қайтарған хұндар, Мөде (Маудун) чәнүй (тәңірқұт) кезінде Қытайдың теріскейіндегі өңірлерді ғана емес, оның батысындағы Гәнсу мен Тарым алабында жатқан *Үйежы* (ружы, юечжи), *Усұн* (Үйсін), *Льуләң*, *Хусы* (Хушиө) сияқты, барлығы 26 елді қылыштың жүзі, найзаның ұшымен біртіндеп өз қарамағына қосып алған еді. Сол ж. с. д. 177 жылы бағындырған елдердің бірі Үйежы (ружы, юечжи) мемлекеті өз кезінде атағы дүрілдеген, хұндарға үстемдік танытып, бала Мөдені де аманатқа ұстаған қуатты патшалық болатын. Көне деректерде ата жауларын бағындырған соң, хұндардың үйежы патшасының бас сүйегінен шарап ішетін тостаған жасап, кегін қайтарғаны айтылады. Хұндар онымен ғана шектелмейді, он жылдан кейін (бұл Мөде қайтыс боп, оның орнына баласы Лаушан тәңірқұт билеген кез) үйежыларға тағы бір сұрапыл шабуыл жасап, батысқа қарай көшіріп жібереді. Содан олардың бассауғалап қашқан басым бөлігі *ұлыүйежы* (үлкенүйежы, даюечжи), бұрынғы мекендерінде қалғандары *кішіүйежы* аталады. Ұлыүйежылар Іле, Жетісу бойына ығысып, өз кезегінде сол жерде отырған сақтарды (сайларды) оңтүстікке қарай лықсытып, Кәшмір арқылы оңтүстікке босуға мәжбүр етеді. Бірақ бұл жерде де үйежылар (ружылар) тыныштық таппайды. Содан жиырма жылдай уақыт бұрын ғана өздерінен тас-талқан боп жеңіліп, жойыла жаздаған, кейіннен хұндарға барып пана тауып, соңыра қайта күшейген үйсіндердің<sup>57</sup> Күнми (Күнби) бастаған

---

<sup>57</sup> Қазақ синологы Н.Мұхаметханұлының «қытай деректеріне *усін* (усунь) боп түскен иероглифті әуелгі дыбысталуына қайта транскрипциялайтын болсақ, онда ол *үйсін* болып шығады», деп нақтылағаны [535, 4-9], сондай-ақ археология академигі К. Байпаковтың *усунь* атты ежелгі тайпа мекен еткен аумақты бүгіндері де қоныс етіп отырған *үйсін* жұрты арасында археологиялық, этнотектік сабақтастық барын дәйектегеніне байланысты [499, 134], біз орысша *усунь*, қытай деректерінен қазақшаға бейімделіп оқылуында *усін*, *усұн* деп жазылып

әскерлерінің шабуылына (шамамен 163 жылы) ұшырайды [536, 201-205].

*Ұлыүйежылар* тағы да амалсыз батысқа беттеген жөңкілісін әрі қарай жалғастырып, Ферғананың батыс қапталына өтеді. Теріскей шекарасы Сырдарияның орта ағысына дейін ұласып жатқан қуатты Грек-Бактрия (Дася) мемлекетінің жеріне жетеді. «Тарихи жазбалар» мен «Ханнамада» үйежылардың Дасяны бағындырғаны айтылады [536, 201; 537, 25]. Алайда кей ғылыми талдаулар бойынша, ұлыүйежылар Бактрия патшасы Евкратидпен мәмілеге келіп, сол елдің теріскейіндегі таулы-түзді аймаққа қоныстануға мүрсат алады деген пікірлер де ортаға тартылады. Шамасы, Евкратид үйежыларды өзінің басты қарсыласы Парфия билеушісі Митридатқа қарсы соғыстарға пайдалану үшін, сондай-ақ теріскейдегі түздіктерден қорғану мақсатын көздеп, екі арада қалқан ретінде ұстауды ойластырған болуы керек [520, 315].

Ал бұл кезде олардың Іле алабы мен Жетісу өңіріндегі соның алдында ғана аз ғана уақыт мекен еткен қоныстары *үйсіндердің* иелігінде толығымен көшіп үлгерген еді. Өздерінің бір замандардағы атамекеніне орнығып, жері кеңейген үйсіндердің құрамына сол өңірден көшпей қалған сақтар мен үйежылардың қосылуы себепті, олар көп ұзамай-ақ жан саны мол қуатты патшалыққа айналады. Әбден нығайып алған соң, өздері бұрын тәуелді болып келген хұндарға сырттарын бере бастайды. Дербес өмір сүргенді қалайды. Соның әуелгі белгісі ретінде жыл сайын хұн чәнүйіне барып тағзым етіп тұру дәстүрінен бас тартады. Бұл хұндарға аса ұнай қоймайды. Дегенмен олардың көпе-көрнеу «бассыздықтың» жолын кесу үшін үйсіндерге арнайы аттандырған әскері жеңіске жете алмай кейін оралады. Хұндар да содан кейін талай жыл (ж. с. д. 80 жылға дейін) олардың мазаларын ала қоймайды. Осының өзі де қаншама жақтыра бермесе де, чәнүйдің Үйсін елінің мемлекеттігін мойындағанын көрсеткендей болған еді [536, 201-205; 520, 245-246; 535, 8-13].

---

жүрген терминді алғашқы (арғытүрктік) нұсқасы *үйсін* қалпында қолданғанды мақұл көреміз.

Ж. с. д. 140 жылы Хань империясының тағына отырған алтыншы император У-ди (Ву-ди) қытай елінің қуатын одан әрі арттыру үшін, ең алдымен теріскейдегі мазасыз көрші хұндарды құртуды ойластырады. Сол жоспарын қайтсе іске асыруға болады деп жүргенде, хұндардың қолға түскен тұтқындарының бірінен, оларға ежелден ата жау боп келетін *үйежылардың* отыз жылдай бұрын өздерінен ауыр жеңіліске ұшырап, батыс өңірлерге қарай босып кеткенін, қазір ол жақта мықты патшалық құрып отырғанын естиді. Император кеңесшілерімен ақылдаса келе, дереу сол үйежыларға елшілік аттандырып, оларды хұндарда кеткен ата кектерін қайтаруға үгіттеу қажет, егер олар ар жақтан, қытай бер жақтан шабуылдаса, хұндарды жойып жіберуге әбден болады емес пе, деген ұйғарымға келеді. Сол мақсатпен У-ди ж. с. д. 138 жылы Жаң Чиан бастаған елшілікті үйежыларға аттандырады. Оның қасына түздіктер тілін білетін ху малайын қосады.

Алайда, елшілік жолшыбай Хань империясының теріскейі мен батысындағы жерлерді қаусыра орап жатқан хұндардың қолына түсіп қалады. Жұң-чын тәңірқұт оның қандай тапсырмамен кетіп бара жатқанын біле тұра, жазаға бірден тартпай, он жыл тұтқында ұстайды, тіпті үйленуіне де рұқсат етеді, Жаң Чиан сол ху әйелінен ұл көреді. Дегенмен, императордың пәрменін естен шығармаған ол, хұндардың қырағылығы әлсіреген бір сәттерде, отбасымен, малайымен бірге қашып шығып, *ұлыүйежылар* еліне қарай үзілген сапарын әрі қарай жалғастырады. Біршама қиындықтарды бастан өткере жүріп, ақыры Дайюаң (Ферғана, Қоқан) жеріне де жетеді. Дайюаңдықтар Хань патшалығының қуаты мен байлығы туралы бұрыннан да құлағдар екен. Жаң Чианды пейілдене қарсы алып, қытай империясымен қалай қарым-қатынас орнатуға болатынын сұрастырады. Елші: «маған берілген тапсырма үйежылармен келіссөз жасау. Адамдарыңыз мені сол елге жеткізіп салуға көмектессін. Егер елге аман-есен оралсам, императорымыздың сіздерге жіберетін тарту-таралғыларының көптігіне сан жетпес еді», деп олардың көңілінен табылады. Ферғаналық билеушінің тапсыруымен, елшіні солтүстік-батыстағы Қанжүй еліне жеткізіп салады. Ал қаңлылар оны сол жақтан ұлыүйежыларға алып барады.

Үйежылардың сол кездегі патшасы, ана жылдары хұндар бас сүйегінен тостаған істеген ханның баласы екен. Патша өздерінің сол кеткеннен Дася еліне маңдай тіреп, жері құнарлы, жаугершілігі мен қарақшылығы аз осы елдегі тыныш тіршілікке дағдыланып қалғанын, хұндардан кек алу тіпті ойларына да кірмейтінін айтады. Мазаламауын өтінеді. Ештегені өндіре алмаған Жаң Чиан кері оралуға мәжбүр болады. Ол қайтар жолда тағы да хұндардың қолына түсіп қалғанымен, бір жылдан кейін сол елде бұрынғы чәнүйдің өмірден озып (ж. с. д. 126 ж.), оның інісі И-жы-шиенің билікті тақ мұрагерінен тартып алу үшін соғыс ашқан дүрбелең күндерінде тағы да қосағымен, малайымен бірге сытылып шығуға мүмкіндік алады [536, 199-200, 456; 474, 343].

Арнайы елшінің батыс өңірлер туралы алып келген мол дерегі Хань императорының назарын ерекше аударады. Ол Дайюан, Дася (Бактрия), Энси (Парфия), Ұлыүйежы, Қаңжүй сияқты күш-қуаты жеткілікті патшалықтармен байланыс орнатып, олардың сенімінен шығу арқылы, сол елдерді өз жағына тартуға, империяның ықпал аумағын кеңейтуге болатынын ұғынады. Әрі, іле-шала өткен оқиғалардың өзі-ақ соған орайласа кеткендей көрінген. Ж. с. д. 124-121 жылдар аралығында Хань әскерінің солтүстік-батыс бағытта хұндарды ауыр жеңілістерге ұшыратуы нәтижесінде, Гәнсу дәлізі толығымен қытайлықтар иелігіне өтіп, батысқа баратын жолдарды бақылау империяның өз қолына көшеді. Жағдайдың барысы осылайша ойлаған шаруаларға қарай өзі аунап тұрған соң, У-ди де ол мәселені көп ұзата беру жөн деп таппайды. 119 жылы Жаң Чиан бастаған елшілікті тағы да батыс өңірлерге жұмсайды. Мол тарту-таралғыларды артынып-тартынып шыққан елшілік алдымен үйсіндерге жетеді. Өйткені, бірінші сапардан кейін императорға берілген есепте, батыстағы бірнеше патшалықтардың арасында өздеріне ең таяу жатқан, 120 000 түгін саны, 630 000 адамы, 188 000 тұрақты әскері бар Үйсін мемлекетінің хұндарға қарсы күресте одақ болуға ең лайық ел екендігіне назар аударылған еді. Сол себепті де үйсіндерді «шығысқа кері қайтып, хұндардан босаған жерлерге барып қоныстануға ұсыныс жасап көру қажет», деген ұйғарым жасалған-

ды. Жаң Чианға: «Егер үйсіндер шығысқа көшуге келіссе, император өз әулетінің ханшайымын Күнбиге қосады», деген Хань патшасының сәлемін де жеткізу тапсырылады. Алайда ел астанасы Шығуға арнайы ұсыныспен келген елшіге, үйсіндердің игі жақсылары дәл ана жылғы үйежылар сияқты оң жауап бере қоймайды. Бір жағы хұндардың тұтқиылдан тиетін қатерінен де сескенетін олар, қазіргі жылы орындарынан қозғалудың қажеті жоқ деп шешеді. Күнби де олардан асып ештеңе айта алмайды [536, 205; 52, 445-446].

Мақсатына толық жете қоймаған Жаң Чиан содан соң өзінің көмекшілерін Дайюанға, Қаңжүйге, Үйежыға, Дасяға, Әнсиге жеке-жеке елшілер ретінде аттандырып, өзі отанына оралады. Оны жеткізіп салу үшін, сыйға тартатын сәйгүліктер үйірін бірге ала шыққан үйсін елшілерінің тобы Хань хандығының жан саны көп әрі бай екендігін көздерімен көріп, өзара қарым-қатынастар құру қажеттігін көңілдеріне түйіп қайтады. Сондай-ақ батыс өңірлерге барған елшілер қайтып оралысымен, Ферғана, Үйежы елдерімен қытайдың барыс-келістері басталып кеткенін, әрі хұндар тарапынан төнетін қатердің сейіле қоймайтынын байқағасын, енді үйсіндердің өздері император сарайына елші аттандырып, Хань ханшайымына үйленіп, құдандалы болғысы келетіндігін білдіреді [536, 206].

Одан кейінгі оқиғалар «Ханнамадан» белгілі. Император бұған келісімін беріп, үйсіндердің қалыңмал ретінде әкелген мың жылқысын қабылдап алып, ж. с. д. 105 жылы Жиянду бегінің қызы Шижунды жасы жетіп отырған Күнбиге асқан салтанатпен ұзатады. Қытай ханшасы Күнбидің оң тізесін басар бәйбішесі атанады. Орда ісіне кәдімгідей араласқанымен, кәрі күйеуінің тілін де жақсы ұғына қоймаған ханша арттағы елін сағына мұңлы ән де шығарыпты. *«Ата-анам мені ұзатты, // Алыс жаққа - жат өлке. // Үйсіннің ханы қосағым, // Күндерім қайда бал ерке. // Дөңгелек шатыр – тұрағы, // Бүркелген түгел киізбен. // Қымыз ішіп, ет жейді, // Асым сол ерін тигізген. // Туған жерді ойлансам, // От оралар деміме. // Қазға айналып, қалықтан, // Қайтсам-ау туған еліме»* [537, 34-35; 534, 196-204; 52, 446-448], деген ол жолдардан

сол замандағы арғытүрк түздіктерінің өмір салты айқын аңғарылады...

\* \* \*

Хань империясының тапсырмасымен батыс өңірлерге арнайы барған сапарында өзге елдермен қатар Қаңлы патшалығы туралы да бұрын еш мәлімсіз мағлұматтарды ала келген Жаң Чиан жиһангездің жазғандарын Н.А. Бичуриннің 1851 жылы шыққан әйгілі еңбегі [538] арқылы жақсы білген С.П. Толстовтың, сол ж. с. д. II ғасыр оқиғаларын арғы Хорезм заманының археологиялық тарихымен сабақтастыруды мақсат тұтқаны анық. Әрі оны Толстовпен бірге Хорезм экспедициясына қатысқан, ол ұстанған бағыттарды әрі қарай жалғастырған үзеңгілес Нәм шәкірт ғалымдар, өз зерттеулерінде [123; 291; 292; 293; 456; 476; 520; 529; 530] *солтүстік түгіскен, үйғарақ* ерте сақ мәдениеттерінің этнотектік ізбасарлары ретінде танылатын *шірікрабат, жетіасар* мәдениеттерінің қытай деректеріндегі *қаңлыларға* тән екендігін, ол дәстүрлердің соңыра Сырдарияның орта ағысы мен Ташкент төңірегіне таралған *қауыншы, отырар-қаратау* мәдениеттері түрінде көрініс бергенін дәйектеді.

Ең көне ескерткіштері ж. с. д. V ғасырға маңайлайтын *шірікрабат* мәдениеті соның алдындағы дәуірлерде Әмудің Ақшадария арнасымен теріскейге қарай бұрылып кетіп, Сырдарияның Жаңадария және Іңкәрдария салаларына қосылу арқылы Аралға шығыс орта тұстан барып құйған сулы-нулы кезеңдерден қалған бір белгіге саяды. Ол ғасыр ж. с. д. I мыңжылдықтың алдында Әмударияның ежелгі арнасына қайта оралуына байланысты, Ақшадарияның құрғап қалған алабына адамдардың қоныстануы тоқтаған, енді Іңкәрдарияның басына да сол күн туа бастаған заман еді [122, 5-11; 123, 42-44]. Талай уақыт іргелесе аққан үш өзен жүйесінен – сол кезде су түсуі үзілмеген Жаңадария ғана аман қалғандықтан, тіршілігі тоқыраған өзге арналар бойынан сол өзен алабына ығысқан жұрттармен бірге түгіскендік, үйғарақтық дәстүрлер де Шірікрабат төңірегіне шоғырланады. Алайда ж. с. д. II ғасырда Жаңадарияның да құрғап



қалуына байланысты туындаған экологиялық ахуал – мығым бекіністер, зәулім ғимараттар мен биік обалар тұрғыза алатын ерекшеліктерімен танымал болған шірікрабаттықтардың да жан-жаққа таралуына мәжбүр етті. Солардың бірсыпырасы, Парфия жаққа ауды делінсе де, көбі жақын жердегі Қуандария алабында қола дәуірдің соңынан бері дәстүрі үзілмеген *жетіасар* мәдениеті өркендеген аймаққа, сондай-ақ біртін-біртін ағынды Сырдарияның орта ағысына қарай қоныс аударды. Ташкент, Отырар-Қаратау жазықтарына шірікрабаттық, жетіасарлық *қаңлы* мәдениетінің мығым бекіністер мен қоныстар салу үрдістерін жеткізді [456, 100; 529, 4-5, 10-11, 375-376; 539, 120].

Бұл археологиялық деректер қытай жазбаларындағы мәліметтермен де сәйкесім табады. Мәселен, Б. И. Вайнберг «Ханнамадағы» қаңлының Битән атты астанасының Ферғанадан теріскей жақта жатқан қала ретінде көрсетілуіне қарап, оны Жаңадариядағы Шірікрабат, одан 40 шақырым жердегі Бәбішмолда, Қуандария (Ескідариялық) бойындағы Алтынасар секілді шәһарлардың бірі немесе Сырдарияның оң жағалауындағы Сарысу мен Шудың төменгі арналарында орналасқан қала болуы ықтимал, деп есептейді. Сонда қаңлы патшасының жеті күншілік жердегі жазғы ордасы қонған жер Ұлытау мен Мұғалжардағы жайлауларға сәйкесер еді, дейді белгілі этногеографшы ғалым [456, 272-273]. Сонымен бірге Битән қаласының орнын, бүгінгі Тараз ретінде де танитын пікірлер бар [476, 272-273; 520, 80]. Осылай бағамдалған кездің өзінде де жазғы орданы Ұлытау, Сарыарқа жақта деп болжауға болар еді. Ол жаққа баратын бағыт Талас өзенін бойлай, Шу бойына шығып, Терісаққан арқылы Сарыарқа жонына шығатын ескі керуен жолдарымен дөп үйлеседі. Осылардың өзінен-ақ ж. с. д. ҮІІ-Ү ғасырлардағы ерте сақ, тұр мәдениеттеріне сабақтасатын *хйаона*, *апасиақ* сияқты тайпалар құрған мәдениеттердің негізінде ірге көтерген *Қаңлы мемлекетінің* дәуірлеген шақтарында, шығысы Шу алабынан бастап, батысы Жайыққа, күнгейі Қашқадария, Әмудариядан бастап, теріскейі Ұлытау ендігіне дейін созылған алып аумақты

алып, Ұлы Жібек жолының маңызды тармақтарын бақылап отыруды жүзеге асырғанын аңғару қиын емес [456, 282-283; 82, 287].

Ж. с. д. 101 жылдары қаңлылар қытай әскерінің басқыншылық шабуылына қарсы ферғаналықтарға жақтасты. Содан 16 жылдан кейін, 85-ші жылы Шығыс Түркістан қалаларын иемденбек болған қытайлықтарға қарсы көтеріліске шыққан Қашғар билеушісіне әскер жіберіп, 46-36 жылдарда Қытай империясымен мүйіздескен солтүстік хұндарға көмек берді. Мұндағы қаңлы саясатының жалпы бағыты Ферғана арқылы Шығыс Түркістанға өтетін сауда жолындағы өз ықпалын сақтап қалу еді [535].

Қаңлылардың ж. с. III-IV ғасырларына дейін жекелеген мемлекеттерге елшілік жіберіп отырған қуатты патшалық ретіндегі орнын сақтап келгені қытайдың Үй (Вэй) патшалығы тарихнамасынан да байқалады. Онда: «Қаңлының күшті мемлекет деген атағы бар. Батыс өңірдегі елдердің көбі оған тәуелді. Маймарк, Кеш, Күшания, Бұқара, Мары, Үргеніш елдерінің барлығы оған тәуелді» деп жазылыпты [535, 54]. Алайда, сол кезеңдерде, оның әлсіреуі де басталған сияқты. Бұл бұрын оның құрамында болған батыс беттегі Янцай иелігінің аталмауынан да байқалады. Сол шамаларда Арал-Каспий өңіріндегі сармат-алан тайпаларын біріктірген, «әдет-ғұрпы, киген киімдері қаңлыларға ұқсас, әскері жүз мыңнан асатын» янцай елі атын «алан» деп өзгертіп, бір бөлігі Арал мен Алакөл арасын мекендеген динлиңдерге қосылып, Алан-динлиң патшалығын құрса [520, 277-283], батыс жақтағы топтары Каспий мен Кавказдың теріскейіне дейінгі аумаққа да ұзап кеткен болатын [536, 201; 535, 53, 92-94]. III-IV ғасырлардағы қытай деректеріне қарағанда, сол мерзімдерде *қаңлылар* өзінің қос өзен аралығындағы иеліктеріне үстемдік етуінен айырылып, бірқатар дербес иеліктерге бөліне бастайды [499, 136].

Алайда ол этнонимнің бір сілемін жыл санаудың V ғасырынан бастап сол өңірлерде пайда болған *қанғар* атауынан да байқауға болатындай. Оның кейіннен *бешенектер* (М. Қашқари - [279, 54]) құрамындағы белгілі тайпаға айналғаны белгілі. Егер қанғарлардың да Сырдарияның төменгі алабындағы *жетіасар*

мәдениеті өркен жайған аймақта мекен еткенін қаперге алсақ [456, 284-285], оларды бір жағынан, ж. с. д. II-I ғасырларда сол өңірлерде қалалы бекіністер тұрғызған *апасиақтардың* ұрпақтары деп те бағамдауға келер еді. Массaget-сақтардың *апасиақ* тайпасының орнына кейіннен *бешенек* (*печенег*) түрк тайпасының қоныстанғанын С. П. Толстов та атап өткен [533, 43]. Оның бұл этнонимді Страбонның Бактрияны ж. с. д. 130 жылдары гректерден тартып алуға қатысқан түздіктер қатарындағы *пациан* тайпасына [347, XI, 8, 9, 483-485] сәйкесетін *апасиақ* түрінде қабылдағанына назар аударған С.Г. Кляшторный да, өз зерттеуінде *қанғар* этнонимінің бірте-бірте *пациан*, *пациак*, *апасиақ* нұсқаларының жалғасы саналатын *бешенек* атауына орын бере бастағанына мән береді. Ол бұл ретте «Суйшу» жазбаларындағы, аландармен қатар жатқан тайпа ретінде аталған, П.Пельо бешенектермен қисынды шендестіре алған *бэй-жу* (\*рәк-нз<sup>i</sup>ʷок) этнонимін маңызды дәйек деп санайды [540, 177].

636 жылы жазып бітірілген «Суйшу» (Суй әулеті тарихы) кітабының «Теле баяны» (84-бума) тарауында: «Фулиннің шығысында *эньцюй*, *алан*, *байжуцзюли*, *фувахунь* қатарлы елдер тұрады», деп жазылған. Мұндағы Фулинь – 6-шы ғасырда шығыс жағы Қара теңіздің теріскей-шығысын қамтып жатқан Византия (Рум) аймағы, қалған елдер соған іргелес Шығыс Еуропа далалары мен қазақ жерінің батыс қапталын мекен ететін түрк тайпаларының тізбегін аңғартады. Эньцюй – *оноғұр*, алан – жоғарыдағы алан, арғытүрктік *ас* тайпасы, ал *байжуцзюли* (бэйжу) – Пельо бағамдаған *бешенек* тайпасының, *фувахунь* – *bughar* (бұғһар), шамасы *бұлғар* елінің қытайша транскрипцияларына саяды [541, 6, 55, 62-63]. Зерттеушілердің денінің *қанғар* этнонимін *бешенектердің* екінші аты ретінде қарайтынын, өзінің көлемді «Қаңлы» атты еңбегінде қазақ академигі Ә. Қайдар да атап өтеді [542, 38-39, 265-267]. С. А. Плетнева да қаңлы, қаңғарды «*протопеченег*» деп тұжырымдайды [543, 113].

*Қаңлы* (*кангюй*, *қаңжүй*), *қаңғар*, *қаңғарас*, *қаңғит* этнонимдерінің түбірі «қаң» сөзінен шыққандығына орай, Сырдария өзенінің бір кездегі атауы Қан//Қаңк//Қаңға болды,

соған байланысты осы «өзен-су» мағынасын беретін гидронимнен оның алабын мекендеген жұрттар *қаңлы* атанған деген пікірлердің басым екендігі Ә. Қайдар кітабында да талданып көрсетіледі. Бұл этнонимдерді «қаң» түбіріне жалғанып тұрған түрк тілдеріне тән «ру-тайпа» мағынасын білдіретін аффиксоид деңгейіне көтерілген: *ap//ep, am//em//ым//-m, ac//ec//-c* және сол жұртқа тиесілікті білдіретін *лы//лі, ты//ті* көптік жалғауы қосылуынан пайда болған атауларға балайды. Ал қытай тілінде қалыптасқан кангюй, қаңжүй нұсқалары қаң (kang) түбіріне этнос атын білдіретін қытайдың гуй (gui) және жүй (jü) иероглифтері жалғанып жасалған этнонимге саяды [542, 57-58, 179-181]. Кляшторный Қанғ сөзін Сырдарияның көне атауы дегеннен гөрі, оны «Қаң өзені» (Қаң елінің өзені) ұғымынан туындады деу жөн секілді деген ой айтады [540, 167]. Яки «Қаң өзені» деген түсінік қалыптаса келе ықшамдалып «Қаң» түріне айналған.

Бұл орайда жоғарыда тілге тиек етілген, кейінгі зерттеулер нәтижесінде сақ заманының этнонимі ретінде дәлелденген «*хйаона*» атауын да осы этимологиялық нұсқалар қатарына қосу қажет деп санар едік.

Ежелгі қытай деректерінде «солтүстікшептік» түздіктердің әр кезеңде әртүрлі атаулармен белгіленгені, бәрінің де түп-тегі арғы *тиектер* (түрктер) заманына барып тірелетініне қатысты соңғы жылдардағы зерттеулерге назар аударғанда, осы *хйаона* атауының бастапқы нұсқасы делінетін *хйаниун* этнониміне [444; 232; 233; 523] ұқсас бір атау да біздің тақырыбымызға орайласатын ерекшеліктерімен көлденең тартылғандай болар еді.

Ол ж. с. д. II мыңжылдықтың соңы мен I мыңжылдықтың басында көне Қытайдың теріскей-батысында мекен еткен *қияң* (kiang) жұрттары. Олар да кейіннен *си-ривем* (shi-riwem), *си-роң* (shi-rong) – батыс жұндар, батыс салт аттылар) деп аталған қауымдар қатарында аталған [263, 44]. Яки оқырманға біршама таныс *жұң-дилер* (тиек) ауқымындағы этноним. Сондай-ақ мұны 1994 жылы жарық көрген «Чжунго миңцзу ши» (ҚХР халықтарының тарихы) атты зор еңбектегі «солтүстік тиек (*ди*) жұрттарының этнотегі бір кездердегі *қияң жұндармен* (kiang-rong)

де байланысады», деген анықтама түйіні одан әрі нақтылай түседі [263, 235-236].

Бұл мәліметтерден *қияң* деп аталған сол жұрттың арғытүрктік-жұндарға бөтен еместігі біршама аңғарылады. Және де біз үшін тағы бір маңызды дәйек – дәл осы қияндардың негізінен қой шаруашылығымен айналысатындығы, қытайлардың оларды сол кәсібіне байланысты, «қой, қошқар, таутеке» мағынасын білдіретін «*йаң*» (yang 羊) иероглифімен таңбалағаны және қошқар малын өздері *табынатын кие* ретінде санағандығына саяды [263, 161, 245]. Ал дәл осы ерекшелік оларды батыс орталықазиялық аймақтың ежелгі халықтарының бірі – *қаңлылармен* сабақтастырғандай да болар еді.

Әйгілі археологтар Б. А. Литвинский мен К. М. Байпақов да қаңлылардың малды, әсіресе қошқарды кие санағанын, оның басы мен мүйізі керамика, теңге, ыдыс-аяқ бұйымдарына салынатын ежелгі стильдік өрнек ретінде танылғанын арнайы зерттеді [544; 545]. Мәселен, қошқардың ең ертедегі бейнелерінің бірі *жетіасар* мәдениеті аясындағы Томпақасардың ж. с. д. I мыңжылдықтың екінші жартысымен мерзімделетін қатпарын қазу кезінде табылды. Онда құмыра шүмегінің басына қошқардың шеңберленген мүйізі, дөңес тұмсығы, көзі ап-анық бейнеленген. Сондай-ақ Арыс өзенінің сағасындағы Қарауылтөбе қалашығының орнынан ж. с. алғашқы ғасырларға жататын қатпарынан ұшырасқан қазан қақпағының тұтқасындағы қошқардың мүйізді басының сұлбасы да шебер орындалуымен ерекшеленеді. Қыштан жасалған мұндай мүсіндер Ташкент пен Отырар шұраттарындағы қазба жұмыстары кезінде де біршама кездескен. Зерттеушілер арасында Хорезм теңгелеріндегі S нақышы – сол қошқар мүйізінің символы, ол тиісінше *қауыншы* мәдениетіндегі қошқар бейнесімен сабақтасады деген тұжырымдар айтылады. Түрк жұрттары арасында қой жауырынына қарап бал ашу, қазақ өрнегінде «қошқар мүйіз» оюының басым байқалатыны, Маңғыстау далаларында қошқарлардың тұтас тас мүсіндерінің кездесуі, бәрі-бәрі сонау сақ замандарынан Орталық Азиядағы қияң (қаң)

түбірінен тарайтын этнонимдердің өмір салтында қошқарларды кие тұту дәстүрінің үзілмегенін аңғартады [545, 32-45].

Осы тұрғыдан алғанда да *қаң* жұртын тұрлардың жалғасы, массагеттің бір синонимі – *хйаонамен* де сабақтастыруды тағы бір болжам ретінде санау артықтық етпейді дер едік. Хйаона→қияң→қаң сөздерінің дыбыстық үндестігін былай қойғанда, Сырдарияның «сулы-нулы» төменгі ағысында өз мәдениеттерінің бастапқы іргесін көтерген *қаң* жұрттарының [542, 179-180], Страбондағы «өзен-көл сақтары» деген мағынаны беретін *апасиақтармен* [290, 136-137; 527, 104] баламалығы байқалып тұрғандығы да бекер еместей көрінеді. Олар өздерін *хйаона* (бәлкім, қиян) түрінде атағанымен, грек тарихшылары мен географтары оны өз ана тілдерінде жалпылама *массагет* деп атап, тұрған мекендерінің сулы болуына байланысты, *апасиақ* (су сақтары) деп ерекшеледі. Батыс Түркістанның оңтүстігіндегі олар қоныстанған аймақтарға іргелес Грек-Бактрия, Парфия патшалықтары дәуірінде (ж. с. д. 250 – ж. с. 227 ж.) грек тілінің мемлекеттік іс қағаздары тілі ретінде кеңірек танылуына байланысты, «хйаона-қияңдар» көбіне сырт елдер үшін апасиақ атымен қалыптасты. Сол атау кейінгі түрк замандарында *қаңғар*, *қаңлымен* қатар аталып, оның бір ұрпағы ретінде танылатын, батысқа қарайғы аймақтарға өріс ұзартқан тайпалар одағы – византиялық деректердегі *пацинак*, орыс жылнамаларындағы сол атаудан туындаған *печенег* (торк, половцы), араб, парсы жазбаларындағы *бешенек* этнониміне табиғи түрде ұласты.



Қорыта айтқанда, арылы-бергілі көші-қон толқындары өтінде әртүрлі этностық сапырылыстарды бастан кеше жүріп, ірі патшалық құру дәрежесіне дейін өскен қабырғалы *қаңлы* тайпасының әуелгі этнотегін – «Авестадағы» *тұр*, *хйаона*, грек жазбаларындағы *массагет*, көне қытай деректеріндегі *тиек-түрк* жұрттарымен тығыз байланыста қарау; Орталық Азияның шығысы мен батысын ұластырып жатқан ежелгі этнонимдердің «*хйаона-қияң-қаң-қаңғар-қаңлы*» түрінде өрістеген сабақтастық тізбегіне сәйкестіре бағамдау жөн деп санар едік.

Байырғы тарихы ежелгі қаңлы, хұндармен қатар өрбіген *үйсіндердің* де арғы этнотегі қытай деректерінде біршама қатталған. Олардың кей тұстарын жоғарыда қытай елшісі Жаң Чианның батыс өңірлерге жасаған сапарлары кезінде қаперге алдық. «Ханнама» және басқа да жазбалардағы мәліметтер үйсіндердің хұндармен, үйежылармен қарым-қатынастары туралы көптеген құнды дәйектерді алға тартады. Оларда ж. с. д. II ғасырда үйсіндердің Хұн империясы құрамындағы шағын ел ретінде Шығыс Тәңіртау өңірін мекендегені, кейіннен батысқа қарай қоныс аударып, Іле өзені бойы, Жетісу өлкесіндегі тайпаларды оңтүстік-батысқа қарай ығыстырғаны, соның нәтижесінде Үйсін мемлекетінің ірге көтергені бағамдалады. Мемлекеттің астанасы Қызылаңғар деген жерде орналасқан Шығу шәһары болыпты. Шекаралары батысында Шу, Талас өзендеріне, шығысында Тәңіртаудың шығыс беті, солтүстігі Балқаш көліне, оңтүстігі Ыстықкөлге дейінгі аймақты алып жатыпты. Патшасы Күнби (гуньмо) деп аталған. Әлеуметтік қарым-қатынастары заңдар арқылы реттелген, күшті, ұйымдасқан әскерге ие патшалықтың халқы 630 мыңға жеткені, қытайлар үшін «Батыс өлкедегі ең күшті мемлекет» қатарында саналғаны айтылады.

Үйсін байлары орта есеппен 4-5 мыңнан жылқы айдаған. Қытай билеушілері үйсіндерді хұндарға қарсы соғыстарда өзіне одақтас тұтуға мүдделі болды. Екі арадағы құдандалық қатынастарды сол мақсат үшін де пайдаланды. Ж. с. д. 71 жылы қытайлар хұндарға қарсы 150 мыңдық әскермен шабуыл жасағанда, үйсіндер оларға 50 мыңдық әскермен қолдау көрсетті. Бір-бірлерін қырып-жоюға ұмтылған сол соғыстардың салдары хұндарға да, үйсіндерге де оңай тиген жоқ. Екеуі әлсіреуге бет алды. Көп ұзамай Үйсін ордасында Күнбидің қытай ханшасы мен хұн әйелінен туған ұлдар арасында қиян-кескі күрес басталды. Хань империясы ж. с. д. 52 жылы өз жиендерін Ұлы Күнби деп жариялап, оған 60 мың түтінді бөліп берсе, хұндар да олардан қалыспай өз жиендерін Кіші Күнби деп жариялап, оған 40 мың түтінді басқартты. Осы талас-тартыстың аяғы Үйсін мемлекетінің әлсіреп, Орталық Азиядағы

өзінің саяси ықпалынан айырыла бастауына әкеп соқты. Вэй мен Жин (Цзинь) патшалықтары кезінде (III-Ү ғ.) үйсіндер қытай империясымен тек елшіліктер алмасу деңгейінде ғана шектеліп қалды. ҮІ ғасырда ол жаңадан құрылған Түрк қағандығының құрамына қосылды [535, 11-38].

Ғылымда Үйсін мәдениеті ескерткіштерін үш арнайы кезеңге бөліп қарастыру қалыптасқан. Ж. с. д. III-I ғасырларды қамтитын алғашқы «Қаратал кезеңі» (Қаратал, Қарғалы, Қапшағай-3, Қалқан-1 т.б. қорым-обалары) соның алдындағы соңғы сақ кезеңі ескерткіштеріне ұқсас келеді екен. Қорымдарының саны 5-10, кейде одан да көп болып келетін обалар көбіне солтүстіктен оңтүстікке қарай тізбектеле орналасады. Мәйіттердің бастары сақтар сияқты көбіне батысқа, кейде солтүстік-батысқа бағытталады [313, 76-83]. Бұл сатының аса көрнекті жәдігерлерінің қатарында Алматыға жақын жердегі Қарғалы қойнауынан табылған алтын тәті, жүзіктер, таутеке мүсіндері, сырға, көптеген жапсырмалардан тұратын көне өнер бұйымдарының жиынтығы ерекше бағаланады.



*Қарғалы тәтісі. Ж. с. д. III-II ғ.*


Қарғалы тәтісі – жалпы ұзындығы 35 см, ені 4,7 см екі бөлектен тұратын алтын жолақ, жолақтың үстіңгі жағына да, астыңғы жағына да ені 0,5 см. жиек жүргізілген. Оның ішкі беті толған



күрделі өсімдік тектес өрнектің ортасында тұрған аңдардың, құстардың, адамдардың бейнелері; бұлар қалыппен қысу әдісімен салынған. Мұнда басын артқа бұрып тұрған марал, ұрғашы марал, олардың арасында ұшып жүрген құс, одан кейін үстіне адам мінген, аңдып басып келе жатқан қанатты жолбарыс бейнеленген; адам басын артына бұрып, қолымен ағаштың бұтағынан ұстап отыр. Одан әрі тұғырда тұрған қанатты ат. Тәтінің екінші жартысында жүгіріп келе жатқан аждаһа бейнеленген, оның үстіне сол қолымен аждаһаның мүйізінен ұстап алған адам отыр. Адамның үстінен аққу немесе қаз ұшып бара жатыр. Одан соң тағы да тұғырдың үстінде тұрған қанатты аттың суреті бар. Ақырында, бейнелердің соңғы тобы – ұшып жүрген құс, арқасына адам мінгізіп шауып келе жатқан таутеке, төбесінде ұшып жүрген аю, олардың үстінде тағы да арқарға салт мініп алған адам бейнеленген. Адамның қолында гүл бар. Жануарлардың көздері аққу пен күлгін реңді анартастан салынған, денелерін оймыш-оймыш перуза заттар өрнектеген. Ежелгі үйсін қолөнерінің тамаша ескерткіші болып табылатын бұл тәтінің жасалған уақыты ж. с. д. II ғасыр екені нақтыланды. Сол заман танымдарын күрделі стильде сипаттаған тәтінде: тәңірілер мен құстарға мекен болған жоғарыдағы Аспан; адам мен жануарларға қоныс болған төмендегі Жер; екеуінің аралығында жаратылған сан түрлі тіршілік ағыны бейнеленген. Тұғыр үстіндегі қанатты тұлпар – Күнді, қанатты жолбарыс пен аждаһаға, арқар мен таутекеге мінген адам – табиғатты жарылқаушы тәңірілерді, ұшып бара жатқан аққу-қаздар, қанатты аюлар – молшылық нышанын тұспалдайды [313, 82-83; 499, 156-168; 546].

Үйсін мемлекетінің неғұрлым шалқи дамыған, ж. с. 1-3 ғасырларын қамтитын келесі «Жетісу кезеңінде» обалардың ерекше көбеюі аңғарылыпты. Талғар, Ақтас, Сарытау, Өтеген т. б. қорымдары бар обалар бұрынғыдай тізбектелмей, ретсіз топтала орналасқан үрдіске ауыпты. Лақытты қабірлер пайда болып, мүрденің жанына қойылатын қыш ыдыстардың түбі көбіне дөңес емес, жайпаққа өзгеріпті. Қабір түзіліміндегі бұл өзгеріс осы өңірлерге хұн тайпаларының жылжығанымен байланыстырылады.

Үшінші «Ле кезеңінде», яғни ж. с. 3-5 ғасырларында обалар саны азая түседі де, олар көбіне қыстақ-қоныстар маңына шоғырланады (Ақтас-1, -3, -6, Ұңгірқора-2, Шолақжиде-1 топтары). Қабірлер екі түрлі – жерден қазылған және ұңғылап қазылған лақыт түрінде байқалып, мүрденің жанына түбі жайпақ және дөңгелек көзелер, дәнүккіштер, әшекейлер, ыдыстар, ғұрыптық тамақ қойылған. Бұл кезеңде хұн мәдениетінің әсері бар полихромды нақышпен жасалған өнер бұйымдары да бірсыпыра табылыпты [547, 139-298; 313, 81-87; 82, 260-264; 499, 156-168].



*Салт атты адам  
бейнеленген алтын  
әшекей.*

*Теңдік. Жетісу.  
Ж. с. д. III-II ғ.*

Археологиялық деректер үйсін мәдениетін әртүрлі даму сатысында сабақтастық байланыстары сақталып отырған, 600-700 жыл бойы дамыған біртұтас мәдениет ретінде таниды. Осы тұрғыдан алғанда да, ерте заманғы қытай деректерінде *усін* (*усұн*) деп аталған жұрт мекен еткен аумақты бүгіндері де қоныс етіп отырған қазақ *үйсіндері* арасында этнотектік жалғастық бары, екеуінің түптері бір, әу бастан-ақ түрк төркінді халықтар болғаны пайымдалар еді [499, 134]. Негізінде қытай дереккөздеріне негізделген зерттеулерде үйсін, қаңлылардың түрк тектілігі мен түрк тілділігіне көп күмән келтірілмейді. Белгілі қытай зерттеушісі Су Бихай: «Ж. с. д. II ғасырдан ж. с. VI ғасырына дейінгі 800 жылдық тарихи кезеңде үйсін, қаңлы елдерінің өріс-

қоныстарында көп өзгерістер болмаған. Ал олардың бұл дәуірлердегі мәдениеті сол дәстүрлерге мұрагерлік еткен қазақ ұлысының байырғы мәдениеті негізін қалыптастырды... Үйсін туралы деректерге сүйене отырып, олардың түрк тілін қолданғанын парықтау қиын емес. Мұны «Үйсін Күнбиі» дегендегі «Күнби» (қытайша Күнми) сөзіне қарап көрейікші. Осындағы «Күн» аспандағы күнді бейнелейді. Ал «би» сөзі «мың» деген ұғымды береді. Толық мағынасы «мындаған күн», яки «Күндей ұлы» деген сөз. Байырғы үйсіндер күнге тәу еткендіктен, өз қағандарын да күнге балаған болса керек» [548, 148, 157], деп жазады.

Қазақтың танымал қытайтанушы ғалымы Н. Мұқаметханұлы осы «күн» сөзін үйсіннің ежелгі атауына байланыстыра қарастырады. Ол Қытайдың ж. с. д. I мыңжылдықта хатталған «Зо чжуан» секілді жазбаларында «*Күн иі*» (昆夷), «*Күн роң*» (昆戎) деген этнос атауы кездесетінін, ондағы «күн» – 昆, деген иероглиф тек қытайшада «күн» деген дыбысты шығару үшін қолданылған таңба екенін дәйектейді. Ал «*иі*», «*роң*» деген иероглифтер – бұратаналар, жабайылар деген мағынаны, негізінен түздіктерді білдіретін тұрақты сөздер. Сонда «*күн*»ге «*иі*»ді немесе «*роң*»ды қосып айтқанда одан «күн бұратаналары» (түздіктері) немесе «күн жабайылары» (түздіктері) деген мағынаны білдіретін термин шыққан. Қытайдың ж. с. д. I мыңжылдықта жазылған деректерінде: «Күн иі елі қазіргі Қытайдың батыс өңірінде көшіп-қонып жүрді», – делінген. Осыған қарағанда, осы ел ж. с. д. IV ғасырға дейін өздерін «Күн әулетіміз» немесе «Күн ұрпағымыз» деп атаса керек. Сондықтан қытай авторлары олардың «күн» деген түбір сөзін дыбыстап аударып, оған «иі» немесе «роң» деген анықтауышты қосып, оларды «*күн иі*» – «*күн жұрты*» деп атағандығы анық аңғарылады, дейді ғалым. Өйткені, ерте замандағы түздіктердің өздерін «*Күннен жаралғанбыз*», «*Күн әулетіміз*» деп ойлауы олардың сол кездегі дүниетанымына сай келеді... Кейіннен қоғамның дамуы мен биліктің орталықтануына байланысты үйсіндердің тек өздерінің ең жоғарғы билеушісін күнге теңеп, оларды Күнмо, Күнми – Күнби деп атағандығы

тарихи қисынға саятын құбылыс. Демек, ж. с. д. бірінші мыңжылдықта қазіргі Қытайдың батысындағы Гэнсу провинциясының батысы мен Шығыс Тәңіртау өңірін мекендеген этникалық топтың өз атауының дыбысы бойынша, қытай авторлары оларды «*wu sun*» (у сүн – 乌孙), деп қағазға хаттап кеткен. Егер қытайшадағы у сүнды әуелгі дыбысталуына қайта транскрипциялайтын болсақ, онда ол үйсін болып шығады... Бұл орайда үйсін деген атаудың мағынасы жөнінде Н. Мыңжанидың “Үйсін деген сөз – ұйысу – ұйымдасу, бірлесу” деген анықтамасын қытайдың үйсін зерттеуші ғалымдары құптағанын қаперге ала кеткенді жөн көреміз. Осылайша кейбір атаулардың кезінде қытай тіліне транскрипцияланып қалған сілемдерін зерттеу арқылы, үйсін тілінің түрк тілді топқа жатқандығын бағамдауға болады [535, 4-9, 37-38], – дейді ғалым. Қазақ зерттеушісі С. Байқонақов бұл пікірлерді келелі пайымдаулар қатарына қосады [549,26].

Бұл қатарға М. Закиевтің *үйсін* терминін арғытүрктік *ас-сүн>ас-сүн>ұс-сүн>ұсұн* қосарлы этнонимдерінің бірігуінен туындаған атау ретінде түсіндіретін пікірін де қосқан жөн. Татар ғалымы *ас* және *сүн* (һүн, сан, жан, зан, шын, сүн, сүн) этнонимдерін ең ежелгі түрк жұрттарының атауына балайды. Мұндағы *ас* (жас/йас) – көптеген түрк тілдерінде «жас» (жас адам) деген мағынадан туындап, кейіннен «ру, ұрпақ, әулет, тайпа» ұғымдарын білдіретін деңгейге ауысқан этнонимдік атау. Ноғай мен қарайым тілдерінде ол «ұл» деген ұғымға саяды. Көне бұлғар халқында *ас* этнонимімен аталатын тайпалар көптеп кездескен. Ол бір жағынан *ұз, ғұз* (ру, ұрпақ, тайпа) сөздерімен үндес. Осы *ас, ұз, ғұз* этнонимдерінен *хакас, қаңғалас, бортас, төлес, оғұз* сияқты этнонимдер туындаған. Жайық алабында ж. с. д. V ғасырлардан бастап өмір сүрген түздік тайпалар *ас* деп аталған, ол грек деректеріне *аорс* түрінде түскен. Ол көбіне *ас-алан* қалпында қосарлана айтылады. Грек жазбаларында бұл *ас-алан* патшалығы савромат-сармат түрінде хатталған. Кейінгі зерттеулерде *алан* сөзінің «*ұлан, оғлан*» мағынасын беретіндігінің анықталғаны, оның әу баста «*жас, ұл*» деген мағына аясында туындағанын дәйектейді [403, 122-123, 297; 426, 84; 531, 15-16]. *Ас* этнонимінің

«аси, ати, ути» сияқты баламалары да бар. Ежелгі бір төркіні Қытайдың теріскейіндегі арғытүркітер мекендеген Жошуй (Эдзингол) алабында жатқан *ути* тайпасы кейіннен бұлғар текті *утигур* тайпасының атауында көрініс берді [550, 38; 440, 39].

Ал *сүн* этнонимінің арғытүрк тілінде *адам, әулет* деген мағынаны білдіретін «*һүн*» (хүн, сиунну) сөзінің бір фонетикалық формасы екенін, оның әуелде түркше *kün*, моңғолша *kün~hün~kümün*; мажарша *him*, ненецше *komi~kum~ kume* түрінде көрініс бергенін кезінде мажар ғалымы Ю. Неметтің дәйектеп кеткені мәлім [440, 39]. Ежелгі түздіктердің өздерін *күн* ретінде атағаны, яки «*Күннен жаралғанбыз*», «*Күн әулетіміз*» деп ойлауы олардың сол кездің дүниетанымына сай келетінін Н. Мұқаметханұлы да жоғарыда атап өтті [535, 4-9]. Қытайдың Жыу (Чжоу) дәуірінде (ж. с. д. XI-ҮІІІ ғ.) түркше *күн* деген сөздің транскрипциясы «*куэй*» немесе «*гуй*» иероглифімен жазыла бастағанын, соған байланысты күнге табынатын арғытүрк жұрттарының патшалығы «*Куэйфан*» (Гуйфан) атанғанын өзбекстандық синолог А. Хожаев та атап өтеді [263, 44-45]. Осы орайдан алғанда М. Зәкиев ұсынған *ас-сүн>ұс-сун>ұсүн* қосарлы этнонимді – фонетикалық тұрғыда *ас-күн>ас-сүн>ұс-сүн>үй-сүн* негізінде өрістеген, яки «*ас сүндері*» (һүндері, әулеті, адамдары)) деген мағынаны білдіреді деп те пайымдауға болады.

Қытай деректеріндегі *усүндер* мен бүгінгі қазақ үйсіндерін этнотектік тұрғыда сабақтастырып тұрған дәйектердің қатарына бөріге табынудың ежелден ұласқан дәстүрінің үзілмегенін де қосар едік. Сы ма Чиэннің «Тарихи жазбалар. Дайюаң баянының» өзінде: «Күнбидің әкесі кезінде хұндардың батыс шекарасындағы шағын иеліктің патшасы екен. Хұндар оларға шабуыл жасап ханды өлтіреді де сәби бала күнбиді айдалаға тастап кетеді. Сонда қарғалар оны шыбын-шіркейден қорғап, көкбөрі емізіп асырайды. Чәнүй оны киелі бала деп ойлап, өзі асырап алып есейтеді. Ержеткен кезде қарамағына әскер беріп, шайқастарда сынайды. Ризалығының белгісі ретінде оған өз халқын қайтарып, батыс қанатының қолбасшысы етеді» [534, 159; 536, 204], – деп жазылған. «Ханнамада» үйсіндерге шабуыл жасап, оның ханын өлтірген

жұрт үйежылар ретінде сипатталады. Содан соң үйсіндер босып, хұн еліне барып паналаған. Ханның туысы Беже оңқа (жабғу) сәбиді қалың шөптің арасына апарып орап қояды. Оны азықтандыратын бір нәрсе тауып келуге кетіп, қайтып келсе нәрестені көк бөрі келіп емізіп, ет тістеген бір құс төбесінен айнала ұшып жүргенін көреді. Оңқа оны көрісімен бұл баланы «киелі бала» деп біліп, хұн қағанына апарды. Хұн қағаны оны асырап, ер жеткізеді [250, 280-281].

Дәл осы аңыздарға ұқсас сюжеттің кейіннен көк түрктердің пайда болуына қатысты желіні құрағаны мәлім. «Суйшудың» (636 ж.) 84-бума «Туцзюе баянында»: «Түрктердің арғы бабалары Сихайдың (Батыс теңіз) жоғарғы жағында мемлекет құрған, кейін оны көрші мемлекет жойып, адамдарын кәрі-жас демей түгел қырып тастаған. Сөйтіп [көрші ел әскерлері] бір балаға келгенде, оны өлтірмей, аяқ-қолын кесіп, үлкен бір сазға апарып тастайды. Сонда бір қаншық қасқыр әлгі балаға үнемі ет апарып беріп тұрады екен. Бала сол етті қорек етіп аман қалады. Кейін ол бала қасқырмен қосылып, қасқыр буаз болады. Көрші мемлекеттегілер тағы да адам жіберіп әлгі баланы өлтіргенде қасқыр баланың қасында екен. Олар қасқырды өлтірмекші болады, бірақ қасқыр құдайдың құдіретімен қас қаққанша теңіздің шығыс жағына өтіп, бір таудың басына шығып кетеді. Ол тау Гаочанның солтүстік-батысында екен, таудың етегінде бір үңгір болыпты, қасқыр сол үңгірге кірсе, үңгір ішінен аумағы 200 лиден астам, шөбі шүйгін жазыққа тап болады. Кейін келе қасқыр 10 ұл туыпты, соның ішіндегі біреуінің аты [кейін әулет атына айналған] Ашина екен, ол ұлдардың ішіндегі ең ақылдысы болғандықтан, ел билеушісі болады. Ол *орда есігіне бөрінің басы салынған ту тігіп қояды* – бұл оның өз тегін ұмытпайтындығын білдіргені екен» [541, 65-66], деген жолдар бар. Дәл осы аңыз сарыны «Чжоушудың» 50-бума «Туцзюе баянында» да қайталаанады. Тек онда «туцзюе (түрк) – хұндардың өзге бір түрі болатын» деген анықтама берілген [541, 119-120].

Демек, үйсіннің де көк түрктердің де арғы бабаларының бөріні төтем етіп, ұранға айналдыруы, әлбетте олардың төркіндері ортақ

жұрттар екендігін растайтын айғаққа сайса керек. Сол сабақтастықты – көк түркілердің орда есігіне бөрінің басы салынған ту іліп қоятындығы мен үйсін елінен шыққан жетісулық Сүйінбай Аронұлы ақынның (XIX ғ.) көпке белгілі: «*Бөрі басы – ұраным, // Бөрілі менің байрағым. // Бөрілі байрақ көтерсе, // Қозып кетер қайдағым*», – деген жыр шумағының өзі-ақ куәландырып тұр емес пе?

Аристов, Ремюза, Бернштам, Су Бихай сияқты көрнекті ғалымдардың үйсіндердің түрк тектілігін қолдаған көзқарастары [82, 268], кейінгі жылдардағы бірсыпыра зертеулерде де басымырақ айтылып жүрген тұжырымдар қатарына қосыла бастады. Қ. Салғараұлы «қытайдың көне жазбаларында усұн, қанжүй, жыужу (үйежы) халықтарының әдет-ғұрыптарының бір-біріне ұқсап жатқанына қарап, олардың біртектес халықтар екені анық аңғарылады» [52, 430-431], деп түйеді. С. Байқонақов қытай деректерінде жетім қалған жас усұн ханзадасының хұндар қамқорлығында (түркілердің арғы ата-бабасы) тәрбиеленгеніне назар аударсақ та болады, сонда оның тілі көне түрк тілінде шығатындығы өз-өзінен белгілі ғой. Демек, усұн билеушілерінің түрк тілінде сөйлегендігі анық нәрсе [549, 27], деген ұйғарымды алға тартады. Ал өзбекстандық синолог А. Хожаев орталықазиялық түрк тайпаларының тарихы мен тілінің арғы төркіндері тіпті ежелгі замандарға кететінін, оның айқын нышандары ж. с. д. II мыңжылдықтағы көне қытай деректерінде жатқанын дәлелдеді. Хұн, қаңлы, үйсін ғана емес, кезінде айбынды ел болып, халықтардың ұлы қоныс аудару дәуірінде Батыс Түркістанға ығысып, Ұлыүйежы, Қусан мемлекеттерін құрған үйежылардың (юечжи) да арғытүрктік сипаттарына тыңғылықты талдаулар жасады [263].

А. Хожаев орыс тілді әдебиеттерде қалыптасқан «юечжи» терминінің «юе» 月 (Ай) және «чжи» 氏 (ру) деген екі иероглифтен, яки «Ай руы» мағынасына сәйкесетініне тоқтала келе, алғашқы иероглифтің ежелгі дәуірлердегі түпнұсқа дыбысы «*ru*», екіншісінің «*zie*» түрінде айтылғанына мән береді. Яки ол этнонимнің бастапқыдағы қытайлық емес түпнұсқасы «*рузие*»

болып естілген екен. Қытайлықтардың «р» дыбысын көмескілендіріп жіберетін ерекшеліктеріне сай, бұл термин ж. с. д. III ғасырға дейін *ngiwet-chie* (нгуэтсие, нгуэцие) деген нұсқамен айтылған да көрінеді [263, 124, 127]. Н. Мұқаметқанұлы да оны *ружы* түрінде оқылатын нұсқа сипатында таниды [535].


«Руэцие» терминінің *zie* (зиэ) сөзінің *жер* (иер) деген мағынаны беретінін жоғарыда (4 тарау, § 2) тілге тиек еткенбіз. Ал бірінші буындағы «Ай» деген мағынаны білдіретін *ru* сөзінің төркініне қазақстандық белгілі синолог Ю. А. Зуевтің зерттеу еңбегіне сүйене отырып барлау жасауға болады. Ол *юечжи* мен *үйсіннің* ежелгі замандарда біртұтас космоидеологиялық кешеннің этнотектік тұрғыдағы екі тармағы: бірі – Айды, екіншісі – Күнді тәу еткен жұрттар екенін бағамдайды. Юечжилер анабилік жүйені ұстанған, әйел билігіне басымдық берілетін, ана, ханым нышанын білдіретін «Ай руы» – еліне жатса, үйсіндер әлгінде айтылғандай, атабилік негіздегі «Күн әулеті» – Күнбидің (Күнмо) халқы ретінде саналды. Юечжи терминінің ертеректегі транскрипциясы – *нючжи* (<*ngiu-tie*~\**uti*~\**oti*) «өгіз руы» мағынасына да саяды, яки «жаңа туып келе жатқан айға ұқсайтын қос мүйіз» кескінінің аржағында да сол Ай бейнесі меңзеледі. Соған орай, деректерде кездесетін «*Юечжи го*» тіркесі, тек «Юечжи мемлекеті» («Ай руы мемлекеті») деген сөзді ғана емес, «Әйел билігі патшалығы», гинекократиялық (анабилік) мемлекет деген мағынаны да береді [550, 10, 20].

Осы жайттарды пайымдай келе, *руэцие* (ружы) терминінің қытай тіліндегі емес әуелгі нұсқасы *ұрұгиер* (рұғиер) түрінде байқалып, оның алғашқы *ру/ұрұ* бөлігі, кейіннен ғана «*ай*» мағынасына саятын мағынаға ауысса керек деп жорамалдауға болатындай. Э. В. Севортыян «Түрк тілдерінің этимологиялық сөздігінде» ‘ру, ұрық (тұқым), ұрпақ, өрен’ ұғымдарын білдіретін терминдердің бәрінің «*ұрұ:э*» (ұрық) сөзінен шыққанын дәйектеді. Сондай-ақ ол моңғол тілінде ‘ұрық’ сөзі *ур*, *уураг* түрінде дыбысталатынына, эвенк тілінде ол сөз *һурұ* нұсқасында айтылып, ‘отбасы’, ‘көп балалы әйел’, ал *қуркәч* (уркәч, қазақша ұрғашы) ‘көп балалы’ деген ұғымдарды беретініне мән берді. Бұл салыстырмалар *ұрұ:э* сөзінен оған төркіндес ‘*руг*, *ұрга*’ (ұрғашы) мағынасының да



туындағанын байқатады. Түрк тілдерінде ‘ұрғашы’ (ұр-ға-шы) сөзінің жан-жануарлардың аналық жыныстылары деген ұғымды білдірумен қатар, әйел жамағатына қатысты айтылатын реттерінің бар екені белгілі. Ол шағатай, шығыстүркістан, қазан диалектілері мен қазақ, қырғыз тілдерінде ана, әйел, қыз деген мағыналарды да толығымен береді [188, 603-606].

Міне, осы тұрғыдан алғанда да *ұрұ:ғ* (ұр/үр, ру, ұрық) сөзі ежелгі анабилік замандарда ‘әулет, ру, ұрпақ’ иесі саналған *ұрғач*, *ұрғашы* (ана, әйел) деген ұғымның орнында қолданылуы қисынды деуге келеді. Сол себепті де, *ұрұғиер* (рузие – ружы, үйежы) > *ұрұ:ғ жер* > *ұржер* > *ружер*, таркатып айтқанда «ұрұ:ғ (ұрғашылар) билігі жері», жоғарыдағы «Анабилік елі» дегенді де білдірген. Сол замандарда *ана* сөзінің синониміне саятын *ұрұғ* (*үр*) термині, уақыт өте келе анабилік нышанның белгісі ретіндегі *Ай* атауы түрінде де айтылатын болған. *Ай*, *ана*, *ұрұғ* (*үр*) сөздері баламалы түрде қолданылатын терминдерге айналып, әуелгі *ұрұғжер* (үржер, рузие, ружы) нұсқасы, көне қытай жазбаларына «*Ай руы*» түріндегі мағынамен сіңіскен. *Ай* (ана, ұрұғ/үр) нышанды анабилік дәстүрдің үйежыларда (ружыларда) беделді, дәрежесі салмақты болғанын, «Ханнаманын» 61-бумасында «хұндар үйежыларға шабуыл жасап, патшасын өлтіргеннен кейін, оның орнына зайыбы таққа отырды, ол Дасяға (Бактрияға) қоныс аударып, сонда әмір жүргізді» [550, 20; 263, 213] деп жазылғанынан да байқау қиын емес.



*Күн мен Ай бейнеленген  
алтын жәдігер.*

*Хүн империясы дәуірі.  
Моңғолияның  
Архангай аймағы [549а].*

Шамасы, патшасын – *Қаған*, ханымын – *Қатун* деп мәртебелеген жоғары лауазымдардың пайда болуы да сол ежелгі замандарда жатқан тәрізді. Мұның шет жағасы А. В. Дыбоның зерттеуінде де бағамдалады. Ол көне қытай тілінің классикалық кезеңіне (ж. с. д. V-II ғ.) тән деректе хұн тәңірқұты зайыбының лауазымы *γāt-tāj* түрінде оқылатын 闕氏 иероглифімен түскенін зерделей келе, оны ерте сақ дәуірінде *\*hvatuñ*, соғды тілінде *xātūn* [x'twn], көнетүрктік заманда *xatun* нұсқаларына сәйкесетін сөз ретінде дәйектеді. Оның ертесактық *\*hvatuñ* нұсқасы хұндарға, одан соғдылар мен түркілерге ауысып, содан дәрежесі биік *қатун* лауазымы қалыптасқан. Дыбо «Ханнамаға» 護于 иероглифімен түскен лауазым атауының да *қаған* сөзі ретінде пайымдалатынына тоқталады. Ол иероглиф *w(h)āk* немесе *whrāk-wa* түрінде оқылады. Сақ тілінде *hāha* деген баламасы бар бұл сөзді Э. Пуллиблэнк және бірқатар басқа да зерттеушілер көнетүрктік *qagan* (қаған) лауазымының бастапқы нұсқасы ретінде таныған. Осы *қаған* сөзі кейіннен жыужән, туюйхун патшалықтарының билеушілері, еуропалық ғұндардың көсемдері (грекше *χαγάνος*, латынша *chaganus*), абар, хазар, бұлғар әміршілері (грекше *χαγάνος*), көк түркітерде ‘мәңгі ел’ қағаны (*qaqan*), сондай-ақ түрк жазбаларындағы қытай императорының атауына айналды [4, 106-107, 119-120]. Биік дәрежелі Қаған-Қатун лауазымдарының ежелгі замандардан басталатын дәстүрлерін пайымдау үстінде, оның белгілі бір рулар, тайпалар арасында қалыптасқан фратриялық (өзге ру адамына ғана үйлену) некелесу шарттарына орайласатын ережеден туындаған жүйе екендігі пайымдалар еді. Ол бойынша, *қаған* әулетінің жігіттері, тек *қатун* әулеті шыққан текті жердің қызына ғана үйленуі керек. Сондай-ақ *қатун* әулетінің жігіттеріне де *қаған* руынан қыз алуға, яки қарсы құда болуға рұқсат беріледі.



*Хун империясы  
қаған әулетінің таңбасы.*

*Моңғолия,  
Гоби Алтай аймағы,  
Цагаан гол [549а]*

Күн мен Айды кие тұтудың хун заманында да болғаны Мөденің (Маудунның) баласы Лаушан тәңірқұттың (чәнүйдің) қытай сарайына тақтайшаға жазып жіберген хатынан да аңғарылады. Ол: «*Көк пен Жердің* қалауымен өмірге келіп, *Күн мен Айдың* қалауымен таққа отырған хұнның Ұлы Тәңірқұты қытайдың ұлы патшасының денсаулығының мықты болуын инабаттылықпен тілейді» деп басталады [474, 336; 264, 44]. «Тарихи жазбаларда» «Хұндарда үш ру – Құйан, Ләң және кейінгі Шүйбу – ең атақтылары қатарынан саналады» [474, 329], деген ықшам жолдар, «Соңғы Ханнамада» «Тәңірқұт Шилиэнти (Луэнти) әулетінен шыққан, басқа әулеттерден Құйан, Шүйбу, Чулин және Лән атаулары белгілі. Бұл төрт әулет хун мемлекетіндегі аса әйгілі төрт ру болып саналады және ұдайы тәңірқұт әулетімен құдандалық қатынастар құрды. Сол (шығыс) қанаттағы Құйан әулеті мен оң (батыс) қанаттағы Лән мен Шүйбу әулеттері даулы мәселелерді шешумен және жазықтыға үкім шығарумен айналысып, ол туралы тәңірқұтқа ауызша жеткізіп отырды» [395, 73], деген толығырақ мәлімет түрінде көрінеді. Солардың арасындағы ең әйгілі *құйан* әулеті, зерттеушілерге Ай нышанды *ружие* (ұрұғиер, үйежы, юечжи) тайпасының бір бөлігі ретінде белгілі. *Құйан* атауының Рашид әд-дин шежіресінде айтылғандай, таудан бұрқырай аққан «құба сел» және көне мифологиялық эпсанамен астасқан «құс

жолы» (екеуі де құба түсті көрсетеді) мағынасын беретіндігі Ю.А. Зуев еңбегінде да аталып өтеді [550, 45-47, 67-68]. Анабилікті кие тұтқан бұл дәрежелі құян (құба) жұртынан шыққан ер азаматтар хұндар кезінде ғана емес, қалыптасқан қағида бойынша, одан кейінгі белгілі-белгілі ұлыстар заманында да патшалар мен қағандардың жанындағы айнымас серіктері, тақ билігінің адал қолдаушылары болды, асыл текті қыздары талай бекзат ханзадалар мен ханшайымдарды дүниеге әкелген мәртебелі қатундар (қадірлі ханымдар) лауазымында танылды.

Көк пен Күнді – ер адамға (‘Қаған’), Жер мен Айды – әйелге (‘Қатун’) сәйкестендіру арқылы, осы фратриялық жүйені мемлекетті теңгермелі басқарудың негізгі тетігі ретінде ұстанған бұл ежелгі дәстүр талай ғасыр бойы сақталды. Көк түркілер заманындағы ашина тайпасы мәртебелі *қағандық* руының нышаны Көк Аспан, таңбасы Күн-құс, Күн-серке; анабилік аштак (едіз) руы мәртебелі *қатун* фратриясының нышаны Ай мен Жер (Ұмай), ал таңбасы арыстан мен айдаһар ретінде танылды. Зерттеушілер Ю. А. Зуев пен Қ. Сартқожаұлы осы соңғы едіз (аштак) руын Ай нышанды үйежылардың (юечжилердің) ұрпағына балайды [550, 248-249; 432, 96-101, 177-180].



*Хүн дәуірінің  
алтын тәжі.*

*Ішкі Моңғолия,  
Іх зуу ауданы.  
Ар цайдам обасы [549а].*

Айды кие тұтқан үйежылардың (ружылардың) батысқа ығысқан бөлігінің *ұлыүйежылар* (даюечжилер) деп аталғанын, олардың ж. с. д. 163 жыл шамасында батысқа беттеп, кейіннен Бактрия аумағының теріскейіне тұяқ ілкітіргенін әлгінде айттық. Олардың келуі қарсаңында соның алдындағы кезеңдерде ғана, күллі аймақты уысында ұстап отырған қуатты Грек-Бактрия елінің

жағдайы қандай деңгейде болғаны мәлімсіз. Алыстан арып-ашып, босып келген үйежылардың оларды бірден бағындырып алғаны [536, 201; 537, 25] сәл күмәнділеу. Бұл орайда сол кездегі оқиғаларда басқа да бір сырт күштердің араласуы бар сияқты көрінеді. Қытай елшісі Жаң Чианның ұлыүйежылар патшасымен жолыққаннан кейін, Дася еліне барып тұрғаны да біраз сауалдар туындатады. Бактрия мемлекеті ж. с. д. 155 жылдан соң ыдырауға бет алып, бірте-бірте жекелеген иеліктерге бөлініп кетеді де үйежылардың әскер қуаты артып, бұрынғы көршілерінен ықпайтын қалға жетеді. Ақырындап қуатты патшалыққа айналады [551, 58, 271]. Еуропалық тарихшылар үшін күнгедей үнділерде қалыптасқан атауға сәйкес, *тохар* этнонимімен белгілі болып [263, 214], антикалық жазбаларға да сол есіммен түседі. Страбон бұл туралы «Каспийдің шығыс жағындағы түздіктер қатарында Яксарттың (Сырдарияның) қарсы жағасынан көшіп келіп, гректерден Бактрияны тартып алған *аси*, *пациан*, *тохар* және *сакараулдар* айрықша танылды, деп атап өтеді [347, XI, YIII, 483].

Дереккөзде осы тайпалардың тізбектеле көрсетілуіне қарағанда, ж. с. д. II ғасырда Шығыс Түркістаннан ауып келген ұлыүйежылардың ол өңірде жалғыз әрекет етпегені де байқалар еді. Шамасы, *бұл ретте сол үйежылардың Шығыс Түркістанның теріскейі мен Алтайдың оңтүстік-шығыс баурайларын мекен еткен солтүстік бөлігіне енеді делінетін түз жұрттарының ж. с. д. VI ғасырдан бастап, қазақ жері арқылы Жайық алабына дейін созылған қоныс аудару үдерістерін бастан өткерген, кейіннен Хорезм аймағы, одан Бактрияның теріскейіне іліккен тайпалар туралы да сөз етіліп отырса керек* [456, 247-252]. Бұл елдердің археологиялық төркіндері туралы алдағы беттерде кеңірек әңгімелейтініміз себепті, ғылыми әдебиеттерде үйежылардың екі тобы ретінде көрсетіліп жүрген ол жұрттарды бір-бірімен шатастырмас үшін, Батыс Түркістанда ж. с. д. IV-III ғасырлардан көрініс беретін алғашқы тобын – *ілгергі үйежылар*, ж. с. д. II ғасырда келгендерін – *кейінгі үйежылар* және қытай деректеріндегі жазылуы бойынша *ұлыүйежылар* деп атайтынымызды қаперге саламыз.

Қытай елшісі Чаң Чиаң ж. с. д. 129 жылы Дайюанның (Ферғананың) батысында, Қаңжүйдің оңтүстігінде, Әнсидің (Парфияның) шығысында, Дасяның (Бактрияның) теріскейінде отырған кейінгі үйежыларды арнайы іздеп, келгенде, олардың ғұрып-салттары хұндармен ұқсас түздіктер екенін көреді. Өздері салып алған ордасы бар. Әскери тұрғыдан мығым. Екі жүз мыңдай садақшы шығара алады. Ал сол үйежылар келіп ат басын тіреген Дасяның тіршілігі басқашалау. Олар отырықшы өмір сүреді, қалалары дуалдармен қоршалған. Бір патшаға бағынбайды, әр қаланың өз билеушісі бар. Астанасы Ләнши<sup>58</sup> деп аталады. Әскерлері әлсіз, шайқастардан қашқалақтайды. Тұрғындары саудаға бейім. Халқы миллионнан астам [536, 201-202].

Сы-ма Чиэннің «Тарихи жазбаларындағы» (Шы зи) осы мәліметті одан кейінгі ғасыр деректері жинақталған «Ханнама» мәтіндерімен салыстырғанда, үйежылар тарихына байланысты нендей өзгерістердің өткенін де пайымдау қиын емес. Ондағы «Ұлыүйежы мемлекеті» атты анықтаманың ең алғашқы сөйлемінің өзі «Оның астанасы Ләнши қаласы» деп басталады. «...Оңтүстігі Кәшмірмен шекаралас. Жер жағдайы, ауа райы, өнім түрлері, әдет-ғұрпы, ақшасы Әнсиге (Парфияға) ұқсайды. Мұнда нар түйе өседі» [537, 24], делінген. Ләнши – «Шы зиде» Дасяның орталығы атанған қала еді. Ал «Ханнамада» ол ұлыүйежылардың астанасы ретінде көрсетіледі. Сондай-ақ алдыңғы деректе олардың әдет-салттары хұндармен ұқсас көшпелі патшалық екені айтылса, кейінгі мәліметте үйежылардың әдет-ғұрыптары Ферғана мен Әнси жұрттарына ұқсайтын отырықшылық салтқа ауысқаны аңғарылады. Әрі келесі «Бактрия мемлекеті» атты қысқа деректемеде оның анық-қанығы да ортаға тартылады. Онда Дася еліндегі бес иеліктің (сихоудың, жабхудың) түгелдей ұлыүйежыларға қарайтыны жазылған [537, 25].

---

<sup>58</sup> Бұл қаланың орны дәл анықталған жоқ [536, 457]. Алайда Л.А. Боровкова оны Душанбеден 44 шақырым батысқа қарай жатқан ж. с. д. II – ж. с. II ғасыр аралығына сәйкесетін Шахринау қаласы деп есептейді [551, 61].



*Ұлыүйежы  
патшасының  
алтын тәжі.*

*Ж. с. д. I ғасыр.  
Ауғанстан,  
Тилля-Тене*

Л. А. Боровкова мұны ж. с. д. 100-99 жылдардың өзінде Дасяның Ұлыүйежы мемлекетінің құрамына толық енгенін аңғартатын дерекке балайды. Қытай жазбасындағы жеке иеліктердің басшылары мағынасын білдіретін осы *сихоу* (шу ху) атауы ежелгі үйсіндерге қатысты мәліметтерде де бар. Ол үйсіндерде Хань империясының *уаң* (кінәз) лауазымымен сәйкеседі. Үйсіндерде бар бұл атақтың ұлыүйежылардың Бактриядағы билігі кезінде қайталана көрініс беруіне қарап-ақ, ол лауазымның Шығыс Түркістан жақтан ауған сол елмен бірге жетіп, жарты ғасырдан астам уақыт бойы ұмытылмай, жаңа қоныста іргелері бекігесін қайтадан түлегенін байқар едік. Сондай-ақ ол үйсіндер мен үйежылардың бір-бірімен тектес жұрттар екенін де аңғартқандай. Мұны сихоулардың кей атауларынан да пайымдауға болатындай. Бес иелік – Шуми<sup>59</sup> (Сюми), Шуанми (Суамако), Қусан (Гуйшуан), Паруан (Сидуң), Қабыл (Гаофу) атаулары көрсетілген мәтіндегі Шуми мен Шуанми сөздерінің соңындағы *ми* жалғауы үйсін күнмилерінің (күнби) есімдеріне қосылатын аяққы буынды еске түсіреді, дейді Боровкова. Ол «Ханнамада» аталған бес иеліктің негізінен күллі Бактрия аясындағы шәһарлар емес, Қытайдан батысқа беттейтін Ұлы керуен жолы бойында

---

<sup>59</sup> Атаулардың біріншісі «Ханнаманың» қазақшаға аудармасы бойынша беріліп отыр [537, 25]. Жақшаның ішіндегі атаулар Боровкова кітабындағы орысша әдебиеттер бойынша қалыптасқан транскрипция.

орналасқан орда-қалалар екенін анықтады. Бұлардың қазіргі кезде қай аймақтарға орайласатынын пысықтай келе: Шумиді – бүгінгі Хожанд, Қусанды – Бекабад маңына, Шуанмиді – сол екі қаланың ортасына, Паруанды – Жызақ қаласынан 62 шақырым шығыс жаққа, Қабылды – Ұратөбе төңірегіне, ал ел астанасы Ләншиді – Душанбенің батысындағы Шахринау қаласы ретінде тұспалдады. Ж. с. д. 99 жыл шамасында Ұлыүйежылар еліне тағы да арнайы келген қытай елшілері одан әрі жіберілмегендіктен, тек Солтүстік Бактрияны ғана сипаттап қайтуға мүмкіндік алған еді.



*Арқардың  
алтын мүсінішесі.*

*Ж. с. д. I ғасыр.  
Ауғанстан,  
Тилля-Тепе*

Арада жүз жылдан астам уақыт өткенде, үйежылар қарамағындағы бес иеліктің бірі – Қусан<sup>60</sup> (Кушан) иелігінің бегі,

---

<sup>60</sup> Орысша әдебиеттерде Кушан түрінде қалыптасқан атаудың түпкі төркіні «қу» (құба) сөзіне, жоғарыда қаперге алынған «жұрт, тайпа, әулет» мағынасын білдіретін этнонимдік деңгейдегі «сан» (һұн, сан, жан, зан, шын, сұн, сүн) сөзінің қосылуынан пайда болғандығы туралы дәйекті қисынды деп есептеп, ол иеліктің атын Қусан түрінде алғанды мақұл көреміз [403, 298-304; 531, 15-16]. Әрі Ай нышанды үйежылар арасында, «құс жолы» рендес, құба түстің алар орны ерекше екендігі белгілі.



*ас* (асиан) тайпасынан шыққан Куджула Кадфиз ерекше күшейіп, басқа төрт сихоуды өз қоластына қаратып алды. (Мұндағы *ас* тайпасы, әлгінде тілге тиек етілгендей, арғытүрктік *ас* (аси, ати, ути, аорс) этнонимін тұспалдатады. Ол, шамасы, ілгергі үйежылар *ас* (аорс) тайпасы қалың қоныстанған Жайық алабынан Хорезмге қарай қоныс аударған кезде, солардың екінші синонимдік атауы ретінде қатар жетсе керек. Егер мәселені бұл тұрғыдан тарқатар болсақ, Қусанды жаулап алушылар қатарында ілгергі үйежылардың да жүргенін, Кадфиздің солардың арасынан шыққан көсем екендігін байқаймыз). Жаңа көсем сол екпінмен оңтүстікке беттеп, *тохарлар* билеп отырған астана қала Ләншиді қоластына қаратып, ж. с. 20 жылы өзін патша деп жариялайды. Оның билігін мойындағысы келмеген *бактриялықтар* мен *тохарлардың* қарсылықтарын баса отырып, болашақта Солтүстік Бактрияға қоса қазіргі Ауғанстан, Пәкістан, теріскей-батыс Үндістанды қамтыған, Сырдария мен Ганг өзені аралығындағы зор кеңістікті алып жатқан Қусан патшалығын (1-3 ғ.) құрды, деп жазады Л.А. Боровкова [551, 71-99, 142-146, 195-205, 271-272].

Бұл кітаптағы Кадфиз бастаған *ас* тайпасының *тохарларды* жаулап алғандығына қатысты мәселе, көп деректерде тохарларды үйежылардың екінші атауы ретінде жұптап жүрген тұжырымдарға үйлесе қоймайды. Ол тұжырымдар, негізінен Қусан патшалығын үнділердің Тохар деп атауынан туындаған жайтқа саятын. Соған орай, еуропалық ғалымдар тохарларды үйежылардың балама атауы ретінде түсініп, екеуін бір этнонимге балап кеткен-ді. А. Хожаев осы этнонимдерге байланысты, қытай деректерін зерделей келе, тохарлардың Дайшия (Дася) патшалығын құруға қатысқан сақ (тұр) тайпаларының бірі екенін анықтады. Дайшия әу баста тохар сөзінің қытай тіліндегі дыбыстық атауынан туындаса керек. Қытайдың анықтамалық әдебиеті бойынша, ж. с. д. II ғасырдың 40-жылдары тохарлар Бактрияны басып алып, Дайшия патшалығын

---

«Жалпыүйежылық» сипатқа ие ол түс сол халықтың белгілі тайпасы *құйан* (ку, құба) этнонимінде де көрініс тапқан [550, 38-39].

құрады, арада он жыл өткенде, ол аймаққа ұлыүйежылар басып кіріп, өз мемлекетінің іргесін қалағаны айтылады, дейді ол [263, 135-136]. Ю.А. Зуев өз тарапынан Дайшия (Дася) – қытайша «үлкен халық» деген мағынаны білдіретінін дәлелдейді. Дася (<\*da-ya) топониміне қатысты иероглиф *hara* түрінде де дыбысталуы кәміл. Сонда *dahara* (*da* – үлкен, *qara* – халық) «үлкен халық» атауы туындайды. *Dahara* дыбыстық тұрғыда жүйелене келе, *tochar* (*tochari*) этнониміне айналды, деген қуатты дәйекті алға тартады ол [550, 20-21]. Ал арғытүрктен келе жатқан «*qara*» сөзінің көптеген басқа да мағыналарымен қатар, көне дәуірлерде «халық» деген ұғымды да білдіретіні неше түрлі этимологиялық сөздіктерде қатталып қалғаны мәлім [187, 423-424; 393, 287].

Міне, осы реттен алғанда, монографияның 3 тарауында (§6) тілге тиек етілген, салыстырмалы тіл мамандарының соңғы зерттеулерінде алға тартылған кей жайттар да жүйелене түскендей болар еді. Мәселен, брахми әріптерімен белгісіз тілде жазылып, Тарым шөлейтіндегі будда ғибадатханаларында V-VIII ғасырларда пайдаланылған жазулардың ғылыми ортада «тохар» тілінің ескерткіштері ретінде тұспалданғаны мәлім. Ал американдық ғалым Г. Карлинг сол арғытохар деп аталған тілдің жалпы үндіари диалектілерімен ж. с. д. II мыңжылдыққа дейін еш байланысы болмағанын, оған да, үндіари, қытай тілдеріне де Орталық Азияда ежелден өмір сүрген мәлімсіз донор-тілдің әсері тигенін айтыпты [310, 191]. Біздіңше, сол донор тіл – арғытүрк тілінің әуелгі диалектілерінің бірі болуы әбден ықтимал ғой. Бұл алмасу үдерістерінің кей нышандарын, арғытохар-арғытүрк тілдерінің ж. с. д. I мыңжылдық ауқымына тән мысалдарын нақтылау барысында, белгілі лингвист В. В. Ивановтың да өз еңбегінде қаперге алып өткені белгілі. Ол «арғытүрк тілдеріне сіңген кей сөздердің болжамды мерзімі бізге белгісіз арғытохарлық диалекті заманына кетуі мүмкін» [305, 14], деп атап өтеді. Соған қарағанда, Шығыс Түркістан мен оның теріскейінен Алтай қойнауларына дейін созылған байтақ аймақтағы ерте сак, тиек және тасмолалық тайпалар дәуірлерінде арғытүрк, арғытохар

(арғыүйежы) тілдері қатар өмір сүруі қисынды, деп тұспалдауға болатындай. Ал *dahara (тохар)* этнонимінің құрамындағы «қара» (халық) сөзінің айқын арғытүркілік сипаты, ол этноареалда түрк тілінің басым орны бар екендігін бағамдатады.

Шамасы, тохарлар сол өңірлерде үйежылар бірлестігі құрамына енген, бірақ өзінің этникалық атауын сақтап қалған ежелгі автохтон жұрттар [456, 248-249], ж. с. д. VI ғасырдан бастап Орталық Азияның батысына қарай жылжыған арғытүркілер тобынан болса керек. Олардың бір тармағы Хорезм арқылы Бактрияның теріскейіне де жетіп орнығады. Арада көп жыл өткен соң, жоғарыда айтылғандай, тохарлардың бір бөлігі ж. с. д. II ғасырдың 40-жылдары Бактрияны басып алып [456, 255], *Dahara* (қытай деректеріндегі Дайшия, Дася) патшалығын құрады. Әйтсе де он жылдан кейін, сол аймақтың теріскейіндегі *ас* және *ұлыүйежылардың* біріккен күштерінің шапқыншылығына ұшырайды. Л. А. Боровкованың зерттеуінде Қусан патшалығын құрған Кадфиз де сол *ас* тайпасының көсемі ретінде дәйектелген [551, 203-205].



«Куджула Кадфиз, Қусан Жабғуы» («*Kushana Yavuasa*») деген жазуы бар теңге

Бактриялықтар мен тохарларды бағындыру арқылы жаңа патшалық құрған ол көсемнің өз лауазымын қалай атағаны да назар аударуға лайық. Оның билігі кезінде құйылған теңгелерге кхарошти тілінде «Куджула Кадфиз, Қусан Жабғуы» («*Kushana Yavuasa*») деп жазылыпты. Теңгенің грек тілімен жазылған бетінде *ябғу* лауазымы түздіктердің басшысы деген мағынаны білдіретін *зоуу* сөзімен берілген. Дәл осы *ябғу* (жабғу) лауазымы қытай деректеріндегі *хоу* (кінәз) сөзінің тікелей баламасына саяды.

Хүн заманының алғашқы кезеңдерінде үйсін, үйежыларға тән лауазым ретінде танылып<sup>61</sup>, қытайдың *уаң* атағына сәйкесетін, хань жазбаларына *шу ху* түрінде түскен бұл сөздің түп-төркіні, кәдімгі арғытүрктік *жабғу* сөзі. Одан ертеректегі қытай деректерінде *жабғу* термині *уіаруи*, қазіргі оқылымында *уеһи* деп транскрипцияланған [551, 210; 552, 14; 553, 65; 263, 189].

Бір дәуірлерде Шығыс Түркістаннан Алтайға, Ыстықкөлден Орталық Қазақстанға дейін мекен еткен үйсіндер мен үйежыларға тән болған бұл терминді түрк тілінің мысалы ретінде танитын пікірлер біраздан бар. Мәселен, швейцариялық ғалым Э. Цюркер оны үйежылардың түрк тілді болғандығының дәйегі ретінде қабылдап, қытай деректеріндегі сихоудың орнына көбіне ябғу сөзін қолданады [551, 85]. Ресейлік зерттеуші Е.В. Зеймаль да ябғу деп жазуды жөн көреді [552, 14]. Өзбекстандық ғалым Э. Ртвеладзе бірқатар зерттеушілердің ябғуды түрк жұрттарына тән лауазымға балайтынын айта отырып, Қусан патшалығының кейінгі кезеңдерінде ол атақтың көрсетілмегеніне назар аударады. Қусан патшалығы әбден күшейіп, Үндістанды жаулап алған соң, олардың билеушілерінің лауазымы үнді тілі үрдісіндегі «ұлы патша», «патшалардың патшасы» (махаража; раджатиража) деген лауазымдарға ауысыпты [553, 65; 263, 199-200]. Американ ирантанушысы Р. Фрай бұл орайда Страбон жазбаларында бар *ас* (аси, асиан) тайпасын үйсіндермен, *тохарларды* юечжилермен сәйкестендіретін пікірлердің де кездесетінін қаперге ала отырып, болашақ Қусан патшалығының өзегін құрушы тайпалардың бастапқы тілі қандай болса да, олардың жергілікті бактрия тілін (ортаирандық тіл) меңгеріп алғанына мән береді [554, 461].

Хүн замандарының алғашқы кезеңдерінен көрініс берген *жабғу* (ябғу) лауазымы дәстүрінің үзілмей жалғасқанын Қусан патшалығынан соң, арада көп уақыт өткеннен кейін ірге көтерген түрк қағанаттары дәуірінің жазба деректері айқын байқатты. Ол

---

<sup>61</sup> Үйсін күнбиін сәби кезінде көкке орап тығып қойып құтқарған Буцзюдін (Беже) атағы қытай деректерінде сихоу (шу ху, жабғу) деп жазылған [551, 85; 250, 281]

бұл заманда қағаннан кейінгі лауазымды білдіріп, Бұмын қағанның інісі Батыс Түрк қағанатын билеген Істемінің атағы ретінде танылды [187, 222-223, 249]. Оның мұрагер тақ иелерінің бәрі жабғу (ябғу) немесе жабғу қаған деп аталды. Тарихшы Ә. Дәулетхан бұл орайда қытай ғалымы Лин Ганның: «...Батыстағы тайпаларды басқаратын мансаптыларды көбінше ябғу деп атайды. Мәселен, Батыс Түрктің түп атасы Естемидің (Істемінің) әкесі Ұлық ябғу еді. Естемидің өзі болса бағындырылған өңірдің ябғуы (мо хэ дуо йе ху) болды. Батыс түркілердің кейінгі қағандарына көбінше “ябғу” атағы қосымшалана айтылатыны содан болар. Мысал үшін, Шекуй қағанның ұлы алғашында ябғу деп аталса, Шекуй өлгеннен кейін Тұң ябғу таққа отырды да «Тұң ябғу қаған» деп аталды», деген пікірін мысалға келтіреді [555, 128-129].

Батыс Түркістан аймағында үйежылар мен қусан елі жұрттарынан ж. с. д. II-I ғасырлардан қалған археологиялық ескерткіштер негізінен *тұлхар* мәдениеті (*үйежы-қусан тарихи-мәдени кешені*) аясына біріктіріледі. Бұхара мен Самарқанд шұраттарында, Тәжікстан мен Оңтүстік Ферғанада ізі қалған бұл кешеннің ерекшеліктеріне қабір түбін ұңғыма лақыт түрінде қазу, үстіне тас немесе топырақтан шағын оба көтеру тән. Лақыттың аузы тас не кесекпен бекітіледі. Мүрде шалқасынан жайғастырылып, басы *солтүстікке* бағытталады. Заттық жәдігерлердің, әсіресе металл бұйымдардың шығыссарматтық дәстүрлерге ұқсайтыны байқалады. Сондай-ақ шығу тегі Қытайдың теріскей аймақтарына меңзелетін: жануарлардың ордос стилімен безендірілген белдік тоғалары мен жапсырмалары, сырғалар, үш аяқты ыдыстар жаппай кездеседі. Антропологиялық тұрғыда моңғолоидтық сипаттар аңғарылады. Алайда Қусан кезеңінен бастап обаларды көтеру азайып, лақыт ауыздары негізінен қам кірпішпен қалануға ауысады. Дегенмен, мүрделерді шалқасынан теріскейге бағыттап жайғастыру өзгермеген, заттардағы ордостық өрнек те үзілмеген. Ол бір жағынан үйежы жұрттарының өздері ұстанған дәстүрлерді көпке дейін сақтағанын көрсетеді.

Тұлхар кешеніне ұқсас тағы бір мәдениетті *лявандақ* тобы (*үйежы-сармат тарихи-мәдени кешені*) деп атайды. Оның аясына Қырғыз Алатауы мен Ферғана, Ташкент, Самарқанд, Бұхара, Хорезм, Күнгей Түрікменстан өңірлері енеді. Оларға тізбектеле жатқан шағын обалар, лақытты әдіс, сондай-ақ кіреберіс шұңқырдың теріскей не күнгей қабырғасын ұзына бойы үңғылап қазған (катакомба) қабірлер тән. Мүрделердің басы *оңтүстікке* бағытталған. Семсерлері мен пышақтарының балдағы тік; жебе ұшы үш қырлы, қысқа шыбықты; керамикалық кешені жіңішке мойынды, кең, домалақ бүйірлі құмыралар мен көзелерден тұрады. Жерлеу жораларының сипаты, қоныстарының шұраттармен қапталдас далалық аймақтарда орналасуы, қару-жарақтарының семсер, садақ болып келуі, керамикалық кешені олардың түздіктер екенін бағамдатады. Археологтар бұл топқа жататын ескерткіштерді ж. с. д. III-II ғасырларда Қазақстанның теріскей бетін Ертістен Жайыққа дейін жайлаған *сарматтық* ареалдың оңтүстік қапталы ретінде тұспалдайды. Ол ареалдың батыс жағын қамтыған күнгейоралтаулық *прохоров* мәдениетінде соның алдындағы ж. с. д. V-IV ғасырларда дәл осындай лақытты қабірлер қазылып, мәйіттердің бастары *оңтүстікке* бағытталған жерлеу жоралары басым болған екен. Осының өзі прохоровтықтардың батысқа қарай ғана емес, түстіктегі Сырдария алабына да тұяқтары ілінген, Арал мен Оралтау аралығын қыстау-жайлау жүйесі бойынша жалғастырып жатқан жұрттар екендігін аңғартады, дейді челябілік белгілі археолог С. Г. Боталов [486, 70-75].

## **8. САРМАТ-ҮЙЕЖЫ, АС, ТОХАР, ДАЙ (ДАҺ), ХҰН ДӘУІРІ**

*Сармат-үйежы тарихи-мәдени кешені* түп-төркінінің қайдан шыққанына қатысты кейінгі жылдардағы зерттеулерге көз жібергенде, түз жұрттарының күллі орталықазиялық аумақты қамтыған соған дейінгі тағы бір кезекті көші-қон үдерістерінің бағыттарын пайымдауға мүмкіндік алар едік. Оңтүстік Оралтау аралығына тән ертесарматтық *прохоров* мәдениеті (ж. с. д. V-II ғ.).

ғалымдар арасында, әдетте әртүрлі төрт дәстүрдің бір аймақта шоғырлануы нәтижесінде қалыптасқан мәдениет, деп есептелінеді. Оның негізгісі – жергілікті *бобров-тасмола* түзілімі болса, қалғандары сырттан қосылғандар: атап айтқанда, Арал маңы сақтары, шығысеуропалық «скифтер» және Қытайдың солтүстігі мен теріскей-батысынан шыққан түздіктер. Шығысеуропалық скифтердің бұл арада ойысуына сол кезеңдерде Қара теңіздің теріскейін мекен еткен олардың қару-жарақ жасауға қажет кен орындарын іздеп шарқ ұрған жағдайы да себеп болған.

Соған дейін бұл кендерді оларға Еділдің орта ағысындағы *ананьин* мәдениетінің жұрттары тұрақты жеткізіп тұрған екен. Алайда ж. с. д. VI ғасырда кен қорының таусылып, ананьиндіктердің амалсыз теріскей мен шығысқа көшіп кетуі салдарынан, шығысеуропалық скифтер енді Оралтаудың шығыс жағындағы құнарлы кеніштерді игеріп отырған *иткөл* мәдениеті өңіріне жақындауды ойластыра бастайды. Бұл мүмкіндікті соған дейін иткөлдіктер өндіретін металдың таралу бағыттарын бақылауда ұстау арқылы пайда тауып отырған, жергілікті түздіктердің де оларға бере қойғысы келмейтіндігі анық. Қақтығыстар мен соғыстар туындайды мұндайда.

Сол шамада Арал маңы тайпаларының жағдайы да маз емес-тін. Ахемен әулеті билеушілерінің ж. с. д. VI ғасырдың соңғы отыз жылының өзінде массагет-сақтарға екі рет жойқын жорық жасағаны мәлім. Осының өзі қос өзен алабы мен Арал маңы *массагеттерін* бірталай сапырылыстарға ұшыратып, көп түздіктерді бұрынғы қоныстарынан ауа көшірді. Төменгі Сырдария мен Күнгей Арал тайпаларының біраз бөлігі сол ығысу барысында, Оралтау мен Жайықтың оңтүстігіндегі климаты қолайлы, шөбі шүйгін далалық аймақтарға, онымен қапталдас Батыс Сібір өңіріне қоныс аударды. Бұл бір жағынан, осы түздіктердің талай замандар бойы Оңтүстік Оралтаумен екі арада қалыптасқан қыстау-жайлау жүйесі арқылы да таныс бағыттар болатын. Алайда бұл жолы олардың теріскей жақта ұзақ уақыт аялдап қалғаннан басқа амалдары да жоқ еді. Сол себептен ол түздіктердің қыстауларын ғана емес, өз тайпаларының билік

ордалары мен атабейіттерін де солтүстіктегі Күнгей Оралтау даласында орнықтыруға мәжбүр болды. Ж. с. д. YI ғасырдың екінші жартысында, аталған аумақта бұрын байқалмаған жаңа мәдени үрдістер мен ескерткіштердің бірнеше есе молайған түрде көрініс беруінің мәнісі де сол ықтиярсыз қоныс аударудың нышанына саяды [556, 17-19; 485, 48-54].

Әуелі қола дәуіріндегі орталықазиялық төркіндес мәдениеттерден өрістеп, оның әртүрлі тармақтары: қамар, ішғұз, сақ, тұр, массагет тайпалары түрінде байқалған түздіктердің кейінгі ұрпақтарына жататын шығысеуропалық скифтер мен Арал маңы сақтарының Күнгей Оралтау аумағына келіп тоқайласуы, осы жұрттарға тән сақ дәстүрі үрдістерінің жаңа өңірде, жаңаша сипатта дамуына да әсер-ықпалын тигізді. Алайда солардың арасында шұңқырының төменгі жағында *төбесі көлбеу ұңғыма лақыты бар* (катакомба) *қабірлер* бұл аймақ үшін соған дейін мәлімсіз боп келген тосын ерекшелік ретінде танылған еді. *Сөйтсе дәл сондай қабірлер қола дәуірінің өзінде Қытайдың теріскейі мен батысындағы түздіктердің жерлеу жораларының төл сипаттары болыпты* [223, 36-37; 556, 29].

Біз жоғарыда Орталық Азия аумағында ерте сақ және оған жапсарлас ғасырларда екі толқын қоныс аудару үдерісінің өткеніне, олардың археологиялық тұрғыда *сақ пен тасмола* мәдениеттеріне, этнотектік тұрғыда ежелден сабақтас *сақ-тұр-тиек, жұң-ди, хйаона* жұрттарына тиесілігі жөнінде сөз еттік. Онда ж. с. д. IX-YIII және YII ғасырлардағы аталған толқындардың туындауына «солтүстік шеп» өңірлерін мекен еткен түздіктердің қытай патшалығымен жиілеген соғыстары ғана емес, қуаңшылықтан өршіген экоағдарыстық жағдайдың да әсері тигеніне ден қойылған еді. Зерттеушілер арада екі ғасырдай уақыт өткеннен кейін қайталанған кезекті қоныс аудару үдерісін де Қытайдың солтүстігі мен теріскей-батысында ж. с. д. YI ғасырдан басталған климаттың жағдаймен, бірақ бұл ретте қуаңшылық емес, ылғалды ауа райының көбірек тұрақтануына орай, шөптің бітік өсіп, мал-жанға жайлы ахуалдың ұзаққа созылуымен байланыстырады. Әдетте мұндай қолайлы жағдайларда мал



басының молайып, адам санының өсетіні кәміл. Ол бірте-бірте қоныстың тарлығын да білдіре бастайды. Өз-өзінен өрісті кеңейту мұқтаждығы туындайды. Жаңа жайылым, жаңа мекендерді игеру, бөгденің иелігіндегі жерлерге сұғынумен байланысты болған жағдайларда, рулар мен тайпалар арасындағы қақтығыстар да өршиді. Ондайда күштілердің әлсіздерді ығыстыру үдерісі жүреді. Түздіктердің кей топтарының ж. с. д. VI ғасырдың соңғы ширегінде Ордос пен Шығыс Түркістан аймағынан теріскей мен батыс бағыттарға қарай кезекті лықсуына да осындай себептердің әсер-ықпалы тиген еді

Олардың бір бөлігі Алтайға қарай бет алып, Өб өзенінің жоғарғы салаларына дейін жетеді. Ал Шығыс Түркістан және онымен тарихи-мәдени кеңістігі біртұтас қазақ жерінің шығыс-оңтүстігін жайлаған түздіктердің бір тармағы Сарыарқаға, тағы бір тармағы Сырдарияның төменгі ағысына тұяқ іліктіріп, екі тарап арқылы ақырын-ақырын күнгеі Оралтау өңірлеріне қарай жылжуларын жалғастырады. Сол үдерістермен бірге шығыстәңіртаулық *алагоу* мәдениетінің дәстүрлері Жетісу аймағына жетіп, Есік, Бесшатыр қорымдарының археологиялық түзілімдеріне де өз ықпалын тигізеді. Аталған ғасырда Гәнсу дәлізінен бастап, Шығыс Түркістанды, Алтайды қамтыған, бір замандарда беғазы-дәндібайлық ауқымға енген өңірлерде жайғасқан, құрамында әртүрлі этникалық топтың өкілдері мол жиналған сол түздіктердің арасында, *үйежы* (юечжи) немесе *сармат* тектес жұрттардың ілкі бабалары да бар болатын [550, 13-16; 557].

\*\*\*

Қазақ археологиясының соңғы кездегі айтулы жаңалықтары қатарында саналатын, 2012 жылы күзде Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданындағы Тақсай оба кешенінен табылған кезекті «алтын адам» – «Тақсай әйелі» («Сармат әйелі») – бүгіндері елордадағы ҚР Ұлттық музейінің кәделі жәдігерліктерінің біріне айналып отыр. Облыс орталығы Орал қаласынан 50 шақырымдай жерде ғана орналасқан Тақсай-1 кешені археологтар үшін бұрыннан да назарда жүрген нысандардың бірі болатын. 1965

жылғы жер жырту жұмыстары кезінде осы маңнан бірнеше құнды артефакті табылып, мамандар олардың сармат кезеңіне жататындығын анықтаған еді. Табылған заттардың ішіндегі күміс ритон жәдігері де ғылыми ортада кәдімгідей танылған-ды. Арада 37 жыл өткен соң, 2012 жылы сол кешенде жүргізілген қазба жұмыстары кезінде Батыс Қазақстан облыстық тарих және археология орталығының ғылыми қызметкері Я. Лұқпанова бастаған зерттеушілер тобы Тақсай кешенінің 6-шы обасынан сармат тайпасынан шыққан абыз-әйелдің мүрдесін, қазақстандық кезекті «алтын адамды» тапқандығын жария етті.

Тақсай оба кешенінен табылған материалдар ертеде Батыс Қазақстан аумағы, Еділ мен Жайық алабында өмір сүрген жұрттардың жерлеу дәстүрінен мол мағлұмат береді. Ғылыми зерттеулердің нәтижесі Тақсай моласындағы адамның өз қоғамында биік дәрежеге ие болған әйел екенін көрсетті. Қабірдің бір бұрышында ерекше тәртіппен қойылған рәсімдік бұйымдар ол әйелдің абыздық, бақсы-балгерлік қызмет атқарғанын аңғартады. Археологтар тарапынан «Тақсай әйелі» (немесе «Сармат әйелі») деп ат тағылған мәйіттің қолы мен мойнында көптеген алтын әшекей бұйымдар болған, киімі мен бас киімі де ерекше сәнделген.

«Тақсай әйелінің» одан кейінгі зерттеу жұмыстарына Астана, Алматы, Франкфурт қалаларының, Жапония, Германия, Ресей ғалымдары мен мамандары қатысты. Тақсай оба кешені ж. с. д. VI-V ғасырларға, *ерте сармат* мәдениеті кезеңінің ескерткіші. Жерлеу әдісіне, обаның құрылымына және табылған заттарға қарап оны теңдессіз ашылым деп айтуға болады. Жерлеу рәсімдерін өткізу кезінде қабірді ішіндегі заттарымен қоса өртеп, топырақпен жауып, тонаушылардың көзіне түспейтіндей етіп жасырған. Сондықтан моладағы табылған заттардың көбі қатты күйген және деформацияға ұшыраған. От шалып жойылуға аз-ақ қалған заттарды қалпына келтіру үшін Алматы қаласындағы «Қырым аралы» ғылыми-қайта қалпына келтіру шеберханасының басшысы, белгілі жаңғыртушы-ғалым Қырым Алтынбек бастаған мамандар көп еңбек етті.

Ұлттық музей экспозициясына мәйітті өртегеннен кейін сақталып қалған заттардың барлығы дерлік қойылған. Жерленген әйелдің киімі мен жүзден астам алтын әшекейлерге қарап оның жоғары дәрежелі адамдардың қатарына енетіндігін байқауға болады. Обадан бағалы металлдан жасалған әйел адамның әшекейлері (самай салпыншақтары, көлемді мойын алқасы, бірдей екі білезік, қасқыр азуы бар тұмаршалар), киімнің әшекейлері (жапсырма айылбастар, алқалар) және бас киімнің тіреу қаңқасы (қарқасы) табылды.



*Тақсай әйелі.*

*ҚР Ұлттық музейі*



*Алтын білезік.*



*Алтын самай салпыншағы*

Бас киімнің негізгі әшекейі – металл қаңқа. Бас киімнің жақсы сақталған бөлшегі оның формасы мен өлшемін анықтауға мүмкіндік берді. Металл қаңқа екі ұзын тіреу шыбықтан тұрады, оның ұшына арқардың басы әшекей түрінде орнатылған. Бас киімнің формасы Пазырық мұраларына ұқсас. Төменгі жағы таутеке, өмір бәйтерегі және құс тәріздес былғарыдан жасалған оюлармен өрнектелген.

Ұзынша пішілген көйлек жүн матаның жолақталған кесінділерінен тігілген. Өрілген белбеу де жүн жіптен жасалған. Ұзын көйлектің сыртынан ішкі жағы теріден тігілген қамзол тектес киім киген. Қамзолдың арқа бөлігінде қошқардың екі басы бейнеленген үшбұрышты оюды көруге болады. Шекпеннің етегі, жеңі, жағасы, білек тұсы да осы тектес әшекейлермен сәнделген. Орындығы қасқырдың терісімен қапталған.

Қабірден табылған алтын бұйымдардың салмағы 3 келіге жуық. Самай салпыншақтары көптеген ірілі-ұсақты бөлшектерден тұрады: Жоғарғы жағы – жапсырылған конус тәрізді элементі бар самай шығыршығынан тұрады. Конус ұсақ түйіршіктермен сәнделген, тігінен бір қатар, төменгі жағында көлденең бір қатар түйіршіктері бар 10 үшбұрыштан тұрады. Конустың астыңғы жағына ілмектер дәнекерленген, ол ілмектерге шар тәрізді салпыншақ, пластина тәріздес салпыншақ, 3 буыннан тұратын бау ілінген. Әрбір баудың ортаңғы буынына бір шоқ жүзім түріндегі түйіршіктелген алқа, астыңғы буынына тамшы тәріздес түйіршіктелген алқа тағылған. Ортаңғы бөлігі: ілгектің ортаңғы бөлігіне екі қабат өрілген ұзындығы 9,5 см болатын, дәнге және шоқ жүзімге ұқсас алқалар ілінген бау тағылған. Төменгі бөлігі: Әшекейдің төменгі жағының негізі – астыңғы бөлігіне шығыр, шар және қиық конус дәнекерленген сымнан тұрады. Сымға ашық көк түсті моншақ және конус тәрізді түйіршіктелген алқа тағылған. Конустың табанына пирамида тәріздес 5 ілмек жапсырылған.

Табылған артефактілердің барлығы абыз әйелдің тікелей атқарған қызметіне сай келеді. Қасқырдың азу тісінен жасалған тұмаршалар, білезіктер, мойын алқа, грифон түріндегі шытыралар – абыздар мен билеушілерге тән нышандарға жатады.

Қабірдің оңтүстік-батыс жағынан қорап тәрізді қобдишаға салынған тарақ, қасқырдың екі табаны, ыдыс, сабы сүйектен жасалған темір пышақ, тақ және қайрақ табылды. Ерекше қызығушылық тудырған жәдігер – теректен жасалған тарақ. Оттың салдарынан тарақты күйік шалған, дегенмен оның екі жағында қос дөңгелекті арбаға мінген арбакеш пен садақшы және олармен айқасқа түскен адам бейнесі салынған сурет сақталып қалған.

Арбаның суреті салынған тарақтың реконструкциясы қола дәуірдегі арбалардың пішініне негізделген. Зерттеу нәтижесінде тарақты жергілікті шеберлердің бірі жасағандығы анықталды.



*Ағаш тарақ (жаңғыртпа)*

Абыз әйелдің оң қолында күйік шалған ағаш қаптаманың ішіне салынған айна табылды. Айнаның сабында грифондар бедерленген, қабыршақ тәрізді оюлармен сәнделген, жартылай сақталған көгілдір ақық тастар (бирюза) салынған ұшыықтар бар. Ол мыстан құйма әдісі арқылы жасалып сары түспен жалатылған.

Сондай-ақ қабірден жиегі қапталған ағаш ыдыс, іліп қоюға арнап жасалған қола қазан, сопақша келген, түбі домалақ, қоладан

құйма тәсілімен жасалған шоқ салатын қалың ыдыс шықты. Қазанның түйенің басы пошымындағы шүмегі, екі тұтқасы бар. Оның металдан жасалған негізі сақталған, бірақ қабірде болған өрттің әсерінен жарықтар пайда болып, кейбір фрагменттер жоғалған. Қабірден екі пышақ табылды. Оның күйік шалған, сабы ғана сақталған бірі қобдишаның ішінен шықса, сабы толық жанып кеткен екіншісі ордың ортаңғы бөлігінен ұшырасты.

Ерте темір дәуірінде Қазақстанның батыс өлкелерін мекендеген көшпелі тайпалар қалдырған түрлі археологиялық ескерткіштер жиынтығы әдетте сармат мәдениетінің аясына топтастырылады. Анықтамалық әдебиеттерде, жалпы *сармат* атауының көне грек жазба деректерінен жеткен шартты ұғым екендігі, ал *сарматтардың* осы тарихи мәліметтер бойынша, Қара теңіз скифтері патшалығын шығыстан келіп талқандаған тайпалар ретінде танымал болғандығы айтылады. Ғылыми қорытындылар бойынша, сармат мәдениетінің өмір сүрген уақыты ж. с. д. 7-6 ғасырлардан ж. с. 4 ғасыр аралығындағы өте үлкен мерзімді қамтиды. Даму барысындағы ерекшеліктерді ескере отырып, ғалымдар осы ұзақ ауқымды «ерте сармат» (немесе прохоров мәдениеті), «орта сармат», «соңғы сармат» деп аталатын үш кезеңге бөледі. Ғылыми пайымдаулар бойынша, сармат мәдениетінің алғаш қанат жайып қалыптасқан аумағы Еділден шығысқа қарайғы өңірлер, Жайық далалары, Ор мен Елек өзендері алаптары. Осы аймақтардағы Бесоба, Сынтас, Қырықоба, және жоғарыда сөз болған соңғы жылдардың ең айтулы жаңалығы – қазақстандық тағы бір алтын адам – «Тақсай әйелі» табылған Тақсай кешен обасы сияқты қорымдардан алынған деректер аталған мәдениет жайлы құнды мәліметтер береді.



*Сармат  
көсемінің  
алтын киімді  
мүсіні.*

*Атырау  
облыстық  
тарихи-өлкетану  
музейі*

Ол қазбалар ерте сармат кезеңіне жататын семсер, қанжар, жебе секілді қару түрлері, ат әбзелдері қалдықтары, түбі дөңес қыш көзелер, айналар мен тас құрбандық ыдыстары, «хайуанаттық нақышпен» сомдалған бұйымдарымен белгілі. Зерттеушілер заттық мәдениет пен жерлеу ғұрпының басты ерекшеліктерін алға тарта отырып, ерте сармат мәдениетінің қалыптасуына жергілікті дәстүрлермен қоса Арал, төменгі Сырдария сақтарының да маңызды ықпалы болғанын бағамдайды. Сармат тайпаларының үлкен бөлігінің батысқа жылжыған уақытымен сәйкес келетін, ж. с. д. 1 ғасырдан бастап 4 ғасырға дейінгі аралықты қамтитын орта және соңғы сармат мәдениеті ескерткіштері Қазақстан жерінде көп ұшыраса бермейді және шашырай орналасқан. Олардың біразы Арал мен Каспий аралығында ашылды (мысалы, Дықылтас, Бәйте қорымдары, Қызылүйік ғибадатханасы). Ғылымда бұрыннан қалыптасқан көзқарас бойынша, сарматтарды иран тілдес топтарға

жатқызатын пікірлер бар болса да, бірсыпыра зерттеушілер ерте сармат мәдениеті туындаған қазақ даласындағы этникалық үдерістерді, археологиялық дәстүрлерді байыптай отырып, көне грек деректерінде орта сармат тайпаларының арасында *языг, роксолан, аорс, сирак* сияқты этнонимдердің ұшырасатыны, сарматтардың кейіннен *алан* тайпаларымен бірігіп *сармат-алан* патшалығын құрғанына мән беру арқылы, бұл жұрттарды бір жағынан ежелгі түрк сипатты қауымдармен де байланыстырады [557].

Қазақтың белгілі археологы З. Самашев Алтайдағы *пазырық* және *берел* мәдениеттерін (ж. с. д. YI-III ғ.) жасаушыларды – өз құрамына алтай (яки арғытүрк) және тохар тілді көптеген тайпаларды біріктірген, көне қытай деректерінде «юечжи» деген атпен танылған мемлекеттің тұрғындары деп есептейді. Олардың Алтай, Шығыс Түркістан мен Жетісу арасындағы кеңістікке тән үндес мәдениеттерді түзушілердің қатарында болғанын Жетісудың Құлжабасы тауындағы петроглифтер арасында пазырық мәдениетінің адамдары киетін бас киім мен Берелде көптеп табылып жатқан қалқандарға өте ұқсас қорғаныс құралымен қаруланған жауынгер бейнесінің қашалғаны да байқатады. Сондай-ақ Берел мен Есік обаларынан табылған жәдігерліктерде де технологиялық тұрғыдан ұқсастық бар, әрі олар мерзімдік жағынан да бір-бірінен онша қашық емес [510, 121]. Берелдегі ең үлкен №11 обада ер кісінің басы шығысқа бағытталып, шалқасынан жайғастырылса, әйел адамның аяғы бүгіліп, тізесі жоғары қаратылған [510, 20-21]. Бір қаперге алатын жайт, өткен тарауда тілге тиек етілген шығыстүркістандық тарым сембелерінің де бастары осылайша шығысқа <sup>62</sup> бағытталып, аяқтары созылып, шалқалай қойылған болатын [244, 88-90].

---

<sup>62</sup> Орталықазиялық түздіктерде мәйіт басының – теріскейге, батысқа (мәселен, Жетісу сақтарында, үйсіндерде [313, 76-83]) және шығысқа берілетін жоралары қатар кездесе береді. Батыс бағыты – о дүниеге кірер есік күн бататын (қараңғылық туатын, өмір сөнетін) жақта дегенді білдірсе; бастың шығысқа бағытталуы – жаңа туған күнмен өмірдің қайта



Қола дәуірінің соңы мен ерте темір дәуірінде Қытайдың теріскейі мен теріскей-батысында мекендеген тайпалардың *тиек-ди* (жүн-ди) түрінде аталғаны жоғарыда сөз етілді. Ж. с. д. VІ ғасырдан кейінгі замандарда осы *тиек (ди)* атауының қытай деректерінде көрініс беруі сирексиді де, олардың орнына көбіне теріскей мен батыс түздіктерін жалпылама білдіретін *ху* этнонимі қолданыла бастайды. Сол хулардың арасында, хун патшалығы ірге көтерген ж. с. д. III ғасырға дейін, белгілі болған қабырғалы жұрттардың бірі *үйежылар* еді. Олардың маңайындағы елдерді ықтырар қуатқа ие мемлекет құрғанын, болашақ Хун империясының көсемі Мөденің жас кезінде сол үйежылар қолында аманатта жүргенінің өзі-ақ аңғартады. Қытай зерттеушілері тарапынан да *ұрұғиер* (қытай емлесі бойынша үйежы, ружы, юечжи) атымен танылған, «шыққан тегі арғытүрктік *тиек (ди), ривем (жүн), си-жүн, ху* этнонимдерімен тығыз сабақтас, түрк төркінді *ұрұғиер (ружы, үйежы)* түздіктерінің» [263, 246-247] байырғы тарихы хун заманынан әлдеқайда ежелгі ғасырлардан басталатынына мән беріледі.

Ресейлік археологтар сол ежелгі үйежылардың ж. с. д. VІ-V ғасырларға тән сілемдерін олардың батысқа қарай қоныс аудару үдерістерімен ілесе жылжыған *лақытты қабір* қазу ерекшеліктері арқылы бағамдайды. Ол сілем Шығыс Түркістан мен Қара Ертіс аймағынан, Алтайдың оңтүстік-шығыс баурайларынын Арал маңы мен Жайық алабына дейін үздік-создық жалғасып,

---

басталатынын, аяқ жақта «өлілер патшалығы» жатқанын тұспалдайды [558]. Кезінде көнешұңқырлықтар да мәйіт басын шығысқа беріп жерлеген [118, 77]. Шығысты кие тұтудың түрк тектестерге тән бір сипат екендігі хун тәңірқұтының таңертең шығып келе жатқан күнге, кешке туып келе жатқан айға тағзым етуінен [474, 330], көне түрктердің беттерін күн шығар жаққа қарата жайғасып отыратынынан, сол себепті шығысты *ілгері* (ilgeru) деп атағанынан [215, 191, 261], киіз үйлерінің есігі мен балбалдар бетінің шығысқа қаратылатынынан, сондай-ақ М. Қашқаридің әйгілі дөңгелек картасының шығысқа бағыттала түзілуінен де көрінеді [558, 417-420, 435-436, 444-445].

ертесарматтық мәдениетке ұласады. Ал ол жерлеу жорасы неге үйежы-сарматтарға тән нышан ретінде танылды, деген мәселеге келсек, оның анық-қанығы ж. с. д. II ғасырда Әмудария мен Сырдария аралығына Шығыс Түркістан аймағынан ауа көшкен, жоғарыда қаперге алынған *кейінгі үйежылармен* бірге жеткен археологиялық дәйек арқылы нақтыланған еді. Өйткені, олар да дәл сондай *лақытты қабір* қазу жорасын қолданатын. Сол себепті де қытай жазбаларында нақты есімі бар халық – *кейінгі үйежыларға* тән бұл жерлеу әдісі, одан екі ғасыр шамасындай бұрынғы жалпы орталықазиялық қоныс аудару үдерісіне қатысқан жұрттар ұстанған ертесарматтық жорамен бірдей болып шыққандықтан, ол ежелгі түздіктерді *ілгергі үйежы-сармат* бірлестігіне енетін тайпалар ретінде тану жөн деп табылды [456, 241-249].

Қабірлері ұқсас бұл екі толқын боп жеткен үйежылардың жерлеу жораларындағы айырмашылық – адам мүрделері бастарының әр бағытта қаралуында ғана. *Ілгергі үйежыларға* тиесілі делінетін сарматтық (прохоровтық) мәдениетке тән қабірлерде мәйіт басы шалқасынан жайғастырылып оңтүстікке қаратылса, *кейінгі үйежыларда* солтүстікке бағытталады. Археологияда сол себепті де прохоров мәдениетінің дәстүрлерінен өрбіп, кейіннен әртүрлі этнотектің үдерістердің нәтижесінде, батыстүркістандық археологиялық нышандардың біріне айналған, мәйіт басы оңтүстікке бағытталған *үйежы-сармат* тарихи-мәдени кешені – *лявандақ* тобы аясына біріктіріледі. Ал мәйіт басы солтүстікке қаратыла жайғастырылған қабірлерімен ерекшеленетін *тұлхар* мәдениеті – *үйежы-қусан* тарихи-мәдени кешені түрінде топтастырылады [486, 70-75].

Олардың түп-тектері төркіндес деп есептелсе, лақытты қабірлері бір-біріне соншама ұқсас бола тұра, мәйіт бастары неге қарама-қарсы екі жаққа бағытталады, деген сауалдардың да туындайтыны бар мұндайда. Орталықазиялық түздіктерге *мәйіттерді шалқасынан жатқызып, бастарын теріскейге бағыттап жайғастыру ғұрпы* әуелден тән жоралардың бірі екені белгілі. Оның арғы мәнісінде ылғи түнгі аспанның солтүстігін

көрсетіп тұратын, бір орнынан тапжылмай, ауа райының әртүрлі жағдайларында адастырмай алып шығатын, қараңғыда жол бастар Темірқазық жұлдызын қасиет тұту дәстүрі жатыр. Соған орай көне жұрттар ұғымында теріскей жақ – ғалам кіндігі, тәңірілер мекені ретінде саналады. Түрк халықтары танымында қараңғы түсе шоқтай жарқырап Темірқазық туатын сол *теріскей* жақтың – «ұлы, негізгі, басты, зор, ...» деген мағыналарды беретін «*қара*» сөзінің синониміне айналуы да бекер емес. Түркітердің солтүстікті *қара*, батысты *ақ*, шығысты *көк*, оңтүстікті *қызыл*, орталық бөлікті *сары* деп белгілейтіні мәлім [558, 425-426; 260].

Кейінгі үйежылардың де осы Темірқазық жаққа бағытталған байырғы дәстүрді ұстанғаны байқалады. Ал *үйежы-сармат* тарихи-мәдени кешенінде *оңтүстік бағыттың* басым болуын, зерттеушілер сол дәстүрдің әуелгі прохоровтық кезеңіндегі әр этнотекті жұрттардың бір-бірімен араласуынан өрбіген нәтижеге балайды. Әлінде күнгей оралтаулық далаларға тән сарматтық прохоров мәдениетінің қалыптасуына сол өңірде тоқайласқан төрт мәдениеттің әсер-ықпалы тигенін қаперге алғанбыз. Мәселен, солардың арасындағы шығысеуропалық скифтердің бірсыпырасы бұрынғы Еділ-Доннан батысқа қарай қоныс еткен мекендерінде оңтүстік бағытты ұстаныпты. Днепр, Теріскей Дон алаптарындағы ж. с. д. YII-YI ғ. обаларында, шығысқа бағыттап жерлеу шамалы кездесе де, негізінен күнгей жаққа қарата жайғастырудың басымдығы байқалыпты [559, 93-95]. Бұл ретте аталған дариялардың теріскейден оңтүстікке беттей ағып, теңізге жұтылатындығына байланысты, өзендердің аяқ жағын «өлілердің құрдым мекені» деп тану, ал жоғарғы сағасын «қасиетті, кіршіксіз» бастау ретінде қарау ұғымы қалыптасуы ықтимал деген сыңайдағы пайымдаулар да орныққан [558, 546-547].

Демек, Еділ мен Жайықтың да дәл солардай күнгейге қарай ағып, Каспийге құятынына орай, шығысеуропалық скифтермен бірге жеткен, мәйіт басын оңтүстікке қарай бағыттайтын жерлеу жорасы, ақырындап Күнгей Оралтау далаларындағы сармат мәдениетінің бір нышаны ретінде қалыптасқан сияқты деп болжауға болады. Бұл бір жағынан *днепр-дон скифтерінің* өздері

кейіннен көшіп келген жаңа аймақта елеулі күшке айналғанын да көрсетеді. Ал дәл сондай ықпалға ие екінші жұрт Шығыс Түркістанның теріскей аймақтарынан, Қара Ертіс алабынан, Алтай қойнауларынан қоныс аударған түздіктермен бірге жеткен *үйежы-сармат* тайпалары еді. Олармен бірге ілесе келген *ұңғыма лақыттары бар қабір* қазу жорасы, көп ұзамай, мәйіт басын *оңтүстікке*<sup>63</sup> бағыттап қоюдың «батысскифтік» ғұрпымен бірге *сармат-прохоров* мәдениетінің басты нышанына айналды [557]. Үйежы-сармат жұрттары Жайық алабында тұрақтаған сол кезеңдерде, аталған аймақта ұйысу сатыларын өткеріп жатқан *ас* (аорс) түздік тайпалар бірлестігінің құрамына енеді. Біраз бөлігі ж. с. д. III ғасырда Үстірт арқылы Хорезмге келіп жайғасады [122, 102]. Едәуір тобы кейіннен Соғды аймағына ат басын тіреп, Грек-Бактрия мемлекетінің теріскейіне келіп орнығады [456, 248-249].

Тағма түрі	Орта Азия, Қазақстан	Индускүш күргейі	Қара теңіс теріскейі	Монғолия
I	᠘, ᠘, ᠘	᠘ <sub>1</sub> , ᠘ <sub>2</sub>	᠘ <sub>3</sub> , ᠘ <sub>4</sub>	᠘ <sub>5</sub>
II	᠘, ᠘, ᠘	᠘ <sub>7</sub> , ᠘ <sub>8</sub> , ᠘ <sub>9</sub>	᠘ <sub>10</sub> , ᠘ <sub>11</sub>	
III	᠘, ᠘, ᠘	᠘ <sub>12</sub> , ᠘ <sub>13</sub> , ᠘ <sub>14</sub> , ᠘ <sub>15</sub>		
IV	᠘, ᠘, ᠘	᠘ <sub>16</sub> , ᠘ <sub>17</sub>	᠘ <sub>18</sub> , ᠘ <sub>19</sub>	᠘ <sub>20</sub> , ᠘ <sub>21</sub> , ᠘ <sub>22</sub>
V	᠘, ᠘, ᠘	᠘ <sub>23</sub> , ᠘ <sub>24</sub> , ᠘ <sub>25</sub> , ᠘ <sub>26</sub>	᠘ <sub>27</sub> , ᠘ <sub>28</sub>	᠘ <sub>29</sub> , ᠘ <sub>30</sub>
VI	᠘, ᠘, ᠘	᠘ <sub>31</sub> , ᠘ <sub>32</sub>	᠘ <sub>33</sub> , ᠘ <sub>34</sub> , ᠘ <sub>35</sub>	᠘ <sub>36</sub> , ᠘ <sub>37</sub>
VII	᠘, ᠘, ᠘		᠘ <sub>38</sub> , ᠘ <sub>39</sub> , ᠘ <sub>40</sub>	᠘ <sub>41</sub>
VIII	᠘, ᠘, ᠘	᠘ <sub>42</sub> , ᠘ <sub>43</sub>	᠘ <sub>44</sub>	᠘ <sub>45</sub> , ᠘ <sub>46</sub> , ᠘ <sub>47</sub> , ᠘ <sub>48</sub> , ᠘ <sub>49</sub>
IX	᠘, ᠘, ᠘	᠘ <sub>50</sub> , ᠘ <sub>51</sub>	᠘ <sub>52</sub> , ᠘ <sub>53</sub> , ᠘ <sub>54</sub>	᠘ <sub>55</sub> , ᠘ <sub>56</sub> , ᠘ <sub>57</sub> , ᠘ <sub>58</sub>

**Цаган-голдан өрбіген балама таңбалардың тараған өңірлері**  
[560, 178].

<sup>63</sup> Бұл орайда қыстаулары Үзбой алабына дейін жалғасып жататын Арал маңынан барған жұрттарда да осы оңтүстік бағыт кездесуі мүмкін деп жорамалдауға болады. Себебі зәрдүш ілімін қуаттайтын иран тайпалары арасында да *түстік* жақ киелі саналады. Ал оған қарама-қарсы *солтүстік* жақта дию пиғылды көшпелілер мекендегендіктен, әділетсіздіктің, жауыздықтың бәрі сол теріскейден келеді деген ұғым қалыптасқан [559, 95; 558, 125-126].

Үйежы-сарматтық қоныс аудару үдерістерінің Шығыс Түркістанның теріскейі мен Оңтүстік-Шығыс Алтайдан Күнгей Оралтауға, одан әрі батыстағы Қара теңізге, түстіктегі Арал маңына, Гиндукушқа дейін өткенін Гоби-Алтай аймағы Цаган-гол шатқалындағы петроглиф-тамғалар баламаларының осы аталған өңірлерден табылып отырғаны да дәйектейді. Кезінде оған зерттеуші Б. И. Вайнберг те назар аударып, оңтүстік-шығыс алтайлық кей тамғалардың сармат тамғаларымен ғана емес, Хорезм, Соғды, Бұхара патшаларының теңгелеріндегі тамғалармен сәйкесетінін нақтылаған болатын. Соған орай автор аталған мемлекеттердің билеушілерін кейінгі үйежылар емес, одан арғы сарматтық үйежыларға жатуы ықтимал, қытай деректерінде «Чжаоу әулеті» деп аталған түп-тектен тарауы мүмкін ұрпақтар ретінде бағамдаған-ды [560; 561, 42, 76-77; 456, 251-252].

Б. И. Вайнберг бұл ретте 659 жылы жазылған «Бейши» кітабының «Батыс өңір баянындағы» (97 бума) мына деректерге сүйене отырып пікір тарқатқан еді. Онда: «Қаң патшалығы – Қаңжүй [мемлекетінің] ізбасары. Халқы бір орында көп тұрақтамайды. Хань заманынан бері билік сабақтастығы үзілген емес. Оның әміршісі Він – үйежы әулетінен шыққан. Бабалары ежелден Циляншань (Теріскей Наньшань) тауының солтүстігіндегі Чжаоу қонысын мекен еткен. Хұндардан жеңілгеннен кейін Цунлин (Памир) арқылы батысқа асып патшалық құрды. Бірқатар иеліктерге тармақталды. Сол себепті де Қаң патшалығынан шығысқа және батысқа қарай жатқан иеліктердің бәрінде әміршілер, өздерінің түп-төркінін ұмытпас үшін Чжаоу әулеті атауын ұстап қалған... Қаң – мықты патшалық. Батыс өңірдің Ми, Шы, Цау, Хы, Ән (Ань), Кіші Ән (Ань), Насыбо, Унагы, Му деген көптеген патшалықтары оған бағынады...» [534, 280-286; 520, 311; 251, 91-94], – деген жолдар бар болатын. Мұндағы Қаң (Кан) – қазіргі Хожент аймағы, Ми, Цау – Хожентке жақын маңдағы патшалықтар, Шы – Шахристан иелігі, Хы – Бекабад, Ән немесе Үлкен Ән – Самарқанд-Бұхара аумағы, Насыбо – Жызақ маңы, Унагы, Му – Чаржоу өңірімен сәйкеседі [520, 310, 347].

«Бейши» мен «Суйшу» (636 ж.) тарихнамаларында аталған патшалықтардың денінің әдет-ғұрпының қаңлылармен ұқсайтыны, Ми, Шы, Цау, Хы иеліктерінің ежелгі Қаңжүй жерінде орналасқаны, ал Өн, Унагы, Му елдерінің Хань кезінде Өнсиге қарағандығы айтылады. Бәрінің билеушілерінің Қаң патшасы сияқты Чжаоу әулетінен тарағаны және Қаң әміршісімен аталас екені жазылады. Бәрі бір-бірімен ағайын, ішек-бауыры араласқан құдандалық қатынастарға ие. Қаң патшасының зайыбы батыс түрктің Датю қағанының қызы. Өз қызын Өн билеушісіне берген. Баласына Цау иелігін басқаруды тапсырған. Қаң патшасымен тегі бір Хы мен Унагы әміршілері әдетте алтын қошқар түрінде бейнеленген (қаңлылардың қошқарды кие тұтқанын еске алыңыз) тақ үстінде отырады. 610 жылдар шамасында Қытайға елші жіберген Қаң патшалығының тілі туралы Бичурин аудармасына [534, 280-286, 291-298] сүйенер болсақ, олардың *түрк* жазуын қолданғанын, сол тілде жазылған заңдарының храмдарда сақталатынын оқимыз. Боровкова ол сөйлемдердегі Бичурин «*түрк*» жазуы деп көрсеткен жерлерді «*ху*», яғни, бұл ретте соғды мағынасындағы сөзбен алмастырады [520, 311].

Бірқатар зерттеулерде Қаңжүй патшалығы ж. с. д. I ғасырдан бастап, Сырдария мен Өмударияның орта ағыстары аралығындағы Соғды жеріне қарай қанатын кеңейтті, деген тұжырымдар айтылады. Б.И. Вайнберг «Бейши» мен «Суйшу» жазбаларында ілгергі замандарға қатысты мәліметтер мен кейінгі дәуірлердің деректері араласып кеткен тұстары байқалса да, «Хань империясы заманынан бері билік сабақтастығы үзілмей келе жатқан» Қаң ғана емес, оның аясына енетін патшалықтардың әміршілерінің де негізінен түздік Чжаоу әулетінен шыққандығы туралы дәйектің маңыздылығына мән береді. Әрі олардың тамғаларының кейінгі үйежылардан көрі, күнгей-шығыс алтайлық Цаган-гол жартасында қашалған тамғалармен ұқсастығы да назар аударуға лайық мәселе деп есептейді [560, 69-71]. Сондай-ақ бұл ретте Самарқанд, Бұхара, Хорезмді билеген әулеттерге тән теңгелердің ж. с. д. II ғасырдың екінші жартысынан бастап соғылғанын еске алу керек. Ал ол кезеңде кейінгі ұлыүйежылар Бактрия аймағына

енді ғана ат тұяғын іліктіріп жатқан болатын. Демек, ол теңгелердегі тамғалардың кейінгі үйежыларға емес, ілгергі сармат-үйежы текті «Чжаоу әулетіне» қатыстылығы өз-өзінен айқындала түседі, дейді ғалым «Ежелгі Хорезм теңгелері» атты еңбегінде [561, 76].

Осы орайда «Бейши» кітабында соның алдындағы ғасырларда мемлекеттілігі ыдырап кеткен Қаңжүй патшалығы атауының қайтадан көрініс беруі және «Чжаоу әулеті» туралы деректерге қатысты кейінгі кездерде жүргізілген зерттеулерге назар аудару қажет сияқты көрінеді. Өйткені, олар оқырманды Батыс Түркістанда жыл санаудың алғашқы ғасырларында өткен біраз этнотектік үдерістер туралы қызықты пайымдарға бастайды.

Біз жоғарыда Қаңжүй патшалығы туралы сөз еткен кезде, оның III-IV ғасырларда қос өзен аралығындағы иеліктеріне үстемдік етуден айырылып, бірқатар дербес иеліктерге бөлініп кеткенін қаперге алған едік [499, 136]. Кейінгі жылдардағы тыңғылықты зерттеулерде Қаңжүй мемлекетінің IV ғасыр соңында, Балқаш пен Арал теңізінің аралығын мекендеген *батыс динлиң* патшалықтарының шабуылы нәтижесінде күйрегені анықталып отыр. Бір замандардағы арғытүрк *тиектердің* ұрпақтары болып саналатын бұл *динлиңдер*, аталған өңірге ж. с. д. I ғасырдың орта тұсында хұн патшасы Жыжы (Чжичжи) тәңірқұттың пәрменімен келіп орныққан-ды. Хұндар Шығыс Түркістанның теріскей-батысындағы динлиңдерге шабуыл жасап жеңіске жеткеннен кейін, олардың бір бөлігін басқа да атажұрттарынан ауған жұрттардың соңынан, батысқа қарай күштеп көшіріп жіберген болатын. Сол себепті де қазіргі қазақ жерінің орталық бөлігіне келіп қоныстанған диңлиңдер қытай деректерінде «батыс динлиң», ал атажұрттарында қалғандары «теріскей динлиң» деп атала бастаған еді [251, 14, 32-35, 38-40; 519, 121-141; 262, 415-418]. Батыс динлиңдердің жаңа қоныстарында көп ұзамай-ақ өсіп-өніп, аталмыш далалық кеңістікте Цзянкуң, Динлиң, Уцзе (Қырғыз, Теле, Оғұз [263, 57-58]) секілді үш патшалық құрғаны, соңыра олардағы халық саны 600 мың шамасына жетіп, 190 мың іріктелген әскер шығара алатын қуатқа ие болғаны қытай


деректерінде жазылып қалған [520, 95-100, 279]. Ал Солтүстік және Оңтүстік патшалықтар дәуірінің (ж. с. 420-589) соңғы кезінде сол *батыс динлиндер* (телылар) өрістерін Каспий теңізіне дейін ұзартып қана қоймай, одан әрі асып Қара теңіздің теріскейіндегі далаларға дейін мекендеген қуатты арғытүрктік тайпалар ретінде танылады [251, 38-39; 262, 417-418].

Батысқа қарай бағытталған әуелгі қанат жаюлары барысында, олар бір кездері Қаңжүй мемлекетінің құрамына енген янцай (ас-алан) тайпаларын өздерінің қарамағына қосып алып, сол аумақтағы ірі елдердің біріне айналады. IV ғасырдың ортасынан аса (шамамен 380 жылдары) динлиннің үш патшалығы мен ас-алан тайпаларының бірігуінен пайда болған ол мемлекеттің аты көсемдерінің есімімен Сутэ (Сұты) деп атала бастайды. «Вэйшу» (554 ж.) тарихнамасында оның Вэй әулеті сарайына 435 жылдан бастап елшіліктер жібере бастағаны көрсетілген [476, 311-312; 562, 64, 203]. Осының өзі Сутэнің содан бұрынғы уақыттарда да күшті мемлекет ретінде танылғанын байқатады. Дерекнамалық мәліметтер Сутэнің IV-V ғасырдың түйіскен тұсында өзінен оңтүстік-шығысқа қарай, Сырдарияның орта алабында жатқан Қаңжүй патшалығын күйреткенін алға тартады [520, 312-113]. Бір кездердегі қос өзен алабын қаусырған қуатты мемлекет қалпынан әлдеқашан айырылған қаңлылар бұл шапқыншылыққа қауқарлы қарсылық көрсете алмайды. Жөңкіле ауып, өздерінің оңтүстік шекарасындағы ежелден тату Дайюаң (Ферғана) мемлекетінің теріскейіне жетіп, қоныстанатын жер сұрайды. Рұқсат алып, сол аймақта Чжэшэ/Қаңжүй патшалығын құрады. Бірте-бірте қайтадан күшейіп, өздерін паналатқан Дайюаңды да қарамағына қосып алып, оны Полона атты патшалыққа айналдырады [520, 276-277].

Осы жерде қаңлыларды шапқыншылыққа ұшыратқан Сутэ патшалығының әскерлері арасында, ана жылдары янцай (ас-алан) тайпалары Қаңжүй мемлекетінен Сырдарияның төменгі ағысын бөліп алып дербестелген кезінде, солардың құрамына енген қуандариялық қаңлылардың да жүргені анық. Ежелгі *қаң* жұртының жетіасар мәдениеті ірге көтерген өңірден табан аудармаған кесек бір сынығы, сол шақтарда қоныс аудару



жөнкілістерімен Арал маңында бастары қосылған әртүрлі арғытүрктік жұрттармен бірге болашақта қаңғар этнонимімен танылатын халықтың әуелгі қалыптасу сатыларын бастан кешіп, ас-динлиндік Сутэ патшалығының да қуатын артыруға үлестерін қосып жатқан-ды [456, 284-285].



*III-IV в. Батыс Түркістан. Қаңлылар мен үйсіндерді атамекендерінен тықсырған батыс динлиндік (батыс түрктік) Сутэ мемлекетінің ықпал аумағын аңғартатан карта [520, 366-368].*

Қаңлыларды Тәңіртаудың қойнауына қуып, одан қалған құнарлы жазираларды иеленгеннен кейін ерекше күшейген түрктеткі хәм түрктілі Сутэ мемлекеті, енді тағы бір іргелес ел, шығысқа қарай жатқан, түгін тартсаң, майы шығатын өңірлерді бауырына басқан үйсіндерді де жаулап алуды көздейді. 437 жылдары оған жойқын шабуыл жасап, алты ғасыр бойы Іле алабын тапжылмай мекен еткен халықты атажұрттарынан ауа көштіреді. Кей деректерде үйсіндерді жыжұндардың талқандағаны айтылады. Бірақ кейінгі зерттеулер олардың бұл шапқыншылыққа еш қатысы жоқтығын нақтылады [520, 283]. Бастарын сауғалаған

үйсіндер де қаңлылар ауған бағытқа қарай босып, құрылғанына отыз жылдай ғана болған Чжэшэ/Қаңжүй және Дайюан/Полона патшалығы жеріне баса-көктей енеді. Сол кезден бастап, қытай деректерінде Үйсін және Чжэшэ/Қаңжүй мемлекеттері аттарының аталуы тыйылады. Үйсіндердің тықсыруынан ығысқан қаңлылар өз кезегінде Ферғананың батысында жатқан ұсақ иеліктерге қарай лықсиды. Қазіргі Қоқан жерінде тұрақтап, жаңа патшалық құрады. Тіпті күшейіп алғасын, оңтүстік-батыс жағынан парсылардың да қайта-қайта шапқыншылық жасауынан әлсіреген Кейінгі Қусан патшалығын жаулап алады. Оның аршак әулетінен шыққан жас билеушісі Қидар патша күллі әскерімен Теріскей Үндістанға қашып, сол аймақтағы алты ұсақ патшалықты қоластына қаратып, бірталай жыл билік етеді. Ал ол тастап кеткен Қусан патшалығының орнына 464 жылы шығысы Памирден, батысы Иранға, теріскейі Гиссар жотасынан, күнгеі Гиндукушке дейін созылған зор Тохар ұлысы ірге көтереді. Византиялықтардың куәландыруынша, оның билеушісі жергілікті *тохар* жұртынан шыққан Абдал (Эфталан) есімді көсем еді. Сол себепті де ол басқарған елдің тұрғындары соңыра *абдалдар* (эфталиттер) деп аталады [520, 275-289, 306-317].



*Эфталиттер. Сасани дәуірі күмісі*

«Бейши» (ҮІІ ғ.) жазбасындағы Қаң мемлекетіне қатысты жоғарыдағы деректер де қаңлылардың Қоқан мен Қусанның теріскейін өзіне қаратып алғаннан кейінгі географиялық орналасуын байыптатады. Қаң патшалығы бастаған тоғыз иеліктен тұратын бұл бірлескен мемлекет атынан қытай сарайына барған елшілер, өз елдерінің ежелгі Қаңлы жерінде орналасқанын, әміршілерінен Хань империясы заманынан бері билік сабақтастығы үзілмегенін, бәрінің Чжаоу әулетінен тарағанын жеткізген еді. Сарай тарихшылары солардың айтқандарын қағаз бетіне түсіре отырып, бірлестіктегі негізгі патшалықтың атын бұрынғы Қаңжүй үшін қолданған жазудың алғашқы иероглифі бойынша – Қаң деп таңбалайды [520, 314].

Ал олардың билеушілерінің үйежылық Чжаоу әулетінен шыққандығына неге мән берілді, дегенге келсек, бұл да сол кездерде қытай сарайына өздерінің бөтен емес екендігін, беделдерін арттыру үшін жасалған тәсіл сияқты көрінеді. Себебі Хань заманында үйежылардың атамекені ретінде белгілі Гәнсу дәлізінде Чжаоу атты жер болған. Қытайға да арғы-бергіден хабары бар елшілердің жіберілетіні анық. Олардың өз тараптарынан сонау дәуірлерде Хань империясының ұлыүйежылармен қарым-қатынас құруға ниеттенгеніне, Қусанды билеген замандарда, шамасы 230 жылы, Вэй мемлекетіне арнайы ат басын тіреген елшілікті үйежы әулетінен шыққан ІІІ Канишка патшаның өзі бастап келгеніне [551, 277] қатысты мәліметтерді білуі әбден кәміл. Соған орай патшаларын қаңлы әулеті емес, үйежылардан тарқатуды мақұл көргендей. Әрине, бұл ретте Хорезм, Бұқара, Самарқандты билеген әулеттердің тамғаларының ұқсастығын [560; 561, 76], аталған өңірлерде *үйежы-сармат* тарихи-мәдени кешені аясына жататын *лявандақ* тобына енетін *лақыт қабір, оңтүстік бағытты* археологиялық нышандардың шоғырланғанын да қаперден шығаруға болмайды [496, 70-73].

Осы орайда эллиндік географ К. Птоломейдің (100-170 ж.) өзінің «Географиялық нұсқаулығында» Соғдының теріскей аймақтарында (шамасы, қазіргі Шардара мен Бегабадтан күнгеібатысқа қарай жатқан өңірлер) басқа халықтармен бірге

*тохарларды* да орналастырып, оны кейінгі үйежылардан бөлек қарастырғанына қарағанда, біз жоғарыда қайта-қайта қаперге салып отырған, екі түрлі үйежылардың бар екенін ол да білген сияқты деген пікірлердің жөні келіңкірейтіндей көрінеді. Соған қарағанда Қусан патшалығын құрған Кадфиз жабғудан жеңілген тохарлардың бір тобы Соғды жерінің теріскей жағын да мекен еткен сыңайлы. Ал Соғдының біраз аймағы ж. с. д. I ғасыр шамасында Қаңжүй мемлекетіне бағынғанын («Бейши» мен «Суйшуда» Қаң қарамағындағы Ми, Шы, Цау, Хы иеліктері ежелгі Қаңжүй жерінде орналасты деп жазылған) еске алсақ, сол соғдылық *тохарларды* да, Қаңлы патшалығының құрамына енген, біртіндеп өздерінің билігін Хожент, Самарқанд аймақтарында нығайта алған этникалық қауым ретінде бағамдауға болады [563, 116-117]. Олардың түп-тегінің қос өзен алабына ұлыүйежылардан бұрын жеткен *үйежы-сарматтық* әулеттен шыққаны қисынды [561, 94-95]. Кейіннен «Чжаоу әулетінің» билеуші тұқымдары хорезмдіктерге, қаңлыларға, ұлыүйежыларға айналып кетсе де, олар өздерінің әуелгі тектерін, тамғаларын ұмытпай сақтап, келесі буындарға жеткізіп отырды. Сонау бір дәуірлерде Қаңлы мемлекетінің құрамында болған Соғды өңіріне ауып келіп, жаңадан құрған өз патшалықтары тағына да сол билеуші әулеттен шыққан әміршілерді жайғастырды. Сол сабақтастықтың бір дәйегі – қытай жазбаларына түскен Қаң патшалығы туралы мәліметтерден де көрініс тапты.

Дегенмен, ғалымдар арасында Қаң патшалығына қарасты иеліктердің Чжаоу әулетінен шыққан әміршілерін үйежылар емес, динлиндердің Сутэ ұлысынан жеңілгесін күнгейге қарай босқан үйсіндер болуы керек, деген жорамалдардың бар екенін де қаперге сала кеткіміз келеді. Мәселен, Л.А. Боровкова «үйсіндер Ферғананың теріскейіндегі қаңлылардың жаңа Чжэшэ патшалығын басып алғасын, 509 жылы шабуылдарын әрі қарай өрістету нәтижесінде, батыстағы соғды жеріне де тұяқтарын іліктіріп, қаңлыларды биліктен тайдырған еді», деп есептейді. Ұлыүйежы және Қусан патшалығы қарамағында болған сонау замандарда өздерінің жақсы өмір сүргендері туралы әңгімеден

хабардар жергілікті жұрт, қара шашты қаңлылардың артынан қуа жеткен, үйежылармен рендері де, тілдері де ұқсас ақсары өнді үйсіндерді сол баяғы ұлыүйежылар екен, деп қуанышпен қарсы алады. Үйсіндер де еш қантөгіссіз жеңіске жетуге мүмкіндік әперген бұл жолды тиімді көреді. Олар өздерін сол үйежылардың туысымыз, өнген жеріміз бір, алыс шығыстағы қасиетті Чжаоу жерінен тарағанбыз, ежелден билік дәстүрі үзілмеген сол әулет өрген асыл тектенбіз, деген әпсананы ойлап табады. Соғдыдағы қаңлы әулетінің биліктен кеткеніне 20-30 жыл өткен кезде, тоғыз патшалықтан тұратын, «Чжаоу әулетіненбіз» дейтін үйсіндер бастаған Қаң патшалығы дүниеге осылайша келген еді, дейді ол [520, 316-317]. Бұл болжамның анық-қанығы, бәлкім, алдағы уақытта тиянақтала жатар. Қытай жазбаларындағы Қаң патшалығы туралы айқын деректің, бұлайша авторлық жорамалға салынып, басқаша қырынан тарқатылуы, бір жағынан көңілге қоныңқырай қоймаса да, ол қазіргі уақытта бір ғылыми болжам ретінде ортаға тартылып отыр.

Чжаоу әулеті туралы әңгімені әрі қарай өрбітер болсақ, Страбонның Грек-Бактрия патшалығын күйреткен түздіктерге қатысты жазғанына тағы да оралар едік. Грек географы: «Ол көшпелілердің арасында Яксарттың (Сырдарияның) аржағындағы өңірлерден келіп, Бактрияны тартып алған *асси, пасиан, тохар* және *сакараулдар* көбірек мәлім» [347, XI, 8, 9, 483-485], дейді ғой. Олардың арасындағы *ас* (асси, асиан, пасиан), *тохар* жұрттары туралы жоғарыда сөз еттік. Ал *сакараулдар* (дұрысы сакараук) кімдер? Б.А. Литвинский Птоломейдің «сакарауктар әуелде Арал маңына жақын, Әмудария мен Сырдария аралығында мекен етті», В. Тарнның «сакарауктар сол жерден ж. с. д. II ғасырда Ходженттің батыс жағына ауысып, сол өңірдегі түздік тайпалар бірлестігіне енді», деген дәйектеріне сүйене отырып, оларды осы аталған аймақтарда қоныстанған тайпалар ретінде санайды [352, 171-172]. Э.А. Грантовский мен С. Г. Кляшторный ол этнонимді көнеирандық тіл мысалдары арқылы тарқатып, *сака раука* «құба сақтар» (светлые саки) деген этимологияға бейімдейді [2, 47]. Бұл ретте де біз үйежылардың белгілі тайпасы ретінде таныс,

«жалпыүйежылық» Ай нышанды сипатқа ие, құс жолы рендес, құба түсті *құйан* тайпасының сілемін аңдағандай болар едік [550, 38-39].

Б. И. Вайнберг те сол *сакарауктарды* ж. с. д. IV ғ. соңынан бастап Арал маңында *ұңғыма лақытты, оңтүстік бағытты қабірлер* қалдырған, ж. с. д. I мыңжылдықтың соңынан Хорезмде теңгелер соққан билеуші «Чжаоу әулеті» шыққан тайпалардың біріне балайды. Сакарауктар Батыс Түркістанның теріскей-батыс аймағына ж. с. д. IV ғасырдан бұрын келіп орнықты, сол себепті де оларды кейінгі ж. с. д. II ғасырда келген үйежылардың екінші толқынымен сәйкестендіруге келмейді. Олар әуелі Шығыс Түркістанның теріскейі мен Қара Ертіс алабының шығысындағы өңірлерден қазақ даласы арқылы Жайық алабына жетіп, сол аймақта *ас* (аорс) тайпалар бірлестігінің құрамына енген *сарматтық үйежылардың* грек жазбаларына *сакараук* түрінде түскен атауына саяды. Кейіннен сол жақтан Үстірт арқылы Хорезм аумағына тұяқ іліктірген, бір бөлігі ж. с. д. III ғасырда Соғды төңірегіне беттеп, Грек-Бактрия мемлекетінің теріскейіне келіп орныққан да сол *сакарауктар* еді, деп болжайды ол [456, 248-252]. Яки, осы тұрғыдан алғанда да Страбон айтатын Бактрияны тартып алған түздіктер қатарында, неге *сакарауктардың* аталғаны да өз-өзінен түсінікті болмақ. Бұл бір жағынан, Грек-Бактрия мемлекетін бағындырып, Қусан мемлекетін құрушылардың арасында негізінен *ас* (аорс, асиан, пасиан) текті тайпалардың жүргенін пайымдатады. Демек, Бактрияны әуелі *тохарлар* жаулап алып, патшалықты өз тайпаларының атымен *Данара* (қытайша Дай-шия, Да-ся) «үлкен халық» деп атады [263, 135-136; 550, 20-22], соңыра оларды Кадфиз жабғу шыққан *ас* тайпалары жеңіп, Қусан патшалығының іргесін қалады [551, 203-205], деген қисынды болжам туындайды.

Батыс Түркістандағы этнотектік сапырылыстарға қатысты жазба деректерде іздері қалған этнонимдердің кейінгі түрк халықтары құрамына көрініс бергені белгілі. Мәселен, тохарлардың сілемін оғыз-түрікмен құрамындағы *дюгер*, ас-алан жұртындағы *дигор* руларының атауынан да аңғаруға болады. Арал

теңізінің шығыс бөлігінің бір кездерде Дауқара (*Dahara*) деп аталғаны, сол өңірде тохарлардың мекендегенін де байқатса керек [550, 150-151]. Ол әлгінде «үлкен халық» мағынасын білдіреді деп түсіндірілген *dahara* (тохар) атауының, қыпшақ тобы тілдерінде «дәуқара» түріндегі жатық нұсқасы бар екендігінен де хабардар етеді. Тохарларға байланысты тағы бір сілемді қазақтың Кіші жүзінің Он екі ата байұлы құрамындағы таз руына жататын *абдал* жұртының атауынан да кездестіреміз. Жоғарыда 464 жылы күйреген Қусан патшалығынаң орнында ірге көтерген Тохар мемлекеті көсемінің есімі Абдал (Эфталан) екенін, кейіннен ол билеген елдің тұрғындары абдалдар (эфталиттер) атанғанын [520, 307, 316] тілге тиек еткен едік. Эфталиттерді *ақ хұндар*, *хиониттер* деп те атайды. Күшейген шағында Шығыс Түркістанға қоса, Сырдария мен Әмудария аралығына да билік жүргізген ол мемлекет, 565 жыл шамасында көк түркілерден жеңілген соң, олардың қарамағында болған батыстүркістандық тайпалар Түрк қағандығының құрамына енгені мәлім. Әуелде тохарлар мемлекетін құрған көсемнің атымен эфталит атанған жұрттар ұрпақтарының кейінгі түрк тайпалары қатарына қосылғанын, *абдал* руының байұлына кіретін таз тайпасы құрамында ғана емес, түрікменнің шәудір тайпасының ішінде жүргені де байқатады [564, 83-84].

Зерттеушілер Жайық алабы, Күнгей Оралтаудағы ертесармат (прохоров) мәдениеті мен қос өзен аралығын жалғастырып жатқан этнотектік сабақтастыққа қатысы бар жұрттардың қатарына – *дай* (*dah*) тайпаларын да қосады. Ол этнонимінің төркіні Птоломей жазбаларында кездесетін Жайық өзені атауынан туындауы кәміл. Дайлар ж. с. д. V ғасырда Арал теңізі мен Сырдарияның теріскей жағынан Оралтаудың оңтүстік далаларына дейін мекендеді. Өздері қоныстанған сол аймақтардан, яғни шығыс пен теріскей тараптардан массагеттерді тықсырып тұратын азулы түздіктер ретінде танылды. Дегенмен сол кездерде дайларды да өз атамекендерінен ығыстыратын елеулі күш пайда болады. Ол жоғарыда айтылған оңтүстік-шығыс Алтай мен Шығыс Түркістанның теріскейінен жеткен үйежы-сармат тайпаларының

қоныс аудару үдерістеріне дәл сәйкеседі. Сол жұрттардың көші-қон екпінінің әсерінен дайлар ж. с. д. IV-III ғасырлардың тоғысында Сырдариядан күнгейге қарай өтіп, ж. с. д. III ғасырдың басында Соғды мен Бактрияның далалық аймақтарын жайлайды. Аталған ғасырдың ортасында олардың Каспий теңізіне қарайғы өңірлерге өріс ұзартқан Аршак әулеті бастаған парн (апарн) тайпасы эллиндік Селевк мемлекетінің құрамында болған Гиркания аймағын жаулап алып, атақты Парфия патшалығының (ж. с. д. 250-227 ж.) негізін қалайды. Олар күнгейге беттеген кезеңде, күнгей оралтаулық *прохоров* тайпаларының бір бөлігі де батысқа қарай жылжып, Еділ алабы мен Қара теңіздің теріскейіне дейін өрістерін кеңейткен еді. Жазба деректерде оларды *аорстар* деп біледі. Ал бұл этноним әлгінде сөз етілгендей, ежелгі арғытүрктік жұрттардың біріккен атауына саятын – *ас*, *аси-алан* тайпаларының грек тіліндегі баламасы. Яки *дайлар* да сол *ас* тайпаларымен төркіні бір жұрттар тобына жатады [447, 724-725; 565].

Осы *ас* жұрттарының бір бөлігі, ж. с. д. VI ғасырда Каспийдің шығыс-теріскейі мен Арал аралығын Үзбойға дейін қоныс еткен, кейіннен Ахемен басқыншылығынан ығысып, Күнгей Оралтауға қарай көшкен түздіктердің кейінгі ұрпақтары да болуы ықтимал. Б. А. Литвинский *дайлардың* ежелгі қоныстарын Сырдарияның орта ағысындағы Шардараның тұсынан теріскей-батысқа қарай жатқан далалық аймақтар ретінде тану жөн екендігіне мән береді. Дайлардың ж. с. д. III ғасырдан бастап, Сырдариядан Әмудария жаққа қарай өтуі, одан оңтүстік-шығыс Каспий даласынан теріскейге қарай жатқан аймақтарды қол астына қаратуы барысында, сол өңірлердегі массагеттерді ығыстырғаны немесе өздерінің қатарына қосып алғаны анық. Өйткені антик авторларының жазба деректерінде содан былай қарай массагеттер туралы мәлімет селдір. Дайлардың біртіндеп күшеюіне байланысты, массагеттердің басым бөлігі олардың құрамына сіңіп, тарихи деректерде көбіне *дайлар* деп атала бастайды [352, 173 б.]. Түздік жұрттардан құралған *дайлардың* қуатты одағы бұрынғы массагеттердің орнын басып, сол замандардағы үйежы-сармат,



қаңлы, үйсін тайпаларымен бірге Батыс Түркістандағы елеулі күштердің біріне айналады [2, 43-45; 565, 212-215]. Яки, бұл дәйектер дайлардың түп-төркіндерінде де қазақ даласына тікелей қатысы бар тұр-тиек, хйаона-массагет, тасмолалық сақтар мәдениеттерінің сілемдері жатқанын пайымдатады. С. П. Толстов «хорезмдіктердің оңтүстік-батыс және солтүстік-шығысындағы көршілері дах тайпалары» дейді. Бұл мәліметтер ж. с. д. II-I ғасырларға меңзейді. Сол дәуірлерде дайлар Қаңлы мемлекетінің құрамына енеді. Кейіннен бұл өңірлер Батыс түрк қағанатының қарамағына өткен кезде, оның құрамындағы өз тұтастығын сақтап қалған, саны көп тайпалардың бірі осы дайлар ретінде мәлім. Содан соң дайлар оғыз тайпалары одағына кіреді. Бірсыпыра зерттеушілер *дайларды* – бүгінгі қазақ құрамындағы адайлардың арғы бабалары деген нұсқаның ықтималдығына ден қояды [566, 84-85].

\* \* \*

Орталық Азияның ж. с. д. III ғасырдан ж. с. V ғасырына дейінгі этнотектік тарихында *хун* тайпаларының алар орны ерекше сүбелі. Олар біз жоғарыда тілге тиек еткен, Шаң, Жыу дәуірлерінде *гуйфаң, тиек (ди), тұр (сақ), хйаона* деп аталған, кейіннен *жұң (массагет), динлиң, тель (чылы), үйсін, үйежы* атты этнонимдермен мәлім болған арғытүрк сипатты халықтар арасынан айрықша даралана шығып, Ұлы дала төсіндегі зор империяны құрды. Ол империяның екпіні әлемдік өркениет үдерісіндегі елеулі тарихи құбылыс – халықтардың ұлы қоныс аудару толқындарын тудырды, ерте сақ дәуірлерінен шығысты батыспен жалғастырушы салт аттылар заманын түздік тайпалардың Еуропа жұрттарын түгелдей қозғалысқа түсірген тегеурінді шеруімен тұйықтады.



*Хұн алтындары*



*Хұндардың самайлық алтын әшекейі.*

*Ақтасты қорымы. Жетісу. III-Ү ғ.*

Ол қоныс аудару толқындарының Батыс Орталық Азияны қандай этнотектік сапырылыстарға түсіргенін, жоғарыда үйсін, үйежы, қаңлы, батыс динлиң патшалықтары туралы сөз қозғағанда бірсыпыра сөз еттік. Хұн империясы сол өріс кеңейтуді көздеген алғашқы жорықтарының барысында теріскейдегі арғытүрк, арғымоңғол тайпаларын түгелге дерлік бағындырды. Сол қарқынмен ж. с. д. 177 жылға қарай ол Тынық мұхиттан Каспий теңізінің жағалауына дейінгі жерлерді де өздеріне қаратты. Дегенмен, сол кездерде олардың күнгейдегі көршілері Қытай

тарапынан да аса қуаттанған хұндарды жою мақсатындағы іріткі салу саясаты толассыз жүргізіліп жатты. Көп ұзамай бұл саясат өз жемісін беріп, Хұн империясы екіге бөлінді. Хұндар ж. с. д. 56 жылы Хуканье (Хуканшие) бастаған оңтүстік және Чжичжи (Жыжы) басшылық еткен солтүстік топтарға жіктелді.

Оңтүстік хұндар Ордос өңірінде қоныстанып қалды да, солтүстік хұндар өз тайпаластарының қысымымен Саян және Байкөл аймақтарына қарай ығысты. Жыжы тәңірқұт жеті жылдан соң Хань империясына бодандыққа түскен оңтүстік хұндардың жерлерін басып алуға, сол арқылы тұтастықты қайта орнатуға әрекет жасағанымен, оның бұл ниетінен нәтиже шыға қоймайды. Ақыры солтүстік хұн ж. с. 87-93 жылдары қытайлар қолдаған сәнби тайпаларынан жеңіліс табады. Өз жерлерінен ығыстырылған хұндардың бір бөлігі, қазіргі Қазақстан аумағына өтіп, Еділ, Дон өзендері мен Арал теңізі аралығында өмір сүреді. Осы кеңістікте ас-аландармен, қаңлы-қанғарлармен бірге үш ғасыр бойы көшіп-қонып, Иран және Рим империясымен саяси қарым-қатынас жасайды. Ал Хань империясының бодандығындағы оңтүстік хұндар болса, бастарынан әртүрлі кептерді өткере, біресе ыдырай, біресе күшейе және әр атаулы патшалықтарды құра жүріп, V ғасырға дейін өмір сүрді. Олардың Ордос пен Гәнсуде құрған, қытай деректерінде Ся (Ши) және Бэй Лян (Солтүстік Лян) деп аталған соңғы екі патшалығы 439 жылы өрмебұрымды тоба-табғаштардың (Солтүстік Вэй) шабуылының нәтижесінде жойылып, халқы біртін-біртін қытайлықтарға жұтылды.

Солтүстік хұндардың Батыс Орталық Азияда тұрақтаған ұрпақтары IV ғасырдың соңына қарай қайта күшейіп, 375 жылы Баламер қаған бастаған тайпалар Еділден өтіп, Қара теңіздің теріскейінен Мажарстанға дейінгі жерлерді мекендеген герман текті жұрттарды (остготтарды) талқандады. Әрі қарай жылжу барысында Дунайды кесіп өтіп, Балқан түбегін басып алды. 434 жылы таққа Аттила отырған соң Батыс хұн империясының дәуірлеуі басталып, ол Еділден Франция жеріне дейінгі зор аумаққа билік жүргізді. 451 жылғы Каталаун қырғынынан кейін

Еуропада хұндарға қарсы тұратын ешқандай әскери күш қалмай, ол Батыс Рим империясының жерлеріне толық иелік етті. Бірақ 454 жылы Аттила өлген соң, Батыс хұн империясы ыдырап, бұрын оның қарауында болған герман тайпалары бөлініп, империя құрамында хұн, яки түрк тайпалары ғана қалды. Олардың басым бөлігі Еуропа халықтарының құрамына сіңіп кетті. Кейбір топтары кейін қайтып, түрк халықтарының әрі қарайғы қалыптасуына үлестерін қосты [477; 250; 258; 471; 478; 474; 264; 52, 183-324; 237, 116-123; 251, 20-22; 483, 111-113; 82, 245-260; 567].

### 9. ТЕЛЕ, ГАУЧЫ-КӨПШАҚ ҺӘМ КӨП БҰТАҚТЫ ҚЫПШАҚТАР

Хұн заманымен сабақтасып жатқан ж. с. алғашқы ғасырларында Орталық Азияның басым аумағы – сол кездердегі қытай деректері бойынша, ежелгі *гуйфаң*, *жуң (роң)*, *куэй-фан*, *тиек (түрк)*, *динлиң* жұрттарының тікелей ізбасары – *телэ (теле, тель)* тайпалары мен рулары жайлаған өңірлер ретінде қарастырылады. Қытай тілі айтылымындағы *телэ* (тиек) этнонимінің төркіні – арғытүрктік сипаттағы «*түрк*» сөзінен шыққандығын жоғарыда қаперге алғанбыз. Бұл мәселе орайында кезінде жапонның Хатаке, Мацуда Хисао, одан кейін Онедева Хидеми және Мори Масао секілді ғалымдары да айрықша мән беріп, өз зерттеулерінде «*тиеклик (тиек, дили, телэ)* этнонимін – *түрк* сөзінің қытай тіліндегі транскрипциясы, сол тілдің ерекшелігіне сай дыбыстық өзгеріске түсіп жеткен нұсқасы» ретінде дәйектеген-ді. Қытайлықтардың «*р*» әрпін дәл сол қалпында дыбыстай алмайтыны, оған дауысты дыбыстарды қосу арқылы «*эр, ре*» естілуіне жақындатып, яки «*р*»-ді көмескілендіріп барып қана айта алатыны белгілі. Соған орай, қытай тілінде «*р*» дауыссызының орнына «*э, е*» дауыстыларының басым шығуы себепті, *түрк* сөзіндегі «*к*» әрпінің алдындағы «*ү*» дауыстысы «*үй, ій*» түрінде естіліп, содан «*түйек → тійек → тиек*» түріндегі дыбысталуы туындайды [263, 29, 62-63].

Қытайтанушы ғалымдар арасында «теле» этнонимінің әуелгі төл нұсқасының «түрк» сөзінен шыққандығына қатысты тұжырымды тағы бір жапондық ғалым Ху Иэфудің пікірінен де байқар едік. Ол «Суйшу» тарихнамасындағы *теле* тайпаларының орталықазиялық аумаққа кеңінен таралғанына қатысты деректерді сараптай отырып: «Теле дегеніміз – түрк этнонимінің қытай иероглифі бойынша оқылу дыбысы, ал кең мағынада қарасақ, түрк төркінді тайпалардың ортақ жалпы атауын білдіреді. Түрк қағанаты – сол телелердің ішіндегі бірнеше тайпадан құралған мемлекеттің аты. Ұйғыр да теленің бір бұтағы», – деп түйген болатын [567, 163-165]. Көне деректемелердегі мәліметтер мен бірқатар зерттеушілердің жоғарыдағыдай сараптауларын қорыта келе, динлиндер туралы іргелі еңбектің авторы, қытай ғалымы Дуэн Лиэн Чен «*куэйфан, динлиң, гаучы және тиеклек (теле)*» этнонимдері бір халықтың әртүрлі тарихи кезеңдердегі атауларына саяды», деген тиянақты тұжырымды ортаға тартты [263, 59].

Қытай жазбаларындағы «теле» этнонимінің «түрк» сөзіне сәйкесетіндігіне қатысты айғақты пікірлер кейінгі жылдарда қазақ зерттеушілері тарапынан да айтыла бастады. Бұл ретте көрнекті синолог, көне қытай деректемелерін қазақшаға тікелей аудару мәселесімен айналысатын білгір зерттеуші Б. Еженханұлы жасаған тиянақты қорытындыларға мән берсек те жеткілікті. Ғалым: «Қытай деректемелеріне сүйенсек, көне түрк ұлыстарының немесе тайпа бірлестіктерінің басым көпшілігі «телелердің» құрамына кіреді, ал телелердің арғы тегі деп есептелген «динлиң» (денлен) этнонимінің өзі «телэ» сөзінің ертерек кездегі транскрипциясы болып шығады. Ең алғашқы қытай деректемелері динлиндердің мекенін «Бэйхайдың», яғни қазіргі Байкал көлінің маңы деп көрсетсе, III ғасырда динлиндер Ұлы Еуразия даласының батыс бөлігіне дейін таралып үлгерді... «Үш патшалық дәуірінде» (220-280 ж.) жазылған «Вэйлюе» атты кітаптың мәлімдеуінше, Қанжүй елінің солтүстігінде «Батыс динлиң» деген ел орналасқан. Ол Арал теңізі мен Балқаш көлінің аралығындағы өңірге сәйкеседі. Қалай болғанда да қытайдың Суй

патшалығы дәуірі тұсына келгенде телеэлердің «Сихайдан шығысқа қарай (яғни Каспийден шығысқа қарай) сай-саланы бойлап қоныстанғаны, әрі қарай жалғасып кете беретіні» жазылған. Телэ – V-X ғасырлардағы қытай деректемелерінде сақталған түрк тілдес ел атауының қытайша транскрипциясы. Телэ (динлин) өте кең мағынадағы ұғым, қытайлар қазіргі Қытай даласынан Моңғолияға дейінгі аралықтағы көшпелілерді, тіпті Солтүстік Қытайға қоныс аударып барып, қытайланған тегі түрк жұрттарын да осылай атаған» [541, 6-7, 54-56, 89], – деп мәселені зерделеудегі тыңғылықты пайымдарды алға тарту арқылы, бір жағы біз қозғап отырған тақырыпты ғылыми тұрғыда қолдайтын аса маңызды түйін жасайды. Яғни, ж. с. д. II мың жыл шамасынан бері қарай Қытайдың теріскейі мен Орталық Азияның бірсыпыра аймағын мекен еткен *гуйфан*, *жұң (роң)*, *куэй-фан*, *тиеклик*, *динлин* жұрттарының арғытүрк сипатты елдер болғандығы шынайы нақтылана түседі.

Расында «Суйшу» тарихнамасы 84-бума «Теле баянындағы» теле тайпалары мен руларының хұн заманына тұстас, іргелес ғасырларда қай өңірлерде орналасқанына қатысты деректер олардың таралу аймақтары туралы көп жайлардан қанық етеді. Ол бойынша телэ (түрк) тайпаларының бір бөлігі Моңғол үстіртінің теріскейіндегі Толы, Орхон, Селеңгі алаптары мен Байкөлдің оңтүстігінде [*нугу (бұғы)*, *туңло*, *вэйхэ (ұйғыр)*, *байегу (байырқу)*, *фуло (бөгү-бөрі)*, *сыңзе (сығыр)*, *дубо (тыба)*, *т. б. ру-тайпалар*]; келесілері Шығыс Түркістанда [*циби-сепи*, *болочжи (бұлақ)*, *хэгу (қырғыз)*, *т. б.* ]; Алтайдың оңтүстік-батыс баурайларында [*сюеяньто*, *шибань*, *даци (түргеиш)*, *т. б.* ]; Қаң мемлекетінің теріскейінен Еділ алабына дейін [*хэза (хазар)*, *баху (бұлғар)*, *бицянь (бешенег)*, *хэбиси (қыпшақ)*, *суба (субар)*, *емо (йемек)*, *т. б.* ]; Арал теңізінің шығысы мен батысында [*сулуңзе (сарығұр)*, *цзюлифу (кутригур)*]; Фулиннің (Ұрым, Византия) шығысында [*эньцюй-оногур*, *алан*, *бэйжуцзхюли (бешенег)*, *фувахунь (бұлғар)*] көшіп-қонып жүреді. Адамдары табиғатынан қатал мінезді, атқа мықты, мерген болады [541, 54-64; 567, 163-164; 568, 38-39; 263, 64-65]. Демек, дерекке мұқият қытай тарихнамасы телелерді

(түркерді) орталықазиялық Ұлы Даланың шығысынан батысына дейін мекен ететін түздіктер ретінде сипаттайды.

Бұл мәліметтер қытайдың ру-тайпалар анықтамалығындағы телы (телэ) жұрттарына қатысты дәйектермен одан әрі толығырақ түседі. Оларда ежелгі кезде батыс терістікті мекен еткен телыларды солтүстік қытайлықтардың «*телы*», оңтүстік қытайлықтардың «*гаучы*», немесе «*динлиң*» деп атағандығы нақтыланады. Телылардың шыққан тегінің өте күрделілігі, хұн, үйсін, үйежы сияқты жұрттармен қандас екендігіне мән беріледі. Оңтүстік және Солтүстік патшалықтар кезінде (420-589 ж.) олар Моңғол үстіртіндегі Толы өзені алабынан Каспий теңізіне дейін, одан батысқа қарай Византияның терістігіндегі (Қара теңіздің солтүстігі) далаға дейін мекендегені пысықталады [251, 38-39].

Қытай деректемелерінде көне ханзу тілінің дыбысталу ерекшелігіне сәйкес *тиек*, *динлиң*, *телэ* түрінде жазылып келген сол жұрттардың өздерінің ежелгі «*түрк*» атауымен таңбалануы Түрк қағанаты (551-744 ж.) кезінде ғана жүзеге асты. Оңтүстік-Шығыс Алтай мен оған іргелес Өтүкен тауларының қойнауларындағы шұрайлы жазираларда шаңырақ көтерген айбынды қағанат бәдізшілерінің, өркениетті мемлекеттерге ғана тән төл әліпбилері болуының нәтижесінде, мәңгітастар бетіне түсірген, құдіретті поэзияға толы жыр жолдарында, қытайша *телэ* делініп жүрген ол халықтың шын аты – *түрк* екені баршаға асқақтала паш етілді. «Түрк халқының атақ-даңқы өшпесін деп Тәңірі таққа Қаған етіп отырғызған», «Батыс пен Шығыс аймақты түгел қамтыған», «аз халықты көп қылған, шығай халықты бай қылған, түрк халқына, еліне, билікке тұтқа болған» [215, 186-187, 258-259] қағанаттың білікті көсемдері, адал бектері мен батырларының даңқты тарихы төрт тарапқа тарады.

Хұн империясы билігінен кейін Батыс Орталық Азия аумағындағы бірсыпыра түрк-моңғол тайпаларының Жужэнь қағанатының (402-552 ж.) қоластына қарағаны белгілі. Қағандары негізінен дунху текті деп есептелетін бұл түздік патшалыққа бағыныштылардың арасында кейіннен Түрк қағанатын құрған соң, өздерін *көк түркертер*, яғни Көк Тәңірі қолдайтын түркертер

мағынасынан туындаған атаумен ерекшелейтін [54, 65-67; 54а, 56-58] жұрттар да бар еді. Олар Жыужан қағанатына темір бұйымдарын өндіріп беру ісімен айналысатын. Біртіндеп күш жиып қуаттанып алған осы түркілер, әбден нығайған шағында тәуелсіз болуға ұмтылып, маңайындағы елдермен дербес саясат жүргізуге көшеді. Бұл әрекеттерін ұната қоймаған жыужандарға 552 жылы жойқын шабуыл жасап, тас-талқан етеді [569, 211]. Жыужандардың аман қалған бөліктерінің батысқа қарай үдере көшіп, Кавказдың теріскейінен Дунайға дейінгі далаға қоныстанғаны, Еуропа тарихшыларының деректерінде олардың абарлар деп аталып кеткені мәлім [520, 321; 251, 30-32].

Көк түрк қағанатын негізінен қай тайпа құрды? Бұған жауапты байырғы түркілер өз қолдарымен ұстынтасқа бәдіздеп кеткен еді. Талай жыл оқылуы күмәнділеу болып келген ол жазуда тақ иесінің – ежелгі «қытшақ» жұрты екендігінің айтылғаны, соңғы онжылдықтарда зерттеушілер арасында дүдәмалсыз пікір ретінде орнықты [420, 71-73; 215, 15; 54, 68-72]. Қытшақ – бірсыпыра ғалымдардың пайымдауынша, Сы-ма Чиэннің «Тарихи жазбаларындағы» Мөде шәнүйдің терістіктегі елдерді жаулап алуы кезінде, қол астына бағындырған *хуньюй* (хуниүй, ғұнро), *цуйшэ* (чуйшы, құтши), *динлиң* (деңлен), *гэкунь* (хэгу, геғұн), *синьли* (шыңли, сенле) тайпаларының [474, 331; 264, 36; 477, 20] арасындағы *цуйшэ* жұрты деп есептеледі. Кей тұжырымдарда «бұл этнонимдердің арасында *динлиң* мен *гэкунь* ғана күдіксіз танылады, *динлиң* – түркітiлді халық, *гэкунь* – бүгінгі қырғыздардың ата-тегі» деген пікірлер бар болса да [474, 445], *цуйшэни* – *қытшақ* тайпасына балайтын ғалымдардың қарасы да бірқыдыру.

Кезінде белгілі ғалым А. И. Бернштам *цзюеше* деп дыбысталған ол иероглифтің Б. Карлгрэннің оқуында «кыйчак» түрінде нұсқаланғанына назар аударып отырып, оны *қытшақ* этнонимімен сабақтастырғаны белгілі [568, 463-464]. Н. Я. Бичурин оны *кюеше* деп оқыған [569, 51]. Л.Н. Гумилев хұндардың теріскейінде жатқан реңдерінің құба түстілігі *динлиң*дерге ұқсайтын ол жұртты еш күмәнсіз *қытшақтар* (қытайша – кюеше) деп тарқатты [258, 50].



Белгілі орыс синологы Н. В. Кюнер бұл атауды қытай деректеріне *цзюеша, цзиньша* иероглифі бойынша түскен этноним деп тауып, ол тайпаны ж. с. д. I ғасырдан Тарбағатайдың батысынан Каспий далаларына дейін мекен еткен *қытшақтар* ретінде пайымдады [570, 11]. Мұны бір жағынан, жоғарыда мәліметі келтірілген «Суйшу» тарихнамасының «Теле баянындағы» Қаң мемлекетінің теріскейін қоныс етті делінетін *хэбиси* тайпасы атауымен орайлы үйлесетін дерек десе де болады. Өйткені, хэбисиді қытай зерттеушілері *қытшақ* этнонимімен тікелей қабыстырады [541, 54, 61].

Ғалымдар арасында қыпшақ атауын хұн заманындағы *цзюеше, кюеше* этнонимімен салғастыру фонетикалық тұрғыда дәл дәйектеле қоймайды деген пікірлер ұшырасып тұрғанымен [308, 126; 571, 40], *қытшақтардың* қытай деректемелері бойынша, біздің тақырыбымыз орайында қарастырылып отырған, ежелгі *гуйфаң, тиек, динлиң* ұрпағы – *теле* жұрттарының бір тайпасы ретінде танылғанының өзі де, оның тарихының әріде жатқанына күмән келтіре қоймасы анық. Бұл жөнінде қазақ синологы Б. Еженханұлының кейінгі жылдары ғана дүниеге келген «Туцзюеши мен гаочэ: көне қытай жазбаларындағы қыпшақтар» атты маңызды зерттеуіне [572] назар аударсақ та біраз жайтқа қанығуға болады. Жоғарыда *телелерді* оңтүстік қытайлықтардың «*гаучы*» (гаочэ) түрінде атағаны, яки олардың синоним сөздер екені қаперге алынды [251, 38-39]. Гаучылар туралы Қытайдың теріскейінде ірге көтерген «Солтүстік Вей» (Тоба Вэй) әулеті мемлекетінің (386-534 ж.) тарихнамасы жазылған «Вэйшу» жылнамасының «Гаочэ» баянында көптеген мәлімет бар [541, 23-53; 569, 217-223]. Онда гаучылардың ежелгі дили (теле) тайпаларының ұрпағы, хұн заманынан белгілі жұрттар, тілдерінің хұндарға жақын екендігі айтылады. Адамдары ер мінезді, батыр келеді, өзара береке-бірлігі мықты, ел басына күн туған жаугершілік кездерде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, бір-біріне сүйеніш бола алады. Біреудің басқаруына оңай көне бермейді, өздері жеке тайпа боп тұрғанды дұрыс көреді... Некелескенде қалыңмалға жылқыны көп бергенді ұнатады... Келін түскен күні күйеу жақтың ер-әйелдері қос-қостан, кәделі табақтары мен мен қымыздарын көтеріп шығады...

Б. Еженханұлының «Вэйшудегі» ІҮ-Ү ғасырларда ғұмыр кешкен Гаоче патшалығы туралы тараушаны 801 жылы аяқталған «Тун дянью» тарихнамасындағы «Гаочэ» баянымен салғастыру арқылы біраз маңызды нәтижелерге қол жеткізгенін атап өтуге тиіспіз. Мәселен, «Тун дянью» жылнамасында: «*Суй әулеті дәуірінде (581-618 ж.) Ту-ци-ши мемлекеті пайда болды, ол Солтүстік Вэй заманындағы Гаоче патшалығы еді*», деген дерек кездеседі екен. Мұндағы *ту-ци-ши* – көк түркілер құрған Түрк қағанатының қытайша атауы. Сондай-ақ Х ғасырдың соңында жазылып біткен «Тайпин хуаньюй цзи» кітабына да осы тектес дерек түскен. Онда «*Ту-цзюе-ши* патшалығы Солтүстік Вэй әулеті кезінде *Гаочэ* мемлекеті деген атпен Бэйтиннің солтүстігінде, Лэйчжу теңізінің шығысында орналасты», – деп жазылған. «Біздің пікірімізше, – дейді Б. Еженханұлы. – «Ту-цзюе-ши» мен «ту-ци-ши» деп хатталған екі нұсқа – бір ел атауының қытай тіліндегі екі түрлі транскрипциясы: мұндағы «ту-ци-ши» сөзіндегі «туци» деген екі иероглиф ортағасырлық қытай тілінде «*duət k'ïə*» деп дыбысталады, яғни оны «түрк» деп реконструкциялауға ешқандай қиындық жоқ. Демек, біздің ойымызша, осы «туци» сөзі қытай жазбаларындағы «түрк» сөзінің өзге бір транскрипциялау түрі, оның «туцзюе» деген транскрипция түрімен арадағы айырмашылық мынада: «туцзюе» – соғды тілінен қытайларға жетсе, «туци» – түркілердің өз тілінен қытайларға жеткен. Ал «ту-цзюе-ши», «ту-ци-ши» сөздеріндегі үшінші «ши» иероглифтің ортағасырлық қытай тіліндегі оқылуы – «*šïət*», оны «сир / шир», «сил / шил», немесе «сит / шит» деп реконструкциялауға болады» [541, 47-49; 572, 310-313], деп түйеді қазақ синологы.

Гаучы патшалығының орналасуына қатысты айтылатын жер атауларына келсек, Таң заманы деректерінде Бэйтин өңірі – Шығыс Тәңіртаудағы Жемсары төңірегін; Лэйчжу теңізі – Каспий теңізін білдіреді. «Синь Тан шу» кітабында: «Батыс Түрк қағанатының аумағы батысы Лэйчжу теңізіне, оңтүстігі Шулэге (Қашғарға) дейін созылып жатыр», деп жазылған [541, 48]. Демек, бұл орайда гаучылардың көк түркілер дәуірінен бұрын да Каспийге

дейін өз ықпалын жүргізген патшалық деңгейінде болғаны пайымдалады.

Олардың ірі ел екендігін бөгү-бөрінің (фуфуло) Алп-бөгү-чор (Афужыло) атты көсемінің 100 мың түтіннен астам гаучыны билегендігінен де байқау қиын емес. Гаучылар бір кездерде шығысорталықазиялық көптеген түрк тайпалары сияқты жыужэндарға бодан да болыпты. Дегенмен, кей деректерге қарағанда, кеуделерін өзгеге көп бастыра бермеген. Мұны 487 жылы Алп-бөгү-чордың жыужән қағаны Дыулүнге (Доулуньға) ренжіп, күллі елін көтеріп, батысқа (Жетісуға) қарай қоныс аударып кеткенінің өзі-ақ аңғартады. Ол сол жақта дербес патшалық құрады [420, 74; 54, 82; 54а, 60; 572, 324-325]. Оның билеушілік лауазымы қытайша «хоу лоу фу лэ» деп аударылыпты. Бұл «Ұлы Көктің ұлы» дегенді білдіреді екен [520, 231; 573, 80]. Бичурин гаучылардың бұл жолғы қоныс аударуы Селеңінің жоғарғы ағысынан Ертіс алабына қарай бағытталған еді, деп есептейді [569, 220-221]. Дыулүн қаған олардың соңына түсіп, жазалағысы келгенімен, гаучылардан ойсырай жеңіліп, кейін оралады. Дегенмен бұдан кейін де олардың арасында жауласу тоқтай қоймайды. Екі жақ ауық-ауық соғысумен болады. Соның салдарынан Жыужән қағандығы да әлсіреп ыдырауға бет алады. Жыужэндар Анагүй (Анахуан) қаған кезінде қайта күшейгендей сыңай танытқанымен, 552 жылы көк түркілерден күйрей жеңіліп, Анагүй өзіне өзі қол салып өлім құшады [569, 210-211; 574, 166-167; 251, 30-32].

Гаучылар туралы бұлайша тәптіштей айтып жатуымыз бекер емес. Қытай деректерінде *Ту-ци-ши* (Түрк) мемлекеті мен *Гаучы* патшалығының бір-біріне сәйкес атаулар екендігінің ортаға тартылатынын былай қойғанда, гаучы (гаочэ) этнонимінің төл түркілік төркінінде де көп жұрт үшін бәймәлім сипаттар бар болып шықты. *Гаучы* атауының этимологиясы әдетте «олардың арбаларының дөңгелегі биік әрі шабағы көп болғандықтан, осылай аталады» деп түсіндіріледі [569, 220; 541, 25; 573, 80; 251, 33]. Қазақ синологы Б. Еженханұлы: «Мұнда айтылған «олардың арбаларының дөңгелегі биік әрі шабағы көп болады» деген

сөйлемде екі нәрсе меңзелген. «Арбалардың дөңгелегі биік» деген сөз тіркесі қытай жазбаларындағы «гаочэ» атауының қытайша сөзбе-сөз мағынасымен байланысты айтылғандығы түсінікті («гаочэ (高车)» деп жазылатын екі иероглиф «биік арба» деген мағынаны білдіреді), ал сөйлемнің екінші бөлігі ше? Мұнда егер тек «гаочэ (高车)» атауының қытайша мағынасын түсіндіру керек болса, онда 车轮高大 деген сөздерден кейінгі тағы 4 иероглифтен құралған сөздер мүлдем артық. Сонда қытай авторы нақтылап айтып отырған осы сөздер мұнда себепсіз пайда болған ба? Біздің ойымызша, дәл осында, осы 4 иероглифпен құралған сөздерде күні бүгінге дейін аңғарылмаған бір тарихи сыр жатыр. Қытайша 幅数众多 деп хатталатын бұл сөздердің қазақ тіліндегі мағынасы – «шабағы көп болады», яғни, ол иероглифтер «**көп**» және «**шабақ**» деген екі ұғымды меңзеп тұрғаны анық. Демек, «гаочэ» елі атауының да осы екі ұғыммен бір байланысы бар», – деген түйінге келеді [572, 326-327].

Зерттеуші ортағасырлық түрк тілінде «шабақ» сөзінің «шақ» (бұтақ) түрінде кездесетінін дәйек ете отырып <sup>64</sup>, «гаочэ» этнонимінің түрк тіліндегі өзіндік атауы – «көп» және «шақ» сөздерінен құралған «**қыпшақ**», дейтін аса бір маңызды, дәйекті тұжырымға келеді. Яки, ол «биік дөңгелекті арба» емес, «**көп бұтақты**», «**көп рулы ел**» мағынасын білдіретін этноним.

Қыпшақ атауының этимологиясы туралы әртүрлі болжам бар. Солардың арасындағы ең белгілісі – Рәшид әд-Дин мен Әбілғазыда тарқатылған «қуыс ағаш» нұсқасы. «Оғыз ханның соғыста өлген бір бегінің әйелі, шайқас өтіп жатқан қысылтаян

---

<sup>64</sup> 2002 жылы Шыңжаң Халық баспасынан шығарылған Мұхаметтүрсүн Баһауұддүн қатарлы авторлар құрастырған «Шағатай тілінің түсіндірме сөздігі» кітабының 414-бетінде «шақ» сөзін «бұтақ» деп түсіндіре келе, шағатай тіліндегі мына бір өлең тіркесін мысалға келтіреді: «Мұна аңлап дерех түстиге чықтим, яшүнүп шах ара башимни тиктим (Бұны естіп терек үстіне шықтым, жасырып шах арасына басымды тықтым)». Қазақша аудармасын жасаған Б. Еженханұлы.

шақта толғатады. Күн суық еді, кірейін десе үй жоқ, бір іші шіріген үлкен ағаштың қуысына кіріп босанады. Ұл табады. Мұны естіген Оғыз хан: «Әкесі менің көз алдымда соғыста өлді, қамқоршысы жоқ» деп атын Қыпшақ қояды. Түрк тілінде іші қуыс ағашты «қыпшақ» дер еді, бұл бала ағаш қуысында туғандықтан, атын қыпшақ қоюы содан еді. Баланы хан өз тәрбиесінде ұстады, жігіт болғаннан соң көп ел және нөкер берді... Барша қыпшақ елі соның нәсілінен шыққан. Оғыз ханның заманынан Шыңғыс ханның заманына дейін Дон, Еділ, Жайық аталатын сол үш судың жағасында қыпшақтан өзге ел жоқ еді. Ол жерде қыпшақтар төрт мың жылдай отырды, сондықтан ол жер Дешті Қыпшақ (Қыпшақ даласы) деп аталды» [423, 36; 426, 43-44; 575, 19], деген аңыздық сарынға құрылған осы сюжеттің өзінде де қыпшақ (түрк) жұрттарының ежелгі тарихына қатысты меңзеулер пайымдалады.

Қытай дереккөздерінде *Гаучы* (түркше Көпшақ) мемлекетінің атауы 541 жылдан кейін кездеспейді екен. Ал 10-11 жылдан кейін лау етіп тарих сахнасына шыққан Түрк қағанаты ((552-744 ж.) аз мезгілде-ақ айбарлы мемлекетке айналды. Арада *екі жүз жылдай* уақыт өткен 753-жылы, Біріккен түрк (ұйғыр) елінің қағаны Елетміш Біліге Турайын қаған орнатқан, ғылымда «Теркін ескерткіші» деп аталған мәңгітастың 1-жолына: «jöl[1]uу qауап ja[ту qауап] butun qауап üç qауап olurmıs. Eki jüz jyl olurmıs» (*Йол[л]уғ қаған, Жа[мы қаған], Бұмын қаған үш қаған [таққа] отырды. Екі жүз жыл отырды*), деген жазу қашалып түсті. Мұндағы Бұмын – Екінші Шығыс Түрк елінің қағаны Білгенің (685-734 ж.) бабасы, Түрк қағанатының негізін салған, «Таққа отырып, түрк халқын, елін, төрін орнатып, қалыптастырған. Қол аттандырып, төрт тараптағы халықты бағындырған. Басы барды жүгіндіріп, тізеліні бүктірген... айбынды қаған». Теркін ұстынтасының бұл мәтіні Білге қағанның бабасы Бұмын қағанның алдында да әлденеше қағандар болғанын бағамдатады. Ал екі жүз жыл дегенге келсек, 744-200=544 жыл, Бұмынның ел басқарған заманына дәл келеді. [576, 91; 215, 15, 256; 54, 72; 54а, 61; 419, 179].



*Құтлық  
Елтеріс Білге  
қағанның (650- 691ж.)  
бас мүсіні.*

*Шивэт-Ұлан кешені  
[215, 75]*

Бұмын және онымен бірге аталған қағандар шыққан елдің *түрк-қыпшақтар* екендігі 1909 жылы фин ғалымы Г. Рамстедтің Орталық Моңғолияның Моғойн Шинэ-ус деген жерінен тапқан Біріккен Түрк (ұйғыр) қағанатының билеушісі Елетміш Біліге қағанға арнап 759 жылы орнатылған мәңгітаста жазылғаны мәлім. «Селеңгі тасы» деп аталған ол ескерткіштің 4-жолындағы: «türük: [qub]šaq elig jyl olurmuş» (*түр[к] ...[қыб]шақ елу жыл биледі*), деген сөйлем соның дәлеліне саяды [418, 30, 34, 38; 419, 136]. Тастың ескіріп, бүлінуінен «түрк-қыпшақ» сөзінің «*түрк...шақ*» деген әріптерінің ғана аман қалуына байланысты, оны *түрк-қыпшақ* тіркесінде жаңғырту талай уақыт бойы күмәнділеу көрініп келді. Дегенмен, бұл ретте Рамстедтен кейін, өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдарының өзінде Грумм-Гржимайло, елуінші жылдары С.Е. Малов секілді білікті ғалымдардың ол сөйлемді сенімді түрде «түрк-қыпшақ» деп оқығаны риза етпей қоймайды [248, 59; 418, 30, 34, 38].



*Құтлық қағанның баласы, Шығыс Түрк қағанатын 717-734 жылдары билеген Білге қағанның алтын тәжі [549а, 35]*

Қазір ол тіркестің «түрк-қыпшақ» екендігі күдіксіз қабылданып, ғылыми айналымға селкеусіз енді [54, 68-69; 54а, 58-59; 577, 512-526]. Осы ретте Қ. Сартқожаұлының ұстынтастағы мәтінді қайтадан тыңғылықты түрде оқуының арқасында: «türük: [qyb]çaq elig jyl olurmuş» (*түрк-қыпшақ елу жыл биледі*) деген сөйлемдегі «елу» сөзінен кейін «он» деген сөздің де қашалып түскенін аңғаруы, соған орай ол сөйлемді elig on olurmuş (елу он жыл биледі), деп түзетіп оқу қажеттігін алға тартуы, қыпшақ елінің билік тарихын хұн заманымен сабақтастыратын маңызды тұжырымға саяды деп санар едік. Өйткені, «елу он» сөзі көне түрк дәуірінде «бес жүз» дегенді білдіреді [54, 71; 54а, 60-61; 215, 15-16].

Орхон ескерткіштеріне түрк-қыпшақтардың үш жүз жыл билік құрғанына қатысты мәлімет те түскен. Елетміш Біліге Турайын қағаннан қалған тағы бір жазба ескерткіш «Тез ұстынтасында» (750 ж.) ануη eli üç jüz jyl el tutmys (*оның елі үш жүз жыл ел тұтты*) деген сөйлем бар. Бұл туралы Қ. Сартқожаұлы: «Бұл арада «оның елі» деп сол түрк-қыпшақтар меңзеліп отырған сияқты. Олай болса, Йоллық қаған, Жамы қаған, Бұмын қағандардан бұрынғы тарих қозғалып отыр. Ол үш қағаннан бұрын

болған белгісіз қағандар аталмай, «оның елі» деп жалпылама көрсетіліп кеткен. Ойымызды тұжырымдар болсақ, Бұмын қаған таққа отырған 545 жылдан ары 300 жыл жатыр. Уақыт желісі 245 жылға апарып тірейді», деп есептейді [54, 72; 54а, 61; 432, 26; 215, 16]. С. Г. Кляшторныйдың да Біріккен түрк (ұйғыр) қағанатының жазбаларында, бұл қағандық ірге көтерген 744 жылға дейін, күйреуі мен дәуірлеу кезеңдері алмасып тұрған, барлығы бес жүз жылдай уақытты қамтитын ұзақ мерзімнің тұспалданатынына мән бергенін [578, 85, 87-88] қаперге алсақ, *түрк-қыпшақтардың* Шығыс Орталық Азияда жыл санаудың алғашқы ғасырларынан бастап, бес жүз жылдай билік құрған ел болғандығы дәйектеле түседі.

Қытай деректемелерінде түпкі этимологиясы «көп бұтақты» (көпшак) мағынасын білдіретін қыпшақ жұрттарының Орталық Азиядағы динлиң (гаучы, теле) тайпалары тарапынан құрылған әртүрлі бірлестіктер мен патшалықтар құрамына енгені алға тартылады. Олардың ең елеулілері қатарында саналатын Бұмын қағанның бабалары бастаған темірші «түрк-қыпшақтар» мен Түрк қағанатына дейін Гаучы патшалығын (487 ж.) құрған «гаучы-динлиңдердің» (қыпшақ-телелер) тарихы кәдімгідей айқын. Бұрын Жыужән мемлекетінің қоластында болған көк түркітер (түрк-қыпшақтар) өз дербестігі үшін күрестерін бастап, 545 жылы Бұмын таққа отырған соң тез көтеріледі. 546 жылы өздерімен түптегі бір гаучы-қыпшақтарды бағындырып, олардың 50 мың түтінін өздерінің қатарына қосып алғаннан кейін, тіптен күшейіп, сол аймақтағы азуын айға білеген қуатты қыпшақ еліне айналады. Талай жыл тізелері батқан айбарлы Жыужән патшалығын тас-талқан етіп жеңіп, қағанын өлтіріп, халқын бостырып жібереді [541, 66; 579, 93-94].

Көк түркітер мен гаучылардың (теле-қыпшақтардың) арғы тарихын қаузаған қытай деректемелерінде, олардың Орталық Азияның батыс өңірлерін қоныс еткендігіне қатысты мәліметтерді кездестіруге болады. Мәселен, Солтүстік Сүң әулетінің «Тайпин хуаньюй цзи» тарихнамасында Гаучы мемлекетінің Солтүстік Вэй әулеті кезінде Бэйтиннің (Тәңіртаудың) солтүстігінде, Лэйчжу



(Каспий) теңізінің шығысында орналасқаны жазылады [572, 310-313]. «Суйшудың» «Туцзюе баянына» көк түркілердің «арғы ата-бабаларының Сихайдың жоғарғы жағында мемлекет құрғаны, кейін оны көрші патшалықтың жойып, адамдарын кәрі-жас демей түгел қырып тастағаны, бір ұл балаға келгенде, оны өлтірмей, аяқ-қолын кесіп, үлкен сазға апарып тастағаны, сонда бір қаншық қасқырдың әлгі балаға үнемі ет әкеп беріп асырағаны, көрші мемлекеттегілер тағы да адам жіберіп, әлгі баланы өлтіргенде, қасқырдың теңіздің шығыс жағына өтіп, бір таудың басына шығып кеткені, ол таудың Гаушаңның солтүстік-батысында болғаны, таудың етегіндегі үңгірге келіп паналағаны, сонда қасқырдың 10 ұл туғаны, соның ішіндегі біреуінің аты Ашна екендігі, ол ұлдардың ең ақылдысы болғасын, ел билегені» туралы эпсана түскен [541, 65-66; 574, 30-31; 54, 61]. Мұндағы Сихай «Батыс теңіз» деген мағынаны білдіреді. Сы-ма Чиэннің «Тарихи жазбаларының» «Дайюаң» баянында «Юйтяннің (Хотанның) батысындағы сулардың барлығы батысқа қарай ағып, Сихайға барып құяды» деген дерек бар. Кейінгі дәйектеулер бойынша, Сихай – Әмудария мен Сырдария құятын Арал теңізін білдіреді. Сондай-ақ біраз деректерде Байкал ретінде тұспалданып жүрген Бэйхай теңізінің – Каспийге сәйкесетіні нақтыланады [536, 200-201, 451, 454-455].

«Чжоушудың» (636 ж.) «Туцзюе баянында» да көк түркі-қыпшақтардың арғы бабаларының қайдан шыққанына қатысты осыған ұқсас мәлімет айтылады. «Кейбіреулердің айтуынша: туцзюелердің арғы аталары Согодан (Сақ елінен) шыққан, Соголар хұндардың солтүстігін мекендеген. Олардың тайпа көсемінің есімі Абанбу (Абанбек), ол 17 ағайынды болыпты. Іштеріндегі Ичжинишиду (Елынанчу) есімді біреуі қасқырдан туған екен», делінген онда [541, 120; 54, 62]. Мұндағы *Согоның* ежелгі заманда *Сак-куэк* (Sak-kuək), яғни «Сақ патшалығы» дегенді білдірген атауға саятынын А. Хожаев та атап өтеді [263, 87]. Тұр (сақ), тиек (түрк) жұрттарының бір-біріне балама этнонимдер екендігі пысықталған жоғарыдағы тұжырымдар орайынан қарастырар болсақ, *көк түркітер* және *гаучы* (көпшақ) атауымен белгілі

қыпшақ жұрттарының да арғы бастауларының сақ замандарында жатқаны пайымдалады.

Осы орайда соңғы қола мен ерте темір дәуірлерінде күллі Орталық Азияны қамтыған арғытүрк сипатты этнотектік сапырылыстардың соңын ала, хұн заманында өткен тағы бір ауқымды қоныс аудару үдерісіне назар аудару қажет дер едік. Ол – хұндармен бірге Шығыс Түркістан мен Алтайдан Каспийге дейінгі аралықта түрк тілінің маркаюына үлес қосқан, қытай деректерінде «батыс динлиндер» деп аталған «үш патшалық» бірлестігінің өріс ұзартуларына қатысты дәйектер.

Хұндардан екпініне ұшырап, ж. с. д. 48-47 жылдары үйсіндер мен қаңлылардың теріскей бетіндегі Алакөл мен Балқаш теңізінің арасына қоныстанған бұл динлиндердің қатарына, кейіннен сәнбилерден шабуылынан (II ғ.) ығысқан түрк тайпалары да келіп қосылады. Сандары молайғасын, олар батыстағы алан тайпаларын да аясына қамтып, Арал-Каспий төңірегіне дейін жайлайды. Әуелі олар өздерінің құрамындағы цзянкуң (қырғыз), динлиң, уцзе (оғұз) тайпаларының атымен аталған үш патшалық құрғанымен, соңыра үшеуінің бірігуі және ас-алан жұрттарының қосылуы арқасында, халық саны 600 мың, әскері 190 мыңға жететін қуатты мемлекет пайда болады [520, 90-108]. IV ғасырдың сексенінші жылдары өз көсемдерінің атымен Сутэ (Сұды, Сұты) деген атау алған бұл алан-динлиң патшалығының V ғасырдың басында қаңлы, 437 жылы үйсін мемлекеттерін жойып, Батыс Орталық Азияның едәуір бөлігіне билік жүргізгенін жоғарыда сөз еттік. Үйсін мемлекетін талқандаған соң, Сутэ патшалығынан Ида (Яда) атты көсем бастаған бірқауым ел бөлініп шығып, Шығыс Түркістан мен Памир аймағын жаулап алады. Ида аталған ол патшалықтың ғұмыры бір ғасырға жетер-жетпес уақытқа ғана созылып, онымен бірге барған динлиндер жергілікті халыққа сіңіп кетеді. Сутэ мемлекеті де VI ғасырдың соңына дейін ғұмыр кешіп [520, 277-286], соңыра оның аясына қамтылған динлиң, алан, қаңлы, үйсін текті жұрттар, өз тектестері құрған Көктүрк қағанатының құрамына енеді. Батыс Орталық Азияны жаппай түрктендіру, түрк тілінің өрісін кеңейту ісіне белсене араласады.

Әлбетте, қытай деректемелері бойынша, ж. с. д. I мыңжылдықтың соңынан осы өңірге қоныстанды делінетін *батыс динлиң* (теле) жұрттарының, беғазы-дәндібай, сақ замандарынан осы аумақты мекен еткен, өздерінің бағзы туыстары боп саналатын арғытүрк сипатты тұр-сақ, тиек-түрк, массагет, хйаона (қаңлы, қаңғар), үйежы, үйсін тайпаларымен этнотектік сапырылыстарға түскені анық. Сол араласу үдерістері барысында динлиң патшалықтары (кейіннен Сутэ мемлекеті) аясында Каспийдің шығысынан Тәңіртаудың шығысына дейін қоныстанған гаучы (көпшақ, қыпшақ), уху (оғұз) топтары да жіктеле бастаған сыңайлы. Мәселен гаучының алты тайпасына жататын жұрттар арасында кейіннен гаучы-көпшаққа меңзелетін ди (дишы) мен тоғыз оғызға бастау болатын хугу (уху) этнонимдерін де ұшырастырар едік [541, 23; 572, 325-326; 251, 33-35]. Қытай деректерінде көк түркілердің «арғы ата-бабаларының Сихайдың (Арал теңізінің) жоғарғы жағында мемлекет құрғаны» [541, 65] туралы мәліметтің кездесетініне қарағанда, бұл түрк-қыпшақтардың да сол батыс динлиң тайпалары арасынан (бәлкім, гаучы-көпшақ екеуі әу баста бірге болған топтан) шығуы ықтимал екендігі тұспалданады.

Бұл ретте қытай деректерінде түрк-қыпшақтар мен гаучы-телелердің Ордос өңірі және Шығыс Тәңіртаудың теріскейінен шыққан жұрттар ретінде сипаттауының да еш оғаштығы жоқ дер едік. Өйткені ол аймақтар да осы жұрттардың әр дәуірлерде Ұлы Дала белдеуі бойымен ерсілі-қарсылы бағытталған жөңкілістері өткен кеңістіктің шығыс шегіне саяды. Дегенмен, «Суйшудың» «Туцзюе (Түркітер) баянында»: «Туцзюелердің (тужиө, түрк) арғы тегі – Пинлян жеріндегі аралас хулар болатын. Соңғы Вэйдің патшасы Тэй-ву 439 жылы Цзюцюй (жүйчүй – хун ұрпақтары) әулетін жойған кезде туцзюелердің 500 отбасысы жыужәндарға қашып барып паналаған. Олар ұрпақтан-ұрпаққа Цзиньшаньда (Алтынтау) тұрып, теміршілікпен шұғылданып келді» [541, 65; 574, 30], деп жазылған аңызды ғылыми қауым ортасында сенімсіз деп есептейтін пікірлер де кездеседі екен. Мәселен, мұны жапон ғалымы Х. Мацуда: «Ол қытай тарихшыларының өзге ұлттардың

шығу тегін Қытай аумағынан іздеу әрекетінің бір көрінісі», деп бағалайды [541, 90].

Алайда түркілердің қашып барып паналаған Алтынтауы туралы күдік айтыла бермейді. Ол көктүркілер мен гаучы тайпалары қоныс еткен Шығыс Тәңіртау өңірлерінің тап өзі. Ол Баркөлдiң шығысы мен Қарлытаудың (Цзюньцишань) теріскейінде жатқан, қытай деректерінде Цзиньшань деп аталатын тау баурайы. Гаучылар болса, сол аймақтың батыс жағындағы Үрімші мен Тұрфан арасын жалғап жатқан Боғда тауының күнгей бетін мекендеді. Көк түркілер қағанаты құрылғанда, түркілердік ең басты тірегі ретінде танылып, оның сол аумақтағы айбарлы мемлекетке айналуына мол үлес қосты [579, 10-11, 67, 73, 91-94].

Қытайдың Оңтүстік және Солтүстік патшалықтарының (420-589 ж.) алғашқы кезеңдерінде, «Суйшу», «Чжоушу» тарихнамаларында қыпшақ этнонимі қытай тілі оқылымы бойынша «хыса», «кыфуца», «цинца», «хэбейси», «гаучы» («көпшақ») нұсқаларымен хатталды. Сол анықтамалық деректемелерде гаучылардың бір тармағы «хыса» тайпасының Арал теңізінің терістігіне барып қоныстанғаны да айтылады. Суй әулеті дәуірінде (518-618 ж.) олар сол өңірде хыса-түрк (қыпшақ) мемлекетін орнатады. Қытай деректемелерінде Хун империясы тарқағаннан кейін күллі Орталық Азияға қанатын кере мекендеген теле (түрк) жұрттарының құрамында кейіннен Түрк қағанаттарының өрісін кеңейткен 44 тайпаның болғаны тізімделген [263, 64-65; 251, 38-40, 68, 99]. Олармен бірге осы байтақ аумақта соған дейінгі талай мыңжылдық бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасумен, өзара сабақтасумен келген, арғытүрк сипатты мәдениеттердің археологиялық, этнотектік тұрғыдағы ортақ үрдістері де түрк халықтарының ерте ортағасырлық дәстүрлеріне табиғи түрде ұласты.

## 10. ҚАЗІРГІ ТҮРК РУ-ТАЙПАЛАРЫНЫҢ ДНҚ- ГЕНЕАЛОГИЯЛЫҚ ТӨРКІНДЕРІ (қазақ және басқа түрк халықтарының зәуаттық тегі негізінде)

Ежелгі қыпшақ этносының хұн заманымен іргелес ғасырлардағы тарихына тереңірек үңілуге ұмтылыс жасау барысында, біз оның арғы зәуаттық төркініне қатысты мәліметтерді де қаперде ұстап отырдық. Өйткені ДНҚ-генеалогиялық зерттеулер бойынша, түпкітүркердің төл түзілімі ретінде тұжырымдалып отырған, ең ежелгі нышандары 15-20 мың жыл шамасынан қайырылатын *R1b* гаплотобы, бүгінгі күні негізінен *қыпшақтарға* тән генетикалық зәуаттың біріне саяды. Оның талай мың жыл бұрын орталықазиялық аумақта кіндігі кесілгені, сол мекендерде қазіргі кезде де ғұмыр кешіп жатқан түрк жұрттарында осы гаплотоптың байырғы *R1b1* бұтағына тән молекулалық белгілердің ұйыса ұшырасатыны I-II тарауларда бірсыпыра сөз етілді. Бұл гаплотип түрк текті түрікмен, башқұрт, ұйғыр, өзбек, қазақ, татар, тыба, шұбаш халықтарына тән төл генеалогиялық зәуаттардың қатарында саналады.

Соңғы жылдары ғана сенімді ғылыми дәйектер қатарына қосылған ДНҚ зерттеулерінің жаңа сипатты әдіс-тәсілдері арқасында түрк текті халықтардың талай мыңжылдықтарға кететін тарихының даусыз нақтылана басталуы – этникалық түп-тегі бір осы жұрттардың өткеніне қатысты көптеген түйткіл тұстарының ақиқатын ашуға септігін тигізетіні өз-өзінен түсінікті. Яки молекулалық генетика саласының кейінгі жойқын жетістіктері күллі түрк жұрттарына ортақ ежелгі тайпалардың этнотектік тарихын қайтадан жаңаша пайымдау, шынайы дәйектеу ісіне зор үлес қосары күмәнсіз.

Генеалогиялық зерттеулер бүгіндері Орталық Азия аумаған мекендеп отырған байырғы түрк тайпаларының негізінен осыдан 50 мың жылдай бұрынғы уақыттан бастап Үнді түбегі жақтан келген жұрттардан тарағанын дәлелдеп отыр. Олардың *бір қанаты* – Тәңіртау мен Памирді батысынан айнала өтіп, Орталық Азия

аумағында өркен жайған *N, O, P* құрама гаплотобын құрады. Әрі қарай оның *P* зәузатынан *Q, R* бұтақтары тармақталды. Сондай-ақ күнгеі өңірлерден қосылған *G* гаплотопты жұрттар да оның аясына қамтылды. Ал *екінші қанаты* – Тәңіртауды шығысынан айнала, мамонтты өрістерге қадам басып, жалпыалтайлық *C2* (*бұрынғы жіктеу бойынша C3*) гаплотобы өскіндерінің ұрпақтарын құрады. Ұлы Даланы екі жақтан қаусырған бұл жұрттар талай мыңжылдықтар бойы араласа-құраласа, талай айқастар мен шайқастарды бастарынан кеше жүріп, бір-бірлеріне ықпал-әсерлері тиген өзектес мәдениеттердің негізін қалады. Ақырын-ақырын арғыалтайлық, түпкітүрктік тілдердің түзілімдерін құруға атсалысты.

Бұл орайда түрк руларының ДНҚ-генеалогиялық белгілерін нақтылау барысында Ресей ғалымдары тарапынан көптеген жұмыстардың атқарылып жатқанын атап өткен жөн. Олар Алтай мен Саян аймақтарында, Еділ алабы, Лена атырабында мекендейтін түрк халықтарына қатысты сан-салалы зерттеулерді жүргізуде. Ежелгі түрк тайпаларының көпшілігі бүгінгі қазақ халқының құрамына енгені белгілі. Сол себепті де Ресей жерінде тұратын түрк халықтары бойынша айқындалған генеалогиялық мәліметтерді, олардың қазақ құрамында кездесетін туыс тайпаларымен салғастыру арқылы да көп мәліметтерді киюластыруға әбден болады.

Сонымен қатар, соңғы жылдары қазақтың бір топ жас зерттеушілерінің ұйымдастыруымен қолға алынған «*Қазақтың ДНҚ жобасы*» атты генеалогиялық қызмет түрінің де осы орайдағы елеулі шаруаларды атқара бастағанын атап өтуге тиіспіз [580]. Өздерінің ДНҚ мәліметін білгісі келген әрбір адамның тілегін орындауға, олардың ауыз сілекейі жұқпаларын Американың Хьюстон қаласындағы Family TreeDNA компаниясының зертханаларына жіберу мәселесін жүйелеу арқылы, қай зәузаттың қай гаплотипке жататынын анықтау ісін жолға қойған осы қызметтің арқасында, қазақтың бірталай рулары мен аталарының түпкі генетикалық тектері де айқындалу үстінде.

Мәселен, осы жобамен тығыз айналысып жүрген жас зерттеуші Ж. Сәбитовтың 2013 жылы жарық көрген еңбегіндегі [581] мәліметке қарағанда, бұл ДНҚ жобасы бойынша қазақ ұлтына жататын 273 адамның аталық *Y-хромосомалық* тексеруден өткені айтылады. Солардың арасындағы сілекей жұқпасы алынған *қыпшақ* руының 11 адамының 7-уіне *R1b1a1*, 1-уіне соған ұқсас *R1b1a2* гаплотопы тән болып шыққанын көреміз. Бұл жазба деректемелердегі арғы тарихы жыл санауға дейінгі дәуірлерден басталып, көне түрк заманында билеуші тайпа атанған, кейіннен Дешті Қыпшақ ұлысының іргесін нығайтқан қыпшақтардың Ұлы Дала аумағындағы ежелгі автохтондық орнын да аңдатады. Қыпшақтардың қалған үшеуі үш бөлек *G1a1b*, *N1c*, *O* гаплотоптарынан тарапты.

*Y-хромосомалық* тексеруден өткен басқа адамдардың зәуаттық нәтижелерін жіктей келгенде, олардың 63-іне *C2* (*бұрынғы жіктеу бойынша C3*) гаплотобы, 46-сына *C2c1*, 11-іне *C2d*, 2-іне *D*, 1-уіне *E*, 40-ына *G1a*, 12-сіне *J*, 13-іне *N*, 14-іне *O*, 8-іне *Q*, 38-іне *R1a*, 11-іне *R1b1a1*, 7-уіне *R1b1a2*, 7-уіне *R2* гаплотоптары тән болыпты. Олардың ру-тайпаларға қатыстылығын сараптағанда, арғындардың 47 адамының 30-ының *G1a1b* гаплотобына жататындығы назар аудартады. Наймандардың 10-ы *O*, 1-уі *C2*, 1-уі *C2c1*, 3-уі *G1a1b*, 1-уі *R1a*, 3-уі *R1b1a2* зәуаттарына жатыпты. Керей, үйсін мен шанышқылының негізінен – *C2*, алшынның (Байұлы, Әлімұлы) – *C2c1*, қоңыраттың – *C2d* гаплотобынан құралғаны анықталыпты [581, 35-36].

Бұл мәліметтерді одан бұрын да жүргізілген әртүрлі ғылыми зерттеулердің нәтижелерімен сабақтастырар болсақ, қазақ халқының түп-тегін азиялық, орталықазиялық әртүрлі гаплотоптардан құралған рулар мен тайпалар бірлестігі құрағандығына көз жеткіземіз. Ұлы жүзге жататын албандар арасында аталық *C2* (*C3*) гаплотобы да, *R1a* зәуаты да кездесіпті. Дулаттың шымыр, сиқым руларының тексеруден өткен азаматтарына жалпыалтайлық *C2*, *C2d* тән болса, жаныстың бір адамының гаплотипі *J2* екені анықталыпты. Ошақты, шапыраштыға да көбіне *C2*, сондай-ақ *C* зәуаттылар тән сияқты,

бір ыстының (тілік) *N1c* екені нақтыланыпты. Шанышқылыға жататын қатағанның бір азаматына *J2*, жалайырдың арықтыным, балғалы және мырза аталарының тексеруден өткен үш адамы *J2*, сондай екі өкілі *R1a* гаплотипіне жатыпты [581, 41-47].

Қаңлылар туралы мәліметтер жоқ. Алайда Қарақалпақ жерін мекендейтін қаңлылардың біраз өкілдерінен *R1b1a1* гаплотипі анықталғанына қарап [582, 87-88], олардың да қыпшақтар сияқты түпкітүрктік гаплотопқа жататындығын тұспалдауға болатын сияқты. Демек, біздердің жоғарыда қаңлылар туралы сөз еткен кезде, оларды ежелгі түрктік заузаттармен қатысы бар, бір замандарда авесталық тұр (массагет), хйаона тайпаларымен ілікшатыстығы болжанатын арғытүрктік тайпалардың жалғасы екенін бағамдағанымыздың дәйектілігі де арта түседі.

Орта жүзге жататын арғындардың генетикалық зәузаты тосын нәтижелерге қол жеткізгені белгілі. Олар негізінен *G1a1b* гаплотипінен тұратын боп шықты. Арғынның мадияр руының тексеруден өткен адамдарының 87 пайызын да осы зәузат құрапты. *G* негізінен Оңтүстік-Батыс Азияда (кей болжамдар бойынша Үндістанның Кәшмір өңірінде) пайда болған, жыл санаудың бастапқы ғасырларында сарматтардың зәузат түзілімінде, бүгіндері осетин, грузин, қарашай, балқарларда молырақ ұшырасатын гаплотоп ретінде есептеледі [18, 306-311; 70]. Бұл зәузаттың арғындарға тән болуының жай-жапсарын қаузау – зерттеушілерді қызықты тақырыптарға жетелері анық. Арғындарда сонымен бірге *C2*, *C2c1*, *R2*, *R1b1a1* гаплотоптары да кездеседі екен. Атығай руының бабасан атасынан тарағандардың көбі *R1a* түрін құрапты. Ал бұлардың бәрі әуелгіде Орталық Азияда өркен жайған этнотектерге жатады.

Қазақ руларының өкілдеріне жүргізілген ДНҚ зерттеулерінің нәтижелерін парықтағанда, қаңлыда (қарақалпақ қаңлыларында *R1b1a1*), жалайырда *R1a1*, *J2* гаплотоптары кездесетініне қарамастан, Ұлы жүздің басқа рулары мен Кіші жүздің байұлы, әлімұлы тармақтарында жалпыалтайлық *C2*, *C2c1* гаплотоптарының басым ұшырасатынын, яки олардың әуелгі түп тектерінің туыс екендігін байқау қиын емес. Табындарда *C2* мен



*R1a* қатарласа кездесіпті. Бұл ретте Орта жүз руларының әр сипаттылығымен көзге түскені аңғарылар еді. Арғындарға – *G1a*, қыпшаққа – түпкітүрктік *R1b1*, найманға – *O3*, *C2c1*, қоңыратқа – *C3d*, керей, уаққа – *C2*, *O3* зәузаттары (бәрі орталықазиялық) тән болғанына қарап, қазақтың ру-тайпалары да негізінен осы көрсетілген ірі гаплогрупптардан құралатыны бағамдалады.

Кіші жүз руларының мекендеген аумағы Қазақстанның батысындағы өңірлер екені белгілі. Бұл аймақ тас дәуірі, энеолит, қола замандарында негізінен түпкітүрктік зәузаттардың отаны болған мекен. Арғытүрк сипатты көнешұңқыр мәдениетінің іргесін қалаған *R1b* гаплогруппты қауымдардың осы өңірден жан-жаққа көші-қон үдерістерін жасап, шығыс жағының – ботай, афанасьевтік түзілімдерге ұласқаны, батыс жағының – Алдыңғы Азия мен Батыс Еуропаны қаусыра қамтығаны мәлім. Орталық Азияның бұл батыс өңірлеріне *C2*, *C2c1* гаплогрупптарының молынан жете бастауы сақ заманынан басталып, Хүн империясы, Түрк қағанаттары дәуірінде одан әрі өрістеді. Орталық Азия аумағын талай мыңжылдықтар бойы жайлаған арғытүрктік жұң-тиек, теле (түрк) елдерінің кейінгі ұрпақтары, соңыра қазақ тайпаларына айналған біраз жұрттардың әлденеше толқыны осы аймақтарға келіп тұрақтады. Байырғы *R1b* қауымдары – қыпшақтармен қатарласа орналасып, біртін-біртін *C2* гаплогруппының мөлшері арта берді.

Башқұрттарда түпкітүрктік *R1b1* гаплогруппының үлесі кәдімгідей басым. Башқұртстанның теріскейіндегі бүгіндері Пермь өлкесіне енетін аймақта қоныстанған *гэйнә*, оңтүстік-шығысындағы өңірлерде мекен ететін *бурзян* (*бөриән*), *тәмшан* секілді руларда бұл зәузат 87 пайызға дейін жетеді [29, 41-42; 583, 2086-2099]. Ал бұл аталған тайпалар Р. Күзеевтің зерттеуінде башқұрт халқының негізін құраған, бір жағы қыпшақ текті көне тайпалар қатарынан саналады [584, 145-188, 341-347]. *R1b1* гаплогруппы, сондай-ақ түрікмендердің де басты зәузаты. Оларда 37 пайызды құрайды [29, 42].

Алтай-Саян мен Сібірдегі түрк халықтарында басқашалау. Түбі орталықазиялық, түрк-оралдық *N* зәузаты басым. Якуттардың

225 адамына жасалған талдаманың 91 пайызы *N1c1* зәузатын көрсетті. Хакастарда да осы гаплотип молырақ. Тексеріс өткізілген 251 адамның 44 пайызын *N1b*, 28 пайызын *R1a1*, 20 пайызын *N1c1* құрады. Тыбалардың талдама жүргізілген 422 адамының аталық гаплотобының 25 пайызы *N1b*, 19 пайызы *N1c1*, 14 пайызы ежелгі түрк-үндістік *Q1a3*, 12 пайызы *R1a1* гаплотоптарынан тұрған. Телеуіттің 38 адамына жасалған талдаманың 34 пайызына *R1a1*, 29 пайызына *R1b1*, 26 пайызына *N1c1* гаплотоптары тән болыпты. [259, 10-15]. Қырғыздарда негізінен *R1a1a* гаплотобы көбірек. Кейінге дейін тексерілген қырғыздардың 40 пайыздан астамына осы зәузат тән келсе, 33 пайызы *C2c*, 12 пайызы *N1b* гаплотобына жатады [585, 43-44].

Генеалогиялық зерттеулер *алтай-саяндық халықтарда, қырғыздарда және Шығыс Түркістанда* бірсыпыра ұшырасатын *R1a1* зәузаттарының негізінен ж. с. д. II мыңжылдықтан бастап, Еуропа жақтан арилермен бірге келген *R1a1* гаплотоптары емес, Орталық Азияның төл автохтондары, осы өңірлерде сонау 16 мың жыл бұрынғы шамаларда, түпкітүркітк *R1b* зәузатымен қатар ғұмыр кешкен, сол замандарда ілкітүрк тілінде сөйлеуі ықтимал жұрттардан қалған «алтайлық» түзілімдер екенін нақтылады. Олардың дені арилік *R1a1* гаплотипімен араласпай, байырғы атамекендерінде талай мың жыл бойы ұрпақтар сабақтастығын үзбей жалғастырған болып шықты. Көбінің базалық гаплотипінің жасы 14 мың жылдан 5 мың жылға дейінгі аралықты қамтиды [104; 207].

Ежелгі түпкітүркітк зәузаттар сілемін бүгінгі түрк текті халықтардың гаплотоптарымен күмәнсіз байланыстыратын бұл дәйектер Орталық Азия аумағының әуелден-ақ арғытүрк жұрттарының атажұрты, байырғы қонысы екенін тағы да айғақтағандай болады.

## СӨЗ ТҮЙІНІ НЕМЕСЕ АРҒЫТҮРКТІК АТАМЕКЕНДІ ЗӘУЗАТТЫҚ ТҮРҒЫДАН ҚАЙТА ПАЙЫМДАУ

Түрк этносының ежелгі түп-төркініне барлау жасаған бұл еңбекте, осы жұрттардың арғы тарихының тым алыс мыңжылдықтарға кететінін археологиялық, ДНҚ-генеалогиялық дәйектер, байырғы тілдік мысалдар арқылы бірсыпыра пысықтағандаймыз. Сол арқылы түрк тектілердің Орталық Азияның күллі аумағына қатысы бар, сонау палеолит замандарының өзінде, мұз дәуіріндегі арпалысты мыңжылдықтарда осы аралда өткен тіршілік кешу жөңкілістерінде сілемдері қалған байырғы жұрттардың бірі екеніне көз жеткіздік. Оларға тән молекулалық-генетикалық сипаттардың бүгінгі күнге дейін үзілмей жалғасып, қазіргі түрк халықтарының зәуазаттарында сақталып отырғанын бағамдадық.

Мезолит, неолит дәуірлерінде Батыс Орталық Азияның оңтүстігін мекендеген қауымдардың арасындағы аңшылық және еңбек құралдарында кеңінен байқалған «геометриялық микролит» тәсілінің де сол арғытүрк сипатты жұрттарға етенелігі пайымдалды [109, 104-105; 111, 149-155]. Ол құралдардың жан-жаққа таралып, батысы – Азау маңы мен Қырым түбегіне дейін, теріскейі – Оралтау төңірегі, Есіл алабына дейін, шығысы – Памир, Тәңіртау арқылы Ертіске дейін қанатын жайғаны дәйектелді. ДНҚ-генеалогиялық зерттеу нәтижелеріне сайсақ, ол құралдарды пайдаланушылардың бір-біріне этникалық тұрғыда жақын, осы аумақты ежелден жайлап келе жатқан, негізінен түпкітүрктік *R1b* және ішінара «автохтондық» *R1a*, орталықазиялық, арғы алтай-оралдық, түрк-сібірлік *C2*, *N*, *O*, *Q* аталық гаплогрупптарынан тараған қауымдарға жататыны тұспалданды [109, 104-105; 111, 149-155; 29; 116; 148; 207].

Археологтар Арал теңізінің күнгейіндегі әйгілі *келтеминар* мәдениеті түзілімдерінде де сол микролиттік құралдарды тұтынушыларға тән бірқатар мәдени үрдістердің ұшырасатынына назар аударады. Келтеминар арқылы құнарланған ол нышандардың бірсыпырасын Маңғыстаудағы *ойықты, қосқұдық*,

*шебір* (ж. с. д. YI-Y мыңжылдықтар), Есіл алабындағы *атбасар* (ж. с. д. YII-YI м.), Торғай иініндегі *мақанжар* (ж. с. д. YII-IV м.), Ертістегі *усть-нарым* неолиттік мәдениеттердің бойында байқалатынын бағамдайды. Одан кейінгі замандағы Күнгей Оралтау мен Арқа төсіндегі *терсек*; Жетісу мен Алтай аймақтарындағы энеолиттік мәдениеттер түзілімдерінде де Көптау қойнаулары мен Арал төңірегі, Әму мен Сыр арасында ізі қалған ежелгі сабақтас байланыстар сілемдерінің, түбі бір ұқсастықтардың ізі бар екеніне ден қойылады [60, 88-103; 82, 85-100; 121; 124; 125; 126, 212-216; 127, 217-232] .

Энеолит, қола дәуірлерінде Орталық Азияның теріскей батыс жағы мен Есіл алабында өркен жайған *көнешұңқыр*, *ботай* мәдениеттері жұрттарына негізінен арғытүрк сипатты *R1b* гаплотобы тән болғандығының дәлелденуі, көнешұңқырлықтардың кейіннен миграциялық үдерістер барысында Еуропаны да қаусыра қамтығаны, Алдыңғы Азия мен Африканың теріскей жартысында да генетикалық іздері қалғанының айғақталуы, археологиялық, этнографиялық сілемдерді ұшырастыруға болатыны [18; 29; 74; 148; 118; 125], осы салада бұрыннан қалыптасып қалған бірқатар ұстанымдарды қайта пайымдауды қажет етеді.

Қытайдың Шаң (ж. с. д. XUII-XII ғ.), одан кейінгі Жыу (ж. с. д. XII-III ғ.) дәуірлеріне тән жазба ескерткіштерде түрк текті бірсыпыра сөздердің ежелгі иероглифтерде көрініс беруі [263; 271, 112, 211; 5, 89; 283, 473-482], сондай-ақ Хуанхы (Сарыөзен) алабы, Ордос, Шығыс Түркістан өңірлерінің сол замандардағы байырғы археологиялық дәстүрлерінен түз жұрттарының тіршілік-салтынан өрбіген сипаттардың молынан байқалуы [239, 885-925], олардың бір жағынан Орталық Азияның көп аумағына ықпал-әсері тараған арғытүрк сипатты беғазы-дәндібай мәдениетінің үрдістерімен сабақтасып жатқанының дәйектелуі [143, 21-22; 186, 130-131; 284; 231; 232; 233], осы байтақ кеңістікті бағзы замандардан қоныстанған тайпалардың бір-бірінен аса алшақ емес, өзара ықпалдастықта ғұмыр кешкен халықтар екендігін аңғартады.

Қола дәуірінің басынан бүгінгі қазақ жерін *андрон мәдени қауымдастығына* енетін жұрттар мекендеп, соңғы қола дәуірінде оны шаруашылық жүргізудің едәуір прогресшіл түрі *бегазы-дәндібай* мәдениеті алмастырғаны белгілі [82, 105, 117-128]. Кейінгі жылдардағы жаңашыл зерттеулер осы мәдениетке тән білемді керамика және басқа да археологиялық дәстүрлердің Орталық Азияның көптеген тұстарына таралғандығының анықталуына байланысты, оны бұрынғыдай Сарыарқа өңірінің ғана емес, Еуразия құрлығының күллі орталық аумағын қамтып жатқан аса ауқымды мәдени феномен ретінде танып отыр [284; 288]. Осы *бегазы-дәндібай* мәдениетіне қатысы бар тайпалардың аясына авесталық деректерде «жүйрік атты *тұрлар*», қытайдың көне жазбаларында «*жұңдар*», «*салт аттылар*» деп сипатталатын түздік қауымдардың енетіндігі – орыстың белгілі этностанушы ғалымы И.В. Пьянковтың зерттеулерінде де қисынды сабақтастырылады [231; 232; 233; 262].

Ежелгі деректемелерде *riwem* (ривем, қазіргі оқылуында *rongron*) түрінде таңбаланған түздік жұрттарды орысша әдебиеттерде жун (*жұң*) деп жазу қалыптасқан. Ол Қытайдың ең байырғы Шиа (ж. с. д. XXI-ХҮІІ ғ.) патшалығы заманынан бастап, жауырыншылық сүйектерге *kwei-fang*, *gui-fang* (гуйфан – гуй елі, куэй елі), *tiek* (тиек), *riwem-tiek* (жұң-ди) иероглифтерімен түскен этнонимдерге сәйкеседі. Мұндағы *riwem* (ривем, роң, жұң) – «салт аттылар» деген мағынаны білдіреді. Қытайдың анықтамалық сөздіктерінде олар осы елдің Шиа (Ся), Шаң, Жыу патшалықтарының солтүстігі мен батысын мекендеген жұрттар ретінде сипатталған. Ал *тиек* (ди) термині – *түрк* этнонимінің көне деректемелерге қытай тіліндегі айтылымы бойынша түскен нұсқасы. Яки, жоғарыдағы *riwem-tiek* сөзі – «түрк салт аттылары» дегенді білдіреді [263, 47-48, 241-242]. Осы салт атты *тиек-түркттердің* Батыс Орталық Азиядағы баламалары – авесталық деректердегі *бегазы-дәндібайлық тұр* (түрк) тайпалары [231; 262; 397]. Білемді керамикалы *бегазы-дәндібай* мәдениетінің түз тіршілігіне бейімделген өміршең дәстүрлері ж. с. д. I мыңжылдықтың алғашқы ғасырларында ілкі нышандары туындай

бастаған сақ (тұр) мәдениетіне ұласты [326; 286]. Кейінгі жылдары жүргізілген зерттеулер нәтижесінде, ерте сақ мәдениетіне жататын Шығыс Қазақстандағы Маймер, Шілікті, Тыбадағы Аржан, соңғы кездері Қарағанды облысында ашылған Талды-2, т. б. ескерткіштерінің – қазақ даласында жарқын іздері қалған осы беғазылық феноменмен тектестігі туралы пікірлер қуатты түрде орнығып келеді [327, 62; 324; 325; 326; 516].

Ол сабақтастықтың бірсыпыра белгілері ерте темір дәуірінде Қара Теңіздің теріскейі мен Алдыңғы Азияға дейін ат тұяғын дүбірлеткен қамар (киммер) және сақ-скиф жорықтары арқылы сол аймақтарға жетті [365; 44; 384; 387]. Сақ мәдениеті – орталықазиялық түздік дәстүрлердің бір-бірін өзара құнарландыруынан пайда болған жарқын құндылық. Оның кіндігі – батысы Каспий мен Жайық, теріскейі Алтай-Саян таулары, оңтүстік-шығысы Ордос жонын қамтып жатқан құтты орталықазиялық кеңістікте кесілген [331; 332; 333]. Оған тән үрдістердің өркен жаюына осы өңірлерді ежелден мекен ететін беғазы-дәндібайлық аядағы тайпалар – қытай деректеріне *тиек*, авеста уағыздарына *тұр* нұсқаларында түскен, бір-біріне балама түрк жұрттары [263; 232; 233] үлкен үлесін қосты.

Мұны кейінгі жылдардағы зерттеулер нәтижесінде, ж. с. д. IX-ғасырдың аяғы мен VIII ғасырдың басында Шығыс Түркістан, Байкөлдiң күнгейі мен Ордос аймақтарында туындаған экологиялық, саяси жағдаяттарға байланысты, батысқа қарай екі кезеңде өткен түздік жұрттардың көші-қон толқындары да айғақтайды. Челябинік тарихшы А. Д. Таировтың дәйектеуінше, олардың алғашқысы – Алтай-Саян тауларының қойнауларына бағытталып, одан әрі қазақ жерін баса, Кавказ бен Қара теңіздің теріскейіне қарай асқан қамар, сақ-скиф жорықтарын туындатса, екінші толқыны – ж. с. д. VIII-VII ғасырлардың тоғысында өтіпті. Сол кейінгі толқынның бір легі – Жетісу (Жоңғар) қақпасы арқылы Алакөл ойпатына, Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанға, одан соң Сырдария мен Әмударияның төменгі алаптарына дейін жетсе, екінші легі – Қара Ертісті бойлай, Шығыс Қазақстан мен Алтайдың батысы арқылы Орталық және Солтүстік Қазақстанға,

одан әрі Жайықтың күнгей өңірлеріне қарай өріс ұзартқан. Өздері тұрақтаған аймақтарда сақ мәдениетінің жарқын дәстүрлерін орнықтырған [223, 34-35; 491; 495, 57-58; 496, 165-172].

Демек, сақ мәдениеті тек арилерге (бұл қауымдардың Орталық Азия жеріне ж. с. д. II мыңжылдықтан бастап қана батыстан жеткені белгілі) тән деп саналатын еурокиндікшіл уәж сәл күмәнділеу болып қалады. Өйткені, талай уақыт пікірлері үстем боп келген сол ғылымның өзі, біз қаперге алып отырған көші-қон толқындары басталған Қытайдың батысы мен теріскейі, Ордос пен Байкал арасындағы кеңістікте ж. с. д. II-I мыңжылдықтарда арғытүрк жұрттары мекендегенін қадап айтады [2, 53-54; 237, 129-130; 308, 42-43].



*Алтын тоға. «Шоқтерек түбіндегі салт аттылар». Алтай, ж. с. д. IV- III ғ. I Петрдің Сібір коллекциясы. Эрмитаж.*

*(Тоға композициясында үш адам бейнеленген. Сол жақтағы биік бөрікті әйел мен оң жақтағы ат тізгінін ұстап отырған мұртты кісінің алдында ұзынынан сұлаған ер адам жатыр. Бәйтеректе қорамсақ ілінген. Бұл композицияны орыстың белгілі археологы М. П. Грязнов «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» дастанының алтай халқы арасында тараған нұсқасына тән сюжет деп таниды).*

Кейінгі жылдардағы жаңашыл зерттеулер жалпы Орталық Азия аумағын ежелден негізінен арғытүрк сипатты қауымдар мекендегеніне, арилердің келуімен олардың тіршілік салттарына көп өзгерістер ене қоймағанына, қайта осы аумақта бұрыннан қалыптасқан түздік дәстүрлердің, наным-сенімдер мен мифологиялық ұғымдардың сырттан келген жатжұрттықтарға ауысқанына ден қояды. Арилердің (батыстық *R1a* гаплотобы) Карпат жақтан жылжу үдерісі барысында Дунай мен Дон аралығындағы *R1b* зәуатты көнешұңқырлықтармен талай ғасыр ықпалдасуы арқасында қалыптасқан біраз тіршілік дәстүрлерінің байырғы орталықазиялық автохтондармен де дөп үйлескені анық. Әуелден тектестігі бір түздік мәдени үрдістердің кей тұстарда өзара ұқсас боп көрінуі де содан. Арғытүрк сипатты көнешұңқыр, ботай мәдениеттері кезінде жүйеленген түз тіршілігіне лайықталған малшылық үрдіс, жылқы өсіру, арбаға ат жегу сынды жергілікті өмір салттарының ғылыми зерттеулерде көбіне-көп ариліктерге теліне беретінінің бір сыры да осындай үндестіктерден туындайды.

Осы тұрғыдан алғанда да *арилермен* қатар күн кешкен жүйрік атты *тұр* тайпаларын шығыс орталықазиялық аумақтағы этнотектік баламалары – *түрк* (тиек) салт аттыларынан (жүн) бөле-жара қарауға келмейді. Олар әуелден арғытүрк сипатты үдерістер, кейіннен беғазы-дәндібайлық ауқым аясына қатар қамтылған түп-тегі жақын жұрттар, ДНҚ-генеалогиялық төркіндері – түпкітүрк нышанды *R1b* мен «шығыстық, автохтондық» *R1a*, оңтүстік сібірлік, жалпыалтайлық, орталықазиялық *Q*, *C3 (C2)*, *O*, *N* аталық гаплотоптарынан тараған түздіктер болатын. *Сақ мәдениеті* де сол батыс және шығыс *тұр-тиектердің* өзара ықпалдасуы, тұрандық жергілікті үрдістердің Ордос төрінен жеткен дәстүрлермен құнарлануы арқылы өмірге келді [29, 49-50; 208; 231; 263]. Шығыстан жеткен туыс этнотектік үдерістердің кей әсер-ықпалдарын бойларына қабылдаған байырғы батыс орталықазиялық *тұрлар*, ахемен, грек дереккөздерінің жазуы бойынша *сақ*, *massage* этнонимдерімен атала бастады [445, 77; 447, 720; 452, 143].



*Сақ пен тұрдың* баламалығына қатысты мәселені, авеста уағыздарында оған сабақтаса аталатын *хйаона* этнонимінің төркінін нақтылаған соңғы зерттеулер де жоққа шығармайды. Ол сараптаулар бойынша *тұрлардан* кейін *арилермен* қиян-кескі шайқастар жүргізетін *хйаона* тайпалары да, сол *тиек-түрктердің* соңын ала, Шығыс Түркістан жақтан жеткен түздіктерге қатысы бар жұрттар болып шықты. Петерборлық ғалым А. А. Амбарцумянның дәйектеуінше, шошақ дулығалы хйаоналардың бір бөлігі – этникалық тарихы *жұң-тиектермен* (салт атты түрктермен) қатар басталған, арғытүрк сипатты *хұндардың* ежелгі бабалары «*хиенйұн*» (хienуп) тайпаларына төркіндес қауымдарға саяды. Олар да археологиялық тұрғыда *бегазы-дәндібай* мен *түгіскен* мәдениеттерін түзушілердің тікелей ұрпақтары екені бағамдалған *шошақ бөрікті тұрлар* (сақтар) сияқты, кейіннен грек деректерінде *массагет* деп аталған ірі тайпалық қауымдастықтың аясына сіңді [444; 522; 233; 523].

Арал теңізі аймағы мен қос өзен алабындағы этникалық үдерістерге белсене араласқан *тұр, хйаона, массагет* ұрпақтары өркендеткен Түгіскен, Шірікрабат, Жетіасар мәдениеттеріне қатысы бар жұрттардың елеулісі ретінде байқалып, қытай деректеріне *қаңжүй* түрінде түскен болашақ *қаңлыларды*, бір жағынан, «*қияң-хиенйұн-хйаона-қаң-қаңғар-қаңлы*» түрінде өрістеген сабақтастық тізбегі бойынша қарастыру да артықтық етпейді. Өйткені *тиек* (ди) жұрттарына түп-тегі жақын *қияң* жұрттарының қошқар малын *кие* ретінде санайтын байырғы дәстүрі, дәл сол қалпында батыс орталықазиялық ежелгі халықтардың бірі – *қаңлыларда* да қайталанатын. Қаңлылар қошқарды *кие* тұтып, оның басы мен мүйізін керамика, теңге, ыдыс-аяқ бұйымдарына салынатын ежелгі стильдік өрнек ретінде кеңінен пайдаланған. Қазақ қолөнерінде «қошқар мүйіз» оюының басым байқалатыны, Маңғыстау далаларында қошқарлардың тұтас тас мүсіндерінің кездесетіні қаңлы мәдениетінен қалған үрдістердің біріне саяды [263, 161, 235-245; 544; 545]. Қарақалпақ жерін мекендейтін қаңлылардың біраз өкілдеріне *Riblal*

гаплотипі тән екендігіне қарап, олардың да түпкітүрктік сипатты жұрттарға қатысы барлығын тұспалдауға болады [582, 87-88].

Батыс Орталық Азия аумағындағы сақ, массагет (тұр-хяона, тиек-түрк) тайпалары мен олардан тараған ұрпақтар, парсының Ахемен мемлекеті билігі, одан кейін Македонскийдің басқыншылық жорықтарына ұшырап, нешетүрлі этнотектік сапырылыстарды бастан кешіп жатқан ғасырларда, шығыс жақтағы Хуанхы, Гэнсу, Ордос өңірлерінде арғытүрк сипатты Хүн патшалығы етек-жеңін сілкіп, аз уақытта маңайындағы елдерге үстемдік танытатын айбарлы империяға айналды. Олардың екпінінен үйежылар (юечжи) мен үйсіндер батысқа қарай серпілді. Хүн дүмпуі барысында, түрк этносы аясына қамтылған аймақтар ерекше ұлғайды. Батыс орталықазиялық аумақта соған дейінгі жүзжылдықтарда тұр, тиек (түрк) пен тасмолалық динлиндердің (ж. с. д. YII-I ғ.) қатысуымен өркен жайған арғытүрктік тіл қатпары хун заманында одан әрі құнарланып, марқайды. Қытай деректемелері бұл дәуірде түрк тайпаларының негізінен *динлиң* (кейінгі телэ, телы, теле) бірлестігінің құрамына кіргенін айтады. Ал *динлиң* (денлең) этнонимі бағзы дәуірлерде *тиек*, *тиеклик* түріндегі иероглифпен таңбаланған *түрк* сөзінің бір транскрипциясы болатын. Соңғы жылдардағы зерттеулерде ж. с. д. I ғасырда қазақ даласына қоныс аударған, қытай деректемелерінде «батыс динлиң» деп аталған тайпалар бірлестігі құрған ірі арғытүрктік Сутэ мемлекетінің, соңыра әйгілі қаңлы, үйсін патшалықтарын да өзіне қаратып алғаны дәйектелді. Осының өзі *бегазы-дәндібай* кезеңдерінде, *тұр* (сақ), *тиек* (түрк), тасмолалық *диңлиң* тайпалары дәуірінде Батыс Орталық Азияда анық байқалған түркітілділік дәстүрдің жыл санаудың алғашқы ғасырларында да байтақ аумақты қамтып жатқанын аңғартады. Ол бір жағынан, қытай тарихнамаларындағы *телы* (түрк) тайпалары сол заманда Ордос пен Моңғол үстіртінен – Каспий теңізіне дейін, одан әрі Византияның теріскейіндегі далаларға дейін мекендеді, деген дәйектермен де дәл үйлеседі [262, 415-418; 263; 486; 518; 519; 520; 541; 550; 556; 568; 251, 38-40].

Біз арғытүрктік атамекен пайымын да түрк халықтарының ежелгі тарихы мен байырғы қоныстарына қатысты тілге тиек етілген осы археологиялық, генеалогиялық, деректемелік негіздерге сәйкестендіре отырып сараптауға ұмтылдык. Әлбетте, бұл орайда оларды лингвистер тарапынан жиі қолданылатын хайуанаттар мен өсімдіктер әлемі атауларының арғытүрктік нұсқаларымен сабақтастыру, айнала қоршаған орта, шаруашылық әдістеріне байланысты ежелгі лексикалық мысалдарымен пысықтау жайы да басты назарда ұсталмақ.

Ностралық болжам тақырыбы қозғалған еңбектерде Орталық Азияның – ежелден-ақ арғыалтай, түпкітүрк тілдерінде сөйлеген қауымдардың өсіп-өнген, қордаланған байырғы отаны екендігіне мән беріледі. Ресей ғылым академиясының корреспондент мүшесі А. В. Дыбо арғыалтайлық «мәдени лексика» мысалдарын семантикалық сараптау арқылы, бұл тілдік топтың *арғытүрк*, *арғымоңғол*, *арғытұңғыс-мәнжу*, *арғыкорей және арғыжапон* тілдеріне бөлінуінің ілкі үдерістері ж. с. д. YI мыңжылдықта басталғанын тұспалдады [20]. Арғыалтайлықтар тілінің семантикалық төркінін сараптағанда, олар мекен еткен аймақтың ландшафты аса биік емес таулардан тұратыны бағамдалыпты. Ойпаттар, жазықтар мен далаларға қатысты сөздердің жиі ұшырасатыны, түздерінің шөлейтті, шанды, ұсақ шоқылардан тұратыны аңғарылыпты. Табиғаттары қатал, құрғақ. Өсімдік әлеміне қарағанда орманды өңір мен далалық аймақтардың түйіскен тұстарына қоныстанғаны байқалады. Хайуанаттар дүниесіне қатысты атауларда жабайы түйенің аты, тұяқты жануарлардың жастарына байланысты терминдер біршама кездесіпті. Құну (сусар), маймыл, бекіре балықтардың атаулары, малды жайып бағу, аңды қамап аулауға қатысты терминдер ұшырасыпты. Мәселен, арғыалтайлықтар лексикасында бар, салтаттылар үшін қажетті шалбарлар мен тізеқаптар арғыүндіеуропалық тілдер кешенінен табылмапты. Сондай-ақ арғыалтайлықтарда жебе, садақ, қорамсақ, найзаға қатысты бірнеше терминдер кездессе, ілкіүндіеуропалықтарда садақ пен жебенің ортақ атауы жоқ болып шығыпты. Арғыалтайлықтар

тілінде бақсылық, қамдық (шамандық) ғұрыптарға байланысты терминдер, қобыз (\*k'op'ur, арғытүркше - \*kopuz), би (\*bödi, арғытүркше \*büdi) сөздерінің бар екені жаңғыртпаланыпты [20; 586, 175].

Бұл сипаттамаларға қарап, арғыалтайлықтардың негізінен Орталық Азия аумағын мекен еткенін бағамдау қиын емес. Аталған жер ландшафтары мен климаттық сипаттамалардың деңі осы байтақ өңірдің көп тұсына сәйкеседі. Оны Алтай-Саян, Хангай жоталарын қапталдай жайлаған афанасьевтік малшыларға қатысты да, Гобидің күнгеі мен Ордостағы, Хыши дәлізіндегі ежелгі түздіктер аймағы, Ертіс алабынан батысқа қарайғы, теріскейі орманды өңір, күнгеі далалық аймақтарға ұласа, ботай жылқышыларының құтты қонысына айналған Сарыарқа төсі ретінде де бағамдауға болады. Торғай жазығында ірге көтерген терсек, Мұғалжардан Еділ, Жайыққа қарайғы мал тісіне құйқалы жайылымдарды өріс еткен көнешұңқыр мәдениеттері өркен жайған аумақтарға да шендестіруге келеді.

Соңғы жылдары түрк этносының атамекенін анықтауға қатысты бірсыпыра маңызды еңбектер жарық көрді. Солардың арасында Ресей ғылым академиясының Тіл білімі институты тарапынан шығарылған «Түрк тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы» сериясының соңғы алтыншы томы ретінде дүниеге келген «Арғытүрктік тірек-тіл. Тіл деректері бойынша арғытүрктік этнос әлемі бейнесі» [3] атты сүбелі монографияны атап өтуге болады. Онда арғытүрктік тілдің жаңғыртылған фонетикасы мен морфологиясына қатысты зерттеулер, арғытүрктердің айнала қоршаған орта, аспан әлемі, ауа райы құбылыстары, өсімдік пен хайуанаттар дүниесі, шаруашылық, тіршілік салттары, діни түсініктеріне қатысты атаулары мен терминдерін нақтылау арқылы олардың ежелгі атамекенін анықтауға талпыныс жасалады.

Осы ретте бұрын үстем болған, түрк тілдерінің арғы тарихын алысқа ұзатпайтын көзқарасқа сәйкес, түрк жұрттарына қатысты мәліметтердің хұн заманынан ары асырыла қоймағанына назар аударар едік. Қытай деректерінде хұн туралы алғашқы

мәліметтердің ж. с. д. IV-III ғасырлардан белгілі бола басталуына байланысты, глоттохронологиялық сараптаулар бойынша да, хұн тілінің аясынан түрк тілді бұлғар тобының бөлінуі сол кезеңдерге сәйкеседі деген пікірлер жұпталады. Хұндардың жан-жаққа қанат жаюы сол бұлғарлардың батысқа қарай жылжуымен қатар өрбігені бағамдалатын. Соған орай, түркілердің байырғы атамекені – солтүстік хұндардың байтақ қонысы Хинган жоталарының теріскейі мен Алтай-Саян таулары арасындағы кеңістікке шендеседі деген тұжырым айтылатын [587, 390].

Алайда одан кейінгі кездердегі археологиялық зерттеулерде, соңғы сақ дәуірінде Алтай-Саян мен Ордос тұрғындарының өзара мәдени бірлікте болғандығына қатысты тұжырымдардың айғақталуына байланысты, түрк этносы атамекенінің бір шеті күнгедей Ордосқа дейін ұзартылды [588, 20]. Қазіргі кезде түп атамекенді анықтауға қажетті ежелгі лексикалық нұсқаларды жаңғырту барысында, өсімдік, хайуанат, қоршаған орта, т. б. атаулардың осы қос аймаққа сәйкесуін басты дәйек ретінде санау жүйеленді.

Мәселен, арғытүркшеде *\*kadiŋ* түрінде жаңғыртпаланатын ‘қайың’ сөзі – чувашшада *хорън*, якутша *хатиң*, тыбаша *хатиң*, хакасша *хазин*, азербайжан, түрікменше *gajin*, өзбекше *qajin*, ұйғырша *qejin*, башқұртша *qajin*, алтайша *qajin* нұсқаларымен аталады [393, 214-215; 462, 366]. Ордоста қайыңның бірнеше түрі кездеседі. Саян-Алтайда да ол кеңінен тараған [587, 412-413; 588, 24]. Яки бұл оның осы аймақтарды мекендеген түркілерден қалған атау екендігін көрсетеді, деген түйін айтылады. Осы ретте Алтай өңіріндегі қазақша «Қатын-қарағай» деп аталып жүрген жер атының бірінші сөзінің мағынасы арғытүркілік «қадың» – «қайың» атауынан шыққаны бағамдалар еді. Ол термин якут, тыба тілдерінде сол «хатын, хадың» күйінде сақталып қалған.

*Терекке* қатысты мысал. Оның арғытүркілік нұсқасы *\*derek*. Ол чувашшада *tirek*, якутшада *tirex*, хакасша *tirek*, ұйғырша *terek*, түрікменше *derek*, өзбекше *terak*, башқұртша *tiräk*, татарша *tiräk* түрінде аталады [417, 205-206]. Терек Ордос аймағында да, Саян-Алтай баурайларында да өседі [588, 22-23].

Жүзімнің арғытүрктік нұсқасы \**jürüm*. Ол көне ұйғыр тілінде *üzüm*, өзбекше *uzum*, құмықша *jüzüm*, татарша *jözent* боп аталады [188, 625]. Орман жүзімі Көптау баурайларында, Кавказда, Батыс Еуропаның орта және оңтүстік өңірлерінде, Теріскей Иранда, Ресейдің Амур мен Хабаровск облыстарында, Приморье өлкесінде, Солтүстік Корея мен Теріскей-Шығыс Қытайда өседі. Ордос өңірінде де бар. Бірақ Саян-Алтайда өспейді. Бұл осы атаудың негізінен Ордостағы түрк жұрттарынан тарағанын көрсетеді, деген түйін айтылады [587, 403-404].

Ю. В. Норманская мен А. В. Дыбо жүзім, үйеңкі, еменнің (арғытүрктік нұсқалары – \**jürüm*, \**ür(e)ŋ(ge)*, \**ajmen*) географиялық аймақтарда кездесуін сараптау барысында, бұл бұта-ағаштардың Ордоста ғана өсетініне, Саян-Алтайда ұшыраспайтынына назар аудара отырып, осының өзі арғытүрктердің негізгі атамекені Ордос екенін көрсетеді, деген қорытындыға келеді. Түрктердің Саян-Алтайға көшкенге дейінгі атамекені Ордос өңірі болған сыңайлы немесе археологтар дәйектегендей, олардың осы екі арада арылы-берілі көшіп жүргенін аңғартады, деген пікірге құлайды [587, 404-405; 588, 21-22].

Аталған ғалымдар хайуанаттарға қатысты бірқатар арғытүрктік қатпарларды да аршиды. Мәселен, *теке* арғытүрктік дәуірде де \**teke* деп аталыпты. Чувашша *taga*; көне ұйғырша *teke*; азербайжанша *täkä*; өзбекше *taka*; тыбаша *d'ege*. Арғытүркше \**taki* (жабайы жылқы) – біз 3-тарауда сөз еткен қытай жазбаларына хұн заманында түскен атау. Қазақ тілінде оның *тағы* деп аталатынына байланысты көптеген дерек бар. *Қабан* сөзінің арғытүркше атауы – \**kāpan*. Бұлан – \**bulan*, чувашша *pъlan*, якутша *buluŋas*, хакасша *pulan*. Тағы жылқының далалық өңірлерде кездесетіні белгілі. Қалған жануарлардың бәрі Саян-Алтайда да, Ордоста да ұшырасады.

Жыртқыштардан арғытүрктерге белгілі аңның бірі *арыстан* болыпты. Оның ежелгі нұсқасы \**ar(i)slam*. Бұлғаршада *oroszlán*, сол нұсқада мажар тіліне ауысыпты. Чувашша *uslam*, түрікменше *arслан*. Ол азиялық арыстанның ежелгі замандарға тән теріскей

шекарасы Алтай таулары деген дәйекке қайшы емес. *Бөрінің* арғытүркшедегі нұсқасы да айқын, \**bōri* түрінде аталыпты. Бұлғарша > осетинше *biræg*, якутша *börö*. Түлкінің арғытүркшесі – \**ti/ülkü*. Чувашша *tilä*; тубаша *dilgi*; көне ұйғырша *tilkü*; түрікменше *tilki*. Бөрі де, түлкі де Саян-Алтай мен Ордоста қатар кездеседі [588, 25-29; 5, 90; 479, 260; 188, 177-179, 219-221].

Бастапқыда Саян-Алтай мен Хинган тауларының аралығындағы кеңістікке ғана қатысты деп тұжырымдалған арғытүрктік атамекен болжамына, кейіннен жаңа археологиялық дәйектер табылуына орай, Ордос аймағының да қосылғанын қаперге ала отырып, соңғы жылдардағы жаңашыл археологиялық, ДНҚ-генеалогиялық зерттеулерге байланысты, бұл мәселені қайта қарастырудың еш артықтығы жоқ деп білеміз. Өйткені, осыған дейінгі әр тілдік топтарға қатысты атамекен болжамдарының барлығы дерлік, олардың лексикалық, глоттогенездік деректеріне, археологиялық ишараларына, кейінгі кездерде ностралық бағамдауларға сабақтастырыла қарастырылып келді. Дегенмен, оның тұжырымдарының кейде күмән тудыратын жағдайлары да жоқ емес. Ол ежелгі мыңжылдықтардан жазба ескерткіштері жетпеген арғытүркілердің өмір сүрген уақыты ж. с. д. I мыңжылдықтың соңғы ғасырларына ғана тураланып, археологиялық ескерткіштері хұн заманына ғана сәйкестендірілетін жоғарыдағыдай біржақты тұжырымдардан да байқалады.

Ал Орталық Азияны мекендеген түпкітүрк нышанды *R1b* мен «шығыстық, автохтондық» *R1a*, түпкі орталықазиялық *C2*, *Q*, *O*, *N* гаплотоптары тарихи төркіндерінің алыс мыңжылдықтарға кететінінің дәлелденуі, оларға тән археологиялық мәдениеттердің біршама нақтылана бастағаны бұл тақырыпты соны қырынан бағамдауға мүмкіндік әпереді. ДНҚ-генеалогиялық деректер бұл қауымдарының әуелден Орталық Азияның автохтондары екенін ортаға тартады. Олардың дені сонау палеолиттік мыңжылдықтарда алғы легі Америка асқан туыстары *Q* зәуазаттылардан соң осы байтақ аумақтың әр тұсында ғасырларды ғасырларға жалғай жүріп, күнкөріске жайлы қоныстарда іркіліп,

ірге теуіп қалды. Бұл ретте түпкітүрктік *R1b* гаплотобының бұдан 16 мың жылдай бұрын түзілгендігінің – кезінде Ангара өзені алабынан қазылып алынып, Петербор эрмитажында сақтаулы тұрған әйгілі «Мальта бөбегінің» қаңқа қалдығынан даниялық ғалымдардың *R* зәузатын тапқандығы туралы ең соңғы жаңалықтармен де дәйектеліп жатқанын атап өтуге болады [589].

Соңғы мұз дәуірінде ұлыдалалық белдеулерден, мамонттық шалғындардан күнгеіге ығысып, ол ызғарлы ғасырлар аяқталғасын, бірсыпыра бөліктері қайтадан орталықазиялық кеңістікке өріс ұзартқан жұрттар да сол түпкітүрк сипатты *R1b*, «автохтондық» *R1a* және оларға туыс оңтүстіксібірлік *Q*, орталықазиялық *C2*, *N*, *O* гаплотопты қауымдар еді. Олар күнгеі өңірлердің ықтасын қойнауларын паналаған мыңжылдықтарда, өздерімен бірге көктеген төл инновациялық үрдістерін, мезолиттік, неолиттік, энеолиттік дәуірлерде қайтадан теріскейге беттеу барысында бірге ала жүріп, жаңадан ірге көтерер мәдениеттерді түзуге пайдаланды, өркениеттер өрісін кеңейтті [133].

Бұл ретте Орталық Азия аумағында *R* зәузатынан тараған *R1b* ғана емес, оның туысы *R1a* гаплотипті жұрттардың әу баста түпкітүрк тілінде ұғынысқан қауымдар болғанын айта кеткен жөн. Ол туралы АҚШ-тың биохимия профессоры А. Клесовтың: «*R1a1* жұрттары Үндістан, Иран, Анадолы арқылы Еуропаға жеткеннен кейін ғана үндіеуропалық, арилік тілдердің бастапқы негізін қалады (немесе өзгелерден қабылдап алды), ал олардың Оңтүстік Сібір өңірінде тұрған кездегі түпкі тілдері алтайлық негізде еді» [104, 935], деп жазғаны белгілі. Демек бұдан 20-16 мың жыл бұрын ғана емес, оның алдындағы *N*, *O*, *P*, *C2*, оларға жалғасқан *Q*, *R* зәузатты қауымдар өмір сүрген мыңжылдықтарда да осы аумақ жұрттары түрк тілінің ілкі нышандарында сөйлеуі ықтимал. Мальта-Бурет тұрақтарының арғыеуразиялық *R* зәузатынан тараған ұрпақтарға етене екендігі [18, 135; 589] мен түрктік-алтайлық сипаттары (моңғол тұрпаттылығы) қылаң берген [95, 329] төл мәдениет түзілімі ретінде меңзелетінін де осы аядан бағамдауға болады.



Яки ДНҚ-генеалогиялық деректер арғытүркілер атамекенін хұн заманының арғы-бергі ғасырларына сәйкестендіретін салыстырмалы-тарихи, тілдік, лексикалық мысалдар арқылы ғана емес, одан талай мыңжылдық бұрынғы ежелгі дәуірлерге бастайтын генеалогиялық, археологиялық негіздерді араластыра отырып та анықтаудың жөн екенін аңғартады. Мұндай талдаудың алғашқы нышандарын американдық антрополог, ДНҚ-генеалогия саласының ірі маманы С. Оппенгеймердің «Эдемнен қуылу» атты еңбегінен де кездестіргендей болғанбыз. Ол Американың байырғы тұрғылықты халқының аталық хромосомаларын сараптау барысында, *P* зәуатынан тарайтын *Q*, *R* тармақтарының атамекені – теріскейі Батыс Сібір ойпаты, батысы Каспий, шығысы Хинган аралығында байтақ кеңістікті қаусырып жатқанын анықтады [17, 258-259].

Бұл – *P* гаплотобы қауымдары өзінің *N*, *O* туыстарымен бірге бұдан 45-40 мың жылдай бұрын Каспий, Арал теңіздерінің шығыс бетін (яки, күнгеі Памир мен Тәңіртаудан бастап, Алтай, Саян тауларына, шығысында Ордос өңіріне дейінгі аумақты) мекен етті, деген профессор А.А. Клесовтың тұжырымдарымен де үйлеседі. «Олар бұл аймақтарда Орталық Азияның мамонтты өрістеріне Тәңіртаудың шығысын ала жеткен *C2* зәуатты жұрттармен қатар жайлады. *P* гаплотобынан 40-35 мың жылдай бұрын бір-біріне кіндіктес *Q* және *R* бұтақтары тармақталды. *Q* гаплотобының біраз бөлігі кейіннен Аляска асып, болашақ американдық үндістерге айналды. Бүгінгі үндістердің 90 пайыздан астамы осы аталық *Q* зәуатына жатады. Оның сыңары, *R* гаплотобы бұдан 25 мың жылдай шамасы бұрын *M123* снип-мутациясын қабылдап *R1* бұтағының негізін қалады. Сол *R1*-ден генеалогтар тілімен айтқанда, кезекті *SRY10831.2* және *M123* снип-мутацияларын қабылдау нәтижесінде 20 мың жылдай бұрын *R1a*, 16 мың жылдай бұрын *R1b* зәуаттары түзілді. *R1b* гаплотобы *түпкітүркі* тілінде сөйлеген жұрттардың ілкі бабалары ретінде пайымдалады», деген еді ол [18, 123-125, 202-225, 516-785; 29, 16-18].

Біз де осы дәйектерге сәйкес, арғытүркілердің ежелгі атамекені бірқатар зерттеушілер ұсынып жүргендей, Саян-

Алтай мен Ордос арасы ғана емес, күллі Орталық Азия кеңістігі деген пайымға жүгінеміз. Ол атамекен аумағына төмендегідей негізгі археологиялық кешендер сәйкеседі.

Түпкітүрктердің мұз дәуірінің ызғарынан қаймығып, Батыс Түркістанның күнгеі өңірлерін паналаған мыңжылдықтарына тән археологиялық ескерткіштеріне – ж. с. д. XI-ҮІІ мыңжылдықтарға тән мезолит (орта тас) дәуірінің тас құрал дәстүрлерін біріктіретін *Шығыс Каспий маңы археологиялық кешені* жатады [111].

Сол кешенге қатысы бар жұрттардың *геометриялық микролит* дәстүрін ұстанған бөліктері мезолит дәуірінде Еділ-Жайық алаптарындағы *сероглазов*, сондай-ақ Тобыл алабындағы *жангел* мәдениеттерін құруға атсалысты. Арғытүрктік *R1b* гаплотобы құрған *сероглазов* мәдениеті, одан кейінгі *ортаеділ*, 7 мың жыл бұрын *самара*, 7500-5500 жыл бұрын *ортасог*, 7-6 мың жыл бұрын *хвалын* мәдениеттеріне ұласып, соңыра әйгілі жем-еділдік *көнешұңқыр* мәдениетінің (6500-4300 жыл бұрын) негізін қалады [116, 1656-1657]. Осы тізбекте аталған *хвалын* мәдениеті *көнешұңқыр* ғана емес, одан шығысқа қарайғы Сарыарқа жақта жатқан, әлемдегі ең алғашқы жылқышылар – *R1b* гаплотопты *ботай* мәдениетінің түзілуіне де ықпал жасады. Саян таулары қойнауларындағы *афанасьев* мәдениеті де *көнешұңқыр* дәстүрлерінің шығысқа жеткен бір нышанын аңғартады [150, 329-331; 179; 183, 126-134].

Арғытүрктік нышандар ж. с. д. II мыңжылдықтың екінші жартысынан бастап, күллі орталықазиялық аумаққа ықпалы мен дәстүрлері тараған *бегазы-дәндібай* мәдениетінде айрықша байқалды [143; 186, 130]. Ол мәдени феноменнің құнарланған үрдістері ж. с. д. I мыңжылдықтың алғашқы ғасырларында Ордостан Каспийге дейінгі аралықты қамтып қана қоймай, Алдыңғы Азияға дейін қанатын жайған жарқын *сақ* мәдениетіне ұласты [231, 219; 324; 325; 326; 327]. Орталықазиялық *сақ* мәдениетінің туындауына – *бегазы-дәндібайлық* ауқым аясына қамтылған, ДНҚ-генеалогиялық төркіндері түпкітүрк нышанды *R1b* мен «шығыстық, автохтондық» *R1a*, бағзыорталықазиялық *C2*, *Q*, *O*, *N* аталық гаплотоптарынан тараған батыс және шығыс *тұр-*

*тиектердің* (түрктердің) өзара ықпалдасуы, жергілікті үрдістердің Ордос төрінен жеткен дәстүрлермен құнарлануы көп үлес қосты [29, 49-50; 231; 263].

Сақ дәуірінен кейінгі хұн заманында да түрк жұрттарының Орталық Азияның көп жерін алып жатқан атамекен ауқымы айқындығымен аңғарылады. Ж. с. алғашқы ғасырларынан бастап, осы байтақ аумақта соған дейінгі талай мыңжылдық бойы өзара жалғасып, бірін-бірі құнарландыру үдерістерін бастан өткеріп келе жатқан арғытүрк сипатты мәдениеттердің археологиялық, этнотектік, генеалогиялық тұрғыдағы ортақ тіні үзілген жоқ. Орталықазиялық төл атамекенінде мызғымай отырып, Мәңгі ел мұратына ұмтылған ежелгі түрк халықтарының тарихы, оның көне, ерте ортағасырлық дәстүрлеріне жүйелі түрде сабақтасты.

## ДЕРЕККӨЗ ӘДЕБИЕТ

1. Қазақ тілі: Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан даму институты, 1998. – 510 б.
2. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Государства и народы Евразийских степей. Древность и средневековье. – СПб.: Петербургское Востоковедение, 2004. – 368 с.
3. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Пратюркский язык-основа. Картина мира пратюркского этноса по данным языка. – М.: Наука, 2006. – 908 с.
4. Дыбо А.В. Вокализм раннетюркских заимствований в венгерском // *Finnisch-Ugrische Mitteilungen Band 32/33 Helmut Buske Verlag*. 2010. – С. 83-132
5. Дыбо А.В. Лингвистические контакты ранних тюрков. Лексический фонд. Пратюркский период. – М.: Восточная литература. 2007. – 222 с.
6. Иллич-Свитыч В.М. Опыт сравнения ностратических языков (семитохамитский, картвельский, индоевропейский, уральский, дравидийский, алтайский): Сравнительный словарь. – М.: Наука, 1971. Т.1; 1976. Т.2; 1984. Т.3.
7. Старостин С.А. Алтайская проблема и происхождение японского языка. – М.: Наука. 1991. – 298 с.
8. Дыбо В.А. Ностратическая гипотеза (итоги и проблемы). // Известия АН СССР. Серия литературы и языка. - Т. 37, 1978, № 5. – С. 400-413.
9. Старостин С.А., Милитарев А.Ю. О древе языков. // <http://www.fundintent.ru/science/sens023.shtml> то же: <http://www.ntv.ru/gordon/>
10. Дыбо В.А., Терентьев В.А. Ностратическая макросемья и проблема ее временной локализации. // Лингвистическая реконструкция и древнейшая история Востока. Тезисы и доклады конференции. Часть 5. Проблемы изучения ностратической макросемьи языков. – М., 1984, с. 3-20.
11. Яхонтов С.Е. Прародина ностратических языков // Славистика. Индоевропеистика. Ностратика. К 60-летию со дня рождения В.А. Дыбо. – М., 1991. - С. 13-17.
12. Суник О.П. К актуальным проблемам алтаистики // Вопросы языкознания. 1976. №1. [Статьи по алтайским языкам] — *Monumenta altaica*. — URL: <http://www.distedu.ru/mirror/injaz/altaica.narod.ru/papers.htm>
13. Иванов В.В. Моногенеза теория. // Лингвистический энциклопедический словарь. – М.: Сов. энциклопедия, 1990. – 685 с.
14. Лингвистический энциклопедический словарь. – М.: Сов. энциклопедия, 1990. – 685 с.
15. Клягин Н.В. «Происхождения цивилизации» (социально-философский аспект). – М.: ИФРАН, 1996. – 252 с.
16. Ренфрю К. Разнообразие языков мира, распространение земледелия и индоевропейская проблема // ВДИ. 1998. №3.
17. Оппенгеймер С. Изгнание из Эдема. – М.: Эксмо, 2004. – 640 с.

18. Клёсов А.А., Тюняев А.А. Происхождение человека (по данным археологии, антропологии и ДНК-генеалогии) . – М.: Белые альвы, 2010. – 1024 с.
19. Хазанов А.М. Кочевники и внешний мир. – Алматы: Дайк-Пресс, 2000. – 604 с.
- 19а. Түркістан. // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 8 т. – А.: Қазақ энциклопедиясы баспасы. 2006. – 704 б.
20. Дыбо А.В. Семантическая реконструкция: мир праалтайцев по данным сравнительно-исторического языкознания (тезисы). Институт языкознания РАН. [http://www.distedu.ru/mirror/\\_injaz/altaica.narod.ru/LIBRARY/semrec.htm](http://www.distedu.ru/mirror/_injaz/altaica.narod.ru/LIBRARY/semrec.htm)
21. Пучков П.И. Дивергенция языков и проблема корреляции между языком и расой // <http://www.cbook.ru/peoples/obzor/div1.shtml>
22. Сулейменов О. Аз и Я. – А.: Жазушы, 1975. – 304 с.
23. Языки мира: Тюркские языки. – М.: Наука, 1996. – 543 с.
24. Захаров И. А. Центр Азии – прародина аборигенов Америки? // Издание РАН. «Наука в России». М.: 2003, №1. С. 21-26.
25. Захаров И.А. Центральноеазиатское происхождение предков первых американцев. // Альманах «Первые американцы». 2003. №11. С. 139-144
26. Деренко М.А., Малярчук Б.А. В поисках прародины американских аборигенов. // Природа, 2001, №1. С. 72-78.
27. Деренко М.В., Малярчук Б.А. Генетическая история коренного населения Северной Азии. // Природа, 2002, №10. С.69-76.
28. Галич М. История доколумбовых цивилизаций. – М.: Мысль, 1990. – 407 с.
29. Клесов А.А. Основная загадка во взаимоотношениях индоевропейской и тюркской языковых семей и попытка ее решения с помощью ДНК-генеалогии. // Вестник Российской Академии ДНК-генеалогии, 2010, Т. 3, №1, с. 3 - 58
30. Назарова А.Ф. Биологические, археологические и культурологические доказательства палеоазиатского происхождения северных монголоидов, европеоидов и американских индейцев. // В мире научных открытий, Красноярск, 2010, №3 (09), часть 1. С. 36-40.
31. Янковский Н. К., Боринская С.А. Наша история записанная в ДНК, // Природа, 2001, №6. С. 10-17.
32. Березкин Ю. Е., Коротаев А. В., Давлетшин А. И., Халтурина Д. А., Григорьян К. Э. Саяно-американский комплекс мифологических мотивов. <http://www.ruthenia.ru/folklore/korotaeb.17.htm>.
33. Клёсов, А.А. Загадки «западноевропейской» гаплогруппы R1b. Вестник Российской Академии ДНК-генеалогии. 2008, т. 1, №4, С. 568 – 629.
34. Клёсов А.А. О неправомерном отнесении сибирских гаплотипов R1a1 к представителям курганной археологической культуры (обсуждение статьи Keyser et al, Hum Genet.). Вестник Российской Академии ДНК-генеалогии. 2009, т. 2, №5, С. 871 – 878.
35. Дроздов Ю. А. Тюркскоязычный период европейской истории. – М.-Ярославль: ООО ИПК «Литер», 20011, – 600 с.

36. Назарова А. Ф. География процессов дифференциации северных монголоидов, европеоидов и предков американских индейцев. //В мире научных открытий, Красноярск, 2010, №2 (08), часть 1.С. 38-43.
37. Назарова А.Ф. Популяционная генетика и происхождение народов Евразии (Генетический портрет). – М.: Белые альвы, 2009. – 304 с.
38. Гимбутас М. Г. Цивилизация Великой Богини: Мир Древней Европы. – М.: Российская политическая энциклопедия, 2006. – 572 с.
39. Гамкрелидзе Т.В., Иванов В.В. Индоевропейский язык и индоевропейцы. – Тбилиси: изд. Тб.университета, 1984. Т. I-II. – 1328 с.
40. Сафронов В.А. Индоевропейские прародины. – Горький: Волго-Вятское книжное издательство, 1989. – 398 с.
41. Курганная гипотеза //http://ru.wikipedia.org/wiki/
42. Гейбуллаев Г.А. К этногенезу азербайджанцев. т.І. Баку: Элм, 1991. – 552 с.
43. Гасанов З. Царские скифы. Этноязыковая идентификация «царских скифов» и древних огузов. – Изд.: New York: Liberty Publishing House. 2002. – 493 с.
44. Гасанов З. Шаманистические обряды и атрибуты в археологии Украины, Венгрии и Азербайджана в период поздней бронзы и раннего железа (мировоззрение киммерийцев).//http://www.eurasica.ru/articles/library/zaur\_gasanov\_shamanisticheskie\_obryady\_i\_atributy\_v\_arheologii
45. Закиев М.З. Происхождение тюрков и татар. – М.: Инсан, 2002. – 496 с.
46. Каримуллин А.Г. Тюрки и индейцы Америки – истоки происхождения. А.: Кочевники, 2004. – 112 с.
47. Мизиев И.М. Шаги к истокам этнической истории Центрального Кавказа. – Нальчик: Эльбрус, 1986. – 184 с.
48. Мизиев И.М. История рядом. – Нальчик: Эльбрус, 1990. – 144 с.
49. Лайпанов К.Т. , Мизиев И.М. О происхождении тюркских народов. – Черкесск: ПАО «ПУЛ», 1993. – 138 с.
50. Сулейменов О. Язык письма. – Алматы-Рим: San Paolo,1998. – 502 с.
51. Сулейменов О. Тюрки в доистории. О происхождении древнетюркских языков и письменности. – А.: Атамұра, 2002. – 320 с.
52. Салғараұлы Қ. Түрік әлемі. Тарихты қайта пайымдау. –Астана: Елорда, 2000. – 476 б.
53. Жұртбаев Т. Дулыға. – А.: Жалын, 1994. 1 т. – 368 б; 2 т. – 384 б.
54. Сартқожаұлы Қ. Байырғы түрк жазуының генезісі. – А.: Арыс. 2004. – 304 б.
- 54а. Сартқожаұлы К. Генезис древнетюркского рунического письма. –А.: Абзал-Ай, 2012. – 280 с.
55. Бейсенбайұлы Ж. Арғы түрктер ақиқатының ізімен. – А.: Қайнар, 2006. – 336 б.
56. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 1 т. А: Қазақ энциклопедиясы. 1998.- 720 б.
57. Кучера С. Древнейшая и древняя история Китая. Древнекаменный век. М.: Восточная литература РАН. 1996. – 432 с.

58. Урысон М.И. Проблема прародины древнейшего человека в свете палеоантропологических и археологических данных. // Ранняя этническая история народов Восточной Азии. – М.: Наука, 1977. – 246 с.
59. Ердаков, Человек в биосфере. – 2002. Новосибирск. <http://ekoclub.nsk.ru>).
60. Алпысбаев Қ.А. Тас дәуірі. // Қазақ ССР тарихы. 1 т. – А.: Ғылым, 1980. – 496 б.
61. Таймағамбетов Ж. Ежелгі тас ғасыры дәуіріндегі Қазақстан // Қазақстан тарихы. 1 т. – А.: Атамұра, 1996.. – 544 б.
62. Захаров И.А. Все человечество произошло от 10 мужчин и 18 женщин. 2002. <http://voskses.orthodoxy.ru/archive>.
63. Клесов А.А. Неандертальцы. // Вестник Российской Академии ДНК-генеалогии. 2010, т. 3, №6, С. 942-967.
64. Окладников А.П. Заселение Америки и Австралии человеком, //Всемирная история. Т.1. М., 1956. – 748 с.
65. Европейский пейзаж ледникового периода. // [http://www.ng.ru/science/2004-02-25/15\\_neandertal.html](http://www.ng.ru/science/2004-02-25/15_neandertal.html)
66. Эволюция человека. // Энциклопедия «Кругосвет», 2001. <http://www.krugosbet.ru>.
67. Клягин Н.В. Человек в истории. – М.: ИФАН. 1999. – 238 с. // [http://multidollar.ru/philosophy/kljagin\\_n\\_v\\_chelovek\\_v\\_istorii\\_ran\\_in\\_filosofii\\_m\\_\\_\\_1999\\_238\\_s.html](http://multidollar.ru/philosophy/kljagin_n_v_chelovek_v_istorii_ran_in_filosofii_m___1999_238_s.html)
68. Дьячок М.Т., Шаповал В.В. Генеологическая классификация языков. 2002 // [www.philology.ru/lingbisties](http://www.philology.ru/lingbisties).
69. Малухин С. История ледникового периода // [www.proza.ru/010/06/04/737](http://www.proza.ru/010/06/04/737)
70. Происхождение, возраст, распространение и этнические ассоциации европейских гаплогрупп и субкладов // [http://rugiland.narod2.ru/gaplogruppi/proishozhdenie\\_vozrast\\_rasprostranenie](http://rugiland.narod2.ru/gaplogruppi/proishozhdenie_vozrast_rasprostranenie)
71. Арутюнов С.А. Народы и культуры. – М.: Наука, 1989. – 247 с.
72. Рампино М.Р. Супервулканизм и другие катастрофические геофизические процессы (пер. с англ.). // Опубликовано в сборнике: Global Catastrophic Risks. Edited by Nick Bostrom, Milan M. Cirkovic, OXPORD UNIVERSITY PRESS, 2008. / <http://www.proza.ru/2008/12/26/23>
73. Праслов Н.Д. Геологические и палеографические рамки палеолита. Развитие природной среды на территории СССР. // Палеолит СССР. – М.: Наука, 1984. – 391 с.
74. Клесов А.А. Гипотеза о происхождении тюрков, сино-кавказских (прото-тюркских?) языков и гаплогруппы R1b. // Вестник Российской Академии ДНК-генеалогии. 2010, т. 3, №10. С.1757-1764.
75. Деревянко А.П., Петрин В.Т., Рыбин Е.П. Характер перехода от мустье к позднему палеолиту на Алтае (по материалам стоянки Кара-Бом). // Археология, этнография и антропология Евразии. – Новосибирск: 2000, №2(2). – С. 33-52.
76. Деревянко А.П., Шуньков М.В., Агаджанян А.К., Барышников Г.Ф., Малаева Е.М., Ульянов В.А., Кулик Н.А., Постнов А.В., Анойкин А.А.

Природная среда и человек в палеолите Горного Алтая. – Новосибирск: Изд. ин-та археологии и этнографии СО РАН, 2003. – 448 с.

77. Рыбин Е.П. Средний палеолит Алтая: к проблеме формирования раннего Верхнего палеолита. // Древности Алтая. – Горно-Алтайск: 2001. – С. 13-22.

78. Кривошапкин А. И. Оби-рахматский вариант перехода от среднего к верхнему палеолиту в Центральной Азии. // Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора исторических наук. – Новосибирск, 2012.

79. Шпакова Е.Г. Одонтологические материалы периода палеолита на территории Сибири. // Археология, этнография и антропология Евразии. – Новосибирск: 2001. №4 (8). – С. 64-76.

80. Буряков Ю.Ф., Филанович М.И. Основополагающие открытия археологии Средней Азии в XX в. // International Journal of Central Asian Studies. Институт истории, Узбекистан. Volume 10 2005. - С. 187-203. //www.iacd.or.kr/pdf/journal/10/Binder11.pdf

81. Археология СССР в 20 томах. Т. 1. Палеолит СССР // – М.: Наука, 1984. – 391 с.

82. Қазақстан тарихы: – А.: Атамұра, 1996. 1 т. – 544 б.

83. Медоев А.Г. Гравюры на скалах. – А.: Жалын. 1979. – 176 с.

84. Лазуков Г.И., Гвоздовер М.Д., Рогинский Я.Я. Природа и древний человек. – М.: Мысль, 1981. – 223 с. // <http://www.archeologia.ru/> Library /Book/a699f80e79b0/page179

85. Деревяноко А.П. Ожившие древности. – М.; Мол. гвардия, 1986. – 540 с.

86. Васильев С.А. Проблема перехода от среднего к верхнему палеолиту в Сибири // Сборник статей из журнала «Стратум плюс». 2010. 490-510. // [www.bulgari-istoria-2010.com/booksRu/Sbornik Stratum Plus.pdf](http://www.bulgari-istoria-2010.com/booksRu/Sbornik_Stratum_Plus.pdf)

87. Фролов Б.А. О чем рассказала сибирская мадонна. – М.: Знание, 1981. – 112 с.

88. Соди Д. Великие культуры Месоамерики. – М.: Знание, 1985. – 208 с.

89. Долуханов П.М. Хронология палеолитических культур // Проблемы абсолютного датирования в археологии. – М.: Наука, - 1972. // Портал "Археология России", 2005.

90. Гуляев В.И. Предисловие. // Соди С. Великие культуры Месоамерики. – М.: Знание, 1985. – 208 с.

91. Ахметов Э. Азия-Берингия-Америка немесе америкалык «үндістердің» азиялык тегі». – А.: Шартарап, 2003. – 96-б.

92. Варшавский А.С. Колумбы каменного века. – М.: Знание, 1978. – 160 с.

93. Таймагамбетов Ж.К. Памятники каменного века. //Археологические памятники в зоне затопления Шульбинской ГЭС. – А.: Наука, 1987. – 280 с.

94. Окладников А.П. Древние связи культур Сибири и Средней Азии. // Бахрушинские чтения 1966 г. – Новосибирск: Наука, 1968. в.1. – С.144-157.

95. Абрамова З.А. Поздний палеолит Азиатской части СССР. // Палеолит СССР. Археология СССР. – М.: Наука, 1984. – 391 с.

96. Окладников А.П., Василевский Р.С. Северная Азия на заре истории. – Новосибирск: Наука, 1980. – 160 с.



97. Рыжков В.А. Солнечный шэйпинг черепа как расовообразующий фактор и маркер миграций древнего человека. // Вестник Российской Академии ДНК-генеалогии. Том 3, № 9. 2010, сентябрь. Изд. Lulu inc. – 1416-1602.
98. Карнаухов А.В., Карнаухов В.Н. Новая модель оледенений в Северном полушарии //Институт биофизики клетки РАН, Сайт об изменении климата Земли. [www.poteplenie.ru/doc/karn-golfst5.htm](http://www.poteplenie.ru/doc/karn-golfst5.htm)
99. Магомедов М.Г., Каспаров С.А., Туник Н.В. «Каспийская Атлантида» // Научная мысль Кавказа. Ростов на-Дону. 1997. №4. С. 51-60.
100. Чистяков А.А., Макарова Н.В., Макаров В.И. Четвертичная геология: – М.: ГЕОС, 2000. – 303 с.
101. Суворов А.С. Хронология истории развития человечества. // <http://www.proza.ru/2012/01/16/608>
102. Трофимов Г.Н. Палеоклиматическая ситуация, сток древних рек и водный баланс Арала в позднем плейстоцене и голоцене. // Арал: история исчезающего моря. – Душанбе: 2003. – С. 64-78
103. Квасов Д.Д. О позднечетвертичной истории Арала. // История озер и внутренних морей аридной зоны. Тезисы докладов. – Л.: 1975. – С. 73-79.
104. Клесов А.А. Древние («неиндоевропейские») гаплотипы гаплогруппы R1a1 в северо-западном Китае. // Вестник Российской Академии ДНК-генеалогии. 2010, т. 3, №6. С. 925-941.
105. Клесов А.А. Дискуссии и переписка по вопросам ДНК-генеалогии, истории, лингвистики (фрагменты). // Вестник Российской Академии ДНК-генеалогии. 2011, т. 4, №4. С. 939-952.
106. Матюшин Г.Н. Археологический словарь. – М.: Просвещение, 1996. – 304 с. // <http://lib.ru/HISTORY/MATYUSHIN/archeodict.txt>
107. Окладников А.П. Пещера Джебель – памятник древней культуры прикаспийских племен Туркмении. // Труды ЮТАХЭ. т.УІІ. – Ашхабад. 1956.
108. Массон В.М. Первые цивилизации. – Л.: Наука, 1989. – 276 с.
109. Мезолит СССР. Археология СССР. – М.: Наука, 1989. – 352 с.
110. Массон В.М. У истоков древних цивилизации. // Древние цивилизации. – М.: Мысль, 1989. – 478 с.
111. Коробкова Г.Ф. Мезолит Средней Азии и Казахстана. // Мезолит СССР. Археология СССР. – М.: Наука, 1989. – 352 с.
112. Мелларт Дж. Древнейшие цивилизации Ближнего Востока. – М.: Наука, 1982. – 149 с.
113. Матюшин Г.Н. Мезолит Южного Зауралья. // Мезолит СССР. Археология СССР. – М.: Наука, 1989. – 352 с.
114. Денисов И.В. Древнейшая история Южного Урала. – Стерлитамак: 2000. – 110 с.
115. История Астраханского края: Монография. – Астрахань: Изд-во Астраханского гос. пед. ун-та, 2000. – 1122 с. // [www.astrakhan.ru/history](http://www.astrakhan.ru/history)

116. Клесов А.А. Миграционный путь гаплогруппы R1b1b2 в Европу и расселение в Европе (критический обзор). // Вестник Российской Академии ДНК-генеалогии. 2010, т. 3, №10. С. 1652-1675.
117. Амирханов Х. А. О соотношении чохской культуры и прикаспийских памятников Южного Туркменистана. // Пятые крупновские чтения по археологии Кавказа. – Махачкала, 1975. – С. 4-6.
118. Мерперт Н.Я. Древнейшие скотоводы Волжско-Уральского междуречья. – М.: Наука, 1974. – 173 с.
119. Древности Самарского края /[www.slavrus.net/samara/](http://www.slavrus.net/samara/)
120. Гинзбург В.В., Трофимова Т.Д. Палеоантропология Средней Азии. – М.: Наука, 1972. – 372 с.
121. Зайберт В.Ф. Атбасарская культура. – Екатеринбург: УрО РАН, 1992. – 222 с.
122. Яблонский Л.Т. Некрополи древнего Хорезма (археология и антропология могильников). – М.: Восточная литература, 1999. – 326 с.
123. Левина Л.М. К истории исследований Хорезмской археолого-этнографической экспедиции в Восточном Приаралье. // Приаралье в древности и средневековье. – М.: Вост. лит.-ра, 1998. С. 42-59.
124. Зайберт В.Ф. Энеолит Урало-Иртышского междуречья. – Петропавловск: Наука, 1993. – 246 с.
125. Зайберт В.Ф. Ботайская культура. – А.: ҚазАқпарат, 2009. – 576 с.
126. Логвин А. В. История изучения неолита Торгая. // Қазақстан археологиясының мәселелері. 3-ші шығарылым. Ғылыми мақалалар жинағы. – А.: Марғұлан атындағы археология институты, 2011. – 584 б.
127. Мерц В. К. Некоторые вопросы изучения неолита Казахстана // Қазақстан археологиясының мәселелері. 3-ші шығарылым. Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: Марғұлан атындағы археология институты, 2011. – 584 б.
128. Пьянков И. В. Некоторые вопросы этнической истории древней Средней Азии. // Восток: Афро-азиатские сообщества: история и современность, 1995, № 6. – С. 27-46.
129. Вереш П. Т. К вопросу о приаральской прародине древнененгерского этноса // Приаралье в древности и средневековье. – М.: Восточная литература, 1998. – С. 42-59.
130. Массон В.М. Древние цивилизации Востока и степные племена в свете данных археологии. // Археологический вестник «Stratum plus». Время цивилизации. Кишинёв, 1999. №2. – С. 265-297.
131. Напольских В.В. Предыстория народов уральской языковой семьи. // История татар с древнейших времён в семи томах. Т.1. – Казань, 2002. – С. 195-203.
132. Напольских В.В. Предыстория уральских народов. // [http://www.molgen.org/molgenfiles/Napolskich/Napolskich\\_Ural\\_Predistoria.pdf](http://www.molgen.org/molgenfiles/Napolskich/Napolskich_Ural_Predistoria.pdf)

133. Клесов А.А. Происхождение древних субкладов гаплогруппы R1b – территория и времена. // Вестник Российской Академии ДНК-генеалогии. 2011, т. 4, №12. С. 2227-2245.
134. Гаплогруппа С (Y-ДНК). // «Википедия» энциклопедиясы
135. Чикишева Т.А, Поздняков Д.В, Губина М.А, Кулик И.В. Изучение генетико-антропологического состава населения древних историко-культурных общностей Алтая. // [http://infopoisk.info/index.php?option=com\\_content&view=article&id=92:2009-12-24-09-14](http://infopoisk.info/index.php?option=com_content&view=article&id=92:2009-12-24-09-14)
136. Массон В.М., Сарияниди В.И. Каракумы: заря цивилизации. – М.: Наука, 1972. – 168 с.
137. Кошеленко Г.А., Массон В.М. Древние цивилизации Средней Азии. // Древние цивилизации. – М.: Мысль, 1989. – 478 с.
138. Антонова Е.В. Сходство и различие антропоморфной пластики Южной Туркмении и Месопотамии в эпоху энеолита. // Средняя Азия в древности и средневековье (история и культура). – М.: Наука, 1977. – 223 с.
139. Т. 4. Энеолит СССР (Археология СССР в 20 томах). – М.: Наука, 1982. – 359 с.
140. Аскарлов А. Тарихимизинг уч муамоси ва уларнинг ечими хақида янгича мулохазалар // Общественные науки в Узбекистане. – Ташкент. 2000. №5. 24-28 б.
141. Камолитдин Ш. К вопросу об этногенезе узбекского народа. // Түркология. Түркістан: 2004: №2. 10-19 б.
142. Аскарлов А. К вопросу о взаимоотношении населения степей Евразии и Средней Азии в эпоху бронзы. // Түркі өркениеті және тәуелсіз Қазақстан. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған халықаралық конференция материалдары. – Астана, 2011. 1 том. – 483 б.
143. Маргулан А. Х. Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана. – А.: Наука, 1979. – 360 с.
144. Акышев К. Қола дәуіріндегі Қазақстан тайпалары. // Қазақстан тарихы. – А.: Атамұра, 1996. 1 т. – 544 б.
145. Ежелгі кен қазбалары. // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 3 т. – А.: Қазақ энциклопедиясы. 2001. – 720 б.
146. Гаврилов А. В. О значении охры в погребальном обряде археологических культур эпох палеолита-бронзы. // Проблемы изучения катакомбной культурно-исторической общности: Тезисы докладов Весесоюзного семинара. – Запорожье, 1990. С. 12-14.
147. Авдусин Д. А. Археология СССР. – М.: Высш. школа, 1977. – 272 с.
148. Клесов А. А. Гаплогруппа R1b1 и ее субклады в Азии (критический обзор). // Вестник Российской Академии ДНК-генеалогии. 2010: т. 3, №10. С. 1676-1695.
149. Дергачев В.А. 1999. Особенности культурно-исторического развития Карпато-Поднестровья. К проблеме взаимодействия древних обществ Средней, Юго-Восточной и Восточной Европы. // Stratum Plus. №2. – Санкт-Петербург-Кишинев-Одесса. С. 169-221.

150. Мерперт Н.Я. Энеолит Юга СССР и евразийские степи. // Энеолит СССР. Археология СССР. Т. 4. М.: Наука, 1982. – 359 с.
151. Дискуссия по теме «Миграция ариев [R1a] и их прародина». // Вестник Российской Академии ДНК-генеалогии. 2012: т. 5, №10. С. 1285-1297.
152. Аванесова Н. А., Джуракулова Д. М. Древнейшие номады Зеравшана. С. 13-33. // Культура номадов Центральной Азии: Материалы Международной конференции. –Самарканд: изд. МИЦАИ, 2008. – 239 с.
153. Тесленко Д.Л. Древняя культурно-историческая область (к вопросу о содержании понятия)// Старожитності степового Причорномор'я і Криму: Зб. наук. праць. – Запоріжжя: ЗНУ, 2006. С. 18-34.
154. Моргунова Н.Л., Турецкий М.А. Некоторые результаты комплексных исследований памятников ямной культуры в Южном Приуралье. // Северная Евразия в эпоху бронзы: пространство, время, культура: Сборник научных трудов. –Барнаул: Изд-во Алт. ун-та, 2002. С. 180-181.
155. Васильев И. Б., Матвеева Г. И. Могильник у с. Съезжее на р. Самаре. // СА. 1979. №4. С. 147-166.
156. Дремов И. И. Эпохи века: культуры и этапы. // Бронзовый век Восточной Европы: характеристика культур, хронология и периодизация: Материалы Международной научной конференции "К столетию периодизации В.А. Гордцова бронзового века южной половины Восточной Европы". – Самара: Изд. ООО "НТЦ", 2001. С. 54 - 58..
157. Мамонов А. Е. Ранний неолит. Елшанская культура. // История Самарского Поволжья с древнейших времен до наших дней. Каменный век. Изд. Сам. науч. центра РАН, 2000. С. 147-176
158. Юдин А. И. Энеолитическая стоянка Алтатинского типа в степном Волга-Уральском междуречья. // Етнічна історія та культура населення Степу та Лісостепу Євразії: Материалы международной археологической конференции. – Днепропетровск. 1999. С. 51-54.
159. Юдин А. И. Закономерности и общие тенденции культурно-исторических процессов в Нижнем Поволжье на протяжении неолита и энеолита. // Археология восточно-европейской степи. Вып. 4. – Саратов: Научная книга, 2006. С. 45-57.
160. Юдин А. И. Культурно-исторические процессы в эпохи неолита и энеолита на территории Нижнего Поволжья. // Диссертация на соискание ученой степени доктора исторических наук. – Саратов, 2006. – 640 с.
161. Гамкрелидзе Т.В., Иванов В.В. Индоевропейцы. О реконструкции индоевропейского праязыка и культуры. // Наука и жизнь. 1988, №5. С. 120-128.
162. Гамкрелидзе Т.В., Иванов В.В. Первые индоевропейцы в истории: предки тохар в древней Передней Азии. // ВДИ. 1989. №1. С. 14-39.
163. Клесов А.А. ДНК-генеалогия, археология, и лингвистика: трудности коммуникации. // Вестник Российской Академии ДНК-генеалогии. 2012: т. 5, №1. С. 2437-2472.
164. Байбатша Ә. Қазақ даласының ежелгі тарихы. – А.: Санат, 1998. – 191 б.

165. Черных Е.Н., Орловская Л. Б. Радиоуглеродная хронология древнейшей общности и истоки курганных культур. // Российская археология. №1. 2004. С. 84-99.
166. Черных Е.Н. Каргалы. Забытый мир. – Москва: NOX, 1997. – 177 с.
167. История Европы. Т.1. – М.: Наука, 1988. – 704 с.
168. Манзура И.В. Владеющие скипетрами // «Археологический вестник «Stratum plus». Рождение Европы. 2000. №2./ Сборник статьи из журнала «Стратум плюс». С. 308-351. /[http://www.stratum.ant.md/4\\_00/index.htm/](http://www.stratum.ant.md/4_00/index.htm/)
169. Мерперт Н.Я. Из истории древнейших племен. // Проблемы археологии Евразии и Северной Америки. – М.: Наука, 1977. – 180 с.
170. Иванова С.В. Социальная структура населения ямной культуры Северо-Западного Причерноморья. – Одесса: Друк, 2001. – 244 с.
171. Шилов Ю. А. К истории племен катакомбной культуры. // Проблемы изучения катакомбной культурно-исторической общности. – Запорожье: ИА АН УССР, 1990. – 122 с. / [www.kurgan.kiev.ua/](http://www.kurgan.kiev.ua/).
172. Кузьмина Е. Е. Первая волна миграции индоиранцев на юг. // ВДИ. 2000. №4. С.3-20.
173. Зданович Г.Б. Урало-казахстанские степи в эпоху средней бронзы. (Докторская диссертация в виде научного доклада. – Челябинск. 2002. // [http://www.dissercat.com /content/uralo-kazakhstanskie-stepi-v-epokhu-srednei-bronzy](http://www.dissercat.com/content/uralo-kazakhstanskie-stepi-v-epokhu-srednei-bronzy).
174. Кузьмина Е.Е. Происхождение индоиранцев в свете новейших археологических данных. // Этнические проблемы истории Центральной Азии в древности. – М.: Наука, 1981. С. 101-125.
175. Членова Н.Л. Археологические материалы к вопросу об иранцах доскифской эпохи и индоиранцах. // Советская археология. – М., 1984. №1. С. 88-103.
176. Шуке Г. Были ли латыши тюрками? Феномен обнаружения тюркского субстрата Прибалтики. – Даугавпилс: «Daugavpils drukeraī», 2010. – 122 с.
177. Ковалевская В. Б. Конь и всадник. – М.: Наука, 1977. – 152 с.
178. Макарова Л.А., Нурумов Т. Н. К проблеме коневодства в неолите-энеолите Казахстана. // Взаимодействие кочевых культур и древних цивилизаций. А.: Наука, 1989. С. 122-131.
179. Грязнов М.П. Основные черты афанасьевской культуры. // Афанасьевская культура на Енисее. – СПб.: Изд. "Дмитрий Буланин", 1999. – 136 с.
180. Вадецкая Э. Б. Сказы о древних курганах. – Новосибирск: Наука, 1982. – 113 с.
181. Самашев З. С. Наскальные изображения Верхнего Прииртышья. – А.: Гылым, 1992. – 288 с.
182. Зубова А.В. Одонтологическая характеристика афанасьевцев Алтая. // Проблемы археологии, этнографии, антропологии Сибири и сопредельных территорий: Материалы итоговой сессии Института археологии и этно-графии

СО РАН 2010 г. – Новосибирск: Изд-во Ин-та археологии и этнографии СО РАН, – Т. XVI. С. 340-344

183. Козинцев А.Г. О ранних миграциях европеоидов в Сибирь и Центральную Азию. // Археология, этнография и антропология Евразии. 2009. №4 (40). С. 125-136.

184. Захаров С.В. Параллели домостроению Ботайской культуры в синхронных и синстадиальных ей культурах сопредельных территорий. // Актуальные проблемы высшей школы в третьем тысячелетии: Материалы междунар. науч.-практ. конф. –Петропавловск: СКГУ, 2002. Т. 3. С. 221–230.

185. Жәнібеков Ө. Жолайрықта. – А.: Рауан, 1995. – 112 б.

186. Кузьмина Е.Е. Откуда пришли индоарии?: материальная культура племен андроновской общности и происхождение индоиранцев. – М.: Наука, Вост. лит., 1994. – 464 с.

187. Древнетюркский словарь. – Л.: Наука, 1969. – 678 с.

188. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на гласные. – М.: Наука, 1974. – 768 с.

189. Аджи М. Европа, тюрки, Великая степь. – М.: АСТ, 2004. – 473 с.

190. Энциклопедия символов. – М.: КРОН-ПРЕСС, 1995. – 512 с.

191. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 7 т. – А. Қазақ энцикло-сы, 2005.–728 б.

192. Мифология. – М.: Большая Российская энциклопедия, 1998. – 736 с.

193. Руденко С.И. Культура населения Горного Алтая в скифское время. – М. - Л.: изд. АН СССР, 1953. – 402 с. + 120 табл.

194. Маргулан А. Х. Казахское прикладное искусство. – А.: Өнер, 1986. т.1. – 256 с.

195. Қасиманов С. Қазақ халқының колөнері. – А.: Қазақстан, 1995. – 240 б.

196. Муканов М.С. Казахская юрта. – А.: Қайнар, 1981. – 224 с.

197. Матвеев А.В. Первые андроновцы в лесах Зауралья. – Новосибирск: Наука, 1998. – 417 с.

198. Калиева С.С. О роли «местного» компонента в формировании петровско-синташтинских древностей. // Западная и Южная Сибирь в древности. – Барнаул: Изд-во Алт. ун-та, 2005. – 252 с.

199. Зданович Д.Г. Синташтинское общество: социальные основы «квазигородской» культуры южного Зауралья эпохи средней бронзы. – Челябинск: ЧелГУ, 1997. – 93 с.

200. Виноградов Н.Б. Археология Урала и Западной Сибири. // К столетию со дня рождения В.Ф. Генинга. Сб. Науч. Тр. – Екатеринбург: 2005. – 129-134 с.

201. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 6 т. – А.Қазақ энцикло-сы, 2004.–696 б.

202. Сальников К.В. Очерки древней истории Южного Урала. – М.: Наука, 1967. – 408 с.

203. Клесов А.А. Древнейшие восточно-азиатские ветви гаплогруппы R1a. // Вестник Российской Академии ДНК-генеалогии. 2009: т. 2, №5. С. 879-888.

204. Литвинский Б.А. Проблемы этнической истории Средней Азии во II тыс. д.н.э. (Среднеазиатский аспект арийской проблемы). // Этнические проблемы истории Центральной Азии в древности. – М.: Наука 1981. С. 154-165.
205. История Востока. Т.1. Восток в древности: –М.: Вост. лит-ра, 2000. –688 с.
206. Еремеев Д.Е. К семантике тюркской этнонимии. С. 133-142. //Этнонимы. –М.: Наука, 1970. – 271 с.
207. Клесов А.А. Гаплотипы группы R1a на Алтае: «автохтонны» и «индоевропейцы». // Вестник Российской Академии ДНК-генеалогии. 2012: т. 5, №12 С. 1511-1525.
208. Клесов А.А. Древние арии - кто они были и откуда? С. 222-237 // Происхождение славян и других народов. 2011. – 645 с.
209. Черников С.С. Восточный Казахстан в эпоху бронзы. – М. – 1960 – Л.: Изд. АН СССР. – 274 с.
210. Денисов И.В. Археология Южного Урала. – Стерлитамак: 1992. – 230 с.
211. Гильгамеш туралы эпос. – 97-130 б. //Қазақ халқының философиялық мұрасы. Ежелгі көшпелілердің дүниетанымы. – Астана: Аударма, 2005. 1 т. – 496 б.;
212. Авеста. – М.: Дружба народов, 1992. – 207 с.
213. Зороастрық мифология. 163-321 б // Қазақ халқының философиялық мұрасы. Ежелгі көшпелілердің дүниетанымы. –Астана: Аударма, 2005. 1 т.–496 б.
214. Қоңдыбай С. Арғықазақ мифологиясы. 1,2,3,4 кітап. – А.: Дайк-Пресс, 2004. – 512, 516, 488, 504 б.
215. Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық атласы. –Астана: Күлтегін, 2005. – 360 б.
- 215а. Жолдасбеков М., Сартқожаұлы К. Атлас Орхонских памятников. – Астана: Күлтегін, 2006. – 360 с.
216. Құнанбаев Абай. Шығармаларының толық жинағы. – А.: ҚазБМБ, 1945. – 504 б.
- 216а. Потапов Л.П. Умай – божество древних тюрков в свете этнографических данных. // Тюркологический сборник. 1972. – М.: Наука, 1973. С. 265-286.
217. Базылхан Б. Қазақша-монғолша сөздік. Ұланбатыр: МХР ҒА Тіл мен әдебиет институты, 1977. – 392 б.
218. Бойс М. Зороастрийцы. Вера и обычай. Пер. с англ. – М.: Наука, 1987. – 303 с.
219. Әбушәріп С. Афрасиаб (Алш Ер Тонга). – Түркістан: Тұран, 2004. – 354 б.
220. Заратустра. Учение отца. Гаты и молитвы. – М.: ЭКСМО-Пресс, 2002. – 496 с.
221. Грантовский Э.А. Авеста и ранний зороастризм. С. 277-283 // История Востока. Т.1. – М.: Вост. лит-ра, 2000. – 688 с.
222. Мачинский Д.А. «Ось мировой истории» Карла Ясперса и религиозная жизнь Степной Скифии в IX-УІІ в. д.н.э. // Боспорский феномен. (Материалы международной научной конфер.) – СПб. 2001. С. 101-108.

223. Таиров А.Д. Кочевники Урало-Казахстанских степей в VII–VI вв. до н. э. – Челябинск: Изд. ЮУрГУ, 2007. С. 274.
224. Бонгард-Левин Г.М., Грантовский Э.А. От Скифии до Индии. Древние арии: мифы и история. – М.: Мысль, 1983. – 206 с.
225. Оспанов С. Жаратушы әлде Заратустра қалай деді? – А.: Атамұра, 2003. – 332 б.
226. Фрай Р. Наследие Ирана. – М.: Наука, 1972. – 467 с.
227. Чагдуров С.Ш. Происхождение Гэсериады. – Новосибирск: Наука, 1980. – 272 с.
228. Еңсегенұлы Т. «Авеста» – түркілерге ортақ мұра: Монография. – А.: Тоғанай Т, 2011. – 392 б.
229. Баласағұни Йүсіп, Құтадғу білік: Құт әкелетін білім. Наманган нұсқасы. Баспаға дайындаған Ә.Құрышжанұлы. – Түркістан: Тұран, 2004. – 555 б.
230. Алексеев С.В., Инков А.А. Скифы: исчезнувшие владыки степей. – М.: Вече, 2010. – 320 с.
231. Пьянков И.В. Жуны и ди, аримаспы и амазонки (к вопросу о дальневосточном импульсе в истории евразийских степей конца II–I тыс. до н. э.). // Записки Вост. отделения Российского археологического общества. – СПб.: Петербургское востоковедение, 2006. Т. II (XXVII). С. 215–238.
232. Пьянков И.В. К проблеме формирования восточноскифских народов. // Сакская культура Сарыарки в контексте изучения этносоциокультурных процессов степной Евразии. Тезисы докладов круглого стола. – Караганды, 2011. – 208 с.
233. Пьянков И.В. Иранцы и тюрки в евразийских степях скифского и предскифского времени. С. 602–605. // Степи Северной Евразии: Материалы VI Международного симпозиума. – Оренбург: 2012. – 940 с.
234. История Монгольской Народной Республики. – М.: Наука, 1983. – 661 с.
235. История народов Восточной и Центральной Азии. – М.: Наука, 1986. – 583 с.
236. Викторова Л.Л. Монголы. Происхождение народа и истоки культуры. – М.: Наука, 1980. – 224 с.
237. Восточный Туркестан в древности и раннем средневековье: Этнос, языки, религии. – М.: Наука, 1992. – 687 с.
238. Крюков М.В., Софронов М.В., Чебоксаров Н.Н. Древние китайцы: проблемы этногенеза. – М.: Наука, 1978. – 344 с.
239. Ди Козмо Никола. Северные Рубежи в До-Императорском Китае (1500–221 г. до н.э.)// Кембриджская История Древнего Китая: От истоков цивилизации до 221 г. до н.э. Cambridge University Press 1999, ISBN 9780521470308 // [http://s155239215.onlinehome.us/turkic/btn\\_Archeology/Zhou/CambridgeZhouChouNorthChinaRu.htm](http://s155239215.onlinehome.us/turkic/btn_Archeology/Zhou/CambridgeZhouChouNorthChinaRu.htm).
240. Материалы по истории сюнну (по китайским источникам). Предисловие, перевод и примечания В.С. Таскина. – М.: Наука, 1968, вып. 1. – 178 с.



241. Крюков В.М. Военные походы в системе социальных отношений общества Западного Чжоу. // Крюков В.М. Неумолимый червь познания. Избранные мысли об истории и культуре Китая и России. – М.: Памятники исторической мысли, 2009. – 680 с.
242. Крил Х.Г. Становление государственной власти в Китае. Империя Западная Чжоу. – СПб.: Евразия, 2001. – 480 с.
243. Васильев Л.С. Древний Китай. Том 1. Предыстория, Шан-Инь, Западное Чжоу (до VIII в. до н.э.). – М.: Вост. литература, 1995. – 384 с.
244. Кузьмина Е.Е. Предыстория Великого шёлкового пути. Диалог культур Европа – Азия. – М.: КомКнига, 2011. – 240 с.
245. Нефедов С.А. Война и общество: Факторный анализ исторического процесса. – М.: Территория будущего, 2008. – 752 с.
246. Ивик О. История человеческих жертвоприношений. – М.: Ломоносовъ, 2010. – 256 с.
247. Геродот. История (Пер. Г.А.Стратановского). – М.: Ладомир, 1999. – 752 с.
248. Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. Т.2. – Ленинград: 1926. – 898 с.
249. Фань Вэнь-лань. Древняя история Китая. От первобытно-общинного строя до образования централизованного феодального государства. – М.: изд. АН СССР, 1958. – 295 с.
250. Өгел Б. Ұлы Хун империясының тарихы. 1-кітап. – А.: ХАНТ, 1998.–368 б.
251. Қытай деректері: атаулар мен терминдер. (Құрастырған және алғысөзін жазған Қ. Салғараұлы). – Астана: Ақмола полиграфия, 2000. – 207 б.
252. Кычанов Е.И., Мельниченко Б.Н. История Тибета с древнейших времен до наших дней. – М.: Вост. лит., 2005. – 351 с.
253. Цендина А.Д. ...и страна зовется Тибетом. – М. : Вост. лит., 2002. – 304 с.
254. Алексеев Е.А. Кетская проблема. // Этногенез народов Севера. – М.: Наука, 1980. – 277 с.
255. Киселев С.В. Древняя история Южной Сибири. – М.: изд. АН СССР, 1951. – 635 с.
256. Грязнов М.П., Пяткин Б. Г., Максименков Г. А. Карасукская культура. // История Сибири с древнейших времён до наших дней. В 5 томах. Т. 1. Древняя Сибирь. – Л.: Наука, 1968. – 454 с.
257. Мурзаев Э.М. Словарь народных географических терминов – М.: Мысль, 1984. – 653 с.
258. Гумилев Л.Н. История народа хунну. Кн. 1. – М.: Институт ДИ-ДИК, 1998. – 448 с.
259. Харьков В.Н. Структура и филогеография генофонда коренного населения Сибири по маркерам Y-хромосомы. Автореферат диссертации на соискание учёной степени доктора биологических наук. – Томск, 2012. – 39 с.
260. Кононов А.Н. Семантика цветообозначений в тюркских языках. // Тюркологический сборник. 1975. –М.: Наука, 1978. С. 159-179.

261. Сыма Цянь. Исторические записки (Ши цзи). Т. I. Пер. с кит. и коммент. Р.В.Вяткина и В.С.Таскина под общей редакцией Р.В.Вяткина. – М.: «Вост. лит-ра», 2001. – 415 с.

262. Пьянков И.В. Проблема динлинов. С. 411-419. // Вопросы археологии Казахстана. Вып. 3. – А.: 2011. – 584 с.

263. Ходжаев А. Из истории древних тюрков (сведения древнекитайских источников). – А.: 2011. – 276 с. // Ходжаев А. Из истории древних тюрков (сведения древнекитайских источников). АН Республики Узбекистан. Ташкент: Тафаккур, 2010.

263а. Кубарев В.Д. Древние росписи Каракола. – Новосибирск: Наука, 1988. – 173 с.

264. Сиунну. «Хан кітабы». (Көне қытай жазбаларынан). – А.: Санат, 1998. – 288 б.

265. Варёнов А.В. Скифские памятники Ордоса и происхождение сюнну. // Проблемы охраны, изучения и использования культурного наследия Алтая. – Барнаул, 1995. С. 123-125.

266. Шульга П.И. Об истоках погребального обряда хунну. // Древние культуры Монголии и Байкальской Сибири. М-лы междунар. науч. конф. (Иркутск, 3-7 мая 2011 г.) // Вып. 2. – Иркутск: Изд-во ИрГТУ, 2011. — 576 с.

267. Неолит Северной Евразии. // Археология. – М.: Наука, 1996. – 379 с.

268. Алексин В.А. Культурные контакты древних племен Средней Азии (неолит – эпоха бронзы). // Взаимодействие кочевых культур и древних цивилизаций. – А.: Наука, 1989. – 464 с.

268а. Калиева С.С., Логвин В.Н. Терсек и Ботай: общее и особенное. С.187-194. // Тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстан археологиясы: қорытындылары мен келешегі: ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына және Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының 20 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми конференция материалдары. – А.: 2011. Т. I. – 428 б.

269. Варёнов А.В. Скифские памятники Ордоса, Алтая и истоки культуры сюнну // Итоги изучения скифской эпохи Алтая и сопредельных территорий. – Барнаул, 1999. С. 24-29.

270. Стернс П.Н., Шварц С.Б., Гильберт М. Д., Адам М. Синопис культуры Чжоу (Zhou, Chou). // Мировые Цивилизации: Всеобщий Опыт // Longman Pub Group, 2000, ISBN 10: 0321044797 / 0-321-04479-7, ISBN 13: 9780321044792. [http://s155239215.onlinehome.us/turkic/btn\\_Archeology/PNStearnsZhouChouCultureRu](http://s155239215.onlinehome.us/turkic/btn_Archeology/PNStearnsZhouChouCultureRu).

271. Материалы по истории кочевых народов в Китае. Вып. 1. Сюнну. – М.: Наука, 1989. – 285 с.

272. Қашқари М. Түрік сөздігі. Үш томдық. 3 т. – А.: ХАНТ. 1998. – 600 б.

273. Этимологический словарь тюркских языков: 6 т. Общетюркские и межтюркские основы на букву «Қ». / Левитская Л.С., Дыбо А.В., Рассадин В.И. / – М.: Индрик, 2000. – 265 с.

274. Kısarova N. Этническая принадлежность скифо-сарматов // Вестник Российской Академии ДНК-генеалогии. Том 5, №8. 2012. С. 979-1012.

275. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 13 т. – А.: Тіл білімі институты, 2011. – 752 б.
276. Ахметжанов Қ. Жараған темір кигендер. – А.: Дәуір, 1996. – 240 б.
276. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 5 т. – А.: Қазақ энцикло-сы, 2003. – 720 б.
277. Чугунов К.В. Кинжал-акинак из кургана Аржан-2. // Сообщения Государственного Эрмитажа, вып. 62. – СПб, 2004. С. 72 – 74.
278. Таскин В.С. Скотоводство у сюнну по китайским источникам. // Вопросы истории и историографии Китая. – М.: Наука. 1968. – 278 с.
279. Қашқари М. Түрік сөздігі. Үш томдық 1 т. – А.: ХАНТ. 1997. – 592 б.
280. Русско-узбекский словарь. 4 т. – Ташкент: Изд. АН УзССР, 1954. – 720 с.
281. Желден жүйрік жануар // Егемен Қазақстан. 2011. 13 шілде.
282. Махамбет. Жыр-семсер. – А.: Жазушы, 1979. – 136 б.
283. Дыбо А.В. Ранние контакты тюркских народов по данным языка. // Адаптация народов и культур к изменениям природной среды, социальным и техногенным трансформациям // – М.: РОССПЭН, 2010. – 544 с.
284. Варфоломеев В.В. Бегазы-дандыбаевская культура степей Центральной Азии. // Тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстан археологиясы: қорытындылары мен келешегі: ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына және Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының 20 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми конференция материалдары. – А.: 2011. Т. I. – 428 б.
285. Құрманқұлов Ж. Бегазы-дәндібай мәдениеті. // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 2 т. – А.: Қазақ энциклопедиясы, 1999. – 720 б.
286. Исмагил Р. Бегазы-дандыбаевский феномен и его типологические параллели. С. 3-7 // Уфимский археологический вестник: Сб. Научных статей. Вып. 1. – Уфа:НМРБ, 1999. – 195 с.
287. Грязнов М.П. Памятники карасукского этапа в Центральном Казахстане. // «Советская археология», т. XVI, – М.—Л., 1952. С. 129-162.
288. Варфоломеев В.В. Культура валиковой керамики алтайско-казахстанских степей // Исторический опыт хозяйственного и культурного освоения Западной Сибири. Кн. I. – Барнаул: Изд-во Алт. ун-та, 2003. – 464 с.
289. Ситников С.М. Основные проблемы историографии и истории изучения памятников культур валиковой керамики (по материалам бегазы-дандыбаевской и саргаринско-алексеевской культур). // Древности Алтая. – Г.-Алтайск: изд. ГАГУ, 2001. – 174 с.
290. Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. – М.: Вост. лит-ра, 1962. – 322 с.
291. Итина М.А. История степных племен Южного Приаралья (II- начала I тыс д.н.э.). – М.: Наука, 1977. – 240 с.
292. Итина М.А. К истории изучения бронзового века Южного Приаралья // Приаралья в древности и средневековье. – М.: Вост. лит-ра, 1998. – 301 с.

293. Игина М.А. Ранние саки Приаралья // Степная полоса Азиатской части СССР в скифо-сарматское время // Археология СССР. т. 10. – М.: Наука, 1992. – 494 с.
294. Аскарлов А. Арийская проблема: новые подходы и взгляды. с. 81-91. // История Узбекистана в археологических и письменных источниках. – Ташкент: ФАН, 2005. – 288 с.
295. Агапов С.А., Дегтярева А.Д., Кузьминых С.В. Металлопроизводство восточной зоны общности культур валиковой керамики. // Вестник археологии, антропологии и этнографии. 2012. № 3 (18). С. 44-59
296. Бехтер А.В., Хаврин С.В. Степные бронзы из провинции Ганьсу и Синьцзян-Уйгурского автономного района Китая и проблемы восточной линии синхронизации С.73-78. // Центральная Азия и Прибайкалье в древности. – Улан-Удэ; Чита: 2002. – С. 204.
297. Комиссаров С.А. О выделении культуры сыба (Западная Ганьсу, КНР). // Западная и Южная Сибирь в древности. – Барнаул: Изд. Алт. ун-та, 2005. – 252 с.
298. Деопик Д.В., Ульянов М.Ю. Историко-археологическое описание региона Восточной Азии в X–I тыс. до н.э. // XLII НК ОГК. Учёные записки отдела Китая. Вып. 6. Ч. 1. М., 2012. С.39-62.
299. Маргулан А.Х. Исследования (сборник научных материалов на основе геологических и археологических исследований). // Қазақстанның ашық кітапханасы. [http://ikitap.kz/book/a\\_margulanissledovanya/files/assets/basic-html/page2.html](http://ikitap.kz/book/a_margulanissledovanya/files/assets/basic-html/page2.html)
300. Худяков Ю.С. Вооружение кочевников Восточного Туркестана в бронзовом и раннем железном веках. С. 5-25. // Военное дело и средневековая археология Центральной Азии. – Кемерово: 1995. – 268 с.
301. Мумии Белых людей в Китае. // <http://архео.info/mir/mumii-belyx-lyudej-v-kitae.html>
302. Ахметшин Н.Х. Тайны великой пустыни. Миражи Такла-Макан. – М.: Вече, 2003. – 384 с.
303. Чжан Хунчи. Открытие тайны «Курган-некрополя тысячи гробов» // Шыңжаңның «Tianshannet» сайтының «Контимост» журналы, <http://russian.ts.cn/RUSSIAN/channel15/544/549/200508/03/15007.html>
304. Козинцев А. Г. Из степи – в пустыню: ранние европеоиды Восточного Туркестана по данным генетики и антропологии. // Культуры степной Евразии и их взаимодействие с древними цивилизациями. – СПб: ИИМК РАН, Периферия, 2012. Кн. 1. – 432 с.
305. Иванов В.В. Тохары. // Восточный Туркестан в древности и раннем средневековье: Этнос, языки, религии. – М.: Наука, 1992. – 687 с.
306. Тохарские языки // Википедия.
307. Клейн Л. С. Миграция тохаров в свете археологии. // Древние миграции и происхождение индоевропейских народов. – СПб.: 2007. – 226 с. PDF.
308. Кляшторный С.Г., Савинов Д.Г. Степные империи древней Евразии. – СПб: изд. СПбГУ, 2005. – 346 с.

309. Семенов В.А. Фатьяновская культура-карасукская культура и «миграция тохаров в свете археологии». С. 114-116. // Северная Евразия в эпоху бронзы: пространство, время, культура: Сборник научных трудов. – Барнаул: Изд-во Алт. ун-та, 2002. – 230 с.
310. Сверчков Л. «Тохарская проблема» и культура расписной керамики эпохи раннего железа. С. 176-197. // Традиции Востока и Запада в античной культуре Средней Азии. Сборник статей в честь Поля Бернара. – Ташкент: изд.«Noshirlik yog'dusi». 2010. – 256 с.
311. Рапэн К. (Франция) От Коктепе до Киндикли-тепе: новый подход к истории возникновения ирригации в северной части Зеравшанской долины. С.139-150. // Цивилизации и культуры Центральной Азии в единстве и многообразии. – Самарканд-Ташкент: МИЦАИ, SMI-ASIA, 2010. – 332 стр.
312. Исамиддинов М. Стратиграфия городища Коктепе и некоторые стороны истории и культуры Согдианы эллинистического периода. С. 131-140. // Традиции Востока и Запада в античной культуре Средней Азии. Сборник статей в честь Поля Бернара. – Ташкент: изд.«Noshirlik yog'dusi». 2010. – 256 с.
313. Степная полоса Азиатской части СССР в скифо-сарматское время. // Серия: Археология СССР. [т. 10]. – М.: Наука, 1992. – 494 с.
314. Салтовская Е.Д. О погребениях ранних скотоводов в Северо-Западной Фергане. // Ранние кочевники. КСИА. – М., 1978. Вып. 154, С. 95–98.
315. Магбабаев Б.Х. К изучению памятников эпохи бронзы и раннего железа Синьцзяна. С. 133-139. // Культура кочевников Центральной Азии: Материалы Международной конференции. – Самарканд: изд. МИЦАИ, 2008. – 239 с.
316. Рыжков В.А. Расовая кранотипия скифо-сармато-алан и болгар. // Вестник Российской Академии ДНК-генеалогии. 2013: т. 6, №4 С. 761-843.
317. Балановская Е. В., Балановский О. П. Русский генофонд на Русской равнине. –М.: Луч, 2007. – 424 с.
318. Ковалев А. А. Древнейшая миграция из Загроса в Китай и проблема прародины тохаров. // Археолог: детектив и мыслитель. Сборник статей, посвященный 77-летию Л.С. Клейна. – СПб.: 2004, С. 249–292.
319. Клесов А.А. Читая Л.С. Клейна, «Древние миграции и происхождение индоевропейских народов». // Вестник Российской Академии ДНК-генеалогии. 2011: т. 4, №1. С. 40-53.
- 319-а. Гюль Э. «Бактрийские» ковры: к вопросу о греко-юечжийских культурных взаимодействиях. С. 317-323. // Культуры степной Евразии и их взаимодействие с древними цивилизациями. – СПб: ИИМК РАН, Периферия, 2012. Кн. 1. – 432 с.
320. R1a в Китае // [http://www.rodstvo.ru /forum/index.php?act=Print&client=printer&f=4&t=893](http://www.rodstvo.ru/forum/index.php?act=Print&client=printer&f=4&t=893).
321. Савинов Д.Г. Мегалитическая культура севера Центральной Азии в эпоху поздней бронзы. С. 231-240. // Древние культуры Монголии и Байкальской Сибири. М-лы междунар. науч. конф. (Иркутск, 3-7 мая 2011 г.) / Вып. 2. Иркутск: Изд. ИрГТУ, 2011. — 576 с.

322. Чугунов К.В. Херексуры Центральной Азии (к вопросу об истоках традиции). // Северная Евразия в эпоху бронзы: пространство, время, культура: Сборник научных трудов. – Барнаул: Изд. Алт. ун-та, 2002. – 230 с.
323. Цыбиктаров А.Д. Происхождение культуры херексуров и оленных камней. С. 278-291. // Древние культуры Монголии и Байкальской Сибири. М-лы междунар. науч. конф. (Иркутск, 3-7 мая 2011 г.) / Вып. 2. – Иркутск: Изд. ИрГТУ, 2011. — 576 с.
324. Чугунов К.В. Центральная Азия и Южная Сибирь в начале эпохи ранних кочевников (вопросы хронологии памятников и синхронизации культур). С. 223-228. // Культура номадов Центральной Азии: Материалы Международной конференции. –Самарканд: изд. МИЦАИ, 2008. – 239 с.
325. Боковенко Н.А. Номады Центральной Азии в сакскую эпоху: проблема происхождения и контактов. С. 45-49. // Тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстан археологиясы: қорытындылары мен келешегі: ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына және Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының 20 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми конференция материалдары. – А.: 2011. Т. II. – 344 б..
326. Кызласов Л.Р. Уюкский курган Аржан и вопрос о происхождении сакской культуры // Советская археология. – 1977. № 2. С. 69-86.
327. Самашев З. Проблемы социально-экономической и культурно-этнической истории древних номадов Казахского Алтая. С. 57-64. // Сакская культура Сарыарки в контексте изучения этносоциокультурных процессов степной Евразии. Тезисы докладов круглого стола. – Караганды: 2011. – 208 с.
328. Исагулов О., Сихимбаева К.Б., Исагулова А.О. Антропологические аспекты происхождения казахского народа. С. 18-34 // Известия НАН РК. Сер. общ. наук. – А.: Ғылым, 1993, №1 (187).
329. Исағұлов О., Сикымбаева К., Исағұлова А. Антропология деректері бойынша қазақ халқының этногенезі. 264-287 б. // Қазақстан тарихы. – А.: 1998, II т. – 639 б.
330. Исагулов О., Сихимбаева К. Б., Исагулова А. О. Этническая дерматоглифика казахов. – А.: Атамұра, 2007. – 240 с.
331. Грязнов М.П. Аржан — царский курган раннескифского времени. – Л.: Наука, 1980. – 62 с.
332. Грязнов М.П. Начальная фаза развития скифо-сибирских культур // Археология Южной Сибири. – Кемерово, 1983. С. 5-18.
333. Боковенко Н.А. К проблеме локализации племени Сака: археологический взгляд. С. 92-95. // Сакская культура Сарыарки в контексте изучения этносоциокультурных процессов степной Евразии. Тезисы докладов круглого стола. –Караганды: 2011. – 208 с.
334. Артамонов М.И. Киммерийцы и скифы (от появления на исторической арене до конца IV в. до н.э.). – Ленинград: ЛГУ, 1974. – 155 с.

335. Ақышев. К. Ертедегі темір дәуіріндегі тайпалар және олардың қоныстануы туралы жазба деректер. 158-165 б. // Қазақстан тарихы: А.: Атамұра, 1996. 1 т. – 544 б.
336. История Древнего мира. От ранних государственных образований до древних империй. – М.: Вост. лит-ра, 2004. – 895 с.
337. Груссе Р. Империя степей. Аттила, Чингисхан, Тамерлан. Т. 1. (Пер. с франц.). – А.: Санат, 2005. – 286 с.
338. Бехистунская надпись Дария I (Перевод М.А. Дандамаева) // <http://rec.gerodot.ru/behistun/dandamaev01.htm>
339. Фрейман А.А. Плененный враг Дария – скиф Скунха. С. 235-240. // Изв. АН СССР. Отд. лит-ры и языка. 1948, т. УІІ, вып. 3. май-июнь.
340. Струве В.В. Этюды по истории Северного Причерноморья, Кавказа и Средней Азии. – Л.: Наука, 1968. – 356 с.
341. Дандамаев М.А. Политическая история Ахеменидской державы. – М.: Наука, 1985. – 319 с.
- 341а. Непомнящий Н.Н. Детали рельефов Ападаны // <https://history.wikireading.ru/182954>
342. Доватур А.И., Каллистратов Д.П., Шишова Н.А. Народы нашей страны в "Истории" Геродота. – М.: Наука, 1982. – 456 с.
343. Дандамаев М.А. Ассирийцы в Мидии. Вторжение в Переднюю Азию киммерийцев и скифов // История Древнего Востока.–М.: Высш. шк, 2003.–462 с.
344. Дьяконов И. М. Ассиро-вавилонские источники по истории Урарту // Вестник древней истории. 1951, № 3.
345. Латышев В. В. Известия древних писателей греческих и латинских о Скифии и Кавказе. // Вестник древней истории. 1947. №№ 1—4;
- 345а. Самашев З. М. К. Кадырбаев и некоторые вопросы археологии раннего железного века Казахстана. С. 6-20. // Материалы Международной научной конференции «Кадырбаевские чтения - 2012». – Актөбе: 2012. – 527 с.
346. Дьяконов И.М. История Мидии с древнейших времен до конца IV в. до н.э. I том. – Баку: 2012. “Нагыл Еви”. – 332 с.; II том. – Баку: 2012. “Нагыл Еви”. – 186 с. // Дьяконов И.М. История Мидии с древнейших времен до конца IV в. до н.э. I-II т. – М.-Л.: 1950.
347. Страбон. География. – М.: Наука, 1964. – 944 с.
348. Тревер К.В. К вопросу о культуре Кавказской Албании. – М.: Изд-во вост. лит., 1960. 11 с. (XXV Междунар. конгр. востоковедов: Докл. делегации СССР). С. 55-64.
349. Медведская И.Н. Древний Иран накануне империй (IX–VI вв. до н. э.). История Мидийского царства. – СПб.: Петербургское Востоковедение», 2010. – 264 с.
350. Дьяконов И.М. Малая Азия, Армянское нагорье и Закавказье в первой половине I тысячелетия до н.э. (Урарту, Фригия, Лидия). // История Древнего мира. От ранних государственных образований до древних империй. – М.: Вост. лит-ра, 2004. – 895 с.

351. Хазанов А.М. Социальная история скифов. – М.: Наука, 1975. – 344 с.
352. Литвинский Б.А. Древние кочевники «Крыши мира». – М.: Наука, 1972. – 272 с.
353. Ельницкий Л.А. Скифия евразийских степей. Истроико-археологический очерк. Новосибирск: Наука, 1977. – 257 с.
354. Куклина И.В. Этнография Скифии по античным источникам. – Л.: Наука, 1985. – 207 с.
355. Паркер В. О чем умалчивает Геродот. Заметки о передаче сведений о киммерийцах у греческих авторов помимо Геродота. // «Вестник древней истории». 1998 г. № 4. С. 93-102.
356. Раевский Д. С. Мир скифской культуры. – М.: Языки славянских культур, 2006. – 600 с.
357. Гасанов З. Г. Чтение этнонима «скиф». С. 38-42. // Научно теоретический журнал «Научные проблемы гуманитарных исследований». – Пятигорск: Вып.1. 2010 г. – 329 с.
358. Дьяконов И.М. К методике исследований по этнической истории ("киммерийцы"). // Этнические проблемы истории Центральной Азии в древности. – М.: Наука, 1981. С. 90-100.
359. Иванчик А.И. Современное состояние киммерийской проблемы: итоги дискуссии. // ВДИ. № 2 . 1999 . С. 77-98.
360. Погребова М.Н., Раевский Д.С. Степи Евразии и древний Ближний Восток в киммерийско-скифскую эпоху. С. 537-580. // История Древнего мира. От ранних государственных образований до древних империй. – М.: Вост. лит.-ра, 2004. – 895 с.
361. Махортых С.В. Киммерийцы на Северном Кавказе. – Киев: АН Украины, 1994. – 94 с.
362. Медведская И.Н. О скифском вторжении в Палестину. // Вестник Древней истории, 2000, №2.
363. Гомер. Одиссея. / Пер. Н.И. Гнедича/. – М.: Правда, 1984. – 320 с.
364. Гомер. Илиада. / Пер. Н.И. Гнедича/. – Л.: Наука, 1990. – 576 с.
365. Тереножкин А.И. Киммерийцы. – М.: Наукова думка, 1976. – 224 с.
366. Завьялова В.П. Каллимах. Гимн «К Артемиде». – М.: «Греко-латинский кабинет» Ю.А. Шичалина. 2002. – 114 с.
367. Иванчик А.И. Накануне колонизации: Северное Причерноморье и степные кочевники VIII-VII вв. до н.э. в античной литературной традиции: фольклор, литература и история. – М., Берлин, 2005. – 311 с.
368. Тохтасьев С.Р. Античная литературная традиция о киммерийцах. С. 9-50. // Киммерийцы: этнокультурная принадлежность.–СПб.: «Ермаков», 1993.–121 с.
369. Савинов Д.Г. Оленные камни в культуре кочевников Евразии. – СПб: СПбГУ, 1994. – 208 с.
370. Волков В.В. Оленные камни Монголии. – М.: Научный мир, 2002. – 248 с.
371. Новгородова Э.А. Древняя Монголия (некоторые проблемы хронологии и этнокультурной истории). – М.: Наука, 1989 г. – 384 с.



372. Ковалев А.А. Каменные изваяния Черного Иртыша // Скифы, хазары, славяне, Древняя Русь. – СПб.: изд. Гос. Эрмитажа, 1998. С. 24-29.
373. Комиссаров С.А., Астрелина И.В. Оленные камни Восточного Туркестана (Синьцзяна) как свидетельство культурных контактов древних кочевников Евразии // Общество и государство в Китае: XXXVIII научная конференция. – М.: 2008. С. 38-42.
374. Сұңғатай С., Еженханұлы Б. Тарихи-мәдени жәдігерлер. // Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. II т. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 80 б, + 132 бет жапсырма.
- 374а. Ковалев А.А. О происхождении оленных камней западного региона. С. 138-180. // Археология, палеоэкология и палеодемография Евразии. – М.: ГЕОС, 2000. – 342 с.
375. Ольховский В.С. О северокавказских стелах эпохи раннего железа. // Советская археология. 1990. №3. С. 113-123.
376. Ольховский В.С. Монументальная скульптура населения западной части евразийских степей эпохи раннего железа. – М.: Наука, 2005. – 299 с.
377. Ярыгин С.А. «Койтасы» Центрального Казахстана эпохи поздней бронзы в контексте формирования раннесакских культур степной Евразии. С. 408-416. // Тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстан археологиясы: қорытындылары мен келешегі: ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына және Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының 20 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы: 2011. Т. I. – 428 б.
378. Ткачев А.А. Алексеевско-саргаринские поселенческие комплексы Сары-Арки // Вестник археологии, антропологии и этнографии (издание ИПОС СО РАН). –Тюмень, 2009. № 10. С. 35-44.
379. Колев Ю.И. Ивановская культура позднего бронзового века: характеристика культуры и проблемы исследования. С. 208-240. // Актуальные проблемы археологии Урала и Поволжья. – Самара: 2008. – 384 с.
380. Колев Ю.И. Заключительный этап эпохи бронзы в Поволжье. С.243-273. // История Самарского Поволжья с древнейших времен до наших дней (Бронзовый век). – Самара: научный центр РАН, 2000. – 336 с.
381. Куштан Д.П. Трансэвразийский «Оловянный» путь эпохи поздней бронзы. // Российский археологический ежегодник. – СПб., 2012. № 2. С. 284-300.
382. Качалова Н.К. О заключительном периоде бронзового века на территории Нижнего Поволжья (к постановке проблемы). // СА. 1989. №1. С.33-47.
383. Алексеев А.Ю., Качалова Н.К. Тохтасьев С.Р. Археологические аспекты киммерийской проблемы. // Киммерийцы: этнокультурная принадлежность. – СПб.: ИИИ «Ермаков», 1993. – 121 с.
384. Бруяко И.В. Ранние кочевники в Европе (X-V вв. до Р.Х.). – Кишинев: Высшая антропологическая школа, 2005. – 358 с. // На основе докторской диссертации «Процессы культурогенеза в Причерноморско-Карпатском регионе в раннем железном веке». – СПб.: ИИМК, 2004. – 507 с.

385. Погребова М.Н. К локализации "страны Гамир" ассирийских текстов. // <http://www.bakililar.az/ca/photos/pogrebova.html>
386. Турсунов Е.Д. Возникновение баксы, акынов, сэри и жырау. – Астана: Фолиант, 1999. – 252 с.
387. Потапов Л.П. К вопросу о древнетюркской основе и датировке алтайского шаманства. С. 3-36. // Этнография народов Алтая и Западной Сибири. – Новосибирск: Наука, 1978. – 223 с.
388. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. – А.: Ғылым, 1961. I т. – 777 с.
389. Ыбыраев Ш. Қорқыт және шаманизм. 573-618 б. // Қорқыт ата – энциклопедиялық жинақ. – А.: Қазақ энциклопедиясы, 1999. – 800 б.
390. Алексеев Н.А. Шаманизм тюркоязычных Народов Сибири. – Новосибирск: Наука, 1984. – 233 с.// <http://turkportal.ru/scientificbooks/10-alekseev-shamanizm-tjurkov-sibiri.html>
- 390а. Вайнштейн С.И. Мир кочевников центра Азии. (Добуддийские верования. С.229-282). – М.: Наука, 1991. – 296 с.
391. Шаманизм народов Сибири. Этнографические материалы XVIII-XXвв.: Хрестоматия. – СПб.: Филологический факультет СПбГУ, 2006. — 664 с.
392. Жречество и шаманизм в скифскую эпоху. – СПб., 1996. – 202 с.
393. Этимологический словарь тюркских языков. Общетюркские и межтюркские основы на буквы «К», «Қ». (Левитская Л.С., Дыбо А.В., Рассадин В.И.). – М.: Языки русской культуры, 1997. – 368 с.
394. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 9, 10 т. – А.: Тіл білімі институты, 2011.
395. Материалы по истории сюнну (по китайским источникам). – М.: Наука, 1973, вып. 2. – 167 с.
396. Дерфер Г. О языке гуннов. С.71-134. // Зарубежная тюркология. Вып. 1. Древние тюркские языки и литературы. – М.: Наука, 1986. – 384 с.
397. Пьянков И.В. Аристей: путешествие к исседонам. // Исседон. Альманах по древней истории и культуре. – Екатеринбург: 2005. т. III. С. 15-35.
398. Гасанов З.Г. Киммерийцы и их место в истории Азербайджана. Автореферат. –Баку, ИИ НАН Азербайджана., 2008. – 48 с.
399. Потанин Г.Н. Очерки северо-западной Монголии. – СПб: 1883. – 1026 с.
400. Кузьмина Е.Е. Опыт интерпретации некоторых памятников скифского искусства. // ВДИ. 1984, №1. 93-108.
401. Акишев А. Искусство и мифология саков. – А.: Наука, 1984. – 176 с.
402. Ерімбетова А.Х. Түркі тілдеріндегі дауыссыз дыбыстардың архитиптері. – Астана: (Түркі академиясы) «Сарыарқа» баспасы, 2011. – 174 б.
403. Закиев М.З. Глубокие этнические корни тюркских народов. – Астана: (Тюркская академия). Кантана Пресс, 2011. – 400 с.
404. Историки Греции. Пер. с древнегреч. – М.: «Худож. лит.», 1976. – 430 с.
405. Абаев В.И. Скифо-сарматские наречия. // Основы иранского языкознания. –М.: Наука, 1979. Т. 1. С. 272-366.

406. Дремин Г.И. "Скифо-сарматские" наречия и "скифский" словарь В. И. Абаева. // <http://kladina.narod.ru/dremin/dremim>. Htm
- 406а. Исаев М.И. Скифский язык. С. 107-110. // Языки мира: Иранские языки. III. Восточноиранские языки. – М.: Индрик, 1999. – 343 с.
407. Тохтасьев С. Р.. Проблема скифского языка в современной науке. С. 59-106. // *Ethnic Contacts and Cultural Exchanges North and West of the Black Sea from the Greek Colonization to the Ottoman Conquest*. Edited by Victor Cojocaru. Iași: Trinitas.
- 407а. Браун Ф. Разыскания в области гото-славянских отношений. – СПб., 1899. – 393 с.
408. Мачинский Д.А. О времени первого активного выступления сарматов в Поднепровье по свидетельствам античных письменных источников. С. 30-54. // АСГЭ. Вып. 13. Л., 1971.
409. Граков Б.Н. Скифы (научно-популярный очерк). – М.: МГУ, 1971. – 200 с.
410. Иванчик А.И. К вопросу о скифском языке. С. 62-88. // ВДИ, 2009, № 2.
- 410а. Кулланда С. В. Уроки скифского // *Journal of Language Relationship*. Вопросы языкового родства. №5 (2011). С. 48–68.
- 410ә. Бухарин М.Д. К дискуссии о языке скифов: переход древнеиранского \*xš- > \*s- и его отражение в древнегреческом. С. 263-284. // Проблемы, истории, филологии, культуры. Журнал РАН. – Москва, Магнитогорск, Новосибирск: 2013. №2. – 378 с.
411. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. – М.: Наука, 1984. – 485 с.
412. Ескеева М.Қ. Түркі тілдері жүйесіндегі қазақ тілінің тарихи орны. – Астана: Кантана Пресс, 2011. – 420 б.
413. Түймебаев Ж.Қ. Алтайлық тектілдің фонологиялық жүйесі: «Рамстедт-Пеллио заңына» лингвистикалық сараптама. 398-405 б. // Түркі өркениеті және тәуелсіз Қазақстан. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған халықаралық конференция материалдары. – Астана: 2011. II т. – 496 б.
414. Этимологический словарь тюркских языков. Общетюркские и межтюркские лексические основы на буквы «Л», «М», «Н», «П», «С». – М.: Вост. лит., 2003. – 446 с.
- 414а. Почекаев Р.Ю. Батый Хан, который не был ханом. – СПб.: Евразия, 2006. – 350 с.
415. Джанузаков Т. Очерк казахской ономастики. – А.: Наука, 1982. – 176 с.
416. Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. – Ленинград: Наука, 1974. – 727 с.
- 416а. Гафуров А. Имя и история. – М.: Наука, 1987. – 221 с.
417. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на буквы «В», «Г», и «Д». – М.: Наука, 1980. – 395 с.
418. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. – М.-Л.: Изд. АН СССР, 1959. – 112 с.
419. Айдаров Ф. Орхон ескерткіштерінің тексі. – А.: Ғылым, 1990. – 220 б.

420. Сарткожа К. Орхон муралары. – Астана: Күлтөгін, 2003. – 392 б.
421. Молчанова О.Т. Элемент «тай» в топонимии Средней Азии и смежных территорий. // Ономастика Средней Азии. – М.: Наука, 1978. – 226 с.
422. Бартольд В.В. Сочинения. Том 8. – М.: Наука, 1973. – 724 с.
423. Рашид ад-Дин Фазлаллах. Огуз-наме. – Баку: ЭЛМ, 1987. – 128 с.
424. Әмірәлиев Қ. «Оғуз қаған» эпосының тілі. –А.: Ғылым, 1988. – 280 б.
425. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. В 4-х томах (восьми книгах). Т. II. – СПб.: 1899. – 1053-1878 с.
426. Кононов А.Н. Родословная туркмен. Сочинение Абу-л-гази, хана хивинского [Исследование, тексты, перевод].–М.-Л.:Изд. АН СССР, 1958.– 193 с.
427. Книга пророка Иереми // <http://looktolife.net/bible/page25.html>
428. Грантовский Э.А. Ранняя история иранских племен Передней Азии. 2-е изд. Испр. и доп. – М.: Вост. лит-ра, 2007. – 510 с.
- 428а. Грантовский Э.А. Страны Иранского нагорья и юга Средней Азии в первой половине I тыс. д.н.э. С. 261-289. // История Востока. Т.1. Восток в древности: – М.: Вост. лит-ра, 2000. – 688 с.
429. Гасанов З.Г. К проблеме археологических памятников ранних скифов в контексте идентификации с сообщениями древних и средневековых письменных источников. // «Арал-Каспийский регион в истории и культуре Евразии»: Материалы II Международной научной конференции, посвященной 20-летию независимости Республики Казахстан. – Алматы-Актобе: Арыс, 2011. – 404 с.
430. Гасанов З.Г. Перспективы и методы тюркологических исследований периода бронзового и железного веков Евразии. // Түркі өркениеті және тәуелсіз Қазақстан. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған халықаралық конференция материалдары. – Астана: 2011. 1 т. – 483 б.
431. Батырлар жыры. 4 т. Көрұғлы. – А.: Жазушы, 1989. – 400 б.
432. Сартқожаұлы К. Объединенный каганат тюрков. – Астана: Фолиант, 2002. – 204 с.
433. Қорқыт ата кітабы. // Қорқыт ата – энциклопедиялық жинақ. – А.: Қазақ энциклопедиясы, 1999. – 800 б.
434. Жирмунский В.М. Огузский героический эпос и «Книга Коркута». 476-572 б. // Қорқыт ата – энциклопедиялық жинақ. – А.: Қазақ энциклопедиясы, 1999. – 800 б.
435. Жирмунский В.М. Эпические сказания об Алпамыше и «Одиссея» Гомера //Избранные труды. Сравнительное литературоведение. Восток и Запад. – Ленинград: Наука, 1979. – 500 с.
436. Короглы Х. Огузский героический эпос. – М.: Наука, 1976. – 238 с.
437. Қасқабасов С. Қорқыт туралы аңыздың көне мифологиялық семантикасы. 668-678. // Қорқыт ата – энциклопедиялық жинақ. – А.: Қазақ энциклопедиясы, 1999. – 800 б.
438. Бернштам А.Н. К происхождению легенды об Огуз-кагане. С. 476-486 // Избранные труды по археологии и истории кыргызов и Кыргызстана», II том. – Бишкек: Айбек, 1998. – 704 с.

439. Максуди С. Тюркская история и право (Перевод с турецкого). – Казань: Фэн, 2002. – 402 с.
440. Баскаков Н.А. Тюркская лексика в «Слове о полку Игореве». – М.: Наука, 1985. – 208 с.
441. Великая Степь в античных и византийских источниках: Сборник материалов. –А.: Баур, 2005. – 1304 с.
442. Абаев В. И. Осетинский язык и фольклор. Т. 1. – М.-Л.: Изд. АН СССР, 1949. – 602 с.
443. Bailey H. W. Languages of the Saka // Handbuch der Orientalistik, I. Absch., Leiden-Köln, 1958. – Abt., 4, bd., I. – P. 131-154 // Литвинский Б.А. Древние кочевники «Крыши мира». – М.: Наука, 1972. – 272 с.
444. Амбарцумян А.А. Этноним “хйаона” в Авесте С. 35-72. // Записки Вост. отделения Российского археологического общества. – СПб.: 2002. Т. I (XXVI).
445. Кузьмина Е.Е. В стране Кавата и Афрасиаба. – М.: Наука, 1977. – 143 с
446. Еремеев Д.Е. Тюрк – этноним иранского происхождения? (К проблеме этногенеза древних тюрк). С. 129-135 // Сов. этнография. 1990: №3.
447. Пьянков И.В. Средняя Азия в ахеменидское время. С. 698-761. // История Древнего мира. От ранних государственных образований до древних империй. – М.: Вост. лит-ра, 2004. – 895 с..
448. Абаев В.И. Избранные труды: В 4 т. Т. I. Религия. Фольклор. Литература. –Владикавказ: Ир, 1990. – 640 с.
449. Рак И.В. Мифы Древнего и средневекового Ирана (зороастризм). – СПб.: Летний Сад, 1998. – 560 с.
450. Короглы Х.Г. Взаимосвязи эпоса народов Средней Азии, Ирана и Азербайджана. – М.: Наука, 1983. – 336 с.
451. Абушарипов С. Көне Түранның тарихи-аңыздық тұлғалары. 421-444 б. // Түркологиялык зерттеулер (Түркі академиясы). – Астана: Сарыарка, 2012.– 560 б.
452. Дьяконов И.М. Восточный Иран до Кира. С. 122-154. // История Иранского государства и культуры. – М.: Наука, 1971. – 351 с.
453. Дьяконов И.М. Послесловие к статье А.А. Гавриловой. // Жречество и шаманизм в скифскую эпоху. СПб., 1996. – 202 с.
454. Виноградова С.П. Авесты язык. С. 10-37. // Языки мира: Иранские языки. III. Восточноиранские языки. – М.: Индрик, 1999. – 343 с.
455. Гафуров Б.Г. Таджики: древнейшая, древняя и средневековая история. Кн. 1. Изд. 2. – Душанбе: Ирфон, 1989. – 379 с.
456. Вайнберг Б.И. Этнография Турана в древности. УП в. до н. э. – УШ в. н. э. – М.: Вост. лит-ра, 1999. – 359 с.
457. Бертельс Е.Э. История персидско-таджикской литературы // Избранные труды. Т. 1. – М.: Вост. лит-ра, 1960. – 556 с.
458. Григорьев В.В. О скифском народе саках. – СПб.: Тип. Имп. АН 1871. – 205 с.
459. Бартольд В.В. Сочинения. Т.V. Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов. – М.: Наука, 1968. – 759 с.

460. Кононов А.Н. Опыт анализа термина «түрк». С. 40-47. // Сов. этнография. 1949. №1.
461. Марр Н.Я. Основные вопросы истории языка. Избранные работы. Т. 4. – Ленинград: ГСЭИ, 1937. – 329 с.
462. Федотов М.Р. Этимологический словарь чувашского языка. В 2-х т. Т. 2. С.-Я. –Чебоксары: Чув. гос. инст. гум. наук, 1996. – 509 с.
463. Шамандық мәтіндер. 322-363, 486-492 / Шаманские песнопения сибирских тюрков. Материалы Н.Ф. Катанова. М.: Наука, 1996. // Қазақ халқының философиялық мұрасы. Ежелгі көшпелілердің дүниетанымы. – Астана: Аударма, 2005. 1 т. – 496 б.
464. Мудрак О.А. Развитие пратюркской системы фонем. – 126 с. // <http://altaica.ru/texts/prototurk.pdf>
465. Егоров Н.И. Исторические судьбы терминов түрк и т'у-күе. 22-64 б. // Түркологиялық зерттеулер (Түркі академиясы). –Астана: Сарыарқа, 2012. – 560 б.
466. Махмұд ал-Кāшгарі. Дівāн Лугāt ат-Турк. – А: Дайк-Пресс, 2005.–1288 с.
467. Шер Я.А. Петроглифы Средней и Центральной Азии. – М.: Наука. 1980 г. – 328 с.
468. Максимова А.Г., Ермолаева А.С., Марьяшев А.Н. Наскальные изображения урочища Тамгалы. – А.: «Өнер», 1985. - 144 с.
469. Самашев З. Жетісу жартас суреттері. Баянжүрек. (Наскальные изображения Жетісу. Баянжүрек). – Астана: ҚР Археология институтының Астана қаласындағы филиалы.2012. – 240 б.
- 469а. Самашев З. Тамгалы археологиялық кешені. 219-220 б. // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 8 т. – А.: Қазақ энциклопедиясы. 2006. – 704 б.
470. Бернштам А.Н. Социально-экономический строй орхоно-енисейских тюрок VI-VIII вв. – М.-Л., 1946. – 210 с.
471. Бернштам А.Н. Очерк истории гуннов. – Ленинград: Изд. ЛГУ, 1951. – 257 с.
472. Боргояков М.И. Гуннско-тюркский сюжет о прародителе олене (быке). // Советская тюркология. № 3. – Баку, 1976. С. 55-59.
473. Худяков Ю.С. Предметы искусства звериного стиля из музеев провинции Ганьсу и проблема генезиса скифоидных культур Центральной Азии // Евразия: культурное наследие древних цивилизаций. Вып. 2. Горизонты Евразии: Сб. науч. ст. –Новосибирск, 1999. - С. 7-10.
474. Сыма Цянь. Исторические записки: Ши цзи. Т. 8. Пер. с кит. Р.В. Вяткина и А.М. Карапетьянца. – М.: «Вост. лит-ра», 2002. – 510 с.
475. Сыма Цянь. Исторические записки (Ши цзи). Т. 2. Пер. с кит. Р.В. Вяткина и В.С. Таскина. – М.: «Вост. лит-ра», 2003. – 567 с.
476. Боровкова Л.А. Царство «западного края» во II-I веках до н. э. (Восточный Туркестан и Средняя Азия по сведениям из «Ши цзи» и «Хань шу»). – М.: Институт Востоковедения РАН, Крафт+, 2001. – 368 с.
477. Ғұн тарихының жылнамасы. Көне қытай тілінен аударғандар: А. Мүтәліп, Т. Жиылұлы. – Түркістан: Тұран, 2004. – 411 б.

478. Крадин Н.Н. Империя Хунну. Изд. 2-е, перераб. и доп. – М.: Логос, 2001. – 312 с.
479. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на буквы «Б». – М.: Наука, 1978. – 349 с.
480. Крюков М.В., Переломов Л.С., Софронов М.В., Чебоксаров Н.Н. Древние китайцы в эпоху централизованных империи. – М.: Наука, 1983. – 416 с.
481. Пуллиблэнк Э.Дж. Язык сюнну. С.29-70 // Зарубежная тюркология. Вып. 1. Древние тюркские языки и литературы. – М.: Наука, 1986. – 384 с.
482. Тенищев Э.Р. Гуннов язык. С. 52-54 // Языки мира: Тюркские языки. – М.: ИЯ РАН, 1996. – 543 с.
483. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 3 т. – А.: Қазақ энциклопедиясы, 2001. – 720 б.
484. Короглы Х.Г. Взаимосвязи эпоса народов Средней Азии, Ирана и Азербайджана. – М.: Наука, 1983. – 336 с.
485. Таиров А.Д. Изменения климата степей и лесостепей Центральной Евразии во II–I тыс. до н. э.: Материалы к историческим реконструкциям. – Челябинск: Рифей, 2003. – 68 с.
486. Боталов С.Г. Гунны и тюрки (историко-археологическая реконструкция). – Челябинск: «ЦИКР «Рифей», 2009. – 672 с.
487. Чугунов К.В. К вопросу о формировании колчанного набора в восточных регионах скифского мира // Сохранение и изучение культурного наследия Алтая. Выпуск XI. Под ред. Ю.Ф.Кирюшина и А.А.Тишкина. – Барнаул: Изд-во Алт.ун-та, 2000. С.165 – 168.
488. Чугунов К.В. Синхронизация культур начала раннескифского времени Центральной Азии, Южной Сибири и Казахстана. // Современные проблемы археологии России. Материалы Всероссийского археологического съезда. – Новосибирск: Изд-во Ин-та археологии и этнографии СО РАН. – Том II. 2006. С. 69 – 71.
489. Васильев Л.С. Древний Китай. Том 2. Период Чуньцзо (VIII-V вв. до н.э.). – М.: Вост. литература, 2000. — 623 с.
490. Тишкин А.А. Бийкенская археологическая культура. // Материалы Международного симпозиума «Terra Scythica». – Новосибирск: Изд-во Ин-та археологии и этнографии СО РАН, 2011. С. 272–290
491. Тишкин А.А. Алтай в эпоху поздней древности, раннего и развитого средневековья (культурно-хронологические концепции и этнокультурная история) // Автореферат диссерт. на соиск. уч. степени доктора ист. наук. – Барнаул: тип. АлтГУ, 2006. – 55 с.
492. Чугунов К.В. Дата кургана Аржан и хронология начала эпохи ранних кочевников. С. 69-75. // Переход от эпохи бронзы к эпохе железа в Северной Евразии. – СПб.: ИИМК РАН, 2011. – 80 с.
- 492а. Құмарұлы Я. Көшпелілер және байырғы Қытайдың орта жазық тотем мәдениеті // Түркология, № 4 (54). – Түркістан: Тұран, 2011. – 108-118 б.

493. Кореняко В.А. Искусство народов Центральной Азии и звериный стиль. – М.: Вост. лит-ра, 2002. – 327 с.
494. Ақышев К. Сактардың мәдениеті мен өнері. 229-238 б; Ерте темір дәуіріндегі Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан. 166-174 б. // Қазақстан тарихы. 1 т. – А.: Атамұра, 1996. – 544 б.
495. Акишев К.А. Саки азиатские и скифы европейские (Общее и особенное в культуре) // Археологические исследования в Казахстане. – А.: Наука, 1973. С. 43-58.
496. Таиров А.Д. Кочевники Урало-Иртышского междуречья в системе культур раннесакского времени в восточной части степной Евразии. С. 157-179 // Степная цивилизация восточной Евразии. Т. I. Древние эпохи. – Астана: Күлтегін, 2003. – 264 с.
497. Тишкин А.А. Этнокультурная ситуация на территории Алтае-Саянской горной страны и некоторых сопредельных регионов в аржано-майемирское время. // Сакская культура Сарыарки в контексте изучения этносоциокультурных процессов степной Евразии. Тезисы докладов круглого стола. Караганды: 2011. – 208 с.
498. Варенов А.В. Материалы новой культуры эпохи бронзы из могильника Кэрмуци в Северном Сибирье // Евразия: культурное наследие древних цивилизаций. Выпуск 2. Горизонты Евразии. – Новосибирск: 1999. С. 11-28.
499. Байпаков К.М., Таймагамбетов Ж.К. Археология Казахстана. – А.: Қазақ университеті, 2006. – 355 с.
500. Омаров Ғ.Қ. Шығыс Қазақстан ерте темір дәуірі археологиясының зерттелу деңгейі және болашағы. 112-121 б. // Тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстан археологиясы: қорытындылары мен келешегі: ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына және Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының 20 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми конференция материалдары. – А.: 2011. Т. II. – 344 б.
501. Самашев З., Ермолаева А., Куц Г. Қазақ Алтайының көне қазыналары (Древние сокровища Казахского Алтая). – А.: Өнер, 2007. – 200 б.
502. Толеубаев А.Т. Некоторые результаты исследований и исторических реконструкций группы ученых КазНУ им. аль-Фараби по изучению эпохи бронзы и раннего железного века Казахстана. С. 23-39. // Тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстан археологиясы: қорытындылары мен келешегі: ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына және Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының 20 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми конференция материалдары. –А.: 2011. Т. II. – 344 б.
503. Акишев К. Курган Иссык: ритуал, искусство и социум. С. 40-49 // Сакская культура Сарыарки в контексте изучения этносоциокультурных процессов степной Евразии. Тезисы докладов круглого стола. Караганды: 2011. – 208 с.
504. Акишев К.А. Курган Иссык. Искусство саков Казахстана. – М.: Искусство, 1978. – 142 с.



505. Акишев К.А. Феномен элитарных курганов Северного Тянь-Шаня. С. 8-11. // Элитарные курганы степей Евразии в скифо-сарматскую эпоху. – СПб.: Фонд фундаментальных исследований РАН, 1994. – 182 с.
506. Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. – А.: Санат, 1996. – 128 б.
507. Лившиц В.А. О происхождении древнетюркской рунической письменности. С. 3-13. // Археологические исследования древнего и средневекового Казахстана. – А.: Наука, 1980. – 203 с.
508. Акишев К.А. Исыкское письмо и руническая письменность. С. 389-395. // Древнетюркская цивилизация: памятники письменности. – А.: Ғылым, 2001. – 583 с.
509. Жұмбаева Г. С., Базарбаева Ғ.А., Оңғар А. Есік, Исык, Esik. – А.: «Мәдени мұра» сериясы, 2011. – 200 б.
- 509а. Бекжан О.Д. Есік обасынан табылған күміс тостағандағы көне жазудың сыры. 164-189 б. // Түркологиялық зерттеулер (Түркі академиясы). – Астана: Сарыарқа, 2012. – 560 б.
510. Самашев З. Берел. – А.: Таймас, 2011. – 236 б.
511. Қадырбаев М. Ерте темір дәуіріндегі Орталық Қазақстан. 196-200 б. // Қазақстан тарихы. 1 т. А.: Атамұра, 1996. – 544 б.
512. Қадырбаев М. К. Памятники тасмолинской культуры. С. 303-402 // Марғұлан А.Х., Акишев К.А., Қадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. А: Наука, 1966. – 445 с.
513. Дүйсенбай Д.Б. «Мұртты» обалар – Орталық Қазақстанның ғұрыптық құрылыстары. 162-165 б. // Тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстан археологиясы: қорытындылары мен келешегі: ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына және Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының 20 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми конференция материалдары. – А.: 2011. Т. II. – 344 б..
514. Бейсенов А.З. Тасмола зерттеулері. Талды-2: Сарыарқа сақтарының патша қорымы. 175-179 б. // Мыңжылдықтар куәлары: Қазақстан археология ғылымы 20 жылда (1991-2011). – А.: 2011. – 400 б.
515. Бейсенов А.З. Арқаның алтын адамы. // Мәдени мұра. 2011. - №2. 58-65 б.
516. Бейсенов А.З. Талды-2 и памятники раннесакского времени степной Евразии. С. 14-20. // Сакская культура Сарыарки в контексте изучения этносоциокультурных процессов степной Евразии. Тезисы докладов круг. стола. – Караганды: 2011. – 208 с.
517. Исмагулова А.О. Антропологическая реконструкция внешнего облика людей из могильника Талды-2 (Центральный Казахстан). С. 26-31 // Сакская культура Сарыарки в контексте изучения этносоциокультурных процессов степной Евразии. Тезисы докладов круглого стола. – Караганды: 2011. – 208 с.
518. Пьянков И.В. Западные динлины – первый тюркоязычный народ на территории Казахстана // Арало-Каспийский регион в истории и культуре Евразии. – Актобе: 2006. Ч. II. С. 13-17.

519. Дуан Лиэн Чен. Сиунну мемлекеті тұсындағы динлиндер. 121-141 б. / «Шинжиан қоғамдық ғылымы» журналы. 1987, №6. // Таным тармақтары. – А.: Санат, 1998. – 278 б.
520. Боровкова Л.А. Народы Средней Азии III–VI веков (по древним китайским и западным источникам). – М.: Инст. востоковедения РАН, 2008. – 368 с.
521. Пехлевийская Божественная комедия. –М.: Вост. лит-ра РАН, 2001. –206 с.
522. Амбарцумян А.А. К проблеме датировки первой битвы иранцев с хяаона (конец V в. до н. э.) // XIX научная конференция по историографии и источниковедению истории стран Азии и Африки: тез. докл. – СПб.: СПбГУ, 1997. – С. 3-9.
523. Пьянков И.В. Chionites – Нуаона – Xianyun // Арало-каспийский регион в истории и культуре Евразии»: Материалы II Международной научной конференции. – Алматы-Актобе: Арыс, 2011. – 404 с.
524. Каталог гор и морей (Шань хай цзин). – М.: Наука, 1977. – 236 с.
525. Вадецкая Э.Б. Древние идолы Енисея. – Ленинград: Наука, 1967. – 80 с.
526. Турсунов Е.Д. Грифы, стерегущие золото. С. 142-149. // История и культура Арало-Каспия. Вып. 1. – А.: Құс жолы, 2001. – 228 с.
527. Толстов С.П. По следам древнехорезмийской цивилизации. – М.-Л.: Изд. АН СССР, 1948. – 328 с.
528. Құрманқұлов Ж. Шірікрат // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 9 т. – А.: Қазақ энциклопедиясы, 2007. – 688 б.
- 528а. К востоку от Каспия существовала своя Албания. 18 апреля 2014 г. // Новости мира археологии. <http://old.archeo-news.ru/>
529. Левина Л.М. Этнокультурная история Восточного Приаралья. I тысячелетие до н.э. — I тысячелетие н.э. – М.: Вост. лит-ра, 1996. – 396 с.
530. Вишневская О.А. Культура сакских племен низовьев Сырдарьи в VII-V вв. до н.э. – М.: Наука, 1973. – 160 с.
531. Закиев М.З. Лингвоархеология и этнические корни тюрков. С. 10-21. // Түркологиялық зерттеулер (Түркі академиясы). – Астана: Сарыарқа, 2012.– 560 б.
532. Толстов С.П. Древний Хорезм. Опыт историко-археологического исследования. – М.: Изд. МГУ, 1948. – 352 с.
533. Толстов С.П. Среднеазиатские скифы в свете новейших археологических открытий. С. 23-45. // ВДИ. 1963. №2.
534. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Т. II. – А.: Жалын, 1998. – 350 с.
535. Мұқаметханұлы Н. Қазақ тарихының өзекті мәселелері. – Павлодар: Brand Print, 2010. – 311 б.
536. Сыма Цянь. Описание Дайюани ( Дайюань ле чжуань). Гл. 123. С. 199-216.  
// Исторические записки: Ши цзи. Т. 9. Пер. с кит. и коммент. под ред. А.Р. Вяткина. – М.: Вост. лит-ра, 2010. – 623 с.
537. Бан гу. Ханнама. Батыс өңір шежіресі. 8-68 б. // Қазақ тарихынан. – А.: Жалын, 1997. – 544 б.

538. Иакинф. Собрание свѣдѣній о народахъ, обитавшихъ въ Средней Азии. 3 тома. – С.-Пб., 1851.
539. Буряков Ю.Ф. Этапы городской культуры бассейна Среднего Яксарта // Древний и средневековый город Восточного Мавераннахра. – Ташкент: Фан, 1990. – 128 с.
540. Кляшторный С.Г. Древнетюрские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. – М.: Наука, 1964. – 251 с.
541. Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. IV т. Әулеттік тарихи жылнамалар. 2-бөлім. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 480 б.
542. Қайдар Ә. Қаңлы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 610 - б.
543. Плетнева С.А. Кочевники южнорусских степей в эпоху средневековья (IV-XIII века). – Воронеж: Изд-во Воронеж. гос. ун-та, 2003. – 248 с.
544. Литвинский Б.А. Кангюйско-сарматский фарн (к историко-культурным связям племён южной России и Средней Азии). – Душанбе: Дониш. 1968. –120 с.
545. Байпаков К.М. Культ барана у сырдарьинских племён. С. 32-45.// Археологические исследования древнего и средневекового Казахстана. – А.: Наука, 1980. – 203 с.
546. Бернштам А. Н. Золотая диадема из шаманского погребения на р. Каргалинке. С. 23-31. // КСИИМК, 1940, вып. 5.
547. Акишев К.А., Кушаев, Г.А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или. – А.: Изд. АН КазССР, 1963. – 320 с.
548. Су Бихай. Қазақ мәдениетінің тарихы. – А.: Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы, 2001. – 552 б.
549. Байқонақов С. Усуньдер: тарихнамалық талдау. 21-30 б. // ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. №3 (48). 2009.
- 549-а. Базылхан Н. Қазақ мемлекеттілігінің тарихи бастаулары: билік рәміздері мен ресми іс құжаттарының дәстүрлі негіздері // *«Мәдени мұра» журналы. 2015. №3.*
550. Зуев Ю.А. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. – А.: Дайк-Пресс, 2002. – 338 с.
551. Боровкова Л.А. Кушанское царство (по древним китайским источникам). – М.: Инст. востоковедения РАН, 2005. – 319 с.
552. Зеймаль Е.В. Кушанская хронология (материалы по проблеме). – М.: «Наука», ГРВЛ. 1968. –186
553. Ртвеладзе Э. Цивилизации, государства, культуры Средней Азии. – Ташкент: Университет мировой экономики и дипломатии, 2005. – 288 с.
554. Фрай Р.Н. Возвышение кушанского царства // История человечества. Том III. VII век до н. э. – VII век н. э. (Под редакцией Й. Херманна и Э. Цюрхера). – М.: ЮНЕСКО, Магистр-пресс, 2003. – 632 с.
555. Дәулетхан Ә. Түркештердің этникалық құрамы және этноаумағының қалыптасуы. 124-133 б. // Отан тарихы. Ғылыми журнал. 2012, №4 (60).

556. Таиров А.Д. Ранние кочевники Урало-Казахстанских степей в VII-II вв. до н.э. // Авторефер. диссерт. на соискание уч. степени докт. ист. наук. – М.: Ин-т археологии РАН, 2005. – 54 с.
557. Боталов С. Г. Две тысячи лет великого переселения // Аркаим : по страницам древ. Истории Юж. Урала : [сб. ст.]. – Челябинск, 2004. – С. 223-252.
558. Подосинов А.В. Ех огиенте lux! Ориентация по странам света в архаических культурах Евразии. – М.: Языки русской культуры, 1999. – 720 с.
559. Гуцалов С.Ю. Погребальный обряд кочевников Южного Приуралья в конце VI – V вв. до н.э.: истоки. С. 86-103. // Погребальный обряд ранних кочевников Евразии. Материалы и исследования по археологии Юга России. Вып. III. Сборник статей. – Ростов-на-Дону: изд-во ЮНЦ РАН, 2011. – 531 с.
560. Вайнберг Б.И., Новгородова Э.А. Заметки о знаках и тамгах Монголии. С. 66-74, 176-179. // История и культура народов Средней Азии (древность и средние века). – М.: Наука, 1976. – 208 с.
561. Вайнберг Б.И. Монеты Древнего Хорезма. – М.: Наука, 1977. – 194 с.
562. Малявкин А.Г. Танские хроники о государствах Центральной Азии: Тексты и исследования. – Новосибирск: Наука. Сиб. отд-ние, 1989. – 432 с.
563. Габуев Т.А. Ранняя история алан (по данным письменных источников) – Владикавказ: Иростон, 1999. – 148 с
564. Бейсенбайұлы Ж. Қазақ шежіресі. – А.: Атамұра-Қазақстан, 1994. – 160 б.
565. Филонович М. Древний Чач на пути евразийских миграций кочевников («данные археологии и историческая традиция»). С. 204-216. // Традиции Востока и Запада в античной культуре Средней Азии. Сборник статей в честь Поля Бернара. – Ташкент: изд. «Noshirlik yog'dusi». 2010. – 256 с.
566. Востров В.В. Муканов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов [Текст]: (конец XIX - начало XX). – А.: Наука, 1968. – 255 с.
567. Иэфу Ху (Жапония). Түрктөрдін шығу тегі туралы. 163-177 б. / «Шинжиан университети» журналы. 1984, №3. // Таным тармақтары. – А.: Санат, 1998. – 278 б.
568. Бернштам А.Н. Древнейшие тюркские элементы в этногенезе Средней Азии. С. 457-468. // Избранные труды по археологии и истории кыргызов и Кыргызстана», I том. – Бишкек: Айбек, 1997. – 531 с.
569. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Т. I. – А.: Жалын, 1998. – 400 с.
570. Кюнер Н.В. Китайские известия о народах Южной Сибири, Центральной Азии и Дальнего Востока. – М.: Вост. лит-ра, 1961. – 392 с.
571. Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. – А.: Наука, Каз.ССР, 1989, – 294 с.
572. Еженханұлы Б Туцзюеши мен гаочэ: көне қытай жазбаларындағы қыпшақтар. 308-331 б. // Түркологиялық жинақ.. – Астана, Сар ыарқа, 2012. – 768 б.
573. Дунху. Гаучы. – А.: Санат, 1999. – 256 б.
574. Түріктер (Тужию). Жыужэндар. – А.: Санат, 1999. – 314 б.
575. Әбілғазы. Түрік шежіресі. – А.: Ана тілі, 1991. - 208 б.

576. Кляшторный С.Г. Терхинская надпись (Предварительная публикация) // Советская тюркология. 1980, № 3. С. 82-95.
577. Кляшторный С.Г. Памятники древнетюркской письменности и этнокультурная история Центральной Азии. – СПб.: Наука, 2006. – 591 с
578. Кляшторный С.Г. Тэсинская стела (Предварительная публикация) // Советская тюркология. 1983, № 6. С. 76-90.
579. Боровкова Л.А. Проблема местоположения царства Гаочан (по китайским историям). – М.: Наука, 1992. – 184 с.
580. Казахский ДНК проект // <http://forum.molgen.org/index.php/topic,403.0.html>.
581. Сабитов Ж. Этногенез казахов с точки зрения популяционной генетики. С. 29-47. // The Russian Journal of Genetic Genealogy (Русская версия): Том 5, №1, 2013.
582. Сабитов Ж.М., Даулет Б.С. Гаплогруппы и гаплотивы 50-ти каракалпаков. С. 83-90. // The Russian Journal of Genetik Genealogy (Русская версия): т. 4, №1, 2012 г.
583. Муратов Б.А., Суюнов Р.Р. Гаплотипы бурзянских башкир. С. 2086-2110. // Вестник Российской Академии ДНК-генеалогии. 2013: т. 6, №12.
584. Кузеев Р.Г. Происхождение башкирского народа: Этнический состав, история расселения. – М.: Наука, 1974. – 572 с.
585. Сабитов Ж. Этногенез киргизов с точки зрения популяционной генетики. С. 43-48. // The Russian Journal of Genetik Genealogy (Русская версия): т. 4, №1, 2012 г..
586. Дыбо А.В. К культурной лексике праалтайского языка. С. 164-177. // Балто-славянские исследования - 1988-1996. – М.: Индрик, 1997. – 408 с.
587. Норманская Ю.В. Растительный мир. Деревья и кустарники. Географическая локализация прародины тюрков по данным флористической лексики. С. 387-435. // Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Пратюркский язык-основа. Картина мира пратюркского этноса по данным языка. – М.: Наука, 2006. – 908 с.
588. Норманская Ю.В., Дыбо А.В. ТЕЗАУРУС. Лексика природного окружения в уральских языках. – М.: Тезаурус, 2010. – 364 с.
589. Клёсов А.А. Об ископаемой гаплогруппе R в Южной Сибири с датировкой 24 тысячи лет назад. С. 2046-2056. // Вестник Российской Академии ДНК-генеалогии. 2013: т. 6, №12.



## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ .....	5
---------------	---

### **I ТАРАУ. Антропогенез бен ДНҚ-генеалогия ақиқаты: Орталық Азиядағы ең ежелгі этнотектік үдерістер**

1. Африкадан Азияға дейінгі ұзақ жол: сапиенстік саралану.....	28
2. ДНҚ-генеалогия дәйектеген азиялық алғашқы атамекен.....	40
3. Орталық Азияның палеолиттік археологиясы мен этногенетикасындағы түпкітүрктік ишаралар .....	47
4. Соңғы мұз дәуіріндегі этнотектік жөңкілістер: түпкітүрк сипатты гаплотоптардың ұйысуы .....	59
5. Мезолиттік, неолиттік мәдениеттердің арғытүрктік меңземелері .....	70

### **II ТАРАУ. Ұлы Даланың энеолиттік малшылары және олардың генетикалық ізбасарлары**

1. Көнешұңқыр мәдени-тарихи қауымдастығы .....	88
2. Еуропаны қаусырған ұлыдалалық <i>R1b</i> ұрпақтары .....	106
3. Әлемдегі ең алғашқы жылқышылар: ботай мәдениеті .....	118
4. Ботайға сабақтас ізбасар мәдениеттер.....	136

### **III ТАРАУ. Қола дәуірінің арғытүрк сипатты кеңістіктері**

1. Арқайым мен андрон мәдениеттері түзілімдерінің жергілікті автохтондық сипаттары .....	148
2. «Авеста» – арилер мен тұрлардың ортақ туындысы.....	162
3. Жазба деректердегі жылқылы жұрттар мен салт аттылар кімдер? Олар қай тілде сөйледі?.....	185
4. Қытайдың көне жазбаларындағы арғытүрктер және оларға тән тектік, тілдік нышандар.....	198
5. Орталықеуразиялық бегазы-дәндібай мәдениеті феноменінің арғытүрктік сипаттары .....	223

6. Ежелгі еуразиялық зәуаттар және тарым сембелері .....	243
7. Байырғы түздік-отырықшылық дәстүрлерден – ілкісақтық үрдістерге.....	263

## **IY ТАРАУ. Салт аттылар заманы: этнотектік сапырылыс**

1. Қамарлар мен сақтар – Байкөл мен Бабыл арасын жалғастырған орталықазиялық түздіктер .....	271
2. Қамар (киммер) этнонимінің орталықазиялық төркіні .....	299
3. Aşguzai, iškuzâi, ішғұз, һу (ғұз): тарихи-этимологиялық талдама .....	309
4. Сақ пен тұр – бір халықтың екі түрлі атауы .....	328
5. Тәңірі, тұр, төр, тиек (ди), түрк – кілең«күштілер мен қуаттылар» .....	337
6. Ордос пен Еділ-Жайық арасын қаусырған ортақ өріс: сақ, тұр (жұң) – тиек (аримаспа), хйаона – массагет паралелдері.....	357
7. Қияң – қаңлы, усұн – үйсін, юечжи – үйежы тайпаларының Арғытүрктік сілемдері .....	392
8. Сармат-үйежы, ас, тохар, дай (дах), хұн дәуірі .....	437
9. Теле, гаучы-көпшақ һәм көп бұтақты қыпшақтар.....	467
10. Қазіргі түрк ру-тайпаларының ДНҚ-генеалогиялық төркіндері (қазақ және басқа да түрк халықтарының зәуаттық тегі негізінде) .....	484

<b>Сөз түйіні немесе арғытүрктік атамекенді зәуаттық тұрғыдан қайта пайымдау.....</b>	<b>490</b>
<b>ДЕРЕККӨЗ ӘДЕБИЕТ.....</b>	<b>507</b>
<b>МАЗМҰНЫ .....</b>	<b>542</b>



# Бейсенбайұлы Жарылқап

## Шығармалары

4 том

---

Пішімі 60x90/16. Қаріпі Times New Roman.

Офсеттік басылым. Шартты б.т. 34,8

Таралымы 500 дана

«Өрнек» баспасының баспаханасында беттеліп,  
басылып шықты